

**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

Шығармалары



**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

Шығармалары

 **Шаймас
БаспаҮйі**

Алматы 2013



СӘКЕН ЖҮНІСОВ

3-том

Ақан сері

Роман

Екінші кітап


Шаннас
БаспаҮні

Алматы 2013

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-44

Ж 88

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызы турлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды*

48488

Жүнісов С.

Ж 88 Шығармалары. — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013.
Т. 3: Ақан сері: роман. 2-кітап. — 336 бет.

ISBN 978–601–264–118–9

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, марқұм Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романының екінші кітабында халқымыздың ардагер ұлы Ақан сері заманының қат-қабат қайшылығы шебер суреттелген.

УДК 821.512.122


ББК 84 Қаз-44

© Жүнісов С., 2013
© «Таймас» баспа үйі, 2013

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлктік құқықтары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

ISBN 978–601–264–118–9 (3-т.)

ISBN 978–601–264–115–8



Барымта лаңы Айып-аўбана

«Су шықпас қазғанменен тау басынан,
Қазақтың дау кетпейді сау басынан...»

Ақан сері

1

Жан ұшырып көкке қарғыған асау торы тізгіні босасымен шылбыры шұбатылып, қым-қуыт аласапыраннан сытылып шыға берді. Оң жақ санын соққан зілдей денеден үркіп, айдалаға тұра шапты. Бір-екі рет мөңкіп қалып, шабына тиген тұлыптай құбыжықты сарт-сұрт тепкілеп, құйындай ұшты. Сүйретілген дене қалар емес, бұлғаң-бұлғаң етіп ербеңдеп келеді. Жамбасына тиген сойыл орны да тыз-тыз етеді. Мұндай сұмдықты тор бестінің тумысында бірінші көруі.

Желді түн еді. Күндіз көліктерін жиі шалдырып, ағашты, сайлы жерлермен тасалана жортқан салт аттылар екі-үш күндей бұлаң құйрықпен отырып, бұрын көрмеген айдын көлдің ық жағына түнделете жеткен.

Торы ат екі күннен бері пайда болған үстіндегі адамды танымайды, түстеп те көрген жоқ. Төртпақтау келген қапсағай жігіт үзеңгіге аяқ артқан сайын көзінің қиығымен осқырына қарап, шыр көбелек айналып, беліне сылқ етіп ауыр дене қонар-қонбаста жұла тартатын. Ұйретілгелі жылқышылар бір-екі мінгені болмаса, жаздай табында құр жүрген оқтаудай шайпау торы алақашпа асаулығына басып, оқтай атылар еді. Бірақ үстіндегі адамның қарулы қолы тізгінді іле жинап алып сірестіре тартқанда, еріксіз көндігіп, бүлкекке түседі. Біраз жер жүрген соң арыны басылып, бет-аузын түк басқан ызбарлы қара шал мінген есік пен төрдей ұзын шабдармен қатарласа жортады. Оң жағында жеңіл сойылдарын сүйреткен екі жігіт күнұзын қалмайды. Бастарын қоңыр шытпен шарт байлап алған алпамсадай ірі, иықты жігіттердің атта отырыстары да келісті. Қос айылмен тартып, құйысқандаған ер үстіне жабыстырып құйып тастағандай. Жолушылар әдеттегі жылқышылардай ән салып, ысқырып не дабырлап сөйлеспейді

де. Ат белінен түскенде ғана, тасалау жерге ықтағандай, аз тыныстап, күбірлескендері болмаса, ұзақ күнге үнсіз жортады.

Бұлар үшінші түні бейуақта айдын көлге тұмсық тіреген кең жылғада, қалың көделі қабақта шашыла жусаған мыңғырған жылқының үстінен шыққан. Неге екені белгісіз, астындағы шабдарының төрт тұяғын да тағалайтын аттай тізесіне қойып, киіз бе, шүберек пе, әйтеуір жем дорбадай бірдемемен шашасына дейін орап, қылғындыра шандып, түннің бір уағында жалғыз кеткен қара шал жылқыларды алыстан торуылдаған жігіттерге бір бие сауымдай мезгілден соң қайта оралып, олармен ұзақ кеңесті. Содан соң аяңмен ғана сыбдырсыз келіп, әр тұстан бөліне түскен жолаушылар үйір-үйір бейғам жылқыны алдарына салып айдай бастады. Алғашқыда тосыннан кезіккен бөтен мал баласына тор бесті анадайдан кісінегісі де келіп еді. Бағана кешкі мезгілде тұмсығына кигізген тұмылдырық жағын аштырмады. Танауы желбіреп, оқырынып, пысқыра бастағанда, үстіндегі адам тізгінді оқыс жұлқып-жұлқып қалып, ауыздықпен екі езуінің жанын шығарды.

Алдарына салып сыбдырсыз айдаған көп жылқы алғашқыда жүре оттап, жайбарақат жылжи берген... Әлден уақытта шетке қағылып саяқсыған бірлі-екілі бедеу биелер бастарын көтеріп, «осы бізді мезгілсіз уақытта қай құдай мазалады, қайда жосып барамыз» дегендей елеңдеп, құлақтарын қайшылап, артта қалған басқа қостың жылқыларына алыстан қарап, тың тыңдағандай үнсіз мелшііп тұрып қалды. Біраз жер жүрген соң, салт аттылар жылқының әр тұсынан бөлініп, жеппелете айдап, қыса түсіп еді, үйір-үйір жылқы әр жерде шошына ошарылып, бір-біріне белгі бергендей оқырына бастады. Басын қайта-қайта көтеріп, әлденеден сезіктенгендей, әлсін-әлсін жер тарпып, ойқастай берген жал-құйрығы төгілген биік ала айғыр бір кезде қарсы тұра қалып кісінеп жіберді. Мезгілсіз уақытта тосын шыққан қуатты үннен түнгі дала дүр сілкінгендей, бүкіл сай-сала, жыра, жылғалар жаңғырықты. Тағы да қалың көдені тамырына дейін қопара тарпып-тарпып қалған айғыр ішін тартып, ышқына арқырады да, құлағын қайшылап, қаздиып, ұзақ күтті. Тек алыста қалған жылқылардың талып жеткен кісінесін естігесін барып танауына дейін түскен қалың кекілін желпіп тастап, көстеңдеп, үйірін қабырғалай соғып кейін бұруға қарекет етті. Соңынан тықсыра айдаған сойылды адамдардан қаймыққан үйірі қайыру бермеп еді, құйрықтай мойнын ата қаздай соза ұмтылып, екі-үш биенің сауырынан, шоқтығынан сақ-сақ етіп қыршып өтті. Желмаядай жайқандай желіп, жал-құйрығы желк-желк еткен ашулы айғыр әп-сәтте үйірлі жылқыны қым-қуыт бытыратып, шашып жіберді. Жасамалы көсем айғырға қосыла кісінеген басқа үйірдің айғырлары да бұл кезде жер тарпып тықырши бастаған еді.

Тастай қараңғыда жалғыз тарыны көретін жылқы баласы көздері шатынап, тосыннан пайда болған мына жат адамдардың қимылынан секем алып, бір сұмдықтың болғанын енді сезген сияқты. Бір-біріне үрке қарап, әр тұстан кісінейді. Тор бесті бәрін көріп келеді. Салт аттылар да енді

бытырай жөңкілген жылқыларға сойыл сілтеп, иіріп, қуып берді. Бірақ әшейінде қайыруға көнбеген әккі қашағандарды «аһай!» деп, айбармен жөнге түсіретін жылқышылардай емес, мына жортушыларда сес бар да, үн жоқ.

Қара шал салып ұрып ала айғырдың қасына жақындамай, алдау-сыратып, алыстан орағытып, жанамалай беріп еді, ерғашты айғыр маңына жуытпады. Енді бір кезде, түнгі бейтаныстың пиғылына әбден көзі жеткендей, жылқылардың ара-арасымен жылысып, мезетін күткен айғыр оқыс үркіп, бір мөңкіп кейін қарай тұра шапты. Бар жылқы дүрлігіп, дүрсілдете шапқан көсем айғырдың соңынан бұрыла бергенше болған жоқ, аршынды шабдарын ұшыртқан жерден нажағайдай зу етіп, құрық мойынға оқ жыландай, топ етті. Қара шал білегіне орап алған шалманы сірестіре саумалай тартқанда қапыда қолға түскен ашулы айғыр, құрғаққа шығып қалған жайындай мойнын бұрап-бұрап тулады. Көкке қарғыған ала айғыр ызалы үнмен ышқына кісінеп, құлшына шыңғырды.

Бұдан арғысы тор бестіге өң мен түстей. Соңдарынан түнгі даланы бөріктіре «аттандаған» адам даусы шығып, бұлар үріккен малды қаумалай қуып қалың тоғайға ене бергенде, жер солқылдата шапқан қуғыншылар да жеткен. Қарасы төрт-бес адам. Көлденеңдей ұстаған жеңіл сойыл, құрық-тарын ғана көзі шалып қалды. Опыр-топыр, ойран-асыр болды да кетті. Сатыр-сұтыр сойыл, құрық үні. Аттан өкіре құлаған адам даусы. Бұл да қуғыншыларға қарсы ұмтылған. Әлде шоқпар, әлде сойыл жамбасына сақ етіп тиіп еді, жан ұшырып, шыркөбелек айналып, қайта бұрылғанша болған жоқ үстіндегі иесі бір жамбастай ауып, аударыла берді.

Тізгіні бос қалған тор бесті өз бетімен шапқылап кете барды. Оң жағынан басқан зілдей тұлыпқа да бұрылып қарауға мұршасы келмеді. Зәресі ұшып үріккен бойы, айдалаға лағып, тасырлата шапты. Алғашқыда басы айналып, ел бағытын да аңғармай, қайда келе жатқанын білмеді. Әйтеуір соңынан көп құбыжық қуғандай жанұшырып, бар шабысқа салды. Әлгі аласапыраннан қанша жер ұзағанын да жылқы баласы мөлшерлеген жоқ. Қияқ жалы су-су етіп, өз дүбірінен өзі шошып күйғытып келеді. Гүлеген желден басқа бөтен сыбыс жоғын сезіп, кейде сары желіспен жортақтаса да, жаңағы арттағы сұмдық қайта есіне түсіп, қолына көлденеңдей сойыл, құрық ұстаған қорқынышты жат адамдар соңынан қалмай өкшелеп қуғандай елеңдеп, тағы да үркеді. Бауырындағы салбаңдаған құбыжық та қалар емес.

Әлден уақытта қарақұрым тартқан он шақты киіз үйлі ауылды ес көріп бұрыла тартып еді, қарсы алдынан өре шыққан маң төбеттер қатарласа тақымдап, ұзақ қуды. Ұйқыдағы ауылдан шыққан тірі жан көрінбейді.

Әбден қара терге малынып, титықтаған торы таң ата бұлкекке түсіп, айдаладағы бір елсіз томарға тірілген. Көзін тер басып, шатқаяқтаған асау сенделіп, қатты болдырыпты. Мал баспаған көкорайлы томар суына құныға бас қоя бере оң жағына көз тастаған бейғам торы үркіп, шоқ басқандай екінші жаққа шоршып түсті. Үзеңгіде аяғы қалған адамның жансыз денесі бауырына қарай бұлғаң етті.

Түске қарай жүре оттап бара жатқан ат бауырында салбаңдаған өлікті сонадайдан көрген өгізді қойшы қуа түсіп қала берді. Қатарласа жанамалап өгізінен түскен адамды маңына жуытпай, торы ат болымсыз бүлеккепен алға озған. Астындағы шабан көлігін де, алдындағы жүз қаралы қойын да айдалаға тастаған қойшы өз көзімен көрген жан түршігерлік қайғылы халді еліне жеткізгенше, бір аттап, бір тоқтап қыбырлаған торы ат қалың ағаштың тасасына түсіп, ұзап та кетті.

Бұл сұмдықты лезде естіген ауыл-ауылдың бас көтерер азаматтары аттарына қонып, өлік сүйреткен торының бағытымен жан-жақты шола шауып, топтала түсті.

Күздің қара суық желді күнінде қалың тоғайдың қуыс-қуысын тінте сүзіп:

— Кім болды екен?

— Сорлап қалды-ау үй іші!

— Қай елдің азаматы? — десіп бір-бірінен сұрасып, ақыры Жаңбыршы ауылының қотанында жиналған топ адамның үстінен шыққан. Қарасы он шақты үйлі шағын ауылдың жұпыны жер кепелерінен жүгіре-жүгіре ұмтылған қатын-қалаш, бала-шаға топырлап бір араға шоғырлана қалыпты. Жаңбыршы ақсақалдың үйінің алды үйме-жүйме.

Ауыл шетіне дейін екпіндете жеткен аттылар, қаралы үйге жақындай бере тізгіндерін тежеп, жиырма-отыз сажын жерден аттарынан түсіп, жаяулап келді.

Бұл кезде өлікті үзеңгіден босатып алған. Астына бір қолтықтай өлең-шөп төсеп, зерендей домалақ таспен кеудесін бастырып, сұлатып қойыпты. Беті жабулы.

— Бұл кім?

— Кім? — десіп, қалай көңіл айтудың да қыбын таба алмай, мойындарын соза жеткен аттылар қол қамшыларын тастап, бір тізерлеп отыра-отыра кетісті. Мәйіт басында қу жақ, ақ шал Жаңбыршы жүтініп, құран оқып отыр. Қайғылы өліммен қазасы жеткен белгісіз жанға «Иманды болсын!» деп соңғы батасын қайырып, бетін сипады. Сонда барып, арыстай боп жатқан қойын-қоншы баттасқан қан, киімі өрім-өрім мәйітке анадайдан үрейлене қарап тұрған әйелдер жағы жаулықтарының ұшымен көздерін сүртіп, сыңси бастады. Көкірекке сыймай лықсып тұрған аяныш шері біреуінен ықылық атып шығуы мұң екен, қайсыбір кемпірлер үн салып, дауыс қылып, күзгі дала әп-сәтте боздаған үнмен күңіреніп кетті. Жалаң аяқ, жалаң бас балалар да көздері шарасынан шыға шошынып, шешелерінің жел үрлеген жаулығына, етектеріне жармасып, бауырларына тығыла түскен. Жаңбыршы ақ сақалы желбіреп басын көтеріп алды да, салқын ғана:

— Барыңдар. Үйлеріңе барыңдар, тараңдар, — деп, қысқа қайырып, бала-шаға тараған соң мәйіттің бетін ашты.

— Танисыңдар ма? Қараңдаршы, мүмкін, киімінен айырарсыңдар, — деп іші қалтырап, дірілдеген Жаңбыршы басы төмен салбырап, жүгінген қалпы үнсіз отырып қалды.

Басының мылжа-мылжасы шыққан мәйіттің ұсқынсыз жүзі жан түршігерлік. Тұла бойы тұлыптай ісіп кеткен бейтаныс жанды ешкім танымай, бір-біріне қарасқанда Жаңбыршы өлік бетін қайта жапты.

Енді бәрі үнсіз келіп, үйден алысырақ орнатқан жуан мама ағашқа байлаулы торы аттың алды-артына шығып, ұзақ қарасты. Қара терге малынған торының үсті-басы ақ айран. Қос тілерсегіне дейін саулаған ащы тердің соры ақ жолақтанып, жел өтінде кеуіп қалыпты. Тегі жаз бойы мінілмеген құр ат болса керек, жаясы төңкерулі қазандай, ұзақ, үрдіс шабыстан титықтап әрі барынша қатты шошынып үріккен малдың қолтығы ғана анда-санда жыбырлап, дірілдегені болмаса, құлағы салбырап, салмағын төрт аяғына бірдей салып мүлгіп тұр. Аттанар жақ қара санына басқан көмескі көз таңбаға тесіле қарап, бұл — жалпы арғындардың таңбасы екенін ажыратқанмен, әркім өзінше әр жорамал айтып, қай елдің меншікті малы екенін тап басып танитын ешкім шықпады. Айыл-тұрманы берік, жеңіл қозықұйрық ерден бір белгі тауып айыру қиын.

— Бұл маңның жылқысына ұқсамайды.

— Тегі алыс жақтан жүрген жолаушы болса керек.

— Әлде көкпар тартысып жүріп жығылды ма екен бейбақ?!

— Қой, онда басқа көкпаршылар соншама көз жазып қалмаса керек еді ғой.

— Қасқыр қуып келе жатып жазым болды ма?

— Мына қара қатқақта кім қасқыр қуушы еді, ессіз біреу болмаса...

— Е, кім біледі, жолда кездесіп қалса...

— Не де болса бұл тегін адам емес. Мұнда бір гәп бар: аттан құлайтын кісінің сиқы көрінбейді, — дескеннен басқа, дөп басып сәуегейлік айта қоюға ешкімнің батылы бармайтын секілді. Өлім жолы ауыр. Жорамал айтып жобалап, нобайлап тон пішу бұл арада ыңғайсыз.

Бұл ауыл — керей, қарауылмен шет пұшпақтай қоңсылас араласып жатқан қанжығалылар. Жаңбыршы — осы төңіректе қоныс тепкен қанжығалылар ішіндегі қадірлі ақсақал. Алдында шағын ғана малы бар қарабайыр орта шаруа. Қақ-соқта жұмысы жоқ, ел ішінің, ағайын арасының татулығын тәубе етіп, үйлі-баранды болып енші алған ұлдарының тілегін тілеп, құдай берген ризықты бойына құт санап отырған, мұсылмандық жолына берік жан. Ауылына келген құдайы қонақты қол қусырып қарсы алар қазақшылық жолдан таймайтын пірадар тап осы жолы сең соққандай ұзақ ойда отырды да, аузынан шығар аталы сөзді күткен ел адамдарына қарап үн қатты:

— Ал, жарандар, енді не отырыс бар. Ауылымыздың тұсына келіп қазасы жеткен мәйітті телміртіп қойғанымыз жарамас. Бұл да Мұхамбеттің үмметі, құдайдың құлы, сүйегін жуып, жаназасын шығарайық. Осы маңнан молла шақырыңдар. Менің бір ғана қиналып отырғаным — апаш-құпаш көме салғанымыздың реті қалай болар екен? Топырағы өз жерінен бұйырғаны дұрыс емес пе. Не айтасыңдар, қосар ақылдарың бар ма? — деп төңірегіндегілерге қарады.

— Елін тауып, сонда жерленгені дұрыс шығар.
— Дұрысы сол. Елін табу керек.
— Иә, иә, жылқы баласы — жершіл. Мына атын бос қоя берсек, өзі-ақ алып барар, — десті, бағанадан осы ойды іштей толғатқан жұрт.

— Менің ойым да сол. Бірақ... — деді Жаңбыршы сәл ойланып, — тағы да бір тығырық, анау аттың түрін өздерің көрдіңдер. Мүттем зорығып, сенделіп тұр. Оның үстіне қатты шошынып, мәңгіріп қалған түрі бар. Есі шығып үріккен мал қай жаққа лағып адасып кеткенін де білмеуі мүмкін. Бір-екі күн тынықтырып ес жиғызып, содан соң алдарыңа сап қуа айдасаңдар, өз табынына — үйреншікті мекеніне алып баруы ықтимал. Оған дейін мәйіт шыдай ма? Қазірдің өзінде кеудесі көтеріліп кеткен. Сүйретпеге салып жүруіміз құдай алдында күнә, өлікке обал. Бұл маңда мұзы бар шыңырау құдық та жоқ, амалдай тұратын.

Жұрт ойланып қалды. Қазалы жайды естіп түс-тұстан келіп жатқан адам қарасы көбейіп, отырғандардың отауы қалыңдай түсті. Көптің аты көп. Ұзақ ойланып, талай амалды жөнсіз долбарлағандардың ішінен бір жас жігіт тосын ақыл айтты:

— Жәке, осы былтыр қайтқан Ожан серіні ту-ту Қожа жасауы дей ме, соның зиратына апарып жерлепті ғой. Марқұмның сүйегін қалай иістендірмей, бүлдірмей жеткізді екен?

— Әлгі сері Ожан ба?

— Сол, сол! Өзі де, марқұм, қасиетті адам екен-ау. Көзінің тірісінде жоқ-жітікке малын таратып беріпті дейді. Сонда көп малды таратып бергенше, ылғи күн батып, қас қарайып кете берсе керек. Сонда жұрт: «Ожанның малы таратуға жеткенде, құдайдың күні қарай тұруға жетпеді» дейтін көрінеді! Сонау әулиелердің қасына апарса апарғандай-ақ серің ғой!

— Ойпырым-ай, мен де естіп ем, өзі кемі айшылық жер шығар-ау!

— Оу, қожа жасауы дегенің қай жасау, қай қожа?

— Қай қожа екенін қайдан білейін, көп қожаның бірі шығар.

— Ә-әй, мұның айтып тұрғаны Түркістандағы Хожа-Жассауғи зираты да!

— Е, солай демейсің бе?

— Оны Әулие Әзірет сұлтан зираты дейтіндері қайда?

— Е, онда Абылай мен Қаз дауысты Қазыбектің де сүйектері жатыр, — десіп, әркім шала-шарпы естіген, білгендерін сөз қыла бастап еді.

— Иә, сөзіңнің жаны бар, — деп, Жаңбыршы кеу-кеулеп кеткен жұртты басты. — Ол Ожанды жылқының терісімен қаптап апарды деседі, өзім естігенім болмаса, көрмеген ісім.

— Апыр-ай, қаптағанда қалай, тұлып қып тігетін шығар-ау!

— Иә, сүйтетін көрінеді. Ол үшін жаңа сойған жылқы терісі керек. Соған орап, ауа кірмейтіндей етіп таспамен бітеу тігіп, сыртын қара маймен майлап тастайтын көрінеді.

— Онда жылқының есебін қалай табамыз, соғым кезі де емес.

— Жылқыны бірдеме етерміз-ау ортамыздан шығарсақ та, — деп Жаңбыршы соңғы кесімін айтты. — Не де болса бүгінгі түн асықпайық.

Муфтахты алдырайық, көпті көрген қария әрі мұсылмандық рәсімді білетін адам.

2

Айғай-сүреңмен Ерейменнің бауырына аттан салып құйғытып жеткен жылқышылар астағыларды дүрліктіріп жіберді. Үш жүз үйдің астынан бөріге шыққан қалың жұрт күздің қара дауылында, сабалай соққан жауынға қарамастан, етектері жалпылдап, паң Нұрмағанбеттің үйіне қарай, илеуіне қайтқан құмырсқадай, әр тұстан жөңкіле жүгірісті. Аттан домалай түскен жылқышыларды үлгергендері тез қаумалап, қайсыбірі апшысын қуырып жұлдылап жатыр. Қотандана қалған қалың жұрттың арасынан сыналап өте алмай, үрейлі хабар әкелген жылқышылардың сөзін ести алмағандар сырттай айналып, бірінің иығын бірі жұлып, тартқылап, ортаға кимелеп, бірінен-бірі сұрайды. Құлақтарын тосып, алға ұмтылып:

— Не боп қалды?

— Мен қайдан білейін.

— Не айтып жатыр?

— Мен де өзіңдей, ести алмай тұрған жоқпын ба?

— Даурықпаңдар, естіік, — деп жұрт қотанды бастарына көтерді.

Басын ақ шытпен таңып алған бала жігіт қалың құрсаудан сытыла шығып Нұрмағанбет үйіне беттегенде, өндірішектеген қалың жұрт та солай қарай лап қойды.

Бұл кезде паңның ақ үйінде астарына атлас көрпелерді қабат-қабат көпірте салған Ферафонтов, Измаиловтар анда-санда кәрлен шыны аяқпен ішімдікті жұтып қойып, Ақмола шонжарларымен бірге покердің қызығына кенеліп, рақат бір бейғам тіршілікте отырған. У-шу даңғазамен жүз-жүз нөпір басып келіп қалғанда карташылар бастарын көтеріп алды. Жез мұрты дір-дір еткен Измаилов атып тұрып, киіз үй бұрышындағы сүйек төсек үстінде жатқан қылышын қалай бас салғанын байқамай қалды. Жауырынды, кеудесі алға шығыңқы сұлу мүсінді Ферафонтов есік жаққа қасқая қарап, қасын кере түсіп, сабырлы отыр. Тек ағытулы мундірінің түймелерін сала бастағанда салалы саусақтары болымсыз дірілдегендей болды. Анна Ивановна әлденеден үрейленгендей, екі оязға алма-кезек жауаңдай береді, қолындағы картасын топтай ұстап, қасқалдақ кеудесіне қыса түскен. Советник Күшенұлы Тұрлыбек пен Ақмола дуан басы Сандыбайұлы Ерден ғана қадірлі қонақтары алдында тұрып кетуге ыңғайсызданып, дегбірсіздене берді. Жаратылысында асықпайтын паң Нұрмағанбет алтын көзілдірігінің үстінен есік жаққа сүзе қарап, орнынан ырғалып тұрғанша, қалың жұрт та есікке тірелген. Есікті жұлақ ашып, үйге кіре жүрелей құлаған жігіт:

— Барымта, барымта! Қара басып... — дей бергенде:

— Доғар, ұлығатсыз неме! — деп зекіген Нұрмағанбет есіктен иін тіресе

сығылысқан артындағыларды арқасымен жауып тұра қалған шонжарларға да қолымен «шегініңдер» деген сұсты белгі берді.

Басын таңған кір орамалдың қалың қатқан тұсын сипалап, не істерін білмей, өзіне төнген иесіне төменнен жауаңдап, үрке қараған түбіт мұрт, бүйрек бет балаң жігіт аузы ашылып, көзі жыпылық қағады. Мұрты едірейген қызыл лампасты сотник казак-орыс есіктегілерді қаға-маға ішке үрейлене кіріп, қалшыя қалды. Ояздан бұйрық күтіп, жамбасындағы қылыш қынабын қыса түседі.

— Ваша блогородие, мырзалар, Анна Ивановна, гафу етіңіздер, лұқсат болса, мына адамдардың мән-жайын біліп қайтайын, — деп, паң Нұрмағанбет сызыла тұрып, оқалы шапанын жамылды.

— Что случилось? — деп Ферафонов Күшенұлына бұрылғанда:

— А, старая болезнь! — деп қазақша «барымтаны» түсінетін Измаилов қайта жайғасты.

— Зәре-құтыңыз қалмады, осынша су жүрек болармысыз. Қимылыңыз қоянның көжегін елестетеді екен, — деп Ферафонов қатты қалжыңдағанда;

— Сіздің де саусақтарыңыз безгекпен ауырған адамның мүшкіл халін елестетеді екен, — деп, ояздың қимылын аңдап қалған Анна Ивановна жұбайын арашалады.

— Ол — нерв, Анна Ивановна, осындай артық шу естісем Петроградтағы юнкерлік кезім есіме түседі. Бұл тобыр нервiнi тоздырады ғой, солай емес пе, Турлубек Кушенович!

— Әлбәттә, әлбәттә! Тобыр деген үріккен қой сияқты, бірі үріксе, бәрі бірін-бірі басып, өлтіргенше тоқтамайды, — деп, Күшенұлы сырттағылардың келісін жуып-шайған болды.

Паң Нұрмағанбет қатты жел кеулеген желбегей шапанын қаусырынып, жауыннан қорғаламай, басын тік ұстап, бар паңдық қалпымен көрші киіз үйге кіргенше екі жағынан алма-кезек шығып, бөденеше жорғалаған жылқышыға ләм деп тіл қатпады. Астың басы-қасында жүрген керейдің атақты бай, шонжарлары мен Батыраш кірді ішке. Сыртта бата алмай іркілгендердің біразы көрші киіз үйлердің ығына паналап, өзара гу-гу. Ұлы жүз, кіші жүз азашылар әдеп сақтап, араларынан бірер жастарын жібергенмен, бұл жақтан еш хабар ала алмай тықыршып, қонақүйлеріне бір кіріп, бір шығып, алыстан құлақ түреді.

Барымтаны ғана құлағы шалып қалғандар жылқышылар әкелген хабарды долбармен неше саққа жүгіртіп, өзді-өзі әуре. «Бірі «Ақанмен кеткен әншілер шығар, өш аламыз деп мал барымталаған», «онымен қайда барады, ертең-ақ тауып алмай ма» десе, енді бірі «оның реті келмес, Ақан ондай іске бармаса керек, тегі ел жағынан болған қимыл бұл», «кім біледі, мүлдем басқа жақтан келген ұрылар шығар. Ас беріп жатқан елдің бейғам тұсын аңдыған бөтен қаскөйлер болар», «мүмкін, ауып келген сығандардың бірі болмасын» десіп, әркім өзінше нобаймен соғады.

Бұл кезде киіз үй ішіндегілер де, апанға әкеп тоқты домалатқан қызылкөз бөрілерше, жылқышы жігітті созбайлап жатқан.

— Жылқыны талап кетті, ағатай-ау, біздің жазығымыз жоқ, бар кінәміз ұйқтап қалыппыз, — деп әлгі бүйрек бет ақтала бастап еді, маңдайында ат тепкен айшық таңбасы бар екінші жылқышы бала:

— Ұйқтамағанда не істейтін едің, ал қуып жеттік, сонда не қайрат қылдық, — деп, оң иығын ұстап қабағын шытынып, жарасын ауырсынған сыңай білдірді. — Бәрімізді допша атқан жақ па. Оң иығым шығып кетіпті. Сүйегі де сынса керек.

— Сүйегің сынса осынша жерден салт келерсің жаман қатты. Ұры көрмек түгіл, қасқыр көрсең бұтыңа жіберетін неме... Одан да, кімдер өзі, қайдан келген жауыздар, — деп Мәті шал бас салды. — Біздің мал аман ба екен? Ақкөлдің оң қабағында біраз жылқым бар еді.

— Сіздің жылқыны адам түгіл, қасқыр да жемейді, несіне уайымдайсыз, — деп Нұрмағанбет ұнатпай, тойтарып тастады. — Әй, сен өзін былжырамай, екеуің жарыспай, біреуің ғана айтшы.

— Шынында әуелі біліп алайық. Басынан бастап айтшы. Асыққанмен пайда жоқ. Әуелі, ағайындар, кім екенін жобасынан болса да білейік. Сосын көрерміз, қайда құтылар дейсің. Жердің тесігіне кіріп кетсе де табамыз... — деп жұртты өзіне қарата сөйлеген Жанбота мықтылық көрсетті.

— Жоба-моба!.. Әй, осы, керейлер, сендер-ақ өтірік аңғал бола қалады екенсіңдер. Бұдан бес күн бұрын кеткен Ақандардың ісі екенін түсінбей отырған шығарсыңдар. Одан да намыс, жігерлерің болса, құғын салмайсыңдар ма? Басқа не әңгіме керек. Мыжыған сөз неме керек!

— Батыраш, сен де кішкене сабыр ет. Біліп алғанның, естігеннің артығы жоқ. Ешкім айып салып жатқан жоқ қой. Несіне сен... Сенің малың емес ұрланған, несіне қимаң қышиды? — деп Дәулен Батырашты шымшып қалғанда, өр Батыраш гүр ете түсті.

— Ой, алжыған неме, менің малымда не шаруаң бар? Менің малыма адамның да, құдайдың да тісі батпайды. Көрейін кәне әуселесін, біреу шашау шығарсын. Жаман керейлер деп отырсың ба басындырып қоятын? Кет әрі, күл болмасаңдар, бұл болыңдар, — деп одыраңдап, айғайын сала түрегелді. — Әй, жігіттер, кетеміз, қамданыңдар, жетті жатуымыз!

Өркімге бір жауаңдап, айыпты жандай сасқалақтаған жас жігіт аузынан сөзі түсіп, зорға сөйлеп отыр:

— Түн желкем болатын. Басқа балалар қоста ұйқтап жатқан... Мен күзеттемін де. Мен де жусаған жылқы шетінде ұйқтап жатқам...

— Әй, қара бассын сені.

— Мыңқылдамай дұрыстап айтсаңшы.

— Содан бір мезетте оянып кеттім... Жоқ, оянған жоқпын. Түсімде құлағыма шұрқырап кісінеген айғыр даусы келді. Ояна келсем, шынында да алыстан кісінеген айғыр даусы екен...

— Айғыр даусын қайдан тани қойдың?

— Кейін білдім. Ала айғыр екен кісінеген. Содан көңілім біртүрлі түйткілденіп, жылқыларды араласам, көзіме азайып қалған сияқты көрінді. Содан... содан ала айғырдың үйірін іздесем — жоқ. Ұшты-күйлі жоқ. Құла

айғырдың да, жирен айғырдың да, тағы ана кіші ала айғырдың да үйірлері...

— Өй, ант атқыр, өзің не оттап отырсың? Мен жоғалтып келгенің көп болса жиырма-отыз жылқы шығар десем, не қоздатып отырсың? — деп, паң Нұрмағанбет әр сөзін сағыз шайнағандай созып, түнере түсті.

— Мынауың шынында да туындатып келеді ғой. Өй, өзі қанша мал жоқ, — деп, Жанбота сөзінің аяғын зорға күтіп, жылқышыға төнді.

— Айттым ғой. Қарасы бес жүзден асады.

— Бес жүзің не, одан да асады, — деді екінші бала.

— Мәссаған, керек болса!

— Оу, мынау нағыз жаудың ісі ғой, жаудың ісі.

— Аямай талаған не қылған жауыздар!

Отырғандар орталарына жай түскендей болды.

— Өй, сорлы, сендерді сонда не қара басты, не ғып ұйқтап жүрсіңдер қыруар малды тік көтеріп айдап кеткенше?

— Мүмкін, жын көтеріп әкеткен шығар? Шын қара басқан екен сендерді!

— Жоқ, бізді қара басқанда... қара басқанда... түгел... мүлдем басқан жоқ. Біз соңынан бардық.

— Иә, иә, соныңды айтшы тезірек.

— Мен басқа қостағыларды оятып, бәріміз жылқыларды араладық. Рас екен. Жылқының көбі жоқ. Содан жосылып жатқан ізді түн ішінде зорға тауып, соның бағытымен шапқылап, қудық. Содан... Содан қай жерде жеттік-ай? — Ол қасындағы серігіне бұрылды.

— Қай жерді білеміз... Әлгі, былтыр жидек теретін сайдың арғы қыры емес пе.

Болыс Мұса шыдай алмай тарқ етіп күліп жіберді.

— Нүреке, жылқышыларың да өңкей сұрып қой тегі.

Нұрмағанбет көзілдірігін ызалана сүртіп отырған:

— Бәрі де жаудың малындай көріп, далаға тастап кеткен жоқ па? Өңкей мәлпектерді қалдырып, өлікті тірілтіп алатыннан жаман бәрі осында келіпті. Осыдан мал табылмасын... Иә, содан кейін...

— Сосын... сосын малдың қарасын көргенде, аузымнан қалай шыққанын білмеймін «аттан, аттан!» деп, құрығымды көтере ұмтылдым. Өзім... бір түрлі, даусымнан қорқып кеттім. Содан... ешкім жоқ сияқты еді. Қайдан шыққанын қайдам... шамасы... қанша-ей...

— Қаптаған адам ғой, әйтеуір.

— Иә, жан-жағымыздан қара құртша қаптаған қол қамап алды. Содан... сарт-сұрт соғысып кеттік.

— Әп, бәрекедді, мыналарың дәл Қобыландының қызылбастармен соғысындай ғой, — деп Мұса мысқылдап қойды.

Өзі де сөзінен жаңылып, береке-құты қашып отырған бүйрек бет одан сайын ыңқылдап-сыңқылдап қалып еді, мал иелері кейіп:

— Түһ, Мүсеке, бала боп кеттің бе? Қалжыңның орны емес қой, біреу малынан айырылып жатса...

— Е-е, белі ауырмағанның балтыры сыздамас, — деп ренжіп еді.

— Енді, мал ұрланды деп қан жұтайық па. «Мал айдаса жаудікі, ысық қырса желдікі». Мына Алпамыс, Қобыландыларың сөйлемеске қойып отыр ма? Жәрәйді, айта бер, содан көк сүңгіні қалай сүңгітіп, алдаспанды қалай сермедің? — деп Мұса бүйрек бетке қарады.

— Содан... көзім алды жарқ етіп, мен де аттан жалп еттім. — Бүйрек бет серігіне бұрылды.

— Мен қайдан білейін, аттан есім ауып құлағам жоқ па.

— Содан... көзім алды жарқ етіп, мен де аттан жалп еттім.

— Әй, сабаздарың-ай сол! Бүйтпесеңдер Қабанбайдың тұқымы болармысыңдар? — деп Мұса тағы кеңкілдеп күлді.

— Әй, өздері қай жердің ұрылары екен, білдіңдер ме? — деп, Төлке балаларының бірі бүйірден қосылып еді, бүйрек бет мәз боп ыржалақтап күлді:

— Қайдан білейік, біздің құлағымызға сыбырлады дейсіз бе, перді-перді де кетті.

— Әй, с-санасыз, неменеге жетісіп ыржиясыңдар? Білдің бе дегенде, бет-жүзін, нобайын көріп қалдыңдар ма, тым құрымаса көп ұрының бірін тани алмадыңдар ма?..

— Біз түнде көретін жапалақ дедіңіз бе, — деп, бағанағыдай емес, еті үйрене бастаған бүйрек бет, «тауып айттым-ау» дегендей, өз сөзіне мәз боп қыжалаққа басты. Бұдан әрі екі бала, «бары осы — бітірген шаруамыз» дегендей, бір-біріне қарап отырып қалды.

— Оу, иттің ғана балалары, бары сол ма, — деп анадайдан біреу кіжініп еді, бүйрек бет сұрланып, енді ашуға басты:

— Сіз олай әкеге тиіспейсіз. Әкемде не жұмысыңыз бар? Тіліңізді тарта сөйленіңіз өзіңіздікі болса! Әйтпесе!..

Мұса бұл жолы қарқылдап тұрып күлді:

— Бәсе, ұрыларға кеткен өшінді осы ағаларыңнан ал, осыларды жайратшы, бә-ә-ле-м-дерді бір...

Жанбота ақыра түрегелді:

— Әй, иттен жаратылған немелер! Бұл шіріктердің шамшылына не берерсіңдер. Ал мені қиратып ал! О несі екен-ай! Әй, иттен туған күшіктер, бары сол ма, әрі қарай не болды, айтпайсыңдар ма? Бұл өзі қашан болған сойқан?! Жақтарың қарысып қалды ма?!

— Енді... ұрысып... айтқызыбайсыздар... бұдан үш күн бұрын болған.

— Үш күн! Содан бері қайда жүрсіңдер? Қап, ендігі ұрылар қарасын үзіп кетті-ау! — деп Мәті бай санын шапалақтап, әйелдерше ойбайын салды.

— Енді... хабарласуға болмаса қайтеміз. Бәріміз айдалада атсыз жаяу қалдық. Оның үстіне мен күні бойы миым аузыма түсіп, есімнен танып жаттым.

— Шылтынайдың баласының жіліншігін үзіп жіберіпті. Бәрімізден гөрі қуат көрсетіп, көп айқасқан сол еді. Ұзынтұра Бестайдың тобығынан ұрып ұршықша айналдырып түсіріпті, — деп екінші жылқышы, ұрыларға айызы қанғандай, әңгімені зорға доғарды.

— Әй, сонда Көбен қайда жүр, Көбен? Сендерге бас боп сол өзі қалып еді ғой, — деп есік жақта жүрелеп отырған дәу қара жігіт қаймыға үн қатты. — Ол жөпшенді ұры-қарыға оңайлықпен алдыра қоймаушы еді. Оған не болды?!

Екі бала да томсырая қалды. Бүйрек бет басы салбырап:

— Ол тілге келмей жатыр, аузынан қара қан ағып... — деп соңғы сөзін жыламсырап жұтып қойды. — Бізге оны... әзір... айтпай-ақ қойыңдар деп еді...

— Не дейді?! Көбенге бой бермеген соң... қоя бер, мына ұрыларың онда тегін ұры емес. Ойпырым-ай, мынау сайланып келген жырынды, алпауыт немелер ғой...

Ас аяғы осылайша демде сұйылды. Малы ұрланып, намысқа булығып, қабағы түскен керей жұртының ас-суын енді салтанат етер жай қалмады. Үш жүзден келген азашылар жүру қамына кірісіп, көліктерін дайындай бастады.

Түні бойы ел азаматтарын жиып, кеңес құрып, ақыл қосқан паң Нұрмағанбеттер таң қылаң бере отыз қаралы қарулы жігіттерді атқа қондырды.

Қарсы беттен сабалай соққан мүздай қара жауында сойыл сүйреткен салт атты қуғыншылар мал ұрлаған жерді бетке алып, суыт жүріп кетті.

3

Жаңбыршы ауылындағы белгісіз мәйітті туған жеріне, өз мекеніне апара алмады. Сол күні кеште көрші ауылдан жеткен қарт молла Муфтах шаригат ехтамынан, құран сүрелерінен мол-мол шағадат келтіріп, «бұл фани жалғаннан көз жұмған пахирдың сүйегін тентіретіп ел ақтату обал ғана емес, тірілерге күнә», — деп, жұрттың зәресін ұшырды.

— Сүйретпеге салып жылқы баласы осында әкелген екен. Ол мал емес пе, қайдан білсін. Не де болса, сол мал екеш малдың өзі ауылға әкеп жеткізгенде, оны танымаймыз, білмейміз деп, қашыртқыға салғандай, ауыл қотанынан алапестей аластау — мұсылман баласына жат қылық. Құдай мұнымызды кешірмейді. Пәндөнің ажалы қайда жетсе, көрі де сол арада қазылмақ. Ажалды көрден күпіршілік еткен Қорқыт та құтылмаған. Жазмыштан озмыш жоқ. Мұсылман баласы екен, бұл ара да өз топырағы. Егер үзеңгіден сыпырылып түсіп, айдалада — қу мекиенде көмусіз қалып, қарға-құзғынға жем болса қайтер еді. Мұсылман қауымының ішіне келіп отыр. Оған да шүкіршілік. Мүсәпірдің мәйітін телміртпей, өз жоралғысымен жөнелту — тірілердің құдай алдындағы парызы! — деп, ел жүгінерлік ақылды сөздер айтқанда, елін тауып апарамыз деп байбаламға келгендер біраз уәж айтып, молланы іліктірмек болды.

— Моллеке, қарауылдағы Ожан серіні, атақты Қазбек сынды адамдардың сүйегін қастерлеп, ту-ту алыстағы қожа Жассаугидің зиратына неге тасыған? Ал мұның елі көп болса екі-үш күншілік жер шығар, ел-жұрты көрсін, — дегендерге молла шамырқанып ұрсып тастады.

— Сендер не айтып отырсыңдар? Қай рәсім, қай тәртіпке сүйеніп отырсыңдар? Құдай салған ақ жол біреу-ақ: Ожандар болса өз үйінде, өлең төсегінде ақ өліммен Алладан иман тілеп, тілі кәлимаға келіп көз жұмған жандар. Олардың соңғы тілеуі де сол Хожә Яссағидың зираты шығар. Онда неге оның тілегін орындамасқа. Ол — аманат. Ал бұл болса, жапан түзде белгісіз өліммен өлген бейшара. Жаугершілік тұсында елі, жұрты үшін ата жауымен айқасып, пәлен төбенің үстінде, пәлен жыраның ішінде шаһит болғандардың да сүйегін, сөрелі үй болмаған күнде, жеріне тасымайтын. Иманын айтып, әуел баста Алла тағала лаухилға жазған сол араға жер томпайтатын. Мәгәркім, мәйіттің тәнін сасытып, тұлыптай сүйретіп әкетем десеңдер, менің бұған араласым жоқ. Құдай пәндәсін мазақ етер, күнәһәр болар жайым жоқ, шырақтарым. Онда өз еріктерің! Мені араластырмаңдар!.. Бұзылмастай етіп мүмиялап берер ем, әттең, пайғамбардың қасиетті мүмия суы жоқ қолымда.

Өздері шақыртқан дін иесіне бұдан әрі ешкім қарсы бола алмады. «Жасағанның жазуы солай. Топырағын осы арадан бұйыртқан екен хақ тағала. Елі, иесі табылса, осы араға келіп те басына құран оқыр. Бұл да көпір моласы емес, мұсылман моласы» десіп, бәтуаға келген Жаңбыршы ауылы бір дөнен қоймен жаназасын шығарып, мәйітті ақыретке орап, шоқ ағаштың бауырындағы көп зираттың шетіне жерледі. Кейін белгісіз болып қалмасын деп, басына қаққан ағашқа тақтай шегелеп, оның бетіне «Қазасы жетіп, топырағы осы арадан бұйырған құдай пендесі» деп, темірмен күйдірген жазу жазылды. Не аты-жөні жоқ, дәуір айналдырып анықтаған жасы жоқ белгісіз бейбақтың моласы осылайша жат жерден бұйырды. Сары топырағы жел үрлеген жас қабыр қоңыр күздің көлеңкелі, жаңбырлы, мазасыз шағында, алабота, құрай басқан төрт құлақты көп зираттардың тасасында елеусіз қала берді. Адам баласының алдынан төтеден келер тағдыр дегеніңнің айтпай жетер ажал тұзағының бұл да бір түрі шығар...

Екі күннің ішінде бабына келіп тыңайып қалған тор бестінің жүгенін үшінші күні басынан сыпырып, ноқтамен жайдақ жіберді. Байлаулы тұрған жерінде ұзын биікпен біраз шықпыртып, шошытып алып, бос қоя берген тор бесті әуелі ышқынып тұра шауып, ауыл шетіне шыққан соң, құлағын қайшылап, танауы желбіреп басын көтеріп тұрып, үйірін іздегендей қатты кісінеген. Әлден уақытта жан-жағына алақтап, мекенін дұрыс бағдарлай алмай, жалғыз құлазыған жануар әлдененің иісін сезгендей жалбарына арқырап, терістікке қарай қаз мойнын созып, тұра тартқан. Алыстан, шоқ-шоқ ағаштардың саңылау-саңылауынан бақылаған үш жігіт, тор бесті бағытын түзеп алған соң, соңынан қуып берді.

Жылқы малынан есті жануар жоқ-ау, сірә. Мың-мың шақырым жердегі тау мен тастың арасына, ит мұрны өтпейтін жыңғылдың ішіне, не жал-жал болып сусып, күні-түні көшіп жататын сапаның сары даласы — сары құмға әкеп тастасаң да, өз үйірін тауып алатын жолшыл мал. Иісінен біле ме, әлде жер бағдарын тұяғымен сезетін құдіреті бар ма, әйтеуір әуре-сарсаңға

түсіп, біраз жаңылса да, ақыры көп адастырмай мекеніне жеткізетініне түз елі әбден кәнігі.

Күзгі тұманды бозамық таңда еліне бет түзеген тор бесті артынан ерген қуғыншылардан да үрікті ме, жерге басын бір салмастан, кешке дейін дамылсыз жортты. Кең сахарада шашыла қонған ауыл-ауылдардың арасынан сыналай өтіп, жолда кездескен қос-қос жылқыларға да бұрылмастан, жат жерлерден айнала өтіп, үрдіс жүріп келеді.

Қашан бойы үйреніп, еркіндігін сезінгенше маңына жуымай, шақырым жерден қара үзбей сары желдірген жігіттер де тор бестіні ықтиярымен жіберген. «Менің бойымды көріп отырыңдар» дегендей, тор бесті де шоқ ағаштарға, сай, жыраға жоламай, қайда алаңқай, қайда жазық болса солай қарай бұрыла салып, жігіттердің сыңайын түсінгендей, алыстан көрініп барады.

Жаугершілік, қуғын-сүргінді көрмесе де, жарты тіршілігі ат үстінде өтетін ауыл жігіттері күнұзынғы жортуылға қыңқ етер емес. Тек түс әлетінде ғана ат белінен түсіп, қанжығаға байлаған торсықтың аузын ашып, шайқалған саумалды сіміріп-сіміріп алған. Бұлардың аялдағанын көз қиығымен аңғарған тор бесті де бұл кезде бұлкекке, одан аяңға түсіп, көденің шашағын жүре шалып, жан-жағына алақтай берген. Соңындағылар аттарына мінгенде қайтадан елеңдеп, тағы да, жылы орнынан қуылған қырдың түлкісіндей, айдалада жорта жөнелді.

Күн кешкіре күзгі сұйық тұман сейілді де, жел тынып, жылы жаңбыр себеледі. Алдан кең өзек кезікті. Қалың шалғында шашасы суланып, әрі-беріден соң жылтыраған тұяққа батпақ жабыса бастағанда тор бесті қалың ізге түсті. Аяңмен жайбарақат жылжыған жылқы тұяғының шұбатылған ізі емес, қатты қуғын көріп, топырлай жортқан малдың жосылған ізі. Бұдан екі-үш күн бұрын түскен ізді тор бесті әр жерде шашыла түскен жылқы қиынан-ақ айырып келеді. Жасынан ат құлағында ойнап өскен қыр қазақтары да тосын кездескен іздің тегін емесін тор бестіден кем түсінген жоқ.

Ақшам кезінде ені тар ағынсыз қара өзенге тірелген тор бесті қалай оқыра-нып қалғанын да аңғармады. Келе суға бас қойды. Көз қиығы арттағыларда. Тұщы, дәмді судан бүйірі шыққанша қана ішіп, басын көтере бергенше, соңындағылар да жетті. Басқа жаққа бұлтара алмай қалған торы сасқалақтап, тереңге қойып кетті. Бір-екі аттағанда-ақ құлама екен, кеудесімен балдырлы суға күмп берген ат басы қалтақтап жүзе жөнелді.

Бұл уақытта көз байлана бастаған. Жарғабақтау, тайғанақ жағаға әуірімдеп шыққан торы ат дүр сілкініп алып, жылыстай тартты. Шөлі қанып, кәдімгідей тыңайып қалыпты. Соңындағылардан құтылып кетудің сәті түскен сияқты. Қап-қара боп түн қараңғылығы бүркеген терістік аспанын бетке алып, тор бесті қалай шоқырақтап кеткенін де байқамады. Артынан тасырлата шапқан ат тұяғы естілгенде, бұл да тұмсығын соза түсіп көсіле тартты. Таңертеңнен бері неге осылай қашпаған? Арттағылардың аттары болдырған ба, жай әншейін жаман жабылар ма — ә дегенде-ақ

сытылып шыға берген тор бестіге жету былай тұрсын, далақтап алыста қалып қойды. Құтылған деген осы шығар?

Жоқ, мына біреуі кім тағы? Қолында бауы шұбатылған құрық, тап іргеден шыға салып ұшыртып келеді. Тор бесті жалт беріп екінші жаққа бұлтаң етті. Қайта оңға, қайта солға... Өзінің қашағандығына салып қалай жалтарса да, мына төтеден қосылған біреу өкшелеп қалар емес. Бар пәрменімен шапқан торы бір кезде оқыс тоқтап, кері бұрылып еді, құрық ұстаған неме зу етіп өте шығып, қайта жалт бұрылды. Нажағайдың оғындай зуылдап, сып етіп тағы жеткен әккі неме мүлдем құтылтар емес. Тор бесті енді дәрменсіздігін сезіп, басын кекжеңдетіп іштегі су сылқ-сылқ етіп жалтара берді, жалтара берді. Сүйткенше болған жоқ, құрық та түсті мойнына. Бұл кезде кешеден бері соңында салпақтаған екеу де жеткен еді.

Күзгі дала лезде сұрқай тартып, қас қарайды. Алыстан маңылдай үрген иттердің даусы келеді құлаққа. Сол тұстан жалғыз от жылтырайды. Тор бестіге құрық салған осы маңның жылқышысы еді. Жолаушыларды бастап, сары желдіріп от көрінген жаққа беттеді. Ала мойын қара иттер алдынан шәуілдеп шығып, иесін таныған соң қатарласа жарысып, шағын қосқа дейін бірге келді.

Бұл — қалың керей жайлаған ауылдың атығай-қарауылдармен жапсарлас жігі екен. Жылқышылар да керейлер. Алыстан ат сабылтқан жолаушылардан ешкім өзеуреп мән-жайды сұраған жоқ. Бұлар не шаруамен жүргенін, қашаған торының соңынан ілесіп, белгісіз марқұмның елін іздеп келе жатқандарын айтқанда да ешкім ештеме демеді.

Жолаушылар аттарын кісендеп, қара қостан қонағасы жеп болған соң барып, тар қостың төрінде жастыққа шынтақтай түсіп, тыңқылдатып домбыра тартып жатқан қызыл көз шал малдасын құра жайғасып отырды да, сөзге кірісті:

— Ал, жігіттер, бәріміз алаштың азаматтарымыз, бөтендігіміз жоқ, қоңсы отырған қанжығалы екенсіңдер. Мұсылмандық жолымен, адамгершілік ізбен кетіп бара жатыр екенсіңдер. Сапарларың оң болсын. Марқұмның елін тауып, көмген жерін хабарлауларың — құдайға қарағандықтарың. Жөн іс... Бірақ қой... сол айдалада ат бауырында өлген адамның неден жазым болғанын білмейсіңдер, кім екенін де, немен жүріп өлгенін де білмейсіңдер?..

— Әрине, білмейміз..

— Қайдан білейік.

— Әйтеуір мына тор бесті еліне апарар деген далбасамен келеміз.

— Ат елін тапса, иесі де оңай табылмай ма? — десіп қанжығалылар жамыраса жауап қатып еді, семіз шал теректен ойған домбырасын қайтадан алып, баяу шертіп, құнжиып отырып алды. Сөз соңын күтпей жарыса сөйлегеніне қысылған жігіттер бір-біріне үнсіз қарасты. Енді әліптің артын күтейік дегендей, екеуі де жым болды.

— Оларың дұрыс қой, ат иесін табарсыңдар-ау, — деген шал домбыраның қоңыр сазына қосыла күңдірене отырып, тағы сөйледі.

— Осыдан үш-төрт күн бұрын осы жайлаудың тұсынан намаздыгер кезінде мың қаралы жылқы өтті. Топырлата айдап, сартылдата қуып бара жатқан үш-төрт-ақ адам. Жайлау ауыстырып, жер таңдаған адамдардың кейпі көрінбейді. Қара қосқа қайырылған да жоқ. Жөн біліп қалайық деп сондарынан баламды жіберіп ем, әлгілердің бірі артта бөгеліп, оны тосқауылдапты. Қолында сойыл дейді. Ниеті жаманға ұқсайды. Балам қасына баруға бата алмай, кері бұрылыпты. Өткен таңда тағы да сойыл сүйретіп, шоқпар көтерген отыз шақты жасанған керей жігіттері осы қостан қымыз ішіп аттанды. Қуғыншылар екен. Қанша бұлтаққа салып, тоғай-тоғайдың арасымен, өзенді, көлді кешіп өтіп жаңылдырса да, көп жылқының ізінен адаспай келе жатқан әккі ізшілердің де сұсы жаман. Аанада көп жылқы айдап өткендер барымташылар екен де, мына қарулы қол қуғыншылар болып шықты. Айдалған кімнің малы, қуғыншылар кім — онша ашып айтқан жоқ. Олар жасырған соң, мен де онша ашылғам жоқ. Нобайына қарағанда айдалған да бір байдың малы, барымташылар да бір байдың ұрылары. Нем бар оған араласып, екі қошқар таласса, ортасында шыбын боп өлер жайым жоқ. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Жобаларыңа қарағанда, қақ-соқта жұмысы жоқ момын елдің азаматтарына ұқсайсыңдар. Қосақ арасында бос кетіп, текке күйіп жүрмеңдер. Момын адам қашанда жақсылық етем деп басына пәле тілеп алады. Аттан құлап өлген адамдарың жаңағы барымташылардың бірі боп шықпасын.

Қанжығалылар мына жанды сөзден үрейленейін деді. Айдалада өлген марқұмның елін тауып, тым құрмаса қазасы жетіп жерленген моласын айтып, сыйлы қайтамыз ба деген жігіттер енді, жоқ жерде басымыз дауға қала ма деп, тықырши бастады.

— Оу, ақсақал, сонда, бұл өлген адам барымташы болса, басқа жолдастары оны айдалада қалдырып неге кетеді? Тауып алмай ма? Артында бақандай бір кісі белгі боп қалса, оның несі ұрылар? Ертең-ақ ұры арты ашылмай ма? — деп қанжығалы жігіттің бірі өз түспалын айтып еді.

— Солайы солай-ау, бірақ ол марқұмның мәйітін ат бауырынан алып-сыңдар. Тегі үлкен айқас, ұрыста сойыл тиіп құлаған адам болар. Оның қайда лағып, аттың қайда әкеткенін көрді дейсің бе. Ұрлық күндіз емес, түнде жасалады. Көз жазып қалған да... Әйтеуір, не де болса, сақ болыңдар дегенім ғой. Жолдарыңнан қайт деп отырғам жоқ. Реті келсе, марқұмның еліне тереңдеп кірмей, шет жағынан ғана құдай аманатын жасап кетерсіңдер дегенім де. Кісі өлімін дабырайтып, бүкіл жұртты даңғазалап қайтесіңдер дегенім де. Жай кісі өлімі емес, даулы өлім, құны мен қыжыңы көп өлім дегенім де... Айтпады демейдер, тап мына барымтаның түрі жаман. Бұл кедей-кепшіктің тоқты-торымын, не аз шаруалы адамның үйірлі жылқысын қуып кететін ел арасындағы ұсақ ұрлық емес. Мыңдап айдағып алдырар белді шонжарлардың мықты барымтасы. Мұнда сұмдық қана емес, жаулық та бар. Оның арты ашынған кекке, алынар өшке айналмақ. Не де болса, ел басына түсер лаң болмақ, — деп шал домбырасын қостың іргесіне сүйей салды...

Қанжығалы жігіттері келесі күндері тор бестіні аса қыспай, көз көрім жерден бақылап, еркіне жіберген. Кешегідей емес, торы ат кей тұста ұйпаланған күзгі қауданға жабыса оттап, томарлы көлшіктерден қана ішіп, жайбарақат жылжуга айналды. Анда-санда ғана жат жерде көрген тауқыметі есіне түсіп кеткендей, елең етіп басын оқыс көтеріп алады да, жалғызсырап кісінейді. Содан соң көп уақытқа дейін тынымсыз жортып, ұзақ жолдың біразын ұтады.

Жігіттер жолда тағы да екі қонып, төртінші күнгі тынымсыз жүріспен Қарауыл елінің қалың қонысы Мезгіл болысының жеріне іліккен. Бұл күні екіндіден былай олар еш жерде түстенбестен, кешке дейін үрдіс жортып кетті. Оған себеп болған алдымен дала бөрісі.

Бұлар анда-санда тырбық шілік өскен тоғайсыз жазыққа шыққан соң, соңғы кездескен бір шоқ қызылдың бауырында аттарын шалдырып, жолда түнеген жерде торсыққа күйіп алған қымыздарын ішіп, бел жазып отырған. Бұлардың бөгелгенін көріп тор бесті де аз тынымдап, бетегеден жұлып жеп, оттай бастаған. Әлден уақытта жігіттердің бірі:

— Ау, жақын жерде ел бар ма? Ана қара, тор аттың алдында ит жүр, — деді. Әлде күземге көшкен елдің жұртында қалған бұралқы ма екен?

Жігіттер тор бесті жаққа қарады. Құйрығы шұбатылған ит аттың алдына шығып, тоңқалаң асып құлайды. Шалқалап жатып, атты ойынға шақырғандай еркелейді. Енді бірде дәл тұмсығына жақындап келіп, оқыс жалт бұрылып, тұра қашты. Алыстан жүгіріп келіп жата қалады. Тышқаншылағандай етпеттеп түсіп, қыбырсыз жатады да, көкке қарғып, тағы домалайды.

— Әй, мынау неғылған зеріккен ит? Мынауың бұралқы емес, ойын іздеген қарны тоқ неме ғой. Түлкі емес пе!?

— Қайдағы түлкі?!!

— Мүмкін, жынданған ит шығар?

— Онда атпен ойнап не шаруасы бар? Бір кезде ат тұмсығына жақындай-жақындай келіп жата қалып, етпеттей жылжып еді, торы ат үркіп артын бұрды. Ит те қарғып түсіп, алдына шықты. Ат тағы бұрылды, анау енді құйрығын бұлап, алдына жүгіре береді. Тор бесті шырқ айнала берді. Тура айналмаға шалдыққандай, бір орында ұршықша иіріледі.

— Мәссаған! — деді жігіттердің бірі үрейленіп, — мынауың ит емес, қасқыр ғой, ана қара тұмсығына қарғиын деп жүр.

Жігіттер шідерлеулі аттарына жүгірісіп, лезде қиқуды сала тұра шапты. Айдаланы бастарына көтеріп, аузына түскен сөзді айтып айғайлаған адам даусынан шошыған қасқыр құлағын жымитып алып зытып берді. Басы айналған торы ат алғашқыда қарсы қарап мәңгіріп тұрып қалды да, өзіне қарай тасырлата шапқан салт аттылардан теріс бұрылып, бұрынғы бағытымен желе шауып кете барды.

— Ана қара, ана қара!

Алыста шошайған үш-төрт түп шидің бауырынан өре түрегелген бес-алты қасқыр оң қолдағы қырға қарай сөлендей жөнелді. Жаңағы бөлтірік

маңайда адам жоқ па деп, әдейі жіберген үйірлі қасқырлардың жансызы екен. Енді аз кешіккенде торы аттың қарнын ақтарып салатын еді...

Бұдан әрі аялдау болмады. Бесіндіге таяу сіркіреп жауын басталған. Бара-бара үдей түсті де, іңірге қарай кәдімгі күздің қара жауынына айналып, төпеп кетті. Жігіттер торы атпен құйрық тістесе, соңынан бір елі қалмай, сар желдіріп келеді.

Көкше жерінің ойдым-ойдым қайың, теректі тоғайлары жиі ұшырай бастады. Жүре келе қалыңдап, қылқанды қарағай араласқан жынысқа айналып кетті. Торы аттан сәл алыстаса, мүлдем көз жазып айырылып қалуы кәдік.

Осылайша бұлар қара жауын астында түні бойы жүрді.

Не деген елсіз жатқан кең жер. Не оңнан, не солдан бір елдің оты жылытырасайшы. Үңірейген меңіреу ағаш ішінде төпелей жауған жауын сырылы мен желге гуілдеген, суылдаған тоғай үнінен басқа тырс еткен бөтен дыбыс естілмейді. Аспан көзге түртсең көрінбейтін қараңғы. Тоғай іші одан бетер үрейлі — су тамшылаған ескі там сияқты.

Ойда жоқта азап шеккен жігіттер үнсіз.

Қазір бұлардан тұра шауып қашып құтыларлық торы атта да әл жоқ, қуып жетіп ұстап аларлық басқа аттарда да шама жоқ. Шашасына дейін батқан қара балшықтан титықтаған жылқылар жыныс-жыныстың арасымен зорға сүйретіліп келеді.

Түн ортасынан ауа аттар мүлдем болдырды.

4

Өңкей әлекедей жаланған, «мен атайын, сен тұр» дейтін қарулы жігіттер жылқы ұрлаған жерден тың аттарды ауыстырып, ізге түскен. Бәрінің қабағы қатулы, ең қадірлі бабаларының асын беріп, құдай жолында ақ намазға ұйығандай болған керей жұртын басынып, малға қол сұққан белгісіз ұрыларды қуып жетсе, табан аузында жүндей түтетін ордалы қасқырлар сияқты. Әсіресе Көбеннің өлімі былай да зығырданы қайнап келген жігіттерді бұрынғыдан бетер ашындырып, шиыршық атқызды.

Бұдан төрт күн бұрын ұрылардың соққысынан аттан құлап мертіккен жылқышы бұлар жеткенде қан құсудан тиылып, ұзақ азап шегіп, жаны қиналып, ықылық атып жатыр екен. Тілге де келе алмады, барымташылардың жобасын бір білсе дала сырына кәнігі осы жылқышы білер деген үміт үзілді. Тым құрыса ымға да келмей, көзі алақтап, аузы ақсиып, беті қисалаңдап жатып жан тәсілім еткені-ақ аянышты. Отыз жылдай Сағынайдың малын баққан жалшы Көбен, иесінің асына да шақырылмай, не ауылда жатқан қараша үйіне де жете алмай, жұлыны үзіліп, жылқы ішінде, қара қоста о дүниеге сапар шекті. Тұла бойы тырысып, қайта көсіле берген Көбеннің аузынан: «Аһ, дүние-ай» деген ышқынған үн шықты да, сақылдаған сары аязда жалаң қол жүретін жылқышының бүркіттің уысындай күсті алақаны дірілдеп барып, жұдырығы қарысып қалды. Соңғы рет азаппен, қасіретпен

өткен тағдырдың алқымынан алды ма, әлде оқыста кеткен балуанның қапыда ұрған жауының тамағынан қылғындырғаны ма екен, кім білсін. Басында отырған керей жігіттерінің де жұдырығы Көбеннің жұдырығымен бірге түйіліп, бәрі де аттарына ащы кекпен кеп мінген.

Жол бастаушы — осы төңірекке әйгілі ізші шал Жайық. Етек-жеңі кең көсілген қазақ даласының адам аяғы баспаған, мал тұмсығы тимеген қалың жынысты тоғайлары, тірі пенде көрмеген сай-сала, ыңғыл-жыңғылы да сонша көп. Тарам-тарам іздер, табанына көп шығып, қазылып қалған көне жолдар, сүрлеулер қисапсыз көп. Кәсібі мал болған түз елі шаруа соңында айдалада, қу мекиенде айсыз қараңғы түндерде, түтеген борандарда жалғыз кезіп, адаспай шығуға машықтанған. Солардың ішінде алабөтен көзі қырағы, бір көрген белгіні ғұмыры ұмытпай тап басатын жаратылысы бөлек ерекше жандар болады. Оны ізшіл, жолшыл жан деп ел мадақ етеді. Жайықтың атын шығарған көп атағының бірі — осы өнері. Жылқылары ұрланған жуандар бұл шалды түнеугі астағы мінезі үшін жек көріп, сазайын тартқызамыз деп зығырданы қайнап қалса да, мынадай қысылтаянда өткенді елемеген болып, қуғыншы жігіттерге жолда Жайықты ала кетуді тапсырған еді. Құлагер өлімінен соң астан реніш, қайғымен кеткен қарт, ел азаматтарының қайсыбірі қиыла сұрап, қайсыбірі дігір салып тұрған соң, ерден кетсе де, елден кетпейтін қаралы әйелдерше, көлденең тартқан атқа амалсыз қонған.

— Әй, балалар, қайыр сұрап тентіреп кетсем де, енді Нұрмағанбеттің жүзін қайтып көрмеспін, Ақан серідей алтын азаматқа қасірет еккен қиянатшыл елге ермеспін деп ем, қайтейін, сендер де ауыздықтарыңды қарш-қарш шайнап, бой бермей тұр екенсіңдер. Әлденеге ұрынып, әлдекімді қан қақсатып, жазықсызды зар еңіретпесеңдер екен. Не де болса ақыл керек. Аптықпаңдар. Ұры ізі қайда кетер дейсіңдер, табылар, бірақ мені тыңдап іс қылсаңдар барамын, ал ақыл алдына ашу-кекті салсаңдар, беттеріңнен жарылқасын. Онда өздерің бара беріңдер. Бәрің де тұтанғалы тұр екенсіңдер. Байқаңдар! — деп, біраз ойдың ұшығын сездіріп, жігіттердің сөзін алған соң барып зорға иліккен.

Қуғыншылар шынында да құтырған иттер сияқты. Паң Нұрмағанбеттің, Мәті, Дәуленнің, аңға салатын тазылардай, жылмаң қаққан ұры жігіттері. Бұлар талай барымтаны, талай түнгі жорықты бастарынан өткерген әккілер. Бұл жолы асқа келген үш байдың ерке, тентек баукепелерінің басын әдейі қосып, он-оннан сұрыптап жіберіп отыр. «Шаш ал десең, бас алатын» қаныпезер ұрылар қазір ат үстінде тыныш отыра алмай, өңкей жүйрік аттармен жарысқа, не аңға шыққандай жайраң қағып, жұтынып келеді. Іштерінде Жайықтан басқа, ел ағасы боп қалған Мәтінің елулердегі ұлы Тасемен бар. Жайық ізші болғанда, бұл — басшы. Жылқышылардан алғандары — асқа хабар жеткізетін бүйрек бет бала Жайнақ қана.

Ақкөлдің қырқасынан елең-алаңда шыққан қуғыншылар көп жылқының тұяғы шиырап, кей тұсын қазып, ойрандап кеткен ашық даламен, терістікке қарай шоқытып, мыңдап көшетін дала киіктерінің жолындай

жосылған қалың ізге түсіп алған соң, лекіте жөнелген. Сызды ауада, күздің тұманды күніне буланған қалың қау дымданып, бір-біріне жабысып, тұяқ астында жаншылған қалпында бастарын көтере алмай, шүлен қойдың жүніндей езіліп жатыр. Екі-үш жүз сажындай жер жабағыдай ұйысып, жосылған мал ізін айқын танытады. Кей тұсында айдауға көнбей қиыстай тартқан жылқы тұяқтары да шашыла түсіп, көп ізге қайта ойысып, қосылады. Бара-бара із ені тарылып, шұбырған іздер біріне-бірі үймелей, қосыла бастаған еді. Сосын тағы да далиып, жан-жаққа бытыраған тұяқтар көбейіп кетті. Қазылып, шаңы шығып жатқан тұстарға келгенде:

— Ә, мына бір түс біздің жылқышылардың қуып жеткен тұсы екен, жігіттер, айнала шауып, осы араны бір шолып алайықшы, ұрылардан қалған белгі болмас па екен, — деп, Жайық қуғыншыларды жан-жаққа жөнелтті.

Тың аттармен шоқыта шауып, маңайды шолып, сүзіп шыққан жігіттердің қайсыбірі аттан түсіп, әлденелерді тауып алған сияқты еді. Сынған сойыл, бауы шұбатылып қолдан ұшқан құрық, бүлдіргісі үзілген қамшы екен. Жайық қарт бәрін де жиып алып, айналдыра қарап, ұрылардан бір белгі іздегендей еді, бүйрек бет Жайнақ бұларды қолмен қойғандай таныды. Бәрі — өз жылқышыларының заттары болып шықты. Барымташылардан қалған бір-ақ белгі — ескі пұшпақ бөрік. Жиегі қақ айырылған бөріктің бір жақ сары ала пұшпағы қызыл ала қан. Бір ғажабы ат тұяғына басылмаған, ойран-топан боп жатқан жерден шеткері бір шоқ қалың ерменнің арасына түскен. Сол арамен жеке-дара кеткен жалғыз ат ізі сайрап жатыр. Бәрін қадағалай қарап, таңдайын қаққан Жайық:

— Ғаж-а-п! — деді. Қуғыншылардың көзі Жайықта. — Бұлар онша әккі ұрылар емес сияқты. Тойға баратындай басына мына бөрікті киюін қарашы. Шын ұрылар бүйтпесе керек етті. Ал қан не? Жеке-дара шауып, өзі қайда кеткен? Мүлдем лағып кетіпті. Түсінсем бұйырмасын.

— Ә, мүмкін, бұл ертеден жатқан бөрік шығар, — деп, әлгі бүйрек бет білгішсініп еді.

— Жоқ, мына аттың ізі — ескірмеген, жаңа із. Мына қан да әлі қабыршақтанып түсе қоймаған, жақындағы қан. Қан қатса күнге, желге кеуіп жарылып кетер еді. Және де барымташы болмаса, айдалада басын жарып ап жүрген не қылған жан, — деп, Жайық қарт бөрікті де қанжығасындағы қоржынға салып алды...

Бұдан әрі қуғыншылар із кесіп онша әуре болған жоқ, сайрап жатқан барымташылар жолымен салдыртты да отырды. «Бұл талаққа салып табынды үйір-үйірімен бөліп, бытырлатып әкетіп, келіскен бір межеде жан-жақтан қосылатын айлакер ұрылардай емес, бұлар арттағы ел қашан хабарласып соңынан қуғанша жерді ұтуға асыққан немелер екен» деп, Жайық жігіттерді аттан да түсірмей, кешке дейін жортты.

Сұрқай бұлт жөңкіле көшкен күзгі күннің өткір желі қарсы беттен шығып ап, ызыңдап соқса да, жауынның жаумағанына қуанған қарт сойылды топты асықтырып келеді. Қара жауын төпелей бір жауса, көзді аштырмай

із ұшығынан айырылып қалулары да кәдік. Ең болмағанда көздерін жерден алмай, жүрістері өнімсіз болар еді.

Бұлар алғашқы күні көп жерді ұтып тастады. Таң сәріден тамақ ішпеген жігіттер ат белінен түсіп тынықпаса да ешқайсысы ши шығармай, үнсіз келеді. Күн тұманданғандай бозамық тартып, аспан бетін торлаған бұлт бауырына көлеңке түскендей дала қара қошқылданған кешкі мезгілде тың аттар да сыр бере бастады. Алғашқыдағыдай лекітіп, ала-ала қашып, бір-бірінен жарыса озған аттардың көбі босаңсып, құйрық-жалы салбырап, бүлікке түскен.

Шоқ-шоқ бала қайың өскен қызылдың ара-арасымен ирелеңдей шұбатылған топ көз байлана бере ағаш бауырында сонадайдан көрінген малға лап қойысты. Қайың түбінде тұрған ала байтал екен. Өзіне қарай ұмтылған көп аттылыны көргенде жарықтық басын көтеріп алып, жалбарынғандай оқыранып қоя берді. Алдында жатқан әлденені тұмсығымен түртіп, иіскелегендей болады. Аттан домалай түсіп, тізгінін қасындағы біреуге ұстата салған Жайық байталдың қасына келгенде, құлағын жымитқан қызғаншақ мал шойнаң етіп артымен бұрылады... «Тебемін, жолама» дегендей сес көрсеткені.

Алдында адамды ес көріп еді.

— Ой, ант атқыр, қайтеді, «қулық — құлын жанды» демекші, қарашы патшағардың қызғаншағын, — деп, қамшысымен жасқап, қорқытқан Жайық байталдың алдында буы бұрқырап жатқан қағанақты бас салды. Қулық жаңа құлындаған екен. Қағанақты қолымен жалма-жан жыртып, жарып жібергенде, құлынның тұмсығы көрінді. Құлын жансыз, тұяқ серпіп тыпырлап қимылдамайды. Қарт құлынның тұмсығын шаранадан тазартып, аузынан үрлеп еді, оған да қозғала қоятын құлын жоқ.

— Өліп қалыпты, шала туған ғой, обал-ай, — деп Жайық белін жазғанда, Тасемен басқа жігіттерге:

— Аттарыңды біраз тынықтырып, сарғытып алыңдар.

— Ия, қызыл май боп өлер.

— Әрине, семіз тоқ аттар емес пе, қара өкпе боп қалуы да ықтимал, — дескен қуғыншылар аттан дүрсілдетіп түсе бастады.

— Әй, жылқышы бала, кім еді атың? Қайдансың?

— Ө, Сарытоқаш па, беті жаңа піскен бауырсақтай боп тұр ғой, — деп бір қылжақпас қағытқанда.

— Менің бетім қарындарың ашқасын сары тоқаш та, бауырсақ та боп көрінеді ғой, — деп, келгелі ала байталдың қасында тұрған бүйрек бет Жайнақ жігіттерге бұрылды.

— Е, қарын ашса сенің бетің тоқаш емес, бір табақ ет боп та көрінер, — деп тағы бір жігіт қарқылдап тұрып күледі.

— Әй, Сарытоқаш, — деді Тасемен жұрттың қалжыңына қабақ шыта тұрып, — мына байталды білемісің, танымсың?

— Е, танығанда қандай. Біздің үш қоста екі мың жылқы бар, әр тұяғының түр-түсіне, қыл-қыбырына дейін білем. Ол түгілі, сіздердің малда-

рыңызды, Дәуағамның жеті мың жылқысының қылаңы, барандарын жазбай танымын. Мені сонша... — деп шұбырта жөнелген Жайнақты ат соғып қажып, ашулы тұрған Тасемен ақырып тоқтатты.

— Жетті, ділмарсымай! Мен сенен Дәуағаң мен біздің малды сұрап тұрғам жоқ, мына малды білемісің?

— Білемін дедім ғой. Енді соны айтып келе жатқан жоқпын ба. Әуелі, есіңізде болсын, мен Сарытоқаш та, бауырсақ та емеспін. Менің атым, азан шақырып, құлағыма үш рет айғайлап қойған атым — Жайнақ. Жетті басынуларың. Мен де адаммын. Қажетім жоқ екен, осы арадан кері бұрыламын.

— Қап, мынаны қайтейін, сасық күзенше шақылдауын қарашы беттен алып, құдай тағала, басқа жылқышыларды тастап, осыны қосып берген құдіретіңнен айналайын, — деп Тасемен кейігенде басқа жігіттер күліп тұрды. — Иттің қиы дәрі болса дарияға...

— Басқа жылқышыларды қосқанда олар немді бігіреді, не ұрыны танымайды, не бір ұрған сойылдан қалмайды, — деп, Жайнақ тағы тықылдап, шұбырта бастап еді, арт жағында тұрған қара гүжбән жігіт құлынжарғақ киген тап жауырын ортасынан қол қамшымен тарс еткізіп тартып қалды:

— Жетті енді, мұндай жаман күлген сайын құтыра түседі. Айт айтатын болсаң, әйтпесе қазір шықшытыңды айырамын.

— Енді... енді, — деп арқасына қамшы өтіп, қайқаң еткен Жайнақ кемсеңдеп қалды, — таныдым дедім ғой. Бұл — байталында айғырдан шыққан қулық. Әуелі ақбақай жирен айғырдан шығып еді, содан ала айғыр қызығып, бұзып кеткен. Содан, ақыры ешкімге билетпей, буаз қылды ғой, сен қызғанып тұрсың ба?

Жігіттер ду күлді.

— Шақарын қараш, шақарын, тілі мірдің оғындай! — деп, қамшы сілтеген қара жігіт те тісінің арасынан еріксіз күлді.

— Бәсе, бағытымыз дұрыс екен. Мына байгүс жүрісті көтере алмай, қолау боп қалған ба десем, жамбасы сыныпты. Сойыл тиген ғой. Қиралаңдап ере алмаған соң тастап кеткен екен. Бірер ай ерте құлындағаны да содан болар, — деп Жайық қарт Тасеменге бұрылды да, ымырт түскен далаға, қара қошқыл аспанға қарады. — Бұдан әрі енді жүре алмаймыз. Із көрінбейді екен. Байқайсыздар ма, жел тынғанын. Мұның арты жауынға айналмаса не қылсын.

— Сонда далада түнемекпіз бе?

— Қарын да аша бастады.

— Ештеме етпейді, Сағынай аталарыңның асында тойған жоқсыңдар ма, тоқтықтарың әлі тарқаған жоқ шығар, — деп қараң-құраң етіп үйірілген топқа Жайық сынай қарады. — Тамақ іздейтін қонаққа келе жатыр ма еңдер.

— Ау, Жәке, аттарды тынықтырып, суарып таң асырып дегендей...

— Жарайды, осы маңда ауыл бар ма, ана шеттегі жуан қайыңның біріне

шығып, жан-жаққа көз салыңдар. От көрінер ме екен. Ұмытпасам, мына оң жақ өкпе тұста қанжығалылардың бір-екі ауылы болатын...

Сарыарканың ұзыны мен көлденеңін айқыш-ұйқыш кезіп, талай шарлап, көп жерлердің өзен, көл, тау-тасы түгіл, кішігірім сай жыраларына дейін, тіпті асыра айтқанда әр бұтасы мен шұқанағын жатқа білетін Жайық қарт жаңылмапты. Бес шақырымдай жерде он шақты үйлі ауыл бар екен...

Жігіттер оннан, бестен бөлініп, жайлауға шыға алмай, ауыл төңірегінің отымен отыратын шағын елдің жер кепелеріне түнеп шықты.

Бұл елдің айтуына қарағанда да қуғыншылардың бағыты дұрыс екен. Таң намазына тұрып, тысқа шыққан бір-екі шалдың, жол жүріп келген бір ересек адамның алыстан көргені сол — бұдан үш-төрт күн бұрын бағанағы шоқ ағаштардың тұсынан көп мал өтіпті. Жайлау, не қоныс ауыстырып, әлде күземге ерте беттеген шаруаның қимылы емес, қарақұртша қаптаған көп жылқыны топырлата айдап, асыққан біреулердің суық, үрдіс жүрісіне ұқсайды. Тасемен мен Жайық мұны көрген адамдардан ежіктеп, барымташылардың түр-түсін, жалпы нобайын сұрап, суыртпақтап тартса да, бұдан басқа ештеме біле алмады. Қайдан білсін. Шынында да ауыл тұсын айнала өтіп, елді мекенге соқпай, мидай дала, елсізбен жүретін ұрылар із-түзін оңайлықпен танытсын ба. Егер білген күнде де екі елдің арасына түсіп, басын бөлеге байлап қайтсін. Аз ауыл ұрыларды әңгіме еткеннен гөрі, керей жігіттерінен Құлагер жайын кете-кеткенше сұраумен болды. Кеше ел аралап қайтқан адам Сағынай асындағы сұмдықты айтып келгенде, бәрі жағаларын ұстап, қазақ жұртында бұрын-соңды естімеген мұндай хайуандық иесі кім екенін біле алмай, ұзақ түнде бас қосқандар әңгімені әр саққа жүгіртіп, әркім өзінше жорамалдап тон пішкен. Дастарқанын жайып, бір қора қуғыншы керейлерге барын төгіп отырып та Құлагер өлімінен жібі түзу сөз ести алмай қала берді...

Келесі екі күн қуғыншылар үшін ең ауыр жол болды. Түнде біраз күйған қара жауын ашылыпты да, қарауыл еліне қарай қалыңдай түскен тоғай ішін қалың тұман сіресіп басып алыпты. Салқын ақ бұлттай соқыр тұманның арасымен жылжыған топтың жүрісі маңдымады. Көшіп кеткен, қоныс аударған талай елдің жұртымен өткен мал ізі көбейіп, ескі, жаңа тұяқ орындарын айыру оңайға соқпады. Жан-жаққа бытыраған көп жылқының тура бағытын тап басып таба алмай, отыз жігіт отыз жаққа шолғыншылап, із кесіп әуре болды. Жайық қарт атынан талай түсіп, мал қиына дейін зер салып, ізшіл, жолшыл сұңғылалығымен ғана жаңылмай келеді...

Көкше еліне тереңдей кірген сайын тарам-тарам бөлініп, әр жаққа із тастап, қайта қосылып, қайта ажырасып бұталаққа салған барымташылардың бағытынан көп адасып, көп жаңылған топ төртінші күні зорға дегенде Мезгіл болысының қалың қарауыл жайлаған тұсына іліккен

Бұл маңда оңнан да, солдан да ауылдар жиі ұшырай бастады. Қалың қарағайлы, кейде қайың мен терек аралас тоғайдың қалтарысынан шыға келсе, анадайдан түтіні шұбатылған елдің қарасы көрініп, тіпті кейде жер-ошақта маздаған қой қиының иісі келеді мұрынға. Сонда да жосылған із

бұл ауылдардың біріне соқпайды. Ең жақындағаны қозы көш жерден, не ит даусы талып естілер жерден жырақ өтеді.

Көз байлана бастаған кез еді. Тұман сейіліп, қатты жел тұрған. Сабағы дымданған күзгі боздың түбін суыра үрлеген жел арты қара дауылға айналды. Жаңбырға суланған қаңбақтар ымыртта жөңкіген мал құсап, тоңқаңдап, ербеңдеп дала кезіп, жосыла бастаған. Әшейінде, тынық күннің өзінде сыбырласып, дауыл шақырып тұратын ағаштар жапырағын ұшырып, ұшар бастары теңселіп, жел өтінде зарлы гуілге салып, шулайды. Ескі ұялары желге шыдамай қалбаң ойнап бөрікше ұшқанда, зәресі кетіп қарқылдаған қарға атаулы шырқ айналып, тоғай үстінде қара бұлтша қаптап, өлексе көргендей даланы басына көтерді. Әр бұтаққа қонақтаған момын қырғауылдар ғана әткеншек тепкендей теңселген ағашпен бірге ырғалады. Дәл тұсынан қаптаған салт аттылар өткенде де, қаратаған, сауысқандарша, байбалам салмайтын жуас құстар марғау.

Алдан кең алаң — көлемі ат шаптырымдай ағашсыз жазық кездесіп еді, дәл орта тұсында бейғам жусаған қалың мал ұшырады. Жылқы екен. Көлемі — екі-үш қос. Із тура осы араға тірелді.

Қуғыншылар қатты желіске салып лекіте тартқанда, Жайық атын тежеп, қолын көтерді. Тасемен де қатарласып бөгеле берген.

— Жігіттер, — деді қарт өзін айнала қоршап, ыққа алып тұра қалған сұсты жігіттерге. Қуғыншылар із тірелген қалың жылқыны көргенде жүректері тарсылдай соғып, қайсыбірі шоқпар, сойылдарын оңтайлай бастапты. Жайық керейлер жайлаған Бурабай тұсынан өткен соң-ақ қолды болған көп малдың қарауылдардан келген кер екенін түсінгендей еді. Содан бері бұлай қарай басуға кезегесі кейін тартып, өзінің жиендігінен ғана емес, кеше ғана Құлагері өліп, қара жердей боп, намысқа булығып, ащы қымыздай шулығып тұрған елді бөріктіріп, істі насырға шаптырғысы келмей, бөріне жол көрсетіп, із қуып келе жатқан өзі болғандығына кейіп, қуғыншылардың бетін басқа жаққа да бұрып кету ниетінде еді. Бірақ біреуге қызмет етсе ақырына дейін барын салып таза еңбек ететін, жаратылысында адал жан ондай қулыққа табан аузында баса алмады. — Ал, із ұшығына түсіп ек, ақыры түйініне де жеткен сияқтымыз. Байқаңдар, тентектік жасап жүрмеңдер. Әуелі біліп алайық анық-қанығын. Мүмкін, мүлдем біздің мал емес шығар. Болған күнде оны былай еркін жайып қоя бермесе керек. Қақпанға түсірер айла емес екенін қайдан білесіңдер. Әйтеуір сақ болыңдар. Абайлаңдар. Мұндайда тоғай арасында күтіп, жан-жағыңнан лап қояр қалың қолдың тұрмасын кім біледі. «Шешінген судан тайынбас» деп, мәғаркім жылқы ұрлаған осы ел болса, күтінбей бейғам отырмас.

Ат жалын тартқаннан бері байлардың барымтасымен ауызданып, талайды зар жылатқан өз елінің мына әумесер, өркөкіректеріне соңғы сақтықты әдейі қорқыта айтты. Оның үстіне, егер тасадан шығып шын соқтығып қалар сайланған жұрт болса, паңдардың малы үшін қосақ арасында кетермін деген өз қаупі де бар еді.

Сойыл сүйреткен сұсты топ аттарынан түсіп, айыл-тұрмандарын жөндеп, аттан салар үн шықса лап қояр қанды айқасқа дайындалып тұрды да, екі-үш аттылыны, ішінде Жайнақ бар, алда жусаған көп малды аралап көріп қайтуға жіберді. Олар бір сүт пісірімдей уақытта қайта оралды.

— Ештеме білінбейді.

— Бұл жатқан Нұртаза болыстың малы екен. Бұл араға кеше ғана келіпті

— Тіпті жылқышылары да аз. Жоғалған жылқы іздеп жүр едік десек, «көрген жоқпыз», «бұл жақта бейсауыт жүрген мал көрмедік» дегеннен басқа, түстерінен де ештеме аңғарылмайды. Әшейін ештемеден хабарсыз, жайбарақат жандар...

Бұлар екіден, үштен бөлініп, қас қарайғанша жан-жақты шолғыншылап, маңайдағы ауылдарды аралап, әркімнен сөз тартып көріп еді, ұрланған малдан түк сыбыс естілмейді. Түннің бір уағында қатты жауын басталған. Жел аралас қиыстай соққан нөсер бара-бара шелектеп құйып, күземдегі малды да бүрістіріп, сай-салаға қуып тықты. Әр тоғай бауырын паналап, мал қайғысынан бас қайғысына түскен керейліктер түн ортасында малмандай су боп, келіскен бір қосқа жиналған.

— Тасемен, — деді қос бұрышында құнысып отырған Жайық қарт. — Мен ертең атымды тынықтырып алып, елге қайтам. Сендер Қызылжарға дейінгі ауылдарды түс-түсқа бөлініп, аралаңдар. Ай, қолды болған мал енді табылар деймісің.

— Жәке, бәріміз бірге қайтармыз. Сіздің бірге болғаныңыз жөн, — деп еді Тасемен.

— Жоқ, мен өз міндетімді атқардым. Іздің тірелген жеріне дейін әкелдім, ендігісіне менің қолымнан келер де жоқ, сендерге масылдықтан басқа пайдам да жоқ, — деп Жайық алған бетінен қайтпады...

Таң ата шырт ұйқыда жатқан керейліктер алыстан шұрқырап Нұртазаның көп жылқысына кеп қосылған торы атты білген жоқ. Торы ат соңынан келген қанжығалылардың белгісіз марқұмның қан-қан киімін жылқышыларға беріп, аты-жөндерін де айтпастан, болдырған аттарын тебініп, қауіпті жерден бас сауғалап кеткендерін де сезген жоқ.

Қаншама жол жүріп, өз үйірін тапқан торы аттың сол түні пышаққа ілінгенін де ешкім білмеді.

5

Бұл күндері шағын қараша ауыл Қара теректің шет жағындағы атам заманғы ескі үйде тұратын әнші Бәтжанның жамағаты Әлиманың кәперінде түк жоқ. Күнде ертемен сиыр сауа шыққанда жақында жолаушылап кеткен ерін бір рет есіне алып, сонадайдан қарауытқан қалың тоғайға шұбатылып кірер қара жолға аз уақыт көз тастар еді де, шошала ығында күйісінен жаңылғандай пыс-пыс етіп, ыңырана түсіп жатқан ұйқылы-ояу сиырының сауырынан алақанымен ұрып, ауыз қорадағы қақ ашаға

байлаулы бұзауын бас жібімен босатып, орнынан ырғатыла тұрған енесін идіруге жіберер еді.

Бүгін де осы әдетімен меңсіз қызыл бұзауын идіріп алды да, қызыл қасқа сиырдың жылы бауырында отырып, желіні босап суала бастаған болбыр емшектерді созбалай берген.

Күз аспанының мазасыз шағы. Таң атып, күн шығуға жақындаса да тұманды, сызды дала ала көлеңке. Кеше күн бата тынған жел әлі көтеріле қоймапты. Ауада бетке жылбысқы тиер дым бар. Бұл кезде ауыл үйдің басқа әйелдері де күптерінің белін қаусырына байлап, бүрсендеп жүріп мал сауу қамына кіріскен екен. Енді бір пысықша кемпірлер сиырларын алдына сап өріске қарай беттеп барады.

Әлима сиыр сауып отырып, күндегі ойға түсті. Жаздағыдай емес, қасқа сиырдың сүті ағаш шелекке күрпілдеп құйылмайды, сыздықтап жіңішке шұбатылады. Бұрын төрт емшегінің ұшындағы жасудай көздерден саусақ тиер-тиместе мөлдіреген аппақ сүт ағылып, басып қалғанда үрпіден сыр етіп атқылаушы еді. Күзде суалғанда да тап мұндай болмайтын. Биыл бір емшегі кеткеннен бері, басқа емшектері де қожырмақтанып, біраз сауғаннан кейін сиыр да ауырсынғандай тықыршып орнынан қозғалақтап, құйрығымен сабалай бастайды. Күзде қожырап сүті азайғанмен, маңызы кемімей, қайта қоюлана түсетін сияқты еді, енді піспекпен май алу былай тұрсын, шайлықтан артылғаннан ұйытқан қатыққа балалар жарымай жүр. Қасқа сиыр сүтті еді, көз тиейін деді ме? Әлде қартайған да шығар-ау. Имиген мүйізінің түбіндегі буылтықтары да көбейе бастапты. Күйіс қайырып малжаңдап жатуынан көрі, пысылдап, ауыр ыңыранып, мау-жырап жататын күндері көбейіп келеді. Ана жылы көпес Сүлейменнен ел болып көп сауын сиырды жалға әкелгенде, Бәтжан осы қасқа сиырды алғанына қуанып жүретін. Содан бері неше жыл өтті: бес жыл екен-ау. Бес рет бұзаулап, уызын ішіп, тайынша болғанша асыраған бұзауларын иесіне аман-есен беріп отырдық-ау. Енді ғой, бес-ақ жыл қалды. Амандық болса бес жылдан соң, қызыл қасқа сиыр басымен бұлардың иелігіне қалады. Одан кейінгі бұзаулары да өзінікі. Апырым-ай, сонда енді неше рет бұзаулар екен. Өзі сиыр неше жасаушы еді. Оны Бәтжан да білмейді. Әй, Бәтжан-ай! Ел аралауға бір шықса, көпке дейін орала қоймайды, биылғы жұртпен бірлесіп ауыл іргесінен шалқан шөбің де әлі тасылмай, далада жатыр. Оны дұрыстап шошайтып үйсең жақсы ғой. Жауын өтіп қарайып, қызып кетпесін әлі. Әншілігінде мін жоқ-ау. Жиын-тойларда шырқата ән салғанында ауыл келіншектерінің арасында иығым бір көтеріліп қалады. Шаруаға да сондай болсаң ғой. Қайтейін. Мына үйелмелі-сүйелмелі төрт-бес күшігіміз де өсіп қалды. Ана кішкентайларында әлі жібі түзу киім де жоқ. Ертең боз қырау түскенде далаға кіріп-шығар лыпа жоқ. Жалаң аяқ шығып, табандары жалтырап, үйге қайта дызылдап кірген сайын, бүкіл тұла бойымды суық темір қарып өткендей болып, көзімнен жас та ыршып кетеді. Саған білдірмеймін. Білдіргенде, сен қайдан таба қоясың. Әй, осы қу кедейліктен қашан құтылады екенбіз. Е, оңайлықпен құтылу қайда.

Маңдайға мықтап жазған ғой?! Қашан балалар есейіп, өз қолдары өз ауыздарына жеткенше не заман. Қойшы, тәубә, тәубә! Ақан ағай мал беріп босатып алмағанда, Бәтжан әлі күнге дейін ана төрелердің құлдығынан құтыла алмай, мал соңында салпақтаумен жүрер еді-ау. Мына балалар ғой онда... Е, олар түгілі, менің өзім, кім білсін, кімнің етегінен ұстап кетерімді... «Өй, мына бір кімнің мәлігі, сүйкенуге жер таппағандай қараш, ап, а былай!»

Төбесін, шаңырақшалап, талдан өрген дөңгелек шошаланың сырт жағынан бір малдың құйрығы көрінгендей болды. Қышымасы бар бөтен сиыр ма сүйкеніп жатқан деп, Әлима шелегін алып орнынан тұра бергенде, әлгі мал тағы да қозғалып, құйымшағын көрсетті. Құйрығы да шолтаң етті. Ат екен.

«Е, бұл кімнің аты, шошаланың бауырында не ғып тұр» деп күбірлей жүріп, шелегін есік аузына қоя салып, атқа барған Әлима әуелі состиып тұрып қалды да, сәлден соң қуаныштан жымыып, күліп жіберді. Сылауы түсіп, бүгілген саусақтай көрінген жалғыз талға байлаулы Бәтжанның тайбурылы. Әлиманың алдында таңырқап қалғаны — бұрыл аттың құйрық-жалы, тіпті кекіліне дейін күзеліпті. Бұрын үйреншікті көзге сымпыиып, жараспай тұр. Әлима: «Мұнысы несі, үйде-ақ күземейтін бе еді», — деді де қойды. Ердің жырымында үлкен қоржын. Бәтжан бұл қоржынды жол шыққан сайын әсте тастамайды, кейде жүрген жерінен бидай, тары, балаларға ағайындардан сәлем-сауқат деп, елден қисса, ән айтып тапқан ол-пұл табысын ала келеді. Әйтпесе атадан туа жетім Бәтжанға қайдағы туыс. Осы жолы қоржын томпыиып, тарсылдап тұр. «Тегі олжалы оралған-ау. Қайда баратынын айтпай кеткенде бір гәп бар екен ғой, бәсе!»

Әлима алғашқыда аттың ық жағына қарай жасырынып, Бәтжан бір арада тығылып тұрған шығар деп көрінбей, қуланып еді. Бірақ жуық арада шыға қоятын Бәтжан жоқ. Жұрт малын өріске айдап, түгел аяғынан тік тұрып, ауыл шетіне беттегенде, бұл да сиырына асығып:

— Бәтжан, Бәтжан, жарайды енді, тығылмай-ақ қой, — деп күліп еді, Бәтжан жауап қатқан жоқ. Әлима үйді айнала жүгірді. Жоқ.

«Е, мұнысы несі, әлде түн ортасында келіп, ұйқыдағы балаларды маза-ламайын деп, аран ішіне жата салды ма екен?» Әлима жүгіріп аранға барды. Онда да жоқ. «Е, аты болдырғасын аяп, тоғай сыртындағы шөбін көріп келуге жаяу кеткен шығар. Бірақ Қобыландының тайбурылындай деп мақтайтын бұрылы ауыл арасына болдыра қоюшы ма еді. Онда түнделетіп жүргені несі? Бұйтпеуші еді ғой».

— Бәтжан, Бәтжан, — деп сағыныш аралас үнмен айғайлаған Әлима: «Үйбай-ау, мал өрістен қалып қояр», — деп, сиырын алдына салып жүре берді. Қашан сиыр айдаушыларға жеткенше артына жалтақ-жалтақ қарап барады.

Аз күн ері жолаушылап кетсе елегізіп, қоңылтақси қалатын Әлима бұрыл атты көрген соң, бұрынғыдан бетер Бәтжанын сағына түскен сияқты. Елді жиі аралап, ән салып, көбінесе Ақан қасында көбірек аялдап,

жүріп қалатын ерінің мінезіне еті үйренсе де, оны ойламауға, сағынбауға төселе алмай жүр. Бәтжан келген сайын бес бала бес жақтан бас салып аяғына оралып, жабысып жатса, Әлима да дардай боп, кішкентайларынан қымсынбай, мойнына асылып, құшақтап жатқаны.

Осы жолы да өрістері малға сиырын қосысымен жалт бұрылып, тоғай бауырындағы шөптеріне тартты. Жұрт пішендерін тасып алған. Шабындық орнында үш шошақ шөп қана қалыпты. Бұл Бәтжандікі. Әлима жүгіріп жүріп үшеуін де қарап шықты. Қанша қырсыз дегенмен, Бәтжан жасынан төрелердің есігінде жалшылықта жүріп, әр шаруаның басын бір шалып, қай жұмысқа салса да тартынуға шарасыз жігіт көнбіс боп төселген жоқ па. Мына тап-тұйнақтай салынған шошақтардың сол ықтиятты шаруақор адамның қолымен үйілгені көрініп-ақ тұр. Бауырында шашылған бір көлем шөп жоқ, күннен-күнге басылып, отаулана шөккен шошақтың төбесі желге қопсымай, суағарланып жаншыла түскен. Әлима соңғы шошақтың бүйіріне күсті қолын ағаш жұтқышша терең сұғып жіберіп, бір уыс шөпті дудырата жұлып алып иіскеді. Сәл дымқыл тартқан жидек жапырағы аралас көкпеңбек жоңышқадан көктем иісі мұрын жарады. «Ой, Аллаһ, — деді іштей Әлима, — тура Бәтжанның иісі сияқты!» Жазда Бәтжан күн батқанша қалың жоңышқада шалғы тартып, үйге келе кешкі тамағын ұйқылы-ояу қалғып-шұлығып ішетін де төсекке құлайтын. Күн ұзақ далада ойнап, күлге аунаған тауық балапандарындай, қара қожалақ болған шитімдей балаларын жуындырып, жайғастырған соң, Әлима да тоң майға шытырлай жанған сығырайманы өшіріп, тәтті ұйқы құшағында жатқан Бәтжанның кең кеудесіне қалың шашын төгілте тастап, балаша еркелеп, басын сүйейтін. Сонда ерінің тұла бойынан мына дала шөбінің жұпар иісі келетін мұрнына.

Титтей қыз күнінде байлардың атқосшысы боп жәрмеңкеден оралған әкесі қол басындай бір шиша әтір әкелген. Сол шишаны бір жылдай үнемдеп, гүл жапырағында мөлдіреген таңғы шықтай ғана саусағының басына тамызып, қос тұлымының түбіне жағатын. Мұны көрген әкесі бірде: «Әй, қыз болмай кеткір!» деп қарқылап тұрып күлген. Ақыры сол шишаның түбінде қалған екі-үш тамшы иіссу әкесінің мәйітіне бұйырған. Сүйекке түскендер мәйітті жуып, ақыретке орап, оң жақтан шығарар кезде Әлима бойтұмардай сақтаған әтір шишасын сарқып, соңғы тамшыларын әкесінің өлі денесіне тамызып, соңғы көз жасын да төгіп жіберіп, өксігін баса алмай, кеудесіне маңдайын тіреп, мұсылман рәсіміне жат мінезбен өлікті құшақтап, айырылмай ұзақ жылаған. Өмірінде бірінші көрген сол әтір иісін қамқор әке өзімен бірге суық көрге ала кетіп еді. Тек есейіп, етек жауып, тұрмысқа шыққаннан соң ғана Әлима сол иісті Бәтжанның ыстық құшағынан иіскеп еді. Бәтжанның кеудесіне басын салып маужырап жатқанда да Әлимаға осы ойлар келетін.

Кейде қаршадайынан әкеден жетім қалған, қыз болып бой түзеп, бір жібі түзу киім кие алмағаны, ақыры Ақан сынды қамқор адамның жалшы-

лықта жүрген әнші Бәтжанға мейірі түсіп, құлдық тауқыметінен айырып, Әлиманың сырттан билеген бір алыс ағайындарына қалыңын төлеп, екеуін қосқаны, содан үбірлі-шүбірлі қатардағы үй боп кеткен бақытты тұрмыстары есіне түсіп, қуаныштан ыстық жасын Бәтжанның кеудесіне төгіп те алатын. Көбінесе Бәтжанның жүрек соғысын тыңдап жатып, қалай ұйқтап кеткенін де білмейтін еді-ау.

Әлима үйіне таяп қалған екен, алдында, әудем жерде кетіп бара жатқан имиген бүкір кемпір мұны тосып алды. Етікші Теміртай шалдың жамағатын көргенде Әлиманың бойы сергіп, енді күнделікті күйбең тіршілік есіне түсіп, ширақ адымдай түсті. Теміртай қарт айтулы етікші болмағанмен, қатар қонған екі-үш ауылдың кедей-кепшіктерінің ең қадірлі адамы. Жыл он екі ай бойы қыста қоржын үйдегі жылы жарма пешке арқа сүйеп, жазда күн шуақта есік алдындағы көгалда отырып алып, етік тігумен әлек. Көбінесе тігетіні жаңа емес, ауыл адамдарының үлкені бар, еркек-ұрғашыларының аяғынан түскен ескі-құсқыларын жамап-жасқап, бүтіндеп отырғаны. «Ескі құрағанның есі кетеді» демекші, мінезі тік, жоқ нәрсеге апы кіріп, күпі шығатын баяпар қара шалдың қасына ешкім батып бармайды. Ұзақ жатып қалған аяқ киімдерінің жайын білуге келіп, бас салып шаруасын айта алмай міңгірлеп, көр-жерді сылтауратып, етікшіге көпшік тастап маймөңке сөзбен дөңгелете бастағандарды: «Әй, қарағым, етікшінің қасында отырма, сөзі тиер өзіңе, бізі тиер көзіңе» — деп, маңынан айдап салады. Одан әрі жайыңды түсіндіре бастасаң: «Әй, кемпір, мына пахырдың көк жұлықтары қайда еді, әкел тез», — дейді. Қырық жыл отасқан кемпір шалының мінезіне қанық, екі сөзге келмей, етегіне салған былғарысы күлімсі сасыған өңкей қиқы-шойқы ұсқынсыз аяқ киімдерді қасына әкеп төге салады да, бұдан әрі не боларын білсе де, іс-міс жоқ, шаруасына кете береді. Шал алдындағы ісін былай қояды да, әлгі киімдерді біртіндеп алып құлашы кеткен жерге лақтыра береді, лақтыра береді. «Бар, басымды қатырма, мен шабан екем, жыдам тігетін Қаройдағы Досқа, Керекудегі Еске, Қараөткелдегі Жайыққа, Қызылжардағы Мекешке апар, олар көн етігіңді көзел етіп, кетігін көк жіппен, қонышын қызыл жіппен жиып, жиырма жыл сықырлап, қырық жыл шиқылдап өзі жүретін етік етіп береді», — деп, аты шулы етікшілердің құлағын шулатып, қуып жібереді. Не керек, соңынан, бәрібір сол ескілерді жамап, ілдебай ғып беретін өзі. Алдына қайта келетін жаңағы көк жұлықтарды ол танымайды да, оның кімдікі екенін сұрап та жатпайды. Оны иесінен қайтып алатын да, қайтып беретін де кемпірі. Ақы-бұлына келісетін де сол. Әйтеуір қысқа жіптері күрмеуге, ұзын жіптері жөрмеуге келмейтін қолы қысқа жоқ-жітіктің жыртық, жамауын бүтіндейтін осы шал.

Әлима балаларының үлкенінен түскенді кішісіне кигізіп, Бәтжанның тозған киімдерін тарылатып, аударып, әйтеуір ілдәдалап кішкентайларының үстін аса жүдетпеуге тырысады. Мына кемпірге көбірек баратын да осы ауылда өзім деп ойлайды.

— Ә, апа, тәуір, тиышсыз ба? — деп кемпірді қуып жетіп, жайраңдап

амандасты. — Мына күзіңіз қайтеді. Суытатын түрі бар-ау. Апа, жүріңіз, жаңа қоламтаға құман тығып кетіп ем, шәй ішейік.

— Е, бәрекелді, ішсек ішейік, — деп кемпір де тез икемге келіп, екеуі үйге тақай берген. Әлиманың жүрегі біртүрлі алып-ұшып, бағанағы орнынан тапжылмаған бұрыл атты көргенде үрейленейін деді.

— Бәтжан жолдан келген бе, әлде бір жаққа сапар шекпек пе? — деп, атқа көзі түскен қырағы кемпір ернін сылп еткізді. — Қарағым-ау, мынасы несі, қайдағы жаман ырымды бастап!

— О, не апа, не көрдіңіз? — деп Әлима да кемпірге сезіктене қарап еді.

— Мына Бәтжанға не болған, жасынан жылқы бағып, көзі шыққан қазақ баласының өзінің мініс атының сынадай сиқын алып, күзегенін көрсем көзім шықсын, — деп, бұрыл аттың қара жалын түбіне дейін тып-типыл күзеп, қою құйрығын көтеншегінен бір сүйемдей ғана қалдыра шолтитып, шұнақ ешкідей шорт кесіп тастағанына таңырқады да, түйенің құмалағындай түйіп, ұшын қиған кекіліне көзі түсе бергенде ішін тартты. — Сұмдық-ай, мынау тұлданған ат қой. Жаным-ау, Бәтжан қайда, аман ба өзі, қарағым!

Бүкір кемпірдің айғыз-айғыз әжімді беті кең қазанға қайнатқан қою іркіттей түгел жыбырлап, ұсқыны өзгеріп кетті. Тұлданған аттың жайын білмесе де, қарттың жүзінен бір жаманатты сезген Әлима да ащы дауысы шығып үйге бір кіріп, бір шығып:

— Бәтжан, Бәтжан! — деп жанұшырды. Бәтжан жоқ. Бұрыл ат оқыранды. Әлиманың даусынан оянған балалардың бірі жылы төсегінен атып тұрып, «көке-көкелеп» қарны жалтырап сыртқа шықты.

— Бәтжан, Бәтжан қайдасың? Қайда кеттің, Бәтжан! — деп ерні дірілдеп, кемсеңдеп, әлденеден секем алған Әлима жүгіріп барып қанжығадағы қоржынды шешті. Оны неге шешті, неге ашты — өзі де білмейді. Бәтжан жолаушылап келгенде қашан жырымды шешіп, қоржынды өзі үйге кіргізбейінше Әлима ат маңына жоламайтын. Ері келер-келместе, бас салып, түйе жүндегендей, не әкелгенін көруге асыққан қайсыбір қатындардың жаман ырымынан аулақ еді.

Әлима қоржынға қолын қалай салғанын да білмеді. Ішінен Бәтжанның қан баттасқан шапаны, жұлығына дейін қан-қан етігін суырып алғанда боп-боз боп қуарып кеткен келіншек бір-ақ рет ықылық атып қалды да, әуелі баяу күлді. Содан соң мәңгіріп отырып, тағы күлді. Бұл жолы көзі шарасынан шығып, бет пердесі бұзылып сақылдап күлді. «Бәтжан, Бәтжан!» — деп есі шыға елеурей күліп, қанды шапанды бас салып өкірді. Басын көтеріп тағы күлді. Тағы өкірді. Одан кейінгі кейпі сау адам емес, есі шығып, аяқ астында жынданған жанның бейнесіне түскен еді.

Бұдан әрі Әлима өзінің не істеп, не қойғанын білмеді. Бүкір кемпірдің де қосыла жылағанын, бүкіл ауыл адамы тайлы-таяғына дейін жиналып шығып, жұрттың жайсыз тұрысынан қорыққаннан балаларының күзгі жел өтінде ботадай боздап еңірегенін де білмеді. Қай уақытта талықсып барып, естен танып сұлқ түскенін де білмеді.

Ала тіршілігінің қызығы да, бұзығы да көп, жаратылысында ақ жарқын, сауықшыл момын халықтың ел ақсақалын пір тұтып, оның алдында именіп, ибалықпен тізгінін үлкеннің қолына берер үлгілі рәсімі болса, бір даурықса тоқтамайтын, бір қызса тез суымайтын, шектен шығып кетер жүгенсіз қылығы да көп.

Барымтаның қарауыл жұртының қайсысынан келгеніне көздері анық жетпесе де, әйтеуір осы елдің ісі екенін жазбай таныған керей жігіттерінің бір жұмадан бері қылмағаны жоқ. Иесіз жатқан есіл малға кезіккен аш қасқырлардай, бүгін бір ауылдың шаңын қақса, сол күннің кешінде екінші ауылды тінтіп, тіміскілеп, әлек-шәлегін шығарады. Кез келген жылқышы, малшыны ұстап ап, көкпарша созбайлап, із-түзсіз жоғалған жылқыларын қазбалай сұрап, ештеме көрмеген елдің зәре-құтын алып, қайсыбірін соққыға жығып кетеді. Жасанған отыз жігіттің азығы да ел үстінде, берсе қолынан, бермесе жолынан деп таңдаған малын алып ұрып, жәукемдеп, саба-саба қымызды сарқа ішіп, бір ауылдан түстеніп, бір ауылдан «қонағасы жеп» еркін сайрандап жүр.

Бұрын-соңды осы өлкенің тісі батып көрмеген Барақпай ауылын да үркітіп, бір ту биесін жайратып кетіпті. Барақпай ауылы — исі атығай-қарауылға, қала берді көршілес керей, қыпшақтарға әйгілі, аты шулы ауыл.

Алдарына салған малдары болмаса да, аса таршылық көрмей, жұрт ризығына ортақтасып жүрген ашқарақ ел. Арғы аталары Ақмалшыдан қалған ата дәстүрі болмаса да, қазіргі Барақпайда ат жалын тартқан жастарынан бастап, атқа мінуге жарайтын шалдарына дейін баукеспе ұры. Алыстан, жақыннан демей, жыл он екі айда жымын білдірмей мал айдатып алып кәсіп еткен елге осы күнге дейін ешкім ештеме қыла алмай келеді. Мал ұрлағанда ешкімнің шымбайына батып, шаруашылығын ойсыратып кетпейді, бір мал, көп болса екі мал ғана алып, қайтып ол араға соқпайды. Мал ізін суытпай соңынан барар жан болса, терісі түгіл, сүйегін таба алмай, істі насырға шаптырса, бір қаға берісте не қайтар жолда сыбағасын алады. Онда да ешкімге із-түзін білдірмейді. Содан да олар батыл, содан да олар жүрек жұтқан. Оның үстіне кейінгі жылдары қарауыл шонжарларының қол шоқпары — солар. Біреуге өшіксе, кек алғысы келсе, Барақпай жігіттерін жұмсап, ұрлық артын жым-жылас етеді. Бірлі-екілі қарасы жоғалған әлсіз адамдар Барақпай ауылының жігіттерінен қолды болғанын сезсе, «онда кетті дей бер», «шығасыға шыққан мал ғой, құдай тағы бір жөнін берер» деп құдайына сыйынғаннан басқаға немесе «Алланың көрі ұрсын!» деп қарғап, сырттай кіжінгеннен басқаға дәрмендері жоқ.

Нұртазаның ұрыларының көбі — осы ауылдың жігіттері. Керейліктердің көп шүйліккені де содан. Әр үйді жеке-жеке аралай жүріп сұраса да, не баласы, не көрісінен бір түзу жауап ала алмай ашынған қуғыншылар екі жігітін ұрып, бір малын жегеннен басқа түк шығара алмапты. Ауыл ұрыларының көбі жортуылда, сапарда екен, хабар тиісімен тез жиналып,

керейліктердің соңынан кек алуға аттанғалы жатқанда Нұртазадан хабар тиіп, тосылып қалған.

Алдарынан еш бөгесін, тосқауыл көрмеген қуғыншылар Көкшетау уезінің батысын жайлаған бар болысты шарлап жүр. Әдейі соқтығуға қара таба алмай, берісі Мезгіл, Шалқар болысынан бастап, Жыланды, Имантау, Зеренді, Айыртау болыстарында лаң салмаған жерлері кемде-кем. Қарауыл иемденген Есiлдің салалары Ақанборлық, Тайсары, Жабай, Ақсораң, Жыланды жайлауларын күземдеріне дейін сүзіп жүр. Ақкиік, қойлы атығайлар мекендеген Ұзынкөл, Қандыкөл, Аралаш, Былқылдақ көлдеріне дейін бойлап, Құдайберді, Есенбай, Шоқтыбай, Бейімбет руларының жайлаулары — Қалмакөл, Салдынкөл, Ащылы, Жекебаяқты аралап, Құлайғыр, Тоқты өзендерінің жағалауында жатқан малдарды түгел тіңтіп шықты. Бес-алты жігіттерін жан-жаққа таратып, алыстағы Қызылжар керейлеріне дейін шолғыншылатып жіберген. Тыныш, бейғам жатқан елді қан қақсатқан есер топ екілене-екілене түседі. Қарсы келіп, жағадан алып жағаласар жан болмағанына ызалана түскендей. Бірақ атойлай дақырт салмай соңдарынан еріп, мысықша басып, жымын білдірмей алыстан іздерін аңдыған Нұртзаның жансыздарын сезген бұлар жоқ.

Тек соңғы күндері ғана, алдында Мезгіл болысын басынып, күшігін алдырған қасқырларша тап берген керейліктердің сойқандарын естісе де, елемеген басқа болыстар өз елдеріне де шоқпар ойната бастағанда бастарын көтеріп, ашуға мінген.

Сүлейменнің күткені осы еді.

— Ал, Нұртаза, енді ел жинауыңа болады. Бірақ, байқа, мінез көрсетер түс бұл ара емес. Әлі де айла керек, — деп болыс інісіне кеңес берген.

— Тағы да сайқалдық қой сенің айтарың. Қатын құсап сайқалси-сайқалси біттім ғой.

— «Бір қатынның айласы қырық есекке жүк болады». Екатерина ұлан-ғайыр Ресей империясында талайларды ат қып мініп, отыз жылдай тақымында ұстаған, — деді Сүлеймен күліп. — Қатындардың тақымын осал деме.

— Е, қатын болсаң — өзің бол, атамнан аулақ!

— Мейлі, қайткенмен ақыл, айла дегенім де.

Осы сөзден соң Нұртаза бар болысқа шапқыншыларын жіберіп, Жыландыдағы Қылышбай бидің үйіне мәжіліс құрды.

Қашанда ұымдасып істер іс, ақылдасып шешер мәселе болса, дүйім қарауылдың ең үлкен ақсақалы, сөзге де, ойға да кемеңгер Қылышбайды қалыс қалдырмай, әуелі соның алдында кеңесер еді. Түнеугүні Сағынай асына шақырылмай, мазақ отына күйіп, іштей күйініп жүрген Шоғырмақ, жас болыс Ақбұзау, Мырзалы ұрпағынан Баялы, Сердалы, Боқанның шонжар ұлдары — Балапай, Қалақ, керей қуғыншыларының кәріне бір-екі малы іліккен Тілеубай, Назарбайлар, Сүтемгеннің інілері Шәлтік, Сапарлар хабар тиісімен Жыландыдағы Қарсақ ауылына тез жеткен.

Бас-аяғы жиналып, Қылышбай сөзге құлақ түріп, кеңесерлік ықылас білдіргенде, басқалары амандық-саулық соңынан, сойыл сүйреткен керей жігіттерінің лаңын біраз сөз етті де, енді бәтуаға келер тұста бас қосудың себепкері Нұртаза бастады кепті.

— Қылышеке, мына мұндарды өзім бастап шақыртпасам, өздері біліп жинала қояр түрлері жоқ. Қарауылдың бір жақ бүйірінен бөрі тиіп, бөксеріп жатса да, жандары ашымайтын найсаптар емес пе, қайта «шоқ-шоқ» деп отырғандары да бар шығар іштерінде, — деп, Нұртаза қалжыңдаған боп, бірақ түсі келмей, тістене түсіп, басқа бай-болыстарға ала көзімен оқтана қарағанда:

— Нүреке, екпініңізге қарағанда қасқыр тартқан қой сияқты емессіз, қайта жұртты жерлеп, жер-жебіріне жетуге келген, ұзыннан өші бар адамша сөйлейсіз. Қарауылдың бүйірі ғана екен ойлайтыныңыз, онда атығайларға несіне атой салдыңыз, — деп Ақбұзау Нұртазаға бас салды.

Нұртazаны сұқаны сүймейтін Ақбұзаудың қарауылды ғана аузына алған болыс сөзін іліп түскен қаршыға мінезі отырғандарға ұнаса да, ұдықтасып шешер іске кеселін тигізері айдан анық еді. Сөзді өршітпей, Балапай басу айтты:

— Айналайын Ақбұзау, сөзің орынды. Ашынған ызалы адам не демейді. Өзіміз де кешелі бері керей жұртының көшемізде ат ойнатқанына жарылып кетпей зорға отырмыз. Нұртazаның қарауыл деп отырғаны — атығай. Екеуі жұбы жазылмас бір ағайын емес пе. Атығай — қарауыл намысы бір болған соң, ол екеуінің қайсысының аты ауызға бұрын түссе, сол айтылады, оны сарапқа салып қайтеміз. Өкпе айтысуға жиналғамыз жоқ.

— Иә, бұл арада айтысып-тартысатын ештеме жоқ. Мына керейлер әбден басынды. Қайдағы жоғалған малын сылтау етіп, кешегі Сағынай асына жұмсаған шығынын біздерден өндіріп алатындай, әдейі тиісіп отыр. Осылай тайраңдатып қоямыз ба, әлде «қасқыр тартқан артымды иттен несін аяйын» деген қойдай, бөксемізді тоса береміз бе? Олай десеңдер, өздерің біліңдер, мейілдерің. Мен өз қамымды жасармын, шілдің боғындай бығыраңдар ендеше атығай мен қарауылдың ездері, — деп Нұртаза орнынан тұрып кететін адамдай қопандап қойды.

— Өзі қарасы қанша мал екен жоғалтқандары? — деп Балапай сөзді жұмсарта сұрап еді, Нұртаза:

— Итім білсін, «мыңға тарта жылқы қолды болды, із осында алып келді» деп тантитын көрінеді. Менің өзіммен сөйлескен жоқ, көздері жетпеген соң не десін. Ал мен, ішінде жібі түзу бір адам жоқ, өңкей мұрнынан сорасы аққан бала-шағаға не деп барам үлкен басыммен. Сойқандарының аяғын күтіп жата бердім.

— Нұртazаның мұнысы дұрыс. Бұлар біздің елге де көп ойранын салып кетті. Мен де несіне «жау келділеп» жаулығымды ала жүгірейін. Бір кесірлі есерлердің қылығы шығар деп іштен тындық. Бірақ біржола керден кетіп болды, енді шыдар менде де хал жоқ, — деп Шоғырмақ қосылды. — Кәне, бір бәтуаға келейік. Ай қарап отырмақпыз ба!

— Сендер ай қарамақ түгілі, жұлдыз санасаңдар да мейілдерің, мен ертеңнен бастап жігіттерімді атқа қондырамын, қайтып соғар сойқандар болса, сыбағасын бергіземін, төрімде талтаңдатып, басыма шығара алмаймын! — Нұртаза басқа шонжарларға ызамен күйіне қарады.

Жұрт әр тұстан тағы да кимелей, даурыға бастап еді, үнсіз отырған Қылышбай қарт қарағайдың діңіндегі түзу, ұзын бойына лайық саусақтары салалы қолын көтеріп, басып тастады:

— Жә, азаматтар, мына аз сотқарлардың қылығы шынында да намысқа тиетін, шымбайға бататын ақылсыздық екен. Мұндайда шыдамның шыдамы-ақ жетеді. Бәрі орынды. Ел ақсақалы деп маған жиналғандарыңа Алла риза болсын. Билік айтып, кесім жасамасам да, байқаймын, менің кеңесімді керек етіп, сонымен іс қылғыларың келеді екен. Онда тыңдай қалыңдар, мен өз түспалымды, өз түсінгенімді айтайын. Ең алдымен мынаған жауап беріңдерші.

Егер керей жұртынан мыңдаған жылқы ұрланған екен, ол Нұртазаның өрісіне дейін келген екен. Содан әрі бөтен ізді де, бөтен малды да таба алмапты. Бұл — ел арасын бүліншілікке салып, ұстастырудың, екі елді қырылыстырудың амалына ұқсамайтын секілді. Мың болмаса да, біраз малы ұрланғаны рас шығар. Ендеше, ертең қазы алдында адал болып, ар алдында таза болу үшін, қолмен істелер істі мойынмен көтерер шақта, тайсалмай тұрар мықты, ұялмай шығар әділ болу үшін әуелі бір нәрсені өз арамызда анықтап, аршып алайықшы. Кінәлағаным да емес, түйткілденгенім де емес, қане, ешқайсың мал барымталаған жоқсыңдар ма?

Қылышбай екі иығын қомдай түсіп, ұшуға ыңғайланған жартастағы көрі бүркітше орнынан бір ырғалып, ел жуандарына сабырлы көзін жүгіртіп өтті. Бірі етігінің қонышын шұқылап, бірі қолындағы шақшасына қарап, сөз тыңдап отырғандар қарттың тосын сұрағы маңдайларына ұрғандай, бастарын көтерісіп алды.

— Жоқ!

— Жоқ!

— О не дегеніңіз?

— Онда айтпаймыз ба, несін жасырамыз, — деп жамырай жауап бергенде, ташбих тартып, Қылышбайдан көзін аудармай езуінен сілекейі шұбырған Мұқанәлі молла да көпке қосылып:

— Жоқ, ұрлағамыз жоқ, сұбухан Алла! — деп, сілекейін ішке сылп еткізе тартып, дорба ауыздана қалды.

— Жә, сұрауым осы еді, жауабымды алдым, — деді сәлден соң барып Қылышбай. Көз жанары онша таймағанмен, бұрынғы саңқылдаған таптаза ашық, сұңқар даусы жарықшақтанып, тамағында үнемі кесе-көлденең бірдеме тұрғандай жұтына беретін би, осы жолы да қайта-қайта жөткірініп, қарлыққан үнмен ұзақ сонарға түсіп сөйлеп кетті. — Осы жасымда, ел ішінде би атанып билік айтқалы жер дауы, жесір дауына көп араласып, талай барымта, қарымта, сыдырымта дейтұғын ұрлықтың неше атасын алдымнан өткеріп, талайының құнын алып беріп, кісі өлімінің де артын жайғастырып,

тасығанды басып, жасығанды көтерген күндерім болды. Сол талас, сол даулардың көбі, көбі емес-ау, бәрі ағайын арасындағы келіспеушілік. Ол — бір шоқтан тұтанған от қой, отты баспасаң өртке, өрт дертке айналмақ. Ағайын дауы — ата дауына, ата дауы — ру дауына, ру дауы — ел дауына — үш жүздің дауына, үш жүздің дауы қазақ дауына ұласып кетер еді. Сонда дауда жеңетін кім, даудан жеңілетін кім? Екеуі де қазақ. Әй, қазақ-ай, осыдан-ақ азапты шегіп келесің. Ертеде кіші жүз ішінде көп ата, мықты рулар шашылған тарыдай бытырап жатқан ұсақ, әлсіз — табын, тама, жағалбайлы, кердері, керейіт, рамадан, тілеу руларының мазасын алып қорлай берген соң, оларды бір кіндіктен тараған ағайын етіп, бәріне Жетіру деген аталы айдар тағып, басын біріктірген Тәуке хан екен. Оның ниеті сүйте-сүйте елді біріктіру болар. Абылай хан үш жүздің басын қосам деп алысып өткен жоқ па. Ай, қазақ баласы, қосылмассың-ау. Бір бай ғана жайлап отырған Ереймен тауы үшін, сендердің көбің жоқсың, патшаның заңы шықпай тұрған кез еді, исі Сүйіндік пен Керей боп қырқысқан жоқ па. Наймандар мен тобықтылар да Арқат, Шыңғыстау үшін, керей мен атығай күні кешеге Есіл бойына таласып, жүлқысып келмедіңдер ме. Кенесарыға қарсы шыққан Шыңғыс төре әулетіне Сырымбетті, керейлерге Бурабай өңірін патша ағзамы сыйға бөліп беріп еді, немді істедіңдер басқа қазақ? Бүгін тағы да бір байдың малы ұрланған екен деп, бүкіл атығай-қарауыл шабынып, жауға шабатындай, екі иықтарыңды жұлып жеп, тағы да ру дауына айналдырып отырсыңдар. Мәгәркім, дау қуып, пәле-жала іздейтіндер руын айтып ұрандап, қонысын айтып қиқулап, жерін айтып жөлігіп келмесе, көлденең қазақтың ол дауда, ол жалада не шаруасы бар? Екі адамның, көп болса екі ауылдың арасындағы қырғи қабақ боп, ұзаққа бармай, биікке өрлемей, тез арада-ақ бәтуаға келе салар еді-ау. Аспаныңа кеп түйілген мына дауларыңның артында да қатты соғар дауыл тұр. Ел арасы тағы бүлінгелі тұр. Малымыз ұрланды деп отыз шақты әумесерін мал ізіне салып жіберіп, керей азаматтары ана жақта сойқан соңын күтіп, олар жатыр. Із қарауыл, атығай жұртына тірелді деп отыз сотқар сойқанды салып, ол жүр. Енді олардың басын жарып, көзін шығарып жіберейін деп сендер қамданып жатырсыңдар. Мұның арты дауыл емей, немене? Ал бір даудың соңына жүзің, мыңың атойлап дүрлігуді қоятын шақтарың жетпеді ме?! Баяғы заман келмекке кетіп барады. Елің, жұртың қазір бір ақ патшаның ауқымына бағындың. Жұмса — жұдырығында, ашса — алақанындасыңдар. Әділдік те соның қолында. Бағынған екенсің, енді соның ісін істейтін уақыттарың жетпеді ме. Орыстар бір дауды мыңның қолына бермейді екен, дауды тексеретін, ізіне түсіп, анық-қанығына көзін жеткізетін сайланған адамдары болады екен. Сол табады, сол шешеді. Ел билеген болыстар өздерің шешіп, өздерің істі баса алмайтындарың бар, сол орыстардан неге үйренбейсіңдер? Ертеңнен қалдырмай оязға кісі жөнелтіп, мына сойқанды, ел шығынын тез хабарлаңдар. Ана сотқарлардың алдын бөгеп, сөзге кеп, еліне қайтарыңдар. Сосынғы істі ояз шешеді. Өздерің шеше алатын түрлерің көрінбейді. Ал патша адамдары барымта иесін тауып

ап жазаласа, қазаққа бір сауап болар еді. Иә, атығай-қарауылдан шыққан, қазір жасырынып бүкқан ұры болса, екі елдің арасын бөлер, іргені сөгер ондай немені сендер де жазасыз қалдырмасаңдар керек. Мені тыңдасаңдар, ел басқарған азаматтар, ақылмен іс қылыңдар. Даурықпаңдар, айтарым — осы. Іс оңға бассын!

Қарт Қылышбай сөз соңында іштей күбірлеп отырды да, тамыры білемденген қолын жая беріп, бетін сипады. Басқалары да іштей әумин десіп, бата қайырысты.

Қылышбай үйінен аттанар шақта ғана Нұртаза жұртқа қарап:

— Әй, Шоғырмақ, әй Ақбұзау, бәріңе айтарым сол — Қылышекеңнің бәтуасы — бәтуа. Ал ана керей сотқарларын тоқтатар ер-азаматтың бір болыстан емес, әр болыстан шыққаны жөн. Мен өзім отыз жігітімді ертең атқа қондырамын. Сендер отыз-отыздан жігіт сайлаңдар, — деді,

Келісім осы болды...

7

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды». Түнеугі қанжыгалылар ұстаған өлік сүйреткен ат жайы екі-үш күннен соң-ақ суылдаған желдей есіп, керейлердің құлағына тез жеткен. Айтушы кім, таратушы кім — оның түбін іздеп жатқан ешкім жоқ. Паң Нұрмағанбеттің жігіттері естісімен Жаңбыршы аулына шауып, бар хабарды Шалқар болысында жүрген қуғыншыларға жеткізген. Бұл кезде Бәтжан үйінің іргесінде байлаулы тұлданған бурыл ат, қоржыннан шыққан әншінің қан баттасқан киімінен де осы төңіректегі ел құлақтанып, жан-жақтан жұрт сабылып, елде күнде жоқ сұмдық, жұмбақ өлімнің құпиясын шеше алмай дал болған. «Бәтжанның киімі мен аты келді, өзі жоқ. Байғұс жетім жігіт қайда барып жоқ болып жүр? Біреулер тауып алып, осында әкеп кеткен-ау. Кім әкелді екен? Бәтжанның сүйегі қайда? Неге айтпай кеткен?» — Адам баласы түсінбес осындай түйткілді сұрақтардың төңірегінде неше түрлі түспалды сөздер айтылып, ақыры бастары қатқан жұрт: «Не де болса, кейін бір сыбыс естілер, әзір мұсылман рәсімін бүзбайық», — деп, Бәтжанның тұлданған бурыл атын өзінің жылына жарасын деп көрші ауылдың жылқысына қосып, орталарынан бір қара мал шалып, көп боп көтеріп, шамамен жетісін беріп жатқанда, беттерінен түгі шыққан қаһарлы қуғыншылар да сау етіп қотанға кірген.

Көрші ауылдардан Қара терекке келген Бәтжанның жанашыр достары, қазанына ас салып бермесе де, тілектес боп жүретін жамағайындары Әлимамен, бір-бірімен қушақтасып бауырымдап жылап, ботадай боздап көрісіп жатқанда төтеден қосылған керейліктер есі кеткен елдің зәресін ұшырып, одан сайын есеңгіретіп жіберді. Келе лаңды салып, азалы жұртқа қамшы үйіріп, қарсы тұрған қайсыбір ақсақал-қарасақалдарды ұрып-соғып, қолма-қол мардымды жауап ала алмаған сотқарлар Бәтжанның

жетісіне асылған қазан, ошақтарды ет-метімен аударып тастап, топалаңдай тиді. «Аллалап» бет-бетімен тым-тырақай қашқан кедей ауылдың жоқ-жітіктері, қазақ тұрмысында бұрын-соңды болып көрмеген мынадай жантүршігерлік сойқанды дүрмекке қарсы тұрар дәрмендері қайда, суықтан қорғалап, жылы пеш саңлауларына тығылатын шілделіктерше, жер кепелеріне сүңгіп-сүңгіп кеткен.

Екі аттасаң төріне жететін шағын бөлмеге сыймаған қуғыншылар қайғыдан қан жұтып есі ауған Әлиманы қораға сүйрелеп, о дүниенің әңкір-мәңкүріндей сұрақтың астына алды. Екі көзі екі жаққа атысқан қитар жігіт Бәтжанның пұшпақ бөркін Әлиманың бетіне тақап:

— Танисың ба, мынаны, танисың ба? Байыңның бөркі, — деп төнгенде, қаралы келіншек қасқырлардың ортасына түскен жаралы тоқтыдай мәңгіріп түк түсінбеді. Бір жұмадан бері есі бір кіріп, бір шығып шала-жансар күйде жатқан Әлиманың өңі де қазір адам танығысыз еді. Аза тұтқан әйелдердің ерін жоқтап, ертелі-кеш дауыс салып жылайтын әдетін жасамаса да, өз бетін өзі тырнап жосадай қылған Әлима миғұла адам сияқты. Тырнақ сойып кеткен шиедей беті ғана жыбырлап бұлкілдегені болмаса, көз жанарында тірлік жоқ. Қитар көз жігіт зекіп қорқытып, Тасемен балаша алдап сұрағанда ләм демеген Әлима қуғыншыларды әбден қажытып барып Бәтжанның бөркін бас салды. Бас салды да иіскеді, көзінен бір тамшы жас шықпай өкірген дауыспен жылады.

— Ә, таныды, таныды, — деп керей жігіттері тағы да сұрақтың астына алды:

— Мынау Бәтжанның бөркі ме?

— Ол қашан кетіп еді? Қасында кімдер бар еді?

— Кімнің малын ұрлауға кетті?

— Кетерінде бурын атты мініп кетіп пе еді, әлде торы атты мініп пе еді?

— Ол аты қайда?

— Торы ат кімдікі?

Маңындағы жат адамдарға бір сәт айнала қараған Әлима әлі де дым түсінген жоқ. Құлағында күңіренген жат үндердің де не айтып жатқанын білмеді. Әлден уақытта барып бөрікті бауырына басып, сақылдап тұрып күлді. Әбден мысы құрыған ызалы керейлер Әлиманы жұлқылап, түйгіштесе де қоймады. Ауаны қарманып, көзі алақтап күле берді. Шошалаға сүйрелеп апарып, без ашаға байлап тастағанда да, айырылып кеткен ескі сиса көйлегінің өңірінен салбыраған емшегін де салмастан күлкіден тиылмады. Төтеннен келген ауыр қазадан ауруға шалдыққан Әлима тағы да есі ауып, жынды адамның халіне түскен еді.

Бір қора еркек жабылып, лақтай әйелді сөйлете алмағанына күйінген Тасемен:

— Мына қардың әдейі жасауын көрдің бе, бетін тырнап байын жоқтауды білген қатынның есі шығушы ма еді. Әшейін қаярсуы да. Еркегі өлген қай қатын жынданыпты! — деп, беті түктене қалғанда, шомбал қара жігіт:

— Былай тұрыңдар, «аюға намаз үйреткен таяқ» деуші ме еді. Қатындар тәніне таяқ тимей жөнге түспейді, мен қазір мұның тілін шығарайын, — деп, жолындағыларын киіп-жарып, өңмендей ұмтылып кеп, Әлиманың жағасынан жуан, быртық қолымен жұмарлай ұстады да, көйлегін төмен қарай дар айырды. Алақанына бір түкіріп, тобылғы сапты қамшысының бүлдіргесін білезігіне орай, жалаңаш әйелге көтере бергенде:

— Ойбай, шығыңдар, шығыңдар!

— Аттан, аттан! — деген үрейлі үн естілді тыстан.

Ауыл сыртындағы тоғайларда тасаланған салт аттылар жан-жақтан айғай-сүрең сап, күзгі даланы бастарына көтере дүңкілдете шауып шыға келді де, Бәтжан үйіне қарай лап қойды. Алдарына сойыл өңгерген, шоқпар көтерген жүз қаралы топ әп-сәтте үйді қоршап алып, аттарына аяқ артып үлгермеген қамсыз жігіттерді келе соққының астына алды. Қым-қуыт. Өкеден, атадан жіберген балағат сөздердің арасында өкірген-бақырған дауыстар, сарт-сұрт сынған сойылдар. Кімді кім ұрып, кімді кім домалатып түсіріп жатқаны белгісіз. Сырттан келген қарауыл жігіттерінің біразы аттарын бос қоя беріп, қораға да қойып кетіпті. Қара көлеңке қораның астында да қып-қызыл төбелес. Қан майдан салған жігіттердің үні енді адам үнідей емес, арсылдап, ырылдап таласқан иттердің, гүжілдеп, ішін тарта өкіріп сүзіскен бұқалардың үнідей тұтасып кетті. Бір уақытта айнала соғып, итерген, сүйкенген топтың тегеурініне шыдай алмай, қораның тап ортасындағы тіреуіштің қайың мәткеге кигізген ашамайы тайып кеткенде ескі жаппаның төбесі майыса беріп, ортасына жалп етті.

Бұл кезде керей жігіттерін еңсеріп, біреуіне үшеуі жабылған атығай-қарауылдықтар шетінен тізіп тысқа алып шығып жатты. Тайдай тулап қарсыласқандарын етпеттерінен салып қойып, тіземен басып отырып, қолдарын қайырып, нұқта, жүгенмен, қамшының өрімімен байлай бастады. Енді бір тобы қора сыртында бой бермей, шегіне ұрсып жүрген керейдің қарулы балуандарына ұмтылып, жан-жағынан қаумалай берді...

Бәтжан үйінің маңындағы әбігер басылып, қан майдан біткен шақта тоғай бауырынан бес-алты атты көрінген. Бұлар жігіттерін жұмсап, өздері бұғып қалған Нұртаза, Шоғырмақ, Ақбұзау, Балапай, Сапалар еді.

Қақ жарылып жол берген аттылардың арасымен үйдің тап алдына шоқыта жеткен шонжарлар тізгін тартып, үзеңгілеріне аяқ шірей шалқайып, тұра-тұра қалысты. Мына сойқанды білмеген адамдардай, әрі таңырқап, әрі кінәлағандай үнсіз түксііп тұр. Бұлар екпіндеп жеткенде қызуы басылмаған жігіттер айғай-дабырдан зорға тыйылып, бәрі жуандардың ауыздарына қарасты. Соққыға жығылған, таяқ жеген керей жігіттері жерге қарап тістенеді, байлаулы жатқандар да басын көтермей қайсарлана түседі. Тұмысында мұндай қорлықты көрмеген, ешкімнен беті қайтып, тауы шағылмаған қайсыбір әлді жігіттердің көзіне жас келіп, намыстан өлердей булығып барады.

— Тұрғызыңдар орындарынан жүгенсіз кеткен иттің күшіктерін, — деп Нұртаза қарауыл жігіттеріне жарлық етті. Дала желкем болса да

аттылардың ығында тұрғанда болыс даусы саңқылдап, әмірлі естіледі. Бір жақсылықтың болғанын сезіп, қаралы ауыл адамдары күншуаққа шыққан арық-тұрақтардай жасқаншақ басып, бұларға таяу жинала бастаған. Болыс оларды қумады. Қайта, тыңдасын, естісін сөзімді деген сыңай бар жүзінде.

Болыс әмірін естісімен, атығай-қарауыл жігіттері ордаңдап, қорбаңдап кеп байлаулы жатқандарды ашулы аюларша жұлмалап тұрғыза бастады. Маңдайы жарылған, мұрны бұзылған жігіттерде өң жоқ. Ат үстінен төнген ел жуандарына тура қарамай, қабақтары түсіп, кек тұтып тұр. Иығы шыққан, қолы сынған бір-екеуі тызалақтап, маңына жан жуытпай айғайлап, балағаттап жатыр.

— Жібі түзу кім бар ішінде, кім бастап келген сендерді?! — деп Нұртаза өңкей сайтанның сапалағындай боп көрінген мына ұсқынсыз сотқарларды місе тұтпай, бұлармен сөйлесу өзінің дардай атағына, болыс атына кір келтіретіндей менсінбей қарады.

— Әй, Нұртаза, танымай тұрсың ба, көзіңді май басып кеткен екен, — деп Тасемен басын көтергенде, болыс таныса да, танымаған сыңаймен:

— Сен кім едің соншама мен танитындай? Жігіттер, бері қарай шығарыңдаршы, анықтап көрейін жүзін, — деп кекесінмен күлді. — Тілінің ащысын қарашы, жұлып алар ма еді түп орнымен.

Екі жігіт екі иығынан бүрістіре ұстап, көптің арасынан дедектетіп Тасеменді алып шықты.

— Оу, мынау Тасемен ғой.

— Саған не болған осынша желігіп? — деп Шоғырмақ пен Балапай қосарлана түскенде.

— Өлетін бала молаға қашады, — деп Нұртаза даланы басына көтере гүжілдеді. — Ес болса, бір шайнам ақыл болса басында, жай жатқан елге кеп соқтығар ма. Елде ала алмай жүрген не өшің бар еді? Қойға тиген бөрідей, тыныш елдің үстіне сойыл ойнатып, сен кім едің?! Қара судың да сұрауы бар, сенің жазықсыз қиянатыңды көтеріп, еркіңе жіберіп, сендей қаныпезерлерді талтаңдатып қоятын, бұл елде азамат жоқ, намыс жоқ деп ойладың ба? Жо-жоқ, атығай-қарауыл елі басқаға нақақтан ұрынбайды, басқалар ұрынған екен, оның сыбағасын бермей тағы да тұра алмайды. Елді жылатып қойып, сендердің ойрандарыңды көтеріп, біз де отыра алмаймыз, жайбарақат жата алмаймыз...

— Бәсе, бәсе!

— Ой, тілеуіңді берсін!

— Айналайын Нұртазам-ай! — Ауыл адамдарының айызы қанып, бір көтеріліп қалды.

— Әй, Тасемен! — деді тағы да Нұртаза... — Ел көрген ес білетін жігіт деуші еді сені. Қара басқан екен сені деді... Мәті — Дәулен ұрпағының есті азаматы сен болсаң, сендерді де ант ұрған екен. Қаралы үйге, балашағасы зар жылап, қан жұтып отырған үйге бұл не қиғылықтарың салған! Шаңырағын ортасына түсіретіндей, бұл үй қай аталарыңның басына құй қазыпты. Жігіттер, мына қораның төбесін бәрің жабылып көтеріп беріп

кетiңдер. Жетiм қалған жесiрге әлiмжеттiк еткен сендей дiннен безген иттердi қазiр тiзiп қойып, көк шыбықпен дүре салдырсам, кiм қолымды қағар екен? Бәрiңдi көгендеп, Көшетаудың көк түрмесiне айдасам, кiм мұнымды терiс дер екен?

— Сүйтiңiз, Нүреке!

— Бұларға сол керек!

— Тартсын сазайларын!

— Тартсын!

— Тартсын! — деп жұрт ду ете қалып едi, болыс қамшысын көтерiп, басып тастады.

— Жоқ, бiр жолға үйтпеймiн. Сотқарлық, сойқандықтарың үшiн бiраз таяқ жеген екенсiңдер. Осы сыйларыңмен қайтыңдар елге. Егер аяқта-рыңды қия басып, бұл төңiрекке ендi бiрiң келер болсаң, өздерiңнен көр. Көздерiңе көк шыбын үймелетем. Ақ патшаның атымен мөр басып, итжеккенге айдатам. Мiне, алдарыңда тұрған мына болыстар да осыны iстейдi. Жiгiттер, аттарың әкеп берiңдер!

— Әй, Нұртаза, — дедi Тасемен атын бұра берген болысқа шаңқ етiп. — Сенi тыңдадық, ендi бiздi де тыңдамайсың ба?! Әуелi қолымды шешкiз, әй, Нұртаза!

— Жоқ, тыңдамаймын. Сен мұнда қайбiр түзу жол, мұсылман жолымен кеп тұрсың?

— Малың таланып, азаматың өлiп, елiң қара жамылып жатса, не қылған түзу жол, не қылған мұсылманшылық? Бiз ата салған қасқа жолмен келгемiз жоқ, барымташы қалдырған арам жол, ұры iзбен келдiк. Ол iз сенiң ауылыңа, сенiң малыңа тiрелдi. Далада өлген мына Бәтжанның аты да сенiң жылқыңа қосылды. Бiрақ торы ат бурыл атқа айналып, торы ала жылқы Қызылжар, Түменде саудаға түсiп, сiңiп кеттi. Бiз соның ақиқатына көзiмiздi жеткiзбекпiз. Ашылады ұры арты, ашылады!

Нұртаза қарқылдап күлдi де, қамшысын бiр-ақ сiлтедi.

— Ашыңдар, ашыңдар. Нағыз ұрыны тапқан екенсiңдер. Ана Сағынайдың асына жөнелткен малдарыңды да тiрiлтiп алыңдар. Ит не жесе, соны қусады...

Болыстар мына жалшы-малайлармен бұдан әрi тәжiкелесiп тұруды өздерiне олқы көрiп, ар санап, аттарының басын кейiн бұрды. Бұл кезде қатты төбелесте жан сауғалап үйге қашып, жүк аяқтың астына сүңгiп кеткен түнеугi қанжығалы жiгiттерi де жасқана басып тысқа шыққан. Бұларды елде тығылып жатқан жерiнен керейлiктер Бәтжан үйiне желкелеп әкелген. Өздерi бiлетiн белгiсiз мәйтiттiң киiмiн жазбай таныды. Болыстар олардың сөзiн де тыңдамай кетiп барады. Шошалада бас сауғалаған бүйрек бет бала мен сепкiл бет сары жiгiт те өз адамдарына қосылды. Қызылжар жақ бетте жансыз жүрiп, Су Құсайынның бiр үйде шерткен әңгiмесiн ести сала осылай қарай ұшып, өз жiгiттерiне суық хабарды жеткiзген де осы сепкiл бет едi. Болыстар оларға да құлақ асып тағаттаған жоқ.

Шекелері қызып, алқыны әлі басылмаған жүз қаралы атығай-қарауыл жігіттері ел жуандары кетісімен керей жігіттерін ортаға алып, тағы да ашулы балағат сөздермен түп-түқиянын қалдырмай боқтап, арқаларына біраз қамшы жаудырып, төмпештеп, дүрелеп ап қолдарын шешті. Басы жарылып, аяқ-қолы сынған жарымжан-жаралыларын аттарына көлденең сап, төтеннен келген қара албастылардай елден аластап, керей жұртына қарай қуып тастады.

8

Ақан сері Құлагерінің қайғысымен егіліп, ел арасында ұзақ жүріп қалды. Ақын басына түскен қасірет салмағына белдері қайысып, қайғы жұтқан әнші-күйшілер оның қасынан бір елі қалмай, көңілін жұбатып, тобын жазбады. Бұлар — Сағынай асының соңына қарамай, ас иесінің лұқсатын да алмай, ызамен, күйінішпен кеткен Қарқаралының Айтпайы, Керекудің Байтұлымы, Баянның Жарылғапбердісі, Атбасардың Қапашы, Алтай-Саратты Құлтума, семейлік бала Шашубай; Құлагердің өлімі сөз болып, бірақ оны өлтіруші адамды ешкім іздемей аяқсыз қалдырған шонжарлардың ісіне кейіген қарт ақын Орынбай да асты тастап, бұлардың соңынан жеткен.

Бұлар Сарыарқаны көктей өтіп, асықпай қоналқылана отырып, алыста қалың қыпшақ жайлаған Торғай даласын, Тобыл бойын аралады. Жол бойы әншілер тобы көбейіп, ақын көңілін жұбатпаққа қосылған ел сауықшылары ат басын тіреп түсе қалған жерде ойын-күлкі жасап, жалпақ елдің шөлін әнмен қандырып келеді. Бұрын атын естісе де, өзін көрмеген атақты әншілерді көзбен көрген қара қауым кәрісінен жасына дейін жапырыла күтіп, кей ауылдар қиыла сұрап, шылбырға оралып, ақындарды екі-үш күн жібермей ұстайды.

Көп ән, көп жырдың ішінде дұғадай жаттап, құран сүресіндей қадірлегені — «Құлагер» әні. Ақан сері жабығып, көзіне жас алып қамықса да, ел боп қолқа салған соң әншілер Құлагерді бірінен соң бірі айтып, жұрт сұрауын орындайды. Кей жерлерде ашық, қулашты дауыспен Айтпай ақын:

«Жел соқса, қамыс басы майда деймін,
Ат қостым, ат айдаушы айда деймін.
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды-ау,
Жығылмаса Құлагер қайда деймін», —

деп шырқата, шымырлата салғанда, әншілер тобы соңғы қайырмасына:

«Беу, бөрібай-ай,
Беу, керім ай-ай!» —

деп тебірене қосылғанда, бар ауыл, бар қазақ қауымы ақын қайғысына егіліп, ақын қанатын қайырған ел ессіздігіне қарғыс айтқандай тебіреніп, күз даласының ызыңдай соққан желі де ішін тарта уһілеп, зарлағандай,

ақын көңілін көтерген үшқырын, жүйрігін жоқтағандай болады. Естіген жұрт көзіне жас алып, әнші-күйшілермен бірге зарлап, бірге қосылады.

Күні-түні мал соңында салпақтаған қалың елдің көкірегінде Айтпайдың «Ардақ», «Қанапия», Қапаштың «Шалқақ кер», «Қапіре», «Қарағым», Құлтуманың «Үш көтерме», Біржан, Орынбай, Шал, Шөже, Нүркей, Тоғжан, Жанақтардың үшқыр сөз, көркем, сұлу әндерімен бірге жаңа — «Құлагер» әні ұялап, жас бала Шашубайға дейін бойындағы барын төккен қазақ өнерпаздарының күдіретті күшіне ел арасы толқындай шайқалады. Өз достарымен, ұстаз тұтқан шәкірттерімен өткізген аз күн Ақанның да жабырқаған көңілін көтеріп, көз алдында айуандықпен өлген жүйрігі де әнге, жырға бөленгендей болды. Қазақ елі Сағынай асын «Құлагер» әнімен біліп, Құлагер өлімімен есте қалдырарлық белгілі еткен еді. «Құлагерге» ақын талабының үшқыр қанатына, шабытына қазылған көр, осылайша халық тарихының үлкен бір бетіне әнмен жазылған еді.

Ақан сері жүйрігінің өлімінен соң қан жұтып, жатып алуды лайық көрмей, бар өнерлі топпен ел аралап, қазақ қауымындағы қараңғылық көлеңкесін, қаралы күндерін, ел басына төнер қиянат пен зорлық атаулыны достарымен бірге әнмен зарлап, күймен төгіп, алды-артына қарар жұрт көзін, көңіл көзін тағы да аша түскен еді.

Күзгі боқырауда ғана еліне, жұртына оралған Ақан қасындағы әнші-күйшілер тобына көңілдегі бар ықыласты алғысын айтып, қоштасып, қушақтаса айырылысып, Мөңке баламен Қараталға келді.

Сұрықсыз далада алақұйын ойнап, дауыл тербеген Қараталдың жапырақсыз терегі мен қайыңы сидам бұтақтарымен бірін-бірі сабалап шулап тұр. Жел кернеген ауыл көркінің де өңі қашқан — сылауы түскен қара қошқыл ағаш үйлер қара жауыннан белі қайысқандай әр тұста мықшыып қалыпты. Жаз күнгідей Сарысу көлінің маңында мамырлап жатқан қаз-үйрек те, жарыса ойнаған құлын-тай да жоқ. Милығына шейін малақайларын бастыра киіп, шекпен, күпісінің белін қынай байлаған малшылар, шаруа соңында митыңдаған аз үйлі көршілер ғана Ақан серіні көргенде әр жерде состиып, Құлагер өліміне қалай көңіл айтудың қыбын таба алмай, имене басып қарсы алды.

Ақанның көзі алдымен Құлагерге жеке арнап салдырған Ақбалтыр атанған қайың қораға түсті. Қандырап бос тұр. Тербеле басып, салтанатпен ішіне кірер Құлагері жоқ. Қоскөлге барар жол жиегінен Құлагерге арнап қаздырған шегенді құдыққа қарады. Қасында ұзын жіпке байланған көнек қауға домалап бос жатыр.

Қаратал бауырындағы аз ауыл көңілсіз, қабағы салыңқы. Улаған-шулаған басқа қоныстас ауылдарда да маза жоқ. Қаулаған өсек, гу-гу әңгіме. Құлагер өліміне жаны ашып күйзелген жұрт енді керей малын-шапқан барымтаны айтып, соңынан келген қуғыншылардың лаңын төндіре түсіп, Бәтжанның өлімін, оның қаралы ауылындағы сұмдықты неше саққа жүгіртіп, лепірте соғып, боратып жатқан. Бірақ бұл әңгіме әлі Қараталға жеткен жоқ еді. Бәтжан өлімінен Ақан әлі бейхабар.

Керейдің малы шабылыпты дегенде, ел іші алдымен Ақанды сөз қылып еді: «Маңында топталған көп жігіттері бар дейді, ашулы, кекті жігіттер Құлагердің өшін алып, жауыздардың жылқысын талап кеткен екен, сол керек. Ақан да кегін жіберсін бе, намысқа булыққан ерің салған екен шеңгелін байдың малына. Енді тауып көрсін» деп серінің ерлігін мақтан етіп көтере сөйлеп еді, кейін керейліктер елді қасқырша талағанда, басқаша сарнаушылар да шықты: «Бұл Ақанның жүрген жері лаң, тиген жері — қан, өз қара басымен кетсе бір сәрі, зауалы елге, не жерге тимей қоймайды. Тағы да екі елдің арасын ашып, жауықтырып қойды-ау. Тағы да іргелес отырып, бір-бірімізге қарар бет қалмады».

Боқыраудың салқынына қарай ескі сырқаты қайталап, буын-буыны сырқырап, тұла бойындағы сал ауруы жүрекке шауып, алқынған Қорамса төсек тартып жатқалы бір айдай болыпты. Тамағының лепсісі бар Жаңыл да сыбырлай сөйлеп, Ақанның қайғысынан мүлдем жүдеген. Сабырлы, ақылды ана баласын көргенде ұзақ құшақтап, үнсіз жылап көзінің жасын төгіп-төгіп алған еді. Қайтып жыламады. Ақанның ойсыраған көңілін одан сайын ортайтпайын деді ме, кіріп-шығып жатқан ауыл адамдарын ақ жарқын жүзбен, күле жүріп қарсы алады. Алыс жолдан мертігіп, жігері құм, жүрегі дым, жарымжан боп қажып жеткен ұлының кейісті өңін көргенде сырт айналып сездірмей, іштей күрсінгені болмаса, үнсіз түксиіп, сырқаттанған Қорамсаның да көңілін аулап, бәйек боп жүрген қайран ана гой. Дүниеде болып жатқан тіршілік күйбеңінен, тұрмыс тауқыметі, дау, зауал дегеннен бейхабар, Құлагер өлімін де сезбеген мақау Ыбан ғана сүйікті бауыры Ақан келгелі мәз. Туған әкем дей ме, әлде бауырына салған Жаңыл мен Қорамсаның ыммен түсіндіруінше, үлкен ағам дей ме, қайтсе де іші жылы тартып, ол келгелі бетіне қан жүгіріп, отыра қалса алдынан түспейді. Оңша балажан болмаса да, Ақан мейірімсіз Алланың қаһары тиген бейбақ ұлының бетінен қақпайды.

Осы жолы Ақан шын құлазыды. Маңайдағы ауылдардан бірлі-жарым туыстар — Малтабар, Құлтабар әулетінен жанашыр жандар келіп, Құлагер өліміне көңіл айтып кеткені болмаса, мойны қашық жерлердегі атығай-қарауылдан ешкім әлі ат ізін салған жоқ. Көңілі қамыққан Ақанды қажытпайын дегендері ме, ең жақын достары — Шәкей, Сұлтанмұрат, Қойкүзет, Ожымбайлар да, ақынды пір тұтып, жаңа ғана әнге баулына бастаған жастардан да ешкім әзір жоқ. Кешегі Сағынай асы, Құлагердің Құсақ көліндегі өлімі, маңына топталған әнші-күйшілердің жұбату сауығы — бәрі оң мен түстей. Қаратал бауыры өлік шыққандай қайғылы. Көрші ауылдар жағы тым-тырыс. Көп күн жолдас болған Мөңкені еліне аттандырып, Ақан да біраз күн тынығып алмаққа Басараласын алып, жылқы басына кетпек боп жатқанда, Бәтжанның қайғылы қазасын естіді. Тұла бойын мұз қарығандай тітіркеніп, айдалада, ат бауырында өлген әнші досының бөтен елде қалған бейіті, азалы үйдің шаңырағына шоқпар ойнатқан керей жігіттерінің жүгенсіз ойранын естігенде сері бұрынғыдан бетер мәңгіріп қалды.

Тап осы тұста күзгі қарала, торала бұлттардай етек-жеңін жел кеулеп, қабақтарынан қан жауған молла, қожалар, жан алатын әзірейілдерше, есік алдында аттарынан түсіп жатты.

Бұл келгендер — Жәнапия, Ғабдолла имамдар мен Мұхаммедрахым, Шәмбіл, Шәміл қожалар, Мұқанәлі, Ғабдрахман моллалар. Беліндегі кіселерін ағытып, бастарындағы қоқырайған зүннара, қауқиған құлақшындарын теріс айналдыра қағып, Қорамса жатқан үйдің төріне жас шамаларымен қатар түзей отырған соң, Ақан бұлардың мына келісін ұнатпаса да, қазақ рәсімімен кіріп, сәлемдесті де, Бәтжанның орнына барып қайтатынын айтып, лұқсатпен шыға берген.

— Ақан шырақ, — деді аппақ сақалын ұрғашы тістері сынық тарақпен тарап отырған Жәнапия, — үйіңе әдейі келгенде қайда барасың?! Бәтжанның өлімі демесең, сүйегін қолымен көмген ешкім жоқ, барарсың, сен барғанмен о дүниеге сапар шеккен марқұм бұ фәниге енді қайтып оралмайды. Біз әдейі келдік, отыр, ертең де күн бар.

— Одан да Құлагердің жаназасын шығарайық, — деп Мұқанәлі де қыстырыла кетті.

Бұлардың тағы да соқтыққалы отырған сыңайларын сезген Ақан:

— Сіздер маған көңіл айтуға келдіңіздер ме, аурудың халін білуге келдіңіздер ме? — деп, тізесін бүкпей сауал берді.

— Екеуі де.

— Онда, әне, әкей қастарыңызда. Ал маған көңіл айтсаңыздар, оларыңызға Алла риза болсын. Енді мен жүрейін.

— Ақан шырақ, тұра тұр. Біз ел атынан келіп отырмыз. Айтар сөз бар, — деп, Ғабдолла да күректтей сақалын салалап, қалың қара күрең қасы жапқан өткір көзін қадады. — Ел бүлініп жатыр тағы да. Естіген боларсың. Онша да мұнша бір қыңқ етіп ауырсынар, ел қаһарынан ығар күнің бар ма екен?!

— Әй, Ақан, — деп сөзді Мұқанәлі іліп әкетті. — Елде бұзылмаған ештеме қалмады. Қаймағы бұзылмаған — жалғыз дін, мұсылманшылық ақ жол еді. Ол да бұзылып барады. Дін десе, дін иелерін көрсең, тітіркене түсетін не жының бар. Кешелер ел үстінен өткен сойқанды көзіммен көріп келдім. Керей мен қарауыл арасы тағы да бүлінді, тұнығы шайқалды. Сағынай асына барма дедік, бардың. Жазанды тарттың. Енді Құлагерің өлген екен, елді неге дүрліктіресің? Бір ердің құнына тұрмайтын ат үшін талай ердің қанын жүктеп кеп отырсың.

— Тоқтат әрмен тантимай! Не айтып келесің, дорба ауыз, — деп Ақан қалшылдап кетті. — Тағы да тістеріңнің қанын жаға келген екенсіңдер. Не айтып отырғандарың...

— Ақан шырағым, сап-сап! Біз елге тісіміздің қанын неге жағайық. Ел сөзін естіп, мына тақалған дауды басайық, ел керден кетсе де, діннен безбесін, мұсылман баласы бір-бірімен қырғи қабақ болмасын деп ара ағайын боп келдік, — деп еді Ғабдрахман.

— Көп мәймөңке не керек, — деп Мұқанәлі тағы қосылды. — Ертең керек жігіттері кеп өзінді көріп әкеткенде неге ара түспедіңдер деп өкпелеме.

Алдын ала айтайық, ескертейік деп келдік. Керей жұртының қыруар малын қайда айдатып тастадың? Қайда тығып тұрмақсың?! Бәрібір бүгін бе, ертең бе, табылады. Оған дейін жұрт қырғынға ұшырап барады. Бәтжанды қоя тұрып, сол малдарын қайта үйіріне қосқыз. Барымта жолында өлген күнәһарлардың қазасы сенің мойныңда, оған о дүниеге барғанда жауап берерсің, ал мына тірілерді бұлай қырқыстырма. Бүлдіріп болдың ғой елді...

— Әй, шалдар! Алжыған шалдар! — деп Ақан бозарып тұрып, ашумен ақырды. — Барымта малына сендердің қималарың қышымасын. Елге, күнге жайып болған екенсіңдер. Тағы да жайыңдар! Ендігі күткендерің менің ажалым екен. Барыңдар, айтыңдар, мал иелері алар кегі болса, менен алсын. Жұртта қанша шаруасы бар? Ұрлаған — мен! Айтыңдар, олардан келер кер болса күтіп алдым.

— Алла, Алла! Субухан Алла! — деп Ғабидолла бетін басты. — Аллаһ, Ақан түсің қалай өзгеріп кетті. Мына түріммен сен қан ішерсің. Қойнындағы жарыңды, соңыңнан ерген ініңді, досыңдай болған Құлагеріңді жұтып ең, енді мына әкеңнен аулақ! Әу баста-ақ ырымың жаман еді, жын ұялаған Ақан, Алла, Алла, әкеңнен, шешеңнен аулақ!

Ақан шығып жүре берді. Ағаш төсекте шалқалай жатқан Қорамса басын көтерген, жастыққа қайта жығылды. Шәміл қожа орнынан тұрып сүйей беріп еді, ауру қарт сіңірлі қолымен қағып қалып, қайта көтерілді. Ауыз жақта жүрген Жаңыл жүгіріп кеп, демеді де, қос жастықты арқасына салып, көзі қанталаған шалының өңіне үреймен қарайды. Қос қолымен төсекті тіреген Қорамсаның жұтқыншағы әрлі-берлі жүгіріп, алқынып отырды да, молда-қожаларға қарады:

— Ә-әй, діннен безгендер, — деді даусы қарлыға. Қонақтардың көздері шарасынан шығып, Қорамса үстерінен бүре түсетіндей, отырған орындарында көткеншектен шегіншектен берді. — Сендер мен қашан өледі деп емініп келдіңдер ғой. Оған дейін маза беріңдер. Қысылған кеудемді одан сайын қыспаңдар. Барыңдар ана жаққа. Сендерді көрмей өлейін. Жаңыл, қазаныңа ас салып па ең, мыналар атаукерелерін жесін де, кетсін. Жанымды алар Құдай бұларсыз-ақ алады. Енді көрмегенім осылар болсын. Барыңдар, кетіңдер көз алдымнан, өңкей жан алғыштар!..

Маңдайынан тер саулап алқынған Қорамсаның тұла бойы қалшылдап, шалқалай берді.

9

Күзгі күн таңдай-таңдай бұлттың бауырын қанға бояп ашыққа батты да, лезде қас қарайып, аспан асты дөңбекши жөнелді. Ызғырық жел айдаған қара қошқыл бұлттар жөнкіліп көшіп жатыр. Жаз бойы терістіктегі көз көрмеген мұзды мұхитта жиналған бұлттар қат-қабат, иін тіресіп, жылы жақтың аспанына қарай бүктетіле аунаған әбжылан, айдаһарлардай, қаһарлана жылжып, бірін-бірі баса-көктеп қуып барады. Анда-санда сөгілген тұстан ақтандақ ызғарлы қар бұлттары да көрініп қалады.

Көл-көсір биік аранға үйілген бір мая шөптің ығында тұрған Нұртаза болыстың қалың қабағы да күзгі бұлттай түнеріп алыпты. Іші алай-түлей. Жыландының төбе-төбелерінде жаздың шуақты күндері құж-құж қайнап жататын шұбар жыландар бүкіл ордасымен ішіне кіріп алып, ойнақ салып, шек-қарнын аралап жүргендей, тынысы тарылып, зығыры қайнаған болыс, күзен ішіктің түймелерін жұла-мұла ағытып, қос өңірін ашып жібергенде ішкі бауы бырт етіп үзіліп кетті. Сусар бөріктің астынан тер шығарып, тұла бойын қыз-қыз қайнатып пысынатқан — тобығына түскен күзен ішіктің жылуы емес, іште құжынап аласұрған ой-жыландарының ыстық аптабы еді.

Нұртаза әлгі әзірде тоқалының үйінен шығып, ат үстінде мең-зең боп, екі шақырымдай жердегі қойлы ауылға келген. Бір жұмадан бері Сүлейменнен алған төрт көк арба, үш радуанмен шөп тасыған жалшылары бүгін жұмыстарын бітіріп, сірне жейтін күндері. Болыс оларға жабағы сойғызған. Қазір соңғы арбаның бастырығын шешіп, жел жақтан зәулім маяның үстіне жоңышқа шөпті әуілдей көтеріп, айырлап лақтырып жатқандардың үні көңілді естіледі.

— Ау, бұрыш-бұрышын шығара үйіңдер.

— Желге ұшырма, қағып алсаңшы.

— Шіркін-ай, мұрын жаратын мәйек қой, жарықтық.

— Ана жақта жабағының жас еті де бықылдап пісіп жатыр-ау. Болысекеңнің қолы кең-ау! — десіп, Нұртаның келгенін көргендер астына көпшік тастап, естірте дабырласады.

Шынында, биыл жаздың басында күн дамылсыз күркіреп, нөсерлі жауын көз аштырмай, ойдым-ойдым шоқ ағаштардың бауыры балауса мәйекке бөгіп, тұнып қалған. Күзге дейін басылған құпаналар мен биік шошақтарды қайта қопарып артқанда қымыздық, жидек жапырақтарының иісіне дейін жас қалпында бүрқ ете қалған. Қазір ығында тұрған адамды мас қылғандай көкпеңбек мәйек мұрын қытықтайды.

Бір-біріне тіркестіре доғарған көк арбалардың қасында қараңдап мықшындап жүргендер албар маңына шашылған шөптерді тырнауышпен жиыстырып, маяны бастыратын ұзын сырықтарды дайындап, шаруаны тындыра бастағанда жалғыз атты да жетті. Бұл — Сүлеймен. Ағайынды екеуі бүгін жұрт көзінен аулақ, қойлы ауылда жеке ақылдаспақ.

— Амансыңдар ма? Іске сәт! — деп шылбырынан ұстай берген жалшыға атын жетектеткен Сүлеймен түн ішінде аспанмен таласқан таудай көрінген маяға қарап қайырлы болсын айтты. — Апырым-ау, биылғы шөптерің тіпті ұшан-теңіз ғой. Неше күн орақ салып едіңдер?!

— Бір-ақ айда шауып алдық. Құдай бұйыртса, тіл-көзден сақтасын, екі жылға жететін шөп, — деп, жалшы да маяға шаққая қарады. — Ай, бірақ бір жылдан асыра қоймас, Нүрекеңнің малы да, жарықтық, шетінен жемқор ғой!..

Өз-өзінен шытынап тұрған Нұртаза жалшыға зекіп тастады:

— Әй, саған деген сөз жоқ. Қыстырылмай тұр құйысқанға... Бар, одан да, андағы атты байла, аналар жұмысын бітірісімен тамақтарыңды ішіндер

де, тез тараңдар. Ертең ертемен мына Сүлейменнің арбаларын жеткізіп беріңдер... Әй, түсіндің бе?!

— Түсіндік, Нүреке.

— Түсінсең, сол. Ал, Сүлеймен, жүр үйге кірейік.

Қарағайдан қиып салған ескі үйге қой қора, ат қора жапсарласа тірескен. Оған жалғас шөп үйетін кең аран. Ұзындығы ат шаптырым дерлік. Бәріне іштен қатынайды. Бұл — болыстың қойлы ауылы. Мұнда бәйбішесі мен ортаншы әйелі тұрады. Атан еркін өтерлік биік жалпақ қақпадан кіре бере Нұртаза ішке айқай салды:

— Әй, қайсың барсың. Шам әкеліңдер, шам!

Оң жақ бүйірде есігінен от жылтыраған шошаладан бір келіншек жыпылық шам алып шықты, қанша абыржып, асыққанмен, сәл бөгеліп қалды. Қорада жел болмаса да, алақанымен көлегейлеген келіншек қағыла беріп:

— Қай үйге? — деп еді.

— Шеткі қонақ үйге. Не болды бәріңе, осыншама омалып! — деп Нұртаза оған зекіп тастады.

Бұлар қоянның жымындай ыңғыл-жыңғыл құжынаған көп ашалы тақыр қораның ішінен көмескі шам жарығының астында қолдарын алдарына созып, соқыр теке ойнағандай еппен басып, бір түкпірдегі малайлар тұратын екі бөлмелі шағын үйге жетті. Іште май шам бар екен. Қабырғалары күйе-күйе, еденін майлаған ауыз үйден төр бөлмеге өте беріп, Нұртаза:

— Жәрәйді, бара бер. Ана адамдарды тамақтандырып, тез жөнелтіңдер. Біз кейін ішерміз. Өзімізден хабар болмай бұл үйге ешкім кірмесін, — деп шешіне бастады. — Ә, айтқандай, жарығырақ шам әкеліңдер. Сырттан бейсауыт қонақ келсе, үйге түсірмес бұрын маған хабар беріңдер...

Жыпылық шамды алақанымен көлегейлеген күң артымен шегініп, шығып кетісімен, бешпентінің қалтасынан алған қағазды Нұртаза Сүлейменге ұстата берді.

Бұл — кеше Коноваловтан келген депеша еді: «Кемелұлы Нұртаза болыс Көкшетауға тез жететін болсын».

Бұрын амандық сұрап, саулық тілейтін, бұларға иі жұмсақ Коноваловтың мына қағазы тым суық. Бұрын жүз көрісіп, ауыс-түйіспеген жат адамдай қысқа қайырған ояздың шақыруы — қазына тарапынан ғана болатын аяздай қарыған жарлық.

Ояздың иыр-шиыр қолы қойылған қағазды қайта-қайта ежелеп, ежіктеп оқыған Сүлеймен қабағын түйіп:

— Мына Қанабалыңның беті жаман екен, аналарға қарай қисаймаса игі еді, сөзі тым қырын, — деп таңдайын қақты.

— Көмейіне қанша тықсаң да, жұта беретін жалмауыз емес пе. Керейлер аузын алып қойған ғой найсаптың, — деп Нұртаза көзі алақтап, тісін қайрады.

— Оларға бергенде жақсысың да, сәл қылдан таяр болсаң ештеме көрмегендей, мысықша көзін жұмып, шыға келмей ме. Ана песіріңнің сөзінің жаны бар. Қанабалға да не зорлық, мүмкін, оған да жоғарыдан бір тықыр таянған шығар.

— Тықыр-мықыр! Не қылған тықыр. Осы сен де күн жаумай су бола-сың да отырасың, — деп ашуға булыққан Нұртаза Сүлейменнің бетінен алып тастады.

— Оу, Нұртаза, сен өзің, «бөрі ашуын тырнадан алады» деп, мені жазғырғаның не. Керейлер шақырусыз қалдырды деп күшігін алдырған қасқырдай болған өзің емесісің. «Кек алам, мойындарын астына келтіре бір бүктеймін, барымта, барымта» деп шыға келдің. Бұрынғы қазағымның кең көсілетін заманы бар дедің бе. Барымта түгілі, сыдырымтаң да жүре бермейді. Қазір жұрттың көзін бақырайтып қойып, екі жеп биге шығатын сауданың заманы туды.

— Сауда-мауда! Сауданы саған бердім. Маған тізе керек.

— Қашанғы тізеге сала бересің?

— Енді сен де осылай шығайын дедің бе. Қарақұртша қаптаған мал көрсең, сылдыраған ақша елестеп, аға-бабаң көрден тіріліп келгендей боласың...

— Қой, Нұртаза, атаға тіл тигізіп қайтесің. Оның не жазығы бар? Одан да соның аруағы жебесін де.

— Сені-ақ жебесін! Ертең олай-бұлай боп кетсе, жерошаққа итере салатының мен екенмін ғой. Мал көздің құрты деуші еді, сенің ішіңе де құрт түсе бастаған екен. Бар онда, көрмегенім сен боларсың. Жалғыз өзім-ақ көтеріп алдым мойныммен. Сен-ақ жауыннан құрғақ шық. Бар, бар! — деп Нұртаза орнынан тұрып кетті.

Сүлеймен тарпаң мінез інісінің мына қылығына ашуланарын да, күлерін де білмей, зығыры қайнап, зірк етті:

— Әй, Нұртаза, отыршы өзің бала құсамай. Не боп кеткенсің түге. Мұндай баяпар емес ең. Онда да ақылдасайықшы. Уақыт болса қыл кеңірдекке келді.

— Не ақыл керек. Ақылшы болсаң бұрын қайда қалдың?

— Ойпырым-ау, енді, қай арада ақылыңа жарамадым? — деп Сүлеймен ызалы күлді. — Қыруар малдың орнын бір күнде таптым. Одан артық не қыл дейсің. Егер өрісінде өріп жүрсе, ана Нұрмағанбеттер, көшеден өткен күйындай лаңды қотаныңа кеп салар еді, күш көрсетсең, губернаторға дейін барып өш алмай қоймас еді. Қазір дәл басып, табан тірер тиянағы болмаған соң ғана мыстары құрып отырған жоқ па. Бірақ әлгі суайтың қайдан шыға келді, «жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты» деп, осы бір собалақ пәле болмасын әлі.

— Ол иттің ғана баласының аузын күн шығыстан келтірмедім бар ғой! Ол қаңғыбасты іздетіп жібергелі, міне, бір жұма, әттең, қолыма түсті бар ғой, тура үйтіп жеймін.

— Оны бұрынырақ жеу керек еді. Енді тамағыңнан өтпейді. Бүкіл керей боп іздеу салмай ма. Мүмкін, олар сенен бұрын іздеп тауып алған шығар әлі.

— Қап, қолыма түсті бар ғой. Көзін құрта салар ем.

— Оу, көзін құртсаң, әдейі істеді деп керейлер одан сайын бел алып кетпей ме. Ол суайтың керейлерге іздесе таптырмайтын куә боп отырған жоқ па. Қой, одан да оны жөнге түсіру керек.

— Жөнге?! Оған да мәймөңке керек пе?

— Мәймөңке болмаса да, істі насырға шаптырып, ушықтыра беріп қайтесің.

Іздегенге сұраған — ауызғы бөлмеге тапырлай басып, сораң етіп ақи көз поштабай Жәнібек кірді.

Орнынан ұшып кете жаздаған Нұртаза поштабай кірер-кірместен үрейлене бас салды:

— Әй, ақи, таптың ба?.. Әкелдің бе?

— Тұу, биыл қар ерте түспесе игі еді. Даланың желі әлемет. Тура өкпеден өтеді, — деп өз бетімен сөйлеп кірген сырықтай ұзын Жәнібек қолындағы қамшысын, күләпаралы шекпенін ауыз үйдегі шегелерге бипаздана іліп, ырғалып-жырғалып жуыр маңда жауап бере қоймаған соң, болыс шыдамай жағадан алды:

— Әй, ақи көзіңді!..

Қолы жағасына зорға жеткен Нұртазаға иіліп, Жәнібек құлағына сыбырлады:

— Жәкең әкелмеуші ме еді, таптым, әкелдім.

— Е, сүй демейсің бе? Даусыңды қаттырақ шығарсаң хандығыңнан түсемісің, соған да сыбырлау керек пе? Кім естіп қояды деп тұрсың? Сүлейменнен жасырамысың? — деп поштабайдың жағасынан қолын зорға босатқан болыс шын қуанып, көңілі сабасына түскендей болды.

— Өзіңіз емес пе, үнемі сыбырлай сөйле, бұл күнде ағайын да жау дейтін, — деп Жәнібек тағы сыбырлап, Сүлейменге ақи көзінің астымен қулана қарады.

— Жарайсың, ақиым, жарайсың. Қай жерден таптың ол қаңғыбасты?

Жәнібек енді жөткірініп алып, қаттырақ сөйледі.

— Ізіне бір түскен соң Жәкең таппай қоя ма? Тентіреп жүріп ту-ту Қыпшақ еліне асып кетіпті. Әшейін, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай соғып, еріккен елді сөзге қарық қып, есіп жүр екен.

— Біз туралы да айтып жүр ме?

— Айтқанда қандай, жол бойы «қой, енді оны айта беріп қайтесің» десем де болмайды. Күнде тоқтаған ауылда өзгертіп, құбылтып соғады. Әй, зорға шыдап келдім-ау. Шіркін-ай!

— Сонда не дейді? — деп Нұртazаның өңі қайта суый қалды.

— Қой, оны өз аузынан естийік те, — деді Сүлеймен. — Енді қайда кетер дейсің. Аптықпашы өзің, батыреке.

— Өзі қайда қазір?

— Сіздің... Бәкең үйіне түсіргем... Қоян аяғын жеген неме, тағы да ел ақтап кетпесе...

— Тез осында алып кел, — деді Нұртаза. Ана ас үйге кіріп кетпесін қазандықты сағалаған ит неме!

Жәнібек кеткен соң, Сүлеймен болыс інісіне сақтық айтты:

— Нұртаза, сен оған қазір шүйлікпе. Шыда. Еркіне жіберіп сөйлетіп алайық. Әйтпесе, басқаша сарнауы мүмкін. Сен, әйтеуір, араласпашы,

мен-ақ сөйлесейін. Уәде ме? Сосын қалай тьям десең, ерік өзінде. Мейлі, жүндей түтіп жіп иіресің бе, жонынан таспа тіліп қамшы өргізесің бе!..

— Жәрәйт, жәрәйт. Сол суайттың сөзіне шыдай алсам, көрейін.

— Шыдамайтын несі бар...

Төр үйдің қаусырмалы есігі ашыла бере: «Әссәләүмәғәләйкө-өм!» деген Су Құсайынның сыбызғыдай үнімен қоса, шошаң етіп қос қолы көрінді. Үнемі суланып жүретін алақанынан жиіркенсе де, Сүлеймен амалсыз сәлемін алды да, Нұртаза «о, амансың ба» деп, теріс қарап:

— Отыр, отыр, — деді. Ызалы даусы тістің арасынан сыздықтап зорға шықты.

— Маған осы ара да болады, — деп босағадағы жүк аяққа арқа тірей отыра кеткен Су Құсайын, Нұртазаның бір үлкен шаруасын тындырып келгендей, жарты алақан насыбайды ерніне тастап жіберіп, шаңқылдаған ащы үнімен көсіле жөнелді. — Ойпырым-ай, мына поштабайың да атжалмандай шұлғыған әңкір-мүңкір ғой. Екі аяғымды бір етікке тығып, қоярда-қоймай он күншілік жерден екі-ақ күнде жеткізді. Қайран, талай ауыл жолда қалды. Қойын сойып, қолын қусырып отырған талай жұртқа қарамадық-ау. Кепиет атар ма екен, кепиет. Бәрі жайылып төсек, жығылып жастық боп жатыр. Қайтсін. Шіркін, талай күн асықпай жамбастап жатып, ақ майды ауыздан ағызатын-ақ жерлер еді. Қайтейін, болыс шақырып жатыр деген соң, қара су теріс ағып кетсе де қарайын ба. Шабдарымды борбайлап ұштым ғой. Ай, осы жолдан аман қалса еді, мұндай сұрқылтайды көрмеп еді, қараөкпе болар ма екен. Мейлі, өзі де алжи бастады. Болысекең осы жолы бір ат мінгізіп жіберетін шығар.

Ыржалақтай күліп, еркінсіген Су Құсайынның сөзі жынына тиіп, Сүлейменге берген уәдесінен шыға алмай, Нұртаза әрең шыдап отыр.

— Қазақы атқа мінесің бе, ағаш атқа мінесің бе? — деп Жәнібек ырк етіп күліп еді, Сүлеймен:

— Е, еңбегің бар, мінесің ғой, мінесің. Бізді ел арасына әулие аспан ғып көтеріп жүр дейді ғой сені, еңбегің бар, еңбегің. Сонда қалай мақтап жүрсің? — деп жанындағы Су Құсайынға күле қарады.

— Сұрамаңыз, Сүлеке. Құдай берген тіл мен жақты аяйын ба, алты алашқа түгел жайып келемін. Мына қарашы, тілім жауыр болды, — деп Су Құсайын тілін шығарғанда, іш шұрылдады. — Ойбай, мына іші құрғырдың ән салуын қарашы. Тоқ жерге келгенін бұл да сезеді, тамақ жегісі келеді-ау, жейсің, жейсің.

Су Құсайын ішін босатып қойды.

— Тамақ та жейсің, таяқ та жейсің, — деп поштабай қарқылдап кеп күлгенде, Нұртазаның көзі алақ етті:

— Әй, ақи, бар ана жаққа! Тамақ даярландар!

«Тамақ даярландар» дегенін «таяқ даярландар» деп түсінген Жәнібек екі езуі жиылмай, есікке ұмтылды. Су Құсайын бір сұмдықты іші сезгендей, тұзды көзі бозарып, жаутаңдай беріп еді.

— Нұртаза бүгін жабағы сойған, аузыңның салымы бар екен, тура жас

еттің үстінен түстің. Асықпа, — деп Сүлеймен Су Құсайынды көңілдендіріп алды. — Ал әңгіменді айта отыр. Қане, өз құлағымызбен естіікші, бізді қалай мақтап жүрсің? Әй, бірақ сен қоспасыз айт.

Сүлейменнің жүзінен мысқалдай үрей сезбеген Су Құсайын қайтадан жадырап, жайылып сала берді.

— Шіркін, Нұртазадай болыс бұл ғаламда жоқ қой. Тусаң — ту. Аузынан жалын атып тұрған жоқ па! Бүкіл керейдің аты шулы алашұбар шонжарларын бір-ақ күнде мықшитып, кеудесіне шыққан жоқ па! Ақанға қанша өкпелі болғанмен, шынтауытқа келгенде, елінің жоғын жоқтап, намысын қорғайтын, ел қамын жейтін Едіге емес пе деп, тыңдаған жұртты бір қаратып алам да, ай, қызыл тілді безеймін-ау, жарықтықты. Құлагердің өліміне белі қайысып, намысқа булыққандардың айызын қандырып, құмардан шығарам-ау, — деп, Су Құсайын ерніндегі насыбайын сыпырып алып, ауыз жаққа атты. — Сүлеке, осы, көп сөйлегендікі ме, әлде осы күнгі насыбай жаси бастаған ба, әп-сәтте су татып кетеді. Сіздердікі базар насыбайы ғой, анада бір Бұхар насыбайын атып ем өзіңізден, қол сағындық қой, дәмі әлі аузымнан кетпейді, кеңсірікті жарып, сарайыңды ашып жібереді-ау, шіркін!

Түздай көзін мөлітіп алақанын жая қалған Су Құсайынның мына еркінсуіне сабырлы Сүлейменнің де тынысы тарыла бастаған еді.

— Суайт десең, суайтсың-ау, мә, тартам десең, тарт, — деп Сүлеймен қалтасынан мүк темекі салған оюлы жарғақ кесет алып, алдына ытқыта тастады. — Ғұмырымда иісін иіскемеген насыбайды менен қайдан көрдің. Және Бұхар насыбайы. Ай, сықпыртасың-ау, сықпыртасың. Ал темекі шек, шеккің келсе.

— Насыбай атпайтыныңызды білем, әйтпесе үйренген шығар дегенім ғой. Кейін бір қолым тигенде өзім ұңғыған терек үккішіме үгіп, қалампыр араластырған насыбайға үйретем, насыбай атқан адамның ерні сәл қалыңдайды. Әйтпесе, ерніңіз қаймыжықтай, қатын ерін, келісіңкіремейді, — дегенде ызаға булығып, тығылып отырған Нұртаза қарқылдап тұрып күлді. Зығыры қайнап, ұзақ күлді.

Інісінің осыншама тарқылдағанына себепкер болған суайттың сөзіне намыстанған Сүлеймен:

— Әй, ерін-мерінді қайтесің, әуелі ана жырым-жырым өз ерніңді түзеп алсайшы, — деп еді, Нұртазаның күлкісіне насаттанған Су Құсайын одан сайын қопандап қойып, күлімдей түсті. Болыстың зәрлі күлкісін мадаққа балады.

— Ой, Сүлеке, ғұмыры ұрғашы атаулының тамағына тиіп көрмеген біздің ерінде не мән бар дейсің. Ылғи ат үстінде, желдің өтінде ел ақтап жүрген еріннен не сұрайсыз. Кейде жарадар байғұстың қаны судай сорғалайды. Әй, поштабай, әй. Қайда кетті әлгі? Нұреке, осы үйде қаймақ бар шығар. Е, ит басына іркіт төгіліп жатқан үйде не болмаушы еді. Құстың сүтінен басқаның бәрі табылар-ау. Маған бір шәй кесемен біріні қаймақ алдыра қойыңызшы, шынында ернім тілім-тілім жарылып... ай, түн баласына удай

ашып, көрер таңды көзіммен атқызып шығатыным бар кейде. Сүлеймен жақсы еске салды-ау. Әй, поштабай! Ақи бала, қаймақ, қаймақ әкел!

Сүлейменге сөз беріп шыдап бағайын дегенмен, Нұртаза осы арада қатты үрлеген қуықтай тарс жарылды:

— Өй, ата-бұтанның аузын... Не мыжып отырсың? Әкеңнің бет тақтайын... кімді сен кәләкәйт қылғың келеді. Әй, ақи, қайдасың!

Нұртаза күйлеген бұқаша көзі қанталап, орнынан өңмендей тұрды да, ауыз үйде ілулі ұзын бишікті ала салып, Су Құсайынға сілтей берді. Арашаға Сүлеймен түспегенде суылдаған сары бауыр қамшының ұзын өрімі қаңғыбас байғұстың талша мойнына жыланша оратылатын еді.

— Қой, Нұртаза, бір ашуыңды бер маған, қой деймін!

Сүлейменді кеудесімен қаға ұмтылған Нұртаза, ағасы ұстап қалған бишікті саумалай тартқылап жүріп, Су Құсайынды алыстан бір-екі теуіп қалды:

— Мына иттің баласы, мені кім деп отыр, жоқтауын асырайын қазір, дөндеген екен!

Қамшыдан жасқанған Су Құсайын жеңімен бетін қалқалай берген де, жамаулы бешпентімен басын бүркеп, тоңқайып жатып алған. Май құйрықтан тиген соққыны елеген жоқ, тек түйеқұсша басын қорғаштап, тұншыға сөйлеп жатыр:

— Қарағым, менің не жазығым бар? Неден жаздым? Ағатай-ай, ағатай, не жазығым бар еді? Құдай-ай, не жазығым бар? — деп, бір сөзді он қайталап жалынған ол, Нұртаза басылғанда барып, бешпенттен басын шығармай, әуелі өңірінен сығалап қарады. Су Құсайынның осы жатысы Сүлейменге жазықсыз таяқ жеп, шапанның астынан мүләйім қараған кәрі мысықтай аянышты көрінсе, Нұртазаға аусар баланың әкесін арқаланып, өзінен ересек баланы келемеждеп, «енді маған не қыласың» деп мазақтағанындай жынына тиді. Түк болмағандай Су Құсайын басын көтеріп отырғанда тағы бас салып умаждап тастайын деп ұмтылып еді, Сүлеймен алдын орады.

— Ал ойнасақ та біраз жерге шаптық дегендей, әй, суайт, енді өзің көп түздықтамай, тез айтшы. Не көрдің? Көп жылқың не көріп жүрген?

— Қайдағы жылқы?! Тағы неден жаздым? Батыр-ау, не сұрап отырсыңдар? Тағы да тілімнен жазбаса игі едім, — деп Су Құсайынның көкшіл көзі жыпылық атып, шын түсінбеген нышан білдірді.

— Өй, суайт! Қап, мына итті қайтейін, — деп, тағы да дызалақтап, тістенген Нұртаза оның аузына өзі сөз салды. — Әлгі, Қызылжар жақтан көрген малың? Біз ұрлатқан мал?

— Е-е, — деп қайтадан ыржалақтаған Су Құсайын шақшасын алып, өкшесіне қақты. — Ұрлатқан демеші, болысеке. Оның аты барымта ғой, барымта.

— Соны айтсайшы, соны, қайдан көрдің, сорлы-ау, — деп енді Сүлейменнің де зығыры қайнай бастады. — Тоқ етерін айтшы өзің созбай!

— Созатын оның түгі жоқ, өздейің де оны естіп жатқан шығайсыңдай, — деп, Су Құсайын соңғы «естіп жатқан шығарсыңдар» деген сөзді аузына

насыбай салып тілі күрмеле сөйлегенде, ана екеуіне көпе-көрінеу бұзып айтқандай болды. Әлгі, атығайдың қалың тұсы — Ожан ауылынан шығып, намаздыгер әлетінде «Қара тоғай» деген жерге жеткем. Алдымнан адам айтқысыз көп жылқы көрінді.

— Көп болғанда қанша? — деп Нұртаза қозғалақтап қойды.

— Енді... қарасы... қалай десем екен, әйтеуір бықыған мал. Ай, өзіңнің малыңнан көп болмаса, аз емес-ау, Нүреке.

— Шатыпсың...

— Жарайды, сосын, — деп Сүлеймен Нұртазаны тағы орап кетті.

— ...Сосын... жылқышыларға соғып, қымыз іше кетейін деп бұрылсам, не қос, не бастарында бір пана жоқ ағаш арасында от жағып отырған екі-үш адам өре түрегелді. Тани кеттім. Ортасында мен танымайтын қарасақалды бір дәу сыған отыр. Басқалары, Нүреке, өзіңнің жылқышыларың.

— Оны қайдан біле қойдың?!

— Е, оларды баяғы жалаңбұт кезінен білем. Әлгі Қарсақбай марқұмның ұлы Тәшім, Жансақтың қызматазы Мәули...

— Болды, болды, көбейтпе... Ал жылқылар кімдікі екен?

— Ә-ә, оны да бірден тани кеттім ғой. Мына көз нені көрмеген көз. Сіздің жылқылардың жүген-құрық тимеген шу асауларына дейін жазбай танымаймын ба.

Су Құсайын өзінің шын білетініне масаттанғандай, тілін ернінің астына томпайта жүгіртіп, насыбайға тұшырқанғандай мұрнын қусыра ұзақ тартты да, әңгімесін қайта жалғады.

— Ау, мына жылқылар бөтен елдікі ғой. Қайда апара жатырсыңдар десем, малайларың бір-біріне қарасып, жаутандап, «қойыңыз, қайдағыны шығармай, өзіміздің мал» деп күс қондырар емес. Зәрелері ұшып, дегбірсіздене бастады... Сөйтіп отырып қуланған несін алған деймін...

— Бөтен елдікі екенін қайдан айыра қойдың?

— Еһ, өңкей торала, қарала жылқыларды айырмай, мені не қара басыпты. Сізде ондай бір үйір де жылқы жоқ қой. Содан әлгі жерде торсықтан құйған бір тостақан балдай қымызды іштім де, одан әрі көп отыра алмадым, жылқышылар «жүреміз түнделетіп», «ал іштің ғой атаукеренді» деп, тіпті өзімді ана бір Тонтидың қара домалағы жекіп, құйрығыма қоныс таптырмады. Үш аяқ мосыға ілген ет бүлкілдеп қайнап жатыр еді, соны қызғанды ма? Бірақ үйтпесе керек еді. «Байдың асын байғұс қызғанадының» кері. Шіркін, далада жеген еттің дәмді болатыны несі екен. Қанша жесең де сіңе береді-ау...

Оюлы ескі жүкаяққа жауырынын үйкеп-үйкеп қышынып, сөзді тағы да қоздатып, көйте жөнелген Су Құсайынды Нұртазадан бұрынырақ Сүлеймен қақты.

— Иә, етті жей алмай кеттің? Содан соң...

— Сосын... қай жерге келіп ем... Осы сөзімді бөлгенді әменде ит етінен жек көруші едім. Біреу киіп кетсе, жыным құрыстап, айтпай қоятын да әдетім бар...

— Өй, жыныңды!..

Нұртазаның көзі шатынай қалып еді.

— Е, айтқандай... Содан, — деп, Су Құсайын іле жалғастырып кетті. — Әйтеуір етті жегізбедіңдер ғой, бәрібір кімнің малы екенін білмей қоймаймын деп, барар жолымнан қиыстау бұрылып, көп жылқыны жанамалай өттім. Тура үстінен түстім. Көз қырағы емес пе. Дәл тани кеттім — керей жылқысы, бәрі керейлердікі.

— Қайдағы керей? Не шатып отырсың?

— Оу, керейлерден басқада ала жылқы жоқ па екен. Бәсентиындарда да, мына іш жақта да ондай мал көп, — деп Сүлеймен жұмсарта сұрап еді, Нұртазаның делдиген танауынан сескеніп қалған Су Құсайын мырс етіп күліп жіберді.

— Әй, Сүлеке-ай, мені сынағың келіп отыр-ау. Мен білмейтін жер астында. Қарағым-ау, жылқының жамбасынан, құлағынан-ақ соқыр адам ажыратқандай емес пе.

— Құлағында не бар екен? Атаңның басын көрдің бе?

— Аталарымыздың атам заманда құраған басы қайдан болсын. Кәдімгі пышақпен салған ен бар. Атамыз қазақ сонау жаугершілік заманда «Ақ найзасы болмаса, ерді қайдан танырсың, ен, таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың?» депті ғой. Сол айтқандай, әлгі жылқылардың құлағындағы ен — керейлердің ені.

— Бұл ененді ұрайынның еншілігіне не берерсің. Сенің қатын ала алмай қаңсып жүргенің де тегін емес-ау, тегінді ұрайын! — деп Нұртаза кеңкілдеп, ызалы күлді.

— Нұреке-ау, баяғыда тесігінің бүрі жоқ бір шал аңдаусызда артынан жел шығарып қойып, мәсісін бір-біріне үйкеп, шикылдата қойса керек. Сонда қу тілді біреу «оу, отағасы, ол шикылға бұл шикыл ұқсамайды» депті ғой. Сол айтпақшы, ол еннің жөні бір бөлек. Менікі, әшейін...

— Сонда керейдің ені қандай болады екен, басқанікінен өзге ме екен?

— Нұреке, білмесеңіз айтып берейін. Өзі шынымен осы күнге дейін білмейсіз бе, мен қалжыңдап отыр екен десем, — деп Су Құсайын жүгініп отырды. — Мына біздің қарауылдың ені, өзіңіз білесіз, қиық ен, атығайдікі — жүрекше ен, бәсентиындікі — солақ ен, қуандық елінікі — кез ен, қыпшақтардікі — көбінесе ойық ен, ім-м... қаржастардікі — байпақ ен... үшкіл ен, сыдыртпа ен, тілік ен, сота тілік ен, айшық ен дегендері, тағы сондай таңбада да неше түрлі бір-біріне ұқсамайтын — белгілері болды. Мәселен, арғындардікі көз таңба, қыпшақтардікі — қос әліп, қоңыраттардікі — босаға, ал керейлердікі — ашамайлы. Оны...

— Жәрәйді, жәрәйді көбейтпе. Ру, атаның меншікті ені болады дегенді сенен естіп отырмын, ай найсап-ай, найсап, шімірікпейсің-ау. А, керейлердің ені қандай болады екен?

— Керейлердікі көбінесе тесік ен, ұмытпасам ақсары-құрсарылардың ені осындай. Тура құлағының ортасынан дөңгелетіп қыршып алады. Сол себепті ондай енді қыршыма ен деп те айтады. Мұның бір жақсысы

жылқының құлақ жүні іштен басып, ана-мына көзге көріне бермейді. Кез еңдей емес. Тегі айдап келгенде аңғармай қалғансыз ғой. Және түн болды ма? Кейбірінің қара санында ашамайлы кереге таңба бар екен, — деп Су Құсайын ондай таңбаны көрмесе де, жобалап соға салды.

— Е, уақтардың да таңбасы кереге таңба, — деп Сүлеймен жаңылдырайын деп еді.

— Білем, білем. Бірақ уақтардың аз жылқысы бұл жаққа қайдан келсін. Солай жалтарудың не керегі бар, — деп бастырмалата түсті анау.

Нұртаза жарылып кетпей зорға шыдады.

— Ал енді олардың барымта мал екенін қайдан білдің? — деп Сүлеймен әңгіменің соңғы суыртпағын тартты.

— Е, ол жерде ештеме түсінем жоқ. Содан екі күн өткесін ғой деймін, бір ауылға келсем уда-шу, гу-гу әңгіме. «Бәлем сол керек. Құлагерді өлтірген керейлердің малын бір түнде жаудай шауыпты, кім де болса, қарауылдың өшін оңдырмай алған екен», «Ау, біз де ел емеспіз бе, неге басындырып қоямыз» деп лепіріп жүр. Сол арада барып мына қауға басқа сап ете қалды ғой. Аңада көрген торы ала жылқы — керейлердікі, жылқышылар — Нүрекеңдікі. Осыдан артық маған не керек. Ая, өзім айдатып алғандай, айызым қанып, ел-жұртқа атыңызды ақ патшаның атындай шығарып, даңқыңызды Әзірет Әліден кем көтермедім. Естіген жұрттың да айызы қанды. Жүрген жерімнің бәрі «тусаң — ту, Нұртазаның өзі аюдай ақырған ақылсыз неме екен десем, алды-артын түсінетін, намысқа шабатын еңіреген есіл ер екен ғой» деп отыр. Өзіңіз сұрасаңыз, қыңқ етіп ауырсынбай, қоң еттерін кесіп берер еді. Әй, не керек, бір жерлерде керей жігіттерінің көзінше тіпті ертегідей ғып жосылттым-ау. Қарауылдың Құлагері үшін Нүрекең «Керейлердің қалған жылқысын тағы да айдатып алам, пшту, немді қылат» деп отыр, «екі күннің бірінде оны істейді, қамдана беріңдер» деп, өздерін үркіте сөйлегенде зәре-құттары қалмады.

Сүлеймен бұдан артық болыс інісінің шыдай алмай, талағы тарс айырыларын сезіп, сөзді доғартты.

— Жетті, жетті, енді керегі жоқ. Мақтауымызды асырған екенсің.

— Жоқ, бұл әлі бер жағы. Әлі қызығы бар, — деп тағы да Су Құсайын өзеурей жөнеліп еді.

— Болды енді, болды. Әй, ақи, қайдасың? — деп Нұртаза да ауыз жақта иесінен хабар күтіп дайын отырған поштабайын шақырып алды. — Мына суайтқа тамақ беріңдер. Ашығып қалған екен. Бар, бар, жетті дедім ғой. Қалғанын кейін айтасың. Алып бар мынаны. Аяма тамақты, сілейте тойғызыңдар!

Тоқсан сайын Ақмола облыстық генерал-губернаторына ояз Коновалов Көкшетау уезі бойынша істелген істер, казак станицаларының жай-күйі, қырғыз-қайсақтардан алынған алым-салық, көбінесе қылмыс жайлы мәлімет беретін. Жыл аяғында далалық генерал-губернатордың өз атынан талай рет алғыс, наградалар алып, дүрілдеп тұрған кезі еді.

Үшінші тоқсанның ақпарын көмекшісі Делазари алдына әкелгенде

Коновалов қол қоюдың орнына столды жұдырығымен ұрып, ақсақ аяғымен киралаң етіп орнынан қарғып тұрды.

— Қашан бұл тағылық тыйылады? Қашан бұған тыйым салынады? Болыстар не бағып отыр? Шетінен тізіп, сақалдарын күзеу керек надандардың. Қарындарын шартитып семіргеннен басқаны білмейді. Өңшең күлге аунаған түйелер? — деп, ояз бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, өз алақанын өзі түйгілеп, зығыры қайнады. — Бізге его высокопревосходительство генерал-губернатордың өзі талай ескерткен. Бұл қырғыздар үшін сен күйесің. Сволочи, сволочи, шетінен бұғаулап Сибирьге айдар ма еді... Қашанғы мына меңіреу түкпірде осылар үшін отыра бермекпін?

Соңғы сөз аузынан қалай шығып кеткенін аңдамаған Коновалов көз қиығын Делазарига ыңғайсыздана тастап, орнына қайта жайғасты. Көмекші аңдамаған сыңай білдіргенімен, іштей ойланып қалды.

Өткен қыста ғана Дала губернаторы, атты әскер генералы барон Таубенің қолы қойылған алғыс бүкіл губернияға тараған. Онда: «...Объявляется благодарность Кокчетавскому уездному начальнику статскому советнику Коновалову за безнедоимочное взыскание кибиточной подати и земского сбора с населения Кокчетавского уезда» делінген. Осы жарлықтан соң-ақ ояздың беделі басқа ояздардан артып, содан былай Ақмола облыстық саяси губернаторы генерал-майор Ливенцов та бұнымен көп жағдайда ақылдасатын болды. Бірде Дала генерал-губернаторының өзі: «Жұмысыңыз ойдағыдай болса, департамент алдында мәселе қойып, шеніңізді өсіріп, далалық басқармаға биік дәрежелі орынға көтерем. Байқаңыз, қырғыздардағы қылмыстың бастысы — конокрадство. Білемісіз, дала жылқысы даңқты сібірлік казак әскері үшін қажет құрал. Міндет — жылқы орнын ұрлықпен кеміту емес, арзан бағамен мемлекетке сатып алу. Қырғыздар жылқы ұрлауды бір-бірінен өш алудың құралына айналдырған, ондай жылқылардың, шайтан білсін, мемлекетке де, жәрмеңкеге де көрінбей, орны жым-жылас болатыны даусыз. Одан соң, білемісіз, бүкіл қырғыз-қайсақ жеріндегі ең жылқысы көп ел — осы біздің Дала губернаторствосы. Сондықтан бұл арадан неге жылқы заводын ашпасқа!? Асыл тұқымды жылқы казачествоға ауадай қажет. Бұл өлкеде жалғыз ғана атбасарлық Мейрам Жанайдаровтың жылқы заводы бар. Бәріміз соның қолына қарап, емініп отырмақпыз ба? Кім кімге тәуелді болу керек? Сонсоң, тағы да есіңізде болсын, қырғыз жерінің көбі — жылқы жайылымы. Ол жылқылар базар арқылы, айырбас арқылы, тағы басқа жолдармен азайса, қырғыз байларына кең жер де онша қажет бола бермейді. Бірақ, тағы да ескертемін, барымта жолымен емес...

Осы сөзден соң-ақ бұл іске Коновалов ерекше назар аударып, құлықты болған. Осы сентябрьде өткен Тихвин, Қотыркөл станицаларының Покров, Ақан бұрлық жәрмеңкелеріне арнайы адамдар жіберіп, қазақтардың жылқыларын жиырма-жиырма бес сомнан арзан түсіріп, мемлекетке мыңдаған жылқы өткізген. Бұрын мұндай тегін малды сатып алып, Томскіге апарып, кемі екі бағасына тоғытатын атақты купец Ямшиннің де алдын

орап кеткенін мақтаныш еткен Коновалов, қиырдағы Көкшетау уезінен Омбы қаласына биік мақсатпен баратынына шек келтірмейтін. Енді, міне, мына бір ақпардың алдынан шыға келуін қарашы.

Коновалов алдындағы «Въдомость №13 о числѣ и родѣ преступленьи, совѣршенныхъ въ Кокчетавскомъ уѣздѣ» деген мәліметке қарап, түсі сұрланып отырып қалды: «Кісі өлтіру — 5, жекпе-жек — 7, қорқыту — 2, өрт қою — 12, әдеби мұраларды иемдену, құмарпаздық — 17, алаяқтық — 37, жылқылар мен ірі қараларды ұрлау — 11 (326 бас) өкімет тәртібін мойынсұнбау — 7»...

Қос саусағымен 326 деген санды ызалана дамылсыз тықылдатқан ояз:

— Осыншама малды кім ұрлай береді, мүмкін, жалған ақпар шығар, — деді қабағын көтермей.

— Бұл — малы ұрланғандардың сотқа түскен арыздарынан алынған ақпар. Ал болыстық басқармаларда әлі тексерілмей жатқан ұрлық қаншама десеңізші.

— Жетеді! — деп жазықсыз көмекшісіне зірк еткен ояз сәл үнсіз отырып қалды да, 326 деген санды 126 деп түзеп, былғарымен қапталған есікті иегімен нұсқады. — Ана жақта отырған тақырбастар не шаруамен жүр екен?

— Білмедім. Өзіңізбен ғана сөйлесеміз дейді, ваше высокоблагородие! Екі-үш күн болды, бүгін жолыға алмасақ, кетеміз, генерал-губернаторға барып шағынамыз деп отыр. Ақмола уезінің адамдары.

— Білем. Кірсін бәрі.

Лұқсат тиісімен ояз кеңсесіне топырлай енген өңшең шен-шекпенді қазақтар бағана сыртта Коноваловқа амандасып қалса да, тағы да тағзым етіп, иіліп сәлем берісті. Бұлар — паң Нұрмағанбет, Мәті, Дәулен, Тасемен байлар мен Домбыралы, Слеті болыстары еді. Өңшең абажадай былғары дивандарды пыс-пыс еткізіп жайласқан соң, Коновалов алдындағы қағаздарға үңілген қалпында, басын көтерместен:

— Шаруаларыңды біреуің ғана қысқа баянда!.. Иә, қысқа! — деп дала тобымен жүрген қазақтарды жақтырмаған сыңай танытты.

Отырғандар ыңғайсызданып, бір-біріне үнсіз қарасты да, сөзді орысшаға жетік паң Нұрмағанбет бастады. Жаратылысында асықпай әр сөзін сағыз шайнағандай баппен сөйлейтін паң әуелі алтын жалатқан көзілдірігін алды да, шайы орамалымен шынысын ұзақ сұртті. Одан соң төс қалтасына салып, көзіне пенсне киді. Содан соң бешпентінің қалтасынан шынжыры шұбатылған алтын сағатын алып, лып етіп қақпағы ашылған сағат жүзіне қарады да, асықпай қайта орнына салды. «Көкшетау уезінің адамдары болса бүйтпес еді, мынаның ширатылуын қарашы, тіпті сескенер түрі жоқ, менің жыныма тигісі келіп отыр-ау, жарайды, шыдайын» деп, ыза аралас мырс еткен Коновалов, паңның тау текеше кекжиген кейпін елемеген адамның сыңайымен, қағаздарын мағынасыз ақтара берді. Ояздың ашулы ұсқынын жағы мен дірілдеген саусақтарынан аңғаруға болатын еді.

Паң Нұрмағанбет те енді ештеме сезбеген адамдай, буылтық-буылтық

емен таяғының күміс балдағына алақанымен сүйеніп, кеудесін кере, шалқалай түсіп, алыстан орағытты:

— Ваше благородие! Сіз тым асықтырып отырсыз. Ғафу етіңіз, біз де жырақтан әдейі келгенде үш күн ұдайы биік мәртебелі хұзырыңызға іліге алмай жүрміз. Шаруамыз асығыс бітпейтін, бір-екі ауыз сөзбен тамамдалмайтын ауыр шаруа, ауыр! Қазақта «асыққан — сайтан ісі» деген сөз бар. Ғафу етіңіз, сайтанға өзімізді де, Ваше благородие, сізді де ұқсатқымыз келмейді. Айта көрмеңіз.

Өзіне бағынышты қараңғы кара халықтан мынадай қорлықты көрмеген, естімеген Коновалов не қарқылдап тұрып айызы қанғанша күлерін, не айғайға салып мына қырғыздарды кеңседен айдап шығарын білмей, зығыры қайнап, жарыларға таяу, зорға отыр.

— Біз, Ваше благородие, өзіңізді аса құрмет тұтып, шын бейіл, адал көңіл, бар ықыласымызбен сыйлаған соң, алдыңыздан өтуді лайық көрдік. Уезіңізде болған жүгенсіз, көргенсіз адамдардың, сіздің қарамағыңыздағы тәртіпсіз, лұғатсыз жандардың, ұлы патша ағзамының заңына қайшы іс істеген ұрылардың сотқарлығын, сіздің көзіңізден таса қылмыс еткен басшысымақ волостной управительдеріңіздің шеннен асқан, шектен шыққан найсаптығын айта келдік.

Қазақтардың бірінің үстінен бірі өнімсіз дау айтып, қағаздасып жататын қанына біткен арызшылдық, партияшылдық мінезіне әбден қанық ояз алғашқыда тағы сондай ұсақ дүниелердің бірі ғой деп, тұқырайған қалпы салғырт тыңдап еді, басынан аяғына дейін орыс үлгісімен сәнді киінген мына қазақтың орысша жатық тілмен бипаздай сөйлеген сөзінің сыңайынан үрейленейін деді. «Аяқты қалай-қалай тастайды. Көңнің үстінде отырып, күнге шағылысқан кара мақпал қауырсындарына мақтанып, тамағын кеней түсіп, менмен, тәкаппар үнмен шақыратын керенау, кердең қораздардың бірі емес, мынауың аспанда баяу қалықтап, ұзақ айналып жүріп, сәтті кезінде құлдилай түсіп, жеміне тырнағын бір-ақ батыратын түздің жыртқыш құсындай ма, қалай».

— Ұлы мәртебелі Ақ патшаның заң жобасын қорғайтын, оны бұзар кеселді жандар болса арашаға түсер әділетті заң орнына бермей тұрып, тіпті бұл іс кейін Его высокопревосходительство генерал-губернаторға дейін жетері хақ, әуелі, тағы қайталап айтамын, Ваше благородие, өзіңізбен ақылдаса келдік. Сізді аттап өтуге азаматтық ар-ұжданымыз бармады. Егер қылмыс иелері қалың қарабайыр жұрттың бірі болса, сөз басқа, ал сіздің қол астыңыздағы ел басқарып жүрген, өзіңіз билік берген келеңсіз адам болса, қалайша сізді айналып өтпекпіз. Егерде сіз бұған салғырт қарар болсаңыз, амал не, ғафу етіңіз, онда қазақта бір мақал бар — «Өз бетін аямаған кісі басқаның бетін даладай қылады», — жоғарырақ жерге дейін шағынбасқа әддіміз жоқ.

Паң Нұрмағанбеттің «Кто свое лицо не жалеет, чужого вообще выцарапывает» деген добалдау аудармасының астарын түсінсе де, алғаш естіген мақалына қоңыржай отырып, қорқыта, міңгірлей отырып, міндірмелете

сөйлеген дала мыстанының өзімшілдігіне іштей шамданған Коновалов тағы да ызалы мырс етті.

— Сондағы айтпағыңыз не, Құдай үшін, тезірек. Ақиқатын айтқанда, әбден зарықтырып болдыңыз. О боже!

— Айтпағымыз сол, жақын арада екі қос жылқыны сіздің уездің адамдары ұрлап алып кетті. Барымта!

— Тағы да конокрадство! — Коноваловтың жүрегі солқ еткендей болды. — Екі қос жылқы? Ол қанша бас?

— Сегіз жүзден астам.

— Сегіз жүзден астам?! — Коноваловтың көзі шатынай бастады. — Дәлірек айтқанда?

— Сегіз жүз жиырма жеті бас, тай-құнандарын қосқанда.

— Кім ұрлаған?

— Волостной управитель. Кемелұлы Нұртаза!

— Нұрта-за-а! — Коноваловтың мысық көзі сығырайып, орнынан тұрып кетті. «Енді волостной управительдер конокрадствомен айналысатын болған ба?..» — Сонда қалай, лауазымы үлкен адам да ұрлық жасаған ба?

— Бұл ұсақ-түйек ұрлық емес, үлкен ұрлық.

— Түсініктірек айтқанда...

— Үлкен ұрлық тек үлкен адамның ғана қолынан келеді.

— Дәлеліңіз бар ма?

— Бар. Жеткілікті. — Паң Нұрмағанбет Коноваловқа қараған күйі босаға жақта отырған Мәтіге қол созып еді, еңкіштеу келген қара шал көк барқыт шапаны жер сызып, бүгежектей басып, қойнынан бүктелген бір бума қағазды ұсына берді. — Барлық дәлел осында жазылған, — деп, енді қасындағы Дәуленге берді. Ол да тура Мәтінің шапанындай шұбатылған киімімен солбырайып тұрып, әлгі қағазды ояздың алдына жасқаншақтай барып, сырғыта тастады. — Мал ғана емес, үш жылқышыны ауыр жаралаған, екеуі өлім халінде. Біреуі тілге келмей жан тапсырған. Мал ізімен қуып барған отыз жігітті Нұртаза өзі бас болып соққының астына алған. Кейбірі қан құсып, төсек тартып жатыр. Бәрі шағымда толық жазылған, айғақ дүниелер бар. Өзіңіз танысыңыз. Жауабын күтеміз. Соза көрмеңіз, Ваше благородие! Шағымның көшірмесі қолымызда, әзірше заң орнына бермей, күтеміз. Бізге сіздің шешіміңіз керек. Өз жолымызбен кек алудың жолын білеміз. Бірақ ұлы орыс империясына бағынған ел, ескі салтты қууға еш қақымыз жоқ...

Коновалов оюлы шалқаймасы биік емен креслоға қайта жайғасты да, маңдайын ұстап мәңгірген адамдай үнсіз, ұзақ отырып қалды.

Қыр қазақтары паң Нұрмағанбеттің көптен жаттап, жадында тоқып келген мәнерлі сөзіне түсінбесе де, «Қайран жүйрігім-ай, ояздың өзін ұйытып тастадың-ау, енді Нұртазалардың кеудесіне бір шығып, қоянның жүрегін жұлған бүркіттей бір шоқырмыз-ау! Шіркін, жеті жұрттың тілін де, емін де білетін жетімегім-ай» деп, айыздары қанып, бір-бірінің қара санынан түртіп, шымшып, паңға бір, оязға бір жымыңдаған керейліктер іштей мәз.

Ояз ойда отыр: «Не істеу керек. Қырғыздар ішіндегі жер, жесір дауы, барымта сияқты ежелгі дау-дамайларды халық соттары — билер қарауға тиіс деп, шағымдарын қайтарып тастасам ба екем? Мұндай былық іске араласып қажеті қанша? Әлде волостной управительдердің біразын осы қылмыс үстінде отырғызып, жұдырықты батырып алсам ба екем? Жоқ, асықпай ойлану керек, ақылдасу керек... Тағы да конокрадство! Неткен сұмдық! Үш жүз жиырма алтыға, енді сегіз жүз жиырма жеті қосылды... Иә, иә, тап осы жолы беттерін біржолата қайтарып алу қажет. Ертең генерал-губернатор естісе, не деймін. Жоқ, бұл оңай іс емес... Әлі де ойлану керек. Мүмкін, бұлардың айтқандарының көбі жала шығар, мүмкін, ұрылар белгісіз шығар, несіне асығамын. Бұларды да еркінсітпейін. Неге сонша жаси қалдым, мұным не?!»

— Да! — деді Коновалов басын оқыс көтеріп. — Енді не ғып отырсыңдар? Барыңдар. Шағымдарың қолымда, танысамын. Барыңдар. Хабарын көмекшіден білесіңдер. Егер жала шағыммен келсеңдер, сендерге де оңай тимейді. Аямаймын. Ал барыңдар, ендігі сөздің қажеті жоқ!..

Коновалов басқа істі ысырып қойып, сол күні болыс Нұртаза Кемелұлына депеша жөнелткен. Тап сол күні кеңсесіне сексеннен асқан қарт нотариус Радзилевичті фазтон жіберіп, шақыртып алдырды.

Радзилевич — Көкшетау уезіне аты шулы адам. Мұның бармаған жері, істемеген мекемесі жоқ. Петербургтен Омбының далалық әскери губернаторствосына келгелі не қызмет атқармады. Ақмола уезінде, кейін Ақмола болыстық заң орындарында, Семейдің статистикалық басқармасында, сот орнында талай жылдар отырып, талай орындарды ауыстырды. Қайда істемесін, қай уезде жүрмесін, аты пара алумен шығып келеді. Бір арада қылмысы ашыла бастаса, екінші жылы орынға жылжып жүре беруі де оңай. Кейін жасы қартайған шағында Көкшетау уезінде ұзақ жылдар мировой судья болып, енді отставкаға шыққанда нотариалдық кеңсеге ауысты. Жергілікті жұрт мұның кішкентай бойы мен саясатқа жүйрік, жүрек жұтқандығына қарап, Бонапарт десе, енді біреулер байлығына, жылпостығына қарап, Иван Калита дейді. Қалаға ісі түсіп келетін қазақ-орыстардың атауымен қалталы Иван дейді. Заң жүзіне келгенде мұнан сауатты адам бұл өлкеде аз. Әсіресе қазақ елінің әдет-ғұрпына жүйрік, оны патшалы Россияның белгілі заң жүзіне қалай ұштастырып, даулы, қылмысты мәселелерді қалай шешуге келгенде шебердің шебері-ақ. Семейде мировой судья Маковецкийдің қарамағында чиновник болып жүрген кезінде қазақтардың бұрыннан салтына кірген дала заңының ерекшеліктерін көп зерттеп, оның жаңа заманның жаңа заңына қолдану жөнінде көп еңбек еткен Гросс, Леонтьев, Блектермен бірге қызметтес болған. Осы тәжірибесінің өзі-ақ дала мәселесі жөнінде заң орнындағы басқа қызметкерлерден оның дәрежесін биікке көтеретіні даусыз.

Бұл өлкеде Петербургтен шығатын газет, журналдардың бірін қалдырмай алдыратын адам да осы. Үкімет тарапынан болар жаңа заң-жобаларының қайсыбір түстарына көзі ашық чиновниктердің өзі жыға түсінбей

жүргенде, бір заң жөнінде жүз түрлі талдаумен түсіндірерлік журнал мақалаларын, тіпті бағынышты дала елін басқарудағы кейбір құпия материалдарды, қайдан қолына түсіретінін кім білсін, осы Радзилевич алдын ала біліп алады. Сол себепті қырғыз-қайсақ елінің салт, рәсіміне байланысты сот, прокуратура ісінде, жоғарғы сенаттағы ресми басшылар да мұнымен санасатын көрінеді. Осынша білімді бола тұрып, ол қоғамда өзгеріске ұшырап жатқан праволық заңға еш жаңалық енгізіп, пайдасын тигізіп көрмеген жан. Бар білімін пара алып, баю жолына жұмсап, дүниеге құныққан адам. Парашылдығымен ол жас кезінде мықтап тұрып Сперанскийдің де қолына түскен. Бірақ, не керек, губернаторлар мен талай чиновниктер сот алдында айыптаса да, бұл үстіне су жұқтырмай аман шыққан. Оған, алдымен, мұның білгірлігі себеп болса, қала берді, жұрттан жеген мол-мол параны, қыл көпірге келгенде көмейі бар өзінен дәрежесі зорлардан аямайтын «жомарттығы» себепші болған. Осы қасиетін біле тұра, ешкім одан іргесін аулақ ұстамайды, қайта бары болса, Радзилевичтің өңешіне тығып, қалтасына салуға құштар сияқты. Салғысы келмеген пенде, бәрібір, әйтеуір Көкше жерінде қылмысты болса, жылан арбаған қояндай, оның аузына ерте ме, кеш пе, өзі келіп түседі.

Радзилевич бұл күні Коноваловпен ұзақ сөйлескен жоқ. Далада күзгі бүрікпе жауыннан қорғалап, жабық күймен келсе де, үстіне плащ, аяғына калош киіп, қолына қолшатыр ұстаған ол уезд начальнигінің қапырықтау кабинетінде шешінбеді. Сырттай қатал, сұсты көрінгенмен, өзінен жоғары чинді ұлықтардың алдында жасқаншақ, отырған орнынан айырылмаудың шарасымен неше бір адам күлерлік жағымпаздық қылықтарға да ұялмай баратын қорқақ ояздың мінезіне қанық Радзилевич өзі үрейлі адамды одан сайын үрейлендіре түсті.

Коновалов Ақмола байларының шағымын қарт нотариусқа беріп, кабинетте жеке қалдырған. Радзилевич шағыммен жорта танысқан болды. Ояз бөлмеден шығып кетісімен көзі сығырайып, қолындағы бір топ арызды алдына жайып салған күйі ойланып отырып қалды. Бұдан екі-үш күн бұрын паң Нұрмағанбеттер Көкшетаудағы таныс приказчигінің үйіне түнделетіп келген де, ертеңіне нотариусты жансыз шақыртып алған. Ел бүлігі — барымта жайын, оның Нұртазалардың тарапынан болған ұрлық екенін бар кеспімен, бұлтартпас дәлелдермен тегіс ұғындырған соң, бір бума ақшаны қалтасына басқан Радзилевич көп ақыл-кеңес бере отырып, ояз атына шағым жаздырған. Алдындағы көп қағаз — сол шағым.

Коновалов қайта кіргенде қарт нотариус төбесіне қарай қашқан сирек, майлы шашын жылтырата сипап, су тышқанның көзіндей арасы жақын біткен айлалы әрі аяр көзін оязға тіке қадап, әңгімеге бірден кірісті:

— Мынау бұрын-соңды қырғыздарда болмаған, соңында көп салмақ, дауы мол, талай адамдарды шырғалаңға салатын, болыс емес, одан да жоғарыға дейін баратын қауіпті шағым екен. Шағым ғана емес, мұнда кінәлау да бар. Және орынсыз деуге болмайды.

— Түсінбедім, қалайша кінәлау? — Коновалов сынай қарады.

— Түсінбейтін ештеме жоқ, одан да түсінгім келмейді деңіз. Әйтпесе мұнда анық жазылған. Түз елінің ұлы Россия империясының қалыптасқан әділ заңына бойсұнбай, әлі де өз еріктерімен кетуіне, яғни ұлы мәртебелі Патша ағзамына түгелдей бағынбай, малша жайылуына жергілікті ұлықтар, оларды жүгенсіз ұстап отырған биік дәрежелі чиновниктер, уезд басшылары кінәлі деп отыр. Орыс мәтелімен айтқанда «балық басынан шіриді» дегенге мегзейді. Жоқ, мегзейді деген сөз бұл араға келмейді, тура атқылап отыр десек, дәлірек болар.

— Сонда не істеу керек. Мүмкін, осы дауды билер сотына жолдағанымыз дұрыс шығар. Мен сізді ақылдасуға шақырып отырмын ғой...

— Билер сотына? — Радзилевич шатпақтап сөйлеген бала сөзіне күлгендей мырс етіп, ояздың жүзіне кекесінмен қарағандай болды. — Сіз билер сотының принципін білмеуші ме едіңіз? Оларша барымта қылмыс емес, жазықты жазаланбайды, оның кінәсі дәлелденген күнде айыппен құтылады. Ал мына адамдарыңыз ондай шешімге көне ме, көнер болса, уезд басшысына келер ме?! Жоқ, бұл — ұзақ процеске айналатын инцидент. Ұзақ процесс үстінде талай құпиялар, тіпті қылмыстар ашылып қалуы мүмкін.

— Қандай құпия, қандай қылмыстарды айтасыз?

— Ваше высокоблагородие, бұл арада жасырынбақ ойнаудың да, сәби бола қалудың да түкке пайдасы жоқ. Сіз өз волостной управительдеріңізді ұстап беруді ең қолайлы жол деп ойлаймысыз. Мысалы, Кемеловті?

Коновалов жағы бүлкідеп, орнынан тұрып кетті, бөлме ішін ерсілік-қарсылы кезе бастады.

— Және де билер соты дегенді халық соты, немесе көне түрінде третейский суд деп жүрміз. Оның қоғамдық шешуші ролінен гөрі бұқаралық жағы басым екенін білемісіз? Сперанскийдің сібір киргиздары үшін шығарған жаңа уставтық реформасының жобасына қарсы әрекет еткен Гутковскийдің, Валихановтың пікірлері — осы бұқаралық соттың беделін көтеру емес пе еді. Янушкевич, Гейнстің ұсыныстары да бұлардан онша алшақ емес-ті. Қазіргі саясат уақытша ереже ұсынған кейбір мәселелерді іске асырып, халық сотының қолындағы көп билікті әлсірету, сүйте тұра мүлдем жоюға бірден-бір шаралар қолдану емес пе. Ендеше, сіздің ойыңыз — бұқаралық соттың, выборный съездің ауқымында қалу болса, патша үкіметінің билігін нығайту деген ойға мүлдем кереғар екен. Олайша итере салудың арты, кім білсін, неге соғарын.

Коноваловтың көзі шатынап, мұрты дірілдеп кетті:

— Сіз өзі мені кінәлап отырғаннан саумысыз?

— Ақылшы адамға керегі кімді жазғырып, кімді арашалау емес, істің болашағын болжау. Сізге мен, Ваше высокоблагородие, әшейін, осылай болуға тиіс деген ауа райының симптомына байланысты өз топшылауымды ақылшы адам ретінде ғана ескертіп отырмын, гапу етіңіз, кеңесім ұнамаса, сіздің қабылдамауға хақыңыз бар, биік дәрежеңіз де оған жетеді.

— Сіз... әуелі шешініңізші, қайда асығып отырсыз, тіпті ыстықтамайды екенсіз, пысынап кеттім. — Коновалов мундирінің жағасын жұлмай ағытты.

— Сіз менен гөрі жассыз ғой, Ваше высокоблагородие! Біздей қарттар пысынау дегеннің не екенін білмейді. Және де кейінгі жылдары ревматизм деген бір жексұрын ауру мүлдем иектеп алды. Тегі қартайғанда жылы жаққа қарай көшпесе болмас... Меніңше, бұл істе екі жақты да, мүмкіндігінше, келістірген жөн сияқты. Сағынаев — оңай иліге салатын субъект емес, Ақмола, Омбыда оның биік мансап иелерінен қолдаушылары барын есіңізден шығармағайсыз. Асығыстық бұл арада жүрмейді: Меніңше, әлгі... Кемелевтерді шақыртып алғаныңыз жөн. Мүмкін, олардың да қосар ойы, бәлкім, кінәдан арылар себептері де болар... — Радзилевич орнынан тұра берді. — Егер артық көрмесеңіз, олармен әңгімеде менің де қалыс қалмауым, істің алға басуына септігін тигізер... Есіңізде болсын, қанша білгірмін дегенмен, Ваше высокоблагородие, қырғыз даласының заңында әлі түсіне бермейтін, қиын істі оңайлатып, оңайды қиындатып алатын құйтырқылар көп. Дала кең, буалдыр сағым да мол, алдамшы дүниелер өте көп, өте көп...

Коновалов тістенген қалпы Радзилевичтің ертегідегі мыстандарға ұқсас құныстау иығына жиіркене қарап, оқты көзімен шығарып салды: «Кәрі сұмпайы, зымиян!»

10

Жұмыс аяғында үйіне оралған Коноваловтың шектен шыға ашуланғаны сонша, үй ішін қуырдақша қуырып, жастай қосылған әйелі Варвараға жер ортасы жасқа келгенде ауыр-ауыр сөзбен тілі тиді.

Қазақ байларының әдісімен бөренелердің арасына мүк орнына қалың етіп арнайы бастырған ақ киіз салған ояздың он екі бөлмелі қарағай үйі Қопа көлінің жағасында. Бұқпаның бауырындағы ширек гектарға жуық далиған дуал көл жиегіне сұғына түскен. Дуал жағалауларына араластыра еккен жас шыршалар мен балапан қайыңдар болмаса, аула іші алаңқы, кішігірім ипподромдай. Коновалов қызметінен оралғанда, тура осы алаңда жокейлерше киінген офицер ұлы Алексей теңбіл көк арғымақты үйретіп жүрген. Ұзын шылбыр ат күтушінің қолында. Жүген-құрық тимеген шу асау айнала қарғып, көкке шапшып, кісінейді, тіке шаншылып, қос аяқтап ауаны тепкілеп тұрып қалады. Жеңіл былғары ер-тоқымға жабысып алған Алексейдің қаперіне түк кірер емес, тізгінді сірестіре тартып, «үйренесің әлі, үйретемін сені!» деп сақ-сақ күледі. Коновалов алыстан қарап, ұлының жүректілігіне сүйсініп ұзақ тұрды. Ұлы жас кезіндегі тап өзінен айнымайды. Бұл да талай таза қанды арабы жылқылардың шоқтығына жабысып, неше бір асауларын үйретпеді. Георгиев полкінде жүргенде, парад кездерінде ең алдыңғы сапта, ұлы мәртебелі императордың алдынан да салтанатпен өтіп еді-ау. Жеңіл желпуіштерінің қалтарысынан сығалаған князь қыздарының

көзіне де талай түсіп, ойкастайтын. Кейін бір жарыста аттан құлап мерткіксе де, жүйрік арғымақтармен аңға шығудан қалған жоқ.

Теңбіл көк үстіндегі адамды түсіре алмаған соң, ышқына шауып, шыр көбелек айналды. Көзі алайып, жиі пысқырып ала қашқысы келіп, бір қырындай осқырынса да, шылбырдан табандап тартқан адам жіберер емес. Оның үстіне сәл бас асаулық байқатса-ақ үстіндегі адам тізгінді оқыс жұлқып қалғанда таңдайына темір трензель батып, бауырына, кейде шабына қос шпор істіктей қадалады.

Асауды әбден титықтастып бастықтырған Алексей біраз желдіртіп алды да, аттан қарғып түсіп, арсалаңдай басып әкесіне келді.

— Қалай, батя, арғымақ ұнай ма? Сұлу емес пе?

— Тамаша екен, ұлым, — деп, үйіне көңілсіз оралған әке сәл жадырағандай болды, — бұл арғымақты қайдан алдың, бұрын көрмеген сияқтымын? — Коновалов енді бас асауға тесіле қарап, тақымы жыбырлап, шын құмартты. Кейде, ызалы кезде, осындай алақашпа асауларға мініп, айдалаға тұра шабатын да, бар ашуын содан алатын. Сол әдетіне басқысы келді.

— Біреу емес, екеу, батя. Екеуі де егіз жылқы, бір-бірінен айнымайды. Кейін жегіп үйретемін. Қандай сәнді жылқылар, ә?! Киргиздар жалпы жомарт халық қой. Кім сыйлады дейсің, тапшы. Тойға әкелген тарту.

— Қайдағы киргиз? Кім ол?

— Білемісің, батя, анада келген банкир, киргиз-миллионер.

Коноваловтың жүрегі су етіп, өңі қуарып сала берді.

— Кім, кім? Сулейман Кемелов па?

— Сол, сол, тап өзі. Бағана келіп кетті. Тағы да тартулары бар. Мамам көрсетеді. Не деген жақсы адам...

— Тапқан екенсің жақсы адамды. Ох, сұмпайы! — Коновалов ақсақ аяғымен орғи басып, үйге ұмтылды. — Бұл енді жылы інге кірген жыландай, менің үйіме еркін бауыр басып алған екен. Мұндайды құйрығынан сүйреп шығару да оңайға түспейді.

Әкесінің артынан жаңа көргендей тосырқай қараған Алексей:

— Түк түсінбеймін! — деп екі иығын қопан еткізіп ойға қалды. «Қырғыздар, шынында да, табиғатында жомарт халық. Ал олар сол жаратылысына жазған жомарттығын істемеген күнде, тәуелді адамдарына анда-санда сый-құрмет жасап тұрса, оның несі айып. Қайта олар осылай жасауға тиісті. Әйтпесе несіне бағынышты. Волостной управительдер уездной начальникке сыйлық жасаса, олардың да соншама түсімі бар — оларға тәуелді түземдіктер аз ба? Мұндайда онша налымаушы еді, бұған не болды. Әлде жоғарғы жақтан бір тықыр таянды ма? Онда тұрған не бар, оларда көмей жоқ па екен? Мына азынаған мидай далада, түземдіктермен қатар өмір сүріп, жақсы тұрмыста тұрмауға ешкімнің қақысы жоқ. Бұл — өмір заңы!..»

Алексей Коновалов биыл Омбының кадет корпусын бітіріп, дала генерал-губернаторствосының статистикалық басқармасына қызметке орналасқан. Ауыр оқу, әскери тәртіп қажытқан жүдеулеу жігіт әке

қолында бірер ай демалып шилануға келген. Оның үстіне ең кереметі — келесі жазда үйленбек. Әйелінен бұл хабарды естіген ояз алғашқыда тулап: «Оған не қылған әйел. Әскери қызметте біраз істеп, төселсін, әлден басын байласа өзі әлжуаз бала жүнжіп кетпсін ме? Ақымақ сол, хомут табылмай қалады деп қорқа ма. Жоқ, менен лұқсат жоқ» деп баласымен бұл жөнінде сөйлескісі де келмеген. Ақыры әйелі күле тұрып, кімге үйленетінін айтқанда, Коноваловтың жүрегі жарылардай болған. Сүйтсе, баласы не деген ақылды десеңші, генерал-губернатор канцеляриясының басшысы Лосевскийдің жиеніне үйленбекші екен. Мұны естісімен енді ояздың өзі үйлену жабдығына жедел кірісіп, қашан генералмен құда түскенше есі шыға қуанып, тойды тез арада өткізбесе, олар айнып кететіндей көрініп, жүрегі алып ұшқан. Өзінің ең жақын, сенімді болыстары Нұртаза мен Азынабай, Жанботаға сәлем жолдаған. Бүкіл Ақмола болысына қарасты, Омбы, Көкшетау уездеріне жар салып, үлкен салтанатпен өткізер ұлы тойға қатысасындар, қамдана берілдер деген хабар тиісімен ояздың емеуірінінен-ақ ішкі ойын айтқызбай түсінетін Кемелевтер бес жүз теңгені той жабдығына жаратарсыз деп алдын ала жеткізген. Жанбота мен Азнабайдан да қыруар ақша түсті. Енді, міне, Сүлейменнің тағы да екі арғымақты алып келіп тұрғаны мынау. Аанада Нұртазаға Алексейдің ойын айтқаны бар-ды.

— Батя, бұл үйлену тойы — бүкіл Сибирьлік дала генерал-губернаторствосы бұрын-соңды көрмеген үлкен той болуы керек. Ол жалғыз мына провинциялық Көкшетауда өтпейді, бұған Ақмола болысының, Омскі уезінің белгілі чиновниктері, Петербургтен арнаулы қонақтар шақырылады. Тойды Омбы дуан басы — Эзет басқарады... Бүкіл қырғыз-қайсақ даласымен жүретін экипаждың аттарын алдын ала дайындау керек. Әрине, дала жолында, станцияларды аралағанда бес, сегіз аттан қатар жегуге болмас, әйтсе де кемі әр фэзтон, повозкаларда екіден тандем, үштен арбалет жегілуі тиіс. Бұл бір айта қалғандай көрініс болады. Той соңынан қалыңдық екеуміз Петербург, Париж қалаларына үйлену сапарына аттанбақпыз, — дегенін құлаққағыс етіп, желісті, сұлу арғымақтардың қажет екенін ескерткен.

Той жабдығына дайындалған оязда ес жоқ еді.

Мына бір сүмеңдеген Ақмола байлары қайдан тап болды. Қуаныш үстінде жүргенде көңіл шырқын бұзуларын қарашы. Оларға Кемелевтерді қалайша ұстап бермек. Егер істі кейінге қалдыра тұрса, Сағынаевтардың беті жаман, дала генерал-губернаторына дейін шағынып, мұның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сүлейменнің де тым жылтындап кеткенінде бір гәп бар екен-ау.

Коновалов үйіне қабағы қатулы кірді. Жұмыстан қажып келгенде осылай тымырайып, мұрты салбырап көңілсіз оралатын ерінің мінезіне қанық әйелі ауыр, семіз, денесімен ширақ қимылдап, стол үстіне тағамдар қоя бастаған еді, ояз гүр ете қалды:

— Сүлеймен қашан келіп кетті?

Әйелі стол жасай жүріп, ұзақ шұбырта жауап берді:

— Бағана келіп кеткен. Кешке өзің жұмыстан оралғанда тағы да соғармын деді. Не деген жарқын жүзді кісі. Қашан көрсең бір қалпы. Тегі, ғұмырында ешкімге дабақ шытып, ренжіп көрмеген шығар. Қартаймайтыны да содан болар, үнемі екі бетіне қан ойнап тұрғаны, өте бір денсаулығы күшті, қайғысыз, көңілді жан. Әрине, оның үстіне миллионер болса, тегінде басы күшті жұмыс істейтін адам!

Әне, еркектердің бәрі сондай болса...

— Жетті. Саған ұнап қалған екен басурмандар!

Варвара жалт бұрылып, үлкен көк көзін жыпылықтата, күйеуіне таңырқағандай қарады:

— Саған не болған? Мен оны жақсы дегенде... — Қиқалаң етіп иығын қозғаған әйеліне енді Коновалов зекіре сөйледі:

— Сен одан не сыйлық алып жүрсің?

— Маған емес, болашақ келінге әкелді, маған әкелсе де қой демес ем, — деп, ойында ештеңе жоқ Варвара төр жаққа еніп кетіп, су жаңа қол сандық алып шықты. — Сен неге осыншама аптығасың? Түсінбеймін баланың қызығына қуанар еді әке деген. Қайта, рақмет айтпайсың ба, олар міндетті емес қой. Мына қарашы, шығыс өрнегімен зерленген қандай сирек зат!

Варвара бетіне ою жүргізілген екі алтын білезікті стол үстіне қойды.

— Мына сырғалар қандай әсем десеңші. Маған әкелсе, қуана-қуана тағып жүрер ем, — деп, сандықтан алған иінді алтын сырғаларды құлағына жапсырды. — Қарашы, жараса ма?

Ал енді мынаны қара. Бұған біздің бар байлығымыз жетпейді. Мономахтың шапкасынан қай жері кем?

Коновалов үнсіз.

Варвара Игнатьевна сандықтан алған сәукелені күйеуіне ұсынды. Бетіне көздің жауын аларлық неше түрлі құлпырма асыл тастар қадаған төбесі шошақ сәукелені қолына алған Коновалов көлбақа ұстағандай шошынып, есік жаққа лақтырып жіберді.

— Енді жетпегені қалыңдықты басурманка ету ме еді. Қара бұларды, мазақ қылғысы келген екен.

— Не қылған мазақ!

Бұл кезде үйге енген Алексей не істерін білмей тұрып қалды. Жерде жатқан сәукелеге бір, әкеге бір қарап, тістеліп тұр.

— Саған не болды бүгін. Өз қызығыңның шырқын неге бұзасың? — деп Варвара сәукелені жерден көтеріп алды.

— Жарайды, ертең Омбыға хабар берейік. Үйленбей-ақ қояйын, — деп, Алексей бұрқ еткенде, Коновалов өз ісінен ұялғандай, сылти басып жатар бөлмеге қарай беттеді...

Бұл кезде, қасында Радзилевич бар, Сүлеймен де кештетіп аулаға ене берген...


Әйнектерін өрнекпен оюлап, мәнерлеген шіркеу терезелеріне ұқсас биік терезелеріне ұзын шашақты шедірен перделер ұстаған, еменнен бұрап жасаған дәу-дәу столдарының бетіне де қалың жамылғыш жапқан, шалқаймасы биік орындықтары да зілдей, кең кабинет іші қапырық. Сырт киімдерін тастамай пысынап отырған іштегілер, тақия астындағы тақыр бастарынан шып-шып білінген терлерін жарты кездей ұзын шәйі, жібек орамалдарымен жиі сүртінеді. Кейде жамыраса сөйлеп, сөзге қонақ бермей, бірін-бірі талап, жұлып жердей ұмтыла түссе, бірде өздері отырған ояз кеңсесінің шаңырағынан қаймыққандай жан-жақтарына жұтына, долдана қарап, «әттең, не керек» дегендей іштей кіжінеді.

Сыртта жауын. Анда-санда гүрілдеп күн күркіреп, іле күз аспаны шатыр-гүтір жарқ еткенде «Астағыпиралла!» деп отырғандардың көздері алақтап, қайсыбірі нажағайдан қорқып, кеудесіне жарқыраған знагін баса қалады. Күздің мезгілсіз уақытында күркіреп, жарқылдаған күнді қазақтар жамандық деп білсе де, іштей жақсылыққа жорып, құдайларына сыйынады.

Бұлар барымтамен ұрланған малдарын даулай келген Ақмола шонжарлары мен дауга іліккен Кемел ұлдары — Нұртаза, Сүлеймен. Бұлардың сөздерін қалт жібермей, маңдайын басып, қалғыған адамдай Радзилевич отыр үнсіз.

Біреумен қатты сөзге барысқанда үлкен көздері жиі алақтап, төндіре сөйлеп, шалқая бере қарқылдай күліп, қашанда дұшпанын мұқата, кекете түсіп, қарсыласының қытығына тие рақаттанатын Нұртаза мен әр сөзін нығарлап, салмақты сөйлейтін, ойлы, айлакер, айтыса кетер шынтуайтта шешен Сүлейменнің мінезіне Радзилевич қанық. Ал мына отырған Ақмола шонжарларын біліңкіремейді. Олар мұның алдына ісі түсіп бұрын келген де емес. Паң Нұрмағанбетті Омбыда үлкен бір жиында көргені бар. Өте мәдениетті, аса сәнді киінетін, әр қимылы орыс чиновниктеріне көбірек ұқсайтын оқыған адамның кең сахарада мал байлығының төңірегінде ғана отырғанына іштей таң қалады. Әр сөзін баппен, асықпай сөйлейтін, оғаш мінезі жоқ құпия адамның ішкі дүниесі де — жұмбақ бір сыр. Әйтсе де алғашқы көріскеннен бастап, мансабы зор ұлықтар алдында да онша иліге бермейтін Сағынаев, атына сырттан қанықтығынан ба, қарауылдарға кеткен үшін қайтармаққа деген құлшынған құштарлықтан ба, Радзилевичтің ыңғайына көшіп, мұның көп-көп кеңестерін бас шұғып отырып қабыл алған. Ендігі жерде қарт нотариустың міндеті Кемел ұлдарын да жығып бермей, екі жақты бір бәтуаға көндіру. Ол үшін кеше Коноваловпен ақылдасып шешкен «ойындары» ойдағыдай өтуі қажет. Ол көп ұзамай басталады. Оған дейін дала бөрілері бірімен-бірі таласып, біраз аптықтарын басып алсын.

Отырғандар ділмәрсып да, долданып та шарпысқанда, сөзге қонақ берген көнтері адамның сыңайын танытып, үнсіз тыңдаған Сүлеймен бір кезде айлаға басып, ұзақ сонармен сиқырлыққа салды.



— Қадірменді ағайындар, бар сөздеріңді көңілге дық алсам да, амалсыз құп алғандай таласқа барғым келмей отыр еді. Енді мені бірауық тыңдандаршы. Біз ояз кеңсесіне, патша үкіметінің қасиетті мәккәмәсіне жиналғанда билер айтысына жиналғамыз жоқ. Мәртебелі оязға шағыммен, гадалаттық тілей келдік. Ендеше босқа арам тер болып, жақ-жақ боп кергілесіп, бір-біріміздің түп-тұянағымызға дейін қазып, шаңымызды қаққаннан келер, кетер пайда бар ма? Бәрің де қазақ жұртында білдей-білдей аттарың бар, ата сұраса келсе атақты жерден, сүйекті елден шыққан текті азаматсыңдар. Біз бұлай ырылдасып жатқанда, басқа қара қауым мұнымызды не дейді. Бір-біріміздің бетімізді жыртысқанда, ертең жұртымыз қалай қарайды бізге. Егер мал барымталайтын біз екенбіз, ояз арқылы зерт жүргізіңдер, оған дейін несіне таусыласыңдар. Әгәркім, шын деп отырғандарың ертең жала боп шықса, көріспейтін адамдар емеспіз, бағанадан бері айтқан ауыл қатындарының сөзіндей былапыт, өнегесіз сөздеріңе ұялмайсыңдар ма?

— Мал ұрлаған ұялмай, малы ұрланған ұялсын дегенді қай атаң айтты, Сүлеймен? — Бетінен мойнына дейін қамшаудан қалған қызыл ала дағы бар Дәулен бай шаңқ етіп кеңірдегін созды. — Олай жалтарма сен, бәрібір қыруар малды артыңа тығып жайбарақат жата алмайсың, ұялған тек тұрмас деп, бұлаң құйрыққа салғаныңнан түк өнбейді, ұры арты қуыс. Одан да ел болам, жұрт болам десең, ояз алдында бітімге келіп, малымызды қайтар!

— Оу, ақсақал-ау, бағанадан бері не айтып отырмын. Сіздің малды барымталайтын ұзыннан өш, қысқадан кегіміз жоқ.

Жөнсіз-жосықсыз сөзді қайта-қайта несіне көңірсіте береміз.

Дәулен бай кеңірдегін созып, желпіне түсіп тағы бір ашулы сөзді бастай бергенде, сырттан дыбырласып Жанбота мен Азынабай болыстар кірді ішке.

Қазақтармен бас изесіп амандасып, Радзилевичпен қол алысқан қос болыстың жағасы жайлау, шор маңдай қошқарлардың сүзіскенін қызықтауға келген хан сарайының адамдарына ұқсап, жайраң қағады.

— Е-е, бәсе, керейлер мен қарауылдар бастарың жаңа қосылып, мүлдем жарасып қалыпсыңдар ғой. Бәсе, бәсе, ежелден осылай болса керек етті, — деп Азынабай ортадан киіп, мұқата жөнеліп еді, отырғандар қабағынан қар жауып, тістенген қалпында бастарын көтермеді. — Оу, еліңе жау шапқандай бұларың не, бәріңнің беттеріңнен түк шығып, қайғы жұтып отырсыңдар ғой. А, Нұрмағанбет, саған не болды, әкең бүгін өлгендей. Кеше ғана қарауылдан басқа үш жүздің баласын тамам шақырып, әкеңнің атын көкке көтермеп пе ең! Енді не арманың бар?

— Бәсеке десейші, — деп Нұртаза да Азынабайдың ащы әжуасына қосыла кетті, — бүкіл қарауылды алаап, жалғыз барған бір қарауылдың атын өлтіріп, өзін аластап жіберіп еді, енді жоғалған малын сол кекті адамнан іздемей, шақырусыз қалған бізден тудырмақ. Пенде алжиын десе оп-оңай екен-ау.

— Е-е, Нұртаза-ай, Нұрмағанбет алжушы ма еді. Ол түгілі, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде отырып, мына Мәтекең де тіріге есесін жібермес. Одан да аталарына ас берем деп тыраштанып, жалаңбұт қалған немелер, енді қарауылға жала жауып, артын жаппақшы деседіші... Мейлі, көрші-қоң тату-тәтті ел едік, дегендері болсын. Қол ұшын берейік сорлап қалған бейбақтарға, — деп Азынабай мырс-мырс күлді. Сағынай асына шақырылмағанына өлердей күйініп жүрген болыс осы арада азуын аямай-ақ батырды, тағы да ұлы тілін біраз түйрей түсейін деп ақталып еді. Паң Нұрмағанбет бұған да күйе жаға сөйлеп, тосқауыл берді:

— Әй, Азынабай қышынуға қара таба алмай, зерігіп келген екенсің. Біз зерігіп те, ерігіп те жүргеміз жоқ. Ділмарлыққа салынып, қылмыс ізін бүркегің келеді-ау. Болмас оның, шырақ.

— Қайдағы қылмыс, пау деген, сен енді несібеңді бәрімізге шашқың келген екен...

— Бәріңнің де ым-жымың бір. Ертең беттерің ашылғанда көрерміз. Сен де ұрының бірісің.

— Бір Тұрлыбектің өзі жетер індеріңе су құюға, ол қарағым да бүгін-ертең келетін шығар, — деп Мәті де Нұрмағанбет сөзін қостап, советник Күшенұлын арқаланып күш көрсетіп қалды.

— Пау деген, пау деген. Сонда мен де ұры боп шыққаным ба, — деп, Азынабай бұл жолы өтірік күліп, Жанботаға қарады, — мыналардың сөз саптасына болайын, өзі ақ патшаның заңында жала жапқандарға деген айып бар ма. Болса, айтпады деме, сен куә боласың, Жанбота, куәгерім сенсің!

— Ояз келеді...

— Тынышталыңдар...

Үстінде сәнді оқалы мундир, қасына тілмаш ерткен Коновалов есік табалдырығынан ордан өткендей кең аттап, ақсақ аяғын соза, сүйрете басып, биік столға беттеді. Соңын ала енген қылышты пристав босағада бөгеле берді. Қақ айырыла отырған қазақтар орындарынан ширақ тұрып, тағзым етісті. Қашан ояз стол жанына жайғасқанға дейін орындарына отырмай, түрегелген қалыптарынан жазбады. Орнынан тұрмаған жалғыз паң Нұрмағанбет ғана. Жұмсақ орындықтан құйрығын сәл көтере беріп, таяғына қос қолдап сүйенген қалпы бас иген болды да, креслоны пыс еткізіп қайта отырды.

Ояздың қуаңдау тартқан түсі сұсты, қабағының түйілер тұсындағы қою қасының әр қылы бұрынғыдан бетер тікелей кеткен сияқты. Екі қолымен столды тірей етпелеп, болыс, байларды жаңа көргендей көкшіл көзін сығырайта түсіп, әрқайсысын тінте, сүзе қарап бір қауым уақыт үнсіз отырып қалды. Қазақтар жайсыз көзден жасқанып, төменшік тарта беріп еді. Мәті қарт үйді басына көтере түшкіріп салғанда мырс етіп бірі күліп, бірі жөткірініп, жұрт қозғалақтай бастады.

— Позор, позор, — деп Коновалов тістене түсіп, шаңқ еткенде, Мәті жеңімен аузын басып, ояз өзіне зекіп отырғандай зәресі ұшты. — Позор

деймін, позор! Естіп отырмысыңдар. Сендерді ұлы мәртебелі патшаның қырғыз даласындағы сенімді адамдары дейміз. Жо-оқ, сендер бір-біріңді жұлып жеп жатқан жыртқышсыңдар. Сендерді көрген ел қайдан оңсын. Бет-бетімен жайылып, ойына келгендерін істейді. Заң-жоба біледі дейтін сендердің істеп отырғандарың мынау. Біріңнің басыңды жарып, біріңнің көзіңді шығарып отырсыңдар. Сендерге заң ғана емес, қамшы керек, қамшы. Жанбота, Азынабай, сендер не ғып отырсыңдар? Кім шақырды? —

Мына екі болысты жаңа көргендей Коноваловтың көзі шатынап кетті.

— Біз... біз бір шаруамен келіп едік, мына істі білмедік, — деп күмілжіген Жанбота қасындағы Азынабайға қарап, екеуі де орындарынан көтеріле беріп еді, ояз қолын сілтеп, отырыңдар деген белгі берді.

— Қайда дау, қайда ұрыс-жанжал болса, бәрің шұбап жүретін әдеттерің. Жо-оқ, бұл әдетті тастарсыңдар, тастармыз. Сендерге уезд начальнигінің мекемесі дүкен де, базар да емес. Ұрланған, жоғалған затты тауып беретін полиция да емес. Ол үшін зерт орны, сот, прокуратура бар!

— Ол орындардың барын біле тұра сізге келген себебімізді айтқан едік, — деп, ояздың жұлқына сөйлегенін жақтырмаған Нұрмағанбеттің де беті жыбыр ете қалды. — Егер ұнатпасаңыз, арызымызды қайтып алып, орынды жерге жолдауға әзірміз, ғапу етіңіз, Ваше благородие!

— А, а, жо-оқ! — Ояз астыңғы ернін ызалана тістеп, шалқалай берді. — Енді шағымды қайтарып беру! Жо-оқ, ол болмайды. Қаншама уақыт кетіріп, сендер үшін алтын уақытты зая етіп, қаншама пайдаға жұмсайтын уақытты... Жо-оқ, гос-сподин Сағынаев, бір отряд қарулы қолды аттандырып, жазықсыз елді жәбірлеп, одан уезд чиновниктерін, Россия империясының ақ, адал қызметкерлерін лайлап, жала, пәле қуып жүрген адамдар жайбарақат қалмайтын шығар! Иә, солай, болмайтын шығар.

— Ғапу етіңіз, Ваше благородие, біз сізді жазғырып келгіміз жоқ, жазықсыздан таланған мына жұртымызға арашашы болсын, әділдік ізін көрсетсін деп келдік. Бізде жала жоқ, атамаңыз, Ваше благородие! — Нұрмағанбет көп сөздерді ұғынбай, жігері құм боп отырған мылқауларына «солай емес пе» дегендей алақтап қарап еді, аналар дым түсінбесе де, паңның сыңайын құптап, бастарын изесті.

— Жала жоқ па, Сағынаев?

— Жоқ, Ваше благородие!

— Егер болса?

— Енді... болғанда, қалай! Бар түйткіл... жоқ, бар дәлел Кемелевтерге ғана тіреледі!

— Көзіңмен көріп, қолыңмен ұстап па ең? — Нұртаза қабағының астымен атып жібергендей оқты көзін қадады.

— Кемелев, саған сөз берілген жоқ!..

— Не дейді?

— Түсінбей қалдық, — деп Мәті мен Сілеті болысы Нұрмағанбетке иектерін көтеріп, сақалдарын шошайтты.

— Егер жала болса, өздеріңе пәле дейді.

Коновалов қазақша өңмендей сөйлеген шалдарға сынай қарап, бармағын тістелеп үнсіз отыр. Азынабай, «Солай ма екен, күйрықтарыңа бір-бір шаланы қыстырып кететін шығарсыңдар» дегендей, айызы қанып, жымың-жымың етеді. Қандарын іштеріне тартқан Нұртаза мен Сүлейменнің жүздерінде әлденеден үріккен үрей бар. Жанбота ғана жайбарақат тыңдап, даудың арты қайда соғарын тамашалап отыр.

— Жала-жала дегенде, Нүреке-ау, айтпаймысыз, мал ізі сайрап жатқан жоқ па. Қызылжар, Түменге қарай айдалған жылқышыларына дейін көрген адам бар. Одан артық не керек? — деп Тасемен араласты.

— Оның бәрі қағазда көрсетілген, білмей отыр деймісің.

— Та-ақ, малыңды Кемелевтер ұрлады дейік?

— Ұрлық емес, барымта деңіз, Ваше благородие!

— Один черт, неғылған барымта-барымта. Бәрібір оның аты конокрадство. — Ұрлық! Ал Кемелевтер неге ұрлайды. Өз малдары жетпей ме?

— Мал көптік етпейді. Ваше благородие! Барымта — кек алудың жолы. Өштікті көрсетеді.

— Бұл уезде Кемелевтен басқа өштерің жоқ па?

— Жоқ. — Коноваловтың қазымыр сұрақтарынан ығыр бола бастаған Нұрмағанбет шорт кесті.

— Сіз әкеңіздің тойында... қалай деуші еді, кыргызша?..

— Ас дейді, Ваше благородие!

— Иә, сол аста сіз кімнің атын өлтірдіңіз? Ол, сізше, өш адам болып табылмай ма?

— Жоқ, оның қолынан келетін шаруа емес. Және де оның атын өлтіруге менің түк қатысым жоқ.

— Жар-р-айды. — Коновалов быртық саусақтарымен столды ызалана тарсылдатып ұзақ отырды. Бәрі де үнсіз. — Ал мен сендердің ұрыларыңды таптым.

Отырғандар селк етісті. Бұл сөзді алдын ала білсе де, Кемелевтер де бастарын оқыс көтеріп алды. Ендігі қыл көпір осы түс еді.

— Түсінбедім, Ваше благородие, тапқаныңыз қалай?

— Тапқан қалай болушы еді, кәдімгідей тапқан! — Коновалов есік жақта отырған приставка иегін көтерді, ол шыға бере әлдекімге бұйрық етіп, қайта кірді ішке. — Сол үшін он бес күн уақыт кетті. Иә, он бес күн. Ал сендер болсаңдар, ұры іздеудің орнына, біріңмен бірің төбелесумен жүрсіңдер. Мен болсам, казак атамандарына конокрадтарды тапқызып, осында айдап келтірдім. Қазір көресіңдер.

Бәрі тым-тырыс. Демдерін іштерінен алып, «Рас па, өтірік пе, апыр-ай, рас болса, кімдер екен?» деп есікке телміреді.

— Ойпырым-ау, бұл қалай тапты? Тегінде бұлар да жай жатпай, зерт жүргізген-ау!

— Е-е, қолында қаншама гаскер, ояздың құрығы ұзын емес пе?

— Дегенмен иісшіл немелер-ау. Шын болса, мынау бір ғажап шаруа

екен, — десіп керейліктер өзді-өзі ұрлана сыбырласып, есікке қарай ынтығады. Бөлме ішінің қапырығынан ба, көңілдегі қобалжудан ба, жүрегі айнығандай басы айнала Нұртазаның маңдайынан шып-шып тер шықты. Ін аузы қалтиған сарышұнақтай бойын тік ұстаған Сүлеймен жүзінде түк өзгеріс жоқ, сұрланған қалпы қимылсыз отыр.

Әлден уақытта сенектің тақтай еденін дүңкілдете басқан бірнеше аяқ дыбысы естілді де, отырғандардың тайдай тулаған жүректерін одан сайын тулата түскендей осылай қарай жақындай түсті. Дүңк-дүңк етіп кеп тоқтады.

Іштегілердің көздері шығып барады.

Есік ашылды. Әуелі мұрты ширатылған жандармның басы көрінді, ар жағында ұрылар ұйығып тұр. Жандарм көзі шегірейіп оязға қарады, ояз басын изеді. Сол кезде барып, бірінен соң бірі ішке топырлай басып үш адам кірді. Алдымен бет-аузын түк басқан, өңі суық, қапсағай қарт, атақты ұры Байбатыр кірді.

— Еһе, мұнда өңкей жақсы мен жайсаңдар отыр ғой. Ассалаумағалай-кү-өм! — Қолын артына ұстаған қалпы күж етті.

— Оу, сен Байбатыр ақсақалмысың, апырым-ау, бұл қалай болғаны, — деп орнынан бір тұрып, бір отырған Нұртазаның көзі бақырайып, шымшық торғайдай шыжалақтап қалды. — Бұл қалай болғаны, шынымен ұрлық менің болысымнан шыққаны ма? Бұл қалай болды? Мүмкін емес...

— Тыныштал, Кемелен!

Байбатырдан соң еңгезердей балуан Ожымбай кірді. Соңында Шәкей бар. Екі иықтарын жұлып жеген өңкей қарулы, бетті жігіттердің бойынан қайнаған ашу, қажырлы жігер байқалады. Еркіне жіберсең, іштегілерді баса-көктеп, таптап кетердей айбынды жандар. Айыптымыз деп жасқана басып, мүләйім тұрған жоқ, өш алып, кектері қайтқан үстемдікпен еңсесін көтеріп, жайраң қағады.

— Та-ак, жылқы ұрлаған сендерсіңдер ме? — деп, Коновалов барымташыларға зекірмей, ақырмай, жай ғана жұмсақ үнмен сұрақ қойды.

— Не дейді, маған айта ма? — деп Байбатыр ояздың қасындағы селдір шашы кірпіше тікелейген тілмашқа иек қақты. — Әй, бала, мен оның орысшасын түсінбеймін, шіренбей айтсаңшы, не деп отыр?

Тілмаш оязға бұрылып еді, анау басын изеді.

— Жылқы ұрлаған сендерсіңдер ме деп отыр.

— Е, біз емей кім болады, кеше айтып ек қой, сол үшін әкелдіңдер ме осында. Қашанғы бір сөзді мың рет езе бересіңдер. Оязыңа сөзімді түгел жеткіз.

Енді тілмаш оязға жиі бұрылып, құлақ салып, соның айтқанын сұрай бастады.

— Кім жұмсады жылқы ұрлауға?

— Әй, тілмаш, әуелі қолымдағы кісенді алдырсын, қолым шешілмей, тілім шешілмейді, бізді қырып тастайды деп қорқып отыр ма, соңымыздан қылыш асынған он-он бес иті жүрген жоқ па шұбап.

Ояздың лұқсатымен барымташылардың артқа қайырылған қолдарындағы бұғауларын жандармның бірі сылдыратып алды. Нағыз керекті жауап тұсында отырғандардың шыдамы таусылып, қара шалдың аузынан шығар сөзді қалт жібермей, құлақтарын тігіп, өрт сөндіргендей сұрланып алыпты. Нұртаза қалтасынан жарты кез орамалын суырып, тершіген маңдайын қайта-қайта сүртінеді.

Байбатыр жауабын одан бетер созып, әуелі бұғау қысқан жүнді білектерін келдек саусақтарымен мытып-мытып алды да, қызыл көз Мәтіге қарады.

— Әй, су мұрын шал, шақшаң бар ма, әкел, немене мені табан аузында шауып алар деп отырсың ба, мұндай құқайдың талайын көргенбіз, тышқан аңдыған маубас кәрі мысықша жұтынуын!

Мәті ызба баулы, қоңыр ши барқыт қап шалбарының ышқырлығына қолын терең сұғып, ішкі ұры қалтасынан күміс шақша алып, жаутаңдай оязға қарап еді, анау басын изеді.

Мойын шудасы желбіреген қара бурадан жасқанған үлектей именіп, қиралаңдаған бай, жып-жылтыр жұқа мүйіз шақшасын Байбатырдың күректей күсті алақанына тастай салып, қақпанның шаппасынан қорыққандай қолын жылдам тартып алды.

Бір алақан насыбайды ерніне атып жіберген Байбатыр:

— Ас иесімен тәтті, әкел алақаныңды, — деп қолы қалтыраған шалдың да әжімді болбыр алақанының аясына бір шөкім насыбай салып, шақша тығынып жауып, қарасаннан келген саптама етігінің байпағына сүңгітіп жіберді.

— Өй, қарағым-ау, шақшамды... шақшамды..

Байбатыр Мәті байдың кеудесінен сол қолымен жеңіл нұқып қалып, ештеме көрмегендей өткір көзін тілмашқа бұрды:

— Иә, жаңа жылқы алуға жұмсаған кім дедің бе?.. Кім болушы еді, мына керейлердің жауыздығынан мерт болған қайран Құлагердің аруағы жұмсаған, қалың қарауылдың намысы! Тағы не сұрайсың!?

— Мүмкін, Нұртазалар да бар шығар жұмсағанның ішінде, — деп паң Нұрмағанбет көзілдірігін шешіп, шынысын аузынан шыққан демімен булап, сынай қарады.


Ояздың самай шашы дірілдеп, танауы делдиіп кетті. Нұрмағанбетке отты көзін қадап, столды тақылдатты:

— Көлденең сөзді тоқтатыңдар.

— Әй, төрткөз неме, несіне қаярсынасың. Мен біреудің жұмсағанымен жүретін басыбайлы құл деп отырмысың. Ұрлық — ата кәсібім. Онда ешкімнің үлесі жоқ. Бұл жолғы ұрлық — сенің ел ардағы Ақанға жасаған зорлығыңның қарымтасы. Түсіндің бе?

Нұртаза солқылдаған жалғыз тақтай өткелден өткендей, іштей «уһ» деп терең дем алды. Тілмаш оязға сыбырмен ұры сөзін аударып отырған, Коновалов жымың етіп, бірдеме деді:

— Ал соңғы сұрақ: ұрланған жылқыларды қайда жібердіңдер?



— Қайда жіберуші ек. Біз мал малдайын деді деймісің, бес-алтауын іске асырам ба деп едім, оны да тауып алдыңдар. — Байбатыр күле тұрып, қайта түсін суытты. — Қалғандарын Жаман түз бен Жақсы түздың, Қалыбектің соры жұтып қойды, содан тауып аларсыңдар.

— Сендердің де жауаптарың осы ма?

— Е, біздің жауабымыз осы болмағанда, жаңадан бірдеме ойлап табар деймісің. — Ожымбай балуан гүр ете қалды. Шәкей басын изеді. Барымташылар жүзінде «керейлерде кеткен намысты бір қайтардық-ау» деген ырзалық бар. Қолдарын қайтадан кісендеп әкете бергенде Байбатыр кең иығымен кері бұрылды:

— Әй, тілмаш, андағы оязыңа айт, кешеден бері аш жатырмыз, тамағын шығынданбаймын десе, билер сотына тезірек жөнелтсін.

«Билер соты» дегенде Нұртазаның жүрегі тағы да солқ еткендей болды.

— Ал, мырзалар, көрген шығарсыңдар ұрылардың кім екенін, — деп сөзді жұмсақ бастаған ояз күрт өзгеріп, столды жұдырығымен қойып қалды да, атып тұрды. Жирен мұрты дір-дір етеді. — Нұртаза Кемелев, бұл не деген бейбастақтық. Болысыңда не болып жатқанынан хабарсызсың. Қазір конокрадство үшін қандай жаза қолданылатынын білемісің. Әрі кісі өлімі... Егер болыстық қызмет жалықтырса немесе қолыңнан келмейтін болса, орныңнан алуға мәжбүрмін. Сағынаев мырза, жазықсыздан-жазықсыз Кемелевтерге жала жапқаныңыз үшін іс қозғатуға тура келеді. Ол үшін нақақтан қараланған Кемелевтердің арнайы арызы жетіп жатыр. Нұртаза Кемелев, сен тез арада Ақмола уезінен, яғни Сағынаевтардың жұмсауымен келген басбұзарлардың аты-жөнін, олардың Көкшетау уезінің Мезгіл, Шалқар, Зеренді болыстарының қай ауылдарында болғанын, қанша адамды дүрелеп, қанша малды шығындағанын, сол сияқты басқа да жүгенсіздіктерін түгел тізіп бересің. Олар Көкшетау уезінің мировой сотында қаралып, жазасын алулары және де шығын орны өтелуі тиіс. Сұрақтарың бар ма?..

Паң Нұрмағанбет тұрды орнынан. Тағы да ескі әдетімен көзілдірігін алып булай бастап еді.

— Сіздің ендігі ырғалуыңызды күтуге уақыт жоқ. Не сұрайсыз, екі-ақ минут! — деп Коновалов күміс бауы салбыраған шойын сағатын алып, тиегін басып қалды.

— Сіз бір нәрсені айтпай кеттіңіз, Ваше благородие! Мал ұрлаған адамдар табылды, оныңызға мың да бір рақмет! Сіздің керемет еңбегіңізге, іскерлігіңізге тәнті болдық. Ендігі бір көмескі қалған жағдай барымталанған жылқыны қалай қайтарамыз. Кімнен аламыз?

— Дұрыс, түсінікті. Әлгі ұры шалдың ауылынан әкелген иесіз алты жылқыны, егер өздеріңіз танып, куә тапсаңыздар, осы жолы аласыздар. Олар полиция ат қорасында байлаулы тұр. Ал қалған малды іздеп, тауып беруге біз міндетті емеспіз. Конокрадтар жылқы ұрлаған жері бойынша Ақмола уезінің полициясына, одан соң мировой сотына табыс етіледі. Қалай

тексеріп, қандай үкім шығаруды, шығын орнын қалай толтыруды солар шешеді. Ендігі мәселе біздің, яғни Көкшетау уезі мекемелерінің қолынан келмейді. Біз, бар болғаны, өз жеріміздегі жаңағы айтқан тәртіпсіздіктер мен қылмыстарды заң жүзінде айыптаймыз. — Коновалов сағат қақпағын тырс еткізіп жауып, қалтасына салды да, аяғын сүйрете басып, кеудесін көтере ұстаған қалпы, төкаппар адымдап есікке беттеді.

Бөлмедегілер тым-тырыс. Әлгі ұрылардың ұсталуы, олардың Ақмолаға айдалып, малын іздеп келген паң Нұрмағанбеттердің «мүйіз сұраймын деп құлақтан айырылғандай» күйі, Нұртазалардың да ояз алдындағы халі, Коноваловтың бұларды жерге қаққандай зекіп кеткені — бәрі аяқ астынан тосын болғаны сонша, дау қуғандар біразға дейін естерін жия алмай мәңгіріп отыр.

Сыртта жауын сырылы естіледі. Тұтасқан бұлттан ба, әлде күн де кешкіріп қалған ба, дала ала көлеңке, шатырдан саулап аққан жаңбыр суы терезеден зорға көрінеді. Есіктен қолында су құйған шелегі, еден жуатын шүберегі бар кемпір көрінді.

Азынабай мен Жанбота алдымен тұра бастаған. Паң Нұрмағанбет шекесіне қолын тіреп үнсіз мүлгіген Радзиевичке: «Енді не болды, бұл қалай болды?» деген дағдарыспен жұтына қарады. Әлдене деп сөйлеуге оқтала беріп еді, ол осы бір қимылды күтіп отырғандай басын оқыс көтеріп алып, табалдырықтан өтіп, не істерін білмей тұрып қалған кемпірге қарады әуелі:

— Күте тұрыңыз, басқа бөлмелерді жуа беріңізші, — деп, басын иіп, шыққан кемпірді көзімен ұзатып салды да, Нұртазаға бұрылды. — Кемелев, Сағынаев, сіз екеуіңіз қала тұрсаңыздар екен.

Радзиевичтің бұларға не айтатыны Нұртазаға мәлім болғанмен, Нұрмағанбетке беймағлұм еді. Келгелі тажал шалды қайта-қайта қонақ етіп, қалтасына біраз ақша тыққан паң іс аяғы бұлай болар деп, әрине, ойламаған. «Оязды илкітірсем, бәрі сендердің пайдаларыңа шешіледі» деп көйігіп, будақ-будақ шағым қағаздарын да өзі жазып бергені қайда? Енді мынасы несі? Су аяғы құрдымға айналғаны ма?

Бөлмедегілер үнсіз шығып кетісімен, екі дөй төбелесіп, не шарпысып қалмасын дегендей, Радзиевич Нұртаза мен Нұрмағанбеттің ортасына отырды.

— Ал, мырзалар, — деп, біреу естіп қоймасын дегендей жабық есікке ұрлана қарап қойды. — Байқаған шығарсыздар, ойламаған жерден істің аяғы насырға шауып кетті. Егер әлгі ұрылар ұсталмағанда, кім білсін, басқаша шешілер ме еді, қайтер еді. Сіздер болсаңыздар, біреулердің жалған сөзімен бір-біріңізді кінәлап, қандай қылмысқа барғансыздар. Бүкіл елді дүрліктіріп, бассыздық жасағансыздар. Бұларыңызды ертең генерал-губернатор естісе, еш құптамайды. Жо-оқ, құптамайды деген жай сөз. Қазір заң қатал. Россия империясы азаматына қолданылатын шара дала қырғыздарына да қолданылмақ. Сіз, Нұртаза, шеннен қағылып, сіз, Нұрмағанбет, жоғалған малдан әрі абыройдан біржола айырыласыз. Жо-оқ, ол бер жағы, сотталасыз. Джаман, джаман, сиздар закон тусин-

бейди, қазр жақында царьдан степной губернаторство келген специальный закон бар. Джаман, Джаман!..

Радзилевич сөзінің соңын қазақшалап бітірді.

— Сонда қалай, мал ұрлағандар табылды. Менің шағымым жалған емес. Ендеше ескіше би сотына салса да, ұрылар елі, яғни сол болыс малды өсімімен қайтарып, өлген жылқыларға құн төлесе керек. Қазақ жұртында атам заманнан бері келе жатқан, қазақша айтқанда «мойнына қоссау, артына тіркеу» дейтін айып-айбана бар. Қызық екен, оның орнына мен жазықты болуым керек, — деп Нұрмағанбет басын кекжең еткізді. — Түсініксіз, мүлдем түсініксіз!

— Сағынаев мырза, менің сізге жаным ашиды, әрине. Бірақ шындығын айтуға тура келеді. Егер мықты болсаңыз, ана ұрылардан тудырып алыңыз. Олар, сөз жоқ, сотталады. Ал сонда малды олар қайдан тауып береді? Оған администрация жауапты емес. Ендеше, кімнен өндіріп алмақсыз?.. Жарайды, сөзді көп созбайық, менің соңғы кеңесім сол — ана ұрылар Ақмолаға барғанда сот үкімін сіздердің пайдаларыңызға шешкізу қажет. Оны, әйтеуір, араласқан соң, мен мойныма алар ем. Сіз екеуіңіздің бір-біріңізге алақөз болып, даурығуларыңыздан түк өнбейді. Татулық керек. Сонда, Кемелев, сіз де қиянат шекпейсіз. Сағынаев, сіз де малсыз қалмайсыз.

— Түсінбедім, оны кім төлейді! — деп паң Нұрмағанбет көзілдірік астынан төне қарады.

— Нұртаза төлейді.

— Қалайша мен?! — деп Нұртаза шоршып түсті.

— Секірме, Нұртаза, сенің болысыңда кибитка қанша көп болса, мал да сонша көп болды. Саған келер ештеме жоқ. Егер дау аяғын тез бітірем десендер, іс осылай аяқталуы шарт. Конtribusiция, мырзалар, контрбитуция...

Оның бұл ұйғарымына онша түсінбесе де, екі мырза бір-біріне үнсіз қарасып, билікті бердік дегендей, Радзилевичке құлақтарын тосты.

— Ендеше ертеңнен қалмай мен жүруім керек. Ақмоладағы заң орындағы достарыма тез жетуім керек.

— Бізге пұрсат беріңіз, ойланайық, — деді Нұрмағанбет.

— Сіз ырғалып-жырғалғанша, іс қолға алынса, оның қайсыбір қисық бағытын сіздердің пайдаларыңызға қайта түзегенше көп-көп қажетті уақыттар зая кетеді. Және де уақыт озған сайын түрлі инстанциялар құлақтанып, іс соғұрлым қымбаттай беруі ықтимал.

— Тым құрымаса, бір күн ойланайық, ел адамдарымен ақылдасайын.

— Оған шыдауға болады. Бірақ, ескертемін, менің де артылып жатқан уақытым шамалы. Кәріліктікі ме, сал ауруым бар бойымда. Тегі жылы жаққа қарай кетіп қалуым да мүмкін. Бұл істі басқа беделді адамдардың біріне тапсыруларыңызға да болады... Айтқандай, советник Кушенов сіздерге жақын адам деседі ғой.

«Ох, мыстан, оны да біледі, мұның естімейтіні жер астында шығар» деп, іштей тісін қайраған Нұрмағанбет:

— Жоқ, бұл төңіректе сізден басқа адамның ыңғайы келмес, — деп Нұртазаға қарады. — Солай емес пе?

— Әлбетте, әлбетте!

— Ал онда созатын ештеме жоқ, — деп орнынан тұрған Радзилевич босағада жатқан калошына беттеді. — Екеуіңе де айтарым сол, бұл арада жасырудың қажеті жоқ, қанша дос дегенмен ондағы адамдарда да ауыз бар және қандай ауыз, ә-әх, сұрамаңдар, көмейлері кең, тым кең олардың. Но, ештеме етпейді, сендердің қалталарың одан да терең, одан да кең!..

Қуныс Радзилевич қиналғаны ма, ызаланғаны ма, әйтеуір әлденеге назаланғандай, қашан калошын кигенше басын қайта-қайта шайқап, бөлмеден қалтақтап шыға берді.

12

Жер жобасын жақсы білетін Ақан, қасында Мөңке бар, ылғи төтелей суыт жүріп, арада екі қонып, үшінші күні ақшамда ел орынға отыра Қараөткелге жетті. Казак-орыстардың атауымен ел мұны Ақмола дейді.

Сона бір жылдары Атбасар жәрмеңкесінен қайтқан сапарда жолай түстенгені болмаса, Қараөткелге қайтып соққан жоқ еді. Ол жолы да қала аралап, үй танитындай қайдан болсын: жәрмеңке қызуымен думанды суытпай, маңындағы сал-серілермен, әнші-күйші, балуандарымен Қараөткелдегі Файзолланың үйіне түскенде, қала тұрғындары орыс-қазағына дейін жиылып, көшпелі трубадурлар, скоморохтар келгендей тамашалап, қоршап алған. Қазіргі Ақан серінің ойы сол Файзолланың баласы, жас әнші Ғазиздің үйіне түспек. Бірақ қай тұста екені есінде жоқ. Үнемі сейілмен топ құрап өскен сері күздің мазасыз шағында ұрлықпен жүргендей түнделетіп, жалғыз-саяқ келермін деп те ойлап па.

Есілді бойлай қонған қала оттары жаңа көздерін ашқан жұлдыздардай жыпыр-жыпыр етеді. Қаланың терістік жағынан кіріп, ішіне бойлаған сайын жиі-жиі оттар енді алыстап, бір-бірінен алшақтап шашырай берді. Бүгінгі таңда шетіне жеткізбейтіндей қараңғыға сүңгіген бұлдыр оттар қиырдан жылтырап, жүрген сайын ұзап барады. Күздің қара суығында қатқақ көшемен аттарын қатты аяңдатқан жолаушылар қаланың шет жағында алдарынан қараң етіп үріп шыққан маң төбеттің үйіне бұрылды. Бұған дейінгі үйлердің терезелеріне алыстан үңілген Ақан іште қараңдап жүрген адамдардың нобайынан да, қора-қопсысынан да қазақтар емес-сіндер-ау деп жобалаған. Расында, бұл тұста осыдан көп жыл бұрын келіп орын тепкен переселендер тұратын.

— Дәу де болса мына төбет қазақтыкі. — Жылы үйге кіріп қашан жайланғанша, бұрын қала жүзін көрмегендік пе, Ақмоланың түнгі түрінен түңіліп, жатсынып келе жатқан Мөңке:

— Өһ, келіп қалдық па, қайдан тани қойдыңыз, Ақан аға? — деп, іздеген үйіне жеткендей қуанғанда, ұзақ үрдіс жүрістен шаршаған баланы көңілдендірейін дегендей:

— Енді табармыз, мынау әйтеуір қазақ үйі, иттің үрдісі қазақша екен, — деді сері қалжыңдап. — Аттың түмсығына секіруін қарашы, тура мұрнынан маңқылдаған Мұқанәлінің үні сияқты емес пе.

Айтқанындай, жалпиган шатырсыз жер үйден біреу итке зеки шықты.

— Жолқұт, Жолқұт, жат! Кәһ-кәһ!

Төбет әлі де бір-екі ұмтылып, өршелене арсылдады да, жолаушы қасына таяп барғанда иесінің аяғына оралып еді, ол да жобасы Мөңкедей бала екен, иттің қарғыбауынан ұстап:

— Бүгім бұл! — деп қараңғыда бейсауыт адамға үңілді.

— Алыстан келе жатқан жолаушы едік, — деп Мөңке үлкен адамның мақамымен жөн айтқанша болмады, іштен қоңыр дауысты біреу шығып:

— Ассалаумалейкум, жол болсын! — деп таяй берді.

Оның артынан тағы біреу шықты.

— Әлей болсын, — деген Мөңкенің даусы қарлыға естілгенде, соңғы адам үніне қарағанда шал болса керек:

— Бала ма өзі, артында тағы біреуі бар ғой, — деп еңкейе қарап тұрып қалды.

— Алыстан келе жатқан жолаушы едік, бізге Ғазиздің үйі керек еді, — деп, Мөңке жөнін түсіндіргенше, екінші шыққан қоңыр дауыс:

— Қай Ғазиз, Ақмолада Ғазизден көп неме жоқ. Шала Ғазиз бе, ақсақ Ғазиз бе, ұста Ғазиз бе? — деп жолаушыны баласынып қақпақылдап күлді.

— Әнші Ғазиз, — деді Мөңке жұлып алғандай.

— Ә, әнші Ғазиз де.

— Файзекеңнің Ғазизи ме, ей?! Ол есеге қашаннан бері үй бітіп еді? Указ Файзолланың үйі демейсің бе, — деп шал Мөңкенің сөзін түзетті. — Сен оның кімі боласың? Ана тұрған кім? Әй, берірек жақындасаңшы, кім де болсаң, кісі жемейміз...

— Бізге сол үй керек еді. Алыстан келе жатырмыз.

— Алыстан болса жеттің ғой. Тұра қал әуелі, өзіңнің жөніңді айтшы, қай баласың? Қайдан келесің? Ана тұрған кім? — деп, сұрақтың астына алған шалға Мөңке де қырсыға жауап берді:

— Отағасы, сіз кімді білесіз? Менің атым Мөңке. Көкшетаудан келемін. Сарыарқаға аты шулы Мөңкемін.

Ақын да, ана екеуі де оқыс күліп жіберді. Шал қаршадай баланың тауып сөйлегеніне не дерін білмей, сөзден жығылғанын жуып-шайып:

— Е, солай демейсің бе? Аты шулы Мөңкемін де. Өзіміздің атақты Мөңке ағамыз екенсіз ғой. Онда не ғып тұрсыз, ойбай түсіңіз, қол қусырып қарсы аламыз. Аға, түсіңіз! — деп қылжақтап, бәйек болғансыды.

— Өзің еріккен шал екенсің! — деп, Мөңке атының басын бұра беріп еді, сәлем беріп, Ақан жақындады.

— Отағасы, шынында алыс жолдан келе жатырмыз. Егер білсеңіздер, жөн сілтеп жіберіңіздер, шаршаған баланы қажап қайтесіз, — деген өктем сөзге шал сәл басылып:

— Қарағым, менікі жай қалжың ғой. Ай, дегенмен балаң болайын деп тұрған бала. Өжетін қарашы. Ал енді жолаушы болсаң, дәм айдап бұрылған шығарсың, аттан түс, үйге кір, — деп шал жұмсара сөйледі. — Дегенмен мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл дегендей, қазақ баласымыз ғой, ныспың, елің кім?

Қадалған жерден қан алған мына шалдың білмей қоймасын сезген Ақан өзін басқа адам етіп таныстырғысы келді де, табиғатында өтірік айтып үйренбеген ауыз:

— Есімім Ақан, қарауыл боламыз, — деп қалды.

— Е-е, солай демейсің бе. Дұрыс, дұрыс, мына Көкшетау жағының қарауылысыңдар ғой? — дей берді де, жұлып алғандай. — Ақан дедің бе? Тұра қал, бәтір-ау, сен Ақан сері емессің бе? Жасаған-ау!

— Болсақ болармыз, — деді енді шалдың сұрағынан мезі бола бастаған Ақан. Шал даланы басына көтерді.

— Айналайын, жаным, күнім! Е, Алла тағала, бар екенсің ғой! О, жасаған ризамын, ризамын бергеніңе. Тура менің үйіме, мына жаман қараша үйге әкелуін қарашы. Айналайын, — деп, аттың шылбырына ора-лып, оң жағына, сол жағына бір шыққан шалда ес қалмады. — Жо-жоқ, енді ешқайда бармайсың, Файзолла үйі ешқайда қашпайды. Біздің үйге келген қонақ ешқайда баспайды, қазір Әлекең жалғыз тоқтысын сойып тастайды.

Сөзінің соңғы жағын қуанышпен әндетіп, атақты ақын алдында тақпақтата жүріп, Ақанның қолтығынан демеп түсіруге айналған шалға сері де тақпақтата жауап берді. Үй иесінің мақамына салып, соның ұйқасымен даусын көтере тұрып:

— Отағасы-ау, бейуақыт қонақ жұрт мазалап тосыннан есік ашпайды. Жасағанның ертең де күні бар, сыбаға ешқайда қашпайды, ел жатпай тұрып табайық, осында Ғазиз сынды жолдас бар ед жастайғы, сонда барып түнейік, бүгінше лұқсат беріңіз, тамақ емес, тынығу қазір бас қайғы.

Шал сәл ойланып қалы да, тағы өлеңдетті.

— Ақанжан, сен ат басын тірегенде үйіме, әкем тіріліп келгендей қуандым көрдегі, сендей азаматты түсіріп ала алмаса, қайда бұл шалдың қазақшылықтан көргені, тым құрымаса төрімде тізе бүгіп, ишаратпен кетпесең, алдыңда тұрған мына Әлтайдың имансыз боп өлгені! — дегенде, Ақан амалсыз түсті аттан.

Ірі, қапсағай денелі Әлтай қараңғыда аюдай қорбанды кеп, Ақанды құшақтап, баласындай бетінен сүйді:

— Әй, Жанатай, ана ақбақайға мініп Ғазизді тез осында алып кел, бір жаққа кетіп қалмаса ол қаңғыбас. Әй, сосын, тұра қал, Ақанның келгенін даурықтырма. Бәрін бөріктіресің. Келгесін көреді ғой. Ал сен қонақтардың аттарын қадаға байла. Суысын, — деп алғашқы шыққан балаға да бұйрық берді. — Ал, Ақанжан, әй балақай, атым Мөңке дедің бе, жүріңдер. Молланың үйі бұл арадан, қайда-а көп жер. Мына түнде сендер оны таба алмайсыңдар. Әй, шам шығарыңдар қораға, шам!

Әдейі күтініп, дайын тұрғандай. Біреу лезде май шам алып шықты. Даурыға, еліре сөйлейтін Әлтай қарт Ақандарды үйге бастап кіргенде, қораға бас суға бере бір-біріне үйлеспейтін балықтың шырыны мен қымыз иісі мұңқ ете қалды. Қораның тастай қараңғы түкпірінен жылқының тері аралас қи иісі келеді.

Қалың будан түк көрінбейтін қазандықтан, тағы бір жарма есікті ауыз бөлмеден өтіп, төр үйге жайғаса бере, иіліп, сыпайы амандасып, шолпысы сылдырлап, қонақтардан ығысып өте берген жұпыны киімді талдырмаш, ақсары бәденді қызға:

— Тегенеге құйып қымыз әкеліңдер, бауырсақ, май, әй, ыдыстарыңызды ыстық сумен қайта-қайта жуыңдар, тез, — деп бұйрықты үсті-үстіне төндіре, жеппелете берген үй иесіне Ақан жаңа ғана көз тоқтата қарады. Кең иықты, бар мүшесі ірі сүйекті, құйқасы тар маңдайына екі-үш терең әжім іздері батқан, бетінде қарсаннан қалған дақ бар, қара божбан адам. Жасы алпыстарды алқымдап қалса да сақал-мұрт қоймаған. Сөйлегенде, күлгенде әлі міні құрымаған аппақ тістері ақсия көрінеді. Күлкісі де өзінің қимылы сияқты: сақылдап оқыс күледі де, күрт доғарып, көзінің қарашығын аударып тастап, қайта сөйлейді. Өзінің-көрген-білгенін, ақтара сөйлейтін, бүкпесіз ашық, ақ жарқын, біреудің мінін көрсе де, жасырмай бетіне айта салатын бір бет адамның лебі еседі жүзінен.

Әлтай Ақанға әлі тіктеп қараған жоқ. Оң жағында молдасоқына отырған Мөңкеге көзінің қиығымен ұзақ қарады да, бүркіттің тұяғындай келіпандай саусақтарымен басынан бүре ұстап, үнсіз томсырайған баланың жүзін өзіне бұрып еді, анау қолын итеріп тастады.

— Жарайсың, болайын деп тұрған бала екен, — деп, сырттағы сөзін қайталап, басын кекжең еткізіп, көтеріп алды. — Көзі қасқыр алатын төбеттің көзіндей отты екен. Мынау отқа-суға салсаң да тайынбайтын, ата кегін қуса өліспей беріспейтін нағыз жаужүрек болайын деп тұр ғой. Өзінің тұқымында батыр жоқ па еді? Әттең, бойы шарқылау. Өседі ғой, әлі өседі. Мұндай шымыр немелер қысылып-қысылып келіп, бір-ақ жылда сырықтай боп шыға келеді. Түрі ешкімнен қағажу көрмей, еркелікпен бұла боп өсетін бoryқтай жасық босбелбеу емес, жонына ащы қамшы тиген сайын ширығып ширай түсетін көнтерлі, отқа салып балқытып, суға салып суарып, төс балғамен ұрған сайын шыныға түсетін болат қой.

Мөңке Әлтайды қыбыр етпей тыңдады да, сөз біткенде, қасқыр алатын төбеттердей, үнсіз ғана басын бір көтеріп, түйілген қалың қабақ астындағы отты көзімен шоқ шаша қарады да қойды.

Ақан мына ел ақсақалының кісі сынағыштығына қайран қалды. Шынында да Мөңке биыл астан қайтқалы мүлдем өзгеріп алды. Аз сөйлейді. Қалжыңдап, көп қажаған адам болса, үлкен-кіші демей арс етіп бетін қайтарып тастайтын морт. Атасы Байбатыр ұсталғалы бұрынғы бала мінезден түк қалмаған. Өзінің өңі де өзгерген. Жымқырыңқы еріндері, шықшытқа қарай томпая бастаған қалың етті, быттиыңқыраған екі бетінің үнемі түгі шығып, түтеп тұратын секілді.

Қымыз келді. Қоңыр, сұйық шашын қайтадан өріп, бір талын қобыратпай екі жағына бөлген жаңағы бойжеткен сыпайы отырып сары қымызды сапыра бастап еді:

— Әуелі Ақан ағаңа, мына Мөңкеге жастық әпер. Жан-жағына таста көпіртіп, — деп қызын жұмсаған Әлтай, Ақанның қарсылығына қарамай, үш-төрт жастықты қонақтардың оңы мен солына тастатты. — Ана біреуін салма, бидайынан жүн шығып жүр. Тысы барларын сал. Өзі кірлеу ме, дұрыстарын таңдап сал. Құдай маңдайыма бір-ақ қатын жазып, еді, көп қалың сұрамайтын мәжетолайлау кедей қызы еді. Мұндайлар жасынан тесік өкпе боп үйренген, шаруаға қылап болушы еді, мен қайдағы бір салпы етек салағына кезігіппін. Құдайдың жазуы сол. Алғашқыда аздап қолым да тиіп жүрді. Бәрібір пешенесіне жазбаған болмайды екен, Ақанжан.

Қыз бала: «Түуһ, тәте-ай» — деп, даусы болар-болмас сызылып қызарақтап қалып еді, Әлтай қарқ етіп күлді.

— Немене, шешеннің күлді көмеш салақтығына намыстанамысың, онда үй ішін өзің ұстамайсың ба? Ертең кетесің, сенен не қызық көреміз, одан да пайданды тигізіп қал, — деп қызын одан сайын ұялтты.

— Ал, Ақанжан, қымыз іше отырып, мына бауырсақ пен майды қарбытыңқырап жеп алыңдар, жолда ашыққан шығарсыңдар. Оу, бірақ ет жей алмай қаларсыңдар. Ет демекші, әй, әй, мұндар, мал қайда, мал, — деп Әлтай ауыз жаққа қарай айғайлағанша болған жоқ, желкесінен, құйымшағынан ұстап, тегене құйрық тоқтыны дедектетіп, қара мүртты жігіт: «Ассалаумағалейкум!» деп кірді.

— Әй, қол беріп, сәлемдеспейсің бе, — деп зілсіз зекіп қалды да, Әлтай өзінің қожанасырлығына күлді. — Ә, қолың бос емес екен ғой. Жарайды, кейін қол берерсің. Ал бата оқып жібер, Ақан. Әй, тоқтай қал! Әй, ана жақтағылар тегіс келіндер. Отаудағылар, бәрің! Тез, тез.

Киім киіс, жүріс-тұрысымен де дүйім елге әйгілі Ақан сері келді деген соң бұл қораның ішіндегі адамдар да шала бүлініп, еркегі бар, әйелі бар — тегіс бір киерлерін үстеріне іле қойыпты. Әлтайдан бұйрық келісімен бәрі төр үйге кіріп, серімен сәлемдесіп, босаға жаққа отыра-отыра кетісті. Енді не болар екен дегендей, бәрі үй иесінің аужайын бағып, қас-қабағына қарағыштайды. Келгеннен көргісі кеп ынтыққан серіге тура қарай алмай, қысылыс тапқан сыңайы бар. Алғашқыда мазасызданып, бір-екі бұлқынып қалған қара мүрттың шеңгеліндегі семіз тоқты ендігі қарсылықтан түк өнбейтінін түсініп, ол да «мұның арты не болар екен» дегендей, көзі шам жарығына жақұтша жылтырап, қимылсыз тұр. Әлтайдың әр қимылы да өзінің сөзі сияқты шапшаң. Отырған қатын-қалаш, бала-шағаға дейін шетінен тізіп таныстырды да:

— Ал енді, болды, барыңдар, алыстан қажып келген жолаушы дем алсын, тынықсын. Тамақтарыңды тез даярлаңдар. Сен андағы қойды тез жәукемдей ғой. Келін шырақ, әй аял, шек-қарынды ертең аршырсыңдар. Алдымен тездетіп қуырдақ қуыра қойыңдар, — деп қара мүрт баласынан бастап, келінге шейін бұйрық беріп, қуып салды да, Ақанның: «Қой соймай-

ақ қойыңыздар, әуре боп қайтесіздер» дегеніне де қарамай: — Болмайды, о не дегенің, сендей адамға бұйырған мына тоқтының не арманы бар. Базарға шығарам деп өзін де семіртудей-ақ семіртіп ем, сенің келуіңе көрінген екен ғой, өзі де аз күнде тез шиланып, бойына майын лезде жинап алып еді. Базары құрсын, қара суға қарап отырғанымыз жоқ, — деп шаруа жайын да жасырмай, бар сырын ақтара айтып қойды.

Мұнымен де болған жоқ, қонақтарына қымызды өзі сапырып беріп отырып, жағы бір тынбады:

— Ал, Ақанжан, бұлар кім, қандай адамдар деп отырған шығарсың. Енді жағдайымды там-тұмдап түсіндірейін. Біз — осы төдіректі мекендеген қуандық ішінде алтай, алтай ішінде Әлке-Байдалы боламыз. Атымыз да атамызға ұқсас — Алтай, қалаға ертеден қоныс тепкен жатақпын. Бұрын қырда мал бағып, азбыншы малдың сүрмесімен күн көрген кедей ауыл едік, осыдан жиырма жылдай болды, қатты жұтқа килігіп, көп аш-арық осы қалаға аудық. Қазір қаланың осы пұшпағында отырған сол аз алтай енді қанатымызды кең жайып, көбейіп келеміз. Құдайға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, үрім-бұтақ жайып, қалқайып жүріп жатырмыз. Кәсібіміз — мына Есілдің балығын аулау, азбыншы малды қала сыртына өргізіп, соны талғажау ғып отырған қара табан жатақтармыз. Жаңа өзің табалдырықты аттағаннан-ақ сезген шығарсың, осы үйдің тұла бойынан, ыдыс-аяқ, төсенішінен де балық иісі шығады. Таң ата көзімізді тырнап ашқаннан осы үйдің жас-көрісіне дейін қыбыр-қыбыр, бірі ау жамап, бірі балық аршып, кептіріп, жаңа аяқ басқан бала қолқабысын тигізбесе де, торсылдағын жарып, әйтеуір, балық кәсібімен көзі шыққан жандар.

Жолаушылар ат маңдайын тірегеннен бері әр нәрсені білмекке құштар, көрінгенді қазбалап сұрауға машық жандай көрінген Алтай енді қонақтар үйге кірісімен өз жай-күйін ақтарыла баяндап отыр. Ақан да енді тым-тырыс бас шұлғып, тыңдай беруден гөрі ақ жарқын шалдың сөзіне қарай әңгімеге араласқанды мақұл көрді. Және қала жайын жақсы білетін адамнан көп мән-жайға қанғысы келді.

— Әлке, қаланың біз кірген тұсы переселендер болуы керек. Олар қоныс тепкелі де біраз болған шығар-ау. Олардың да кәсібі балықшылық па! — деп сұрап еді, Алтай әңгіме отына май құйғандай, бұрынғыдан бетер көсіле жөнелді.

— Қаланың бұл тұсындағы орыстар — осы қалаға ең алғаш келген переселендер. Әлгі ел басқару жайында жаңа укәз қашан болып еді?..

— Алпыс сегізінші жылы емес пе еді.

— Иә, иә, бұл қарашекпендер содан бірер жылдан соң келіп, осы арадан жер кесіп берген екен ұлықтар, лай басып, балшық соғып қауқайтып-қауқайтып, үй тұрғызып алды. Бұл халқың ісмер халық болады екен, тіпті еңбектеген баласына дейін таң атса қарап отырмайды, тырбаңдап жатқаны. Тұра қал, содан... бұлар келген жылдың қысы қатты, боранды доңыз жылы еді, көктемде қар күрт еріп, арнасынан буырқанып шыққан Есіл сұрапыл тасыды. Осы біз тұрған жерлер аппақ дария болып, су үстінде қалқып

түрдық. Әйтеуір қолымызда сырғауыл, күні-түні күзетіп, үйлерді сеңнен аман алып қалдық-ау. Сонда деймін-ау, қыстан арып, жүдеп шыққан мына орыстарда ұйқы жоқ, кәрі-жасына дейін салындыдан сал буып, су жағалап, толқын айдап шетке шыққан жайылымдағы ақжем өлі шабақтарды бөшке-бөшке етіп түздап, жіпке тізіп қақтап, өкпек желдің өтінде қабырғалары ыржаң-ыржаң етіп жүріп, тағы да еңбектенгендерінің арқасында, ауыр қыстан да, көктемде жеткен жұттан да аман шықты. Баланың баласына мирас етер өсиет: «Еңбекті орыстан үйрен, орыстарша кәсіп қыл» деу керек.

Көпшілік жиналған үлкен жиында, мәслихат құрған жерде, ойын-тойда болсын, әсте бір жамбастап қисаймай, не жастық, көпшікке шынтақтамай, қаққан қазықтай тік отыруға ежелден әдеттенген Ақан, ұзақ жолда ат соғып, қанша қажып келсе де, Әлтайдың әңгімесін жалықпай тыңдап, сыр білдірмеді. Шынында да мал ішінде, кең жайлау, жазық далада күнелткен қыр елінің әңгімесінен мына қала жатақтарының әңгімесі мүлдем бөлек. Көрген қызығы, тартқан тауқыметі, сөз етер шаруа жайы да өзгеше. Бұрын жүрген жерде сауық құрып, ән салып, әңгіме айтса да бар жүкті өзі атқарар Ақан енді ел адамына сөз беріп, соны тыңдағанда атүсті өте шығар көп жайдың аңғарын түсіне бастағандай, жаңа бір тіршілік қарекетін ұға бастағандай.

— Оу, Ақан шырағым, қымыз іше отырыңдар, — деп, анда-санда дәм алдырып қояр Әлтай әлден уақытта барып өзінің артық, көп сөйлегенін аңғарғандай болды. — Апыр-ай, мен көп сөйлеп қойдым-ау, мазаларыңды алғам жоқ па?

— Жо-жоқ, айта беріңіз мына қарашекпендер жайын көп біле бермеуші едім, әңгімеңіз дәмді екен, Әлеке, — деп, сері шын құмартқан сыңай білдірді.

— Ә, қарашекпендер деймісің? Бұлардың өзі әртүрлі болады екен. Қарашекпендері — жаңа заңға дейінгі өз беттерімен келген босқындар да, ал переселендер крестіан-мұжықтар екен. Оу, мына баланың атын кім дедің?

— Мөңке.

— Иә, Мөңке бала қалғи бастады. Ау, ұйқың келсе, ана бірсалардың үстіне қисайып ал, тамақ піскенше не заман, саған әңгіме не керек. Жаман шалдың әңгімесінен бір көрген түсің тәтті шығар.

— Е, отыра берсін, ұйқы қайда қашар дейсіз. Көп шалдың ортасында бір бала отырса дана болар, көп баланың ортасында бір шал отырса бала болар, — деп, Ақан Мөңкеге қарап еді, ол зорға шыдап отыр екен, қорбаңдап барып, төсағаш алдына жастығын тастап, қисая кетті.

— Ә, жарайды, жатсын, жатсын, қажыған ғой. Дегенмен аты бала емес пе, ұзақ жолды қайдан көтерсін. Ау, айтқандай, Ақанжан, сен де шаршаған шығарсың, тамақ піскенше сен де мызғып ал, мен де бір әңгіме десе жаным кіріп, аттыға жол, жаяуға сөз бермейтін көксоққанның өзімін. Сені шаршаттым-ау деймін. Әңгіме кейін бола жатар, — деп, Әлтай Ақанның астына тағы да көрпе салмаққа тұра беріп еді, Ақан қайта отырғызды.

— Жоқ, Әлеке, ұйқы қайда қашар дейсіз, айта беріңіз әңгімеңізді, дәмді екен.

— Е-е, бізде не қылған дәмді әңгіме болсын. Әншейін, келмей жатып сені шаужайдан алмайын дегенім ғой. Біздің әңгіменің бәрі күйкі тіршілік, күндегі күйбең шаруаның төңірегі, — деп қымызды сапырып қойып, қайтадан сөзге кірісе бергенде, есіктен еңгезердей біреу кірді. Әуелі маңдайшадан сары ешкінің сабалақ жүніндей бет-аузын жүн басқан басын өткізді де, екі бүктелгендей еңкейіп, келіпандай аяғымен табалдырықты аттады. Кірмей жатып гүжілдей сөйлеп келеді:

— Алта-ай, Алтай, вот тебе на, сен үйде кумыс ішіп отырады, рыбақтар сыртта күтіп тұрады.

— Тұрса тұрады, — деп Әлтай есіктен кірген орыс шалына дүрсе қоя берді. — Әй, нәсіліңе тартпағыр, әуелі амандық қайда, амандық? Бұқаша гүжілдей бермей, сәлемдессеңші әуелі, мынау сен екеуміздің әкеміздей адам!

— А, саламалейкум! Ладно, сенде қонақ бар. Рыбақтардың екінші партиясын отправить жасадым.

— Жарайды, жарайды, шаруа өлгенде бітеді. Қане, отыр мына араға, қой сойылып жатыр.

Табалдырыққа құйрығын қойып, дәу етігін шұлғау-мұлғауымен қобырата шешіп босағаға тастаған орыс шалы Әлтаймен қалжыңдасып, сөйлеп жүр. Қалың қабағының астында қуақы көкшіл көзі жылтың-жылтың етеді.

— Күптен қой жемеген, жақсы, жақсы. Алтай, қалай булады, бас жеймін или тиль жеймін?

Әлтай қарқылдап кеп күлді.

— Әй, көк соққыр, бұгін тіл де жейсің, бас та жейсің, — деп тақыр басын сипалап күлген Әлтай Ақанға орыс сөзін түсіндіріп жатыр. — Былтыр мына көк соққырға бір тамыры келіпті. Ертеңіне «Әлтай деген досым бар, барайық», — десе, анау: «Оһо, барсақ, барайық, қазақтар қой сойып, бас тартады, білем, білем», — деп өзеуресе керек. Мына Барыс: «Е-е, Әлтайдың жөні басқа қазақтан бір бөлек, ол бас тартпайды, кілең тіл тартады, тіл жейсің», — депті. Содан бұлар келе қалмасын ба. Екеуінің уағдасын қайдан білейін, қақтаған балықты қаймаққа қуырып, шай бердік. Менің сөзуарлығым қандай, екеуіне жол тимей, таң атқанша өзім мыжып, жеке көсілсем керек. Үйлеріне кетіп бара жатып әлгі досы Барысқа: «Ей, Борис, әлгі тілің қайда жегізетін, бас та, тіл де жегізбеді ғой», — десе, мына менің көк соққыр құрдасым: «Падажди, сен не жегенінді ұмыттың што ли, әлгі қазақ таң атқанша тілімен кормит еткен жоқ па, содан артық не керек», — депті.

Ақан орыс шалының тапқырлығына, Әлтай екеуінің қазақша құрдастық жолымен қалжыңдасқан жарастығына ырза көңілмен ұзақ рақаттана күлді.

— Ал, Ақанжан, тұра қал, енді бұл Барыс екеуміздің бірімізді-біріміздің қалай қорқытқанымызды айтайын. Жаңа қарашекпендер мен мұжықтар жайын сұрап едің ғой. Мына көк соққырдың іздегенге сұраған дәл

келе қалмасын көрмеймісін, — деп Әлтай әлгінде үзілген әңгіме желісін жалғамалққа ыңғайланғанда:

— Альтай, Альтай, сен де ұмытпайды, хватит, көп айту керек емес, — деп Ақаннан төменірек отырған гүжбан шал қарсылық білдірсе де, Әлтай қолын бір-ақ сермеді.

— Е, айтса несі бар, өтірік пе, өтің жарылса да айтамын, тыңдамасаң балыққа кет, — деп енді бөгелместен қалжыңын араластыра сөйлей жөнелді. — Қымыз ала отыр, әй, ана жақта кім бар, Барысқа тегене әкеліңдерші. Бұл көксоққыр жалғыз биеннің қымызын тегенемен ішеді, жыланы бар ішінде. Иә, тұра қал, жаңа Барыс жоқта қай тұсқа келіп ем. Иә, бұлардың жазға қалай шыққанын айттым ғой. Біз ол кезде орыс десе теріс қарап, бұлар қазақ десе теріс қарап жүретін кез. Балаларымызды «құбыжық келеді, орыс келеді, жыласаң алып кетеді» деп жүрген кез ғой. Алғашқы жылы мынадай сорақылық болды. Біз ау құратын жерге бірер мұжықтар да барып талтақ ау құрып, моржа тастап, өздері қармақпен күн батқанша балық аулап жүретін. Бір күні бүкіл ау біткенде балық аз, бұрынғыдай емес. Келесі күндері мүлдем сиреп кетті. Содан біртүрлі секем ала бастадым да, кешқұрым мұжықтардың көрзеңкелеріне алыстан көз тастайтын болдым. Ақыры көзім шын жете бастады, бұл халық түске дейін ұйқтайтын біздің қазақтай емес, монғолдарша алағабеден көздерін тырмалай ашып, бозторғаймен бірге оянатын халық қой. Бірде таң ағара өзенге атпен барсам, әлгі екі мұжық, тағы екі-үш бала он шақты көрзеңке үйеме балықты қайқаңдата көтеріп дедектеп келеді. Шүпілдеген балықтар тайдай тулап, шоршып түсіп, жол бойы шашылып та келеді, оған да қарайтын олар жоқ, жүрістері суыт. Сөйтсем, құйрықтарын күн қыздырғанда барып оянатын қазақтар тұрып, өзенге барғанша бұлар ау біткенді тінтіп, түскен балықты сыпырып алады екен. Содан бері бір күн өткен соң бір ау, екі күннен соң үш ау жоғалды.

Ақан «әңгіме беті қалай бұрылып барады, Әлтай қалжыңдаймын деп отырып, шындап кетпесе не қылсын» деп ыңғайсызданып, қауға сақал Борисқа қарап еді, міз бағатын ол жоқ, бұрын талай тыңдап еті үйренген бе, жастыққа қазақша шынтақтай түсіп, танауы делдиген мұрнын сипап қойып, күлімсіреп тыңдайды.

— Ауы жоғалған ағайындар маған келіп, «атам қазақ біреудің еттігіне түсіп қаймағын, шошаласында піскен асын ұрламаушы еді, аудағы балықты ұрлаған деген не сүмдық?! Енді күн көрісіміз — аудың өзін жоқ қылды. Не де болса, переселендерден келген сүмдық, бұларда дін жоқ шығар, құдайынан қорықпағандары-ау, бүйте берсе, ертең дастарқанымыздағы асымызға дейін тартып алар. Осылай басындырып қоямыз ба. Біз де ел, жұрт емеспіз бе. Жиналамыз. Қарумен барып, тінтеміз» деп, тұяқтарымен жер тарпиды. Менің де зығырым қайнап жүрген. Бірақ ашу алдын ақылға салып, тым ушықтырып алмайық деп, әуелі пирегоуар жүргізбекші болдым. Содан, тұра қал, қасыма орысша бір қағары бар Естайдың Жанатай деген балуан баласын ертіп, осы Барыстың үйіне келдім. Бұл

да переселендердің басшысы екенін білетінмін. Ол кезде бұлар Есiлдiң Қараөткел жақ қабағында тұрады. Бойыма бес қаруымды салып дегендей, кездiгi, оқшантайы бар күмiс кiсемдi тағып, белiме қылпылдаған өткiр ақ балтаны қыстырып алдым.

— Рыбак емес, точно лесоруб сияқты болдың, — деп Борис бiр мырс етiп күлiп қойды.

— Какой-такой лисаруп, тура баяғының батыры сияқты едiм. Содан, тұра қал, аз үйi алтай жұрағаттар құдайларына сыйынып, ақсарбас, көк-қасқаларын ауызбен шалып, ұйлығып қала бердi. Бiр жаманат болса-ақ, айыр-күректерiн алып, майдан салуға даяр тұр. Бiз келсек, мына Борис үйiнде екен. Бiздiң қабарып кеткен, түксиген түрiмiзден зәресi ұшты бiлем, Кiсен деген әйелiне шай қойғызды.

— Да, сенен так испугался. Просто'сен шай куп iшедi, мен биледi. Ишим суы жетедi, — деп, Борис та қалжыңдап жатыр.

— Қорықпаған шығарсың жаманқатты. Тұра қал, содан ашуға булығып, тұтығып сөйлей алсамшы. Әйтеуір, Жанатай ұғындырып жатыр. Байқаймын, Барыс бiр кiшкентай қыз баланы тысқа жұмсап жiберген. Алдымызға үлкен жез самауырды алып отырғанбыз. Мен, батыреке-ау, шайды орыстар қазақтан үйрендi деп жүрсем, бұл орыстарың атам заманнан берi iшедi екен-ау. Самауырды да бұлар самауыр дейдi екен. Байқаймын, самауыр орталанған кезде бiр тапалтақ сақалды мұжық кiрген, амандасып, босаға жақтағы сәкiге отыра кеттi. Шайға шақыру жоқ. Бұларда ол кезде ондай әдет болмайтын, бертiн үйрендi ғой. Әйтеуір бiзден де бiрдеме жұға бастады бұларға. Содан самауыр еңкейгенше мұжықтар келiп жатыр, келiп жатыр. Бiр кезде үй аузы-мұрнынан шыға толды.

— Ай, сунда өзiң қалай қурықты айтпайсың ба? — Е, менiң жүрегiмнiң түгi бар дедiң бе. Аздап жүрексiнгенiм рас. Терезеге де бiр-екi қарап қойдым, олай-бұлай болса, қалай бұзып шығам деп. Шынымды айтсам, кiрпiш шай қайнатқан шай да жүрмей қойды. Бiр кезде, мұжықтардың бас-аяғы жиналып болды-ау дегенде, мына Барыс, өзi де тура барыс сияқты ғой, тұрып алып, ай ерiм-ай, гүжiлдеп кеп сөйлеп бермесiн бе. Тура, атам үйiнiң сарала бұқасынша басын шұлғып қойып бiрдемелердi айтып, зiркiлдеп жатыр. Мұжықтарда зәре жоқ. Сонда не айттың-ай, өзiң айтшы.

— Не айтамын. Бұлар да бiз сияқты батрак, балалар куп, уят кайда айттым.

— Бiр кезде, әлгi кiм едi, Епiм деген жiгiт пе едi-ай? Өзi кейiнгi кезде жоқ, бiр жаққа кетiп тынды ғой. Көзi түздай, секпiл бет, жел үрлесе жығылғалы тұрған бiр жiгiттiң кеңiрдегiнен ұстап, ортаға алып шығып, ерiм-ай, соны сықпасын ба. Анау қырылдап, тiлi сөйлеуге зорға келдi. Басқаларында үн жоқ. Ақыры Епiмдi босатып, үйден шығарып жiбердi. Бiр сүт пiсiрiм уақытта келдi-ау, әйтеуір. Ой, Алла-ай, қолында ау. Жиегiне өңкей топайлар тiзген қазақы ау. Әйтпесе орыстарға ол кезде аудың тартарларына салатын соншама топай қайдан келсiн. Содан, не

керек, көп ұзамай татуласып кеттік. Тамыр боп кеттік. Әй, «тамыр» деген сөз осы балықшы біздерден шыққан шығар-ау. Қазір, құдайға шүкір, бәріміз бірігіп, осы төңіректегі орыс мұжықтары бар, өзімізше кішігірім әртел құрдық. Бұрын аумен, қармақпен түйтыңдап жүретін біздер келе-келе сүзекімен маңайдағы көлдердің балығын сонау Қорғалжынға дейін сүзіп, кенеліп қалдық. Көптің аты көп емес пе, Ақанжан. Бұл орысыңнан үйренетін нәрсе көп екен. Бұрын біздер түгелдей шым үйде, ерінбегендер қыртыс үйде отыратын ек. Сіздер жақтағыдай, бізде ағаш үй қолы жеткен байларда болмаса, жай жатақтарда жоқ қой. Мына Барыстар саман соғуды үйретті. Міне, көрмейсің бе, еңсеміз көтеріліп, кең сарайдай бір-бір үйді салып алдық. Мұны да мұжықтармен бірігіп, помыштап көтердік. Қазақта да ұдықтасу деген болушы еді ғой. Сөйтіп, Ақанжан...

Сырттан дабырласқан дауыстар естілді де, үйге ентіге басып, қолында сырнай, Ғазиз кірді арсалаңдап.

Дар еткізіп сырнайын төсек үстіне лақтырып салған Ғазиз Ақанды бас салып құшақтап жатыр. Ел тұрмысында көп ұшырамайтын сирек әдетпен ұстаз ақынның, қайғылы ақынның бетін аймалап сүйді. Қараөткелде өзін еркін ұстап, сал атанған қайратты жігіттің көзінен аққан жас Ақанның бетіне ып-ыстық боп тиді.

Көріскен адамдай зорға ажырасқан Ғазиз қайтадан бойын жазып, сырмаққа отырмастан оқыс мінез көрсетіп, үй иесінің жанына тиер ауыр сөзбен, серіге тіл қатты:

— Ақан аға-ай, ойсыратып кетті-ау, атаңа нәлет алтайлар! Бұл Батыраштың тұқымы алтайдың үйі емес пе, қайдан ғана мұнда тап болдың. Жүрші, аға, кетейікші бұл үйден, ендігі көрмегенім жынды, есірік алтайлар болсын.

Әлтайдың өңі қабарып, күреңіте берді.

— Ғазиз-ай, не деп кеттің?! Өзім де Ақанжан келгелі жер боп отыр ем. Күйігіме күйік жамадың-ау. Менің кінәм қандай? Бір есірік алтайға елдігі бар мың алтай жауап бермек пе? Қарағым-ай, ауыр айттың-ау, ауыр айттың, басым шыңылдап кетті-ау, басым! — деп, Әлтай абажадай қос алақанымен шекесін сығымдап төмен тұқырая берді. — Бар, бар, менің үйіме жоламай-ақ қой...

— Әй, Ғазиз, отыр әуелі құйрығыңды басып, — деп, Ақанның да даусы ашы шықты. — Мені Ақан аға деп, соңыма еріп, жолымды қуар ұл болмақ нисетің осы ма еді. Мен сені осыған баулып па ем? Не айтып тұрсың? Құлагерді өлтірткен алтайдың әумесері Батыраш болса, ол қарауылға ғана салған шеңгелі ме еді. Ол өз ру, өз ағайынына да айуандай аяусыз, алдынан кесе-көлденең өтер болса, ұл, қызына да қатыгез, қаражүрек емес пе. Батыраштың о дүлейігі үшін қарауыл — алтайдың, алтай қарауылдың бос ағасын аттамасын дегенің бе? Ел бірлігін қорғар азамат әнші ме десем... Мінегі аға десең мына сөзіңді қайтып ал. Қайтып ал мына есер мінезіңді! Көрсетпе көзіме! Басыңды иіп, үлкеннен кешірім өтін!

Ақанның бар сенгені — ояздың әйелі Анна Ивановна. Ер басына күн туып, істі болғанда, серілікпен күн кешкен ақын табан тіреп барар адам табылмағанына, ұлықтардан бір жанашыры жоқтығына жаңа көзі жетіп, қатты налыды. Әйел де болса, жөн-жосықты түсінетін, ақ пен қараны айыратын Анна Ивановнамен ақылдасып, оязбен тілдесудің жолын іздеді. Қайран, бұл да бір заманның тарылғаны-ау.

Аттарын алысырақ байлап, жасыл қақпаға келген Ғазиз екеуі әуелі ағаштан бұрап, оюлаған әшекейлі есікті итеріп еді, жабық екен. Қала тұрмысына көніп Ғазиз көлемі ағаш үзеңгідей, өріп соққан темір шығыршықты бір-екі қағып қалды. Ауладан арс-арс еткен овчарканың, оған қосыла шәуілдеген кәнденнің үні естілді де, бір кезде есік тақтайынан терезеше көз ашылып, буы бұрқыраған жып-жылтыр қасқа бас, сонан соң манаураған қызыл бет көрінді.

— Кім керек?

— Ояз үйде ме?

— Ояс?... «Ояс» деген не?

— Уездной начальник, мигұла?

— Жоқ, — қақпақ тарс жабылды. — Бар, орныға бар, Джек. Басурмандар ғой зәрігіп жүрген.

— Е-е, мужық, тұра тұр. — Сүйрете басқан мұжық табанының дыбысы естіліп барады. — Қап, мына жаман малайдың қорлығын-ай. Ақан аға, қалтаңызда сөлкебай бар ма?

Ақан қалтасынан әмиян алып, ішінен төрт-бес күміс ақшаны Ғазиздің алақанына төге салды.

— Ақан аға, бұл алды әлі. Қанша ақшамен келдім дедіңіз? Атай біледі ғой, шіркін. Бұлардың аузы қимылдаса ақша, қолы қимылдаса пара, онсыз түк өнбейді, көрмейсіз бе мына малайдың өле алмай тұрып бәлсінуін. — Ғазиз есікті қайта тоқылдатты. Ит тағы да үрді де, қақпақ қайта ашылып, әлгі бас тағы көрінді.

— Кетіңдер бұл арадан, жоқ дедім ғой, түсіндіңдер ме?! — Қақпақ жабыла бергенде, Ғазиз ұстай алды да, екінші қолымен бір сөлкебайды малайдың қолына қыстыра салды. Малай енді басын молырақ шығарды. Сирек көк бурыл төбе шашы үрпиіп:

— Его плакоротие бұл кезде үйде отырушы ма еді, жоқ, кеңсесінен табасыздар, бірақ кіре алсаңдар, — деп сөзге келді.

— Жарайды, Анна Ивановна үйде ме?

Қарт малай кетік тістерін көрсетіп: «Е-е!» — деп күлді. Көзі кәрі мысықтың көзінше жанарсыз жылтырап, қаймақ дәметкендей сыңай білдірді. Ғазиз тағы бір сөлкебайды тесіктен шығарған алақанына қыстыра салып еді, ол артына бір қарап алды да:

— Анна Ифановна қайда барам десе өз еркі, ерке матам емес пе, қыдырып кеткен. Алысқа.

— Қайда? — Ақан бар үмітінің жібі үзілгендей сұқ тұрып қалды. — Қолыңдағыны түгел берші.

— Қайда кеткен, айтсаңшы, — деп еді Ғазиз.

— Е, бұл үшінші сұрақ, — деп малай тісі кетіп тағы жымыңдады.

— Өй, енеңді ұрайын, есіктегі итіне дейін басынады бұлардың, — деп Ғазиз қалған үш күміс ақшаны малайдың қатпар-қатпар алақанына сылдыратып төге салды.

— Госпота, сию минуто, шығамын, — деп көңілденген малай есік қақпағын баппен жауып, ілгешегін ішінен ілді. Содан соң аулада асықпай, итіне біраз ақыл, кеңес үйретіп, ұзақ күңкілдеп, сөйлесіп жүрді де, тысқа шықты. Бауырына қысқан сабалақ жүнді кәндені бар.

Малай дегенге, Ақан үй қызметкерін орыстың шабата киген мұжықтарындай, немесе қазақ байларының есігінде жүретін қырық жамаулы жалшыларындай елестетіп еді, жоқ, мынаның ұсқыны бөлек. Киімі мұнтаздай, тіпті ана-мына кеңсе чиновниктеріндей. Мына түріне қарағанда жаңағы тесіктен созылған қайыршы қол мұныкі емес дерсің.

Таң атпай жұтып алған қарт адам алғашқыдағыдай емес, көптен көрмеген таныстарын кездестіргендей, бұлардың арқаларынан қағып, дуалдан әрірек тұстағы сәкіге кеп отырды. Әуелі, қалаша сәнді киінген екі қазақтың басынан аяғына дейін бір сүзіп өтті де, бұлар сөйлесуге тұрады екен дегендей, енді жағы сембей көйіте жөнелді:

— Анна Ифановна, шіркін, әйел жынысынан ете сирек кездесетін кісі ғой. Әх, біздің хосйя бақытты адам. Осындай ақылды әрі көрікті, өте білімдар әйелді кім ұнатпаушы еді? Бұл үйге кімдер түспейді. Сонау Петерпурктан, Омбыдан нелер атақты, үлкен чинді адамдар келеді десеңізші. Аанада Ефо фысокопрефосхотительство генерал Лосевский әйелімен, одан соң наказной атаман парон Максим Антонофич қонып кетті. Бәрі Анна Ифановнаға мүләйімси қарап, кете-кеткенше сұқтанып, көздерін алмайды. Анна Ифановна қандай әнші десеңізші. Түні бойы рояльға қосып романстар айтқанда, жүрегің езіліп, біртүрлі жылағың келеді. Әрі мұңды, әрі сазды романтикалы әндер. Аанада Сібір казак әскерінің бірінші бөлімінің атаманы Ефо фысокопрефосхотительство генерал-майор Старкоф келгенде де, алыстан қадірлі меймандар тоқтаса, көңілденіп, ерекше құлпырып кететін Анна Ифановна жаңа романстар айтып, тағы да сонау Петерпурктегі шағым есіме түсіп, түні бойы жылап алдым. Старкофтың аса ұнатқаны сонша, сат ішінде аттанар алдында, біртүрлі еңсесі түсіп, мұңайып отыр екен. Мені көргенде қуанып кетті. Маған «Анна Ифановнаны жеке алып шығыңыз, аз ғана әңгімем бар еді» деп, тұтас полуимпериялды секіртіп тастады, әрине, қожаң берсе қойныңа, бергенді кім жек көреді, қағып алдым да, айтқанын орындадым. Сол күні ол кетпеді. Анна Ифановна екеуі таза арабы аттарға мініп, қала сыртына серуенге шығып, түннің бір уағында оралды. Олар қашан қайтып келгенше, хосйяң қатты толқып, бір арада аттан құлап жазым болды деді ме, қайғыдан арақ іше берді. Мүмкін, қызғанатын да шығар, ондай сұлуларды кім қызғанбайды? —

Ақанның бар сенгені — ояздың әйелі Анна Ивановна. Ер басына күн туып, істі болғанда, серілікпен күн кешкен ақын табан тіреп барар адам табылмағанына, ұлықтардан бір жанашыры жоқтығына жаңа көзі жетіп, қатты налыды. Әйел де болса, жөн-жосықты түсінетін, ақ пен қараны айыратын Анна Ивановнамен ақылдасып, оязбен тілдесудің жолын іздеді. Қайран, бұл да бір заманның тарылғаны-ау.

Аттарын алысырақ байлап, жасыл қақпаға келген Ғазиз екеуі әуелі ағаштан бұрап, оюлаған әшекейлі есікті итеріп еді, жабық екен. Қала тұрмысына көніп Ғазиз көлемі ағаш үзеңгідей, өріп соққан темір шығыршықты бір-екі қағып қалды. Ауладан арс-арс еткен овчарканың, оған қосыла шәуілдеген кәнденнің үні естілді де, бір кезде есік тақтайынан терезеше көз ашылып, буы бұрқыраған жып-жылтыр қасқа бас, сонан соң манаураған қызыл бет көрінді.

— Кім керек?

— Ояз үйде ме?

— Ояс?.. «Ояс» деген не?

— Уездной начальник, миғұла?

— Жоқ, — қақпақ тарс жабылды. — Бар, орныңа бар, Джек. Басурмандар ғой зерігіп жүрген.

— Е-е, мужық, тұра тұр. — Сүйрете басқан мұжық табанының дыбысы естіліп барады. — Қап, мына жаман малайдың қорлығын-ай. Ақан аға, қалтаңызда сөлкебай бар ма?

Ақан қалтасынан әмиян алып, ішінен төрт-бес күміс ақшаны Ғазиздің алақанына төге салды.

— Ақан аға, бұл алды әлі. Қанша ақшамен келдім дедіңіз? Атай біледі ғой, шіркін. Бұлардың аузы қимылдаса ақша, қолы қимылдаса пара, онсыз түк өнбейді, көрмейсіз бе мына малайдың өле алмай тұрып бәлсінуін. — Ғазиз есікті қайта тоқылдатты. Ит тағы да үрді де, қақпақ қайта ашылып, әлгі бас тағы көрінді.

— Кетіндер бұл арадан, жоқ дедім ғой, түсіндіңдер ме?! — Қақпақ жабыла бергенде, Ғазиз ұстай алды да, екінші қолымен бір сөлкебайды малайдың қолына қыстыра салды. Малай енді басын молырақ шығарды. Сирек көк бурыл төбе шашы үрпііп:

— Его плакоротие бұл кезде үйде отырушы ма еді, жоқ, кеңсесінен табасындар, бірақ кіре алсаңдар, — деп сөзге келді.

— Жарайды, Анна Ивановна үйде ме?

Қарт малай кетік тістерін көрсетіп: «Е-е!» — деп күлді. Көзі кәрі мысықтың көзінше жанарсыз жылтырап, қаймақ дәмәткендей сыңай білдірді. Ғазиз тағы бір сөлкебайды тесіктен шығарған алақанына қыстыра салып еді, ол артына бір қарап алды да:

— Анна Ифановна қайда барам десе өз еркі, ерке матам емес пе, қыдырып кеткен. Алысқа.

— Қайда? — Ақан бар үмітінің жібі үзілгендей сұқ тұрып қалды. — Қолыңдағыны түгел берші.

— Қайда кеткен, айтсаңшы, — деп еді Ғазиз.

— Е, бұл үшінші сұрақ, — деп малай тісі кетіп тағы жымыңдады.

— Өй, енеңді ұрайын, есіктегі итіне дейін басынады бұлардың, — деп Ғазиз қалған үш күміс ақшаны малайдың қатпар-қатпар алақанына сылдыратып төге салды.

— Госпота, сию минуту, шығамын, — деп көңілденген малай есік қақпағын баппен жауып, ілгешегін ішінен ілді. Содан соң аулада асықпай, итіне біраз ақыл, кеңес үйретіп, ұзақ күңкілдеп, сөйлесіп жүрді де, тысқа шықты. Бауырына қысқан сабалақ жүнді кәндені бар.

Малай дегенге, Ақан үй қызметкерін орыстың шабата киген мұжықтарындай, немесе қазақ байларының есігінде жүретін қырық жамаулы жалшыларындай елестетіп еді, жоқ, мынаның ұсқыны бөлек. Киімі мұнтаздай, тіпті ана-мына кеңсе чиновниктеріндей. Мына түріне қарағанда жаңағы тесіктен созылған қайыршы қол мұныкі емес дерсің.

Таң атпай жұтып алған қарт адам алғашқыдағыдай емес, көптен көрмеген таныстарын кездестіргендей, бұлардың арқаларынан қағып, дуалдан әрірек тұстағы сәкіге кеп отырды. Әуелі, қалаша сәнді киінген екі қазақтың басынан аяғына дейін бір сүзіп өтті де, бұлар сөйлесуге тұрады екен дегендей, енді жағы сембей көйіте жөнелді:

— Анна Ифановна, шіркін, әйел жынысынан ете сирек кездесетін кісі ғой. Әх, біздің хосйя бақытты адам. Осындай ақылды әрі көрікті, өте білімдар әйелді кім ұнатпаушы еді? Бұл үйге кімдер түспейді. Сонау Петерпурктан, Омбыдан нелер атақты, үлкен чинді адамдар келеді десеңізші. Аанада Ефо фысокопрефосхотительство генерал Лосевский әйелімен, одан соң наказной атаман парон Максим Антонофич қонып кетті. Бәрі Анна Ифановнаға мүләймси қарап, кете-кеткенше сұқтанып, көздерін алмайды. Анна Ифановна қандай әнші десеңізші. Түні бойы рояльға қосып романстар айтқанда, жүрегің езіліп, біртүрлі жылағың келеді. Әрі мұңды, әрі сазды романтикалы әндер. Аанада Сібір казак әскерінің бірінші бөлімінің атаманы Ефо фысокопрефосхотительство генерал-майор Старкоф келгенде де, алыстан қадірлі меймандар тоқтаса, көңілденіп, ерекше құлпырып кететін Анна Ифановна жаңа романстар айтып, тағы да сонау Петерпурктегі шағым есіме түсіп, түні бойы жылап алдым. Старкофтың аса ұнатқаны сонша, сат ішінде аттанар алдында, біртүрлі еңсесі түсіп, мұңайып отыр екен. Мені көргенде қуанып кетті. Маған «Анна Ифановнаны жеке алып шығыңыз, аз ғана әңгімем бар еді» деп, тұтас полуимпериялды секіртіп тастады, әрине, қожаң берсе қойныңа, бергенді кім жек көреді, қағып алдым да, айтқанын орындадым. Сол күні ол кетпеді. Анна Ифановна екеуі таза арабы аттарға мініп, қала сыртына серуенге шығып, түннің бір уағында оралды. Олар қашан қайтып келгенше, хозиян қатты толқып, бір арада аттан құлап жазым болды деді ме, қайғыдан арақ іше берді. Мүмкін, қызғанатын да шығар, ондай сұлуларды кім қызғанбайды? —

Шал сарғыштау кетік тістерін көрсете күлді де, алдына өңгерген қанден итіне қарады. Ол қыңсылап, әлдене дәметкендей немесе ұзақ отыруға жалыққандай көзі мүләйімсіп, жерге түскісі келіп тырмысты. — Жо-жоқ, болмайды, болмайды. Сені енді көзден таса қылуға болмайды. — Малай итін бауырына қыса түсіп, басынан сипады да, енді қазақтарға бұрылды. — Былтыр, қар еріп жатқан көктемнің алғашқы күндері еді. Хосяйіннің мунтирін тазалап, аулада күн шуақта отырғанмын. Сырттан гүрс еткен мылтық даусы естілді. Мунтирді стулға тастай беріп, тысқа шықтым. Тағы мылтық үні. Шаңқ еткен иттің даусы. Қарасам, хосяйін, бір топ итті қуып, атқалы жүр. Өзі ат үстінде. Олай бір, былай шапқылап көшенің жаман иттерін тым-тырақай қылды. Қала офыфателдері үйді-үйлерінен шығып, таң-тамаша қарап тұр. Хосяйіннің қылығына мен ұялдым.

— Е, жәй жүрген иттерде не жұмысы бар, жынданған ба? — деп Ғазиз шалға елеуреді.

— Жо-жоқ, жынданған жоқ. Себебі бар. Мына Теттидің бойын көрдіңдер, қандай кішкентай, бұл испандық спаниель дейтін тұқымынан тараған өте трэфня парота. Россияда бұл парота сирек кездеседі. Хосяйін Санк-Петербурктан әдейі әкелген. Сол күні, қалай байқамадым, қақпа астындағы қуыстан шығып кетіпті. Аулада үлкен немецкая овчарка бар, ол шыға алмайды. Теттидің полофая преттечка кезі болатын. Ит деген ит емес пе. Көшеден достар тауып алып, ойнақ салса керек. Хосяйін қызметтен опетке оралғанда, Теттидің соңынан ерген он-он бес итті көріп, қызғаныштан көзі қанталап кетіпті.

Ақан мен Ғазиз қосыла күлді.

— Қызғанғанда, үйде ұстап отырмақ па? — Оу, мынау құйтымдай болып алып, таудай иттермен ұйғып жүр ме, қарай гөр пәлесін, сонда бойы тапал итті қалай енді, қалай... — деп Ғазиз ықылық ата күліп, салпаң құлақ Теттиге сезіктене қарады.

— Бойы тапалдығына қарай ма, прирота, прирота! — деп, малай жай ғана жымыңдап, қайта байсалдана қалды. — Содан сөгісті мен алдым. Тетти қайдан білсін, көзі жасаурап, әбден сілесі қатып, түнде бір-ақ келді. «Сені мұнда неге әкелдім, бір Теттиді аңдып отыра алмайсың, пасурмандардың жаман иттері басынды-ау, ұят болды-ау, масқара болды-ау» деп хосяйін шашын жұлып, қайта-қайта арақ ішіп, «жаман иттерге қор қылдың-ау!» деп мені түні бойы ұрысты. «Вашеписокоротие, ит ғашықтықты білмейді, сұлулықты айырмайды, природа» десем, одан сайын тісін шықырлатып сілкеді. Хосяйін мұның ұрғашы екенін әуелде білмесе керек... — Малай итінің маңдайынан сипады.

— Содан кейін қалай болды, енді ылғи алдыңа өңгеріп отырамысың?

— Жо-жоқ, үнемі емес, преттечка кездерінде ғана, жылына екі рет. Дәл сол кезде, суық суға жиі шомылдырып, бір жұма тысқа шығармасаң, мауқы өзі-өзінен басылып, тыныс алады.

— Ояздар малайларына итінің артына дейін аңдытып қояды екен-ау, о заман-ай! — деп Ғазиз зығырлана күліп еді.

— Жарайды, иттің жыры бітпес, ал енді сіз әлі негізгі сауалымызды айтпадыңыз: Анна Ивановна қайда кетті дедіңіз? — деп Ақан әңгіме бетін келген шаруаларына бұрды.

— Анна Ифановна? О-о, алысқа Петерпуркке кетті.

— Петерборға-а?!

— Жарты айдай болды. Әлі жетпеген де шығар. Жол алыс, Аральск, одан әрі Александр темір жолымен қаншама жер. О-о алыс, тым алыс, Оренбург, одан әрі екінші Александр жолымен Самара, Пенза, Рязань, Москва. Одан әрі Николаевский темір жолымен Санкт-Петербург! Шірікін, Петербург, қандай әсем, жақсы қала, сағындым, өте сағындым, онда Эльса деген қызым бар, жалғыз қызым, Эльсам, — деп басын шайқап отырып қалды. Қара ала спаниелдің салалы жүнінен сипап, алыстағы баласын ойлаған мұңды көзіне жас үйірілді...

Алдында қайыршыланып, бір айтқан жауабына бір күміс тіленген мына неміс шалын ұнатпай қалған Ақан, алыстағы қызын айтып егілген жетім түрін көргенде, біртүрлі іш-бауыры езілгендей аяп кетті. Анна Ивановнаның жоқтығына бар үміті үзілгендей қайғыланса да, әмиянынан бір қағаз ақша алып, жел өтінде қалтыраған қаңбақтай дірдектеп, басы төмен салбыраған қарттың әжімді алақанына қыстырып, орнынан тұрды.

— Спасибо, косподин, плагатарю, плагатарен фами! Ақша алды деп сөкпеңдер. Көп-көп ақшам болған соң, кетемін хосяйиннан. Қызыма, Эльсама кетемін. Өлер шағымда қызымды бір көрсем, арманым жоқ. Жалғыз қызым, Эльсам!.. — деп шал кемсең қақты...

14

Соңғы үш-төрт күн ішінде Ақан ояз кеңсесінің алдында қыр қазағы біле бермейтін неше бір сұмдықты көзімен көрді.

Жасыл сырлы ат шаптырым тақтай дуалмен айналдыра қоршап тастаған қаңылтыр шатырлы әулім үй қол жетпейтін сағымда мұнартқан ертегінің елесіндей. Алды құжынаған адам. Таң ата осы араға аттысы — аттылай, жаяуы жаяулай шұбырып, кең ауланың ішіндегі көк үйге кіре алмай — сендей соғылысқан қалың жұрт. Иін тірескен қос доңғалақ қазақы арба, трашпанкелер үйме-жүйме. Шөгерген түйе, қаңтарған аттарды, кейде шолақ бүрме тон киген қызыл лампасты жез мұрт казак-орыстар қамшы үйіріп кейін ығыстырса, әлгіндей болмай үріккен қойдай ошарылған үрейлі топ үнсіз келіп «жылы» орындарына қайта жайғасады. Сенсең малақайлы, жамаулы қалың күпілі, саптама киген ел қазақтары, күрпілдек етік, шабата киген қауға сақал переселен мұжықтар не деген көп. Бәрі де оязға, кеңсе чиновниктеріне арыз, шағыммен жүрген, бір ауыз сөзін айтуға қарға адым жерге кіре алмай, жұмақтың есігінен сығалап ынтыққандай, андыздаған мүсәпір жандар. Енді жақында Омбыдан Ақмола генерал-губернаторы Ливенцовтың келгенін естіген шағымшылар әр жерден андыздап, қайтсек

алдын көріп, бір ауыз арызымызды айтып қалар екеміз деп үміттеніп жүргендері мынау.

Биік дарбаза қақпаның екі босағасында қынабындағы қылыштарынан айырылып қалардай сығымдап ұстаған екі казак күнұзын орындарынан тапжылмайды. Екеуі бір-бірінен аумайды, егіз дерсің. Тікірейген қыл мұрттары да, бір шекесіне қисайта киген қалпақтарының астынан дудырай шыққан түйенің тізе шудасындай шаштары, тіпті маңайына жақын барғанға түздай көзімен шегірейе қарап, едіреңдеп қуған долы мінездеріне дейін ұқсас. Қала әкімдері тарантас, пәуескемен келіп, дарбазадан өте бергенде қолдарын шекесіне апара беріп, көлік соңынан демегендей жол нұсқаған қимылдарына дейін бір-бірінен айнымайды.

Қасында Ғазиз бен Мөңке бар, Ақан кеңсе ауласын төңіректеп, іштен ояз көмекшісі Жайынбек шыға қоймаған соң, әр жерде шоғырлана отырған көңілсіз көп тобырдың ара-арасымен, базар аралаған адамдай, келе жатқанда жел жақ беттен бір ән шалынды құлағына. Ғазиз бен Мөңке де елең етісті. Ән әуелі баяу ғана сызылып, әлдекімнің бала уатқанындай ыңылмен айтылып, көңілді қалғытарлық бір қалыпты мұңды үнмен талмаурай естіліп еді, енді бір кез бұлардың құлақ түріп елегенін аңғарғандай, әнші даусын қаттырақ шығара түсті. Серінің әні «Еркем». «Апырай, мына қара дауыл желді күзде, мына ояз кеңсесінің алдында айтылған не ән? Кім тыңдап, кім айтып отыр?» Үніне қарағанда ән иесі жас адам сияқты. Және еріккеннен айтпай, әлдекімге мұңын шаққандай ауық-ауық күрсінетін тәрізді. Бұлар көп арбалардың ара-арасымен сыналап жүріп, ән шыққан жаққа беттеді. Әншінің сөзі түгел естілмесе де, Ақан көңілінде сайрап келеді:

«Жастық күні, ой, еркем, түседі еске,
Жез бүйдалы кер тайлақ ерер көшке.
Ата-ананың қолынан кім аттаған,
Не десең де көнесің хақтық іске».

Бұл — ел-жұртымен қоштасу сарыны бар, соңында қалар құрбы-құрдасқа, көңіл жақын тұтасына, жүрегінде сақталар қимасына шаққан соңғы мұңы сияқты, жат жерге еріксіз бодан боп кетіп бара жатқан қалыңдық зары.

Ақандар ән тұсына жақындай бергенде «Еркем» күрт өзгеріп, «Сырымбетке» ауысты. «Ау, мына әнші осында серінің жүргенін көріп, әдейі қалжақтап отырған, не ән арқылы өткенді еске салып отырған таныс біреу болмаса игі еді». Бұлар шөгерткен түйелі арбаның ығына тоқтады. Әнші доңғалағы шаңырақтай қазақы арбада. Арбаның үстін күркелеп, қолдан күйме жасаған. Тегі талдан иген болуы керек, беті таңдайлап тоқыған ескі алашамен мұқият жабылған. Жел үрлесе де жалбаңдап көтерілмейтіндей, әр тұсынан қайыс таспамен ілмешектеп байлапты. Бетін ыққа бұрып қойған шағын күйме ішінде әншінің «Сырымбетін» естігенде Ақандар бір-біріне үнсіз қарасып, таңырқағандай бас шайқақты. Сері әнші Ғазиздің

білегінен қалай сығымдай ұстап, демін ішінен алып, тыңдай қалғанын өзі де аңғармай тұр. Ән сарыны бұрын естімеген жаңа бір әуенмен, шерлі үнмен жүйке тамырды шымырлатардай, жалғыздықтың зарын төккендей шым-шымдап кіріп, тұла бойды ұйытып алып барады. «Батыр-ау, бұл кім болды? Жападан-жалғыз ән салғаны несі? Даусына қарағанда іші пысып еріккен адамға ұқсамайды». Ақын шыдай алмады. Арбаны жағалап келіп, күйменің шетінен ішке сығалай берген ақынның жүрегі солқ еткендей болды. Пері ме, періште ме, әлде ертегінің сиқыры ма — күйме ішінде ақ қағаздай сұлу қыз отыр. Қап-қара жібек барқыттай қою шашын жайып жіберген, жауыннан кейінгі мөлдір мойылдай екі көз сонау аспан төрінде. Аунақшып көшкен аласапыран күзгі бұлт ішінен әлдебір алыстағы арманын, жоғалтқан асылын іздегендей, қайқая біткен қалың кірпіктерін көкке қадап, бір арадан көзін алмайды. О ғажап, үніндегі іш тырнаған қасірет белгісінің өңінде ізі де жоқ. Жай әшейін алысқа самғаған құсынан көз жазбайын деп, сағыныш әнімен бұлт арасына тесіле қарап, жайбарақат отырған адам бейнесі ғана. Қыз он алты, он жетілер шамасында. Қасына таяп келген адамға қараған жоқ. Әнін аяқтағанда да бұрылмады. Күз аспанынан көз алмай, тұманды ойдан шыға алмағандай, әлі де ұзақ тесіліп отыр. Ақанның іші мұздап кетті. Соңынан келіп күймеге үңілген серіктеріне де ештеңе дей алмай, тек қолымен ғана кеуделерінен кейін итеріп, әрі тұра тұрыңдар деген белгі берді. Сосын қыздың мұңсыз көзінен екі түйір жас ақша беттен иегіне қарай сорғалап бара жатқанда, іші қалтырап, бойы дірілдеген ақын қалай жөтеліп, белгі бергенін аңдамай қалды. Жұмбақ қыз селк етер деп еді. Жоқ, әлгі қалпында тапжылмай тағы да үнсіз отырды да, аздан соң сәл мойын бұрып Ақанға қарады. Қарады да шиесей ерні кемсеңдеген сәби баланың ерніндей дірілдеп, жасқаншақтанғандай, аузына сөз түспей бөгеле берді. Сәлден соң ғана жүзінде күлкі ойнап, аппақ мінсіз тістерін көрсете күлген ол шолпыдай сыңғырлаған нәзік үнмен:

— Келдің бе, отыр. Ойнайсың ба? Мә, ал — деп қара барқыт шапанымен қымтаған қуыршағын ұсынды. — Ал, ал, тоңып қалмасын.

Ақанның тұла бойы онан сайын мұздап кетті. Аузына сөз түспей, суықтан саусақтары қызарып, долырған қыз қолынан қолапайсыз жасалған рабайсыз қуыршақты қалай алғанын да білмей қалды.

— Сен қайда кеттің? Келмедің ғой. Ұмыттың ба мені? — дегенде, көзі жаудырай қараған жұмбақ қыз арба ішінде жасырынып, күтіп отырған Ұрқиясындай болып кетті Ақанға. Жын-шайтанға, аруаққа онша сенбесе де, көптен зират басына барып, дұға оқымағанына Ұрқия ренжіп жүр екен, мына көзге көрініп отырған соның желеп-жебеушісі екен деп, «бісміллә-бісміллә, субхан алла, субхан алла» дегеннен басқа аузына ештеңе түспеді. Бірақ қыз орнында. Ақанға қарай күле түсті.

— Неге бісміллә дейсің, тамақ ішкің келе ме? Кел, отыр қасыма. Мен түсейін бе? Қазір, қазір түсейін, — деп орнынан көтеріліп қимылдай берген қыз лезде қабақ шытып, балаша қыңқылдады. — Жіберші деймін. Тартпашы. Ағатай, жіберші.

Қыздың толқынданған қолаң шашы бетін жауып кетті. «Біреу артынан тартып жібермей отыр ма?» деп, күйменің артқы жағына қараған Ақан шошына түсіп, серіктерін шақырды. Қыздың белін қынай бұған ескі кәмәр белбеуінен ілген қайыс бау арба жақтауына күрмелген. Белінен қапсыра тартып жібермейтін сол екен. Ғазиз бен Мөңкениң де көздері шарасынан шығып, арбаға таңылған тоқтыдай сұлу қызға аянышпен қарай берген. Осы кезде сырттарынан әлдекімнің жүре сөйлеп, реніш білдірген даусы шықты:

— Әй, бұларың не, адам көрмеп пе едіңдер. Мазаламандар! Әрі жүріңдер!

Ақандар жазықты адамдай ыңғайсызданып, артына бұрылды. Қырықтарға тақаған, сақал-мұрты қап-қара, көзі тура күймедегі қыздың көзіндей, қалың кірпікті, бойы кішілеу аққұба арық жігіт екен бұл келген. Өзінен үлкен болмаса да, киім киісі, тұлғасы көп адамға ұқсай бермейтін серіні көргенде қатқыл даусы жұмсарып:

— Отағасы, бала боп кеттіңіз бе, — деп орнынан қозғалақтаған қыздың етегін қымтады. — Қызықтайтындай не бар мұнда?

Ақан аңдамай істеген ісіне қысылғандай сәл қызарақтап қалып еді, Ғазиз үн қатты:

— Оу, ағайын, байқамадық. Білмеген у ішеді. Қайдан білейік. Әуелі сәлемдесіп алайықшы. Амансың ба!

— Амансыздар ма, — деп қызды әлі де қымтап, балапанын қанатымен қорғаштаған құстай, шашынан сипап, иығынан жылжып арба ішіне түскен тықыр түбіт шәліні қайтадан салған жігітке Ғазиз еркіндеу сөйлеп:

— Сәлемінді дұрыстап бермейсің бе Ақан ағаңа, — дегенде.

— Әһ, қай Ақан? — деп ол жалт бұрылды.

— Кәдімгі дүйім елге мәшһүр болған ағамыз — Ақан сері, — дегенде, жігіт жүгіріп келіп, қалбалақтап, серінің қолын алды. — Біз ағамыздың өлеңін естігесін бұрылып ек. Ана бала керемет айтады екен. Үні қандай зарлы еді.

— Ә, апыр-ай, онда ғапу етіңіз... Апырым-ай, сіз бе едіңіз, Ақан аға. Кешіріңіз... Бұрын көрмеген соң... Бәсе, жүзіңізді көргенде, әй тегін адам емес шығар-ау деп ем... Сіздің өлеңіңізге мына қызым титтейінен құмар, бірін қалдырмай шетінен тізіп айтушы еді, әнші еді, әнші еді ғой, күнім, — деп жігіт сөзінің аяғын күрсініп бітірді.

— Қызым дедің бе, інішек, — деп енді мына жұмбақты білмекке шын құмартқан Ақан жігіттің бас-аяғын сүзіп өтті. Жүдеуліктен бет сүйегі шодырайған, сәл қушықтау болмаса, кезінде нағыз сұлу жігіт болған, көрікті адам екені көрініп-ақ тұр.

— Иә, қызым, тұңғышым, — деді жігіт тағы күрсініп. — Ау, ағасы, мына жетекке отыра беріңіз, көтереді әрі ықтасын.

Жігіт қызының шашын екіге бөліп, бір жағын бастау өрді де, маңдайынан иіскеді.

— Енді өзің өре ғой, ана ағаларыңнан ұят болады.

— Ұят бола ма? Иә, иә, ұят болады. Сосын қуыршағымның да шашын өремін, иә, көке!

— Өре ғой, өре ғой, күнім.

Жігіт енді Ақанмен қатарласа, арбаның алдыңғы доңғалақ шабағына арқасын тірей жүрелеп отырды да, қабақ шыта күрсінді.

— Ақан аға, менің атым Хасен, Ақмола төңірегінің қазағымыз. Руым — қырғыз. Аз ауылды, қара шаруаның адамымын. Әкей дүние салғалы екі жыл болды. Ана арбада отырған қызым Күлназия биыл он жетіге келеді. Тұңғышым дедім ғой. Одан кейін үйелмелі-сүйелмелі, алды онда, төрт ұлым бар, одан бұрынғы үшеуі қайтыс болды... — деп, жігіт бір тоқтады.

Ақан сөзін бөлген жоқ. Қырғыз деген рудың жай-жапсарын білетін. Аталарын талдап сұрамақ болып оқталды да, Күлназия жайын тез естігісі келіп, ынтыға түсті. Сонау жаугершілік кезінде, ұлылы-кішілі ел шапқыншылығы тұсында ел басына күн туып, ата баладан, бала анадан айырылып, бет-бетімен ыдыраған босқын заманда қырғыздан ауып келген, үрім-бұтақ жайып, қазақ боп сіңіп кеткен деседі. Енді біреулер бұл тарихты басқаша баяндайды. Әйтеуір бұлар — сол қырғыздар. Осы Ақмола маңында шоғырланған аз ру.

— Үш ауыл жазы-қысы байлардың, төрелердің малын бағып, есігінде малайлықта жүріп жанымызды жалдаған момын елміз. Иә, иә... Содан... былтыр Жанұзақ дейтін — ағайын-тумасымен бірнеше ауыл боп күлсіп тұрған бай қайта-қайта кісі салып, осы қызымды кіші ұлына сұрап, ақыры біраз қалың беріп алып кеткен. Сорына қарай өзі де ақша қардай боп туған құлынымды бәрібір ұстап отыруға болмайтынын біліп, он алтыға толар толмаста, құдайдың жазуы ғой деп бергем. Сөйтсем, имансыздар қызымды алдап әкеткен екен. Кіші ұлының әйелі болатын, тоқалдыққа алғанына да амалсыз көнген бас одан сорақысын естігенде жүрегіме шаншу қадалып, төсек тартып жатып қалдым. Әлгі Жанұзақтың әйел ала алмай жүрген ортаншы ұлы болатын. Құдай-ай, аузым бармайды айтуға, маңынан күлімсі иіс шығатын жасынан ауру, тамағының асты екі құлағының түбіне дейін күп боп, қысы-жазы тесіліп, ағып жүретін шіп-шикі мерез. Ер адам қасында отырып жиіркенетін бейбаққа аяусыз иттер Күлназиямды зорлап телітті. Содан қызым шошымалы ауруға шалдығып, оның менсінбегеніне намыстанған бай баласы күнде ұрып-соғып, ақыры осы халге жеткізіп тыныпты. Маған хабар келген жоқ. Келсе де менде на қауқар... Иә- ә... енді бір тапқан сұмдығын көрмейсіздер ме, ел ішіне «Хасеннің қызының басында дұға бар екен» деп, үшкіртіп, көшірмекші боп, неше балгер, бақсыларды, тәуіп-мәуіптерді алдырып, баламды көкпардай тартқылап, ішірткі ішкізіп, ауруын асқындыра түседі. Кейін қызым тысқа шықса-ақ басы ауған жаққа тентірейтін болыпты. Биыл жазда үйден аңдаусызда шығып кеткен Күлназия, айдаламен беті ауған жаққа қаңғырып, бір ауылдың қабаған иттеріне таланады. Құдай оңдап, менің бір ертедегі жылқышы достарым қолыма әкеп берді... Жәрәйді... мұнымен бітсе бір сәрі. Арада бір ай өтпей жатып, Хасеннің қызы Жанұзақтың ұлын менсінбей үйіне кетіп қалыпты деген қауесет тарап, бай жақ та ашуланып, намысқа шыдай алмай маған кісілерін жіберіпті.

«Оу, міне, көрмейсіңдер ме, алтын асықтай қызымды қор қылғандарың жетпегендей, ендігі сөздеріңе жөн болсын» деп, қызымды көрсетіп едім, әлгі келгендері құдайға қараған, жөн-жосықты білетін, ұяты бар ақсақалдар еді, сөзге тоқтап, «шынында ауру баланы ендігі қинағандары жөн болмас, сенде не зорық, байекеңе ұғындырармыз» деп оралып еді, тағы біреулер шабынан түрткен бе, бұл байлардың намысшылына не бересің, одан да ана мерез ұлын дұрыстап бақпай ма, оны солай өсірген мен деп отыр ма екен, «қызының ауруы өтірік, аздаған ұстамасы болған, жазылған, ендігісі — қулық» деп өңкей сотқар жігіттерін тағы жіберіпті. Құдай иіп, әйтеуір ол жолы, қызымды жасырып қалдым, «өз қолымыздан әкеп тастаймыз, өз аяғымен кеткен байекемнің атына таңба, қызың қайда» деп әңгір-таяқ ойнатып, мен қасарысып отырып алған соң, өзімді басқа-көзге төпелеп ұрып, қолдағы азбыншы малды «байекең берген қалыңмал, қызыңды әкеп бергенде аласың, әйтпесе қоштаса бер» деп, сыпырып-сыйырып кетті. Ол — ол ма, осы... күні кешеге дейін менің үйімді аңдып торуылдап жүрген жігіттердің жаман ниеті: — Күлназияны алып кетіп, не әлгі мерезіне аты әйел етіп ұстау, не масқаралап ел көзінше әкеп тастау. Ау, оған да көнер ем, обал қайда, ауруға шалдықтырып қорлағандары аздай, енді мазақ етпек ойлары. Құдай дегенді ұмытқан бұлар. Күлназияны ауылдағы бір жамағайын үйіне жасырып, ұстап отыр ем, олар да қайтсін, күні-түні көз жазбай аңдып, ауру бағу оңай дейсіз бе. Ақыры, міне, көріп отырсыздар, бір түнде қызымды қасыма алып осында — үлкен ұлықтарға тартып бердім. Ендігі айпағым: «Ау, ұлықтар, әділдік болса жер бетінде, өзі сау адам да емес, ауру адам, бұлай қорлатпаңдар, ендігі қалған өмірінде құдай сәтін салса, жазылар, не өзінің ақ өлімімен өлер, тым құрмаса күн көрсетіңдер. Қолдарыңнан қағаз беріңдер. Ана бай тұқымы дігірлемесін, маза берсін, қорламасын» деп, мөр бастыртып, қағаз алам ба деп ем, міне, келгелі он шақты күн болды. Осы арадан он бес шақырым ауылда жатырмын. Мұнда танысым да жоқ, сол... таңертеңнен осы маңды аңдимын, арызымды тыңдар бірі жоқ. Орыс ұлығына кірсем деп ем, оның өзі түгіл, қарасын көру қиямет-қайым екен. Осы еді, Ақан аға. Ана жақта қызыл қарын жас бала не боп жатыр? Биыл тұрмыс та жылдағыдан нашар. Тым құрмаса тырбанып, өлмешінің күнін кешіп, Есілдің балығынан да біраз аулап, жылда кептіріп алатын кәсібім болушы еді, соның бәрінен қағылып, шідерлеулі аттай бұрылуға мұрша жоқ...

Ақан арызшы, шағымшылардың талайымен сөйлесіп, мұң-мұқтаждырын естігенде өзі қуып келген істің де, қолдан ұшқан құстай, алыстап бара жатқанынан түңіліп, Ақмола жуандарының бетінен түршігейін деді. Кездескен адаммен сәлемдессе-ақ болғаны, не шаруамен, не қасіретпен жүргенін өзі-ақ баяндай жөнелді. «Айлас қатын мұңдас» дегендей, бір адамдай ішкі шерін ақтарды. «Осы жөн бе», «осы да әділдік пе» десіп, қинала отырып, тартқан азап, көрген тауқыметін айтып зар илейді. Енді бір қазақтар сұлу мұртты, келбетті азаматтың Ақан екенін білгенде мейлінше қуанысып, бұрынғыдан бетер жабыса түседі. Бәрі қаумалап, ортаға алып:

— Ақан шырағым, үш жүзге атың мағлұм ардагерімізсің, сенің өнерің де, тілің де жетеді, бәріміздің атымыздан мына ұлықтарға өзің кірсеңші.

— Бәрекедді, жолымыз болар. «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады» деген, сені де, қарағым, құдайдың өзі айдап келген шығар. Ана ояздың өзіне кірсеңші, — деп, ақыннан пана іздесе, тағы бір қарт адам:

— Бұрын өзіміздің шіренген шонжарларға мұңымызды шағып, барымызды айтайық деп оқталсақ та, дәтіміз бармай тайқақтай беруші ек. Сонда да болса кей-кейде, ашынған кездерде, бірер арызымызды айтып та қалатын ек. Енді орыс ұлықтарына қарағалы, ел ішіндегі өңездікті айтайын деп жетсек те, тіліміз жетпей, араға тілмаш саламыз. Ана бір Жайынбек деген бала да жөргегінен қағынған, нағыз алаяқ, сүм ба деймін. Талайға уәде беріп, пара алып, аяғын құрдымға айналдырып, күні түскен талай бейбақты әне-мінемен көк мұзға отырғызып, тойтитып жүр. Мен де дәмелі едім ғой, үмітім үзілейін деді. Әбден қажыдым. Әлде соның құр қампиган қарны болмаса, қолынан түк келмейтін қуыс құрай ма?! Енді өзің ара ағайын болып, мына мүсәпір мүскіндердің рақмет, сауабын алсаң. Осы тілегімді құптай ғөр, — деп, шын қиылып өтініш етіп аяғына оралды. Дүйім елге, исі қазаққа атышулы Ақанды шын қамқор санап, ана ояздың суық шатырлы үйіне кірсе осы кірер, көп айта алмаған әділ сөзді осы айтар, ел шағымын осы жеткізер деп шын иланып, құдіреттей сеніп айтты. Жел өтіне арқаларын тосып Ақанды ықтасынға ала қоршай қалған күпілі қазақтар тоң жерде тізерлей жүгініп, қамқор ақынның аузына қарап, үміт шырағы жанғандай, бәрі де жалына-жалбарына қалыпты. Жұрт қалауын жерге қалдырып, көп сұрауын аяқсыз тастап көрмеген Ақанға бұдан артық салмақ болмас. Бірден не дерін білмей тосылып, жерге қарап отырып қалған серіні құлақ түріп, тыңдағаны болар деп ойлаған әлгі қарт, енді көптің шағымын айтып, іркілмей сөйлеп кетті.

— Ақан шырағым, биыл бір үлкен кәсіпке түсіп ек. Мына отырған жігіттердің бірі Атбасар жақ беттегі, Ақмола уезіне қарасты болыстың кедей-кепшіктері. Байғара дейтін жердің бір тамыр мұжығы биыл елімізге келіп, жалданып, егін егуді үйретті. Былтырдан бері әр жерден жинап-теріп, тісімізге баспай қыстай сақтаған біраз тұқым бидай мен азбыншы тарыны үш ауылдың жарлы-жақыбайы күш біріктіріп үш жерге сіңірдік. Содан, қысқарта айтайын, құдай беріп, егініміз адам айтқысыз боп шықты. Енді орып аламыз деп жүргенде, бір жақ бүйірден қалғұтанның байы Алдоңғар деген келіп, екінші бүйірден Атбасар уезіне қарасты Амантайдың казак-орыс атаманы Микайла деген келіп, «бұл бізге кесіп берген жер, кім бұл араға егін егіп жүрген, бәріңді жер аударамын» деп зіркілдеп, ақыры екеуі екі жақтан егініміздің қапа жармысын орып алып тынды. Ол — ол ма, қалғанын қанағат тұтып отырғанда, болыстың әпербақан шабармандары келіп, жер салығы деген бір пәлесімен дікіңдеп, әр үйге отыз қадақтан алым-салық салып, еттік шошаламызды тінтіп, астығымыздың тең жарымын әлімжеттікпен тартып әкетті. Жаным-ау, ала жаздай бізге бұл жер пәлендікі, байдікі не ұлықтікі деген тірі пенде болмап еді. Өзі де не жайылымға, не шабындыққа жарамайтын атам заманнан бос жатқан қыратты жер, тіпті кей тұсы тасты шақат болатын. Әйтеуір қызыл қарын балалардың, аш-арықтардың несібесі ме, егін қаулап шықты. Не керек, тістің суындай

маңдай термен шығарған бидай мен тары, есіл еңбек сөйтіп қолды болды. Егіннің пісуін аңдып жүр екен. Амал не, қарсыласар дәрмен жоқ, әкекедей жаланған атшабарлар мен казак-орыстарға не қайрат қыламыз. Ә дегенде қомпылдап, наразы болған бір-екі жігітіміз таяқ та жеп қалды... Жә, дейік, енді! «Қарағым-ау біз де құдайдың құлымыз, бізге де қазағымның мына ұлан-ғайыр даласынан ұлтрақтай жер тиер. Соны беріңдер. Тым құрмаса келесі жылы соны тырмалап, күнімізді көрейік» десек, құлақ асар ешкім жоқ. Осының жөні қалай? Жаным-ау, осы дүниеге шыр етіп түскен пенденің үлесіне тиер өз мекені, жері, туған топырағы болмаушы ма еді. Әлде кедей-кепшікке бұйыртар топырақ моланың көр топырағы ғана ма екен... Міне, осыны ояздың құлағына аузымыз жетсе, тіпті губернатордың құлағына салсақ па деп едік. Соны жеткізе алмай жүргеніміз мынау. Мына отырған жігіттер әлгі ауылдың бас көтерер азаматы. Жоқ-жітіктің атынан келіп, шағымымызды айта алмай, салпақтап жүргенімізге он шақты күн болды. Осындағы атқамінерлердің біразына жалындық. Сөзімізді жүре тыңдайды. Аңдып отырып, күнде әрқайсысының шылбырына ораламыз. Құлағына ілер ешкім жоқ. Жылмыздап жүретін Жайынбек те енді жонын сыртқа бере бастады. Ал ана губернатордың ақылшысы Күшенұлы мен дуанбасы Ерденге қолымыз жетер емес. Аңада сыртынан қарап пәуескесімен кетіп бара жатқанын бір көргеніміз бар, олар біздермен далада сөйлесуші ме еді тәйірі. Бізді қайтсін, — деп, атам заманда бір дуан елді басқарған Ерденді де әлі пір тұтқан қарт салы суға кеткендей жерге тесіле қарап отырды да, шырт түкірді. — Ал сонда не істейміз? Қарап отырып, бала-шағаны қалай аштан өлтіреміз? Заман болса мынау, жылдан-жылға тарылып барады. Енді, Ақан шырағым, осыған өзің кіріс. Қол ұшын бер біздей пақырларға!

Тұрмыс тауқыметін, күнкөріс азабын тартқан адамның өңі де, киім киіс ұсқыны да бөлек-ау — тіршілік қамының ауыр салмағы екі иінін басып, ұнжырғасын түсіріп, көркін алатын сияқты-ау. Үстеріне белін қылдан ескен ала бас жіппен, қайсыбірі тібін белбеумен қылғындыра бұған шидем күпі, жамаулы шапан киген, бастарында тозығы жетіп жапырайған құлынжарғақ малақай, жықтықтарынан шошайып жүн шыққан жалба-жұлба сеңсең тымақ, үш құлақты жекей тымақ, өңдері де жүдеу, көздерінде жалыныш пен үрей белгісі ғана бар, ит талағандай, өңкей аш-арық жігіттердің халі шын аянышты. Біреу жылы сөйлеп, жылы қараса, соның маңынан маңыраған жетім қозылардай айналшақтап шықпайтын дәрменсіздік бар. Бәрінің жүзінде қазір: «Ақан не айтар екен, біз үшін бел шешіп кірісер ме екен, шіркін-ай, сөзімізді сөйлеп ара түсер болса, қоң етімізді кесіп беруге бармыз» деген сыңай.

Дүниеге келген пенде ұрпақсыз, жақын-жұрағатсыз болмайды. Кезінде өзін біреу мәпелеп асырап өсіріп, санатқа қосып, адам етсе, ол қамқорлық қақысы айнала беріп өз басына да келеді. Адамзат осылайша бір-біріне сүйеу боп, тіршілікте бірінің қолынан бірі жетелеп, жетіле бермек. Бірақ қалай жетіледі? Біреу не шейін, не жейін дегенді есіне де алмай, туғаннан маңдайы жарылып, рақат, тоқтық дүние кешсе, біреу жетімдіктің,

жоқтықтың тауқыметін жарық дүние қақпасын ашқаннан тартып, жер қойнына кіргенше мазақ пен азаптың неше бір қорлық жолдарын көріп, ит тіршілікпен өмір сүреді. Мына адамдардың ұсқынсыз бейнесінде сондай ауыр тұрмыстың ізі сайрап тұр. Жалтақ, жасқаншақ боп өскен жігіт қазір қойнынан алтын суырып беретін адамға емініп-жұтынғандай, Ақан серінің аузына қарап, аужайын аңдып, шын бақытқа кенелетін сәби балаларша үлкен үмітпен отыр. Сол үміт отын бірден су сепкендей баса салсаң, ғажайып түс көріп, маужырап, бейбіт, тыныш ұйқы кұшағына шомған пенде жылы қойнына суық мұз салғандай шошып оянып, мәңгіріп, есеңгіреп қалмақ. Бар жақсылықты үйіп-төгіп не алдаусыратып, сөздің артын ұзын арқан, кең тұсауға салып уатсаң, балаша сенген ақ көңіл жандардың алдында кешірілмес ұят арқалап, үнемі күнәһар боп жүргенің... Ақан шын қиналды. Ақыры, мына ақсақал салған салмақты ауырсынғандай, бүкжіңкіреп қалған сері белін жаза басын көтерді. Маңындағыларға аянышпен мүсіркей қарады да, сөздің шынына көшті:

— Жағдайларыңызды түсіндім, ақсақал. Зорлықшыл зорлардан мейлінше қағажу көріп, зәбір шеккен жандар екенсіздер. Адам зердесі оянып, заман озып, ілгерілеген сайын жақсылыққа, мейірім шапағатына үмтыла ма десе, бірінің аузынан бірі несібелі жемін қағып жеп, жуан таяқ күштілер әлімжеттікпен әлсізге қиянат етіп, дала тағысының, хайуанның әрекетіне көше бастаған. Құдайынан қорқу, елінен, жақын-жұрағатынан ұялып, ақыл айтар үлкенінен именуден кетіп бара жатқан түсініксіз бір қауым өсіп келеді. Бұрын есесі кетіп, арын қорғап, намысын жоқтаған жігіт жауын жекпе-жекке шақырып кегін алар еді де, не кек жолында алысып, дұшпанының қолында өлер еді. Тым болмағанда итжығыспен беріспей, әйтеуір азуын көрсетіп, бір ырылдасып қалар еді. Енді бір өңшең ел билеген көп ұлық — атқамінер, болыс, ояздар шығып, көз алдында тұрған қиянат пен қорлықты, әділетсіз зорлықты айтып шағынғанша жарым жасың құритын қуыс, жыңғылы көп шатқалаң заман туыпты. Абұйырыңды жауып ұяттан арылу үшін, бар жиған-тергеніңді, үстіңде бар лыпанды, әлгі ұйлыққан қасқырлардай, ұлықтарға шешіп беріп, қайтадан абұйырыңды ашып жалаңбұт қалудан басқа жол тарыла бастапты. Ел қызығымен, қырдағы қазы-қарта, қыз-қырқынның қызығымен жүріп, ел көшесіне келе жатқан құйынды аңғармаппыз. Мен де, ақсақал, өздеріңіз секілді, бір ағайындарға ара түсем бе деп жүрген жанмын. Қара қауым арасында атағымыз таудай болса да, ер басына күн туып арашаға түсер кезде біздей серіңізден гөрі әлгі, өзіңіз айтқандай, қарны қампиган перілеріңіз артық екен. Ел қамын жер нардай еріңізден ұлық қолындағы атанның құмалағындай мөріңіз асып тұрған кезең келген екен. Бұл намыс ғана емес, мына қара бұлттай түнерген сойқан заманның сиқынан түңілгенім, ақсақал. Қашаған малдай жалтарып отыр екен деп сөкпеңіз, аузым жетер жерге арызыңызды айтып көрермін. Мойныма алып, шалып жығам, қайырымсыздың мойнын қайырып алдыңызға ием деп уәде бере алмаймын. «Үмітсіз шайтан» деген, бар айтқан арызыңыз жадымда, тілім жетер жерге оны да қалдырмай жет-

кізермін, — деп Ақан қасындағы серіктерімен орындарынан тұра беріп еді, анадайда көп мұжықтардың ортасында отырған ұйпаланған қалың сары сақалды, көзілдірікті, имиген ұзын бойлы орыс бұлардың арасына келіп:

— Аман, тамыр! — деп Ақанға ерекше сәлем беріп сәл бөгелді, «айтарым бар» деген ишарат жасады. Отырғандар: «Аман, аман» десіп шала сөйлеген орыспен сәлемдесіп, қарабайыр қазақтарға өктем амандасып, еркін келген жат адамды жақтырмай қалып еді, сері қайта отырып, «Не айтпағың бар?» дегендей, бөтен адамның жүзіне сабырмен сынай да, таңырқай да қарады. Бүкіл қойны-қонышынан, қырынбаған беттегі түксиген сояу-сояу сары қылдан темекі иісі мұңкиді. Шылым тартып машықтанбаған дала қазағының жүрегін одан сайын лоблытайын дегендей, ұзын орыс желден ықтап, имііп отырып, қалтасынан алған кесеттен сүйекті, арық саусақтарымен мол шөкім самасат алып, қағазға салды. Қағаз шетін тілімен жалап, баппен орап отырғанда да қала тәртібімен сәнді киінген Ақанға тереңде жылтыраған шүңірек көзін қадап, жыланша арбасқаны Ғазиздің жынына тиді.

— Әй, мұжық, не шаруаң бар еді, айтсайшы бәлденбей, чего надо? — деп иегін қағып, орнынан көтеріле берді. — Ақан аға, жүріңізші, қайтесіз көрінген қара шекпеннің сөзін тыңдап.

— Отр, отр, джигит. Қайда асығады? Қайда барады?

— Әй, отырсақ отырдық қой. Енді айтпайсың ба қолыңдағы шылымдай ширатылмай!

— Асықпа, сен, видать, жақсы малай, асыққан кирак емес, — деп қара шекпен татарша «малай» дегенді қосып, Ғазиздің жынына одан сайын тие түсті.

— Ей, мужик, шала-шарпы бірдеме үйренген екенсің, көп былдырламай, орысша айтшы өзің, не алашағың бар бізден, — деп, таза орысшалап сөйлеген Ғазизге орыс сұқтана қарады.

— Молодец, парень, сен жақси суйлейди, но мынаулар, тушинмейдэ, содан қазақша суйлерге кирак булады.

— Мынауларды қайтесің, — деді Ғазиз оның сөзіне салып, — мына Ақан аға орысша сенің ана шылапшындай шлапаңды теріс айналдырады.

Ғазиздің «шлапшындай шлапаңды» деген тапқырлығына Ақан мен орыс шек-сілелері қата күлді. Темекісін тұтатқан орыс ілдірігіне шүберек ораған бір әйнегі шытынаған көзілдірігін бір шешіп, бір киіп, түтінге қақалып-шашалып, күлкіге жөтел араласып булығып қалды. Аузынан темекісі де пальтосының етегіне түсіп, самасаттың қызыл шоғын сөндіріп жанталасып жатқан орысқа, екі иіні дірілдеген ақынға қарап түк түсінбей аузы ашылып отырған қазақтарға Ақан Ғазиз сөзін ұғындырды.

— Әй, тапқырым-ай, аяқ астынан суырып саласың-ау. Естимісіңдер, мына Ғазиз қазақ сөзі мен орыс сөзін қалай қиюластырады. Шылапшын мен шляпа қалай үйлесіп тұр, — деп, сері тағы да күле түсіп, леген демей, не орысша атын атамай, шылапшынды әдейі келтіргенін айтып, мына сақалды

орыстың қалпағын орысша шляпа дейтінін түсіндіргенде, милығына дейін баса киген жағалауы мыжырайған шляпаға қараған қазақтар да даланы басына көтере күлді.

— Оу, мынаны шляпа деуші ме еді, мұны кім білген?

— Және ернеуі майысқан ескі шылапшыннан аумайды.

— Ай, Ғазиз-ай, ақыным-ай, — деп, қарқылдап, кеңкілдей күліскенде анадайда отырған басқа мұжықтар да, бұлардың жылы кейпін көріп, «Салаймалайкум!» «Аман!» десіп, осы араға жиналып қалды. Олар да сөздің шет жағасын естіп күліскенде, жүзі жылы тарта бастаған мына көздірікті орыстың көңіліне келмесін дегендей, Ақан енді қалжың сөздің қалай шыққан төркінін ұғындырып, жуып-шайды.

— Мына Ғазиз деген жігіт суырып салма ақын, әнші. Мұндай тапқыр, алғыр сөздерге қазақтар ренжімейді, — дегенде. — Ого, әрине, қазақ халқы — өте шешен халық, білем, білем және, Ғазиз дедіңіз бе, ақын, яғни поэт қой, болса болар, тілі удай екен, менің басымдағы шляпаны тым құрымаса саңырауқұлаққа теңемей, шалдар дәрет алатын шлапшынға теңеуін көрмеймісің, — деп сақалды орыс тағы күлді.

— Менің тапқырлығым жәй әншейін бер жағы ғой. Ақан аға, өзіңізге қалай ұқсаймын деу, құр әурешілік. Мына отырған адам бүкіл қазаққа аты әйгілі ақын — Ақан сері. Егер бұл кісі мінеп-шенесе, шләпінің көкесін сонда көрер едің, — деп, Ғазиз де енді Ақан жайын бейтаныс орысқа баяндап қойды. Бұлар енді орысша сөйлесіп отыр еді.

— Тұра тұр, тұра тұр, — деді орыс, тағы да ораған темекісін ерніне апара беріп. — Ақан-сәре дедің бе? Сіз Құлагердің иесі, ақын Ақан емессіз бе?

— Иә, оны қайдан білесіз? — деп, шын таңырқаған Ақан мына қара шекпеннің тегін адам емес екенін аңғарып, Құлагерді білетініне таңғалды.

— Е, неге білмейік, — деді сақалды орыс темекісін тұтатып жатып. — Қазақ жерін мекендеген екенбіз. Ол жердің өткен-кеткенін, бүгінгі хал-ахуалын біліп отырмасақ, несіне бұл арада күнелтеміз? Ұят емес пе онда? Бүкіл қазақ жұрты жазықсыз аттың өліміне қайғырғанда, оны естімей отыратын құлақсыз жан емеспіз ғой. Және мен Құлагер өлетін Ерейментау орысымын.

Ақан сері кеше ғана серігіндей болған Құлагері есіне түскенде жан қалтасынан Тулақ ұстаға бұйырып соққызған алтындатқан өрнекті мүйіз шақшасын алып, қисық табан етігінің өкішесіне баяу ғана тықтылатты. Серінің қалтасынан бұрын-соңды көрмеген алтын шақша жарқ еткенде ауыл қазақтары да, переселен мұжықтар да таңырқасып, көздерін алмады. Жаңағы ел мұңын шаққан қария да шақшаға қызыққан баладай қолына алып, олай бір, бұлай бір төңкеріп, шақшаның екінші жақ күміс бетіне қарала кавказдатып: «Ащы насыбай — ер арқасы» дей келіп, «Майда қоңыр» өлеңінен алып, қадымша жазған жазуды оқып:

— Паһ, паһ, қыздың баласындай ғып соққан ұстаға да болайын, елде жоқ затты ұстаған серіге де болайын, — деп алақанына насыбай қақты.

— Жақсыны көрмек үшін, біз де көрейік, қане...

— Ақан серінің өз қолынан насыбай аттық деп жүрейік, бері қарай жібер, — десіп ұмтылысқан жігіттер ауыл әдетімен тегіс қолдарына алып, насыбай қағысты. Мойнын соза қараған тарғақтың жұмыртқасындай секпіл бет бір орыс жігіт те аузындағы қолағаштай темекісіне түкіріп, ол да алақанын созып жатыр:

— Дай, попробую!

— Өй, бұл саған асатар ет дедің бе. Мә, мә, көргеннен көз ақы алған, пәтшағар, қайтеді! Басың айналып өлсең, жауабыңды бермеймін, — деп, шақша қолына тиген соңғы жігіт, оның алақанына да қалған насыбайды сілкіп беріп еді, орыс жігіті тамақ асағандай аузына бір-ақ ұрды. Ду күлкі. Анау одан сайын күлдірейін дегендей, үнсіз малжаңдап, шайнап отыр, шайнап отыр.

— Қой, таста. Түкір! Басың айналып, құсасың, — дегенде барып түкіріп, етегімен тілін, ернін жанталасып сүртіп жатыр.

Бір-бірінің тілін түсінбесе де, орыс, қазақ боп дуылдасып, мәз-мейрам боп қалды.

— Ақан, — деді жұрттың күлкісі басылып, сабасына түскен соң, темекісін будақтата тартқан орыс. Отырғандар тым-тырыс момақан күйге түсті. — Менің атым Мәтібей. Қазақтар Мәтібей дейді. Мына отырған бейбақтардың қайсыбірінің аты-жөнін айтайын! Бәрібір есінде қалмайды. Ал осы уезд начальнигінің есігін неге күзетіп жүргені өзің де мағлұм шығар. Бәрі де жетіскеннен жүрген жоқ. Шағым, арызбен келгендер.

— Иә, түсінікті шаруа ғой. Әйтсе де бұларға не жетпейді, неден кемсін көрген жандар? Орысқа керегі егін егетін жер. Қазақ жерінің құнарлылығын айтқанда ауыздарының суы құриды, енді не керек? — деп, Ақан сері мұжықтардың мұқтаждықтарын шет пұшпақтай білгісі келді.

— Қазақтың кең сахарасынан таңдап, кесіп жер алып, үй қалап, бақша салып, тіршілік еткен халыққа ендігі жетпейтіні не сонда? — деп Ғазиз да қосылды.

— А, Ахан, айтқаныңның бәрі дұрыс. Дұрыс аңғарыпсың. Россиядан осы Ақмола төңірегіне жылда переселениемен, ссылкамен жер ауып, қаншама крестьяндар келіп жатыр. Жер алып кенеліп жатыр! — деп енді қазақ сөзін ара-тұра араластырғаны болмаса, орысша көсіле сөйлеген Матвей зығырлана күлді де, темекісін жерге тастап, бақабас етігімен қайта-қайта езгіледі.

— Бәрі дұрыс. Жері бар орыста енді не қайғы болады?

— Жо-жоқ. Мына қазақтардың көзі қара да, мына орыстардың көзі көк. Айырмасы сол ғана. Ал мойындарына қарашы. Көн боп кеткен. Қылқиған арық өгіздердің мойны сияқты, айырма жоқ. Бәрінің мойнына салған хамуты бір. Бұлар — анадан туғанда сол ауыр хамутты бірге ала түскендер... Жер алып жатыр дейсің. Рас, ең шұрайлы — өзенді, көлді, тоғайлы жерлерді мекендеп, деревнялар тұрғызып жатыр. Бірақ тегін келгенмен, тегін қалып жатқан ақысыз жер жоқ, жер көлемінен алым-салық көлемі көбейіп барады. Бір етігіңмен басып тұрар жер берсе, екінші етігіңді сол жер үшін

шешіп алады. Екі етігің сияр жер берсе, екі етігіңді де шешіп алатын заң тұрады алдында. Патша атымен берілетін ссуда дейтін күннен-күнге кеміп, тіпті қайсыбір семьялар одан мүлдем қағылып отыр. Бірақ патша үкіметі ол ссуданы мүлдем жоймайды, жаңадан келетіндерге тағы да төгеді. Онда үлкен... саясат бар... Жарайды, бұл сендерге түсініксіз көп қасіреттердің шет жағасы ғана... Мына мені алайықшы, маған не жетпейді? Соқа басты адаммын...

— Ал, иә, саған не жетпейді? Не қылған жансың? Соны айтшы, — деп Ғазиз де ұзақ сөзден жалыққан сыңай білдіріп, әңгіме соңын асықтыра түсті.

Осы кезде қасында екі жандарм бар, еңкіштеу мысық мұрт біреу арбаларды төңіректеп жайбарақат келе жатқан.

Тағы темекі алып тұтатқан Матвей оларға көзінің астымен қарап:

— Жә, басқа әңгіме айтыңдар. Ана келе жатқан барып тұрған қаны-пезер... Надзиратель, — деді.

Бұлар әңгіме бетін күрт өзгертіп, жоқ бірдемелерді сөйлесе бастағанда, жоғалтқан заттарын іздегендей тіміскілеп, көздерімен тінте қараған аналар осы тұсқа келіп тұрып қалды:

— А, Новиков, сен әлі жүрмісің, кеткен жоқсың ба? — деді надзиратель Матвейге сықсия қарап.

— Жоқ, тақсыр Ковзолов. Әлі шаруам біткен жоқ, — деді Матвей қиналған адамның сыңайымен.

— Сенің шаруаң таусылмайды екен, қаланы сағына бересің-ау. Тараңдар, ұйлыға бермей, кеш болғанда не отырыс!..

15

Сақал-мұрты қауғадай адамнан жол бойы жөн сұрасып, жасының отыз екіде екенін естігенде Ақан да, Ғазиз да таңырқасып, бір-біріне үнсіз қарасқан. Қарттық жеткендей имие бастаған, өңі жүдеу, жүзі мосқал адамның нағыз қынаптан суырған алмас қылыштай жігіттік шақтың дер кезінде тұрғанын ойлағанда, «тегі аурулы-сырқаулы болып, тіршіліктің ауыр тауқыметін көп тартып, мезгілсіз қартайған ғой» деп қойған.

«Суға кеткен тал қармайды» демекші, патша үкіметінің жаңа заң, тәртібіне шорқақтау Ақан мына қауға сақалдың сөз жобасынан «көп жасап, көпті көрген білгірсің-ау, мүмкін, ақыл айтарсың» деген оймен Новиковты Әлтай үйіне бірге ала келді.

— О, қазақ үйлерін жақсы білемін. Қазақта жаттық жоқ, несі бар, тіпті қуаныштымын, — деп, сөзге келмей Ақандарға ерген.

Переселен Барыстармен араласып, орыстарға еті үйренген Әлтай да мұны жатсынған жоқ. Ақан әдейі ертіп келгенін айтқанда:

— О не дегенің. Жата берсін, не ризығымызды жер дейсің, бұл да құдайы қонақ. Және ауылдан базаршылап келіп, тапжылмай жатып алатын қазағымның қонағындай емес, шөп жейтін көлігі жоқ, жаяу қонақ

екен, — деп күлген. — Тұра қал, дегенмен өзінің аузының салымы бар екен, кеше Ғазиз әкелген қойды бүгін сойғамыз. Барыстарды да шақырғанмын, бәріне жетеді. Әй, өзінің төбесі де тесік шығар. Қараөткелдің орыстары қазір қазақшанның түбін түсіреді.

— Тесік булғанда, айтпаныз, унреип тур, — деп Новиков та бір күлдіріп алған...

Жылы үйге кіріп, кең көсілген Новиковты Ақан жаңа аңғарды. Қою кірпікті, көкшілдеу көзінің аясы кең, жайдары жүзді келбетті адамның маңдайы да аса кең әрі шекелі. Тұла бойындағы жастықтың белгісі жел қақпаған әжімсіз ақ маңдайында ғана қалған сияқты.

Сөзі де орнықты, байсалды жігіт Ақаннан барымташылар жайын тәптіштеп сұрап, ұзақ үнсіз тыңдайды. Ара-арасында сұрақтар қойып, түсініксіз жерлерін анықтап алғысы келгендей сері әңгімесіне ынтыға түседі. Ожымбай, Шәкей, Байбатырлардың ескі рәсіммен арандап қалғанын, Бәтжанның мерт болғанын естіп, өткен оқиғаларды салмақтағандай ұзақ ойда отырып сұрағаны:

— Ал сіздер барымташылар ісі кімнің қолына түскенін білдіңіздер ме, егер тура заңға сүйенсе, бұл іс — болыстық сотта қаралуы керек. Іс тексеріліп болды ма екен? Мұнымен болыс прокуратурасының зерт орны айналысуы тиіс.

— Бармаған жеріміз жоқ, болыстық сотта да, мировой сотта да болдық.

— Прокоролда да болған жоқсыңдар ма? — деп Әлтай да қостады.

— Иә, онда да болдық. Бәрі де білмейді.

— Беттері бүк етпей, әлгі диала қарағандарына ақша алатындарын қайтерсің, бұрын сотты итім білген бе, мен де бірдемелерді ұға бастадым. «Аюға намаз үйреткен таяқ» депті ғой, әлі сұңғыла боп шығармыз-ау, Алла бетін аулақ қылсын! — Әлтай Ақанға қарады. — Өзі аяқтарыңнан таусылған жоқсыңдар ма, әлгі Жайынбектің тауып беріп жүргендері...

— Оның кінәсі не, әйтеуір көмектескені де. Әр шеноуниктің соңында төрт-бес күннен жүрген шығармыз. Сот, прокуратурада не деген аткөпір қағаз. Күні бойы ақтарғанда өздерінің де бастары айналатын шығар. Қаншама уақыттары зая кетті десеңші.

— Уақыты зая кеткенде бізді айды деймісің, Ақан аға, бәрі бір құлқынның қамы, алтын көрсе періште жолдан таймай ма, басқа дүние судай ағып кетсе де қарасын ба? — деп, Ғазиз кеңсе чиновниктерін даттап қойды.

— Сонда қалай, сіздерден сол үшін ақша ала ма, жауап беруге міндетті емес пе? — деп Новиков таңырқағандай болды.

— Пара бермесе қарайтын түрлері жоқ, әшейін шығарып салма сөздер... «Сіздер кімі боласыңдар, ол кісіге қандай қатыстарың бар?» деп өзімізді тергеуге ала бастайды. Содан амал не, Жайынбектің ұғындырғанын істейміз. Көзіңді бақырайтып қойып ақшаны қалталарына басады. Қимылдап кеткендері ақша көрінеді ғой.

— Иә, ол рас. Бирондар Россияны кеулеп барады. Енді қазақ даласын да жайлай бастады.

— Берон дегенің кім? Ол да бір шеноуник пе? — деп Әлтай да, Борис қарт та жамыраса сұрады.

— Бирон деген — ертеде Анна Ивановна патшаның тұсында өмір сүрген Курляндия герцогі. Ол ең арты патшаға жолықтырғаны үшін өз қызметкерлері — чиновниктерден пара алады екен. Кейін бүкіл Россияның қазынасына түсіп тонаған. Халықтан недоимка жинаушыларды ол кезде бироновшылар деп атаған. Өзінің саясатына қарсы адамдардың құлағын кесіп, мұрнын жұлып, тірідей жерге көміп өлтіретін нағыз қаныпезер.

— Не дейді? Алла, естімеген елде көп. Бероның қазір де бар ма?

— Қайдан болсын, — Новиков жымиып күлді: император Иоанн Антоновичтің кезінде Тобольск губерниясындағы Пельм деген жерге ссылкаға айдалып, сонда өлген.

— Ол да айдауда өлген бе, сол керек!

— Әй, шал-ай, тынышыңа отырсаңшы, бәрін түсінем деп отырмысың. Ертең бір өзің шығарғандай, базардағы шалдардың ортасында, әй, сілтегің келеді-ау.

— Сілтесе несі бар. Жарайды, қоя тұршы-ай, мені тақымдай бермей. Содан, иә, қай жерге келіп едік, иә, парақорлар туралы, — деп Әлтай ертегі тыңдап отырғандай, Новиковтың сөзін қайта жалғап жіберді.

— Қазіргі сот ісінің көбі ақшамен шешіледі, бұлар да Бирондар... Әх, бироны...

— Оу, Мәтбай дедің бе атыңды, ондайлар қазақ ұлықтарында да, тіпті қайсыбір қазыларда да болған. Қазақта «ұлыққа бара берме, пара бер» деген сөз бар.

— Қалай дедіңіз, қалай? — деп, Новиков құлағын тоса, қайта сұрады.

— Ұлыққа бара берме, пара бер.

— Мынау тамаша айтылған сөз екен...

— Ал, Ахан, әлгі достарыңыздың осы Ақмолада екеніне анық көздеріңіз жете ме? Ұрлық жайын анықтадыңыздар ма?

— Түрме аузына талай бардық, Жайынбекті де салып көрдік. Жолата-тын емес, тіпті тамақ алдырмайды. Бар, жоғын да ешкім айтпайды. Осында әкелгендері анық, оны Көкшетаудан білгеміз.

Новиков сәл ойланып отырып қалды.

— Меніңше, мұнда бір сыр бар. Қалай деуге болады, жобамен айту қиын. Тегі бұл істе көп жасырын құпия бар. Иә, солай!.. Сіздер қайткен күнде де конокрадтармен жолығуларыңыз керек. Қайткен күнде істің жобасына қарай, қолымнан келгенше көмектесіп көрермін. Мүмкін, инатқа шағым жазу керек болар. Әрине, қиын шаруа... Менің тағы бір түсінбейтінім — ұрланған жылқылар қайда кетеді? Бәрін сорға батыру — қисынға келмейді... Мұнда басқа, екінші, үшінші адамдардың қатысы бар.

— Әрине, болуға тиіс. Тым құрмаса соны да біле алмадық қой. Мүмкін, бір септігі тиер ме еді, — деп күрсінді Ақан.

— Ендеше, тез арада олармен жолығу керек.

— Әй, өзі түрменің қожасы адам ба, пері ме? Қонаққа шақырса, келер ме екен?

— Сіздің үйге ме? Әрине, келеді. Күтіп отыр. Еһ, сіз шақырсаңыз келмейтін ол соншама кім екен аспаннан аяғы салбырап түскен, — деп, Ғазиз Әлтайды қолға алып, мазақтап күлді.

— Кетші әрі-ай! Сенің-ақ ойының таусылмайды екен. Немене, менің үйімді менсінбесе, сен шақыр. Әкең бір деген указнай молла. Немене, шығынданам, ризығым кемиді деп қорқамысың, о несі-ай!

— Бұл түрме деген де қайдан шықты, — деп Ақан екеуінің сөзін бөлді. — Адамды тірідей қамаудан асқан қорлық бар ма дүниеде.

— Сіздерде қалай сонда, түрме болмаған ба? Шынында да, эмирлік Бұқарадағыдай, қазақ даласында түрме жоқ. «Түрме» деген сөздің өзін «тюрьмадан» алған-ау, — деп Новиков таңырқай қалды. — Шынында да қызық екен.

— Түрме емес, қазақта абақты болған, — деді Әлтай.

— Абақты? Иә, естуім бар. Оның түрмеден айырмашылығы қандай, оған қандай жазықтыларды қамаған?

— Итім білсін. Өзім көрмеген нәрсем. Әйтеуір абақты деп жатады ғой.

— Білмейтінің бар, несін айтасың, шал. Абақты деген де жаңағы түрме. Тегі соның қазақша аты болуы керек, қазақтар екеуін де қосарлап атайды, — деп Ғазиз Әлтайды тағы мінеп тастады.

— Е, оны енді, жастар, сендер білесіңдер. Иә, қазақша аты дегеніңнің жобасы келеді. Бұл жерден сен жеңілдің енді.

Новиков «абахта, абахта» деп кең маңдайын алақанымен басып отырды да, қарқылдап күлді:

— Ох, Абахта?! Абахта деген немістің гауфтвахта деген сөзі екен ғой. Осы күнге дейін абақты дегенге мән бермеппін. Гауфтвахты! Иә, ол — түрменің бір түрі.

— Не дейт! Ең арты абақты да біздің сөз болмай шықты ма, ал Файзолланың Ғазизи, жаңа білгішсініп ең. Енді не дейсің?!

— Қо-ой, гаубахты, гаубахты? Жо-жоқ, абақтыға келмейді. Абақты — қазақ сөзі, — деп, Ғазиз жеңілгісі келмей, оңайлықпен жеңістік бермеді.

— Қазақта зындан деген болған. Ол көбінесе ертегі, қиссаларда кездеседі. Біз көрмеген нәрсе. Тегі шыңырау құдық сияқты болса керек. «Алпамыс», «Қобыланды» атты ұзақ жырларда, пайғамбар, сахабалар туралы құран сүрелерінде кездеседі, — деп, Ақан сөзінің жартысын орысшалап, жартысын қазақшалап түсіндірді.

— Сонда, қалай, шынында да қазақта түрме болмаса, қылмысты адамдарды бұрын қалай жазалаған, өлтіре берген бе әлде? — деп бағанадан үнсіз отырған дәу мұрын Барыс қосылды әңгімеге. Бұған Ресей жеріндегі көне, жаңа заң, жазалау, түрме жайында Петербург университетінде, арнаулы гимназияларда лекциялар оқыған Новиков та құлақ түрді.

— Неге өлтіре берсін. Қазақта жазалаудың талай түрлері болған. Негізгісі — құн. Айыпты адам құн төлейді. Ат-шапан айып дейтін бар, — деп

Ақан күн, айып жайын ұзақ түсіндірді. Қалың мал, қыз төлемін, кек алу жолдарын, ондай кезде кісі өлімімен тынатын, ат құйрығына салатын сойқандықтарды айтты. Кейде билер соты, қазылар екі елді дүрліктірмей, басу айтқысы келгенде, не айыптыны қорғау ниетінде болса, «бас сынса — бөрік ішінде, қол сынса — жең ішінде» деп, мал төлемімен не адам айырбасымен екі жақты келістіріп, татуластыратындарын ұқтырды. — Ал барымташыларды жазғырғанда, жылқы ұрлаған жаққа айып-айбана тартқызып, кейде ұрлаған, айдалған малды «мойнына қоссау, артына тіркеу» деп, екі есе өсімімен қайтартып, бітістіретін де болған. Қайсыбір жеңіл-желпі кінәні жазғырғанда айыптыны өгізге, ұлы жүз, өзбек елдерінде есекке теріс қаратып отырғызып, бетін күйелеп, қарабет атандырып, ауыл-ауылдың көшелерінен масқаралап өткізу дәстүрі де болатын. Мұндай кесім күні кеше Шыңғыс төре ауылында да ұшырасқан. Шоқанның осындай мазақты көрген әкесіне қатты ашумен сөйлеген жері де бар екен... Ертеректе дүре салу, құлдардың құлағын кесу сияқты сұмдықтар да ел арасында айтылады. Басыбайлы құл деудің орнына құлақ кесті құлы деген сонан шыққан ғой.

— Қызық екен, — деп, Ақан сері айтқан қазақ жеріндегі би-қазылардың заң-жобаларын ынтыға тыңдаған Новиков басын шайқады. — Осы айтылғандардың көбі бұрынғы орыс елінде кездескен айыптау — жазалар. Жаңағы есекке теріс қарату, бетке күйе жағу дегеннің басқа ұқсас түрлері бар. Мәселен, айыпты әйелдерді монастырьға өмір бақи қамауға алып, шашын отау, сыпырғышпен елден аластап шығарып жіберу, солдаттардың ортасынан өткізіп дүре салу, тістеуікпен мұрнын, ернін жұлу дегендер бір-біріне ұқсас айыптаулар. Жуков, Салтычиха дегендерге қолданған айыптаулар, Васильева дейтін әйелді сыпырғышпен ұрып аластау — тарихта белгілі жайлар. Ал түрме ішінде болатын жазалар — жо-жоқ, оның жөні бір бөлек. Ол — адам жаны түршігетін жайлар.

— Апырым-ай, ә? Түрмеге қамағанмен қоймай, тағы да оның ішінде жазалай ма?

— Қарағым Мәтібей, сен өзің, байқаймын, көпті көрген жігіт екенсің, сақал қойысың бөлек, бәсе, өзім де тегін емес деп ем, «тегін жерге қау шыға ма, ұрынбасаң дау шыға ма, тасты жерге қына, ақаулы жерге ұра шығады» дегендей, қауқиған бір құшақ сақал тегін иекке бітпесе керек, бәсе, тегін жігіт емес, нысаналы жігіт боларсың-ау деп ем бір көргеннен...

— А, қағынғыр шал, енді қонаққа соқтықтың ба, мен де жететін едім ғой сенің күшәла тіліңе...

— Әй, тұра қал, сен де, әйтеуір, тақымдап қоймадың-ау, Файзолланың жалғызы! Мен қай бір соқтығуды ойлап отыр дейсің, сүйгенін шұнағым дейді, мына Мәтібейдің сөзі ұнап барады, «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» депті ғой, біліп алайық, не айыбы бар? Қарағым, осы түрме дегенінді кім шығарған, өзі қандай болады, көргенің бар ма? Ана Есілдің жағасында түрменің сыртқы қоршауын көргеніміз болмаса, ішіне кірген пенде емеспіз...

— Онда сен шалды біраз қамап алатын екен...

— Ой, тіліңе шоқ түссін!

— Ақсақал, мен көрмеген түрме шамалы. Оның қайсыбірін айтайын, — деп Новиков қабағын шытып, қиналып отырып қалды. — Сіздерден лұқсат та сұрамаппын, темекіні көп тартып жібергем жоқ па?

— Ой, қарағым, тарта бер, өзіңе жаман болмаса болды, шылым тартқан сайын жөтеліп, қиналып қалады екенсің. Әй, қайсың барсың, ана түкіргішті тазалап әкелсеңдерші, — деп Әлтай ауыз бөлмеден біреуді шақырды. — Тарта бер, күлін іргеде түсірсең де болады. Түтіннен қазақ қорықпайды. Жазда маса көп, жылы күзге дейін пішен кезінде түтіннің астында міз бақпай сиырша ұйқтап шығатынбыз. Дәнеме етпейтін. Е, айтқандай, былтыр әлгі Семен шалдың пеші оңбай. Барыс, сен білесің ғой, қыс бойы түтінге қақалып шығатынымызды, сонда да өлгеміз жоқ. Е, эне, бос қалбыр әкелді, соған сала бер. Иә, сөзіңді бөлдім-ау... Тұра қал, бұл да бір керек әңгіме болды.

Шәкейлер қамауға алынған түрме жайын Ақанның да білгісі келіп, жаста болса сұңғыла Новиковтың аузына қарап, қазақ даласына ене бастаған орыс елінің жаңасы мен көнесін, күнгейі мен көлеңкесін білмекке ынтық көңіл атой салды.

— Түрме деген қалай десем екен, қалай ұғындыруға болады, — деп Новиков маңдайын сипап, бұл қапасты көрмеген кісілерге оның бар сырын толық түсіндіргісі келді. Ертең ел аузына осы адамдар арқылы түрме сыры жайылатынын ойлап, оның тарихы, мән-мазмұнын ашығырақ жеткізуді мақсат тұтты. — Түрме, негізінде, әлгі айтқандарыңыздай, жазықты адамдарды, ел, мемлекет ішіндегі тәртіп бұзушыларды жазалайтын орын. Ол орын кімнің қолында билік болса, яғни мемлекет басында кім отырса, соның иелігінде. Ендеше, түрме — ел билеуші әкімнің өзіне қарсы шығар адамдарды, заңға бағынбайтын, айтқанына көнбейтін «қауіпті жауларын» тұтқындайтын, соны не өлтіріп, не енді қайтіп бас көтерместей жасататын орны. Бір сөзбен — әкімдік құралы.

— Тұра тұршы! — деп Әлтай ақырып қалғанда отырғандар селк етісті.

Әлтайдың қасына келіп, құлақ түбінен сыбырлаған бойжеткен шошып кетті. Өзінің оқыс даусынан өзі қысылған Әлтай енді жуып-шайып:

— Қайдан білейін, тіпті әңгіме тыңдауға пұрсат бермейді, — деп қызына қарады. — Ал не, не? Не айтып тұрсың?

— Әуелі шәй ішесіздер ме, әлде етті бір-ақ жейсіздер ме? — деп, қызарақтаған қыз әкесіне жасқана сыбырлады.

— Тұра қал, шайды бағана ішкеніміз жоқ па, бар, әңгімені бөлме, еттеріңді асықпай әкеліңдер.

— Оу, Әлеке, әңгімені аузымызбен тыңдамаймыз ғой, атам заманда ішкен шайды айтасың, шөлдеп отырмыз, — деп Ғазиз ауыз жаққа айғайлады. — Әкеліңдер шайды!

— Шөлдесең, ана жаққа барып іш, о несі-ей, жаман үйді қонағы билейді.

— Әкелсин, Альтай, саған жалко что ли? — деп Борис Ғазизді қосағасын барып, Әлтай жуасып тақыр басын сипады:

— Жарайды, әкеліңдер, Ақан мен Мәтібейге қымыз әкеліңдер. Сендерге қымыз жоқ, қысырдың қорын қалай үзем...

Новиков темекісін қомағайлана сорып, әңгімесін қайта жалғады:

— Россия патшалығында екі түрменің атағы дүние жүзіне әйгілі. Оның бірі — Петропавл крепосты, немесе Санкт-Петербург крепость деп аталады. 1703 жылы салдыра бастаған да, алғаш 1717 жылы «Ревель» кемесінің жиырма екі тұтқыны, бір жылдан соң царевна Мария Алексеевна қамауға алынған. Бұл — нағыз патша сарайының алдында, Нева өзенінің жағасында. Содан алпыс шақырымдай жерде тағы бір үлкен түрме — Шлиссельбург қамалы бар. Мұны халық Петропавл қамалының туған апасы деп ажуалайды.

— Тұра қал, кейін ұмытып қалам қазір сұрап алмасам, оны түрме демей, неге крепс дейді?

— Крепость дейтіні, ол осындағы Ақмола түрмесіндей емес, жатқан бір кішігірім қала. Айнала тақтай қоршау емес, күйген қызыл кірпіштен қалыңдығы екі метрдей етіп қалаған қамал. Ол аздай, кейін әр патшаның түсында, әр бұрышынан қосымша қорғандар салынып, оларға тағы да ревелин, куртин, бастيون дегендер қосылған. Ол қамалдың ішінде арнаулы әскерлер, қару-жарақ, көп-көп құралдар ұсталды. Егер сырттан іштегілерді құтқармаққа қанша күш келсе де, әлгі қамалдағы арнаулы әскер қашан көмек келгенше оларға төтеп беруге тиіс.

— Крепсін, ендеше, қазақша айтқанда, алынбайтын қамал болды ғой. Әлгі Ор қаласындағы крепс те сондай қамал емес пе?

— Иә, иә, сіздің айтып отырғандарыңыз Орск крепосы шығар...

— Е-е, крепс дегенінді жаңа түсіне бастадым, әрі қамал, әрі түрме, қызық екен.

— Бұл түрмелерде талайлар мәңгі бақи қамалып, соның ішінде өлген. Тіпті не үшін тұтқындалғанын білмейтіндер де болған. Басқаны былай қойғанда, Петр І императордың баласы Алексей осы түрмеде өлген.

— Патша баласы ма, оны кім қаматқан?

— Императордың өзі. Әкесінің ішкі-сыртқы саясатына қарсы адамдарға қосылып, Россия тағдырына қауіп төндірген.

Патша ондайларға қайырымсыз болған. Ол өзінің әйелі Евдокияны да, өзінің апасы царевна Софьяны да Сусанна деген атпен шашын кестіріп, монастырьға қаматқан. Сол сияқты Екатерина императрица да өз күйеуі Петр үшіншіні крепоста ұстап, ақыры өлтірткен.

— Тұра қал, түрме дегеніңнің өзі алдымен патшаларды қаматуға жасалған екен-ау.

— Жо-жоқ, олай деуге... Патшаға кім қарсы шықса, соның бәрі қамалған.

— Е-е, таққа таласу десейші, біздіңше айтқанда.

— Қазақ хандары мен сұлтандары да бірінің басын бірі жойған жоқ па. Әбілқайырды Барақ өлтірді, Айшуақұлы Жантөрені Қаратай, сол сияқты бірінің тұқымын бірі құрту ежелден келе жатқан мирас сияқты, кек алу, мансапқа жетудің бір жолы ғой.

— Иә, Ақан шырақ, қазақта «қардың басын қар алады, ханның басын хан алады» деген сөз бар. Ал «ханның басын қара алады» деген сөз болды ма екен?

— Қара алған қалай? — деп Новиков қазақшалап сұрады.

— Қара деген... қалай енді...

Ақсүйекке керағар — қара халық деген сөз.

— Сонда қара сүйек дейміз бе ей, атаңа нәлет, осы сөзді кім шығарды екен, саудыратып сүйектерін қарағандай?

Новиков басын шайқап рақаттана күлді.

— Ақсақал, сіз ақын ғана емес, тауып сөйлейтін ақылды адам да екенсіз. «Қар алады, қар алады», — деп қайталап, Новиков тағы күлді. — Тура тауып айттыңыз. Патшалар сондай қарлардан қатты қауіптенеді. Мәселен, Пугачев деген адам әлгі Екатерина өлтірілген Петр III-пін деп, өзін жұртқа жария етіп, өкімет билігін қолына алмақшы болып, көп әскер жинап, патшаға қауіп төнген соң, ақыры айламен ұстап өлтірілген. Елизавета императрицаның Разумовский дегенмен жасырын жүрісінен туған қызыбын деп, өзін мұрагер етіп жариялаған княжна Тараканова-Владимировскаяны да қамауда өлтірген. Сондай-ақ қамал ішінде патшамен бірге, сіз айтқан, қара халық өкілінің де қатар отырған кездері болған. Мәселен, әлгі Екатеринаның кезінде 16 жасар император Иоанн Антонович қамалғанда, сол Шлиссельбург крепосында Батырша Алиев та қамалып, соның ішінде өлтірілген.

— Оу, біздің қазақ та қамалып жүр ме, мына қара, ол байғұс қайдан қолға түсіп жүр? — деп Әлтай көзі шарасынан шығып, таңғалды.

— Ол қазақ емес, — деді Новиков. — Қамауда өлген қазақтар да бар. Сіздер білмейсіздер ме, Валиханның баласы Губайдулла Березовкаға, Арынғазы сұлтан Қалуғаға жер аударылып өлген. Ондайлар өте көп.

— Е, кеше керей елін билеген Ыбырай сұлтан жұртты қырып жібере жаздапты, талай өшіккен адамдарын итжеккенге айдатқан деп шалдар айтып отыратын. Егер ондай сүркіл болмаса, итжеккенді қазақ қайдан білсін, — деп Ақан Новиковтың сөзіне жан бітірді.

— Ал Батырша Алиев — шын батыр. Хан да, сұлтан да емес, өз халқы башкирлардың мүддесін ойлап, патшаға қарсы шыққан адам. Оны да кісендеулі қалпында, қамалдан қашпақшы болған жерде ұрып өлтірген. Кім білсін, ол да бұғаумен екі-үш күзетшіні өлтіріпті дейді, әлде жала ма, ол арасы белгісіз.

— Сонда, тұра қал, менің бір түсінбей отырған жайым бар. Патша ғой не айтса соны орындатады, бар билік соның қолында. Ендеше, түрме салдырып, оған қаматып несін әуре болады, одан да басын жойғысы келгенді қиқ дегізіп өлтіре салмай ма, баяғыда хандар сөйтеді екен ғой.

— Әлеке, хандар да кейде қолма-қол өлтіртпей, зынданда шірітіп өлтірткен ғой, — деді Ақан. — Ол да кезінде әлеумет алдындағы бір саясаты болса керек.

— Тура айтасыз, — деп Новиков қараңғы шалға қалай қарапайым

тілмен түсіндірерін білмей, маңдайын сипап отырып қалды. — Иә, ақсақал, егер патша өз тарапынан бұйрық беріп өлтірте берсе, бағынышты халық ол туралы не демейді? Жек көрінішті болып, астыртын ойын жария етіп алмай ма? Ол қашанда өз қолымен өлтірмейді, біреудің қолымен өлтіртеді. Мәселен, Петр I кезінде сановниктер болса, Екатерина I жоғары құпия совет дегенді шығарған, ал Екатерина II кезінде прокуратураның беделі асты, Александр I болса сенаттың беделін көкке көтерді, Александр II кезінен бастап жаңа «Сот уставы» бойынша сенатқа қоса присяжный заседательдер тағайындалады. Бірақ соның бәрі — патша қолындағы көсеу. Жаңағы айтқан Пугачевты халықтың көзінше басын, қол, аяқтарын шауып өлтірген. Оны патша білмей қалған жоқ. Тараканованы қинап, тез өлтіру үшін айналуға келмейтін тар түрме бөлмесінің ішіне күні-түні ер адамдардан күзет қойған. Шешінсе де, киінсе де, тіпті қандай жағдайда болмасын қасынан олар бір адым тапжылмаған. Ақыры тамақтан да, бәрінен де қалған княжна құсадан ауырып, тез арада жан тапсырған. Оны да күніге Екатерина біліп отырған. Сөйте тұра әр патшаның тұсында өзінше жаңа заңдар шығып, өздерінше түрме, сот жағдайларын жақсартқан болады. Николай I кезінде жаңа проектінің жобасы жасалса, 60-жылдары түрме реформаларының жаңа жобасы, 1866 жылы Россиядағы түрмелерді өзгерту туралы жаңа заң, Александр II кезіндегі «Сот уставы» бойынша сотты ашық жүргізу туралы, дүрелеуді жою туралы реформалар, жаңа заңдар шыққан, бірақ оның бәрі қағаз жүзінде. Мәселен, Екатерина II өз қолымен жаңа түрмелердің жобасын жасаған. Ол жоба бойынша түрмедегі адамдардың қылмысына қарай оларға күнде берілетін тамақ, жатар орын, киер киімдерінің жақсартылуы, тіпті ауыра қалған күнде оларға дәрі-дәрмек, кітап оқу, денсаулықтарын сақтау жайында неше түрлі адам күлерлік жаңалықтар енгізілген. Бірақ оның бәрі қағаз жүзінде. Ал 1876 жылы шыққан сотсыз бас еркінен айыру дегенді, сөз жоқ, тапжылтпай орындайды.

— Тұра қал, сонда тағы да түсінбеймін, ол патшаларыңды кім қыстап барады, егер айтса уәдесінде тұрмай ма. Кімнен қорқады?

— Тууһ, шал-ай, әлі дым түсінбейсің ғой, орысшанды бір қазағыңдай білем деп әншейінде кеуденді қаққанда сондайсың, әлі шала ұғыпсың ғой! — деп Ғазиз тағы да Әлтайдың аузын қақты. — Қорықпағанда, ол да адам емес пе. «Адам басы Алланың добы» дейді менің әкем. Шынында көп қорқытады, терең батырады.

— Мұның бәрін бір түнде түсіну мүмкін де емес. Сұрасын.

— Әрине! Сен жарытып түсінген шығарсың. Мен орысшанның бір-екі сөзін ұқсам, ар жағын өзім көкірегіммен-ақ алып кетемін. Нанбасаң, енді бір айдан соң сұрашы, осы айтқандарыңның бәрін қолыммен қойғандай айтып берейін. Әттең, кісі аттары қиын екен. Оны Барыс екеуміз әлі талай пысықтаймыз ғой, — деп Әлтай Барыстың қақпақ жауырынынан қағып қойды. — Әй, сен мүлгімей түгел ұғып ал, орыс емессің бе, әттең, мен сендей тіл білсем!

— Ақсақал, сұрағаныңыз орынды, — деп Новиков сөніп қалған темекісін тұтатты. — Оның жан-жағында отырған бәсекелес державалар бар. Олар бұл империяның ішкі, сыртқы мәселелерін аңдып отырады. Тіпті әлгі түрме мәселесінің өзін олар көп зерттеген. Россия түрмесін нағыз варвар-жауыздар түрмесі деп атаған. Міне, сондықтан олардың алдында да айла, саясат керек. Мәселен, Россияның түрмелеріндегі қаталдық туралы бүкіл Европа түрмелерін аралаған Джон Говард деген адам көп жазған. Екатерина II-нің тұсында Кокс деген ағылшын Россия түрмелерін көріп, императрицамен ұзақ әңгімелесіп, көп сұрақтар қойған.

— Талмау жерден қойған ғой?

— Әрине, бірақ оларды соттата алмайды. Ал Новиков дейтін жазушы сот, прокуратура маңындағы чиновниктердің парақорлығы, дұрыс соттамайтын әділетсіздік, жалақорлығы туралы жазған. Сол үшін ол да түрмеге қамалған.

— Мәссаған керек болса. Тұра қал. Новиков дедің бе? Ол сенің туысың емес пе?

— Жоқ, аттас адам. Орыста «Балық басынан шіриді» деген мақал бар, мәселен, Николай I патша саяси қылмыстыларды былай қойғанда, князь Сергей Трубецкойды басқа біреудің әйелі Жадимирскаяны алып қашқандығы үшін түрмеге жаптырады. Үйткені ол әйелге өзі қызығып жүреді екен.

— Е, ондай біздің елде де болған. Жанғабыл деген болыс Қылтан деген бейбақты қорқытып, әйелінен айырып, ақыры өзі оны тоқалдыққа алған.

Міне, осындай басынан шіріген үлкен балықты көрген кіші чиновник шабақтар да қайдан тыныш отырсын. Олар да әр заң өзгерген сайын халық үстінен байып, немесе өз дегендерін жасайды. Лихутьев деген жол тонаушы қарақшы жаза үстінде Москваның генерал-губернаторы, князь Юсуповқа былай деген екен: «Екеуміз де бірдей адамдармыз, бар айырмашылығымыз — мен үлкен жолдың үстінде тонайтын қарақшымын да, сен қызмет үстінде тонайтын қарақшысың».

— Па, па, ол да бір қасқыр екен!

— Ал түрме ішіндегі бассыздықтарды айтып тауысу мүмкін емес, дүрелеп, не аштан қатырып, сыз бөлмеде жалаңаш тас еденге жатқызып өлтіру, дін иелері архимандриттердің қорлығы — толып жатыр. Мәселен Кексгольм крепосында жаңағы Пугачевтың қамаудағы қызын түрме коменданты зорлап, екіқабат етіп, ақыры өлтіріп тынған. Николай I патша тұсында петрашевшыларды атуға алып келіп, бәрінің басын қаппен түмшалап байлап, мылтықтарды көкке атып, мазақ еткен. Өлім күткен адамдардың көпшілігі бастан ауруға шалдыққан. Олардың ішінде осы Омбыда, Семейде айдауда болған Достоевский, Дуров деген атақты адамдар бар. Олардың басшысы Буталиевич-Петрашевич ұстамалы ауруға шалдығып, Енисей өлкесінде 16 жыл айдауда жүріп, қорлықпен өлген. Патша саясатын түсінбейтін қайсыбір сауатсыз жандардың мадақтайтыны да бар. Алексей II-ні «құтқарушы император» дейді. Рас, 61-жылғы

реформа жиырма екі миллион адамды құлдықтан құтқарды. Мұның үлкен жеңіс екені сөзсіз. Бірақ кімнің жеңісі? Сол құлдардың, бұғаудан босау үшін талай рет қантөгісті басынан өткерген адамдардың жеңісі. Мұның бәрі Россия түрмелеріндегі қапастағылардың қанымен, талай дар ағаштарымен келген жеңіс. Бірақ шаруаның мойнынан бұғауды алғанмен, оны аяғына салды.

— Осы бұғау дегеніңді, шаруалардың жайын ұқпай отырмын. Неге мойнында бұғау болады, неге енді аяғына түседі?

— Ақсақал, мына Барыс тамырыңыз сол «Раскрепощение» деген реформадан кейін осы жаққа келген босқын немесе переселен дейсіздер ме? Бұларды бұрын помещиктер, сіздерше, байлар, мойнына бұғау салып, қайда жетектеп, сүйреп апарамын десе ерікті болатын. Мал сияқты сата-тын. Енді бұлар одан құтылды.

— Енді бұғау аяғына түсті деп отырсың ғой, құтылғаны қайсы?

— Дұрыс айтасыз. Басы бос болса, енді ешқайда бара алмайтын тұсаулы ат сияқты. Себебі еркін жүретін жері жоқ. Басы бос болғаны не керек, егін салатын, мал жаятын, бақша егетін жері болмаған соң. Аяғынан кісендеулі емей немене?

— Е, қазір Ақмолаға келген орыстардың қайсыбірі жер алып, егін салып жүрген жоқ па?

— Оны переселендер фондысы дейді. Бұларға Россияның жері де жетер еді. Бұл жаққа жіберу — патшалық Россияның колонизаторлық саясаты, ақсақал. Бірақ бұл саясаттың да патшалық империяның өз басына сор боп тиеріне күмән жоқ, — деп, бір бәйтеректің тамырындай жұптасып, ағайындас адамдардай болған тағдырлас тамырлар — Әлтай мен Борис қартқа Новиков көкшіл көзін сығырайта қарап, күлімсіреді де, темекісін қомғайлана сорып, үнсіз отырып қалды.

— Е-е-е-е, — деп даусын ұзақ созған Әлтай тұрып қалған әңгімені суытпай жалғай жөнелді. — Тұра қал. Мен бір қызық айтайын. Былтыр Семей жағындағы тобықтыларға, жамағайындарыма барып қайттым. Сонда бір жаңа өлең естідім. Пөшкен деген ақынының өлеңі дейді. Тегі, мына Барыстың үйіндегі орыс домбырасы бар ғой, әлгі немене еді-ей, Барыс?

— Балалайка.

— Иә, сол балауайкамен айтатын ақын болса керек. Содан бір қу шалдар мақал шығарып алыпты. «Орыстың Пөшкенімен бірге пөшкісі келді» дейді. Тауып алғандарын қарашы.

— Пөшкің не? Бөшке ме? Су құятын кәдөшке? — деп Ғазиз қарқылдап тұрып күлді. — Әй, шал ай, Пөшкін мен бөшкенің бұл арада қандай қисыны бар?

— Ойпырым-ай, сен де бір, әуелі түсініп алмай, лағып кетесің-ау, қарғым-ай. Бөшке деген кім бар. Пөшкі деймін. Әлгі ататын пөшкі ше. Қазақша не деуші еді... Еһ, зеңбірек, зеңбірек.

Отырғандар ду күлді.

— Пушка деңіз, пушка деңіз, — деп Новиков таңғалды, — Қарай гөр, не деген үйлесімді сөз. Пушкин и пушка. Дәл айтылған.

— Ал енді деймін-ау, тұра қал. Әлгі түрме жайын ойлап отырып, көңіліме мынадай сөз келеді. Тұра қал... Ы-ым... Орыс патшасымен бірге...

— Ақшасы келеді.

— Тұра тұршы, Ғазиз. Туһ, ойымды бүздың-ау. Орыс ұлығы келсе, түрме салады, орыс мұжығы келсе... ы-ым...

— Мүрде салады, — деп, Ғазиз тағы да қарқылдап күлді.

— Тууһ, нағыз бейбастақ екенсің. Мүрдесі несі-ай, үй салуды қалай айтамын, соны ұйқастыра алмауымды қарашы!

Ақан да ойланып отырған:

— Ғазиздің мүрдесін пайдалансақ, «Өлімді жер мүрдесіз болмас, әкімді жер түрмесіз болмас!» — дегенде, Әлтай қуанып кетті:

— Міне, міне! Ай, алмас қылышым-ай...

— Бірақ, Әлеке, сіздің мұжық пен ұлықты ұйқастырғаныңызды қалдыруға болмайды, осының төңірегінен іздеу керек, — деді Ақан өз мақалына көңілі толмай.

Борис қарт та түнеріп, ойланып отырған, басын оқыс көтеріп алып, төтеден қойып қалды:

— Мужик — үй, ұлық — тюрьма!

Бәрі ду күлді.

— Егер ол ұнамаса, «мужик — печь, улык — меч!»

— Оһо! Жарап жатыр, Барыс ақсақал, мынауыңыз тіпті үйлесімді. Печь — жылылық, тіршілік белгісі, мечь — суықтық, өлім белгісі, ал қазақша қалай! — деді Ақан қабағын шытынып, көзін төңкере ойлана қалды да, қайтадан жадырады. — Таптым, таптым!

— Мен де таптым! — деп қуанды Ғазиз.

Новиков қана қазақша ештеме ұйқастыра алмай, ақындар сайысын қызықтап, күліп отыр.

— Ал айта ғой, Ғазиз!

— Алдымен сіз айтыңыз, Ақан аға!

— Мен біреуін айттым ғой, бердім кезекті.

— Ендеше:

— Ұлықтар салып абақты,
Қазақтарды қамапты.
Мұжықтар келіп үй салып,
Қызықтап қазақ қарапты.

— Жақсы, жақсы, — деді Ақан, — мынауың шынында да тәуір, тәуір!

— Қой, Ғазиз шырақ, — деп Әлтай дауласа кетті. — Ақан әншейін көңіліңе қарап айтады да, әйтпесе, мынауың мақал емес, сырнайыңа қосылып салатын шұбатылған өлең ғой.

— Өлең болса не қыл дейсің?! Мақал төрт жолдан да, он жолдан да келе береді.

— Қой, қарағым, он жол дегенің тіпті түк қисынға келмейді. Сондай бөспе сөз не керек. Өлең етіп айта бер, бізге қазір керегі қысқа, дөп айтылатын мақал. Ақан серім, енді өзің айтшы, ұмытып қалған жоқсың ба?

— Жоқ, неге ұмытайын. Бірақ бұл менің жеке шығарған мақалым емес, сіздердің сөздеріңізді алып, қосқан қосымшам деп ұғыңыздар. Тек қана «үй» дегенді ірге деп алдым. Үйдің төрт қабырғасы ма, әлде өріс, көршілік ірге ме, бәріне де келетін сияқты, иә былай:

«Орыс мұжығы келсе, іргең кеңейер,
Орыс ұлығы келсе, түрмең көбейер».

— Паһ, па-паһ! Асыл ардагерім-ай. Міне — мақал! Бұдан артық не керек? Мынау ертеңнен қалдырмай елге жаятын асыл сөз болды:

«Орыс мұжығы келсе, іргең кеңейер,
Орыс ұлығы келсе, түрмең көбейер».

— Паһ, па-паһ! Әй, еттеріңді түсіріңдер. — Әлтай ауыз жаққа айқай салды: — Тамаққа бір тойып алып, әңгіме кебін таң атқанша шертпесек. Айналайын-ай, Мәтбей балам-ай, қараңғы қораға келген шамдай болдың-ау. Туһ, мына бір түрменің маңында қанша ғажап дүниелер естідік. Ғажап-ай, ғаж-жа-а-ап!

16

Қараңғы қораға шам алып шыққан бала сасық күзенше бет бақтырмай шақ-шақ етеді.

— Жоқ дедім ғой үйде, үйде жоқ Жайын ағам. Өздерің сөз түсінбейтін не қылған адамсыңдар, о заман да бұ заман! Жоқ деген соң жоқ!

— Үйде болмағанда оны жер жұтып кетті ме, қайда?

— Е, қайда екенін қайдан білейін... Қонаққа кеткен, — деді бала жалтарып.

— Кімнің үйіне кетті?

— Кімнің үйін білесіңдер? Қала үлкен.

— Әй, бала, сен олай сөзді көбейтпе. Қараөткелдің бар үйі менің алақанымда, атын айтшы, өзіміз-ақ тауып аламыз. — Ғазиз шақылдақ балаға төне түсті.

— Атын білмеймін, бағана кешке кеткен. Тапқыш екенсіңдер, өздерің тауып алыңдар, о несі-ай, сенбейсіңдер ме. Қане, есік жабамын, қорадағы қойлар шығып кетеді. Мен тығып отыр деймісің, о несі, о заман да бұ заман!

Ғазиз баланың мідгірлеп, асығуынан секем алып, Ақанға қарады.

— Ақан аға, не де болса үйге кіріп күтейік, әйтеуір, бір келер үйіне.

— Сендерді біз бақпаймыз, жатамыз қазір. — Сөзі түйеден түскендей.

— Жатқаны несі-ай, қызыл іңірден жататын не көрінді.

— Не қылған қызыл іңір, жермай жоқ таң атқанша отыратын. — Бала тағы да қисынсыз бірдемелерді айтып кетті.

— Жермай жоғы көрініп тұр, барлық үйлеріңде шам самаладай жайнайды, қонақтар бар ма үйде?

— Жоқ дедім ғой, ешкім жоқ, — деп бала шыжбалақтап сыртқы есікті иегімен нұсқады. — Қане, шығындар, есікті жабамын. Не қылған түсінбейтін адамсыңдар!

— Өй, мынау өзі мейманды қуатын не қылған тас бүйрек, тіпті тілі мен жағына сүйеніп, қарашы өзін қаршадай боп, — деп Ғазиз баланы кеудесімен соға алға ұмтылды. — Жүріңіз, Ақан аға, тап мен білсем, Жайынбек үйде, мынаның байбалам салуына қарағанда.

Бала алдынан жүгіре шығып, жолын кес-кестеді.

— Үйге кіруге болмайды. дедім ғой. Болмайды деген соң, болмайды. Айттым...

— Кет әрмен, — деп Ғазиз баланың кеудесінен нұқып қалды. — Мынау өзі не деген жүгенсіз өскен неме, қазақ емессің ғой өзің.

— Иә деген, кірерсіңдер. Үйде үлкен қонақтар бар. Кірерсіңдер жаман қатты, о заман да бұ заман! — деп ызалы бала қолындағы майшамды үрлеп сөндіре салды. — Ана босағада ит жатыр... қапса игі еді, бәлем...

Ақан мен Ғазиз қараңғы қораны сипалап жүріп ауыз бөлмеге кіре бергенде, алдарынан Жайынбектің өзі шықты.

— А, үйде екенсің ғой, аман ба-ай, Жайын балық, тап үстіңнен түстік-ау, — деп Ғазиз алақанымен семіз жігіттің майлы жауырынына сарт еткізді.

— Өй, сенің-ақ ойының таусылмайды екен, жауырыннан неге ұрасың, — деп көзілдірігі мұрнына түсіп, тершіген Жайынбек қиқаң етіп, қонақтардың амандығын салғырт алды.

— Немене, жауырыннан ұрса күшім қайтады, бағым таяды деп тұрмысың, қатын емеспіз, жігіттің ұрғанынан ештемең кетпейді.

— Не қып түнделетіп жүрсіңдер мезгілсіз уақытта?

— Саған қонаққа келдік, қайдағы мезгілсіз уақыт.

— Дұрыс қой, дұрыс қой, — деп, жігіттік шақтары бірге өткен, қыз-ойнақтарды бірге атқарған адуынды Ғазизден жасқанғандай, Жайынбек міңгірлеп, кібіртіктей берді.

— Дұрыс болса, енді үйге кіргізбейсің бе қонақты?

— Ол дұрыс қой, дұрыс қой, бірақ...

— Не бірақ?!

— Үйде бір ұятты қонақтар отыр еді...

— Сонда, немене, біз ұятсыз қонақтар болғанымыз ба, не айтып тұрсың өзің, Ақан ағадан артық қай қонағың бар еді қазақта.

Жаңағы қорадағы бала бұлардың соңдарынан кіріп, сөздерін тыңдап тұрған. Қара көлеңкеде Жайынбектің қасына барып, көйлегінен тартып:

— Аға, мыналарды тебейін бе?! — деді.

Жайынбек қысылған жоқ:

— Бар ана жаққа, — деді жай ғана.

Бала шекесіне қолын қойып, теріс айналып, жандармдарша тарс-тарс басып жүріп кетті.

— Жайынбек, қалжың өз алдына, біз шаруамен жүрміз. Өзіңде белгілі шаруа. Сені соңғы күндері ұстау қиын болып барады, — деді Ақан.

— Иә, білем... белгілі ғой, енді... ертең сөйлессек те болатын еді... Ал тезірек айтыңдаршы.

— Өй, төрт көз, саған босағада тұрып шаруа айтатын бізді кім деп тұрсың. Ішке кіріп, жайланып отырып айтамыз. — Ғазиз шын шамырқанып төр үйге беттеді. — Жүріңіз, Ақан аға, жүріңіз, көрейін бұның қонақтарын.

— Жарайды енді, кіріңдер, әйтеуір келген екенсіңдер... Апырмай, ұят болды-ау, ұят болды-ау, қайдан ғана уәде беріп ем, — деп Жайынбек домалаңдап, соңдарынан сөйлеп келеді. — Қашан да біреуге жақсылық етем деп, сау басқа сақина тілеп алам...

Үйде жасырынып, қазақшылық рәсімде жоқ, қалалық дәстүрмен шақырусыз қонаққа тарылған Жайынбектің мына қорлығына күйінген Ақан теріс айналып жүре бергісі келді де, зорға шыдады. Тап осы жолы Жайынбекті ұстаса, шаруаларының не болатынын, не болмайтынын біржола шешіп, тіке сөйлеуге Ғазиз екеуі келіскен. Енді босағада тұрып, ақылдасса, тағы да бір оңай сылтаулар айтып, сүйретпеге салуға беті бүлк етпейтініне күмән жоқ. Кіріптарлық не істетпейді, әншейінде мына шаңыраққа шақырса да бас сұқпайтын сері, енді басына күн түскенде тентек Ғазизбен бірге рұқсатсыз киіп-жарып төрге өтті.

— Ассалаумағалай-кө-өм! Кеш жарық, орта толсын, — деп, жарма есіктің табалдырығынан аттай беріп, Ғазиз алдынан Ақан серіні өткізді.

Екі отау құрып, құс жастықтарда шынтақтай жатқан адамдар бастарын көтерісіп, «Әй, сендер екенсіңдер ғой» дегендей, қайтадан төмен тұқырайды. Ақынды таныса да танымағандай болды ма, бұлардың сәлемін ешкім алған жоқ. Тек орта тұстан Күшенұлы Тұрлыбек қана қолындағы картасын араластырып жатып:

— Е, «Файзолла әкем аты, Ғазиз атым», сендерді кім шақырды?! — деді ақын жүзіне қарамастан. Ақын жүрегі шым ете қалды. Бұл да бір қорланған түс. «Бұдан артық мазақ бар ма. Жо-жоқ, қайтсе де шыдау керек». Ғазиз де қанша адуынды болса да, Тұрлыбектің сөзіне шамданған жоқ, мырс етіп күліп, қалжыңмен жауап берді:

— Түреке, өкпеңіз орынды. Сізді Жайынбектің қатыны шақырған ғой, бізді өзі шақырған! Бұларда ондай сорақылық бола береді.

— Е, шақырса, отырыңдар, күзетшілердей қақпай! — деп, түсін суыта қойған Тұрлыбек картасын тарата беріп, босағада тұрған Жайынбекке оқты көзін қадай қалды.

— Енді өздерің келген екенсіңдер, отырсаңдаршы үлкен кісімен жағаласа бермей, — деп Жайынбек, «мен шақырғам жоқ» дегенді сездіре, советник алдында қипақтап, ақтала сөйледі.

— Қай жерге отырамыз, ине шаншар жер жоқ, осынша адамды шақырармысың, — деп Ғазиз де Жайынбектің қытығына одан сайын тие түсті.

— Онда ана жаққа барындар, әйелдер жаққа, менің қонағымда шаруаң қанша? — Үй иесі пышақ айнамай, зығыры қайнап шығып кетті.

Бөлмедегілер Қараөткелдің өңшең жуантаяқ шонжарлары. Ақан қазақтар ішінен Тұрлыбек пен Ерденді, екі-үш орыс ұлықтарының ортасынан көкшетаулық Радзилевичті ғана таныды. Ақан ішінен: «Мына сұм қайдан жүр бұл жақта?» деді де қойды.

Үш топқа бөлініп отауласа отырғандар картаға әбден берілген. Жымжырт ойнағандай, қолындағы карталарына үнсіз тесіліп, анда-санда құпия бірдеме айтқанда қайсыбірі даусын шығарады да, «артық деп қойғам жоқ па» дегендей, өз үнінен өз үркіп, көзі алақтап басқаларына қарайды. Бұлардың бір тобы «Три листиканы», екінші тобы «Орлянканы» ойнап отыр. Ақмола жатақтарына әлі тарамаған, ұлықтар ғана қатты әуестеніп жүрген бұл ойындарды Ақан жақсы біледі. Қолы да жүргіш. Бірақ тап осы арада суқаны сүймейтін мына шонжарлармен ойнағысы келмеді. Оң жақтағы ақ болыскей кереуеттің қасындағы төрт аяққа отырып, үй жиһаздарына көз салды. «О, ғажап, әр дүниеден иесінің жүзі көрініп, иесінің иісі келетін секілді».

Омбы кадет корпусын тамамдаған Жайынбек, басқалардай, әскери қызмет атқармай, Ақмолаға — өз еліне келген. Алғашқыда уездік мировой судьяда тілмаш болып жүріп, кейін ояздың қол астына әрі тілмаш, әрі көмекші болып ауысқан. Тегі бас есебін мықтап білетін болса керек, өзі қатарлы оқыған азаматтардың көбінен асып, байлығы шалқып тұр. Жас та болса дүниенің қыбын келтіретін нағыз жылпос жігіт. Басқа ұлықтар бір асаса, бұл екі асайды. Новиков айтқан қазақ Бироны — осы. Бар айырмашылығы — Бирон тұрмысында атшының баласы болса, Жайынбек кезінде Заманбай атанған, осы төңірекке аты шулы бидің жалғызы. Биыл Сағынай асында Ақан көргенде тап мұндай емес еді, екі-үш айдың ішінде бұрынғыдан да жонданып, беті шар табақтай, қарны төңкерулі тегенедей болып, күн санап семіріп, айы-күні жақындаған әйелдей, құйымшақ тұсы жалпая қалыпты. Мына кең отауы да семіз иесі сияқты. Дүниеге сіресіп тұр. Қала саудагерлерінде болатын орыс жиһаздары мен төбеге дейін құс төсек, кілем, алаша, жастықтармен тірелген төсектер, көзіне көзілдірік, үстіне фрак, басына қазақы кестелі тақия, бұтына орысша шалбар, аяғына қонышының шетін қайырған қисық табан етік киетін иесінің сиқындай алабажақ. Жерге төселген кілемдер де, қат-қабат түкті, түксіз кілемдер үстінде құрақ көрпелер, сырмақ, бірсалар, шеті шығып жатқан таңдай алашалар, қабырғаға ілінген кілемдермен қатар оюлы түскізідер, тіпті базар табақ кілемдері де жарысып, бір-біріне мінгесе қалған. Бәрі көрер көзге көрмеге қойғандай. Байлық көзі осы дегендей, мақтанышпен қалай болса солай жиналған жасау біртүрлі тыныс тарылтатындай. Бәрі дала жүзін көрмей дымданғандай, сыз иісі білінеді. Тегі дүниені бұлай ұстауда да үйдегі оқымаған келіншек емес, оқыған үй иесінің басшылығы көрініп тұр. Кез келген жерге қыстырып іле берген Жайынбектің жеке, не оязбен, басқа шен-шекпенді адамдармен түскен суреттері «мен, мен» дегендей,

алыстан сығалайды. Есіктен Жайынбек көрінді. Жүрелей отырып бір ойыншының картасына үңілген Ғазиздің құлағына таяу келіп сыбырлады:

— Карта ойнамаған соң мұнда не бар, ана жаққа жүріңдер. Әйелдер күтіп отыр. Сендердің әндеріңді тыңдағысы келеді.

Тілаштың барлығы шыққан сыбырын құлағы шалған Тұрлыбек ытырынып қалды:

— Олар да еріге береді екен?

Ғазиз советниктің шамшыл сөзін ұнатпай, тағы да қылжақтады:

— Е-е, сіздер карта ойнап әлек, олар не ойнамақ? Ақан аға, жүріңіз, сұлу жеңгейлермен біраз ойнақ салайық.

— Баршы, баршы, картаға мешайт қыласың, — деп, әлгі ойыншы желкесінен төнген Ғазизге шалқая қарады. — Алла риза болсын, баршы, жеңгейлеріңмен ойнақ салмақ түгіл, қойнына барсаң да мейлің.

— Әрине, өз қатының үйде қалған соң, басқаныкін аяп қайтесің, жомарт болсаң үйіңе жібер, — деп қасындағы біреуі қосылды.

— Жүріңіз, Ақан аға, — деп серінің атын екінші қайталағанда барып, танымайтын қазақ чиновниктері бастарын көтерісіп-көтерісіп алды.

— Уау, Ақан дегені Ақан сері емес пе?

— Ақан сері болса қайтейін деп едің?

— Көре алмай қалдық-ау.

— Көрімдігін берсең көрерсің, асықпа, қайда кетер дейсің. Ол да басы, көзі бар адам! — деп Тұрлыбек Күшенұлы күшене сөйлеп, картасын ойнай берді.

— Ақанды көргің келсе, андағы қарғаның бәлетін көр! — деп Ерден де қиқылдай күлді.

Әйелдер отырған бөлмеге кірмес бұрын Ақан:

— Ғазиз, осы үйде ақсақал бар емес пе, қазақ рәсімімен әуелі сол адамға сәлем беруіміз керек еді, — деп ауыз бөлмеде бөгелді.

— Иә, жүріңіз. Әй, төрткөз, әкеңнің үйі қайда? Сәлем беріп шығайық.

— Әй, сен де еріге береді екенсің. Алжып отырған, төрінен көрі жуық адам сенің сәлеміңді не қылсын. Жүріңдер, әйелдер күтіп отыр.

— Әйелдер ешқайда қашпайды, үлкенге сәлем бермеуіміз ұят-тағы.

— Қайтесіңдер, бармаңдар дедім ғой. Сөз естігілерің келіп тұр ма, ол шал көрінгенге удай тілін жұмсайды. Құлағы керең, тоқсандағы милау шалдан не сұрайсың, жүріңдер.

— Әй, өзің әкеңді келін құсатып шымылдықта жасырып ұстайын деп пе ең. О несі-ай, көргенсіз болсаң, өзің көргенсіз бола бер.

— Ал молланың баласының аузы қисайды, — деп, Жайынбек Ақандарды қора ішіндегі үлкен үйге амалсыз бастады. — Тек көп отырмаңдар... Жаман үйді қонағы билейді деп, сендер тіпті билеп-төстеп кеттіңдер ғой!

— Сен, қайбір бізді қонақ деп қол қусырып қарсы алып ең, ниетіңді ұрайын!

Заманбай ақсақалдың үйі жатар орны мен қазандығы бір жалғыз бөлме екен. Бөлме іші құлақ күйгендей ыстық. Көнелеу ақ көйлек, ақ дамбалды қарт

сығырайып жалғыз терезе жақ құбылаға бетін беріп, тар үйдің жартысына дейін көтере салған тақтай сәкіде намаз оқып тұр. Ақандар қазандыққа қой қиын үстемелеп қалап отырған қызыл шырайлы келіншекке сәлем берді. Ғазиз серінің құлағына:

— Бұл тоқалы, кейін алған, — деп сыбырлап қалды.

Қарт намазын оқып болды да, жайнамазын іліп, кей тұсының жүні түсіп, тықырланған қоңыр аю терісінің үстіне молдасоқына отырды. Заманбай десе дегендей, заманында молда болған адам екендігі көрініп тұр, қасқая түсіп отырысы тоқсандағы шалдай емес, әлі де ат үстінде тік отырып, ел аралап билік айтатын қуатты адамның кейіпін танытқандай. Екі айырылып кеудесін жапқан бір қара қылтанақсыз аппақ күміс сақалы ғана ұзақ өмірдің, көне тіршіліктің белгісіндей. Ақан жүрек тұсын алқанымен басып, тәжім ете қол берді.

Ұзын жілікті, күректей тарамыс қолы мұздай екен. Өзі де ұзын бойлы, жауырынды адамның иық сүйектері көйлек сыртынан білініп, шодырайып тұр:

— Армысыңдар, балаларым! — деп, келгендердің сәлемін тыңдап алғандай, сәл отырған соң барып ескіше амандасты.

— Ал енді сәлемдестіңдер, болды ма? — деп Жайынбек иек қағып еді, қарт әлдекімді кекеткендей күлімсіреді де, қайтадан қанын ішіне тартып, сұрлана қалды.

— Жайынбек, сен бара бер. Қонақтарың сәл тыныстасын, — деді. — Жайынбектің қылқылдауына қарағанда, кетейік деп тұр-ау, ес білетін көргенді азамат боларсыңдар ма. Ұлық болсаңдар да кішік екенсіңдер. Осы үйге келістерің-ақ айтып тұр. Жайынбек мұнда жолатпаса керек еді, тегі кеудесінен итеріп кіргенсіңдер-ау. Тісі жоқ көрі арыстанды көріп, жалынан бір сипап кетейін деп келдіңдер ме? Сайраған тілі ғана қалған керең тоты құсты тыңдайын деп келдіңдер ме? Жарайды, мен сайрайын, мүкісі жоқ тіліме, қалтқысы жоқ жүрегіме ерік берейін.

— Әне, тағы да сайрады. Жарайды, шағымдарыңды шалға айтарсыңдар, сол орындар, маған несін келгенсіңдер, — деп Жайынбек долырып шыға беріп еді, Заманбай қарт баласының сөзін түгел естігендей, тура үстінен түсті.

— Әй, Жайынбек, мейманыңды жасытам десен, мейманаң тасыған екен. Көп асқанға бір тосқан. Сенің бұлдап берер асыңнан, құндап берер жақсылығыңнан не қайыр. Үркітпе олай үркердей жұртыңды! А-ай, бекер келгенсіңдер бұған, шырақтарым, беке-ер!

Жайынбек қолын бір сілтеп кетіп қалды. Ақандар ыңғайсызданып, есікке бір, қартқа бір жаутаңдап қарай берді.

— Жарайды, балаларым, көп ұстамаймын, күндерің түскен екен күлдей адамға. Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарушы еді, мен аз ғана ақ ниетімді айтып, ақ батамды берейін. Өлгенде артымнан атымды шығарсын демеймін, ақ өлімді айта жүрсін, қажет болса гибрат алсын деймін, — деп, қарт үнсіз отырып қалды. Жас тоқал ширақ қимылдап, атасының алдында

инабат сақтаған келіндей, ыдыс дыбысын шығармай, көйлегінің сыбдырын есіртпей, еріне ештеме айтқызбай-ақ лезде шай жасады.

Ақан сері баласымен қырғи қабақ қарттың сөзін тыңдап, себебін білгенше құмартты. Кезінде аты осы өлкеге турашыл әділдігімен кең жайылған бидің қартайғандағы сыңайын байқағысы келді.

— Менің бұл фәни жалғаннан кетіп, өлгеніме биыл сегіз жыл. Мына Айшырақ қарағымның кәріп болғанына бес жыл. Өткен өміріме өкінбеймін. Кезінде дүниені шайқап өттім десем, асылық болар, шайқалған өмірді байқап өттім. Әділдік айтар би атандым. Мүлт кеткен жерім болған шығар, бірақ нахақтан-нахақ қиянат етіп ұрт кеткен жерім жоқ. Содан да шығар елімнің алдында, қалың әлеумет жұртымның алдында тәуір атанбасам, «әй, көпір» атанғам жоқ. Дүние, мал жимадым, міне, осы үйде не бар — мына Айшырақ екеуіміздің еншіміздің болғаны осы. Ана қабырғадағы тақыр кілем еді, текемет, алашалар кезінде жайнап тұрған жаңа еді, әр нәрсе кезінде, бұлар да бізбен бірге қартайып, жібі босап тозып, өңі тайып қуарып келеді. Маған жаңа дүниеден тозығы жеткен осы көне дүниелер көш артық. Айшырақ екеуіміздің жастық шағымыздың белгісі, адал өткізген тіршілігіміздің көзі. Бұлардың бірде-біреуін әлдекімдерді қорқытып не жылатып алғаным жоқ. Содан да болар, көзіме оттай ыстық. Мына менің астымда жатқан аю терісі — бұл да қуатты жігіттік шағымның өшпес белгісі. Көкшетау жағында, қарауылдар елінде жүрген кезімде, бұл найсап — елді бөріктірген нысаналы аю еді. Ешкім тимей, анда-санда ел маңына маң-маң басып келіп кетіп жүретін аю бір күні әлденеден ызаланып, өз-өзінен ашынып, ел малына бықпырттай тиеді. Жаугершілік заман еді, кейде тұтқиылдан атойлап аз ауылдарды сырттай тиер жау шауып кетсе, бір жағынан осы аю малын жарып, адамға да шаба бастапты. Ол кезде би атым жоқ, батыр атым бар еді. Топ жігітпен барып жалғыз жекпе-жекке шығып, бір қолымда айыр, бір қолымда кездік — қапысын тауып, аюды алдым. Кейін сол тұстың ағашы «Аю алған шоқы» аталып кетіпті. Міне, мына терінің менің астыма түскеніне табаны жалпақ алпыс жыл. Қалың, қайратты жүнін алақаныммен сипаған сайын, бойымдағы қуатым, ойымдағы жігерім тұтанып, ел үстіне билік айтқанда қайратымнан таймаушы едім. Енді жүні түсіп тулақ болғанда жалақ-жалақ мына аю терісіндей қаңылшақтанып, жүні жығылған жасық жандай төменшік тартқан бұл бір таусылған, біткен шақ... Ау, балаларым, шай ала отырыңдар, суып қалды ғой, — деп, Заманбай қарт шыныаяқ табағындағы шайын қолы сәл дірілдей көтеріп, ұрттап-ұрттап алды.

— Енді қартайған, алжыған шағында жалғыз ұлымен неге айтысып, неге шайнасады деп отырған шығарсыңдар. Рас, айтыстым, қазір одан қалғанмын. Қазір менің ашуым от басында құман тазалап, теріс қарап бұртиған ұрғашының ашуындай. Балам, өздерің көрген шығарсыңдар, мен көрмеген байлықты, мен жимаған асылды жиып отыр. Үйі аузы-мұрнынан шығады. Бірақ балам қазақтың «мұрнынан есекқұрты түсіп тұр» деген сөзін ұқпайды. Қызғанбаймын, дүние-мүлікті жинасын. Қайғырамын, сол дүние қайырлы болар ма? Мен дүние қуған жоқ едім, бірақ қызықтадым.

ына алдарыңа келген сары самауыр, бүйірі майысқан жез самауыр, ақ ман, кәрлен шыныаяқ — бәрі өз қолыммен жиған дүниелер. Ең алғаш ла шығып, ең алғаш ауылға әкелген қазаққа жаңа дүниелер. Әкем марқұм та еді. Соқпайтын дүниелері болмайтын. Мен көрік басатынмын. Сонда ра терге түсіп соғатын ат тағасын, айыл-тұрман, арба доңғалақтарына ртар шенге дейін енді базардан, орыс қолынан, қой беріп, еш қиналмай- алатын болдық. Орыс қолынан шыққан мық шегеден бастап, дүп :теге дейін қызықтап жинадым. Енді осыны жасар ма екенбіз деп, біз де ренер ме екенбіз деп қуандым. Анау қап-қара темірі қалған ақ кереуетті Орынбордан ауылға әкелген мен едім. Мынау менің еңбегіммен тапқан реметім деп мақтан еткем жоқ, көріңдер, қолынан өнер тамған осындай ел р, үйреніңдер деп әкелдім. Шорманның Мұсасын білетін боларсыңдар. са кемедгер, дана адам ғой. Сол бар, шен-шекпенді көп қазақ, атақты қққулақ та бар, алғаш рет Петерборға бардық. Бұл бір үлкен хикая. Сонда ге қайтарда Мұса бәрімізден де ақылды, дана сөз айтты: «Петерборды рмеген адам дүниеге келдім дегені бекер, Петерборды көрмеген жан тең жұмақты көрем дегені жалған».

— Мынау шынында да жақсы айтылған сөз екен, естімеп едім, — деп зан Ғазизге қарады.

— Бір артығы жоқ, рас сөз. Біз Петерборды көргенде жаңа туғандай лдық. Көп жасадық, көп көрдік деп кеудемізді керіп, төсімізді соғып /рген біз, дүниеге жаңа ғана көз тоқтатып қараған сәбише, аузымыз ылып, айналамызға қарай бердік. Тоймай қарадық, түсімізде көргендей, сінбей қарадық. Анау құйма тастардан құйған зәулім сарайлар, өзен йында сапырылысқан алып кемелер, мың-мың ғаскер. Айта берсем, гін тауыса алмаймын. Шіркін-ай, біз де осындай ел болар ма екенбіз п армандадық. Алпысымда анасының тар құрсағын жарып шыққан лам — осы Жайынбек еді. Анасы бір жылдан соң дүние салды. Бұрын -қыздарым тұрмай, осы ұлым ғана елге індет боп келетін талай өткелден ан өтіп, тірі қалды. Ендігі қуатым, орны толмаған арманымның басшы лі деп орыс оқуын оқыттым. Тілмаш болып елге оралды. Келе оралымды лды. Маңына ұлық та, байлық та оңай орала берді. Бақсам, ұлық деп /ргенім қорлық екен де, байлық деп жүргенім ұрлық екен. Орыс оқуын ып, ел көсегесін көгерте ме деген ұлымның ел керегесін сөгетін зұлым еніне көзім жетті. Шағыммен жылап келгенді жыландай шағады, йеніш іздеп келгенді сүліктей сорады. Талай рет қолынан қақтым, әкелік лігімді жүргізіп, теріс жолынан бұрдым. Жағаласпа тізгінге деп, атадан ірас тізгінге сұм, сұғанақ қолымен жармасты. Ақыры жеңді. Арманына :тіп жеңді. Қажып жеңілгем жоқ, бұ жолы Хақ тағала болысты ұлыма. н жыл болды, құлағымнан айырылдым. Құлағы кереңнің сөзінде мерей қ. Құлағыңмен естіп, жүрегіңнен өткізбей, жұртты тыңдап, ой қорытпай йлеген сөзінде мән жоқ. Ол — мылжың сөз, құнсыз сөз. Менің тірідей генім осы еді. Енді кіріп-шығар бұрынғы құрдастарым да жоқ, қай үйге рып ұлымды жамандайын. «Әй, қақпас» атанғанша, үйде домалап,

өлім күтіп жатқаным артық шығар. Бұрын көрші ауылдардан халімді біліп, ағайын-жұрағат келіп-кетіп тұратын. Жайынбек оларды да тыйды. Бойын үйретпейін дейтін шығар. Кім білсін, жаңа заманға залым бала да керек шығар. Содан бері кісі жүзін көрмей, қолынан ас беріп, ешкімге дәм татқыза алмай, ешқайда бара алмай, басыр боп мына Айшырақтың да шырағы сөнді.

Заманбай ақсақал қайта күйған ыстық шайды үрлеп ішіп, ұзақ отырды. Шайдың буы ма, әлде ойдың буы ма, жұқарған қабақ, терісі салбыраған мұңды көзінде жылтылдаған жас бар. Алысқа ұшқан балапандарының тағдырын ойлап, шың басында үнсіз мүлгіген қарт қыран сияқты мына алып адамнан майбасар Жайынбек туды дегенде ешкім сенбейтіндей.

Замекең басын көтеріп алды, көзі күлімдеп, тағы да сергек сөйлеп кетті.

— Әкем марқұм қызыл шоқта беті қып-қызыл боп, ыңқ-ыңқ етіп ауыр гүрзі балғамен темірді қамырдай илеп тұрып, тісі ақсыып күлетін еді. Сөзге сараң адамның айта беретіні бір сөз: «Әй, Заманбай, Заманбай, сенің заманың бай болар ма екен, заманыңның жаман байы болар ма екенсің. Заманбай, Заманбай, Жаманбай атанбасаң жарар еді» дейтін. Бертін ойласам, менің атымды Заманбай қойғанда, марқұм мені заманның байы болсын демей, заманы бай болсын деген тілек тілеген екен-ау. Мен де ұлымның атын үлкен тілекпен қойып едім. Бұл — нағыз орыс заманында, орыс патшасының билігі жүргенде туған бала.

Бұрын Заманбайды көрмеген Ақан сері мен бұрын көрсе де, әңгімесін тыңдамаған Ғазиз ақын, алыс-жақынды болжағыш, ойы шыңдырау, көңіл көзі жіті қарттың сөзіне құмартты. Сырт қарағанда ештеңе білінбейтін мына үйдің ішінде қандай ғажап тіршілік жатқанына таңғалысты. Заманбай қарт үнсіз томсырайып отырған екі жігітке тесіле қарады да, тағы да ойлаған ойларының тап үстінен түсті.

— Солай, балаларым, қызық емес пе, бір қораның астында әкелі-балалы екі үй, үнсіз жауласқан екі үй тұрамыз. Қайсымыз жеңеміз. Әрине, бала жеңеді. Заманбайды шабақтай жұтады. Бірден жұта алмайды. Батыр өлексесін там-тұмдап қылғыта береді, қылғыта береді. Мен одан да қорқып отырғам жоқ. Батыр бір-ақ өледі. Әттең, шіркін, қазақ даласында жүз-жүз, мың-мың үй бар, сонда шабақтар көбеймесе екен!..

Есіктен бағанағы шақылдақ бала кірді. Қолында сырлы аяқ. Қонақтар жаңа аңғарды; тоғыз-ондарға келген бала тура Жайынбектің аузынан түскендей. Айырмасы — бала арықтау, қағылез. Егер ойша сәл өсіріп, семіртіп, Жайынбектің киімін киіндірсең, егіздің сыңары дерлік. Өгіз бен бұзаудың ұқсастығындай.

Бала іс-міс жоқ, бағанағы жүрісімен тарс-тұрс басып келді де, дөңгелек столдың үстіне аяқты сарт еткізді.

— Әй, кемпір, — деді Айшырақ шешейге, — мына кәрі жілік — саңырау шалға, өзіңе — ана кесек ет. Ал сендерге? — Бала екі қонаққа қолын шығарды.

— Өй, әкеңнің, — деп Ғазиз ұмтылғанша болған жоқ, жылмаң еткен бала есікке бір-ақ барды да, қайта бұрылды:

— Бәрібір сендерге ет жоқ, бәрін қонақтар жеп қойды, мәһ, мәһ! — деп бұтын саптап, шығып кетті.

Іштегілер күлген жоқ. Қабактарын қан жауып үнсіз қалды. Стол үстіндегі етке де ешкім қол апарған жоқ. Әлден уақытта барып ойда отырған қарт:

— Жайынбектің үлкені. Аты — Майырбай. Естерінде жүрсін, кейін өскенде бұл баланың бетін де көресіңдер, — деді, сөзін екі ұшты етіп.

Атасының бауырында әңгіме тыңдап, маужырап ұйқтап қалатын момақан-бауырмал ауыл балаларындай емес, бұрын-соңды қазақ даласында ұшырамаған, тентектігі де бір жосын жаңа немере — қала чиновнигінің баласы Майырбайдың мінезіне Ақандар қайран...

Бұлар Заманбай ақсақалдың үйінен шығып, қараңғы қора арқылы Жайынбектің отауына келгенде, бағанағы карташылар жағынан айғай-шу шығып жатты.

— Тоқтай тұрыңыз...

— Жарайды енді, түсінісейік...

— Жо-жоқ! Сендермен ендігәрі карта ойнасам ба...

— Түк ұяттарың жоқ...

— Енді біздің жазығымыз не?

— Жоқ, енді бір минут аялдауға болмайды, — деп орысшалаған сөздер, абыр-дабырдан соң есіктен жұлқынып бағанағы — қап дамбалдың ызба бауындай бауы бар пенсне таққан ұлық пен Радзилевич, олардың шаужайына жабысып Жайынбек, Ердендер шықты.

— Киімім қайда?

— Мантомды әкел, — деп, бой бермеген ашулы қонақтар сыртқы есікке ұмтылды.

— Біз де кетсек қайтеді! — Мұндай сыйсыздықты алғаш көрген Ақан бұдан әрі енді шыдай алмасын біліп, бұл үйден кетпекші болып еді, Ғазиз құлағына сыбырлады.

— Ақан аға, бір рет шыдаңызшы, бұл енеңді ұрайындардың қызығын көрейік, бір рет, жүріңіз ана жаққа кіре тұрайық, біздің неміз кетті, — деп Ақанды жетектегендей етіп, екінші бөлмеге кірді.

Ортада орысша жасаған стол маңында отырған кілең әйелдер бастарын көтеріп, Ақандарға сұлу-сыпайы жүзбен сызыла қарап, еріндері жыбырлап, екі ақынның сәлемін алды да, үнсіз қылымсып, монтия қалды. Бұл бөлменің де жасауы алабажақ, келіншектердің киімдері де алабажақ. Мосқалдау әйелдер алақандай-алақандай қарала кавказ қапсырмаларын таққан қызыл, жасыл барқыт камзол киген де, бастарына бөртпе, кәріс шәліні бос салған жастау келіншектердің киім киісі кент адамдарына ұқсайды. Үнсіз томсырая-томсырая қалған тыныштыққа еті үйренбеген қалжыңшыл Ғазиз отырғандарға естірте Ақан серіге қарады.

— Ақан аға, мына жеңгейлердің ұсқыны тура ана жақта жүндері ұрпиісіп, төбелесіп жатқан қораздарында шаруасы жоқ бейғам тауықтар сияқты екен.

Ғазиз өз сөзіне өзі рақаттана күлді. Әйелдер жағы да мырс-мырс етіп күліп жіберді. Ақан да әйелдерге жымия қарап, тамағына оқыс тірелген күлкісін зорға тыйды: «Шынында да мына әйелдер көк, жасыл, қызыл қауырсынды, бөтегелі семіз тауықтарға ұқсайды». Кеудесін кере түсіп, еңсесін көтерген жалпақ бет, танаулы жасамыс әйел сөз есесін жібермей:

— Қайным, онда ана жақтан қашып келген сен де балапан әтешің бе, бізге қосылған тауықсың ба?! — деп іліп түскенде, бәрі де енді еркін жазылып, сылқ-сылқ күлді.

— Жеңеше-ау, біздің тауық емес екенімізді көріп отырсыз ғой. Кәрі әтештер бірінің айдарын бірі жұлып жатқанда, тауықтар жұмыртқасыз қалмасын деп келген бөтен әтештер екеніміз рас, — деп, Ғазиз де қалжыңға қалжыңмен жауап беріп, Ақанға қарады. — Ақан аға, осы шынында да бала кезімде қораздарды көп төбелестірдім. Тауықтар, қашанда, қораздар төбелесіп жатқанда, бір ара түсіп, араласпайды, жайбарақат жемін шұқып, жүре береді. Тегі, «қай жеңгенің менікі» дейтін болса керек. Тауыққа заты әтештің бәрібір ғой.

— И-и, Хәзиз, әттең інікәйім боласың, әйтпегендә сиңә яқшилап турып, яуап биргән булар им, — деп, сүйріктей ақ саусақтарына саусылдата таққан жүзіктері, құлағындағы сырғасы, аузындағы тістеріне дейін түгел алтындатқан ақсары, бәденді, аппақ жұмыр мойынды татар келіншегі сөзге араласып, жаңағы мосдал келіншек тағы да танаулай бергенде өрт сөндіргендей болып карташылар кірді.

Ақандарды көзіне де ілмей, столдың ең төріне, татар келіншегінің қасындағы бос орынға өткен Тұрлыбек тұлданып, әлдекімнің жер-жебіріне жете отырды. Орыс ұлықтары, тағы екі қазақ шенеунігі жоқ, кетіп қалса керек:

— Тылтың-тылтың етіп жөпшендіге көнбейсің, үлкенге кішінің бір ілтипаты деген болушы еді, жағаласып қоймайсың. Жеңіле қалсаң хандығыңнан түсемісің, ата-бабаның бар жиған-тергені кететіндей, жаның шығып, өлерменденесің келіп, бастығың, төрең емес пе, оныкі қате болса да сыйлай салсаң, содан ризығың кеми ме, беделімнен айырыламын дедің бе!

— Түреке, енді «ойында өрелік, тойда төрелік жоқ», — деп, қара бешпентті, қара мүрт жігіт бүртиып еді, Тұрлыбек қолын бір-ақ сілтеді:

— Қой әрмен, тайталаспай. Ойында өрелік!.. Одан да ойын білмес бала әкесінің сақалымен ойнайды десеңші. Әй, Жайынбек, құйсайшы мыналарыңды, үнемдеп алып қалайын деп пе едің?!

Стол үстінде жартылай-жартылай қалған сүйретпе шыныдағы арақтарды Жайынбек бұлтыңдап жүріп құя бастады.

— Сенікі расында қателік болды, — деп, Ерден де қабағын шытынды.

— Қателегі не, масқара, ұят болды, мына қазақтар кісі сыйлаудан қалып барады екен деп кетпей ме? Жол-жобаны білмесің бар, несіне бас қосқан жерге тыртыңдайсың! — Тұрлыбек кәрлен шыныаяққа құйған арағын ешкімге соғыстырмай қағып салды.

— Онда кетейік, ендігәрі жоламайық, — деп әлгі зәбірленген жігіт орнынан тұра беріп еді, Жайынбек жүгіріп келіп, иығынан басып, ыржалақтады:

— Қой, Асылқожа, ағаңның үлкендік сөзіне...

— Енді кеттің не, кетпедің не. — Тұрлыбек әлі де тақымдай түсіп еді, қасындағы татар әйелі араласты сөзге:

— И-и, Тұрлыбек, бір сүйләсәң, тігі, куп сүйләйсың, житті ғой, әтәшләр хатлі шапылдай бирмәй! Хатун-харшықлар түгіл, иркәк битсинләр. Ананда мына хунақларнын иырын тыңлайық, харт ойнап ішіп алсандар, бик исіріп, тилі буп китәсіңләр!

Ашты тілді әйеліне Тұрлыбек қарсы келе алмай:

— Иарый, иарый инді, әнкәйі! — деп, татаршалап күлгеннен басқа қауқар жасай алмады. Басқа қазақ әйелдері үнсіз, ерінің бетінен алып тастаған сұлу келіншекке көздерінің астымен қарасып қана қойды.

— Иә, айтпақшы, Ақан аға, ғапу етіңіз, сізді танымай қалдық, — деп Асылқожа, енді Тұрлыбектің зілді сөзін лезде ұмытқан сыңаймен орнынан тұрып, серінің қолын алды. — Жайынбек, домбыраң қайда, домбыраң, осы карта жүрген жерде, парт жүрмейді, адамгершілік партты айтам. Ақан ағаның жаңа «Құлагер» әні бар дейді, естікші.

— Әуелі тамақ ішпей ме қонақтар, — деп, Ерден туралған семіз қой еті, жылқының сүрі араласқан үйме табақ суыған тағамға қарады.

— Қатын-ай, қате-е-ен, сорпа, ыстық сорпа! — деп ауыз жаққа айғайлаған Жайынбек арақтарды тағы да құя бастады. — Өлең қайда қашар дейсіздер, әуелі тамақ алыңдаршы, шынында картаға алаң боламыз деп түк жемепсіздер. Қымыз әкеліңдер, қымыз! Мұнда арақ ішпейтіндер бар екен-ау. Жеңгейлерге қымыз! Әй, қатын, қайда кетіп қалдың, қате-е-ен, естимісің!

Тұрлыбек Ақан серінің келгенін жақтырмай отырған. Оның барымташылар ісін қуып келгенін жақсы біледі, бірақ қанша қанық екенін білдікпірмейді. Паң Нұрмағанбеттен жансыздар келіп, Көкшетау жағынан Радзиевич жеткен соң, сот жұмысы құпия жүріп, бәрі ойдағыдай шешіліп жатқан. Түрмедегі барымташылардың да жауабы оң жамбасқа келіп тұр. Тез арада бәрі бітеді. Ұрылардың жанашыры, кейін дау қуса осы қуар деген жалғыз Ақан серіні әккі советник ыңғайы келіп тұрғанда бір ықтырып алғысы келіп, біраз жұтып, қызыңқыраған соң тиісе бастады.

— Ау, Ақан, Құлагер демекші, Сағынай марқұмның асында мерт болған атыңды керейлер өлтірді деп, керей біткеннің жылқысын айдатып алыпсың. Керейлердің түк жазығы жоқ, Құлагерді өлтірген Батыраш деген сөз бар. Есеңді алтайлардан қайырып, керейлердің малын өздеріне қайтарып бермейсің бе?

— Иә десейші, қыруар мал, оған керейлер не ғып шыдап жатыр? — деп, Ерден де түк білмейтін адамша таңырқай қалды.

— Шыдағанда, олар да қайтсін, арыз айтып жүрген көрінеді, мұның аяғы Ақанға да оңай тимесе керек. Жүйрік ат ұстаймын деп басыңа бөле

тілеп алған екенсің, барымта дегеннің күні қалған шаруа, ай, арты қиын болады-ау!

— Аанада Жантастың Нұрпейісін қазақ зираты жағында белгісіз біреу атып кетіпті, Құлагерді өлтірген сол деп атқан қанжығалы жігіттерінің бірі дейді. Оны да жұмсаған адам бар ғой. Ертең зерт соңында ашылса, түбі бұл да жақсы болмас, қаншама адам қырылысып, керей-қарауыл боп сойылдасыпты деседі, осының бәрі Ақанға төтеден киліккен кесел болмаса не қылсын! — деп Тұрлыбектің көмейін түсінген Ерден де серіні аяғансып қалды. — Басыңа ылғи бәле тілеп аласың-ау, Ақан шырақ!

Осы үйге келгелі тумысында мұндай қорлықты көрмеген Ақан Тұрлыбек пен Ерденнің осынша ширатылуына зығыры қайнаса да, өзін-өзі зорға тежеп, қалжыңмен жауап берді:

— Ә, Ерден Сандыбайұлы, Тұрлыбек керей ақсары-құрсарының таланған малына жаны ашып, қимасы қышитын шығар, ал бағаналы, саған не жоқ? Мен болсам, екі елдің арасын біріктіріп, жігіттерді қаматтырған кім екенін білмекке, қолымнан келсе арашашы болам деп жүрген Құлагердің иесімін. Сен болсаң, ара ағайын, қарауыл мен керейді осылай қырылыстырып қоямысың? Баяғыда біліміден емес, ақшадның күшімен Шоқаннан сұлтандықты тартқандай ғып алып ең. Содан бері сен атқарды деген не бір әділдікті, не бір жұртыңа пайдалы өнеріңді ести алмай-ақ барамыз. Осы тұста бір қимылдап қалмайсың ба? Әлде қолыңнан билік кетіп пе еді?

— Не жақсылық жасау керек? Бір атым өлді деп, екі елді қырылыстырып қойған өзін емеспісің. Жүрген жерің лаң. Осы сендердің-ақ надандықтарың түбімізге жетіп болатын шығар, — деп Тұрлыбек енді Ақанға ашықтан-ашық ұрынды. — Егер, керек десеңдер, ертең-ақ осы барымтаға қатысты айыбын тартқызайын. Сонда, Ақан, сенің күнің не болар екен. Жақсылықты білмегенге әділдікпен көзіне шұқымасаң, әсте түсінбейді. Бұл қазақ қай жақсылығыңды ұғып жатыр, шетінен қараңғы, топас!

Сыртынан аты таудай естілетін арынды да, алғыр да, бетіне жан келтірмейді дейтін Ақан серіге басқалары сынай қарасты. Ақан үнсіз. Тұрлыбек әйелдердің алдында бір желпініп, ақынды бұдан сайын бұқтырып алғысы келді:

— Қайда жиын-той болса қаңғырып, қайда дау-жанжал болса далақтап, аттан салып шапқаннан басқа не білесіңдер. Біреудің шиканын көрсендер, қашан соның уы шыққанша сығып, біткен жара болса, қайтадан тырнап, соның қотырын қоздырғанша әлексіңдер. Сағынай асына шақырусыз бармасаң түк пәле жоқ. Енді, Ақан, төле ана Нұрмағанбеттердің жылқысын, тірілтіп ал ана төбелесте өлген азаматтарды. Жо-оқ, қанша кешірімді десек те, шыдамның да шыдамы бар. Ақ патшаның әділ заңы енді бұлай көп талтаңдатып қоймайтын шығар. Мен де әділ заңның әділ кеңесшісі бола отырып, жауырды жаба тоқымайтын шығармын. Айтпай-ақ істемек ем, мына келісің айтпауыма қоймады. «Өлетін бала молаға қарай қашады» дейді.

— Міне, міне, осы бір сөзің дұрыс, — деп қалды Ақан зорға шыдап. — Ақмола адам тұратын қала ма десем, өлік қоятын молаға айналдырып барады екенсіңдер. Өте дұрыс айттың, тауып айттың.

— Дұрыс болмағанда, Түрекен қай жерде қисық сөйлепті, — деп, үй иесі қосылды төтеден. Үйіне шақырған қала чиновниктері асыққа таласқан балаларша, карта ойынымен ырың-жырың айтысып кетіп қалған соң, іштей қатты толқыған Жайынбек енді мына Ақандардың қалған қонағының шырқын бұзғанына ашуланып, қалай соқтығарын білмей отырған. — Түреке, Ереке, кешіріңіздер, бүгін өзі сәтсіздеу күн болды. Шақырған қонақтарым да, шақырмаған адамдар да абұйырымды төгуге келген екен. Бәрін бастаған осы Асылқожа!

— Ө-өй, — деп Асылқожа да тарпа бас салды. — О несі-ей, «Бөрі ашуын тырнадан алады» деп, жетті ғой! «Жуас түіе жүндеуге жақсы», бұдан былай сенің үйіңе аттап бассам, Құдай төбеменен ұрсын!

— Ай, Асылқожа, сен таусылмай-ақ қой. Саған айтқан сөз, әншейін, «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңданың» кері. Бар сөз, бар жаманат Ақан ағама айтылып жатыр. Қайтесің, — деп Ғазиз Тұрлыбекке қарады. — Сіз де таусылмаңыз, біз енді қайтып бұл үйге бас сұқпаспыз. Бұл жолы үлкен шаруамен келіп едік, сіздерді аңдып жүр деймісіз.

— Жарайды, шаруа-маруаны қайтесің, — Жайынбек шыжбалақтап қалды. — «Тақия тастамақ ойнаса, таздың арты қыпылдайды».

— Әйә, бус суз немә кирәк. Иыр иырлайықшы аянда. Син дә, Турлибек, суз юкта, суз кузлатуга әуәссін, — деп татар әйел сөзге араласып еді, бұл жолы Күшенұлы жамағатының бетінен қақты.

— Сен немене түсініп отырсың. Сөз қоздырып! Мен қайбір сөз қоздыруға құштар дейсің, реті келген соң айтып жатырмын. Ақан, — деп, серіге қайта шүйлікті, — ел басында отырған соң, үндемей қалуға дәтім шыдамайды. Жақында сенің осында жүргеніңді естідім. Аядай қалада сөз жата ма. Естідім де қынжылдым — дау қуып жүр деп естідім. Дау емес, сенің қуып жүргенің жанжал. Жанжал емей немене, екі елдің арасына от тастағаннан басқа сенің бұл жүрісіңнен жұртыңа не пайда? Керей малына қарауыл жігіттері барымта жасапты. Өтірік пе? Ақыры, «ұры арты — бір тұтам», ұсталыпты ол жігіттер. Осында айтады. Жалған жала емес, жазықты айыптыларға ара түсем деу хукіметке сенбеу, өзі де алабұртқан қауымға іріткі салып, шақшадай басты шарадай қылғаннан бөтен бұл жүрісіңнен титімдей қайыр жоқ. Егер ол жігіттерді мал алуға жұмсамаған екенсің, онда бұл іске араласып не шаруаң бар. Тиісті орын тиісті жазасын береді... Бағанадан бері сені көргеннен айтпағым осы еді. Бос қырылысты, жанжалды қоятын уақыттарың жетпеді ме... Жәрәйді, енді осымен доғарайық, көне, шынында да өлең айтыңдаршы. Ғазизге домбыра әкелші, Ғазизге. Сен сырнайсыз айта алмайтын шығарсың?

— Е, сырнай да, домбыра да бар, — деп Жайынбек ауыз жаққа тағы айғай салды. — Әй, қа-те-ен, домбыра, сырнайды әкеліңдер! Тиегі бар ма екен өзінің. Балалар жоғалтып тастайды. Бұл үйде ешкім тартпаған соң,

домбырада құн да жоқ, әшейін келімді-кетімді қонақтарға ермек болсын деген ілдебай.

— Домбыра келді. Ілдебай десе ілдебай. Ала сыдырылған добалдай ешкі ішегі шұбатылған, пернелері анда-санда әр жерден бір байланған, тиексіз, әншейін үшбұрыштап добалдай салған, әйтеуір, аты домбыра.

— Ой, Аллаһ, «ат иесіне тартады» демекші, мына домбыра тура Жайынбектің өзі сияқты екен, — деп домбыраны алдына өңгеріп, аударып-төңкеріп Ғазиз таңдайын қақты. — Мұны тартқан да арманда, тартпаған да арманда!

— Бізге сол да жарайды. Сен құсап әулекіленіп ел қыдырған өлеңші емеспіз, — деп Жайынбек ыржия күліп, самауыр түймішін берді. — Мә, одан да тиек жаса, бос сөзді қайтесің, өлеңді айтсайшы, езіп ішесің бе, үлкен кісілер сұрап отыр, әйтпесе маған көк тиынға да керегі жоқ.

Дәм үстінде, әйелдер алдында ретсіз шаптығуды бойына шақ көрмей, Тұрлыбекке қалай жұмсақ отырып, қатты жауап беруді ойлаған Ақан сері Ғазиздің қолындағы домбыраны алып, тиекті сылтауратып:

— Ғазиз, сен тиек жасағанша, мен бір әңгіме айта отырайын, — деді.

— Е-е, айт, әңгіме дегенің жөнге келеді, — деп, Ерден бұрын басынан сөз асырмайтын Ақанның бұлай жуасуына іштей таңырқады. Енді әңгімені басқаға бұрғанды мақұл көрді.

— Ақан аға, сосын өлең де керек, өлең, — деген Асылқожаны:

— Иә, өлең тыңдасақ екен, — десіп, әйелдер жағы да қостады...

— Мен осында келгелі біраз уақыт өтті. Күнде жандарал кеңсесінің алдына барамын. Жақында сол адамдардың ортасынан бір ғажап уақиғаға кезіктім. Бұл ертегі де емес, оң мен түстің арасындай адам сенбес, көрсен гүмыр бақи есіңнен кетпес үлкен жыр, — деп, Ақан домбыра шанағын сипап, іздегендей сәл бөгеліп, тұнжырап отырды да, қол-аяқ қазақы арбада таңулы перизат Күлназияның қасіретті күйін «Мың бір түн» хикаясындай мұңлы-зарлы әуенмен нақышына келтіре әңгімелеп берді.

— Адам баласын мұндай да сұлу етіп жарата береді екен, сондай сұлуға соншама қайғы да жамай береді екен. Әкесі байғұс неше күндер бойы телміріп, есік күзетіп жүргенде, кімді іздеп жүр дейсіңдер? Тұрлыбек, сені іздеп жүр екен.

— Мені?! — Қайғылы әңгіменің әуенімен отырған Күшенұлы шошып кетті. Үйде отырған әйел-еркегі бар — бәрі Тұрлыбекке қарасты.

— Иә, сені, — деді де Ақан, тағы да іркілместен әңгімесін жалғап кетті. — Одан соң көргенім өңшең жаралы жандар. Үстері жұлым-жұлым, он екі мүшесінде сау тамтық жоқ, дала бөрісіне де, ауыл төбеттеріне де таланған мүсәпірлер, ішке түскен шүңірейген көздер, терісіне ілінген еттер.

«Бұл не қылған жандар» десіп, отырғандар Ақанның аузына қарап, ұйып тыңдады. Сері әңгіме басын ертегідей бастап, біраз қызықтырып алған соң барып, жер дауымен жүрген, еккен егіндерінен айырылып, әділдік қуып келген дала қазақтарының мұңын өздері айтқандай тапжылтпай жеткізді де, әңгіме аяғын тағы да әлгідей қайырды.

— Олар кімді іздеп жүр дейсіңдер? Тұрлыбекті! Тұрлыбек, сені іздеп жүрген екен.

— Тағы да мені? — Бұл жолы Күшенұлы орнынан шоршып кетті.

— Иә, сені, — деді тағы да Ақан.

— Ау, мені қайтеді, менде не шаруалары бар?!

— Түрекеңді танитын болар.

— Ағайындарыңыз шығар, Түреке, — десіп жұрт кеу-кеулеп келе жатыр еді, Күшенұлы қолын бір-ақ сермеді.

— Не қылған таныған, әншейін қазақ болған соң алжи береді де, әділдік керек болса, губернатор мен ояз тұрған жоқ па, мені қайтеді. Бағанадан әлгі әңгімелерді бекер көңірсіткен жоқ екенсің, түтініңді жаңа ұқтым, — деп, өзінің шын алданғанына қапы қалғандай, қарсы сөзге ыңғайланып келе жатыр еді. Ақан сері селдете құйған нөсердей төпелеп, аузын аштырмай тастады:

— Ұқсаң — сол. Тұрлыбек, мені неге іздейді дейсің. Сені іздемегенде, кімді іздейді. Қазақ елі орыс патшасына бағынғалы қазақ даласына жаңа тәртіппен орнаған жаңа кенттердің бірі Ақмола болса, жаңа қауым — оқыған қауымның басы сендерсіңдер — Тұрлыбек, Жайынбек, мына Асылқожа. Ертеңгі ұрпақ осы заманның жақсылық-жамандығына сауалды Шоқаннан, сендерден, сендер сияқты басқа үш жүздің орысша оқыған азаматынан сұрайды. Әттең, не керек, асыл Шоқанды ерте қудыңдар орталарыңнан. Тұрлыбек, сені екең орыс оқуына бергенде, ертең орысша нан сұрай алмай өліп қалар-ау деп бермеген болар. Еліне, жеріне тығын болсын, өрісі жеткен жерге сөзі жетпей есесі кетер ер-азаматы болса соның сүйеніші болсын деп тілеген шығар. Бірақ сен келгелі мені күстөналаймын деп отырып, өз өреңді, өз деңгейіңді көрсетіп алдың. Қанша жасырсаң да, аузыңды ашсаң, көмейіңнен «керейлеген» ру ұрандап тұрады екен. Қазақтың оқыған азаматы ма десем, керейдің ғана азаматы екенсің, қазақтың қамқоры болуға жараған азамат па десем, керейден басқаны қорғауға қауметің келмейтін дәрменсіз жан екенсің. Сені сыртыңнан жұрт таудай көріп, ығыңнан пана іздейді, жоқ, сен аз керейдің түтініне қалқан болар беріктей төбе, тақиядай ғана дөң екенсің... Жарайды, ендігісін өлеңмен айтып берейін, кейінгі жастар айта жүрер, — деп Ақан Ғазиздің қолынан тиек алып, бырқ-бырқ еткен жарық домбыраның құлақ күйін келтіріп, пернелерін жөңдей бастады.

Тұрлыбек әйелдер алдында тұңғыш рет соққы жеп, мәңгіріп қалды. «Ақанға соқтығып не шаруам бар еді. Енді мен туралы бір ауыз өлең шығарса, ертең-ақ мына Ғазиз елге таратады. Әнмен тарады дегенше, бүкіл қазаққа жетті дей бер. Қайсысының аузына қақпақ боларсың. Әй, осы ақын дегеннің бір жаман жері — не айтса, сөзі жерде қалмайды, күн құрғатпай ел кезіп кете береді. Нем бар еді Ақанда, нем бар еді. Енді әнмен масқараламаса жарар еді. Қалай қайыарсың қызып алған аруақты кәпірді» деп іштей толқып, қабағы салбырап отыр.

Асылқожа көп ойланып отырып, басын шайқады:

— Ай, Жайынбек, шынында да, былай ойлап қарасақ, бүгінгі қауым, ертеңгі қауым алдында біздің жүгіміз ауыр екен-ау. Біз ғой, карта ойнап, арақ ішкенге мәз боп жүрміз.

— Мынау бір көптен ойда жүрген нақыл өлең еді, әзірше әні жоқ, — деп Ақан домбыраны бір-екі шертіп-шертіп жіберіп, тақпақтай жөнелгенде, Тұрлыбектің жүрегі су ете қалды.

Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,
Шөл-құмайт көк шалғынды саз болмайды.
Жамандар жайда жәрдем бермек түгіл,
Тар жерде басын бақса аз болмайды.

Тұрлыбектің екі иіні түсіп, басы салбырай берді. Ақан басын көтере түсті:

Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ел жаңылып, етегін басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жабысып қалады екен аспан жерге.
Тар жерде қолдың ұшын бергенді айтшы,
Екінің бірі мырза тасқан жерде,
Жамандар көре алмаған қылады өсек,
Лайық заманында асқан ерге.
Шапса да қанша жабы, жүйрік озад,
Болмайды кім үміті қосқан жерде.
Билер бар төр алдында тасырайған,
Жол табар көсем қайда қысқан жерде?

Тұрлыбек әлдекім төбесінен ұрайын деп келе жатқандай, бүрісіп, бұға түсті. Жайынбек үлкен қонағынан қысылып, ақынды тоқтатпаққа оқтала беріп, дәті бармады. Ақан болса екі иығын қомдап, отты көздері шоқша жайнай түсті.

Жабыға тоқым салма жалы бар деп,
Жаманға басыңды име малы бар деп.
Жануар деп сипайды әрбір малды,
Шошқаны кім сипайды жануар деп.
Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас,
Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас.
Кей адам мал бітті деп масығады,
Бірақ та сол жаманға іңкәр болмас.
Су шықпас қазғанменен тау басынан,
Қазақтың дау кетпейді сау басынан.
Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,
Ер жігіт жаңылады төубесінен. —

деп, жаңа туған әнсіз өлеңді мақамдап, келістіріп айтып берді де, Ақан сері сәл үнсіз отырып қалды. Үй ішіндегілер де, жаңа сөз, тосын бір әңгіме бастауға себеп таба алмағандай, не арынды ақыннан қаймыққандай томсырайып-томсырайып отыр.

— Ал, Ғазиз, енді сен бір-екі ауыз өлең айтып бер, осы үйге рақмет айтып, жүрейік, — деп Ақан домбыраны Ғазиздің алдына тастағанда барып әйелдер жағы:

— Иә, ән тыңдайық!

— «Құлагер» әнін тыңдағымыз келіп отыр.

— Өзіңіз айтып берсеңіз екен, — деп қолқалай жөнелді.

— Ренжи көрмеңіздер, «Құлагер» әні қатты қайғының үстінде айтылып қалған жоқтау ғой. Енді қайтып-айта алмаймын. Ол айтылған жерде отыра да алмаймын. Ғапу етіңіздер, ол әнді тап осы Ғазиздей салатын ешкімді білмеймін. Құсамен отырып тыңдағаным бар еді. Содан бері бұл әнді Ғазиздің еншісіне беріп ем. Айта ғой, Ғазиз, — деп Ақан орнынан тұрды.

— Е, сіз жалғыз шықпаңыз, — деп, Асылқожа да серімен бірге тысқа беттеді...

Таң білініп қалған екен. Қыраулы дала бет қариды. Екеуден-екеу тысқа шығысымен, жан-жағына ұрлана қарап алған Асылқожа:

— Ақан аға, әлгілердің сыбағасын бердіңіз-ау, — деді. — Ай, айызым қанып отырды. Тым түшпалаңдап кетіп еді. Дәл қышыған жерден тидіңіз, орындарынан тұра алмастай ұрдыңыз. Жайыңбекке бәрібір, оған сөз өтеді деп ойламаңыз, найсап қой, ол найсап!.. Сыртыңыздан ғашық боп, көргенше құмартып жүруші едім...

— Асылқожа, — деді Ақан, — сені мировой судьяның тілмашы деп естідім бе?

— Иә, сондай бір болмашы қызметіміз бар.

— Онда шын сыйласаң, айтшы, бұрын кездестіре алмай-ақ қойып ем және тым кешірек естіп қалдым өзінді, менің немен жүргеніме көзің жетті ғой!

— Иә.

— Ендеше біздің жігіттерден не хабарың бар? Сен білуге тиіссің.

— Ақан аға!..

— Егер бүгін, бұл арада айта алмасаң, ертең бір жерде кездесейік, уәде болсын!

— Жо-оқ, ондықтан емес, Ақан аға, көңіліңізге келмесін, бұл жөнінен көп ештеме айта алмаймын. Себебін сұрамаңыз.

— Енді...

— Бүгін айтарым да, ертең айтарым да біреу. Тыңдаңыз... — Ақан Асылқожаға жақындап, жабыса түсті. — Жігіттер осында — түрмеде... Жағдайлары жақсы емес. Түрмеде екі рет сұраққа қатыстым. Әрине, тілмаш ретінде. Жауаптары біреу-ақ «Барымта жасаған өзіміз, жылқыны құртқан да өзіміз...» Кейбіреулердің күткені осы. Осы жауап олардың

түбіне жетеді. Шамаңыз келсе, тез арада жолығыңыз. Ұрлатып алған сіз емессіз ғой?

— Жоқ. Арым таза.

— Ендеше, кім алдырған? Айтса, іс те созылады, «жолаушының кешіккенінен» үміттен деуші ме еді... Ал әйтпесе... жаман! Жаман! Ақан аға! Неге жаман? Кімдер бұған араласып жүрген? Оны сұрамаңыз. Оны тірімде айтпаймын... Айта алмаймын, Ақан аға! Менің де бала-шағам бар, арқа сүйер ешкімім жоқ. Шет жағасын байқадыңыз ғой. Осы арадан кеткім келеді. Тез кете алсам жарар еді... Біздер әншейін от диірменге салатын бір түйір дән сияқтымыз. Үге салады. Қай ұнның, қай кебектің арасында кеткенінді де ешкім білмей қалады...

— Иә, түсінемін, Асылқожа.

— Бұдан артық айтар ештеме жоқ, Ақан аға. Жаңа көрдіңіз, қалай іске алғысыз етіп жерледі мені. Жазығым — ұлықтарға әдейі ұтылмағаным. Мені мұнда жем қылуға шақырғанын да білемін. Біреу ұтып, біреу ұтылып жатқан заман ғой. Бар айыбың — кейде көре тұра ұтылғың келмейді. Егер ұтылдың екенсің, ертең біреуді шырылдатып қойып ұтуың керек... Ғапу етіңіз, енді ештеме сұрамаңыз. Ал үйге кірейік.

Газеті, журналы жоқ қазақ даласында ең тез тарайтын қуатты сөз — ақын сөзі, билер сөзі. Олар айтты деген сөз, олар берген баға ауыздан-ауызға тарап, тез арада бүкіл ең даланы өрттей жайлайды. Оған қарамайтын, оны тыңдамайтын адам жоқ. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» дейді халық. Жаңа Ақан айтқан удай сөздер ертең ел аузына жетсе, Тұрлыбекке айтыпты десе, бұл үкімнен, бұл айыптан құтылғанша жарым жасың құриды дей бер. Тұрлыбек кете-кеткенше осыны ойлап, қайғырумен болды. Ақыры Ақанның ық жағынан келіп, бұлаңқұйрық түлкі мінезге түсуді лайық көрді. Жеке бөлмеге барып, бір парақ қағазға әлдене сөздер жазып, Жайынбектен ескі мөр тапқызып алып басты, үстіне «Күшенұлы Тұрлыбек» деп қолын қойды.

Үйлеріне қайтар алдында мұздай киініп алған ол Ақан серіні бағанағы карта ойнаған жеке бөлмеге жылы жүзбен, қолтықтай кіріп жуаси сөйлеп, өткенді жуып-шайды:

— Сері, өзіңе дегенде көңілімде еш қалтқы жоқ, ел ішінде атыңды әс көтергеннен бөтен алалық жоқ еді. Қайдан ғана бүгін әлгі бір барымта жайын сөз еттік. Мына ақ жорға жүрген жер пәле көрінеді ғой, көрдегіні тірілтіп, сақауды сөйлететін көрінеді. Қызыңқырап қалыппын. Оның үстіне әлгі бір Асылқожа да ішіп алса мүлдем көзі тұнып, тіршілікті ұмытатын неме, карта үстінде орыс ұлықтарына тиісіп, берекемізді алмады ма. «Бөрі ашуын тырнадан» деп, ашу үстінде өзіңмен килігіп қалыппын. Қателігімді соңынан ұқтым, кеше гөр, бір сөлекеттік өтті, көңіліңе дық ала көрме. Ортамызда жүрген ардақты азаматымызсың, басқа біреу болса, бұлай алдынан өтпек түгілі, қайырылып та қарамас ем...

— Ештеңе етпес, ер шекіспей, бекіспейді деген. Менің де есем онша кете қоймаса керек. Жарайды, өтер іс өтті, енді өкпе айтысып қайтеміз.

Ал шыныңды айтшы, барымташылар жайында не хабарың, не жәрдемің бар, — деп, Ақан Күшенұлының көзіне тура қадала қарап еді, анау тайдырып әкетті.

— Білмеймін, түк білсем бұйырмасын, балаларымның атымен ант-су ішейін, жай әншейін еміс-еміс хабар. Осы бір болымсыз дау-жанжалдан бойымды аулақ ұстайын, ағайынның біріне жақсылық етсең, екіншісін өкпелетесің, осы жолы ешкімді маңыма жуытқым жоқ. Ал, Ақан, бағана Хасен деген жігіттің қайғысын айттың, өзіңе шағынған екен, міне. — Тұрлыбек іш қалтасынан бүктелген қағаз алды. — Қызының не өзінің мазасын алар жан болса, осы қағазды көрсетсін. Енді оған ешкім де жұғыспайтын болады, маңынан көш аулақ жүретін болады.

— Рақмет мұныца, — деп Ақан шын қуанып, мөр басылған қағазды қалтасына салды.

— Ана, жер дауымен жүрген кедей-жатақтар келесі дүйсенбіде маған жолықсын. Есіктегілерге айтып қоярмын. Өзің сұраған соң оларға да бар жәрдеміңді аямаймын, «күріш арқасында күрмек» деп, олар да өзіңнің арқанда... оны олардан жасырмаймын да.

— Мұныца да рақмет. Елдің көз жасына исең, одан артықты кім қажет етеді...

— Өзің сұрағасын ғана, өзің сұрағасын...

Қонақтар кетіп, жеке қалған соң Жайынбекпен де шаруа тез тынды.

— Ал, Жайынбек, бұдан соң саған ісім не түсер, не түспес, енді ақырғы тілегімді орында, тез арада түрмедегілермен жолықтыра көр, олар осында екен, анығын білдім, — деді Ақан.

— Қайдағы қиямет-қайымға жұмсайсыңдар, қазір түрмемен сырттан қатынас жоқ және де айтып ем ғой, — деп Жайынбек тағы да қипақтап келе жатыр. Ақан Ғазизге иек қақты.

— Айтқаныңды орындадық, әрине, саған құр бедел сал деп тұрған біз жоқ... — Ғазиз төс қалтасынан ірілі-уақты көп ақшаны суырып, жартысын Жайынбектің қолына ұстата салды. Бір-біріне жабысқан дымқыл ақшаға жиіркене қарағандай қабақ шытқан Жайынбек:

— Мынауың немене, қайыр сұрап жинағаннан саумысыңдар, қалғанын түгел әкел, мынау не болады, — деп ақшаны мұрнына апарып тыжырынды, — балық сасиды ғой.

Шынында да ақшадан балық шырыны шығады. Әлтай мен Барыстың бір жұма балық сатып жинаған ақшалары.

— Әй, андағы ақша аз емес, — деп Ғазиз қалғанын бергісі келмеп еді, Жайынбек арс ете қалды:

— Жетсе, мә, мынауыңды өзің апарып бер. Немене, мен жанымға басып қалады деп тұрмысың, қазаққа жақсылық жасасаң осы.

Ақан Жайынбекті айнып қалар ма екен деп ойлады:

— Қой, Ғазиз, түгел бер, қажет болса, тағы да қарызданармыз, — деп, қалған ақшаны да түгел бергізді.

— Әй, Ғазиз-ай, сараңсың-ау, ана моллекеңде ғой неше сандық ақша бар екен. Осындайда ер-азаматтың жолына жұмсамайсың ба, — деп Жайынбек ақшаларды тағы бір иіскеп, барқыт шалбарының қалтасына сала салды.

— Моллекеңде жұмысың қанша, одан да енді көп салпақтата бермей, айтқанды тез орында. Ақан аға сенің соңында жүре беретін бала емес...

— Оны сенен сұрамаймын, орындағыш болсаң өзің орында. «Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан» деп шіренгенде қандайсың, қолыңнан түк келмейді.

— Жарайды, кейін айтыса жатарсыңдар! Ал, Жайынбек, шынында да мен осында келгелі қаншама уақыт. Ештеңе тындыра алмай жүрміз. Бар сенгеніміз сенсің. Тым құрымаса енді бізді тезірек жолықтыр!..

— Айттым бітті. Жәкең айтпайды, айтса істейді. Бірақ неше күн ішінде? Ол арасын ашып айту қиындау. Жасыратыны жоқ, түрмеде қазір тура Петербургтің өзінен арнайы келген ревизия бар. Бәрбір қыбын табамыз, ендігі хабар менен болады... Жәкең айтпайды, айтса — бітті!

17

Таң ата Жайынбек үйінен көңілді оралған Ақандар жатақ қазақтар мен переселен орыстар тұратын поселкеге жақындай бере шошынып, аттарын лекіте ұмтылды.

Өңкей қару асынған бір топ салт атты казак-орыстар жасағы сол арадан шығып, қаланың қалың тұсына беттеп барады. Жүрістері суыт, қопаң-қопаң шоқырақтап, үздік-создық шұбатыла желіп, бұларға бұрылмастан кетіп барады. Кейбіреуінің алдына, артына өңгерген теңкиген бірдемелері бар. Қалың қырау басқан даладай сықырлаған сұсты топ ауыл қотанындағы қой-қораларға түнде түсіп, бар малды емін-еркін жайратып, күн шыға мекендеріне оралған ордалы қасқырларға ұқсайды. Соңдарында биік қорапты арба, оларға жете алмай, үстінде шошайған екі адамның бірі атты қамшылап-қамшылап қояды.

Әлтай үйінің алдында орыс, қазағы бар үнсіз үйірілген балықшылар. Пеш мойнынан түтін шыққан әр үйдің алдында бірлі-екілі әйелдер, балалар да үнсіз состиып, салт аттылардың соңынан қарап тұр. Кейбір терезелерден сығырайған шамның өлеусіреген жарығы көрінеді.

Ақан мен Ғазиз ат басын тірегенде ғана өңі қашып сұрланған жұрт орындарынан қимылдай бастады. Бұл арада Әлтай да, Барыс та бар екен. Шапаны шұбатылған Новиков та тұр.

— Жарайды, тараңдар, қайғырғанмен бола ма, қолымыздан не келеді? — деп гүр еткен Барыс балықшыларды үйді-үйіне таратты.

— Не боп қалды?

— Ана кеткендер кімдер? — деп, Ақан мен Ғазиз жарыса сұрап еді, Әлтай:

— Атаңа нәлеттер талап кетті, жарайды, үйге кірген соң естірсіңдер, талай рет жасаған озбырлықтары ғой, а құдай тағала әйтеуір... — деп, ат-

тан түскендерді үйге бастады. — Түнімен кешіктіңдер, тегі бір жақсылық болды ма, әлде...

— Жақсылықтан бір саңылау бар, ал өздеріңіз... не озбырлық тағы да, таң атпай бұл не сабылыс, — деп Ақан сері асыға сұрап еді, Өлтай аса саспай, қолын бір сілтеді:

— Бұл қу тіршілікте қу құлқын өлтірмей ме, өлтіргенде... ана бір жас балықшыларымыз құнығып... Олардың да соншама бүлдіріп кеткені шамалы... ай жарайды, аттарыңды шөпке қойыңдар, түні бойы аш тұрған шығар, Жайынбек қайбір көлікке жем бере қоятын қарағым. Өздерің тамақ іштіңдер ме?

— Тамақ іштік қой. Ер-тоқымын алмаңдар, қалада шаруа бар, — деп Ақан алдынан шыққан жігіттерге ат шылбырын ұстатты...

— Ойпырым-ау, әлі төсек жинамағансыңдар ма? Кәне, енді бүгін ұйқы жоқ. Тез жинаңдар да, шай әкеліңдер, шай! — деп Өлтай үй ішіне әмір ете кіріп, төрге жайғасқан соң барып жай-жапсарды түсіндірді. — Жаңа өздерің де көрген шығарсыңдар, әлгі жан алғыш жандармдары, тағы бір топ салақтаған стражниктерімен келіп, бар жатақтар мен мына мұжықтарды талап кетті. Ана балықшылардың да жаңа келген беті еді, қайдан сап ете қалғанын құдай білсін, аңдып отырған ба, сау ете түсіп, аяғымыздан тік тұрғызған жоқ па. Екі арба балығымызды да... Оны қойшы, үй-үйді, қора-қопсымызға дейін тінтіп, астан-кестенімізді шығарып, бүкіл ау атаулыны, сүзекке дейін сыпырып-сиырып алып кетті. Екі балықшы жігітке бәрін тиеткізіп, оларды да бірге әкетті. Қамап тастамаса жарар еді.

— Иә, не қылмайсың дейді?

— Біздің боқмұрындарда да бар. — деп Барыс та қабағы түксиіп гүрілдеді. — Ол жаққа бармаңдар, Ишимнің басқа тұсы да жетеді деп, талай ескерткенмін, не шаруасы бар екен. Енді қарап отырып күнкөрісімізден айырыладық. Қашан қайтарғанша... ай жаман болды. Жаман!

— Әлі ештеме ұқсам бұйырмасын, — деп Ғазиз.

— Иә, түсініктірек айтыңыздаршы, не болды? — деп Ақан да сұраған соң барып Өлтай мен Барыс қарт жарыса сөйлеп, зорға ұғындырды.

— Біздің көрген күнімізді, Ақан шырақ, адам баласына бермесін, — деп Өлтай бастады сөзді, — қазағымның кең сахарасындағы құжынаған өзен-көлдің асты да құжынаған балық, бірақ қайтерсің, оның да қазір құжынаған қожасы көп. Мына Есілдің төменгі жағындағы қолтықта балық адам баққысыз мол. Ежелден солай. Сол араның қалың балдыры ма, әлде тұйықтау бұрылыс болған соң ба, әйтеуір сол тұста қысы-жазы алабұға мен мәукіл жыпырлап жатады. Сол жерді казак-орыстар қазына тарапынан жылда бір рет күзге қарай бекітіп тастайды.

— Бекіткені қалай?

— Кәдімгідей су ішіне екі жақтан бөгет салады, балықшыларша айтқанда өзеннің аузына ұшық салады.

— Үчуг дейді — запор, — деп Барыс та қостап қойды.

— Содан, тұра қал, ол араға ешкім ау құруға да, морға тастауға да, тіпті

қармақ салуға да қақысы жоқ. Егер ондай адамды ұстап алса, оған айып салады, қолындағы ауы болса — ауын, қармағы болса қармағын тартып алады. Әлгі біздің жігіттер, соры қайнап, сол тұстан түнделетіп балық аулайды. Тегі біреу-міреу жеткізді ме, полицейлар соны тіміскілеп біліп, аулаған балығымызды да, бәрін алып кетті.

— Оның үстіне, көптен пай төлемегенбіз, жаңадан билет те сатып алу керек...

— Әлгі бір құрып кеткір ақшасын да төлемегенбіз, балықшыларға салатын салық, бәрі әйтеуір қолында билігі жоқ байғұстарды жан-жақтан талап, жүндей беру ғой, — деп, Әлтай ақша жайын айтқанда Ақын ыңғайсызданып қалды. Осында келгелі балықшылар базардан түсіріп, үйтіп-бүйтіп біраз ақша жинап берген. Ақан болса, көзсіз жұмсап, берекесіз шашып жүр. Тығынға жұмсаған жері жоқ. Бүгін де Жайынбекке қанша ақша тастап кетті. «Елге оралысымен қарызға алған ақшаларыңызды қайтарамын» дегенде, Әлтай: «Оу, Ақан шырақ, ер мойнында қыл арқан шірімейді, саған берген дүние бір қайтар, қайтпаса, онсыз да күн көргенбіз. Қысылма, қарағым, осындайда ер азаматқа қол ұшын бермесек, біздің жер басып, күн көргенімізден не пайда? Базар аман болсын, ақша табармыз. Бәрінен де өзің келген шаруанды реттеші, ана түрмеде сарғайған ер-азаматтарды шығарып алсаң, басқасын қойшы», — деген. Енді, бақса, балықшылар Әлтай, Барыстың айтуымен барын қағып беріп жүр екен-ау. Өздері де ақшаға аса тарыққан қолы қысқа мүсәпірлер.

— Сіздер өзі балық аулағанға да ақша төлейсіздер ме? — деп Ақан ақша жайын сұрағанда, Әлтай да сөз сыңайын түсініп:

— Жо-оқ, ол ақша деген жай әншейін, азбыншы дүние. Баяғыда-ақ төлеп тастайтын... — деп бұра тартып еді, сөз астарын онша түсінбеген Барыс киіп кетті.

— Вот тебе не! Азбыншы дүние! Не қылған азбыншы. Оңай болса, осы уақытқа дейін неге төлеп қоймадың. Енді төрт есе етіп алады, әлі оған көнсе, — деп аңқау қарт Ақанға салық жайын түсіндірді. — Осы бір заң Ертіс балық кәсіпшілігінен келді білем. Өскемен, Зайсан жағында балық аулау үш мерзімге бөлінеді екен, апрельден июльге дейін, июльден ноябрьге, ноябрьден қайтадан апрельге дейін. Алғашқы екі мерзімге әр балықшыдан бес сомнан, соңғы мерзімде, яғни қысты күндері әр аудан он сомнан. Он шақты қармақшыдан бір сомнан салық алады қазына. Сол заң үш жылдан бері бізге де орнаған. Есіл — Ертіс емес. Сонда да, қайтерсің, заңға қарсылық жоқ.

— Жарайды, Барыс, амандық болса төлерміз, тек енді шығын көбейетін болды. Әлгі ашық ауыздардың кесірінен, оның бәрін Ақанға несін айта-сың, — деп, серінің көңіліне келіп қалды ма деп қипаңдаған Әлтайды жаңа ұққан Барыс сақалын, шашын сипалақтап, қысылып қалды:

— Жоқ, әншейін, білсін деп жатқаным да. Әйтпесе қонақтардан бірдеме... ақы сұрайды деймісің...

— Апырай, — деп, бұрын мұндай заң-жобадан бейхабар Ақан, кең далада еркін тіршілікпен серілік құрып, сайран салған азат жан балықшылар тұрмысынан көп жайларға қанып, таңдырқап бас шайқады, — жер бетіндегі түрме аздай, енді су астындағы мақұлыққа дейін бұғаулап, қамап ұстайын деген бе? Неше бір адам естімеген ғаламаттарды көреді екенбіз-ау. «Ұшық» дедіңіздер ме? Қалай тауып айтылған, өзен-көлдің аузындағы қотыр ұшық қой бұларыңыз, ұшық екен? Жұқпалы, кінәмшіл ауру болмаса нетті?

— Да, учуг дейді, — деп, қазақша ұшықты онша түсінбеген Новиков та қосылды. — Шынында, бұл су астындағы түрме. Дұрыс айттыңыз, Ақан.

— Түрме десе-ақ Мәтбейдің көзі қызарып тұра келеді. Ал айтшы су астының түрмесін, бұдан да хабарың бар ма? Сенің білмейтінің жер астында ма деп едім, енді оны да білем де, — жер асты не, су асты не бәрібір, — деп Әлтай Новиковқа қарады.

— Бала кезімде ермек етіп, қармақ салғаным болмаса, күнкөріс үшін балық аулап көргем жоқ. Бірақ балық кәсіпшілігі жайындағы заңды біраз зерттеген кезім болған, — деп Новиков әңгімесін әріден тартты. — Балық — Россия жеріндегі ең бір тегін, тиімді байлық. Бүкіл Ертістің ұзына бойын Омскіден бұрынғы Каряковка, Устькамінге дейін казактардың иелігіне неге берді дейсіздер. Жалпы бар балық шаруашылығы, әсіресе киргиз — қайсақ, Сибирь жерінде казачествоның қолында. Бұл шаруашылықтың ең күшті дамыған жері Урал, бұрынғы Яик өзені. Мұнда екі түрлі кәсіпшілік бар. Бірі — негізгі теңіз шаруашылығы. Бұл — Каспий теңізінде. Екіншісі — қосымша балықшылық кәсіп. Ол — белгілі атаманның бақылауымен де, өз бетімен еркін де айналысатын шаруашылық. Мына Әлтай ақсақал мен Борис Васильевичтердің кәсібі осы екінші кәсіпке жатады. Жаңағы айтқан учуг дегеніміз — су астына тартқан решеткалар. Оны сымнан да, жиі талдан да, қамыстан да тоқып, мықтап бекітіп тастайды. Міне, осы учугтар Яик өзенінің әр тұсында өткен ғасырдың орта кезіне дейін жүз елу жыл бойына тұрған. Оны уақытша ашқызып, балық аулауға лұқсат алу — ақшаға шаққанда өте қымбатқа түскен. Әрине, кейде еңбегі сіңген адамдарға қазына тарапынан аз уақытқа ақысыз лұқсаттар да болған. Гурьев қаласына тұрақтаған казактар мен Урал түбіндегі Калмыков, Кулагин крепостарын салған казактар үшін өткен ғасырда Оренбургтің губернаторы болған Неплюев сегіз сажыннан учугтарын тегін ашуға учугшыларды мәжбүр еткен. Ал Гурьевтегі учугтарды әлгі Неплюев шарт бойынша әскер қарамағына мүлдем алып берген. Сондықтан бұл балық шаруашылығындағы заң ертеден жолға қойылған. Тәртіп жағынан оның жақсылық жағы да бар, әрине. Мұз үстіндегі «багренья», мұз астындағы «аханое», көктемдегі «удар», жаздағы «жаркое», күздегі «курхай» — бәрі заңдастырылған, өз тәртібі бар қызық шаруашылық.

— Алла, айтам ба, мына Мәтбей жер астындағыны білетін нағыз Мәді. Бұдан былай бірдемені жетік білетін адам болса Мәтбей деп жүретін болармын, — деп Әлтай да, басқалар да Новиковтың әр саладан білгір екеніне ден қойысты.

— Мәтвей, — деп Борис Васильевич те Новиковтың атын қазақшалап, қалың қабағын көтерді, — сен онда бізге көмектес. Әлгі құралдарымызды айыбын төлеп, қорыққа ау салмаймыз деп қайтарып алуымыз керек. Уездный начальникке жетпей тұрып, полицияға арызбен барсақ, соған дұрыстап жазатын, жөнін білетін бізде ешкім жоқ. Бәріміз сауатсыз жандармыз, соған көмектесе гөр...

— Көмектесе көріңіз не? Одан да фельшірлігіңді тастап, арыз, шағым жазу жұмысына біржола ауыс демейсің бе, — деп күлді Ғазиз.

— Жо-оқ, көмектесу деген — қашанда парыз емес пе адамға. Тек қалада енді көзге көп түсе беруім қиынырақ болар, әйтсе де қашан кеткенше... — деп Новиков ойланып қалды. — Әлгі қотыр дәрілері табылмай қойды. Күкірт те аз. Бірі табылса, бірі жоқ.

— Матвей, — деді Ақан да, — сенің де елге орала алмай, шаруа соңында салпақтап, тықыршып жүргеніңді білеміз. Әйтсе де амалын тауып, әлі де біраз күн жата тұрғаның теріс болмас еді. Түрмедегілерге жолығып, жай-жапсарға қанған соң, сен бұрынғыдан да қажетсің, ауадай қажетсің. Міне, енді мына кісілерге де септігің керек. Мүмкін, көп арыз, көп шағымдар жазылатын шығар. Ауылыңа жеткізіп салармыз, көзге көп түспей, осында жата тұрсаңшы.

— Қанша жатамын десең еркің, ауылыңа өзім-ақ жеткіземін, одан қам жеме, — деп, Әлтай да Ақанды қостады. — Көрмеймісің, біздің де ісіміз саған түсіп тұр...

Әкесінен алған азбыншы тиын-тебен мен балықшылардан алған ақша таусылып, қалтасы қағылған Ақан сері енді көптен ойында жүрген байлам-ға тура бекінді.

Келгелі жұрт көзіне көп түспей, шақырған жерге де бармай — Әлтай үйінен ешқайда шығып, не серілік құрып, не қонағасы жемеген Ақан ояз кеңесін төңіректеген Хасен мен түнеугі жалшы-жақыбай қазақтарға барар жолда қала шетіндегі базарды көктей өткісі келді.

Қараөткелдің тұрғындары жазда да, қыста да таң сәріден тұрып базарға жиналуды талайдан бері әдет етіп алған. Ақан, Әлтай, Барыс, Ғазиздер базарға жеткенде, қала халқының да қарасы қалыңдаған екен. Кейбір тұста арасынан сыналап адам өте алмастай құж-құж қайнап, мағынасыз сенделіп, жоғалтқан затын іздегендей, әркім әр тұста бір-бірінің дүниесіне тесіле, күдіктене қарайтындай.

Бұларды базар шетінен кіре бере-ақ көзі шалып қалған қазақтар аттан түспей жатып қоршап алды. Бұрын серіні көргені бар, көрмегені бар — бәрі базаршылап келген шаруаларын тастап, Ақанның соңынан шұбырды. Сері де жұрт көрсін, білсін дегендей, базар ішін түгел аралап, әр жерде көп тұрмай жылжи берді.

Қараөткел базары — күз айларында жан-жақтан халық ағылып, екі ай бойы басы той-думанға айналатын арқа қазақтарына әйгілі Атбасар, Қоянды жәрмеңкелеріндей болмағанмен, жергілікті адамдардың күнделікті қажетіне жарайтын алыпсатарлық, айырбастық орын. Жексенбі — Азына

күндері бұл ара — жай базар емес, қан базарға айналып кетеді. Маңайдағы байлар, орта шаруасы бар малды адамдар ет сататын сөрелерді қан сасытады. Бар кемшілігі — мұнда, жәрмеңкедегідей, сатылатын дүниелердің атына, ретіне қарай бөлінген арнаулы орындар жоқ. Мал базарының қасында ұсақ-түйек сататын бақалшылар қоныс тепсе, оған іргелес үйіліп-үйіліп жатқан балықтар, сұлы, бидай, тары, кебектер салған теңкиген қаптар. Тіпті базардың қақ ортасында бастырығын бос байлап қауқытып, көпірте артқан екі-үш жарма шөп, бау-бау шілік, тақталап үйген қой қиы да саудаға түскен.

Ақандар бәрін аралап көріп, қатар тіккен екі киіз үйге беттеді. Бұл кезде соңынан ерген ел қазақтары қалың қол сияқты шұбырып келеді.

Қысқа қарай қысыр сауып, бие сүтімен азбыншы ақша жинайтын қала жатақтары орталарынан осы киіз үйлерді шығарып, жәрмеңке рәсімімен күнде осында сабаларын пісетін. Әншілер кірген үйдің іші-сырты аузы-мұрнынан шықты. Ештеме алмаса да, күнде базарға келіп, әр жерде шоқиып отырып ел өсегін айтпаса іштері кебетін бейсауыт жүрісті қызыққұмарлардан бастап, мал сатып, ақша жиган кішігірім саудагерлерге дейін жиналып, төрт қанат үйдің керегесін керіп жібере жаздады.

Ал Ақан мен Ғазизге қолқа салып, домбыра алдырып, ән айтқызамыз деп өзеуреп отырғанда, сырттан атақты Мәшһүр Жүсіп келді. Жұрт қақ жарылып жол берген. Жақында Керекуден келгелі Ақан серінің осында жатқанын сырттай естіген ғұлама молла бір көруге зар болып, бірақ қайда екенін таба алмай қойған. Енді Құлагерінен өлідей, достарынан тірідей айырылып жапа шеккен ақынды құшақтап, ұзақ үнсіз көрісті.

Түске таман базардағы бар қазақ қымызшылар үйінің төңірегіне жиналып, қыраулы күздің суығында ән-думанды аңсап, қазақтың атышулы үш ардагері — Ақан, Мәшһүр Жүсіп, Ғазиздің бір араға бас қоса қалуларына қуанысты.

Ақан серінің іздегені де осы еді.

— Оу, жамиғат! Сіздердің күткендеріңіз ән-өлең ғой!..

— Иә, иә.

— Қолқамыз да сол!

— «Құлагерді» өз аузыңыздан естісек.

— Домбыра алдырамыз. Қазір келіп те қалар.

— Жоқ, біздің үйге жүріңіздер. Қонағасымыз даяр!

— Онда, — деді Ақан сері. — Келесі жұмада бас қосайық. Хабар Әлекеңнен — Әлтай ағайдан болсын. Айтысқа Мәшһүр Жүсіпті шақырамын. Айтысамын Мәшһүр Жүсіппен!..

Жұрт тым-тырыс. Мәшһүр Жүсіп бір қызарып, бір қуарды. Қайғылы ақынның мына сөзі тосын естілгені сонша, өз құлағына өзі сенбегендей, Ақанға қарап, дөңгелек сұлу сақалын салалай берді.

Серінің бұл қимылын түсінген Әлтай мен Ғазиз ғана. Балық, қымыз саудасымен базар нарқына төселген Әлтай басты енді айғайға:

— Мен Ақан серіге бәйге тігем. Қайсың барсың бәйге тігісер?! Қайсың барсың жұлынып шығар. Бәйге, бәйге!

- Мен бармын!
- Мен тігемін!
- Бәйге емес, мен зақлет салам, зақлет!
- Мен Ақан серіге.
- Мен Мәшһүр Жүсіпке!..
- Келесі жұмада... Хабар менен болсын.
- Жинала бер!
- Сайыс келесі азанда...
- Жексенбіде...
- Уәде, уәде...

Тысқа шығып атқа қонған Ақан, Мәшһүр Жүсіп, Ғазиз указ молла Файзолланың үйін бетке алды.

— Апыр-ай, Ақан аға, түк түсінсем бұйырмасын. Бұл шақыруыңыз жекпе-жек пе, шын өнер жарыстыру ма? Өзіңіз қалың дертте, жолдас-жораңыз қалың өртте жүргенде бұл не айтыс. Қалайша аузым барып, дәтім шыдап сізбен сөз таласы, өнер жарысына түсермін. Жарыста аяушылық жоқ, айтыста айтылмайтын сөз жоқ. Қалайша сіздің бетіңізді тырнап сөйлерге дәтім барар, — деп ат үстінде түнерген Мәшһүр Жүсіп желден ықтап, қатты қиналды.

— Маған ақша керек! — деді Ақан жұлып алғандай.

— Түсінбедім.

— Біреу дүние базарына малын, енді бірі арын салады. Мен тірімде бір рет әнімді салып көрейін. Құлагерім жоқ, енді өнерімді бір салайын саудаға. — Ақан Мәшһүр Жүсіпке қанталаған өткір көзін қадады да, ат үстінде екі иіні салбырап, сәл үнсіз отырды, сәлден соң алғашқы қарқынынан басылып, жұмсара сөйледі. Осында келген шаруасын, ел шонжарлары мен қала шенеуніктерінің парақор, озбыр, сұм қылықтарын баяндап, түрмеде сарғайған достарын алып шығар қамқоршы — дүние, ақша ғана екендігін, сол үшін жұрт алдында сайысқа түсетінін айтып, Ғазизден гөрі Мәшһүр Жүсіптің қолайлы екенін жасырмай, ел ішінде даналықпен аты шыққан әрі ғұлама, әрі діншіл-білгір ақынды айтысқа шақырған себебін түсіндірді.

— Сені бұл арада айтысқа шақырғаным, көмекке шақырғаным деп ұқ. Қол ұшын берер дос болсаң, бұрын кәсіп етпеген іске бел будым, соған қосыл, көмегің керек, — деп, Ғазиздің әкесіне неге келе жатқанын түгелдей баяндады... — Шешінген судан тайынбас, не болса Ғазиз екеуміз екеулеп отырып указ молланы илкітірсек, бір күнге ескі мешіттің кең қорасын сұрасақ деп едік... Ақылы-пұлды айтысқа кең, жайлы орын да керек...

— Бұларың болар ма екен!? — Мәшһүр Жүсіптің қалың қабағы түсіп ойланып келеді.

— Сонда да... Ән мен діннің сыйыспайтыны ежелден ақиқат. Әйтсе де... Ақын тосыла беріп еді, ғұлама көңілденіп сала берді.

— Таптым, таптым, Ақан... Файзекеннің жібитін жерін, құты түсіп құлайтын жерін таптым: ендігі айтыс дін айтысы болсын, сері аға. Құран сүрелерінен, пайғамбар, сахабалар тіршілігінен сөз қозғайық, сонда мешіт

те мұсылманшылық уағызымен гибадат, фарыздармен күңіренер. Сіз көрінбей-ақ қойыңыз, осы жолыңызды маған қисаңыз қайтеді, Файзекеңмен мен сөйлесейін.

Ақан сері қуана құптады мұны.

— Ал, серім, онда алдыңызда үлкен сын тұр. Бұл жай айтыс емес, бар білгірлікті сарапқа салар сын. Ел арасындағы қожа-молаларды, айтыса кетсеңіз, шоңқитып кететін ғұламалығыңызды білем. Бірақ дін айтысында менің осал жау еместігім өзіңізге де мағлұм шығар, байқаңыз, айтыста аяушылық жоқ, — деп Мәшһүр Жүсіп қалжыңмен күліп, атының басын алыстан көрінген Файзолланың көк сырлы мешітіне бұрды...

Ақандар базарда көп айналып қалған екен. Күздің қысқа күні ұясына таяпты. Алабажақ бұлт бүркеген құбыла жақ қара түтіндене бықсып, жанып жатқан өрттей, бірақ өрт ыстығы емес, қар ұшқынының бет қарығандай ызғары білінді.

Астындағы атын лекіте жөнелген Ақан енді Күшенұлы берген кешегі азаттық қағазбен Хасенді қашан қуантқанша асығып келеді.

Бұлар жеңіл шоқырақпен ояз кеңсесіне жете бергенде, одан әрірек Есілдің қабағына жиналған мол шоғырды көріп, аттарының басын ірікті. Ояз кеңсесінің алды жым-жылас. Әлгі әзірде қарулы стражниктер арыз, шағыммен жүрген бейбақтарды дүренің астына алып, аттысын аттылай, жаяуын жаяулай тым-тырақай қуып, бұл маңнан айдап салғандарын бұлар әзірге білген жоқ.

Өзен жағасындағы көп тобырдың тегін жиын емес екенін сезген Ақандар әлденеден күдіктеніп, енді қайтадан тебініп, үреймен ұмтылғанда, күздің үілдеген желіне қосыла аңыраған азалы үн де жетті құлақтарына. Есілдің құлама жарлауыттау жиегіне бұтақтарға қонақтаған қара тағандай тізілген қалың жұрт үнсіз. Орыс, қазағы бар, аттылы, жаяу бар — бәрі үнсіз, әлдебір сұмдыққа егіліп, қайғы жұтып тұр. Сарнаған еркек даусы ғана жалғыз. Ақан мен Ғазиз аттарының шылбырын шетте тұрған ауыл қазақтарына үнсіз ұстаға салып, жұртты сыналап өтіп, өзен шетіне жетті. Беті қаймақшып қатқан Есілдің бұл тұсы шұңғыма болатын. Қабыршақ мұздар быт-шыт. Алашамен күймелеген қазақ арба су бетінде жартылай қалқып тұр. Жегілген ат көрінбейді.

Үсті-басы малмандай Хасен әйел адамдай дауыс қылып, зар еңіреп отыр. Тізесінде Күлназия. Су сорғалаған қолаң шашы жерге шұбатылып, ақ қағаздай қансыз өңі күз аспанына қарап, көзі тарс жұмылған. Тәрізі — бұлт арасынан күнде іздейтін бақыт құсын ұзақ қарап таба алмай, көзі талған соң, аз тыныстап, ұйқтап кеткендей.

Ақандар жұрттан ештеме сұрамай-ақ қайғылы хәлдің мән-жайын ұқты. Күнұзын ояз кеңсесінің алдында сарылып, шөліркеген ат қапылыста күрмеуінен босап, Есілдің құлама суына өзі келіп түсті ме? Әлде стражниктер қамшының астына алып, қылыштың қырымен ұрып көлік біткенді тым-тырақай қуғанда, үріккен ат шапқан бойы жар жағалап өте беріп, арба салмағымен өзенге құлады ма? Ол арасы әзір беймағлұм болса

да, күймеде байлаулы Күлназияның көлікпен бірге тұңғыққа батқаны, қашан әкесі келіп, су түбінен қамар белбеуіне байлаған қайыс бауды шешіп, босатып алғанша тынысы бітіп, мәңгі көз жұмғаны аян.

Ақан қол қамшысына сүйеніп сызға отыра кетті. Көзінің алды қарауытып, құлағы шыңылдап, аспан мен жер бір-біріне қарама-қарсы шырқобелек айналып бара жатқандай болды. Даусы қарлыға еңіреген Хасенмен қосылып, енді бар ғалам шулап тұрғандай, ен дала, Есіл бойы қайғылы зарға айналды. Жел ме шуылдаған, кенеттен тұрған дауыл ма? Әйтеуір жер мен көк қосыла сарнап, арманда, қайғыда кеткен қыршынды аза тұтқандай дауыс қылады.

Көп зар, көп шудың ішінде қарақат көзін аспанға қадап, күймеде ән салған Күлназияның мұңды даусы келеді құлаққа. Еміс-еміс естіліп, алыстап, үзіліп бара жатқан жазықсыз сәбидің, күнәсіз сұлудың, зомбылыққа да, мазақ пен қорлыққа да, ең арты суық ажалға да бойсұнып, тірідей көнген нәзік үні:

Жастық күні, ой, еркем, түседі еске,
Жез бұйдалы кер тайлақ ерер көшке.
Ата-ананың жолынан кім аттаған,
Не десең де көнесің хақтық іске.

«Әттең, не керек, тым кеш жеткен екем. Не қара басты осыншама аялдайтын. Таңнан жетсем болмайтын ба еді, әттең-әттең, — деп, Ақан кінәлі жандай, іштей егіліп, бұл дүниедегі азаптан, қорлық пен мазақтан біржола құтылып, жаңа гүлі ашылған жастық шағымен мәңгі қоштасқан Күлназияның торғын жүзіне қайтып қарай алмады.

18

Таң қараңғысында терезені біреу сындырып жіберердей екілене-екілене екі-үш ұрғылады да, қақпаға қарай кетті. Жылы қорадан маңқ етіп шығып, қақпаға жеткен ит беймезгіл жүрген адамға өршелене-өршелене шабаланады. Бейсауыт адам енді тақтай қақпаны қашан ашқанша шыдамсызданып, жау қуғандай дүрсілдетіп әкетіп барады.

Төр үйдегі қонақтар тегіс оянды.

— Бұл кім болды екен? — Ұйқысы сергек Ақан әлденеден елегізіп басын көтеріп алды да, қайтадан жастыққа шынтақтап жатып, тың тыңдады.

Үлкен үйден дамбапшаң шыққан Әлтай, қазандықтан сықсима шамды зорға тауып, кемпірінің кебісін іле тысқа ұмтылған. Лезде қайта оралған ол жарма пешпен бөлінген төр үйдің есігін ашып, ақырын сыбырлайды.

— Ақан, Ақанжан...

— Иә, Әлеке?..

— Ә, өзің де оянған екенсің ғой. Киініп, қораға шықшы, әлгі Жайынбек келіп тұр, саған айтар сөзім бар дейді.

— Жайынбек?

Алас-күлес киінген Ақан серінің жүрегі дүрсілдеп қоя берді: «Түн ішінде бұл не келіс? Апырым-ай жақсы хабар болса игі етті! Бұл үйді қайдан тауып келді? Неге соншама асығыс? Жай хабар болса күндіз айтпас па еді? Күндіз біреу көріп қояды деп сезіктенетін шығар-ау. Әйтсе де тап түнде түн ұйқысын бөліп келуінде бір гәп бар, тегін емес!» Қашан қораға шыққанша Ақанның басына шым-шытырық үрейлі ойлар келіп, шұлғауын да орай алмай, етігіне жалаң аяғын қоңылтаық сұға салды.

Жайынбектің үсті-басы қар. Селтендете ұстаған қол қамшысына қарағанда, салт келсе керек. Ұйқысы қанбағандікі ме, әлде сықсиманың әлсіз сәулесімен көлеңкелегендікі ме, семіз беті одан сайын жайылып, долырып тұр. Өзі әлдекімнен ұрланып, жасқаншақтанып, сыбырлап сөйлейді.

— Ал, Ақан, тез киін де, түрме жаққа тез жет, — деді. Амандық жоқ, саулық жоқ. — Менің мұнда келгенімді тістеріңнен шығара көрмендер, бас екеу емес.

От ала келгендей тысқа бұрыла берген Жайынбектің білегінен Ақан ұстай алды:

— Тұра тұр. Сонда бұл не барыс, түсініктірек айтсаңшы. — Ақанға бірден түскен ой: «Барымташыларды түрмеден шығарып алып қашу. Жайынбек сабазың әйтеуір бір ерлікке белін буган екен. Тың аттарды қайдан табамыз? Қашқанда қай жаққа әкету керек».

Жайынбек қаракөлеңке қорада «осы Ақан ба, әлде басқа ма» дегендей, артына бұрылып, серінің бетіне төне қарады. Аузына оңтайлы сөз түспегендей немесе Әлтайдан қаймыққандай аз кібіртіктеп тұрды да, таңдайын қақты. Мұрнының ұшына қарай түскен көзілдірігін түбіт биялайлы саусағымен көтеріп, тағы қарады.

— Ау, не айтып тұрсың? «Не барыс?» Түрмеге адам не үшін барушы еді. Неше күннен бері «жолықтыр, жолықтыр» деген соң, түрме комендантын зорға дегенде көндірдім. Немене, жолыққыларың келмей ме?

— Ойбай-ау, бұлар дайын ғой, — деп, Әлтай дегбірсізденіп, кебісін сылп-сылп басып үйге беттеді. — Қап, тамақ, ол-пұл да әзірлемедік, аяқ астында қарашы.

— Не тамақ керек? Тамақ ала ма екен? Ол арасын білмедім. Айтқандай, Ақан, түрменің күнбатыс жағынан кел. Түрме бастығына кіретін есік бар! — деп, Жайынбек қақпаға қайта бұрылды.

— Таң қараңғысында мынау ғажап болды-ау. Түсінсем бұйырмасын.

— Түсінетін ештеңе жоқ, — деді шығып бара жатқан Жайынбек бетін бұрып. — Түрме ісінің бәрі жасырын. Оның да басы екеу емес. Оны ойлап қайтесің, ал тез келетін бол, қалып қойып, өкініп жүрме. Айтқаным сол...

Әлтай жекіп, шөптің қуысына қуып жіберген қара төбет маңқ етіп далаға шыққанша сөзін екі ұшты қылып, атына қонған Жайынбек шоқырақтата шауып кете барды.

Тыстағы хабарды Әлтай жеткізген бе, Ақан үйге кірсе, Новиков те, Мөңке де мұздай киініп алыпты. Бөлмеге шам жағып, қазандық маңында

күйбендеген кемпір мен келін де түннен қалған азбыншы етті кәкірмен сорпадан сүзіп алып, шошалаға жүгіріп, қарбаласып жүр...

Аспанның жартысы сөгілгендей, тап Ақмоланың үстінде жапалақ қар кеше кештен бері саулап жауып тұр. Кеше ғана қарауытып жатқан боз дала ат тізесінен келер омбы қарға бөгіп қалыпты.

Ақандар аттарын алысырақ бір қазақ үйінің алдына байлап, Есіл өзенінің бұрылыстау тұсындағы қолтыққа салынған түрме маңына ұрлана басып жаяу жеткенде таң да әжептәуір ағарып, төңірек көзге іліне бастаған. Қалың қар жамылған сұсты түрме маңы тым-тырыс. Қаңыраған бос үңгірдей тақтай қоршау ішіндегі тас қапастан ешбір үн білінбейді. Мелшиген меңіреу.

Ақан, Әлтай, Новиков, Мөңке — төртеуі бірінің ізімен бірі шұбала жүріп, көл-көсір тақтай дуалды айналды. Жайыңбек айтқан құбыла жақтағы түрме комендантының жасырын есігіне қарай омбылап, үнсіз жүріп келеді.

Бұлар қате айналды ма, тура түрменің кең қақпасына тіреді. Қақпа алдында арқаларын тақтайға сүйеп, үнсіз сілейіп тұрған адамдарды көргенде, бұлар да бастарын түйістіріп, шоғырлана қалды. Бұл араға мына төртеуінен де бұрын келгендер — жұмбақ жандар. Төрт-бес еркек, балаларын бауырына қысқан әйелдер. Бәрі қалың жауған қар астына мүз боп қатып қалғандай бүрісіп-бүрісіп тұр, қыбыр етпейді.

— Бұларға аялдамайық, әрі кеттік, — деп Новиков ұзын тонымен қар сызып өте берді.

Қар жамылған адамдар мойындарын енжар бұрып, үрейлі көздерімен шығарып салды. Бірі ләм деп үндеген жоқ.

— Отправка болады-ау тегі, — деді былай шыға Ақанға бұрылған Новиков. — Бәсе, солай болар деп өзім де ойлап едім.

— Аtpaвka деген не? — Әлтай түсінбей иегін көтерді. Новиков тағы да алға түсіп омбылап барады.

— Түрмедегілерді басқа жаққа жібереді. Мынау түрме емес, әшейін жай мал қора. Мүмкін, алысқа этаппен айдаулары... Әлгі байғұстардың қақпа күзетіп отырулары тегін емес, олар да біреулерден естіген ғой... Да, да, таң атпай қимылдауларына қарағанда. — Новиков қарға малтығып, сөйлеп келеді.

Комендант кеңсесінің бір қабырғасы сыртқа шығып тұр да, қалған қабырғалары дуал ішінде. Мұның да терезелерін білектей-білектей темірлермен керегелеп тастапты. Әлсіз шам жарығында іштегі адамдардың ірі көлеңкелері қараңдайды. Үймен жапсырыла салған биік ағаш мұнара бар. Тегі қарауыл тұратын орын болса керек.

Ақандар біреу-міреудің көзіне түспес үшін кеңсеге сырттан кіретін есік алдынан жымдарын білдірмей тез өтіп, тақтай дуалдың қалтарысына барып ықтады.

Бұл кезде дала әжептәуір жарықтанып қалған. Тұман түстес қара қошқыл аспанда бұлт сіресіп, бағанағыдай емес, қиыршықтанған жапалақ қар енді сирек елеуіштен түскен кебек аралас ұндай бұрқырап ұйтқып тұр.

Алыста, қала үйлерінен таңғы шақырған әтеш дауыстары еміс-еміс естіле бастады.

Арқасын дуалға сүйеп, жүрелей отырған Новиков бірдеме деуге оқтала бере, жағасымен аузын басып, ұзақ қылғына жетелді. Дімкәс адам оппа қармен ұзақ жүрісті көтере алмады ма, дауысын естіртпейін деп, қатты булығып қалды. Сосын барып:

— Мынау... мына үй Ливенцов ревелинасы ма, әлде Таубе бастионы ма екен? — деп ақырын мырс етті.

Новиков кездескелі оның түрме, заң жайын көп білетіндігіне қайран қалған Ақан көптен көмейіне тірелген сөзін сұрай алмай жүретін. Не бөтен әңгіме киіп кетеді, не тым қазбалауды қолайсыз көретін. Осы жолы сөз ретіне қарай сұраудың қисыны келген сияқты.

— Матвей, осы сен өзі кімсің, не үшін сотталған жансың? Өзің оқымысты адам емеспісің? — деп, Ақан да дуалға арқасын сүйеп отырды.

— Дәл түстіңіз. — Новиков әлдекімге ыза болғандай мырс етіп, кеке-сінмен күлді. — Оқымысты болғанда қандай, тура заң оқымыстысы, яғни, қалай айтсам екен... праволар туралы ғылым — юриспруденция ғалымы едім. Екі жылдай Россия патшалығының иелігіндегі түрмелерді ревизор ретінде араладым. Сондағы көрген-білгенімді, заң қызметкерлерінің неше түрлі қылмыстарын бүкпесіз баяндап, императордың өзіне рапорт жолдадым. Ол аздай, Петербург университетінде, гимназияларда арнаулы лекциялар оқып, орыс жеріне түрме салынғаннан бергі тарихын, бүгінгі хал-күйін жасырмай, өздеріңізге шет жағасын айтқан әр патша тұсындағы сорақылықтарды түсіндірдім. Ақыры, осы білгіштігімнің арқасында, өзім ревизия жасаған түрмелердің сыз еденіне өкпемді төсеп, тұрақты «қонағы» болуыма тура келді.

— Бәсе, бәсе, оқымысты адам... ой, өзім де солай шығарсың-ау деп жүруші ем, бәсе! — деді Әлтай. — Ал біздің қазағымның жеріне қай құдай айдап келді, емшімін дейсің, оның жайы қалай?

— Сібірде ауруға шалдыққан соң, жаны ашыған біреулер осы араға жер аударды. Фельдшерлік деген қайбір білгіштіктен болған өнер дейсіздер. Бұрын дәрігерлік техникумда оқығанмын. Әйтеуір, көзге көрініп тұрған жара, ол-пұл жеңіл-желпі ауруларды емдеу, қайсыбір дерттердің алдын алып егу ғой. Көрмейсіздер ме, осында келгелі уездной начальникке дейін шағым жазып, ең арты қотырдың дәрісін ала алмай жүрмін. Ауылда балалар жаппай цинга ауруымен ауырады, қазақша қырқұлақ деп пе едіңіздер, ал мұндағы чиновниктер оларға дәрі-дәрмекпен көмектесу орнына үлкен дозамен аттарын емдейді... Әрине, олардың жаны ашып қайтсін, ол түгіл, жергілікті адамдардың балаларын оқытам деп әрекеттенген талайларды екінші жаққа қайтадан жер аударған. Осылайша «қылмыстылар» Сібір мен қырғыз-қайсақтың кең жерінде допша домалап, қақпақылмен күн кешпек.

— «Адамның басы — Алланың добы» дейді қазақ, енді адам баласы Алланың да білігінен кете бастаған-ау.

— Дұрыс айтасыз, Ақан! Бүгін сіз қолқалаған соң ғана келдім, егер олар көріп қойса, мені де бұл арадан қоныс аудартуына сөз жоқ. Осылардың түрі жаман, жолықтыру орнына жер аударғандарды көрсету болып шықпасын ақыры.

— Сені мына түрінде ешкім танымайды. Тура ауыл қазағы сияқтысың, — деп күлді Ақан.

Новиковтың үстіндегі тонды тоңасың деп Әлтай кигізген. Шынында да мына түрінде оны ешкім тани қоюы неғайбыл.

— Тон рақат екен. Мұнымен бүкіл Сібірді жаяу аралауға болады.

— Әй, Мәтібей, осы тон ұнаса, алшы! Шынында да ана бір биттің қабығындай шенеліңмен қалай үсіп қалмай жүргенсің.

— Қойыңыз... мұндай тонды... — деп Матвей сасқалақтап қалды. Ішінің жүні қалың, бойын қыз-қыз қайнатқан тон қазір Новиков үшін алтынмен тең.

— Ал дедім ғой, бердім саған.

— Ой, рақмет, Альтай аға. Бұл жақсылығыңызды өмірімде немен қайтарамын!

— Ал сонда, тұра қал, — деп Әлтай Новиковқа қарсы қарап, жүрелеп отырды да, тон туралы әңгімені енді басқаға аударды. — Сотталғандарды айдайды дедің. Сонда қайда апарады?

— Айдайтын жер көп қой. Русь жерінде не көп — түрме көп.

— Иә, оның шет жағасын естідік. Сонда қазақ жеріне қаншама адамдарды жер аударды дедік. Енді бұл арадан қайда аудармақ?

— Мұндағыларды Сібірге айдауы мүмкін, немесе Орск, Омск түрмелеріне жөнелтуі де ықтимал.

— Әлгі біздің жігіттер де бар ма екен? Қой, оларды соттамай, қалай айдамақ?

— Ақсақал-ау, сот деген оңай ғой. Осы түрме ішінде-ақ жасырын соттай салады.

— Апырым-ай, бұл бір түсініксіз шаруа екен, ия, түсініп болмайды.

— Ана қара, біреу шықты.

— Екеу.

Бұлар орындарынан түрегелді.

Түрме бастығының кеңсесінен шыққан екеудің бірі домалаңдап осыларға қарай келе жатыр. Жайынбек. Екі-үш адым қалғанда тілмаш бұлардан сескенгендей кілт тоқтады. Ентелей басып Ақан барып еді қасына:

— Оу, бала боп кеттіңдер ме? Немене, тойға келгендей бәріңнің бөрікке-нің? — деді.

— Ештеме етпейді. Олар сыртта күте тұрады. Ана Мөңке екеуміз кіріп жолықсақ болады.

— Қазір. Жоқ, қазір болмайды. Кешіктіңдер, мұнда үлкен адамдар бар. Менің басым екеу емес. Ана қақпа жаққа барыңдар.

— Ол арада не істемекпіз? Жөніңді айтсаңшы дұрыстап. Кешіккенің не?!

— Барыңдаршы, сосын көрерміз ретіне қарай. Қолдан келгенше, — деп Жайынбек кері бұрылды да, қолымен дуалдың екінші басын нұсқады. — Тез барыңдар. Қалып қоймаңдар...

— Түк түсінсем бұйырмасын...

Ақандар қар көміп тастаған бағанағы іздерінің жобасымен тағы да омбылап, түрме қақпасына жете бергенде есікке қарай көп адам лап қойды. Бағанағыдай емес, адам қарасы көбейген. Бәрі тақтай қақпаға жабысып-жабысып, саңылау іздеп әлек.

— Шығарайын деп жатыр.

— Шығарды.

— Әне, шықты, — деп бірі сыбырлап, бірі даурығып, дүр ете қалды.

Ақандар да қақпаға ұмтылды. Мойындарын созып, көп адамдардың арасынан сыналап кіре алмай әлек. Иненің жасуындай тесік тапқан адам жұмақтың есігіне қолы жеткендей өлермендене жабысады.

— Ахан, Ахан, — деген Новиковтың даусы шықты.

Новиков қақпаның тоспа жағынан, бір кемпірдің қасына қыстырылып-ты. Жеңімен тақтайды сылап тастаған қарды түсіріп, кең саңылау тауып алған. Ақан екеуі бастарын түйістіріп сол тесіктен ішке үңілді. Қар толас-тайын деген бе, іштегілердің жүздері анық көріне бастады.

Мылтық, қылыш асынған көп салт атты казак-орыстар. Кейбіреулері ерсілі-қарсылы шоқырақтатып, сапырылысып жүр. Жаңағы түрме бастығының кеңсесі жағынан бір топ әскери киімді жаяу адамдар шығып, шоғырланып тұрып қалды.

— Офицерлер шықты. Ішінде губернатор да, уезд начальнигі де бар, — деп сыбырлады Новиков аузынан темекі иісі бұрқырап.

— Не боп жатыр? Бірдеме көресіңдер ме? — деген дауысқа Ақан бұрылып еді, Әлтай екен саңылау іздеп жүрген.

— Аздап көрінеді. Әйтеуір жақсылық емес. — Ақан Новиковпен қайта басын түйістірді.

Әлден уақытта түрме есігінен топ-топ адамдар көрінді.

— Шықты, шықты.

— Түрмедегілерді шығарады.

— Выводят несчастных, — деген дауыстар тағы да әр жерден күбір-күбір ете қалады. Біреу күрсініп, енді бір әйелдер сыңсып жылай бастады.

— Тоқтаңдар, қазір бұл арадан қуылмайын десеңдер, — деген бір орыс даусы күж етіп еді, қақпа алдында үймелеген жиын жым болды.

Мойындары салбыраған тұтқындар тұқырандап, ілбіп басады. Аштан бұралған, не өлімші болып таяқ жеген адамдардай, қайсыбірі сүрініп кетіп, алдындағы тұтқынның иығына сүйенеді. Ең алғаш шыққан бес тұтқын тура қақпаға жақындау келіп, тоқтады. Олардың халін жаңа аңғарған Ақанның жүрегі су етіп, даусы дірілдеп, шықты:

— Сұмдық-ай, бәрінің қол-аяғын кісендеп тастапты ғой. — Малдан бетер аяқ-қолын шынжырлап бұғаулаған шын бақытсыз сормаңдай жан-

дарды тұңғыш көрген Ақанның ет-бауыры елжірегенде, Новиков бұған таңданбады.

— Бұларды осылай бес-бестен тіркеп, шынжырмен қосақтап айдайды, — деді жайбарақат қана.

— Оу, ана біреуінің бас киімі де жоқ, басындағы шаш па, тақия ма, — деп, екінші топтағы шашын жартылай тақырлап алған ұзын бойлы жұқа шинелдіні көргенде, Ақан шошына сыбырлады.

— Сібірге айдалатын аса қауіпті тұтқындардың шашын осылай жартылай алады. Барған соң алса да болар еді-ау, бас киімі де жоқ екен өзінің... Е-е, талайлары жолда үсіп өледі ғой.

Қақпа аузындағылар енді бір-біріне басу айтудан қалып, тұншыға жылап, күңіреніп кетті.

— Ожымбай, Ожымбай!

Ақан қалай ышқына айғайлағанын өзі де аңғармады. Үшінші бестікте екі иіні салбыраған биік Ожымбай алдында келеді. Оған тіркескен тура бойымен бой еңгезердей орыс, үшінші қосақта Байбатыр. Олар сырттағы дауысты естімеді.

— Байбатыр, Байсекең!

— Қане, қане, — деп Алтай да бір иығымен кіріп сығалады.

Ожымбай, Байбатыр да әбден зорыққан. Бастарын жерден алмайды. Сақал-мұрттары беттерін жауып, адам танығысыз аянышты түрге енген.

— Шәкей қайда екен?

Жұрт айғайлап, әркімнің атын айтып шулап тұр.

Іштегілер бес-бестен әлі шығып жатыр. Екінші жақтан қос ат жеккен жайдақ шаналар қатарласа берді.

Осы кезде қақпа аузындағылар дүр етіп, жан-жаққа тым-тырақай қашты. Қоршаудың бір жақ бұрышынан шыға келген екі-үш салт атты казактар дырау қамшыларын кез келгенге сілтеп, тесікке үңілгендерді аттарының омырауымен қағып-қағып өтті. Омбы қарға етпелей құлаған бір-екі кемпір мен бала бір тұрып, бір жығылып, үйелеп жатыр.

Ақанның білегінен ұстай жетектеп:

— Мерт боламыз, Ақан, бұлардан аяушылық күтпе, әлгі ақсақал мен бала қайда? — деп Новиков қашықтау шығып еңтігіп тұр.

Жан-жаққа бытырай шашылған жұрт әр жерде состиып-состиып, қақпаға алыстан қарайды. Қолдарын төбесіне қойып, бас сауғалап жүрген екі-үш адамды салт аттылар қамшының астына алып, ат тұяғымен таптап тастайтындай шырқобелек айналып жүр...

Шалқасынан қақпа ашылды. Іш жақтан алдымен екі салт атты казак, одан соң шаналы тұтқындар көрінді.

Осы кезде шанаға қарай лап қойған адамдарда ес жоқ. Жылап-сықтап, дауыс салып көзсіз ұмтылған әйелдер мен шалдарды бөгеу оңай емес еді. Естері шыға жүгірген адамдар түс-тұстан салт аттылардың ара-арасымен кіріп, қайсыбірі шаналардың үстіне өкіре құлап жатыр. Түрме алды ыңда-шың. Қым-қуыт. Соңғы тұтқындардың шаналарымен қатарласа аттарын

шоқырақтатқан казак-орыстардың да естері шығып кеткен сияқты. Шырк айналып, әлдекімді балағаттап құр далақтап жүр.

Тізіле шыққан жеті-сегіз шана да бір-біріне жедеқабыл түйісіп, бөгеле берді. Ақандар да жақындап, тұтқындарға таяп қалған. Осы кезде:

— Ата-ата, — деп шырылдаған Мөңке топ ішіне қойып кетті. Мөңке қарсы алдынан арбаңдаған биік аттың омырау тұсынан жалт бұрылып еңкейе жүгіріп, екінші шанаға жетіп-ақ қалып еді, әттең, тап желке тұсынан тиген соққыдан мұрттай ұшты. Екінші бір ат үстінен қарғып өтті. Мөңке орнынан ет қызуымен атып тұрып, үшінші шанаға ұмтыла бергенде мойнына орай тиген қамшыдан көзінің оты жарқ етіп, омбы қарға қалай омақа асқанын білмеді.

Жан дәрмен «аталап», тәлтіректеп, тізерлеп тұра бергенше болған жоқ, тағы да бір аттылы қағып өтті. Бұл жолы оңбай құлады, көз алды қап-қараңғы болып, бүк түскен қалпы есі ауып кетті. Көп шуылдың ішінен:

— Мөңкежан, Мөңке! — деген Байбатырдың.

— Ожымбай, Шәкей! Байбатырлаған Ақан, Әлтайлардың үні шығып:

— Ақан!

— Сері аға! — деген таныс дауыстар да қатарласып өте берді.

— Елге сәлем!

— Дұғай, дұғай сәлем! — деген көп шуылдың арасында зорға естілген аянышты үндерді жайдақ шаналар алға қарай ұзатып әкете берді.

Ақандар алыстан шанамен қатарласа жүгірді.

— Ақан аға, елге сәлем! Сұлтанмұратқа, Сұлтанмұратқа, — деген соңғы шанадан Шәкейдің үні шығып, бұғаулы жігіт бір-екі бұлақынып бас көрсетті. Тағы да бірдемелер айтқан сияқты, бірақ қайдан естілсін.

Жан-жағынан аттарын шоқырақтата қоршаған казак-орыс конвойларының ортасында тұтқын шаналары қар боратып ұзап барады. Соңынан жүгірген адамдар әр жерде сүрініп, құлап жатыр.

Гүілдеп жел тұра бастады. Түні бойы жауған ұлпа қар енді ысылдап, терістіктен шыққан жел өтінде ұйтқи жөнелді. Әлгінде ғана қастарынан өткен аяулы достар, көгендеулі, қасіретті бейбақтар мінген жайдақ шаналар көз ұшында қарауытып, әлден уақытта бір қыр асып қарасы өшті.

Әр жерде состиып, алысқа қарап үнсіз мелшиген адамдарды көміп кетердей ысқыра соққан Арқаның есірік бораны көтеріліп келеді. Есін жиып, орнынан сүйретіле тұрған Мөңкені Ақан сүйей берді. Қамшы тиген бір көзі мүлдем жұмылып, екіншісі қанталап кетіпті. Далада ұйтқыған ақ боран Мөңкенің көзіне қан борандай көрінді.

Әр жерде шошайып, дәрменсіздіктен булығы жылағандар көздері талғанша алысқа қарап, аяулы азаматтарымен іштей қоштасып тұр...

Таң ата күндегі тіршілік қамына кіріскен қала адамдары түнгі түрме жайдан бейхабар. Жылы қорадан қанатын сабалап алып жарыса шақырған әтештер үні де күндегісінше әр тұстан тұншыға естіледі.

Қала сыртында селтиген жел диірмендердің жамаулы қалақтары да сықырлай айналып, күндегі беймаза әндеріне басты.

Құлагер өлімінен соң іле ұстасқан қарауыл мен керей арасындағы барымта лаңы ақырлап келгенде Көкшетау уезінің сырт жақтағы төрт болысына ауыртпашылық болып түсті. Әсіресе әр болыста ауыл-ауыл болып қоныстанған қараша үйлер, оның ішінде Байбатыр, Шәкей, Ожымбай ұрылардың алыс жұрағат, ағайын-жамағайындары, ең арты руы бір демесе, олармен жеті атадан ғана қосылатын сегіз атаның бірі Есенбайдың ішінде Қылды, Жаулыбай, Шоктыбай, Шұңғырша, Жақсылық рулары көбірек жапа шекті.

Ел ішін дүрліктіріп, мойнына мылтық, беліне қылыш асынған әскерлерді қасына алған поштабай, ауылнайлар жұрттың екі аяғын бір етікке тығып, қуырдақша қуырып жүр.

Қараңғы елге ұлықтардың айтқанының бәрі заң, «керей елінің ұрланған малына жазықты қарауыл жұрты түгел жиналып, барымтаның орнын жабу керек, сот үкімі осылай» деп бас көтерер азаматтарды жинап алып, үш үй, төрт үйдің ортасына бір-бір жылқыдан салық айтып, үш күн пұрсат беріп, төртінші күні құтырған бақсылардай зікір сала бастаған.

Бұрын-соңды естімеген мұндай салық атын ел түсінбесе де, әйтеуір қолы қысқа өлген адамның жетісіне, қырқына ортадан шығаратын малдай санап, «құдай салды, біз көндік» деп, қайсыбір ауыл амалсыздан тез илігіп, «бәледен машайық қашыптының» кебімен төтеден киіліккен қызыл көз пәледен құтылып жатты. Ал қайсыбір ауыл мал жинаушыларды анадайдан көрсе, есік-терезесін бекітіп, не сөйлесе қалса ат-тондарын ала қашып, қашан мойындары астына келгенше етегіне отырғызбай, бас тартады.

Осы бір сойқан, ел көрмеген сұмдық Есенбай руының қолы қысқа кедейлері тұратын Қантай ауылында болып еді.

Бұл ауылға мал жинаушылар екі рет келіп кеткен. Екеуінде де ел ақсақалдары «барымтаға біздің араласуымыз жоқ, айыпқа берер малымыз тағы жоқ» деп, болыс адамдарына құлақ аспай, тартысып отырып алған.

Содан қаңтардың басында ауыл үстіне аязша сықырлап, үскірікше соғып, бір топ қарулы жандарм сау ете қалды. Ішінде ауылнай Жәдік пен Нұртаза болыстың поштабайы Жәнібек бар.

Келе ауыл ақсақалы Сатай қарттың үйіне «жазықтыларды» жинап алған ақи Жәнібек бетінен түгі шығып, істің төте жолын бір-ақ айтты:

— Ал, шалдар, осымен екі рет ауылнай келіп, ескертіп кетті. Не деген ақпақұлақсыңдар, мал қайда, қане, ақ патшаның гәділ заңына қарсы болмаймын десендер, алдымызға қазір салыңдар. Өйтпейді екенсіңдер, берсеңдер қолдарыңнан, бермесендер жолдарыңнан, сендермен енді мәймөңкелеп отыратын жай жоқ. Бар елден жиналып болды, сендер ғана қалдыңдар.

— Қарағым-ау, бізде басы артық мал қайдан болады, өлмешінің күнімен отырған кедей-кепшікте не күй бар, — деп, Сатай қарт, оған қоса әнші Сұлтанмұраттың әкесі Байбосын да күйзеліп:

— Жәнібек балам-ау, о заман да бұ заман қайдағы жоқ айып-айбананы сырт отырған, қатысы жоқ жарлы-жақыбай ауылына салғандарың түк

қисынға келмейді ғой, — деп шұбырта бастап еді, поштабайдың ақи көзі ақшаң етіп атысып:

— Сонымен сендер бермейсіңдер ғой, үкіметтің заңына мойынсұнбай-сыңдар ғой, сендерде мал жоқ екен, жарайды, онда тінтіп көрейік, — деп аулынайға иегін қағып орнынан солаң етіп тұра берді. — Неше жылдан бері недоимщиктерсіңдер, бәрін осы жолы сыпырып аламыз. Қарай гөр, үндемегенге! Тінтіңдер.

— Оу, тінткенде, енді... күтіп отырған жалғыз-жырым малымыз бар, қар қата сойып алмақшы болып отырмыз, қызыл қарын жас баланың қорегі, одан басқа не күнкөріс бар.

— Қисынды, қисынсыз салықтан көз ашпайтын болдық қой, қара шығын деп бір, рамат деп екі келесіңдер... — Қашан көрге кіргенше осы бір недоимкелеріңнен құтылар күн бар ма екен?! — деп, тағы да мұң шаға бастаған ел ақсақалдарына құлақ аспай, далаға азулы жолбарысша атылған Жәнібек, қасындағы сұсты жандармдармен аз ауылдың астан-кестенін шығарды:

— Есенбай тұқымы обалдарың Ақанға! Сол емес пе тыныш елді бөріктіріп, малын айдатып алған, өзі бас сауғалап көрінбей қашып кетті, обалдарың соған, — деп әр үйге кірген сайын бір қолтық отты тастап жүр. — Ал недоимкеден құтылмай жүрген өздерің кінәлі. Ақ патшаның әміріне қарсы келейін деп пе еңдер!

Күн бата әр үйден жылап шыққан бала-шаға, қатын-қалаш дауыс қылып, у-шу, даңғаза аралас шағын ауыл үсті күдіреніп кетті.

Жәнібектер жер үйлердің қора-қопсысын тінтіп, бұлай болар деп ойламай, бейғам отырған ауылдың мал қораларынан қыста тісіне басар аз соғымын, ойықтан тартқан балықша ойнақтатып, тысқа алып шығып жатыр. Елдің бас көтерер қарулы жігіттері жылқылардың шылбырына оралып, «өлсек те бермейміз, аштан қырылғанша, қолдарында өлеміз» — деп сүйретіліп, бір-екеуі Жәнібектің де жағасына қол салған. Үйлерінен көйлекшең дірдектеп құр қол шыққан жігіттерді қарулы жандармдар мылтық дүмімен ұрып құлатып, екі-үшеуінің сырт киімін белуарына дейін сыпырып етпетінен сұлатып салып, жұрттың көзінше дүренің астына алды.

Поштабайдың келгенін естіген Сұлтанмұрат қан құсып төсек тартып жатқан жерінен тұрып, күпіге оранып жеткен. Екі иінінен дем алып, қаңтардың үскірік желіне тұншығып, жөтел бұған әнші жігіт ат үстінде сұрланып Жәнібектің салбыраған аяғын құшты:

— Әй, Жәнібек, мен... мен Сұлтанмұратпын, танымай тұрсың ба, бұл не қылығың... жазықсыз елді жылатпа, жазықсыз Ақанды аузыңа алмасаң етті, жазықтыны екеуміз білетін ек... Бұл не қысастығың, — деп сөзін зорға құрады.

Әшейінде жөкпеншіге көнбейтін керазу поштабай Сұлтанмұраттан титімдей де именіп, ықпады. Серейген бойымен ат үстінде иіліп келіп, өзі де желден қақалып-шашалып, құр сұлдері тұрған әнші жігіттің күпісінің өңірінен бұре ұстап:

— Әй, көксау, мезгіліңнен бұрын өлмейін десең, кет бұл арадан. Жалғыз әкеңді ая, ант атқыр, антың қайда берген, — деп, тісінің арасынан сыздықтата зілмен сыбырлады да, қолын босатты. — Есіңде болсын, сенің сөзің қотқа аспайды, жала, осыны ұқ!

— Сендердің де ант алғандарың қайда, сондағыларың осы ма?! Жазықсыз елді неге жәбірлейсіңдер. Не сұмдықтарың бұларың. Тимеңдер жұрттың малына, бар үйдің қарап отырғаны малы.

Сұлтанмұраттың қолы Жәнібектің тізесіне іліккен. Біресе жалбарынып, біресе қорқытып бақты. Дімкәс, әлсіз жігіт поштабайды қаймығар, илігер деп еді, жоқ, ол тізгінін оқыс тартып қалып, серейген аяғымен кеудесінен бір теуіп, шалқасынан түсірді де:

— Қане, айдаңдар, айда кеттік, — деп атын тебініп қалды.

Бүгін-ертең соямыз деп, бала-шағасымен тегіс қуанып отырған елдің он бес шақты соғымын екі-үшеуден топтап жетектеп, топырлата айдаған, қиянатшыл топ кешкі ымыртта алыстап, қараңғы түнге сүңги берді.

Қолында бос қалған ала шылбырын мойнына салған қарт Сатай құбылаға қарап тізесімен қарға шөгіп, кәрі көзінен жас төгіп, қарғап отыр:

— О-о, Есенбай атам аруағы, киелі едің, киелі едің, бабам! Аз ұрпағыңды қара жыландар жалап кетті, киелі аруағым! Ошағымды ойрандап, шоғыма су құйып кетті жыландар. Аруағымның киесі атсын, көз жасы жібермесін, алдарың түнек болсын, көрем деген қызықтарыңды көрме, аруақты елдің ұлы едік, кісіге қиянаты жоқ момын ел едік, осынша зарлататындай неңді алдық, Нұртаза! Азаматтарымды қорлап, дүреге жығар неден кінәлі болдық, ақсақ ояз! Біз көрген зауалды ұл-қыздарың тартсын, қара түн бастарыңнан арылмасын. О, құдай, бар болсаң, сорлап қалған жетім-жесіріңнің тілегін бере көр! О, аруақ, аруақ! Есенбай бабамның аруағы!..

Алыстан кісінеген, шыңғырған асау соғымдардың үні талып жетіп, мүлдем үзілгенде, есеңгіреп, мәңгірген топ тағы да зар еңіреп, жылап қоя берді. Сатай қартпен қосыла қарғаған дәрменсіз жұрт, көйлектері өрім-өрім, жон еттері дыз-дыз еткен соққыға жығылған нар жігіттер әйелдерінің иығына асылып, көздерінен бұл-бұл ұшқан жылқыларының соңынан қарап, кәрі-жасы орындарынан тапжылмай, өлік шығарған ауылдай зар илеп, аяз астында егіліп тұрды...

Осылайша қан қақсап, қотанына аю-қабылан тигендей, жылап-сықтап қансырап қалған Қантай ауылына Жәнібектердің сойқанынан бір жұмадан соң, қасында Мөңке бар Ақан келді. Шынжырмен бұғаулап этаппен алысқа айдаған достарын көзімен шығарып салып, одан кейінгі күндері Ақмола ұлықтарынан еш хабар біле алмай, іштен тынып, қайғымен күйзеліп оралған беті.

Түндегі ел зарынан соң бұрынғыдан да төмендеп, кеудесі сырылдап, тынысы тарылған Сұлтанмұрат бір мезгіл бас көтеруге жарамай, мүлдем төсек тартып жатып алған. Ақанды көргенде сауында уайымшыл, жаны нәзік әрі күйрек жан, үнсіз жылап, көпке дейін сөзге тілі оралмады. Үйде бір бейтаныс келіншек жүрген. Ақан амандасқаны болмаса, жөн сұрасқан

жоқ. Сол әйел Сұлтанмұраттың басын көтеріп, құйрығын жаңа басқан баладай әлсіз кәріптің жан-жағын жастықпен бітеп, көрпесін қымтап кетті. Қара жігіттің өңі тозған шүберектей бозарып, шүңірейген көз жанары сөне бастаған екен. Екі иінінен дем алып, қайта-қайта жұтынып, төмен салбырай берген басына ие бола алмаған Сұлтанмұратты аяп, қанша қинағысы келмегенмен, «Шәкейдің мұны аузына алуында бір сыр бар-ау, не де болса осы бірдеме білуі мүмкін» деген оймен, Ақан терісіне ғана ілінген тірі аруақтай әнші інісінен қалай сөз тартудың қыбын таба алмады.

Көрпеден басын алмай, төмен қараған қалпы Сұлтанмұрат: — Мөңкемісің! Аман ба? Сен де жасыңнан қайғыға... душар болдың-ау, — деп кеудесі сырылдап, тамсанып көп отырды. — Ақан аға, жігіттер... жігіттердің күні не болды? Арашалап... арашалап алдыңыз ба? Нұ-Нұртаза барды ма?

— Жоқ! Сұлтанмұрат! Жігіттердің халі нашар... Сотталу қаупі бар, — деп, Ақан ауру жігітті қажытпайын деп, бұғауда кеткендерді жасырып қалды. — Нұртазаны неге аузыңа алдың, неге барады?.. Сұлтанмұрат, шамаң келсе, айтшы. Бірдеме білемісің? Шәкей сәлем айтты.

— Олар сізге ештеме айтпағаны ма?..

— Жоқ, қайдан айтсын, жолыға да алмадық, — деп Ақан, Шәкейдің сәлемін қисынға келмей қалды-ау деп, түзеген болды. — Шәкейді түрмеге енгізіп бара жатқан жерде алыстан көрдік, алыстан айқайлап сәлем жолдады саған!

— Е, е, — деп, жиі-жиі шөліркеп, сусын іздеген Сұлтанмұрат жиі тамсанып, қорғасындай ауыр басын бір-екі изеген болды. — Олар... олар бар сырды айта алмаған екен. Ай, айтқанмен не... ант-ант бүзбай...

Ауру жігіт бірдеме дегісі келіп, оқталып, сөзін жұта беретін сияқты. Ақан бұрынғыдан бетер ынтыға түсті.

— Мына, ант соққыр Нұртаза елге қырғидай тиіп... барымта... барымта... малын жұртқа төлетіп, аш-арықты қан қақсатып жатыр... Кеше Есенбайдан тараған... аз үйлі Қантай... аулын талап... Жі-жігіттерін дүреге жығып кетті. Ол найсаптың адамдары «А-Ақан сері мұны жасатқан» деп беттері... беттері шылып етпейді. Жалғыз со-соғымына қара... қараған ел енді көкке қарап қалды. Біздің әкей бар, біраз адам бай-байларға жалданып, бірдеме табу-табудың қарекетімен кеше басы ауған жаққа тентіреп, ел-ел ақтап кетті... Оһ... Оһ... Нұртаза... ай сол ұстатты ғой, бет-бетсіз екен. Су-сусын.

Сұлтанмұрат сусын ішіп, жастығын төмендеттіріп, қайта жатты.

— Ша-шамам келсе, Ақан аға, өзіңізге көзім тірісінде айтып кетейін. Барымтада бол... болмасам да... шет жағын білем... Ант ішіп ем... айтпасқа... бірақ... бірақ қайтейін, өзіңізге ғана... Мөңке де аузы... аузына берік болсын. Осы күні оларды же-жеңу қиын... қиын...

Сұлтанмұрат ұзақ үнсіз жатты. Барымта алдындағы оқиғаларын көп ойлады. «Айтсам ба екен, айтпасам ба екем» дегендей ұзақ қиналды.

Ол оқиға былай болған еді.

Бүкіл Сарыарқаға дүңк еткен Құлагер өлімі атығай-қарауыл еліне күн құрғатпай-ақ жеткен. Қазақ дүлдүлінің қайғылы өлімімен бірге, іле-шала Ақан серінің «бек, керім-ай, бөрібай-ай» деп бебеуге салып, зарлаған «Құлагер» әні де жетті. Ащы үнмен айтылар жоқтау сарынын тыңдағанда көзіне жас алып, тебіренбеген тірі жан қалмады. Бір апта ел дүрлігіп, атқа мінер ер азамат ауыл арасында жалақтап, бір-біріне хабар беріп, босқа шауып намысқа булыққанмен, істер айла, қылар амал таба алмай қыстығып, босқа сенделген еді.

Тек үшінші тәулікте барып, қарауылдан шыққан аз топ бір-бірімен астыртын хабарласып, жасырын жиын құрған.

Жиын көп көзінен таса, елеусіздеу бір шоқ ағаштың бауырындағы жылқышылар қосында өтті. Қосқа жиналғандар кілең Ақанның жанашыр достары: Шәкей, балуан Ожымбай, әнші Сұлтанмұрат, Бәтжан. Бұрын көп араласпағанмен, немересін Ақанға қосып жіберетін ұры Байбатыр да келіпті. Күн бата қасында ақи көз поштабайы бар, жарау атпен сумаң етіп Нұртаза жетті.

Ұдай қос ішінде жас құлынның етін үнсіз жеген қайғылы жандар, біреудің жаназасын шығарғандай, көпке дейін түнеріп отырды. Астау толы ет орталанғанда барып:

— Қайран, Ақан аға, Құлагеріңнен айрылып, не күйде отыр екенсің. Оңдырмай соқты-ау жауыздар, — деп, Шәкей булығып, көзі жасаурағанда, басқалары да ауыр күрсінді. Кейінгі кезде көкірек ауруы меңдеп, тықтық жөтеле беретін Сұлтанмұрат Құлагер өліміне егіле жылап, өзінің пір тұтатын жазықсыз ұстазына деген адам баласының қаскөйлігіне налып, сырқат жарасы ашыла түскендей еді. Астауға анда-санда ғана қол апарып, ашыла былбыраған жас етті әрең толғап, жұта алмай, зілдей қайғыдан шекесі солқылдап, басын көтере алмай отырған әнші жігіт:

— Сорлап қалды-ау Ақан ағам, сорлап қалды-ау, аппақ көңілі жердей болды-ау! Құлагер айналайын, серігінің бірі емес пе еді, жылқы емес, досы еді-ау, енді серігі шер болды-ау, шерлі ағам, қашан сенің шерің тарқаған, адам баласына титімдей қиянатың жоқ асыл ағам, неден ғана сенің жолың болмайды. Неден ғана тұзаққа түсе бересің... қыл-мойныңнан, — деп, соңғы сөзін жөтел қысып, зорға құрады. Аузын басып, жөтелін тиям ба деген Сұлтанмұратқа көмейін қырнап, жегі құрттай жыбырлатқан көкжөтел көнбеді. Әуелі күрк-күрк терең жетелген әнші әбден қысылған шақта сенсең тұлыпқа тұншыға құлады.

Сұлтанмұраттың жөтеліне сәл қабақ шыта шыдамсызданған Ожымбай ызалы аюша ауыр ырғалып қойып, гүрілдей жөткірінді.

— Әй, жігіттер, өлер Құлагер өлді. Енді жер жыла, көр жыла, орнын толтыра алмаймыз. Кімнің белі қайыспай отыр. Бір бәтуәға келмейміз бе, әлде қара жамылып, жоқтау айтып, қатындарша сыңси береміз бе? Нұреке, сіздің келгеніңіз тұйыққа тірелген бізге қандай жақсы болды, азаматтық көрсетіп отырсыз. Бұлай болар деп тап өз басым ойламап едім, — деп, сөз соңын төрде өзінен жоғары отырған Нұртазаға бұрды.

Шынында болыс тап осы жолы мына қара табандарға өзі келмек түгілі, сәлем де бермес деп ойлап еді. Әйтеуір, қарманарға тал таба алмай, тығырыққа тірелген жігіттер амалсыздан Нұртазаның жансызы — поштабай Жәнібекпен сөз қосқан. Сағынай асынан шақырусыз қалған Нұртаза, «керейлердің Ақан серіге қиянатын қарауыл жұртына әдейі жасаған қыры деп тісін қайрап отыр» дегенді естіген соң, өзі араласпаса да, сырттай қол ұшын берер деп дәмеленген еді. Кейінгі екі сайлауда қатарымен болыстықты алған Нұртаза, сегіз дуанға аты шығып, шалқып тұрған атақты шонжар, сонау Ірбіт, Қызылжар, Омбы, Түмен саудасын Сүлеймен ағасы арқылы билеп-төстеп, бетіне жан қаратпай тұрған алпауыт сырттай поштабайымен ғана емес, енді өзі келіп ақыл қосса, одан артық қуаныш бар ма.

Беті жып-жылтыр, қою сақалды Нұртаза ала көзін төңкере Ожымбайға бір қарап, «ет жеп болдым» дегендей басын кекжең еткізіп, шегіне отырды да, қолына майлық алды.

Етжеңді саусақтарын бір-бірлеп сүртіп, семіз құлын етінің майы жылтыраған тырнақ көбелеріне дейін баппен ұзақ тазалады. Содан соң жас сорпа әкелген жылқышы балаға «ішпеймін» деген ишарат білдіріп, қондыр шибарқыт бешпентінің терең қалтасынан алған бармақтай құты тығынын, таспиық тартқандай, саусағымен бипаздап бұрады да, ішінен ұшталған көп аршаның бүрін алып, құтыны қайтадан қалтасына салды. Ешкімге арша ұсынған жоқ. Сыртынан талай кіжіңдегенімен, жүзін көргенде сұсынан тайсақтаған жігіттер онымен қатар отырғандарына да риза сияқты. Ол табақтан басын көтергенде, бұлар да саусақтарын жалап, дастарқаннан шегіне қалысқан. Бәрі де енді тіс шұқыған Нұртазаның аузына қарағыштады. Қанша шыдамы таусыла үздіккенмен, қасын кере түсіп кербезденген болысты ешқайсысы тақымдап, асықтыруға батылы жетер емес. Қабырғасы тең болмаса да, Ақан серінің себебімен үкендердің ортасына көп араласып, бойы үйреніп қалған Шәкей ғана тықырышып:

— Иә, енді не отырыс бар, бәріміз де бір мақсатпен жиналған екенбіз, ал, Нүреке, — дегенде барып, тісін ұзақ шұқылаған Нұртаза алғаш сөзді бастап, алыстан орағытты:

— Осы бір керей асын суқаным сүймеп еді. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» демекші, қарауыл жұрттын алалап тастаған керейлер әлі сазайын талай тартар... Соған Ақан байғұстың желегін ала жүгіріп, желкілдей қалатындай реті жоқ-ақ еді. Бірақ жел көңілге не дауа! «Шақырусыз асқа барма, желікпе» дегенді қас қылғандай көрді. Содан біреу керейдің асын аяды деді ме екен. Маңдайына талай тисе де, ай, қайтпайды-ау, қайтпайды. Ақыры, міне, ойнақтаған тайлақ от басты. Керейлер тұрмастай етіп қақ маңдайдан оңдырмай ұрған екен, жазықсыз жануар екі ортада бөк басында жер қапты, — деп, тағы да тісін шұқып отырып қалды.

Батылы жетіп сөзге қосылған тағы да Шәкей:

— Солайы солай болды ғой, Нүреке. Енді ол, қанша айтқанмен, келмеске кеткен шаруа. Ақанға қосылған жұртты да жібермеген адамдар бар. Оны қайталап қайтеміз, — деп сөзді тигізе бастап еді, қасқыр мінез Нұртаза арс етті:

— Сонда, сендер еріп барғанда Құлагерді айырып алып қалатын ба едіңдер? Көсем салып алдында жүретін шығарсыңдар. Сөз емес сөзді көңірсітесің!

— Шынында да кінәләсіп қайтеміз, Шәкей. Одан да не істейміз. Құлагердің құны емес пе ендігі дауларымыз, — деп Бәтжан ушыға бастаған сөзді басты.

— Құлагердің құнын! Оны қалай алмақсыңдар? Сендердің қолдарыңнан не келмек! Керейдің кері кеткен кесапаттары күн даулатпақ түгілі, босағасынан сығалатар ма екен. Сендер де қолымыздан бірдеме келеді, еркек кіндікпіз деп отырсыңдар-ау, — деп, жаңағы сөзге шамданып, аптығы басылмаған Нұртаза ырқ етіп күлді.

— Неге келмейді қолымыздан, шаңырағын ортасына түсіреміз. Әттең, аз боп отырған жоқпыз ба, — деп еді Ожымбай, Бәтжан да қостай түсті:

— Нүреке, сіздің де кектеніп отырғаныңызды естідік. Бізге біраз белді ат, сойыл көтерер біраз жігіт керек. Ар жағын өзіміз білеміз. Сіздің осылай сырттай қалқан болып отырғаныңыз да жетеді...

Болыс көзі бақырайып, аузын толтыра тоқтық тартып, қарқылдап күлді:

— Сендердің дәмелерің зор екен. Тіпті ойларың қайда жатыр. Наурызбай мен Ағыбай әумесерлердің тұқымы әлі бар екен ғой. Ах-ха-ха! Арыстан айға шауып мерт болыпты. Сендердің жиырма-отыз сойылдарыңа бастарын жарғызып қойып қалың керей, анау ақ патшаның адамдары ай қарап отырмақ па. Құйрықтарыңа дүре салып, жылқыға басқандай таңба басып, өздеріңді итжеккенге қойша тізіп айдайды да жібереді. Қара бұлардың дәмелерін!

Жігіттер үнсіз қалды. Аңдамай сөйлегенін әрқайсысы-ақ ұғып отыр. Бірақ ауыздан шыққан сөз мәкрүк. Қайтып алар айла жоқ. Расында да не айтып отыр: «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» — керей жұртының сөлкебай таққан шонжарларына қол салған бұлар ертең өз болысының да жағасына жармаспай ма? Жер шұқығандай төменшік тартып отырып қалған Байбатыр еңсесін көтеріп, көзін сығырайта қарады:

— Ау, болыс, жігіттердікі әшейін ашынғандықтан айтылған құр далбаса ғой. «Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қыладының» кебі... Қарауыл намысы ортақ. Біздікі намысты жібермеу, кек алу емес.

— Ә, солай жығылсаң керек етті, — деп жұмсарды Нұртаза. — Барымта емес, Құлагер үшін қарымта десейші. Сонда не істемексіңдер? Құр даурыққанан басқа, қолдарыңнан не келмек. Ауыл итінің құйрығы қайқы демекші, ауыл ішінде отырып, құр шіренгендерің кімге дәрі?!

Ұры Байбатыр енді түксіе түсіп, жүрелеп отырды:

— Ұзын сөздің қысқасы, — бір Құлагердің құнына бүкіл ақсары, күрсары керейдің, байлығы шалқыған Мәті — Дәуленіңнің, бүкіл Төлкеден тараған Сағынай балаларының малы жетпейді. Ақан қайғысын, қарауыл намысын қайтарар төлемді, олардан сұрап та, даулап та ала алмайсың. Әйтеуір, жай отырып ынжық атанғанша, керей малын барымталап, есе қайтару керек.

— Ал жә дейік. Сонда бұған менің не көмегім керек?

— Нұреке-ау, жаңа айттық қой. Бізге сіздің бар көмегіңіз сол — тың аттар керек. Кемі төрт-бес жігіт.

— Жігіттің де керегі жоқ. — Бәтжанның аузын қақты Байбатыр. — Соншама, қол жинаудың қажеті не, аяққа оралғылықтан басқа. Істемей жүрген кәсіп емес. Болысеке, бізге көмектің керегі сол — ертең айдап келер көп жылқыны қайда жасырамыз, қайда тығамыз? Сіздің, ана Сүлейменнің көп малына тоғытып жібермейміз бе? Бізге керегі мал емес, намыс. Сізге де солай емес пе?

Нұртаза іштей күліп, жайраң қақты: «Мыналардың ойы жаңа-жаңа өз ойына қарай ойысып келеді. «Малға тоғытып жіберу» дегендері ғана үйлеспей отыр. Қыруар мал келе қалса, оны қайда тоғытады, ол арасы Сүлеймен екеуіне мәлім. Бұл «ойыннан» ағасы алғашқыда сескеніп, жалына қол тигізбей осықсыра да, кейін сөз ыңғайына көшіп, оңай олжадан бас тартпаған. Енді мына қолшоқпарды біраз жинап, қайрап алу керек, ит екеш итті де қасқырға саларда жынын құстырып, ашықтырып-ашындырып алады.

— Сонда қалай? — деді Нұртаза ыңыранып. — Сендер отты менің қолыммен көсейсіңдер. Ертең мұның аяғы үкен дауға ұласуы хақ. Сонда ұрланған мал менен табылса, өмір бойы керейлермен жалғыз жағаласып өтпекпін ғой. Тасада қалатын сендер. «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтыладының» кері емес пе бұларың?

— Нұреке, кімнің айран ішері, кімнің шелек жалары белгісіз? Әрине, малды тоғытқанда оны жайып салып отыру емес, бір есебін тауып сіңіріп жіберу қолыңыздан келер деп отырмыз. Барымтаны қазақ бүгін көріп пе. Қай ұры пайданы жанына басқан?

— Әй, Шәкей, — деді Нұртаза. — Сөзіңнің төркіні түсінікті. Шықбермес Шығайбайдан тор қасқасын боққасқа қылып айласын асырған Алдаркөсе бол деп отырсың ғой. Бір қара емес, мың қараға мың Алдаркөсенің айласы да жетпес... Жарайды, шешінген судан тайынбас, қолмен істегенді мойынмен көтерейік делік. Ал ертең қазына жағынан зерт жүргізіліп, сендердің ізіңмен келіп, біреуінді құлағыңнан басып құнжытып ұстап алса, «бастан құлақ садаға» деп, құлағыңды беріп кетесің бе, әлде жан сауғалап, аш құлақтан тыныш құлақ жақсы, өзім аман болайын деп, үстіңе төнген қара бұлтты басқа жаққа аударамысың? Жоқ, мен сендерге сенбеймін!

Алдымен поштабайын салып, соңынан түк білмегендей өзі келіп отырған болыстың жан жаралар мына соңғы сөзін естігенде жігіттер қасқыр тиген қойларша дүр ете қалды.

— О не дегеніңіз?

— Сонша бізді бала деп отырмысыз?

— Сырға сырғанақ жігіт боларымыз бар, несіне келді дейсіз.

— Дабырламаңдар, — деп көзі алақ еткен Нұртаза быртық саусақтарын тарбита көтеріп, жігіттерді басты. — Үй артында кісі бар. Ана екі жылқышыдан сақ болған жөн. Олар да неге жиналғанымызды білмейді. Кіндігі бір Сүлеймен де бұдан бейхабар. Әлден даурығып, бөрінің артын-

ша шуылдасандар, ертең ел жеткізбесе, жел жеткізеді. Ал қылша мойным талша деп, тілдеріңді тістеп, өлімге кессе де, сырыңды көрге бірге ала кетсең — тәуекел!

— Оу, болысеке, тоқ етері сол — бұл арада сенің де, басқаның да шашбауын көтере келгіміз жоқ. Не мәймөңке керек. Біздікі — бүкіл қарауылдың намысы. Ақан серінің кегі. Жаңа айтпадық па, егер кімде-кім ертең тісінен шығарды бар ғой, жақыным еді, жас еді деп қарамаймын, тура өзім соның тілін кесіп отқа тастаймын. Ал өз басым мұндайдың талайын көрген менің басымды қойдың басындай үйтіп жатса да, мына тіл оны арашалаймын деп сырын айтпайды, бірге үйтіледі, — деп, енді Нұртазаға қалың сабалақ қасының астымен, отты көзі жайнап, тік қараған Байбатырдың жүндес білектеріне қан теуіп шыға келді. Тұла бойы дірілдеп қоя берді. Басқалары да Байбатыр сөзін қостағандай, иықтарын қомдап-қомдап қойды. Ожымбай балуан да күреске шығатындай аруақтанып, қалш-қалш етеді.

Енді бұдан әрі сөзді созбайлаудың қажеті жоғын сезген Нұртаза соңғы шартын қойды. Қалтасынан ақ орамал шығарған:

— Мә, мәғәркім, ауыздан шығар болса, тілім кесілсін, антымды бұзсам, үрім-бұтағымның қаны осы тілімнің қанындай судай асқын деп антыңды бер, — деп, қасындағы Ожымбайға ұсынды. Ант-су ішудің мұндай жолын білетін жігіттер бөгелген жоқ, Нұртаза айтқан сөзбен ант алып, шетінен пышақтарын суырып, тілдерінен қан шығарып бүрікті.

Жөтеліп кеп, Сұлтанмұрат та тілін шығара берген. Байбатыр білегінен ұстай алды.

— Әй, Сұлтанмұрат, сенің бізге масылдықтан басқа пайдаң аз. Ұры жауы — жөтел. Ниетіңе рақмет. Сен барымташы бола алмайсың, көңіліңе келмесін, үйде жылы бүркеніп жатып біздің жолымызды тіле!

— Бәке-ау, о не дегеніңіз. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді». Мен де бір азамат емеспін бе. Маған қарауыл намысы емес, Ақан ағаның намысы керек. Ол қанаты қайрылып зарлап жатқанда, мен үйде дарылдап өлең айтып жатпақпын ба, барамын, — деп қиылса да, Байбатыр «ұрлыққа ертпеймін» деп кесіп айтты.

— Жарайды, Сұлтанмұрат. Расында да сен мына көкжөтеліңмен бүкіл керейді бөріктіресің, — деп, Нұртаза босағада сыры кеткен ескі кебежеден алдырған қатқан жарты күлшенің бір үзімін Сұлтанмұратқа берді де, бір үзімін өзі аузына салды. — Наннан қасиетті ештеме жоқ. Егер сыр сақтай алмасам, мені де осы дәмнің қасиеті атсын. Сен де же, ақи! — Бір үзім нанды поштабайдың қолына да ұстата салды.

Бұдан соң бұл жаппаға қайдан келгенін кім білсін, ақ орамалмен мұқият түйіншектелген қалың құранды алып, жігіттер жаппай кеудесіне басысты. Бұл — «Құран ұстайын» дейтін анттың белгісі еді.

Ант-су ішудің қазақтағы көне, жаңа ырымының бәрін жасап, Нұртазаның қалың жылқысынан бір-бір тың ат мінген барымташылар сойылдарын қарына іліп: «Иә, сәт!», «Иә, аруақ, қолдай гөр», «Ақсарбас!» деп, желкем түнде керей елін бетке ұстап жүріп кеткен...

Анда-санда жөтел қысып, көгеріп-сазарып булығы берген Сұлтанмұрат ара-тұра үнсіз демалып, осы уақиғаның ұзын-ырғасын қысқаша баяндап, зорға тауысты.

— Бәсе, өзім де тегін емес-ау, қыруар мал ұшты-күйлі қайда кетеді деп күмәнданып ем, тағы да айласын асырған екен Нұртаза. Апырым-ай, не деген жүрегі тастан жаратылған неме еді, тым құрмаса, өзінің қолы былыққан соң, жігіттерге арашашы болмаса да, нақақ айып айбана төлетіп, жазықсыз елді неге жылатады. Ант-мант деп сендер де қайдағы жоқ ата жолын ұстап, антшыл, уәдешіл бола қалған екенсіңдер... Бәсе, бәсе, жігіттерді ұстап берген Нұртаза. Оларды көз көрмес Сібір айдаптырып жіберткен де сол, қалай жасырады ізін, — деп, Ақан болыс қолынан істелген іске жаңа ғана көзі анық жетіп, тістене берді.

Мөңке де Сұлтанмұрат сөзінің естіген сайын құнжиып, түнере түскен. Көптен сөйлемеген бала түнеугі қамшы тиген көзінен сорғалаған жасын жеңімен сүртіп:

— Тірі жүрсем, Нұртазадан бір кек алармын, — деді үлкен кісіше. Осыдан қайтып ләм демеді. Қаны қата қалған Мөңке бұдан қайтып бір жадырамады да.

— Ақан аға... түсінемін, түсі... түсіндім, — деп басын көтерместен Сұлтанмұрат көзіне жас алды. — Жігіттер қиырға айдалған екен. Иә... кебенек киген келер-ау тірі болса... кебін, кебін киген Бәтжан келер ме енді. Айдалада қалды-ау. Топ-топырағы да өз елінен бұйырмады!

Сұлтанмұрат көзінен сорғалап аққан жасы тиылғанда барып, қайта сөйледі.

— Ақан аға, енді өз... өзіңіз арандап қалмаңызшы. Қайдан айттым. Енді көріспейсіз. Ақан аға, сізге Алла риза болсын. Сізбен өткізген өміріме өкінбеймін. Қайран, ол бір тамаша, шуақты күндер еді-ау. Иә, шуақты күндер. Кешу өтінемін, Ақан аға, кінәм болса, кеше көріңіз!..

— О не дегенің, Сұлтанмұрат! Осыншама... қой, қайдағы кешу, ертең-ақ көкке ілінсең, жазылып кетесің.

— Е-е, Ақан аға! Сол көктемді ғана күтіп жатқан жоқпын ба. Келер көктем менің тіршілігімнің де соңғы көктемі шығар. Соған ж... жете алам ба!?

20

Күн шыға атқа қонған Ақан Сердалы ауылына қарай аяңмен келеді.

Қысқы дала көркіне көз тойғысыз. Түнімен жапалақтап жауған ақша қар қарағай, шырша, қайың аралас тоғайлы даланы аппақ мамықпен бүркеп, қымтап тастапты. Көгілдір аспан, шұңғыма өзеннің шыңылтыр мұзындай, мөп-мөлдір. Желсіз ауада бетті байқатпай сүйер шымшыма аяз бар.

Қарағай, қайыңға қонақтаған ауыр ұлпа қар анда-санда өз салмағымен гүмп етіп құлағанда, бастары иілген ағаш бұтақтары селтең етіп, селк еткендей болады. Ақ ұлпаны уыстап, салмақтап-салмақтап тұрып тастап жібер-

ген алыптың алақандары сияқты. Күн көтерілген сайын тоғайлардың шығыс жақ бетіндегі сырғалы қайыңдар бір-бірімен бәсекелескендей, бастарындағы түнгі ұлпаны түсіріп, ақ көрпесін серпіп тастап, мойны қылтиып шыға келетін үрпекбас келіншектердей, шашы дудырап таңғы жолаушыға едірейе қарайды. Тоғай — дүр сілкініп оянған өзінше бір қалың ауыл.

Дала аңдары да түнгі ұйқыдан тұрып, жорта бастапты. Айқыш-ұйқыш іздер жүрген сайын көбейіп, ақ қардың бетін шимайлай түседі. Ескі қабықтарды аршып, қу бұтақтардың сынық басын сүйір тұмсығымен, көнек түбін ұрғылағандай, дамылсыз тоқылдатқан қызыл ала тоқылдақтар да ағаштан-ағашқа қонып, сумаңдап жүр. Ала қанат сауысқандар да қалақ күйрығын жыпық еткізіп, салаңдатып ит ерткен жалғыз жолаушыға таңырқағандай, таңдайын қағып-қағып қалады.

Ақан сары ала атын ерттеп жатқанда қорадан ата шыққан Басараласы қашан жолға шыққанша асығып, иесін шыр көбелек айналып, қыңсылай берген. Неше жылдан бері аңға салмаған кәрі сарала жонданып, семіріп алыпты. Тайыншадай ірі денесі бұрынғыдан да сомданып, арса-арса кеудесі бұқа тамақтана жалпиып, басы да үлкейе түскен тәрізді. Кейінгі кезде қартайып, алжи бастағаны ма, әлде жасынан қасқырға баулыған маң төбет аңсырай ма, анда-санда аусарланып қотандағы қойға шабатын көрінеді. Бөтен елге бара жатқан Ақан ауылдан шыға бере «қал, қал» деп бір-екі зекіп еді, иті иесінің бұл қылығына назаланғандай аспанға әуілдей үріп, қар бората жер тырмалап алға оза берген соң, «жәрәйді, дала кезіп, біраз мауқын бассын» деп, қайтып қумаған.

Көптен зеріккен сарала әуелде кез келген ізді тіміскілеп, сонарға түскен жаңа іздің иісін сезіп, біраз жерге дейін жүгірді де, иесі соңынан ермеген соң, зәбір шеккендей қыңсылап, қиып кеткен Ақанға шоқырақтап қайта келеді. Оппа қардың астында ақ тышқандардың іні кездесе де, көптен өшін ала алмай жүрген жауын тапқандай, ызалана тырмалап, тұмсығын тыға қорылдата тартқанда анадайда некен-саяқ жүрген ала қарға да, етегін жая жалп етіп отыра кететін қара қамзол, ақ жаулықты кемпірлердей, ұлпа қарға күрп етіп қонып, иттің алдына бір қырындап секектеп жақындай түседі. Басын қисайтып, көзі алайып, «не іздеп жатырсың-ай, қар астынан не табасың, ақымақ, ақымақ, ақымақ» дегендей, алыстан үнілген қарғаға ыза болған сарала атылып кеп тұра қуады. «Көтек!» деп шошығандай, барқ еткен қарға, «иә жетерсің жаманқатты, қояншық» дегендей қарқылдап, көкке көтеріледі.

Бұлаң күйрікпен үнсіз жортқан Ақанның басы салбырап, ойда келеді. Түнеугүні Сұлтанмұраттан Нұртазаның залымдығын естігелі зығыры қайнап, үйде тыныш жата алмаған. Қанішер болысқа барып, дігірді салып, «өзің жұмсаған Ожымбайларды қалайша ұстап бердің, діннен безген! Қызыл қарын жас баласының, артта қалған ел-жұртының көз жасын аясаңшы. Тым құрымаса бір рет әділдікке жүгініп, өзің арашашы болып, қиырда жүрген жігіттерді қайтарар бір қауметің болмағаны ма, безбүйрек!» — деп жағадан алсам ба? Илікпейді екен, енді Нұртазаның өзіне іс

қозғатып, Омбыға дала губернаторына барсам ба екен деп толқығанмен, үй күшік адамдай Қараталдан қарыс қадам ұзай алмады. Қазір әке-шешесі қатарымен төсек тартып жатыр. Қорамса биыл жығылғаннан қайтып тұрмаған. Ұзақ науқас әлсіреткен қарт анда-санда беті бері қарағандай болып, төсек үстінде басын көтеріп отырса, үй ішінде, келімді-кетімді адамға мазасыз. Дала жүзін көрмей, іш құса боп іші жарылардай зеріккен әрі ауру қажытып, құныстырып, шөктіріп тастаған шал баяпар. Тырс еткен бөтен дыбысты көтере алмайтын кіді.

Қатар салған сүйек төсағашта жатқан Жаңыл шешесі биыл Ақан Ақмолада жүргенде лепісін емдетем деп, Шәмбіл қожадан бармақ басындай алмас алып, сары майға езіп ішіпті. Аурудың ұшына тиген дей ме, содан бері тамағы жұтындырмай, келе-келе ас жүрмей қылтамаққа айналып, қара судан бөтен нәр сызбай жатқанына бір айдай болыпты. Күннен-күнге өз-өзінен таусылып, толық денелі ана шүйкедей боп семіп барады. Тым құрымаса сөйлер тіл де жоқ. Сыбырлап сөйлейтін Жаңыл енді одан да қалған. Әлденелерді түсіндіріп, кейде көзінен жас сорғалап жылаушы еді. Енді көзінен жас та шықпайды. Қу шүберектей боп, сіңіріне ілініп сөніп барады. Әшейін, кеудеде жаны бар тірі аруақ — құр сұлдер.

Анада Сұлтанмұрат үйінен шығып, Қараталға кештете жеткенде Ақан Құлагердің қайың қорасының алдына шөккен төрт нарды көзі шалып, тұрып қалған. Бәрінің де әлі бұрауын босатпаған, екі жағына теңдеп артқан тай-тай ауыр жүктері бар, үсті қырау-қырау алыс жолдан келген көш түйелері. Күзде Қорамса өзі ауырып жатып, жылдағы әдетімен қазақтан Сүлеймен, орыс купеці Ямшин, қызылжарлық татар саудагері Ялушин, Қараөткелдегі кірішін татар бақалшы Юсупов, Ақмола купеці Кубриндардың біріккен сауда керуеніне жалдамалы жігіттерін қосып, Бұхар, Самарқанға жіберген. Шәй, қант, кептірген өрік, мейіз, қақ сияқты тәтті жемістермен қоса, көп барқыт, жібек маталарын, кілем, ол-пұл, айна, тараққа дейін әкелетін жолаушы-керуеншілердің оралған беті-ау деп ойлаған Ақан. Солай болып шықты.

Сол түні сауда керуеннің жол азабына көп ұшырамай, бөтен кесапаттан қалас, аман-есен оралғанына көңілі көтерілді ме, немесе баласының әлде жазым болмай Ақмоладан қайтқан сапарына қуанды ма, әлде, бетін аулақ қылсын, бой жасағаны ма — Қорамса аяқ астында сауығып, тың адамдай айығып кетті.

Сері ұлымен Жаңыл арқылы болмаса, өзі бірде-бір рет жеке отырып ақыл-кеңес беріп, не қисық ісіне ұрсып-зекіп көрмеген, іштен тынып жүретін мінезі ауыр әке Ақанмен көп сөйлесті.

Ақанды өзі жатқан бөлмеге шақырып алған Қорамса:

— Қалай, балам, Ақмола ұлықтарының беті қалай болды, басыңды күн шалғанда қасыңнан табылар жолдас-жоралар шықты ма? — деп, ұлын сөйлетпей, арық қолын көтеріп өз сұрағына өзі жауап бере ұзақ сөйледі. — Білем, білем. Естіп жатырмын. Ожымбай мен Бәтжанның қызыл қарын жас баласы шырылдап, жетім қалды-ау. Ел жуандары сені кінәлап, екі ортада

жұрт бетіне қарай алмайтындай жүзі қара етіп, басыр елді жүндеп жатыр. Білем, сенің кінәң жоқ бұл арада. Бірақ қалай ақтарыларсың. Барымташы жігіттердің ісін қуып бардың. Не тындырдың? Қалтаңа салған азбыншы ақша-пұлың мұндайда құрсағы кең, қалталы қасқырлардың аузын бір шайғанына жетті ме? Сенен гөрі пұлы мол, құрығы ұзындардың дегені деген боп шыққан жоқ па. Әй, балам-ай, талай рет құлаққағыс қылдым. Заман — ақша заманы. Сенің ақысыз, пұлсыз әнің айта жүрер әлеуметіңе, ертең ер жетер азаматыңа керек. Тап бүгін қысылтаяң шақта сол өнеріңнің пайдасы тиді ме? Алдында малы, қалтасында пұлы бар Сүлеймен, Нұртазалар үйінде үндемей жамбастап жатып, үйдей пәледен құтылған жоқ па? Бұрын ақыл айтпаған, енді өлер шағында бұл алжыған әкем несіне таусылып, несіне қиналады дерсің. Жаным ашиды саған, балам! Ел іші мені бір бұзаудың терісімен байыған саудагер деп, қайсыбір көре алмаған іші тар немелер кемсітіп, күстәналағысы келеді. Оған айылымды да жиғам жоқ. Бұзау терісімен байысам, еңбегіммен байыдым. Ешкімге титтей қиянатым болған жоқ. Елдің керегін тауып, қажетін өтегеннен басқа не істепмін. Жұрттың малын алсам, жиған-терген дүниеме айырбастап алдым. Ана Азынабай да Көкшетау шәріне шілік салып байыған. Күшік ағасы да сондай. Менің адал байлығымнан сен нендей зиян шектің. Ойнадың, күлдің, қыдырдың, жүрдің, қасыңа ерткен бозбала, қыз-желеңді киіндірдің, ішіндірдің, бәрі менің байлығым, сенің жомарттығың. Қолыңды қаққан жерім жоқ. Несіне қағайын, бәрі сендер үшін жиған дүниелер. Әттең, бір ғана тілімді алмадың. Ана Сүлеймен, Нұртазалармен ит пен мысықша күнелткенше, жақын болайық, туыстасайық дедім. Ондай шіренген балаларды сыртқа теппей, ішіне жабысып, борсықша сора беруге қулығың жетпеді. Құдай берген өнеріңді, көркінді, жер жарған даңқыңды өзің қор қылып, өзің жасытып жүрсің... Жоқ, ұлым. Таласпа. Білем, сен әлі де көңгің келмейді. Құдай саған килігуді берген де, илігуді жазбаған. Адалын айтасың, арбауды білмейсің. Заманыңның түлкі екенін сен менен де артық түсінесің. Түсіне тұра, ілерлік тазылық қалпың жоқ, не алдыңа құрар қақпаның жоқ. Ертең менен қалар фәни жалған арғы күні сенен де қалады. Бай болып өт, кедей болып өт, бәрібір екеуіне де бұйыратын бір жарым кез көр ғана. Бірақ тірлігіңді ит қорлықпен сазайыңды тартып өтпеске, тірлік күйбеңің мен амалың қатар жүрсе керек етті. Ана екі баладан қорықпаймын. Олар көптің бірі болып, алда да емес, артта да емес, көштің тап ортасында өмір сүретін жандар. Олардың дүние жинауынан қорықпаймын, дүниеқоңыздығынан қорқам. «Ата балаға сыншы», ертең саған да қайырымы жоқ, рақымсыз бола ма деп қорқам. Өзіңді аямасаң да, мына Ыбанды ая. Тым құрымаса, осы жетімсіреп, осы жыламсырамасын. Өз жөнін өзі тауып кететін дені де сау емес, — деп қасында, ірге жағында отырған мылқау баланың шашынан сипады. — Менің ұрпағымнан, Құдайберді ұрпағынан қалар шын азамат осы екеуің ғана. Біріңнің тілің тым ұзын, біріңнің тілің жоқ, тым қысқа. Ертең екеуден-екеу жеке бөлінсең, қарманарың да, қарасарың да жоқ, мылқау болмағанда нең қалады. Ақылымды аларсың не алмассың, ата салған жол,

сендерге айтып кету құдай алдындағы парызым. Еліңе, жұртыңа өнеріңді шаштың. Бір мүйіз шықса саған шығатындай болды. Бірақ сол өнерің өзіңе жау боп тиді. Енді жетер. Бос жүрісті қой, өзіңе бір тең тап, сұлуды да, сұңқарды да құштың. Енді Ылбаныңның да жайын ойла. Бұл да ертең-ақ ер жетеді. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді». Сенің Ақан атың байлығыңмен қатар жүрмесе, мылқау бала үйсіз, күйсіз жетімсірер. Кім мылқауды мүсіркейді, кім мылқауды түсінеді. Дүниеге қор боп келген бала дүниеден қор боп өтпесін. Сен де шаруаға қыбың жоқ, тойтыып, тақыр жерге отырып қалма. Ана менен қалар дүниені ұста, дүкенде өзің тұрмасаң, кісі жалда, үйретсең бәрі төселеді. Тілі болмаса да, Ылбанның қолынан да келеді.

Ақан бірдеме деуге оқтала беріп еді, Қорамса сөйлетпеді.

— Жоқ, Ақан! Сен зерделісің, шешенсің. Сөйлесең мені жеңесің. Бірақ одан келер маған пайда жоқ. Сенің сөзіңді өлілерге жеткізбесем, тірілерге таратудан қалған жанмын, ертең аттанар ұзақ сапар тұр алдымда. Қажымай кетейін. Менің аяғым үзеңгіде емес, көрдің жиегінде тұрған адаммын... Енді ана жақтағы балаларды шақырышы. — Мұхаммет пен Рамазан босаға жақта томсырайып-томсырайып отыра кетті.

— Ал, балаларым, сөз қысқа. Тілім кәлимаға келер шақта сендерге айтарым, тату-тәтті өтіңдер. Елге-жұртқа күлкі болмаңдар.

Мұхаммет пен Рамазан қатарынан күрсініп, жыламсыраған балалардай, көздерін жұдырықтарымен сүрткен болды.

— Өлімге жылаған құдай алдында күнә. Көз жастарыңмен мына екеуімізді алып қала алмайсыңдар. Ана жақта Алла тағала да байбалам салып, бізді шақырып жатыр. Тез бармай шіренгеніміз күпірлік болар. Одан да сөз ұғыңдар. Тірімде мал құлағына ен салып, мынау сенікі, мынау сенікі деп, еншілеріңді жіктеп бермеп едім. Енді ата жөнімен қайсыбірін атап кетейін деп отырмын... Ақанжан, сенің мал бағуға ыңғайың жоқ, ана төрт нардың үшеуінің жүгі сенікі. Ана үлкен абдырадағы жүк, сандықтағы ақша сенікі. Кіші абдырадағы дүниені, Мұхаммет, Рамазан, қылдай бөліп алыңдар. Дүкен Ақандікі. Сендердің бастарыңда отауларың бар, Ақанға осы үлкен ағаш үй. Алдарыңа салған жылқы, Рамазан, Мұхаммет, сендердікі. Ақанға өз жүйріктері — астындағы сары ат, қара тай, Ылбан мінер көкбесті, екі құлынды бие. Жылдағы соғымын ағаларыңа беріп отырасыңдар. Қой, ешкі — бәріңде ортақ. Керегінше кезегіңмен жаратарсыңдар. Малы көп Рамазан мен Мұхамметке — Ахмет сайы, қан жайлау. Ақанға — қажет болса, ескі қыстау орны — Қисық ағаш, — деп Қорамса жастығының астынан бір топ қағазды шығарды. — Мә, Мұхаммет, мынау жұрттың екі-үш жылғы берешегі. Мата, қант, шай, ол-пұл алған қолы кемтар адамдардың тізімі. Мен өлгенде қырқыма жиналған адамдарға жария етерсің. Бәрін кешірем! Менен қалған тәбәрік, сыбаға болсын тірілерге.

Мұхаммет пен Рамазан бастарын оқыс көтеріп, бір-біріне қарасты. Ортасынан бүктелген қалың қағаздағы шимай-шимай мол тізімді Мұхаммет іштей ежелеп отыр.

— Әке, Ала риза болсын! Жетім-жесірдің сауабы тисін! — деп Ақан інілерінің таңырқаған кейпін ұнатпай қалды. — Қарсы болмасаңыз, маған екі сауын бие, бір соғым қазір қажет болып тұр.

Мұхаммет пен Рамазан тағы да үдірейісе қалды.

Бұрын бұлай сұрамай, өз қолы білетін Ақанның мына қылығына Қорамсаның жаны ашығандай болды.

— Ия, ата.

— Кешегі өлген Бәтжан үйі бұрыл атын марқұмның жылына сақтап отыр. Жетім балаларының тісіне басар қызыл жоқ. Соларға соғым.

— Е, жетім-жесірдің бәріне берсең, малың шақ келе ме, — деп қалды Мұхаммет.

— Ожымбай үйінде бас көтерер адам жоқ. Соларға бір сауын бие.

— Тағы кім қалды? — деді Рамазан Ақаннан жасқаншақтана қызарақтап.

— Тағы қалған — Сұлтанмұрат үйі. Көкірек ауруынан өлім халінде жатыр. Соған қыстай ішетін қымыз керек. Қысыр көк биені соған берсем деп ем.

— Е, көкірек құрт ауруының бәрін тамамдасаң, қазақта онымен ауыр-маған үй кемде-кем, — деп еді Рамазан.

— Жарайды, әкеміз көзін жұмбай тұрып таратсын бәрін, таратсын, — деді Мұхаммет кекетіп.

— Еншіге бөлген малды менен соң иемденесіңдер, әзір менің билігімде, — деді екі ұлына жақтырмай қараған Қорамса. — Мұхаммет, Рамазан, ұқыптап ұстасаңдар, қыруар мал балаңның баласына жетеді. Ынсап керек. Ертең ертемен орындарыңнан тұрысымен әлгі Ақан айтқан малдарды атаған жерлеріне өз қолдарыңмен жеткізіп беріңдер.

Тілсіз жатқан Жаңыл ақылды қосағының бәтуасына риза көңілмен кемсеңдегендей болды. Балаларымен арыздаса алмай қиналған ана, шалының бақылдасқанына өзі бақылдасқандай көңілі толып, іштей жылап жатты.

Ақан басын көтеріп алды. Оқ бойындай жердегі тоғайдан шыға келіп қос құлағы селтиіп тұрып қалған сұр қоян жалт бұрылып зытып берді. Басарала көбік қарды құйындай боратып қуып барады. Жаны ышқынып зымыраған ор қоян келесі шоқ ағаштың бауырына шұғыл бұрылып, тасаға түсіп кетті. Өз екпінімен ықтасынға түскен күрткікке омақаса құлай жаздап, қоян соңынан көрінбей кетті.

Көңілі енжар Ақан иттің соңынан ұмтылған жоқ. Бүлкілдеген ат ыңғайымен жүріп келеді. Түтіні тік шұбатылған ауылдар көрінеді алыстан, жанай өткенде дабырлаған адам дауыстары да естіледі. Сері ешқайсысына бұрылған жоқ. Қай ауылға барса да кінәлі жандай бетінен басады. Керей малының төлеміне әр үйге түскен салық — қайда барса алдынан шыға келердей көрініп, қиырда қуғында жүрген достары да мұның кесірінен кеткендей, ел қабағының ыңғайынан жасқанады.

Жақында Омбыда оқып жүрген Сердалының баласы Мәмбетәлі елге келген. Сердалының ағасы Сералы бай жан-жаққа поштабай, атқосшы-

ларын шапқылатып, көңілі жақын болыс, билерді тойға шақырған. Мәмбетәлі ауылдағы бір досын Ақанға әдейі жіберіпті. «Амандық біліп, кіріп-шыққан ел адамдарынан босай алмай жатырмын, ренжімесін. Сері ағаны елден ерен сағындым, көргім келеді, сөйлесіп мауқымды басыйын» деп арнап шақырыпты. Келген жігіттен Ақан кімдерді шақырғанын сұрап еді, елдің атқамінер игі жақсыларының ішінде Нұртаза да бар екен. Сері енді болыс жүзін көргенше асықты. Елді қан қақсатып, бар сұрқия қаскөйлігін панасыз жігіттердің басына төккен болыс қылығын әшкере-леп, жұрт алдында бетін айдай етіп, жерлеуді ойлады. Сұлтанмұраттан бар шындыққа қанған Ақан, зығырданы қайнап, не істерін білмей аласұрған ақын бүгін бұлқынып шығып еді. Елден қасына ешкімді ертпеді. Өке-шеше бірдей төсек тартып, өзі достарынан тірідей, Құлагерінен өлідей айырылып, жарымжан көңілмен жүрген жан салтанатпен топ құрып қайтсін...

Ақан оң жағына қарады. Қоян қуып кеткен Басарала бір шоқ қызылдан шығып, иесіне қосылды. Тілі сала құлаш салақтап, ырс-ырс етеді. Қоянға жете алмай алқынып қалған көрі иттің тұла бойынан бу бұрқырап, азусыз қызыл иегі көрінген қос езуінен сілекейі шұбырады. Бұрын қарасы көрінген түлкі мен қоянды бір қыр асырмай шалып, жәукемдей салатын Басарала қазір тап алдынан қашқан семіз қоянға жете алмай, қар қауып қалғанына назаланғандай, жерден басын көтермейді. Ертіп шыққан иесінен де ұялғандай анда-санда Ақанға көзінің қиығымен жасқана қарап, үнсіз сөлеңдеп келеді.

Сері иттің мына күйін көргенде өткен күндерін ойлап, тағы да назала-нады. Бұрын алдынан қашқан аң құтылмайтын, қуса жермен-жексен боп жұлдыздай ағып жететін алымды жүйрік тазы, жетсе бас салып ұйпалап тастайтын мықты, әлуетті сырттан Басарала аңшылықтың көркі еді-ау. Талай мақтаулы иттердің ішінде ұшқырлығына күші сайма-сай ерекше жаратылған құмай тазы — Ақан серінің қуанышы еді-ау. Соңынан бос салпақтап, сөлеңдеген өнерсіз ит еріткен жолаушыны, не малға, не жанға тірідей пайдасы жоқ, еттікке түсіп қаймақ, сүт малшылайтын ұры ит, маңынан жүргенді балағынан тартып, көлденең өткен салт аттының алдынан кес-кестеп, ат түмсығына қарғып арсылдайтын қабаған ит ұстаған адамдарды мінейтін Ақан енді мына Басараласының мүсәпір халін көргенде серілік базараның тарқай бастағанына іштей кейіді. Жүйрік аттарын ойнақтатып, ойқастатып қысқы кеште орман-тоғайларды басына көтере ән салатын сал жігіттер мен беттері сары аязда шиедей қызарып, күмістеткен айылтұрманы жарқылдап, дауыстары да күмістей сыңғырлап, әзіл-қалжыңмен аппақ тістерінің сәулесі қып-қызыл еріндеріне түсе ерке күліп, еркін жүріп, соңынан ерген құрбылас қыз балалардың аңшылық салтанаты да келмесе кеткені-ау... тым құрымаса, сол сал-серілікті ұстап қалар жастардың табылмағаны ма? Өлде адам баласы тіршілік күйбеңімен екі иіні түсіп, күннен-күнге ұсақтап бара ма?..

Ақан басын оқыс көтеріп алды. Басарала да қос құлағы тікірейіп, бір аяғын бүгіп көтерген қалпы еңкейе берді. Жер бауырлап еңкейген сайын құлағы жымыып, тұла бойы жиырылып, шиыршық атты. Қалың қарағайдың

бауырында жайылған бір топ елік ағаш қалтарысынан дәл үстерінен шыға келген жолаушыға едірейе қарап, қатып қалыпты. Басқаларынан мойны ұзындау теке танауы бырс етіп, басын бір шұлғып қалып ата жөнелгенде, басқалары да үркіп, тұра тартты. Тап осы жолы құтылмассыңдар-ау дегендей, оқша атылған Басарала да артын борандатып, қуып берді. Қалың шұбарлардың ара-арасындағы қары жұқа алаңқаймен жосылған еліктер үздік-создық зымырап барады. Ит те енді барын салды.

Бұлар бір қыр асып кеткенше көз алмай қараған Ақан басын шайқап, Ералы жездесінің ауылына түстенбекке, атын бұра берді. Бұрынғы жүрісінен қалған семіз, кәрі Басараланың еліктерге жете алмасын көріп, басын шайқады. Бірақ, жете алмаса да, енді орта жолдан арсалаңдап қайта қайтпайтын намысшыл итінің кешке дейін оралмасын сезген сері «бекер-ақ алып шыққан екем, қайран арланым-ай, қор болдың-ау» деп Басараласына жаны ашыды...

Иісі қыс ішінде де мұрын жаратын шырша, самырсын аралас қалың қарағай бауырындағы Сердалының бөренеден қиып, тақтай шатырмен жапқан үлкен ағаш үйінің маңы жыпырлаған кәшаба, жайдақ шана, байлаулы салт аттар. Бір кіріп, бір шығып жүрген ауыл адамдары, жиынға үйір жыпырлаған бала, иін тірескен жастар шам жаға сауық салып, өлең айтып, тойды қыздырып жатыр.

— Ақан келді!

— Ақан сері келді, — деген хабар қорадан жүгіріп ауыз бөлмеге, одан төр бөлмеге жетті.

Екі қабат кілем үстіне қалыңдата жайған бітпес, бірсалар, бөстекте, жастық, көпшікке шынтықтай түскен өңкей ел тұздығы шонжарлар, сүйінші сұрағандай айғайлаған мына дауыстан қайсыбірі тіксініп, қайсыбірі қайғылы серінің жүзін көрмекке мойындарын есік жаққа бұрысып, әңгімелерін доғарды.

Алдынан қарсы шығып, ауыз үйде құшақтаса амандасқан Мәмбетәлі серіні төр үйге өзі бастап кірді. Қазақ ауылдарында сықсима, май шаммен отыратын ала көлеңке басқа үйлердей емес, еңселі бөлме жап-жарық. Қобыздаған тақтай төбенің бетіндегі төрт шығыршыққа ілінген төрт бұрыштағы аспалы жиырмасыншы шамдар бүгінгі тойға салтанат сәулесін төккендей жарқырап, самаладай жайнайды.

Ақан отырғандарды өткір көзімен бір шолып өтті. Тап төрде оқалы шапан жамылып, аға сұлтан Шыңғыс отыр. Қасында еңгезердей Қылышбай би. Орта тұста Нұртаза. Көрші керей ауылдарының да шонжарлары бар. Қылышбайға іргелес Жанбота отыр. Мұндай той-думанға шақырса да келмейтін Шыңғысқа арнап Ақан:

— Салаумағалайқум, — деді баяу ғана иегін көтеріп.

— Уағалайқумассалам, аманбысың, Ақан шырақ, — деп Шыңғыс сәлемін алғанда, басқалар да аузы қыбырлап бас изескен болды. Баялы балалары отырған жақтан ғана амандық-саулық сұраған жылы сөздер естіліп жатты.

— Ақан аға, өтіңіз төрге, — деп, Мәмбетәлі төрді нұсқағанда.

— Иә, отырсаңшы.

— Кәне, қағылыңыздар, — деп босаға жақтағы үй иелері ағайынды Сайдалы, Сердалы қосыла ілтипат білдіріп, өздерінен сәл жоғарырақ тұсты нұсқап, еді, Ақан сері отырғандарды баса-көктеп:

— Ә, Ақанның орны сол ара, — деп билік айта қалған Шоғырмақ болыстың тап алдына тоқтап:

— Менің орным осы ара болар, төмен қағыл, Шоғырмақ! — деп әмірлі үн қатты. Серінің ащы тілінен қаймығатын Шоғырмақ қызарақтап, мұрнынан міңгірлеп, домалаған семіз денесімен зорға изендеп төмен сырғи берді.

— Жасың жас дегенім ғой. Үлкен адамды орнынан қозғағаның... Менің қарнымдай қарның болса, көрер ем қалай жылжуды.

— Сені буаз қылған мен емес қой, — деп, Ақан отырып жатып, тоқтығын мақтаншылық еткен байдың жуан қарнын әжуалап, ызалы күлді. — Жасың жас дейсің. Қайбір жас сыйлап отырсыңдар. Бәрің дәреже, шен-шекпеніңмен отырыпсыңдар. Менде шен де, шекпен де жоқ, сонда менің орным қай ара болмақ?!

— Сенің орның ана көрші үйлердегі бала-шағаның ортасы емес пе, Ақан жел көңілге сол лайық, — деп, Сүтемгеннің немере інісі Шалабай қалжыңдап еді, Ақтоқтыны еске алып, оның жұртын әсте ғайбаттағысы келмейтін сері:

— Ә, Шалабай, баяғыда ұмыт болған жел көңілді айтып жел шақырып қайтесің, сен — қаңбақ та, мен — дауыл, соғармын да өтермін, сен — қауыз да, мен — құйын, ұшарсың да кетерсің! — деп, қалжыңмен жауап беріп, аппақ тістері ақсия күлді.

Тісі ақсия күлгенмен, көзі күлмеген мұңды әрі ашулы Ақанның мына топқа соқтыққысы келіп ізденген түрін байқаған ел жуандары қақырынып, жөткірініп, не айтарын білмей бөгеле берді. Серінің құдалары — Бегалы балалары ғана айызы қанғандай жымың-жымың етеді.

Не қостағанын, не ұнатпаған сыңайын әсте білдірмей, үнемі қабағы түсіп түксініп отыратын Шыңғыс қана қалпынан тайған жоқ. Төмен тұқыып тұнжыраған қалпы.

— Ақан шырақ, қайырын берсін Құлагеріңнің. Ат та болса, досыңдай болған серігің еді. Жай ат емес, үш жүзге мәшһүр болған пырақ еді, — деп көңіл айтты.

— Иә, қайырын берсін!

— Ана «Құлагер» деген өлеңіңде «Сен өлсең, орның басар көк бесті бар, болады құдай қосса о да тұлпар» депсің ғой. Азамат өзің аман бол, Құлагердей болмаса да, жүйрік атсыз қалмассың.

— Бара алмай жатырмыз, ренжіме Ақан, — деп көңілі түзу Бегалы баласы Жанболат пен тағы бір-екі адам кешірім өтінгендей кішірейе сөйлеп еді.

— Е-е, атқа көңіл айтып баратындай, ол қарауылдың қай баласы еді, — деп Зікірия мысқылдады.

— Атқа көңіл айтпасақ та, Ақан алыс сапардан келді. Бару жөн еді, енді осында Мәмбетәлінің тойында кездестік мына, қарашы, қолайсыздау екен өзі...

— Алыс сапар дейтін немене. Мына тұрған Ереймен — ел іші емес пе. Жырақтан, жат жұрттан келген Мәмбетәлі болар ма. «Алтыдағы бала алыстан келсе, алпыстағы шал келіп сәлем берер».

— Е, Мәмбетәлінің жөні бір басқа, — десіп, басқалар қақпақылдай бастағанда, жаңа Құлагерін айтқанда көңілі босағандай жуасыған Ақан қайтадан терісі құрысып, оқты көзін қадады.

— Әй, Шоғырмақ, әй Зікірия, алтыдағы бала келді деп қазақтың алтын сөзін жасытып қайтесіңдер. Одан да ертең патша оқуын бітірер Мәмбетәлі оқалы шапан киініп, мәртебесі биік, мансабы жоғары болғанда біріміз болыстықтан қағылмайық, біріміз шен-шекпеннен, дәрежеден айырылмайық, тағымыздан алынбайық деп, күн райын алдын ала болжап, жас та болса, бас болатын жігіттің артына бұрынырақ кіріп, жылы орын сайлап алайық деп жеттік десеңдерші. Бірақ кешегі Шоқан жолын қуар Мәмбетәлі күзгіндар ұя басар ін дайындап жатпаса керек. Мәмбетәлінің астын иіскегенше, маңдайын неге иіскемейсіңдер. Қанша оқыса да адамның арты өзгермейді, білім басқа жиналар болар, білімдінің маңдайы емес пе еді ашылар.

Болыстар тіксініп қалды. Шарпысуға сөз таба алмаған Шоғырмақ есе жібергісі келмей:

— Ақан, сен мүлдем бейбастақ боп барасың. Үлкенге де, кішіге де әй, өй, сен деп зіркілдейсің. Бізді сен таптырып па ең. Сақал сыйлаудан кеткен екенсің. Әлде Құлагерді өлтірген біз деп отырмысың. Жетті ғой! — деп, бір ырғалып, қабақ шытты. Сұйық шоқша сақалын да сипап қойды.

Ақан әлі де айтыса түсіп, ашындырғысы келді жұртты. Әттең, Нұртаза үнсіз отыр... Енді оған да соқтығуды ойлады.

— Шоғырмақ, сен сақал дейсің. Аты сақалды сыйласақ, сасық текені де сыйлауымыз керек шығар. Ал «әй, сен» демесең, қазақ «әй демесең, өк демесең, өгіз жүрмейді» дейді. Сен десем Шыңағанды айтқаным емес, ана Нұртаза, сен сияқты болыстарды айтқаным. Сендер түгілі, жақсы көретін сарала итім Басараланы да сіз деп көргем жоқ.

Бағанадан жарылардай боп зорға шыдаған Жанболат осы арада қиқылдап кеп күліп, оған екі-үш қонақ қосыла күлді.

Ақан серінің Ақмолаға барып келгенін естіген Нұртаза «сотталған жігіттермен жолығып қалды ма екен, кім біледі, түрме бастығына қанша пара бергенмен, бұл да аузына бірдеме тығып жолын тапқан шығар. Онда қанша құран сыйлап, дінге берік болса да, барымташылар Ақанға бәрін айтуы мүмкін-ау» деп өз-өзінен қуыстанып, бұл арада серіні ашындырар сөзге барғысы келмей отырған, бірақ жаңа аты аталғанда қаны қайнап, енді бөденедей бұғып қала алмады.

— Соншама несіне тарқылдай қалдың, Жанболат. Ақан жөн айтып отыр. Итін сыйлайтыны рас. Қашанда жақсы ит жақсы итті сыйламай ма!

Енді Нұртаза тобы мәз болып, рақаттана күлісті. Нұртазаның сөзге қосылғанына Ақан қуанып отыр. Енді сөз желісін жақындатып, арқауын салмаққа ыңғайлады.

— Нұртаза дұрыс айтады. Дүйім елді баласына дейін жарылқап, түлкі терісінен тымақ, қасқыр терісінен ішік киіндірген сарала итті сыйламағанда, елді жалаңбұт қалдырып, қолындағысын алып, бала-шағасын жетім, қатынын түл еткен сендерді сыйлайын ба?! Әрине, сарала итті артығырақ көрем сендерден.

Сөз сыңайын аңғарып, шошынған Сүлеймен болыс інісінің жоқ жерде шошандай қалатын шыдамсыз мінезіне күйініп, сөздің бетін басқаға аударғысы келді. Даусын соза сөйлеп, киіп кетті.

— Баяғыда бірін-бірі танымайтын екі жолаушы жол айрығында кездесе қалып, сәлемдескен соң, біреуінің құндыз бөркіне екіншісі қатты қызығып, бас салып ала қашыпты. Сонда бөркінен айырылған еңгезердей жігіт атын бұра салып, тоқпақтай жігітті тұра қуады. Анау ә дегенде ұзап кетеді. Содан бөрікті жігіттің аты тізелі мықты болса керек, біраздан соң бастырмалатып қуып жетіпті. Енді құтылмасын білген жігіт атын тежеп, ыржалақтап күліп «әй, дос, ойнасақ та біраз жерге шаптық-ау» деп бөркін ұстата беріпті. Сол айтқандай, әңгіме неден шығып кетті. Құлагерге көңіл айтудан шықты-ау. Енді ойнасақ та біраз жерге шаптық, тоқтасақ та болар. Құлагердің жыры бітпеді ме, қашанғы жырай береміз.

— Құлагердің жыры түгіл, дауы да бітті ғой, одан да Сағынай асы қалай өтті, соны айтшы, Ақан, — деп екіншісі қостап еді, бағанадан ел шарпысын аңдып, үнсіз тыңдаған Мәмбетәлі қосылды сөзге. Алыста жүріп, қалжың мен ащы шындықты ашуға ұста халқының шеберлігін, Ақан секілді қара қылды қақ жарар әділ ақындардың бал татыған сөзін, мысқыл әжуасын сағынған шәкірт жаңа қызып, тұтана бастаған әңгіме отын сөндіргісі келмеді. Тыңдай беруге құштар:

— Сүлеке, Құлагер жыры неге бітті дейсіз. Жоқ, ол жыр жаңа басталған сияқты. Құлагер қазасының астында талай-талай жырланар, айтылар сөздер, заман сауалы, талай зардың, талай мұңның жауабы жатқан жоқ па. Сағынай асы — қазақ сахарасындағы көп ас, көп толқынның бірі ғана. Сол астың даңқын шығарар, атын жер жарғызып, баладан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер де Құлагер өлімі. Ақан ағам салған «Құлагер» әні болмақ. Сол ән, сол зар замана әні, замана жырындай боп, болашақ жұрттың, жаңа бір қауымның құлағына жетер. Сонда «Құлагер» әніне алғысын айтар, дүлділге ор қазып, ақын жүрегіне қаза еккендерге қарғысын айтар ұрпақ табылар... — Жас Мәмбетәлінің сөзі қарт Саққұлақ сөзімен айна-қатесіз бірдей. Не деген ұқсастық!..

Сұлу қара мұрт, қалың дөңгелек сақалды жас жігіттің кішірек, ойлы көзінің аясы сөйлеген сайын кеңіп, қарашығынан от ұшқындағандай, аспа шамның жарығымен шағылысып жарқылдайды. Бір сөйлесе көсіле сөйлеп, терең толғайтын сұлу, өрнекті тілмен көп мазмұн, көп өнегелі ұлағат айтуға төселген жастың сыңайы бар. Өз үйі, өз тойы болған соң ба, ой ұшығын тастады да, әрі қарай үндемей тосыла берді.

Жұрт та үнсіз. Сөз желісін әрі қарай жалғап кетудің, не Мәмбетәліге қарсы дау айтудың ретін таба алмай қыбыжықтап, Шыңғыс пен Қылыш-

байға көздерінің астымен қарасады. Мұны сезген Қылышбай етектей сақалын саумалап, жөткірінді де, бір-екі ырғалып, қомданып алды. Бұл — сөйлер кездегі ежелгі әдеті. Мына жас қаршыға Мәмбетәлінің де қалай ұшып, кімге тырнағын салатынын түтінінен аңғарған атақты би енді тым-тырыс отыруды ыңғайсыз көрді. Қайтары қайтып, қуаты кемісе де, кәрі бүркіт әлі де бір қайқайып соғар әулеті барын осы арада бір көрсеткісі келді. Ақанмен мұндай жиында үшінші рет кездесуі. Үшеуінде де қалжыңмен отырып, шарпысып қалған.

Үшеуінде де кәрі періні жас пері сүріндіріп кетіп еді. Үйірдегі жасама-лы айғырдай әлі ешкімге билік бермеймін деп жүрген шешен биді сәурік айғырдай төтеден қосылған Ақан алмастай азуымен тура шоқтықтан қыршып, шоңқитып кеткен. Үйірінен өзі кетпей, бөтеннің қуғанына намыстанған ол, бір қапысын тауып қарымтасын қайтарармын деп жүруші еді, енді тұспа-тұсқа жеткен сияқты.

— Ә-ә, Мәмбетәлі қарағым, елден жырақ жүріп көп нәрсенің жүйесін, көп жайдың ретін біле бермейсің. Саған жазық жоқ, — деп бастады сөзін Қылышбай би. Отырғандар соның аузына қарасты. Шыңғыс қана түнерген қалпынан ауған жоқ. Ақан да басын көтермей үнсіз тыңдады. Би сөзінен қаймығып қысылған жоқ. Өзіне қарсы ойсыратар сөз айтыларын білсе де, жайбарақат отыр. — «Құлагер әні», «Құлагер зары» дедің, Мәмбетәлі. Егер бір адамның басындағы зарды, бір бейбақтың бойындағы мұңды көптің мұң-зары деп, Ақанға түскен қайғы-қасіретті көгендеп тізіп, санай берсек, болашақ ұрпаққа жеткізеріміз сол ғана болмақ па. Өз қарақан қара басына қайғы егіп, уайым жамап жүрген диуана жанның есірік есер тіршілігі халқымның, заманымның атынан садаға кетсе болмай ма. Біз ұрпағымызға жаманымызды апарып, жақсымызды көміп кетер ел болсақ, несіне ұрпақ жайып, несіне түтін түтетіп, қауым-қауым жұрт боп отырмыз. Мөлдір бұлақ пен ағын суда да жел түсірген шөп-шалам бола бермек. Ондай шөп-шалам өз-өзінен шығып қалады, не шіріп қалады, су аға береді, оған қарап бұлақ көзі бітіп, ағын су тартылмайды. Ақан қайғысы — елден, жұрттан жырақ жалғыздық қайғысы. Атам қазақ айтқан — жалғыздың аты, жаяудың шаңды шықпайды. Өзі туған жұртына, халық ұстаған дініне найза ала ұмтылған жігіт қашанда ер емес, жер болмақ. Атадан безген, батадан безген жігіт көптің қарғысына ұрынбақ. Алыстан, сапардан келіп ем дейді Ақан. Қай жұртыңның, қай елдің рұқсатымен кетіп ең сол сапарға. Қайтып келер құдығыңа түкіріп кетпеп пе ең?! Қайтып келер есігіңді қатты серпіп кетпеп пе ең?! Ел ақсақалы, ел ырысы деп дүйім жұрт сыйлаған менің қотанымнан өтіп бара жатып, қайырыла кетуге арланып ең. Жауға шапса да, дауға шапса да менің босағама келіп, ақ батамды алмай аттанар мұсылман баласы жоқ. Менің батам ел — батасы, ата аруағының батасы, ата аруағының батасы қыдыр дарыған елдің тілегі. Оны аттаған жігітті ата қарғысы, бата қарғысы ұрар еді әмөңда. Сол қарғыстың ұшы еді ғой саған жай боп түскен. Құлагерің ғана құрбан болды. Ана шатасқан барымташы екі-үш әумесер ғана елді лаңға салып, ақыры қарасы өшіп тынды. Соған да тәубе.

Сенің де мұсылман боп тәубаға кеп, шаждаға маңдайыңды тигізер кезің жетті!

Қылышбай, «сөз осымен бітті» дегендей, бұдан ары қазымырланбай, шалқая түсіп отырып қалды. Айызы қанған ел жуандары дуылдай жөнелді:

— Шіркін сөз-ақ!

— Ай, жарықтың-ай!

— Шалымды жерге келсең-ақ іліп тастайсың-ау!

— Аһ, Серім-ай, омақаса құлап, тоңқалаң асқан жерің осы шығар!

Жұрттың дуылы басылғанша Ақан үндемеді, қарқылдап күліп, еңселері көтерілген шонжарлар бір-біріне қараса күлімдеп, жайлана бергенде басын оқыс көтеріп алды.

— Оу, Қылышеке, — деп сері даусы саңқ еткенде, отырғандар «бұл не айтар екен» дегендей, бірі кекете, бірі таңырқап тыңдасты. — Адам қартайғанда бір бала дәуші еді, бала боп кеткенсіз бе! Тегі, сіздің сөзіңізге қарағанда, Әзіретәлі торға түскенде, дүлділі орға түскенде де Қылышбайдың батасын алмай кеткен ғой!

Келгелі түнеріп, жүзі бір жадырамаған, жаратылысында салқынқанды Шыңғыс осы арада екі иығы селкілдеп, төмен қараған күйі ұзақ күлді. Босаға жақта отырған екі-үш төре, төлеңгіттер де аға сұлтанға қосыла күліп:

— Ай, жас тарлан, жас тарлан, тауып сөйлейсің-ау.

— Қылышекенді мерткітiрдiң-ау тағы.

— Өлмелі шалды аясаң етті.

— Өзі де түртіп қалсаң құлай кеткелі тұрған адамды қатты нұқыдың-ау, батып кетті-ау, батып кетті-ау, — деп, кейінгі кезде би-болыстарда өштері кетіп жүрген сұлтан тұқымдары Қылышбайды мұқатып, қоймастан жерледі.

Ақан да қабағын түйіп ап, ұзақ шүйлікті:

— Ақ бата, ақ бата дейсіз, Қылышбай. Қай жерде ақ батаң адал бата, түзу бата болып еді. Сонау жылдары аға сұлтан Ыбырай ел үстіне найзағай ойнатып, бүкіл керей-уақтың, атығай-қарауылдың, алтай-тоқаның азаматтарын қойша қуып, шетінен ұстатып, атығайдан Жүкен мен Қасымды, керейлік Сүлейменнің Айдаркесін итжеккенге айдағанда, ақ батаң жүрсе, үйіңнен ылғи дәм ішіп жүрген сол мүсәпірлерге бір сауабың тимес пе еді. Атығайдың Тәңірбергені мен тоқаның Әтекесі сөзге, дауға түсіп салысқанда бетінді сыртқа бұрып, ін түбіне қарап жатып алмап па ең. Мынау Шөбек балалары болыстыққа таласып, итше ырылдасып келеді, қайсысына ауып, қайсысына оң батаңды беріп жүрсің? Кеше ғана керей елі қотаныңды құйындатқанда ошағыңа ел жуандарын жиып алып, тағы да ақ батамен аттандырып ең. Соның артынша-ақ екі елдің азаматы меңдуана жегендей қырылысып, түздегі жыртқыштарша бірін-бірі талап, жаралап кетті...

— Әй, Ақан, — деп Шоғырмақ кие жөнелді. — Екі ел қырылысса, тағы да сенің соңыңа ерген ана Бәтжан марқұмның, Ожымбай, Шәкейлердің сотқарлығынан болды. Оны кейін білдік қой.

— Жазығымыз екі елді татуластырғанымыз ба. Құлагердің кегін алам деп есірген ана шайтан-сапалақтарыңнан неге көрмейсің. Тағы да сенің кесірің, — деп Қылышбай да дүрсе қоя берді.

— Ә, солай ма, Қылышбай? Төріңнен көрің жуық отырып, аузың қисаймай тағы да бар кінәні маған, менің сормандай достарыма үйің келеді. Әділ би, батагөйшіл ақсақал болсаң, әуелі шындыққа көзіңді неге жеткізіп алмайсың?

— Неге жеткізу керек еді?

— Оны ана Нұртазадан неге сұрамайсың?

Нұртзаның көзі шатынап, кең танауы желпілдей бастады.

— Нұртазадан не сұрауым керек? Ол не біліпті?

— Солай, Қылышеке, — деді Ақан. — Елдің ырысымын, ел тілеуімін дейсің, егер ақ батасын берер құтым, ақ жолға сілтер үмітім десе, мына Нұртаза, ұры Нұртаза неге айтпаған шындығын.

— Тіліңді тарта сөйле, Ақан, — деп Нұртаза ыр ете қалды.

— Мен неге тартам. Керей жылқысын бір түнде шапқызып алып, тісіңнің қанын басқаға жақтың. Қалған қаныңды ішке тартып, тағы да пәле тілеп отырсың.

— Оу, мынау енді пәле қуғыш, жалақорлық үйренген екен.

— Қой, шырағым, Нұртаза пәленбай жылқыны барымталап алып, қайда тығып қояды, о не сөз.

— Онда ана ұрылар айтпас па еді, қисынсыз дүниені көңірсітпе! — деп болыстың жандайшаптары мінгірлеп еді.

— Әй, Нұртаза, ұятың бар ма бетіңде?! — деп, Ақан Нұртазаға тіке қарады.

— Қысқарт енді, жалақор, итжеккенге өзім айдалам демесең. — Нұртаза шақшасын алып, көзі алақ-жұлақ етті. Ақан енді саңқылдап, тоқтамастан төпелей жөнелді:

— Шалқардың теріскей бетінде, жылқышылар қосында Бәтжан, Сұлтанмұрат, Ожымбай, Шәкей, Байбатырлармен бас қосқан сен емес пе ең, Нұртаза. Сол түні Сұлтанмұраттан басқасы тың, белді аттарды мініп барымтаға аттанды. Бәрі де құран ұстап, ауыздарынан шығармасқа қанмен, нанмен ант алды. Бәтжан сол жолда аттан құлап өлді. Оның өлігін сүйреткен торы ат үйірін тауып, сенің жылқыңа келіп еді, жылқышылар көріп қалған соң, кейінгі әңгімеден қашып, жұрт бетін Бәтжанға аударып, жаңылдырмаққа бурыл атын тұлдап, бір түнде үйіне апарып тастаттың. Бар болысты шатпақ-шатағыңа араластырып, Қылышбай үйіне жиылып, ертеңіне керей жігіттеріне дүре салдырдың. Ақыры, оязбен келісіп, Ожымбайларды әскермен алдырып, өзің тағы да бұғып қалдың. Істі Ақмолаға тайдыртып, параны аямай беріп, жаланы ұялмай төгіп, тез арада барымташыларды айдатып жібердің. Бұдан өткен қаскөйлік, бұдан өткен арсыздық...

— Оу, мына есептіреген неме, түс көрген шығар, мынау үйден қуасыңдар ма, әлде мен қуайын ба?! — деп Нұртаза дірілдеп, қалшылдап кетті. — Енді

мені былай қойып, оязға пәле салайын дедің бе? Мұныңды Коновалов естісе...

— Қой, Ақан шырақ, қисынсыз дүние.

— Тағы да екі елді арандатқың келген екен.

— Ел жаңа сабасына түсті ме дегенде, тағы қайдағы пәлені қайдан шығардың.

— Сол қыруар мал Нұртазаның жылқысында жүрсе, керейлердің көзі шығып кетіп пе көрмей, — деп, жұрт жамыраса сөйлеп кеткенде, Шыңғыс қана қолын көтеріп тоқтатты:

— Айтсын. Неге тыңдамайсыңдар?

— Мынау шынында да қызық екен, — деп Жанбота да сұлтанды қостады.

— Қыруар малды жылқысына қосып қоятын Нұртаза барымтаны бүгін ғана жасап па, — деп Ақан болысқа тесіле қарады. — Ана Сүлеймен бір қос жылқы түгіл, ордалы жыланыңды бір күнде көзін тауып, есебін келтіріп сатып жіберетін әккі неме емес пе. Мал сіңді. Түменнен, Омбыдан, Қырым мен Қытайдан тауып аларсың. Екі ел тағы бүлінеді дейсіңдер. Керейдің де, қарауыл жуандарының да есебі түгел, несіне бүлінеді. Бүлінген ана сорлы жетімдердің ошағы, шаңырағы ортасына түсіп күйреген солар ғана.

Жоқ, Нұртаза, қатын болмасаң жасырынба, қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтер. Жігіттерді қайтарып ал. Бірлі-жарым малының сүмесіне қараған елдің бала-шағасының аузын ақтан қағып, салық салмағымен өз жазанды жеңілдетіп, өз қылымыңды бүркеп, саптаяқтың сабынан қарауыл қарап отырсың. Бетіңде титімдей қытығың болса, қайтарып бер жазықсыз елдің малын. Үйтпейді екенсің, қалған жасым сонымен құрыса да өзім түсем, ізденем. Әділдік болса жеңер. Патшаға дейін шағынамын. Қуамын. Сендей арсыздың мойнын жұлмай тоқтамаймын.

Нұртаза шыдамай, айқайды сала түрегелді:

— Шығарыңдар мына есуас шайқыны! Мені осыған шақырған екенсіңдер ғой! — деп атып тұрып, Ақанға ұмтылғанда аспалы жиырмасыншы шамның бірін Нұртаза төбесімен қағып өтті. Жерге домалап түсіп, пияласы сынған шамның оты жермайға тиіп лап еткенде, үй ішіндегілер опыр-топыр орнынан тұрып, өріп кетті. Кілем үсті лапылдап, лаулап жанып жатыр.

— Ойбай өрт!

— Сөндіріңдер, бүктеңдер!

— Қар әкеліңдер, қар, қар!

— Далаға алып шығыңдар, далаға! — деп оттан шегінгендер алыстан айқайлайды. Ауыз бөлмеден жүгіріп кірген жас малайлар отты аяғымен тепкілеп, енді бірі жалма-жан сырттан қар уыстап әкеп, шелектеп су құйып, жез құтысына дейін күйген шамды бір жігіт жалаңаш қолымен ұстап қарға лақтырып, опыр-топыр болды да қалды. Үй іші көк түтін. Бірді бір ажырату қиын.

Көп ұлықтың ортасынан еліне мұнмен аттанған Ақанды біраз жерге дейін жалғыз Мәмбетәлі ғана шығарып салды.

Таң қараңғысы сейіліп, бозамық тарта бастапты. Түнгі аяз сорған дала қары шыңылтырланып, ат тұяғының астында сықыр-сықыр етеді. Кешегідей емес, жел тұрыпты. Ағаш бауырында қарды ұйтқытқан болмашы боран, далада сырғыма бар.

— Ақан аға, — деді сәлден соң Мәмбетәлі, — сізді әдейі шықыртқан мен едім. Бекер болған екен. Одан да өзім барып сәлем бергенім дұрыс еді. Еркін отырып біраз мауқымды басатын ем. Қайдан ғана мына есірік, надандардың ортасына шақырдым. Кеше көрдіңіз, Ақан аға.

Ақан ат аяңымен тербеліп, қалғыған адамдай үнсіз келеді.

— Өз мекендеген тоғайынан алысты білмейтін, пыр етіп тобымен ұшып, тобымен қонатын шілдей ел азаматтарының алысқа қарап, шалғайды ұғатын кездері болар ма екен. Әлі де баяғы пысықтық. Әлі де өзін-өзі шалып, аз қулықтың, жылымысқы сұмдықтың төңірегінен аса алмай жүрген қарышсыз жандар. Омырауына знак тағып, қалтасына бармақтай мөр басқандарына мәз Нұртазалардың, менің ағаларымның түрі анау. Қит етсе баяғы барымта, ру-ру, жақ-жақ боп бірін-бірі талап жатқан әлімжеттік пен мағынасыз кек алу, мұқату, жерлеу. Ертеңгі тіршілігін, болашақ ұрпағының жайын ойлайтын бірі болсашы. Серілік сергелдеңімен жүріп, ел ішінің көң-қоқырынан сіз де шыға алмай, серпіліп салар әніңіз бен алты алашқа құлашыңызды еркін жаза алмай, басылып жүрсіз. Өзіңізге мәлім еді ғой, сөз дауымен, сырлы сөз, өткір тілмен бетінің терісі төрт елі, соры мен содыры бес елі шонжарлардың санасына ой дарыту инемен құдық қазғаннан ауыр. Несіне таусылып, несіне налыдыңыз?! Аюға намаз үйреткен таяқ. Бұларға тек таяқ қана батады. Әттең, таяқ ұстар қай азаматың бар. Мал сияқты жусаған жуас ел...

Мәмбетәлі енді әңгімені сотталған жігіттердің жайына бұрды. Ақанның ақылдасқысы келген шаруасы да осы еді, аттың аяңымен қатарласа отырып түнеукүні Қараөткелге барған сапарын, жолыққан адамдарын, көрген тауқыметін, қанша жүріп бос сенделіп, түк тындыра алмай келгенін, барымташы жігіттердің тез арада кісенделіп айдалғанын, түп-түгел қынжыла баяндады.

— Ел ішінде атымыз дардай болса да, мынадай іске келгенде қолымыздан ештеме келмейтін бейбақ екенбіз, — деп налыды.

Бар оқиғаны үнсіз, сабырмен тыңдаған Мәмбетәлі:

— Апыр-ай, бұл бір келмеске кеткен шаруа екен, Ақан аға, — деп үміт үзе сөйледі. — Жігіттердің аяғын жерге тигізбей, тез айдауына қарағанда бұған араласқан адамдар осал емес. Қылмысты адамдарды Сібірге айдау тез арада шешіле қоятын іс болмаса керек еді. Ондай іс кемінде жарты, не бір жылға дейін тексеріліп, соты ұзаққа созылса керек еді. Тегі ұзақ тексеріс, зерт жүргізсе, әлгі Нұртазалардың да арты ашылып, тіпті Көкшетау оязы Коноваловқа дейін бір ұшығы тиер еді. Оны бұлар да біліп отыр, жемі

мен жемтігі бар адамдар қараңғы елдің сауатсыздығын пайдаланып, заңды бұрмалаған екен. Бірақ заң дейтін әлі түз еліне деген қайбір жібі түзу заң бар. Бәрі заң ұстаған адамның билігінде тұрған жоқ па.

Ақан атының басын тежеді.

— Мәмбетәлі, шет жерде жат жұртты аралап, көп көріп, көп түйгенің бар жаңа қауымның басысың. Түсінемін. Сөзің орынды. Ашынған адам не істемейді. Кеше қиырға айдалған жігіттерді қол ұшын бере алмай, көзіммен аттандырып, қайырлы тілек тілегеннен басқаға дәрменім болмады. Халқыма қадірлі болғанымды қайтейін, соның басына күн туғанда арашашы боларға күші жоқ, дәрменсіз екенмін. Жаңа білдім, кеш ұқтым. Сенен бір тілеуім бар, бүгінгі күн ақ патшаға қараған күн. Петерборда, Омбыда өзің секілді оқымысты жастар бар, достарың бар, не қамқорлық жасай аласың. Бәрін жазайын, бәрін айтайын, тым құрымаса ана сорлы бейбақтарды елге қайтаруға әлің жете ме? Мені сыйласаң — осыған жәрдемдес.

— Сізге де, басқаға да жәрдемдесуге мен даярмын ғой, Ақан аға. Әйтпесе несіне оқу қуып алыста тентіреп жүр дейсіз. Әкем мен ағаларымның ойы белгілі. Ел жинап, тамақ берулерінде де есеп бар — өз қара бастары үшін ғана алысты болжайтын жандар ғой. Оларға да не кінә? Менің ойым да, мақсатым да бөлек, илансаңыз, өттең, қиырға енді ұша алмайтын қанатсыз құс сияқты, әлгі мөр ұстаған сауатсыз надандардың ауқымында жүретін шығармын.

— Қалайша?! — Ақан тіксініп қалды.

— Оны кейін ұға жатарсыз. Естірсіз де. Той жасап мәз болған әкем де әлі білмейді. Оны кейін айтармын, ұзақ әңгіме. Ал, жаңа өзіңіз айтқандай, патшаға бағынған заман қазір. Бұрынғы билер билігімен шешер шариғат жолы дегендер кесілген. Оны өзіңіз де білесіз. Жаңа заң, жаңа билік бар. Қолымнан келгенше жәрдемдесемін. Ақан аға, өзіңіздей көріңіз. Жақында ауылыңызға барып қайтам. Сөйлесеміз, ақылдасамыз... Асқынып біткен шаруа екен. Қарға қарғаның көзін шұқыр дейсіз бе. Дегенмен көрерміз...

Мәмбетәлі қоштасып, кері бұрылды. Жалғызсырап қалған Ақан көзі ашық Мәмбетәлінің сөздерін дәтке қуат санап, ұзақ оймен келеді. Маңында үйірлі жылқыдай топтанып, сауық-сайранмен жастық қызығын өткізген басқа жігіттердей емес, жас та болса, тоқығаны көп Мәмбетәлінің сөзі бір бөлек тосын болмаса да, тереңнен тартады. Апыр-ай, осындай азаматтар көбейсе ғой. Білімдінің сөзі неге теріс болсын. Мынау ауыл төңірегінен аспайтын, әке-шешенің бауырындағы ұл емес, ел баласы, жұрт қамқоры болайын деп тұр екен. Өттең, жаңа бір түсініксіз, жұмбақ нәрселерді айтып кетті-ау. Қашан келер екен, қашан жеке отырып, қашан сырласар екенбіз...

Қалың тұман ойда келе жатқан Ақанның аты оқыс елең етті. Оң жақ қапталдағы қар жамылған ақ қайыңдар арасынан қараңғыдан әлдекімдер шыға келіп, қиқуды сала ұмтылды. Таң әлі ағармаған. Ала көлеңкеде салт аттыларды Ақан байқай да алмады, олардың ниеттерін де аңғармады. Көп аттың дүрсіліне қызып, жұла тартқан сары аттың тізгінін тежей бергенде, құлағына: «Сол, сол! Ақан, Ақан!» деген дауыстар ғана шалынған. Соңынан

ызғытып жете берген жат адамдар дырау қамшыларымен салып-салып өтті. Сері басын қорғаштап, ердің қасына еңкейіп, ат жалын құшақтап қалды. Тізгіні босаған сары ат ышқына шапты. Екі жағына қапталдай шығып, қаумалай қуғандар төпелеп ұрып келеді. Қынаға бояп тіктірген сәнді бүрме тон әуелде торс-торс етіп, қамшы білінбеп еді, енді білекті адамдардың күшіне шыдай алмай айырылып кетсе керек, Ақанның қыр арқасы, жауырыны тызылдап қоя берді. Жұқа құлын жарғақпен тыстаған төрт сай түлкі тымағына да қамшы жауып, басын көтертпей қойды.

Айыздары қанғанша төпелеген жат адамдар енді бір кезде сары аттың тізгінінен, шылбырынан тартып тоқтатты да, қоршап тұра қалды. Көзін тарс жұмған Ақан басын көтергенде қысқы дала бұлдырап, көз алды қарауытып, түк көрмеді.

— Әй, Ақан! — деп, кесе-көлденеңдей тұрған адам зірк еткенде барып бұлардың кім екенін білді. — Қазір жоқтауыңды асырып, мына тоғайдағы оппа қарға тығып кетсем, өлігіңді кім іздеп табар екен. Өлімтігіңді қасқыр жеп, сүйегіңді құрт тескенде барып табар тапса. Бірақ бір жолға тірі жіберем. Соңғы рет ескертемін, менің маңымнан жүріп, алдымнан шығуыңның алды-арты осы болсын. Менің қолым да, құрығым да ұзын, билігім де зор. Мына елді көрдің ғой. Қыңқ етсе түтіп жейді. Қыңсылаған дыбысыңды ешкім естімейді. Көр, көріп ал да, ойлан!

Намысқа булығып, қорлыққа күйген Ақан сібірлеп атқан таңда табақтай семіз беті қуара көрінген Нұртазаға ызалы үн қатты:

— Көрдім, көрдім, Нұртаза!.. Бірақ ел көргем жоқ. Өңкей ел итінің күшіктерін көріп тұрмын!

Сары аттың жүгенінің ауыздық тұсынан қымтай ұстаған еңгезердей жігіт төбеттей гүр етіп, қамшысын көтере беріп еді:

— Жарайды, жетеді. Ақылына келер! Ойлан, Ақан, ойлан! Қазан жақын, сенің былшылыңды ешкімнің ілтипатқа алмайтынына көзің жеткен шығар! Ескерткенім бұл! Жан керек болса, ойлан! — деді де, Нұртаза бір топ ұяластарын ертіп, қар боратып, шауып кете барды...

Қысқы дала тым-тырыс. Ақ қардың бетінде сарбас жыландарша ирелендеген алақаншық борасынның болмашы ысылынан бөтен дыбыс жоқ. Көздің қарашығын жапқан ақ шелдей жұқа перде бұлттың арасынан өлеу-сіреп көрінген бозамық ай да, маңайдағы түнжыраған тоғайлар да мидай далада екі аяқты адамдардың неге қырсыққанын білмейді. Бір-біріне сыбырлап айтар тіл де, жалғыз қалған адамды жұбатар үн де жоқ.

Алға жүрген сайын суықтан қалтырап денесі тоңази берді. Өрім-өрім боп айырылған тонның өн бойынан жел кеулеп келеді. Қамшы тиген жерлері суық өткен сайын аяз сорған қыраулы темірмен қарығандай тітіркенеді. Сері біресе зығыры қайнап, ызақор балаша өксіп-өксіп жылағысы келсе, біресе ит талағандай жұлым-жұлым мына түрі көз алдына елестегенде жынданған адамдай, айдаланы басына көтере қарқылдап күлгісі келеді. Бізадан, намыстан булыққан ақын көзіне жас үйірілді.

Ауыл-ауылды айналып өтіп, тасалана жортқан Ақан түс ауа үйінің алдына кеп түсіп жатқан. Үсті-басында сау тамтығы жоқ, өрім-өрім, жыртық киімді жолаушыны көрген келіні Уазипа «бұл қай қайыршы» дегендей тесіле қарап тұрды да, қайын ағасы жүзін бұрғанда барып, өз көзіне өзі сенбей сілейіп, үнсіз қалды. Ақан қасынан өте бергенде ғана аяныш білдіргендей жыламсырап:

— Сері аға, Басарала өлейін деп жатыр, — деді, қайын ағасының ұс-қынсыз киімінің жайын сұрауға бата алмай.

— Қайда? — деді көзі қанталаған Ақан. — Оған не бопты?!

— Шошалада жатыр. Қасқар талаған ба, бағана біреулер шанаға сап әкеп тастады.

— Әкем мен апам қалай?

— Бір қалыпты ғой.

Қазақы арбаның доғалағымен жапқан төбесіндегі шаңырақтай торлы тесіктен көмескі сәуле түскен шошала іші қара көлеңке. Сықырлауық есікті ашып, адам кіргенін сезген тұғырдағы томағалы бүркіт Қараторғай талпынып, қайрақ тұмсығын тақылдатты. Аңға салмай зеріккен әрі аш екі қаршыға да шошала бұрышында шиқылдап, дыбыс берді. Салқын жерде бүріскен жетім құстарына Ақан бұрынғыдай үн қатқан жоқ, қараңғыға көзі үйренгесін барып қақ ашаның түбінде, бір қолтық шөп үстінде жатқан итін тауып алды. Бас салып Басараланы ұстаған Ақанның қолына қатқан қан білінді. Жылы алақанымен дір-дір етіп мұздап жатқан итінің тұла бойын сипалап еді, денесінде сау тамтық жоқ. Басарала жарасын ауырлағандай қыңсылаған болды. Құлағына дейін жырым-жырым, жерге төсеген басын көтере алмайды. Екі көзінің сорақы ағып, жұмылып қалыпты. Өлім халіне жеткен екен. Аттан түскесін бұрынғыдан бетер дірдектеген Ақан үстіндегі жыртық тонын шешіп, Басаралаға жапты. Жарасын ауыртпайын деп, абайлап қымтап отырып итімен іштей сөйлесті: «Қайран, Басаралам, ажалың шынымен жеткені ме? Бекер-ақ сені алып шыққан екем. Ажалыңнан бұрын өлетін болдың-ау. Өлімтігіңді көрсетпей, жапанда жалғыз өлгің келді ме?.. Жарайды, Басаралам, сенің жауың — дала бөрісі. Жауыңмен соңғы рет беріспей алысқан екенсің. Жарайды, арманың жоқ. Мына мен ғой... Мен... ауыл иттеріне таланып келген...»

Шошаланың есігі ашылып, біреу кірді ішке.

— Ақан! — деді жүрелеген серінің ту сыртынан. Мұхамметтің дауысы. «Апыр-ай, аға деуші еді, мұнысы несі, бадырайтып атын айтқаны?» — Жетті ғой, ит-құстан басқаны көремісің осы!

Ақан мойнын бұрып, інісіне қарады.

— Неменеге бажыраясың? Танымай отырсың ба? Әкем қысылып жатыр, таста әрмен итті.

Ақан белін жазды: «Апыр-ай, жай айтса да болатын еді ғой». Ақан тұңғыш рет інісіне жасқаншақтап қарады.

Мұхамметтің жүзінде туыстық белгіден титімдей нышан жоқ. Жүзі сұрланып, тістеніп тұр екен.

Тақыр қоян Патша тұяғы

«Петербордан шафхатты сенат келсе,
Патшадан жарлық алып, құдай қалап.
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
Ол мейірбан ер болса, ұялмай-ақ.
«Қойдан қоңыр не қылған халық ед» — деп,
Көз жасын қайтар еді тыя алмай-ақ».

Ақан сері

1

— Алла, Алла, атама, Ақан! Мынауың сұмдық қой. Ел естімесін мұныңды. — Мұхамметтің көзі шарасынан шыққанда, Рамазан да жағасын ұстады:

— Қойыңыз, Ақан аға! Мұныңызды мен де құптамаймын.

— Масқара-ай, енді Қараталдың маңынан тірі мұсылман жүрмесін дегенің бе?! — Жұртты былай да бездіріп болғанымыз аз ба еді!

— Суәл айтып әке-шешенің басын қайта көтерем дегеніңе қарсылық жоқ, ал мынадан соң... Алла, Алла!

— Иә, мынадан соң әке-шешенің бейітіне келіп аят оқудан қаламыз ғой, — деп, тілі күрмелгендей, «Аллалап» отырып қалған ағасымен Рамазан қосыла сарнады. — Қайдағы жоқ ырымды бастай беретінін не?..

— Жарайды, жетті! — деп Ақан екі інісін тиып тастады. — Сендер-ақ ырымшыл бола қалады екенсіңдер жоқ жерде. Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ.

— Сонда қазақ шебері құрып қалып па? Орыс мәскүрі деген не сұмдық!

— Сенің қай қазағың, қай шеберің бар жұлқынып шығар?

— Не көп, шебер көп елде, өзім-ақ тауып берейін қиналсаң. Ақысын берсең, боқысын шығарады.

— Асар салсақ та болмай ма?

— Білем сендердің шеберлерің мен асарларыңды. Қазақ шебері ырығалып-жырғалып, бір күн істеп, он күн қыдырып, қайда той, қайда жа-

наза, соны сағалап жүргенде етегінен қуып ұстай алмасын дейсіңдер ғой. Асарыңды да білем, бір күн ет пен қымызға тойып, қиқитып-шиқитып Қожанасырдың бейітінше қалқитып кететінін де білем. Орыс халқы ісмер халық, оның үстіне жұмысқа тындырымды. Қашан аяқтағанша тыным таппайтын шаруақор халық. Маған істің тез біткені керек.

— Жарайды онда. Ертең әке-шешеміздің жылы жеткенде ас бермейтін шығармыз, — деп Мұхаммет Ақанға көзін сығырайта кекесінмен қарады.

— Неге бермейміз, береміз. Керек десе, сауын айтамыз елге.

Мұхаммет ызамен тарқылдап күлді. Рамазан да зығырланып қосыла күлді.

— Кәпірлер зират салады, оған мұсылмандар келіп аят оқиды, табылған ақыл! — Мұхаммет сөзін қостап, Рамазан да бас изеді. Екеуі тағы да қосыла күлді.

— Орыс қолынан жұғып қалатын ештеме жоқ. Аят оқимын дейтіндер оқиды, оқымаса сол дүмше моллаларға зар емеспін. Өлгеннің атын шығаратын төгіп-шашар ас емес, басына қояр белгі. Маған белгі болар жібі түзу зират керек, шалдыр-шатпақ аят емес!

— Алла, Алла, — деп Ақанның қайтпасына көзі жеткен Мұхаммет орнынан тұра берді. — Енді өмір бақи ата-анамыздың басына келе алмайтын болдық қой. Сыртынан бата қайырып жүрерміз. Алла, Алла, мына ісіңе біздің араласуымыз жоқ. Айтпады деме. Ақан, аруақтар бұған риза емес, мұның арты жақсылық болса жарар еді, құдай-ай, бала-шағадан, мал-бас-тан аулақ!

— Ендігі жетпегені аруақтарды мазақ ету еді, — десіп, екі іні үйден тұлданып шыға берді...

Үш ағайынды адамдардың арасындағы сөз Қорамса мен Жаңылдың зираты жөнінде еді. Өткен қыста бір-бірінің арасына он үш күннен салып, екеуі о дүниеге мәңгі сапар шеккен. Мұсылман рәсімімен жиналған азашылар қақаған суықта қатты жерден көр қазып, екеуін де қатар жерлеп, ағаш шарбақпен қоршап, бастарын бекіткен.

Көктем шыға Ақан қазақша Пышнай, орысша Пышный деген шағын хутордан сақалдары қауғадай төрт мұжықты әкеліп, Сұлтанмұраттың әкесі Байбосынды бас қылып, бейіт салуға жалдады. Қазақ ауылдарына әлі үйренісіп, сіңісе қоймаған переселендер алғаш тайқақсып, сырғақтап еді, Ақан сері әкесінен қалған көп ақшаның ұшығын көрсеткен соң, қуана тұрып келіскен. Өздері де ісмер екен. Қараталдың оқтай түзу қалың қарағайынан құлатып бір үйге жетерлік ағаш дайындады. Биылғы жылдың басы ыстықпен басталған. Шыжыған күнде тез кепкен қарағайды орынорнында дайындап, әрқайсысының қиын келтіре белгілеп, арасында өз өгіз арбаларымен Айыртаудан қайрақ тас тасыды. Тастың да түр-түрін танитын көзі қарақты адамдар екен. Екі құлыптасты мәрмөрдан қашап, бейіт тұғырын бір жарым кез тастан қалады. Зират жобасы Байбосынның түсіндіруімен тұрды. Сүмбідей қарағайларды қара маймен майлап, байластырып, сыртын өрнекті тақтайшалармен оюлап, қаптап, қашан күмбезін

көтеріп, қызыл-жасыл сырмен сырлап бітіргенше бүкіл ел де құлақтанып болған. Суәл айтып көтертем деп, ескі шарбақтың орнына қондырған жаңа бейіт біткенде аят оқыр молла да шықпады. Он жеті кез зиратты сонадайдан көрген, алыстан көзі шалған бөтен елдің адамдары қарауға сескеніп, алақанын жайып аят оқу орнына, бетін басып өтетін халге душар болған.

Бұл кезде Көкшетау уезінің адамдары ұлы дүрбелең үстінде, ауыл-ауыл бір-біріне шапқыншылап, өзді-өзі әбігер болып, сапырылысып жатқан. Биыл күзде болады деген сайлау жазда өтпекші. Екі ай бойы болыстар мен олардың ағайындарында, болыстықтан дәмелі атқамінерлер мен билік айтар жас, кәрі билерде, тіпті ауылнайларда маза жоқ. Ел ішінде неше түрлі өсек-аяңды аңыздай сапырып, сабылып жүр. Бірді-бір мақтап, бірді-бір даттап жүрген кез.

Ел құлағы елу: «Мезгілге Сүтемгеннің тұқымы Шалабай болыс болады екен. Онымен шар таласына түсетін кісі Зікірия дейді. Ол әшейін қулық көрінеді. Ояз Қанабал Шалабайдан параны өкіртіп алса керек. Оның болыс боларына шәк жоқ деседі. Ең қызығы Мезгілдің біраз жерін Шалқар болысына кесіп береді. Ақан елі соған қарайды екен. Нұртаза осы Шалқарға болыстыққа Бегалының Жанботасымен шар таласына түседі. Ол екеуінің қайсы жеңері мәлімсіз. Екеуінің де соңына ерткен елі, аузын алған ұлықтары көп деседі».

Сайлауға екі-үш күн қалған.

Көптен ел-жұрттан қол үзіп, әке-шешесінің өлімімен қара жамылып жүрген Ақан сері енді осы тұста үйде жата алмады. Кеше ғана жұртты зар жылатқан Нұртаза тағы да болыс болса, ел үстіне кемі төрт жыл қамшы ойнатар жуандығын ойлағанда аласұрып атқа қонған. Қасына Байбосын қартты ертіп, күмбезіндегі айы күн сәулесімен шағылысқан төрт құлақты биік зиратты, Қараталды артқа тастап Айыртаудың қос өркешіне қарай ұзай берді...

Қолмен жиған жүктеі десте-десте қаланған сұлу тастарының арасымен бүлкілдеп бұлақ аққан Айыртаудың етегіндегі Шалқар көлі басқа көлдерден ерекше. Шалқар десең шалқардай шалқая көсілген кең, терең көл көгілдір тауды алыстан орап, қолтығына қысып жатқан ақ жойқын дария. Осы көлдің терістік жақ жайпақ жағалауына иық түйістіре киіз үйлер тігілгелі он шақты күн болған.

Қазіргі ақ, қоңыр үйлер жайлауға жаңа шыққан іргелі ауылдардан кем емес. Күні-түні әр үйдің алдындағы жерошақтан от кетпей, тымық ауада ширатылған көк түтін бар жұрттың ұлы жабдығын әйгілегендей, алыстан қол бұлғап, қонақжай елдің ниетін сездіргендей. Сапырылысып сабылған атты, жаяулы ауыл адамдары, күнде сойылған мал.

Бұдан екі күн бұрын қасында урядник, землемер, жандармдары бар ояз келіп, Коновалов Шалабай тіктірген үйде жатыр. Енді екі күннен соң осы арада үш болыстың сайлауы басталмақ. Бұрынғы би, ауылнайлардың көбінде зәре жоқ. Ұйқы-күлкіден қалып, көрінгеннің аузына, аужайына қарасып, әр ел, әр ауылдың бетке ұстар ақсақал, қарасақалдарының ау-

зын ашып, қонақ күтіп зыр қағады. Болыстар ішінде қылкөпірде тұрған Нұртаза.

Күнде әр үйде бөлек-бөлек бас қосып, әр ру, әр ағайын кімге шар салудың әңгімесін жасырын сөз етіп, гуілдесіп жатқан кез.

Осылардан бөлек оқшауырақ бір топ адам күнде жаңа ауыл сыртындағы «Ақ балақ» атанған қалың қайың ортасындағы кең отауға жиналып, өзінше кеп тартатын. Күнде адам қарасы қалыңдап, аз топ үлкен топқа, аз жиын үлкен жиынға айнала бастаған. Алдында бір рудың аз шоғыры келе-келе көп рудың мол шоғырына қосылған. Бұлар Есенбай руының кедей-кепшік жатақтары еді, кейінде атығай-қарауылдың бүкіл жатақтары осы тұста бас қосып, бар елдің назарын өздеріне аударғандай еді. Енді бұлардың ішіне әр болыстың атқамінерлері де ұрлана кіріп, қалың елге араласып, жұрт сөзі бөтуалы сөзден даулы, даурықпалы айғайға ауыса бастаған.

Бүгін де күн ыстығы қайта, көлеңкелі қайың ортасына жиналған адам қара құрым тартады. Бәрі де иін тіресе молдасоқынып, отау құра айнала отырған. Ортадағы алаңға сыймағандар ағаш бауырында ұйлығып, сырттан келер адам болса ішке сыналап өте алмайтындай бекітіп тастаған. Күреске шығатындай білектерін түре, ортаға шыққан сөзуар шешендер бірінен соң бірі сөз жарыстырып, тіл безесіп жатқанда Ақан сері мен Байбосын қарт та жетіп еді.

Ортада Көбен би сөйлеп тұр. Бұл — Нұртазаның жақтасы. Шешен тілімен ұзақ майдалап, болысты ұзақ мақтаған Көбен би ақыры өзінің әпербақан мінезіне ауысты:

— Ей, атығай-қарауылдың баласы! Бар таластарың шар таласы екен. Бұған да жиналу, топталу керек пе екен. Әркім өз қалауын, өз жүрегінің әмірін орындаса керек. Осылай бөлініп, осылай жарылуды кім бастады. Ел ішін бүлдіріп, жоқ жерде айтыс, дау туғызып жүрген қайсың барсың? Кәне, көрінші көзімізге, — деп қалың топты айнала сүзгенде, жұрт төмен қарап, ешкім ләм демеді. — Солай ма, мен бар деп жұлынып шығар жігерің, қарсы тұрар жүрегің болмаса, несіне осынша топ құрасыңдар? Ана ояз бұларыңды құп алмаса керек, егер қалған аз күнде бұлай жиналатын болсаңдар, айтпады демеңдер, ендігі керді ақ патшаның заңынан тартасыңдар. Сайлайтындарың атығай-қарауылдың баласы екен. Оның бір-бірінен не айырмасы, не алалығы бар. Ертең болар болыс хукіметтің істе деген ісін, ақ патшаның бұйрығын орындайды. Жанынан шығарар тәртіп, заң, салық бар деп отырмысыңдар? Нұртазаның болыстығынан не кемістігін көріп, не азап шектіңдер. Қатықтай ұйып отырған елді тағы да партияшылыққа жетелеп, тағы да елді жік-жікке бөліп, жамандық екен адам өз зауалын тартар. Мына әдетті қайдан бастадыңдар? Бүлдіріп жүрген адам болса көрінсін көзімізге. Әйтпесе, тараңдар.

— Иә, сөздің жөні осы!

— Бұлай бас қосқан деген не сұмдық!

— Кім екен өзі? Бір бүлдіруші бар ғой, — дескен әдейі сайланып келген адамдардың даусы түс-тұстан естіліп қалды.

Көбен би бастаған біраз адамдар орындарынан қопандай тұра бастағанда, жатақтар жағы қозғала қоймады. Қарсы айтар сөздері де таусылғандай, өзді-өзі күбірлесіп кетті.

Сөз сыңайын бірден ұққан Ақан сері ортадағылардың сөзіне қарап үнсіз ұйыған ағаш тасасындағы адамдарды қолымен қағып ортаға үмтыла беріп, тоқталып қалды.

— Оу, ағайын, менің айтар бір сөзім бар, — деп, қалың адамның ішінен Мұхаммет тұрып, жолындағылардың аяғынан, иығынан аттай-маттай ортаға беттеген. Ақан інісінің мына қимылына таңырқап тұр. «Бұл не айтар екен, кімді жақтап сөйлейін деп барады. Әлде әкейге тұрғызған зират жайын айтып, көп алдында мені масқараламақ па? Япырым-ай, бірдемені бүлдірмесе игі етті!» Мұндайда сөзге араласып, топқа түспеген Мұхамметтің аяқ астынан бұлайша көтерілгеніне Ақан шынымен қайран. Көбен би мен бір-екі ауылнайдың сес көрсеткен сөзінен жасқанып, салы суға кеткендей төменшік тартып үнсіз отырып қалған шоқпыт киімді жатақтар да бастарын көтерісіп, Мұхамметке қарасты. Мұхамметтің үні тура Ақан үніндей қуатты еді. Ортаға шыға саңқ етті. Жұрт сілтідей тынды.

— Ағайындар, жұрым, бәріңнің басың бұлай қосыла бермес. Осы арада екі болыстың біраз адамдары отырсыңдар. Мен сайлау жайын айтайын деп тұрғам жоқ. Кімді ертең болыс сайлайсыңдар, оның маған келіп-кетері шамалы. Менің айтарым басқа.

Жаңа бұл арадан кетуге қозғалғандар орындарына қайтадан жайғасып, бір-бірімен күбірлескендер Мұхамметтің не айтарына таңданып, құлақтарын түрді. Тек біраз адамдар ғана өз-өздерінен қуыстанып, жер шұқып отыр еді.

— Өздеріңе мағлұм, ата-анамыз дүние салғалы біраз уақыт өтті. Тірі адам тіршілігін жасайды. Биыл сауын айтып, жылын бермекпіз! — деді Мұхаммет қалың жұртқа айнала қарап.

— Е, басын дұрыстап көтертіпсіңдер, қайырлы болсын, — деп алыстан біреу мысқылмен айғайлап еді.

— Енді құран көтертпей, інжіл аудартатын шығарсыңдар, — деп сол тұстан біреу қақпақылдап, біраз адам қосыла күлді.

Ақан қанша зығыры қайнаса да, сөздің артын бақты.

— Оу, ағайын, кейін қылжақтаса жатармыз, — деп ашулы сөйлеген Мұхаммет бешпентінің қалтасына қолын салды. — Әкей көзінің тірісінде елдің қажетіне жарап, керек-жарақпен жұрттың көңілінен шыққаны бәріңе мәлім. Бар дүниесін қарызға таратып, соны кейін жинай алмай жүретін сопы адам еді. Соңғы өлер алдында беріп кеткен қағазы мынау. Осында бәрі қатталған. Алды бес жыл, соңы екі жылға дейін қарызын өтемеген берешектер бар екен. Олар енді көрде жатқан марқұм алдында да, Құдай алдында да күнәһар!

Жұрт қозғалып, жөткірініп, сыбырласа бастады.

— Биыл ас бергенде сол адамдар марқұм алдында күнәдан арылғысы келсе, ертең өлгенде ақыретімнен жыртып алсын демесе, тезірек қарыз-

дарын Қараталға жеткізсін. Бас-бастарыңның соңынан салпақтап, тенті-рер жайым жоқ. Ұяттарың, мұсылманшылықтарың болса, тез жеткізіндер. Ал тыңдаңдар, танып кетпессіңдер, — деп Мұхаммет қолындағы бір топ қағаздағы көп тізімді ежелеп оқи бастады. Осы арада Ақан шыдай алмай, алға ұмтылған. — Жетпісұлы Қасиман үш кез барқыт, үш кез сәтен, бір тарақ алған. Оспанханұлы Байтері бір қадақ мейіз, шақпақ қант, төрт кез сиса. Жантілеуұлы Омар екі қой, бір ешкі берешек, Сасықұлы Садық үш кез ши барқыт, екі ұлтан, бір кірпіш шай алған, Жаппарұлы Айжан үш қадақ жүн, бір қой берешек, Жайлауұлы Сандыбай екі кір сабын, бір иіс сабын, үш кез ләстік, бір тарақ, Жарасқанұлы...

Қағадан көзін алмай ежелеген Мұхамметтің дауысы осы арада үзілді. Отырған жұртты баса-көктең өтіп, ту сыртынан келген Ақан інісінің қолынан будыраған қағазды жұлып алды.

— Әй, — деп жалт қараған Мұхаммет қызарақтап, ағасына не дерін білмей сасқалақтады.

— Бар, қалғанын мен естіртемін, — деп зекірген сері өзіне тіке қарап, оқты көзін қадағанда:

— Жарайды, жарайды, — дегеннен бөтен жауап қайырмай, топ арасына жылыстап, шетке шыға берді.

Ойда жоқ жерден бір шек қасқырша тұтқиылдан тап болған Ақаннан Нұртазаның жансыздары секем алып қалды. Қыстай үнсіз жатып, тап мына сайлау тұсында, көбік қарды күткен сонаршыдай, жарқ еткен Ақанның келісін жақсылыққа жорымады. Егер Ақан сөйлесе, ел сүйіктісі ақын сөйлесе, қанша көңілдері суыды десе де, мына көп тобыр, көп жатақтың тең жарымы оның соңынан атойлап еріп, далақтап кете барары хақ. Онда қыс бойы әзірлеп, соңғы күндері аузы-басына параны аямай тықпалаған қайсыбір атқамінерлер де айнып шыға келуі ықтимал, үйтпеген күнде де, әйтеуір есіл еңбектің далаға кетер қаупі тап қыл кеңірдекке тақағандай. Осыны сезген Көбен би қасындағы қожа, моллаларға, Нұртазаның алыс-жұрағаттарына қарап, көзімен ұғысқандай болды да, өрттей айтпай жеткен мына жаудың алдына қарғаша салып, мұсылман қауымын одан бездіріп алмақ ниетке басты.

— Ау, Ақан, — деп Көбен би алыстан айғай салды. — Бүгін ағайынды екеуің түстеріңнен шошығаннан саумысыңдар? Қалың қауым ұлы сыяз алдында, мереке күтіп отырғанда қайдағы қарызды айтатындарың не? Жан алғышпысыңдар, немене? Елге сенбейтіндерің бар... ел бетіне топырақ шашпаңдар. Көпірлерді жалдап зират салдырып жатыр деген, қаражатты ел үстінен жинағыларың келген екен.

— Иә, жамиғат, Қараталдың маңы енді харам, Қорамса зиратына барар адам да харамданбақ, Ақан, сенің де тұла бойың харам! — деп Шәмбіл қожа зіркілдеп еді.

— Өзің де, сөзің де харам! — деп Ғұбайдолла молла да қостады.

Ақан сері әрқайсысының сөзіне зейін қойғандай тыңдап, тісі ақсия күліп тұр. Жаңағы Мұхаммет айтқан қарыздар мойындарынан басқандай,

иықтары салбыраған көп жатақтар аяқ астынан бөрінің артынша шулаған Нұртаза тобына бір, серіге бір жалтақтап қарай береді.

— Енді Ақан сөйлесін, өзі берсін жауабын, — деп Байбосын тұрған қайың бауырынан әлдекімнің өктем үні шыққанда барып, жұрт гүлдей жөнелді.

— Иә, айтсын!

— Қорекеңнің моласын неге қорлаған екен?

— Шуламаңдар!

— Сөйлесін!

— Қақпаңдар, сөйлесін! — деп, есенбайлықтар мен Барақбай жігіттері орындарынан тұрып кете жаздады.

Ақан қағаз ұстаған қолын көтерді:

— Тағы қояр сауалдарың бар ма?

Ешкім үндемеді.

— Ендеше, мен сауал қояйын. Даурықпаңдар. Осында, көл қорыған қызғызша, менің келуімді ұнатпай шар еткен ана бір топтың ниетін де білем. Белін күдірейтіп, сес көрсетіп шарылдайтын ондай сасық мысықтар әр ауылда бар.

— Олай жалтарма, Ақан, — деді тағы да Ғұбайдолла.

Ақан тісі ақсыппай қайта күлді де, оның өзіне сауал қойды.

— Моллеке, осыдан екі жыл бұрын-ау деймін, ұмытпасам, сіз Қараталға келіп, әкеймен бірге қара моншаға түстіңіз.

— Иә, онда тұрған не бар, тазалық һәм таһарат...

— Сонда да не дегеніңіз есіңізде ме... Ұмытып қалсаңыз, мен есіңізге салайын: «Шірікін-ай, мынау — бұл дүниенің жұмағы екен, осындай рақат дүниені салып, елге жаңалық әкелген адамға Құдайдың рақметі жаусын, нұрына бөленсін» деп кете-кеткенше біздің әкейге бата беруден танбап едіңіз.

— Иә, ол рас! Әкең марқұм...

— Ендеше сіз де сол моншадан бусанып, харам болып шыққансыз.

— Астағфиралла, не дейді, Жаппар ием!

— Иә, иә. Ол моншаны Пышнайдың орыс мұжықтары салған. Енді сіз де көпір қауымының буымен бусанған адамсыз! Алланың нұрын соларға төккенсіз аямай!

Жұрт ду күлді.

— Ол монша ғой, мола емес қой. Оның дінге не қатысы бар? — деп, Көбен жақтан тағы біреу айғайлап еді, Ақан жымиған, күлген жүзін өзгертіп, байсалды жауап берді:

— Сонау жылдары Ақ патшаның құзырына ілігіп, алдын көріп қайтқан қазақтың игі жақсылары Петербордағы зәулім мешітке күнде барып, намаз оқып, дәрет алғандарын жыр ғып келіп еді. Бүкіл шығыстан барған керуенші мұсылмандар да сол ғажайып ғимаратқа барып, маңдайларымен тас еденіне жығылып, сәждеге бас ұрады екен. Оны да салған орыстар.

Жұрт тағы да гүлдесіп кетті:

- Рас-ау!
- Солай екен-ау!
- Мына қара!
- Жөн-ау, жөн сөз!..

Ақан енді Көбен жаққа түйіле қарап түйдектей жөнелді.

— Егер харам болса, от басым, алтын ұям деп отырған ана Нұртазаның, Сүтемген балаларының, Жанботаның, Азынабайдың, Тастанның қарағай үйлерін қай мұсылман салыпты. Айыртау, Сандықтау, Қотыркөл, Зерендінің казак-орыстары мен әрісі Ақмола, берісі Пышнайдың мұжық переселендері емес пе еді жалданған. Іргеңе қонған бөтен елдің өнері мен іскерлігінен үйренем десе, қараңғы елдің етегінен басып жібермей, өлімді жерде семіріп, иығынан баса бергенше неге бір желпінбейсіңдер. Орыс қамығы мен шиясын атыңа салып, трашпенкесіне мініп, шіренгенде сондайсыңдар, енді Қорамсаның зиратынан харамдық көре қалған екенсіңдер. Сендерге салса, ас ішіп, аяқ босатып, жыртыс-жырыммен қалта томпитып, өлген адаммен жер томпайта саласыңдар. Жо-оқ, сендердей арам ауыз молдаларға адал асымды малшылатып рәсуалағанша, адал еңбегімен ақшасын алар орыс мұжығына күнім түссе болмай ма.

Көбен мен екі-үш молла жібек шапандарының салақтаған жеңдерін сілтесіп, «бұған дауа жоқ, жөпшендіге көніп, сөзге тоқтар Ақан бола ма?», «тіл өзімдікі деп безей береді», «тіл мен жақ» десіп, серіге сырттай кіжініп, беттерін бұра берген.

Ақан сері көптен бүкіл Көкшетау еліне тарап, бетіне шіркеу болып жүрген зират жайын мына жиынға түсіндіріп, арылғанына іштей қуана тұрып, оларға тағы да айғай салды:

— Оу, Көбеке, қайда асығасыз? Оу, молдалар, жаңа мына қарыз жайын сұрап едіңіздер ғой. Тоқтаңыздар, айтайын, — дегенде, аналар бөгеліп, көздері шарасынан шықты, қалың жұрт та селк етісіп, бір сұмдық көргендей дауыстары шығып кетті. Ақан қолындағы қарызшылардың есімі, есебі жазылған қалың, көп қағазды дар-дар айырып, екі уысымен жұмарлап, домалақтап лақтырып жіберді. Жұрт тағы да сілтідей тынған.

— Қалтаңда шақпағың болса, андағы қағаздарды жағып жібер, — деді Ақан домалақ қағаз тізесіне түскен бір жігітке қарап.

Жұрт Ақанның бұл қимылына түк түсінбеді. Тек Көбен би ғана арамды сұмдығына басып, маңындағыларға күбір етті.

— Ә-ә, Ақан енді тілмен ғана емес, пұлмен де мына қара қауымды сатып алмаққа тұр. Қара да тұр, қазір енді найзасын кімге жұмсарын. Кетпейік, күтейік сөз артын.

Ақан сері де Көбен бидің көлденең ойын дәл түсінгендей, жатақтарға айнала шола қарап алды да:

— Ал, ағайын, кімдекім әкейден дүние-зат, ол-пұл алып қарыздар болса, кешірімді! — деп, Мұхаммет кеткен жаққа қарады. Мұхамметтің қасында Рамазан да тұр екен. Екеуінің де өңі келмей, долырып, күйіп тұр еді. Ағалары қарағанда ұнатпай, сырт айналып, ағаш арасына қарай

сүңги беріп еді. Ақан Рамазанды тоқтатып алды. — Әй, Рамазан, тұра тұр. Сіздерге бұл қарызды кешіруші мен емес. Мен бар болғаны әке аманатын орындаушымын. Әлгі Мұхаммет жоқ еді (Ақан оны ұялтпайын деп, әдейі арашалады). Рамазан болатын. Солай емес пе, Рамазан! (Рамазан салғырт қана бас изеп, жыларманға келіп бұрылып кетті.) Әкем марқұм өлерінен бір ай бұрын бізге енші бөліп, әлгі қарыздарды ешкімнен алмаңдар, өздеріне айтыңдар, бәрін кештім деп еді.

Жұрт тағы да гу ете қалды. Қолы қысқа жандар қуанысып, кейбірінің көзіне жас үйірілді.

— Жарықтық-ай!

— Топырағы торқа болсын!

— Апырым-ай, қаншама пұлды кешкені-ай!

— Туһ, мынау бір арқаны кеңітер жақсылық болды-ай! Жатқан жерің кең болғыр!

— Ой, жарықтық, о дүниеде жұмақтың төрінен кетпе!

— Қашан өтегенше бетімнен отым шығып жүруші ем.

— Оу, мен үш рет қарыз алдым-ай.

— Не деген кең адам еді, топырағың торқа болғыр!

— Құдай да жақсыны қоя ма, — дескен, Қорамса атына жаудырған алғыстар қалың нөпірдің әр тұсынан естіле беріп араның ұясынша гуілдеп, ұзақ уақытқа дейін бір-бірімен бас шұлғыса сөйлесіп кетті.

Жұрт алдында табалағандай ағасының қылығына намыстанып, өлердей ренжіп әрі қаншама байлықтың табан астында қалғандай болғанына іштері күйген Мұхаммет пен Рамазан аттарына қонып, сайлауды тастап, сол кеште Қараталға бет бұрды.

— Ойпырым-ой, мынау Ақан серің зымияндықты да үйрене бастаған екен. Болыстардың қыстай шапқылап шашқан дүниесін дәл дер кезінде, көзімізді бақырайтып тұрып шаша салды-ай. Енді қара да тұр, Нұртазадан ала алмай жүрген өшін осы арада қайтармаса, маған туһ бетіңде деңдер, айтпады демеңдер, — деп Көбен би өз тобына қарап, аузын жиғанша болған жоқ, Ақан даусы тағы да саңқ етті.

— Ал, жарандар, сабыр, сабыр, — дегенде жұрт бір адамдай тына қалды. Күн еңкейіп көлеңке басын ұзарта бастаған. Ағаш көлеңкесіндегілер мойындарын соза, қайсыбірі жүгіне отырып, ақын даусына құлақ түрді. Күнге қараған беттегілер маңдайларына алақандарын қойып, әлдебір жақсы сөз айтыларын сезгендей, үнсіз жұтына түсті. Маңдайдағы тұсаулы, өрелі аттардың пысқырған үніне дейін анық естіледі. — Мен осында зират жайын баяндайын, не марқұм әкенің аманатын айтайын деп келген жоқпын. Болыс сайлауында орталарыңда болуға келдім. Жаңа Нұртаза болыстың төңірегінде қаншама дау айтылды. Шет жағасын ғана естіп қалдым. Көбен би Нұртазаға шаң жұқтырмай сөйледі. Әрине, қарға қарғаның көзін шұқи ма. Егер әңгімелерің ертең шар таласына кімді сайламаққа тірелсе, менің бір-ақ сауалым бар. Нұртазаның тағы да болыс болуын қалайсыңдар ма?

Ақан жан-жағына қарады. Отырғандар ойланып қалды.

— Оны әркім өзі шешпей ме, талқыға салатын не бар, — деп Көбен би алыстан тыныштықты бұзып еді, орта тұстан біреу:

— Бізге кімнің болыс болғанынан келер-кетер бар ма, — деп сүлесөк жауап беріп еді, әр тұстан болжыр дауыстар естілді.

— Қай болыс жетістіріпті.

— Кім болса, о болсын.

— Нұртазадан басқа біреу сайланса, айдарымыздан жел есер деймісің.

— Өзі сайлауы не де болса тез бітсе екен.

— Естіген шығарсың, Ақан, ел үшін бәрібір, дұрыс айтады. Жүріңдер, кеттік, енді не тұрыс, — деп Көбен би қасындағы өз тобымен дүрілдей бұрылып, ауылға беттеді.

Ақан әлі үнсіз тұр. Көптің ара-арасынан қадау-қадау бірлі-жарым адам орнынан тұрып, жұрмекке айналды. Көпшілігі әлі отыр. Көбендер ұзай бергенде, сері қайта бастады сөзді.

— Оу, қашанғы осынша ынжық боласың, жұртым! Сендерді ұлықтардың көзіне ілетін күні бүгін. Ертең сайлау біткен соң адам қатарына қосар ма. Ендеше өздеріңді бір мезгіл ойламайсыңдар ма, сендер де ұрпақ жайып, ел болып, күн көріп отырған азамат емессіңдер ме? Қашанғы бұға бересіңдер? Бұрынғысын айтпағанда, күні кеше керей мен атығай-қарауыл арасына от тастап, екі елді араздастырып, жауластырып қойған Нұртаза емес пе?! Керейдің қыруар малын айдатып алып, ақыры бөріңе төлетіп, айып-айбана салған Нұртаза емес пе? Әй, мына жақта Қантай ауылының Есенбайлары отырсыңдар. Кеше қыс ішінде тыр жалаңаш дірдектегіп жігіттеріңе дүре салып, соғымдарыңа дейін тартып әкеткен Қанбалдың стражниктері мен Нұртазаның ауылнай, поштабайлары емес пе?! Ана Көктеректің жандары, Бәтжанның жаназасын да шығара алмай, қазан-ошақтарың тебіліп, алдың соққыға жығылып, ауылың ойрандалып еді, мына Барақбайдың жігіттері, сендер де ұры ауыл, ұрда-жық ауыл дегенге кеуделеріңе нан пісіп, ширатылғаннан басқа не істедіңдер Нұртазаға, міне, шоқтыбайлар, әне жаулыбайлар, Ананай, Қарашадан тараған ұрпақ, қане осы арада қайсың барсыңдар болыстың қаһарына ілікпеген? Сендердің жасықтықтарыңнан, сендердің момын, қараңғылықтарыңнан арыстай-арыстай азаматтар — Шәкей, Ожымбай, Байбатырлар тексеру, тергеусіз итжеккенге айдалып, Сібір айналып кетті. Егер бұлай басындыра берсеңдер, ертең талайдың көзіңнен қанды жас ағады. Мейілдерің, тағы да сайлаңдар Нұртазаны. Бірақ, шын еркек болсаңдар, неге ақ пен қараға көздеріңді жеткізбейсіңдер? Қашанғы өсек пен өтірікті бойға күт санап, қашанғы болыс пен байдың аяқ-табағын жалап күн кешесіңдер!

Жұрт бір-біріне қарасып, орындарынан ыңғайсыз қопандап, сұрлана бастады.

— Кеше «Керей малын Ақан айдатып алыпты, барымташылар да соның үзеңгілес серіктері екен, бүгінде орысқа зират соқтырып жатыр, ертең бар мұсылманды кәпір қауымына енгізеді» дегенде қарғаша бас шұлғып, сауысқанша шықылықтайсыңдар келіп.

— Ақан шырақ, біз әлі де дүдәмалда жүр едік.

— Шын ба өзі Нұртазаның қиянаты?!

— Расында да басын неге ашып алмаймыз, — деген үндер шықты. Жұрт үнінде ашына бастаған сарын байқалады.

— Әлі де көздерің жетпесе, сұрандар Нұртазадан барып. Әлде қашан сайлау өткенше түлкіше бұлаңдап, жылмыңдаған болыстың бұлаң құйрығына қарап отырсыңдар ма?

— Дұрыс сөз. Сұрау керек. Қашанғы басынады? Біз де жұртпыз, — деп Қантай ауылынан Сатай қарт тұрып еді, айғайлап, ұрандап, көздері қанталап Барақбайдың ұры жігіттері өре түрегелді.

— Жүріңдер, қазір барамыз!

— Қане, еркек белгісі барларың еріңдер!

— Қатындарың қалыңдар!

Аяқ астында мынадай дүрбелең болар деп ешкім де ойламап еді. Қалың жұрт топалаң тигендей, орындарынан бірі қалмай өре тұрып, ағаш арасынан шығып, тура алыстағы ақ үйлерге қарай өңмендей тартты. Қолдарынан тастамай жүретін қамшыларын білемдей ұстап, жұбын жазбай қатты аяңдап, түнерген сұсты топтың қазіргі түрі шытынап тұрып, қатты жарылған Есілдің көк сеңіндей еді. Арнасынан шыққан тасқындай лақ еткен дүлей күш қара көпір жіксіз тұтасып, жылдам жылжып барады. Тыстағы өрелеп, тұсап жіберген аттарына мініп-мініп алған салт аттылар да әп-сәтте соңдарынан жеткен.

Шеттеу тігілген ақ шаңқан үйдегі Нұртазаға хабар бұрындау тиді. «Ақ балақтың» алаңына жиналып, жиын құрған жатақтар тобын болыс естіген. «Стражниктер қосып, ауылнайларды жіберіп таратсақ қайтеді», — деп ақылдасқанда, ояз Коновалов: «Сайлауға дейін кімнің қайда жүріп, не сөйлесем десе еркі, мүмкін, қырғыздардың әдеттегі ет жеп, қымыз ішіп өткізер сауығы шығар, оның соңынан жүретін жандармерия жоқ», — деп салғырт жауап берген. Ояздың кейінгі кездегі сыңайынан Нұртаза сезіктенеді. Бойын аулақ ұстаған Коновалов пара алудан да қашатын сияқты. Тегі Нұртазадан құтылғысы да келетін тәрізді. Осы жолы Шалабай мен Жанболаттардың сый-құрметінен аспай жүр. Солай қарай жүгі ауғанға ұқсайды. Азынабай, Жанботалар да, тіпті басқа билер де іргесін аулақ сала бастапты.

Нұртаза алдындағы қымызын тастай бере, Сүлеймен, Жәнібектерден бұрын үйден шығып, зытып берді.

Жақын жердегі тоғай арасына жаяу барып, серуендеп қайтқан ояз Коновалов бұл уақытта қонақ үйінен жырақтау, болыс, билермен әңгімелесіп, батар күннің алдындағы тымық, таза ауада дем алып тұрған. Көзі алақтап, еңкейіп басып жеткен Нұртаза, қырғидан қашқан торғайдай, араларына қойып кетті.

— Әне, келе жатыр! Ойлары жаман, — деп ендіге сөйлеп, тоғай бауырына үрейлене қарағанда, ояздар да бұрылып, ағаш арасынан шыққан қалың топқа көз тастады. Шынында да, осылай қарай аршындай басқан топтың

түрі бөлек еді. Бірақ қазақ арасында пәлендей бөтен қимылды көрмеген ояз онша саса қоймады. Содан болар, Нұртазаның үрейлі сөзін де ұқпады. Болыс алдында мылтық, қылыш асынған адамдары бар, ояз жатқан үйге барып паналағанда да ештеме түсінбей, бейғам тұра берді.

Сұрланып, тістеліп алған кедей ауыл — жатақтар Нұртазаның ояз үйіне кіргенін сонадайдан көріп келе жатқан. Тура ояздардың алдына жеткенде де бөгелген жоқ, өңмендеп, итермелей өте берді.

— Ә, жасырыңғың келген екен.

— Бізге Нұртаза керек.

— Нұртаза!

— Қанішер Нұртаза!.. — деп талай балағат сөздерді қоса айтып, қызып, лепіріп алған ашулы жандарға ақсақ ояз таяғын көтеріп, ақырды:

— Қайда барасыңдар, бұл не бассыздық?!

— Бізге Нұртаза керек.

— Құйрығыңа тығып отыра алмайсың! — деп, алдыңғы лек сәл бөгіліп қалып еді, басқа болыстар да оязға қосыла зекіре бастаған. Арттан итерген Барақбайдың ұрылары:

— Не мәймөңке керек!

— Ояздың өзін қоса тергеу керек, — десіп, алға лықсыта итергенде, Коновалов көптің ортасында қалды.

Бәрі ойламаған жерде болғаны сонша, көп адам ештемені түсінбей, әлгі болыс, билердің шоғырын басқа, көзге төпелей жөнелді. Кімді-кім ұрып жатқаны белгісіз. Болыстар қалбаң ойнап, сыртқа қашты. Қатты жұдырық тиген ояз етпеттей құлап, таяғы ұшып кетті.

Басып-жаншып жетіп қалған мына есірік жұрттың қимылынан алғаш түк түсінбей қалған стражниктер, екі-үш атты казак-орыс мәңгіріп тұрды да, басын қолымен көлегейлеп, қорғаштап топтан шыға алмай шырқ айналған оязды көргенде сарт-сұрт еткізіп мылтықтарын оқтап, екі-үш рет көкке атты.

Сонда барып, есін жиғандай, қалың нөпір лықсып келіп, кейін серпілді. Сытылып шыққан Коновалов алды-артына қарамай, бетінен басып ұялған жандай киіз үйге қойып кетті.

Қаз-қатар мылтықтарын оқтанып тұра қалған қарулы стражниктерден сескенген асау топ кейінірек ығысып, алыстан сес көрсетеді.

— Бізге Нұртаза керек.

— Сөйлесетін сөзіміз бар.

— Адал болса, шықсын бері! — десіп, қызулары сәл тарқай бастағанда, күн де қызарып бата берген, бәрі Көкшетау жақтан келер қара жолға жалт қарасты. Догасында қоңырау дыңғырлаған пар атты салдыртып келеді. Соңында мылтықтары шошайып, шоқаң-шоқаң еткен әскери салт аттылар.

Енді ғана ет қызумен қалай шатақ шығарып, әкімдерге қалай қол жұмсағандарынан зәрулері ұша бастаған жұрт баяу шегіне-шегіне қалың тоғайдың бауырына дейін жетті. Көкшетау жақтан келгендер бұлардың

тұрысынан бейхабар, тура салдыртып отырып, жолсызбен бұрылып, алдында стражниктері бар киіз үйдің алдына тоқтады.

Шу шығарған жатақтар тегіс аттарына қонып, ағаш бауырында шоғырланып, енді не істерлерін білмей дағдарып тұр. Араларында Ақан сері бар. Өзді-өзі күбірлесіп, күңкілдескендері болмаса, бірде-бір жазғырып, не масаттанған ешқайсысы жоқ. Ояздар жатқан киіз үй жаққа шошына қарап, істің соңын күтті. Жарылып, бөлініп кетуге де арланатын сияқты. Не де болса, бұрын-соңды болмаған қимылдан келер керді күтіп алмақ. Қалай күтіп алмақ, ол арасы да беймағлұм. Әйтеуір жұбы жазылмаған қарағайдай қалың жұрт бір-біріне ес.

Мынау қара халықтың ессіз де болса, есте қалар қатты, тұтас қимылынан ә дегенде қатты шошынғанмен, ашынып жүрген жұрттың ащы-ащы сөздеріне, ниетіне риза Ақан енді мойындарынан су кеткендей ұнжырғасы түскен еліне қуат бергісі келіп, күле тұрып, түнгі тоғайды жаңғырықтыра:

— Ау, жұртым, қалай екен, батырға да жан керек, төңірегінде тайраңдаған Нұртазадай жаман болысты ғана емес, төбеңде ойнақтаған ақсақ оязыңды да омақа астырмадық па? — деп айғайлап еді.

— Е, көп түкірсе көл емес пе.

— Аюға намаз үйреткен таяқ, — десіп, қайсыбір жігіттер қорқақтай тұрса да, бойына қайтадан жан кіргендей тілге келді.

Ақан енді бағанадан ойына оралған өлең шумақтарын тақпақтата жөнелді.

«Коновалов, ақсай бастың аяғыңды,
Түсірдің барымтаға таяғыңды.
Кедейлерге Есенбай салдың дүре,
Әзер болса істерсің баяғыңды.
Параны Шалабайдан оңдап алдың,
Басыңды бос мойыннан қорғап қалдың.
Жігіттер бет-аузыңды көгерткенде,
Ақсандап, шолақ иттей жолда қалдың!
Қарашы, жаратқанның бұйрығына,
Бөрігін баса киіп милығына,
Нұртаза таяқ жемей аман қалды-ау,
Ояздың еніп кетіп құйрығына».

Жұрт қарқылдап тұрып күлді.

— Тағы да, тағы да! — дескен жұрт өлеңді қақпақылдап, жаттап жатыр...

Ай көтеріліп, үрейден айыға бастаған қалың топ бір уақытта шу ете қалды. Ел жақтан әлдекім күтпеген хабар жеткізді: «Ояздар аттарын жектіріп, кетейін деп жатыр. Сияз кейінге қалдырылыпты. Патша келе жатыр дейді».

Бұл хабар түн ортасында анық болды. Бүкіл ауыл дүрлігіп, «Патша келеді, патша келеді» деп үйлерін жыға бастады.

Келесі күні қазақ даласына тараған хабар да сол:

— Патша келеді!

— Патша келе жатыр.

— Қайда, осында ма?

— Кім білсін.

— Патша келеді!

— Патша...

— Патша...

— Ақ патша!..

2

Сырымбет бауырындағы Шыңғыс ауылы. Кешеден бері сұлтан тұқымының тайлы-таяғына дейін таң қараңғысынан тұрып, абыр-сабыр жүгірісіп, қадірлі қонақтарды қарсы алу қамында. Бұрын қотанынан келімді-кетімді қонақ арылмайтын құтты ауыл қалың нөпірді көрмегелі не заман — жиырма жылдан асып барады. Ел билігі жаңа заң бойынша сұлтан қолынан уездік басқармаға ауысқалы бұрын Шыңғысқа бағынышты дуанның қазіргі болыстары күн өткен сайын ат ізін салмайтын болып алған. «Қайран, дүние, бәрі қолында барында екен ғой, оң жағында орыстан қос заседатель, сол жағында қазақтан екі би — шалқып отырған шағында алдында құрдай жорғалап, табаныңды жалауға арланбайтын болыстар енді ту сыртын берді. Көп жиналған жерге анда-санда қарттығын сыйлап шақырғаны болмаса, күні кетіп, бағы тайған аға сұлтанға бұрынғы ілтипат жоқ. Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол деген осы екен-ау!» деп, жатқа сырын бермесе де, іштей күйінетін Шыңғыстың кейінгі жылдары мүлдем сағы сынғандай еді. Оның үстіне кәрілік те иектеп, бұрынғыдай емес, тамақтан да қалып шөге бастаған ол, ен байлық, еркін тіршілігі көзінен бір-бір ұшқандай болып, қатты қайғыға түсіп, арманы ұлғайған соң, «қой, қарттыққа берілмейін, бұл сүм дүние басыла берсең, албастыдай баса береді, одан да әзір тырнағым мүжілмей тұрғанда өлімге бойсұнбан, бетінен бір тырнап қалайын» деп бір серпіліп, қанатын қайта қомдап, бүрісе бастаған шеңгелін қайта ашқан: биыл көктемде жайлауға шыға сексен жасында бұлдіршіндей жас тоқал алды. Ескі жабағы жүні төгіліп, түлеген бүркіттей құлпырып шыға келген сұлтан кешелі бері ерекше көңілді. Жабағы ашылмайтын қайғылы қарт тәубесіне келгендей: «Поу, шіркін, бәрі де көңілге байланыста екен-ау, бәсе, бәсе» деп көпірте салған қалың құс төсекте көмілген ақ сазандай жас тоқалының тамағынан мейірлене иіскеп, тысқа жадырай шыққан да, бүкіл ауылды аяғынан тік тұрғызған.

— Жақып, Махмет, Қоқыш, — деп балаларын жылы сөзбен айналып, мылқау Мақыға дейін жайдары ымдап, келер қонақтарды қалай қарсы алады жай-жапсарын ұғындырды.

— Малдың да қайбір күйі бар, өзі қыстан зорға шыққан сілімтіктердің мына аптап пен сона, бөгелектер мүлдем титықтарына жетті-ау. Әйтсе де

табылар, жібі түзу дөнен қой болса, еті жеуге келер құлын болса сойыңдар, қыстан шыққан сүрлерінді молырақ салыңдар, — деп аз төлегіттері мен келін-кепшік, малайларына зілсіз бұйрық берді. — Үй ішіндегі түскиіз, кілемдерді, төсек-орын, бар жиһазды далаға шығарып қағып, сілкіңдер!

Шыңғыстың бұлайша шала бүлінуінде себеп бар. Осыдан екі-үш күн бұрын ояз Коноваловтан арнаулы депеша келген. Онда июнь айында Омбыға патша мұрагері Августейший атаман Николай Алексеевичтің келетіні, қырғыз даласындағы зиялы, басшы адамдармен жүздесетіні, бүкіл қырғыз депутациясын генерал-губернатордың ұйғарымы бойынша полковник Шыңғыс Валиханов басқарып баратыны, бұл жөнінде сегіз болыстың адамы жиналып, Сырымбет бауырында кеңес құратындары айтылған.

Аға сұлтан балаша қуанды. Ресей империясына мейлінше адал қызмет еткен адам тұғырдан түскен соң ұмытыла бастағанына, Омбыдағы әскери қызметтегі бұрынғы Гутковский, Капустиндей жандарал чиновник достарының азайып, бүгінгі басшылардың көзінен қалыс қалғанына күйінген еді, енді ісі қазақты, қазақ болғанда да бар атқамінер, шонжарларды өзі бастап баратынына іштей мардымсып, дала генерал-губернаторының мұны елегенін тегін емес деп түйген.

Патша мұрагерімен жүздескенде тым құрмаса екі түрлі жағдайының түзелетініне көзі жеткен сияқты. Бірі — әкесі Уәли қайтыс болған соң, жесір Айғаным ханшаның иелігіне Сырымбет маңындағы тоғай, көлі бар ұлан-ғайыр жерді Николай патшаның жарлығымен кесіп берген. Кенесары тобындағы басбұзарлар өртеп жіберетін мешіт, жел диірмен, моншаларды да қайтадан салдыртып еді. Келе-келе заман, заң өзгерген сайын сол әкеден мұраға қалған Аққан-бұрлық өзені бойындағы, Бабық төңірегіндегі жайлаулық, күземдік, шабындық жерлерге іші тар казак-орыс офицерлері көз алартып, қайсыбір Нұртаза секілді болыстар анда-санда қоқан-лоқы жасап та қояды. Патша мұрагеріне осыны айтып, мұның аты да Николай көрінеді, иелігіндегі жерді мәңгіге қалдырмақ. Ертең өзі көз жұмғанда да ана балаларына ешкімнің тісі батпас еді.

Екіншісі — оқыған зерек ұлы Шоқанның тірі кезінде қанша әрекет еткенмен, кейбір дұшпан саналатын Фридрихс сияқты әскери шені, лауазымы жоғары адамдардың бөгесінімен, Ерден сияқты ел сұмдарының арыз-шағымының кесірінен ала алмай қалған князьдік титул. Егер осы жолда оны да орнына келтірсе, Шыңғыс әулетіне орнар бақ мәңгі бақи қалып, ел тізгіні тағы да төрелерге тиер ме еді. Жұрт тегін айтпаған ғой: «Бір төре таққа мінсе, қырық төре атқа мінеді».

Бүгін ояздардың келетін күні.

Ақ шаңқан сегіз қанат дөдегелі киіз үйді Қылды көлінің жиегіне, қалың балауса қайыңның бауырына тіктірген Шыңғыс шөбі тапталмаған көлеңкеге төселген түрікмен кілемінің үстінде қымыз ішіп, әңгіме құрып отыр. Қасында Сердалының оқыған ұлы Мәмбетәлі, балалары Жақып пен Махмет. Мәмбетәліге кісі жіберіп, түнделетіп әдейі алдырған.

Жайлаудан мезгілсіз уақытта қыстауына келген Шыңғыстың мына әбігерлігіне, үй мүліктерін жайнатып, мал сойып, той қамына кіріскен салтанаттарына Мәмбетәлі алғашқыда түсіне алмай қайран қалды. Жақып пен Махмет те егіз қозыдай бірдей киініпті. Күн ыстық болса да үстерінде ақ көйлектің жағасын сыртына шығарған қара пенжек, тар панталон, бастарында күрең қызыл, төбесі биік, шашақты түрік төбетейі — феска.

— Мәмбетәлі шырақ, патша мұрагерінің келе жатқанын естіген шығарсың, — деді көңілді отырған Шыңғыс, қымыз іше отырып біраз амандық-саулық сұрастырып болған соң.

— Естідік қой, Шың-аға. Бүкіл ел боп дүрлігіп жүрген жоқ па?!

— Баяғыда кнәз Владимир келгенде де ұлан-асыр той жасап, ел бір сабылып еді. Оның келісіне қарай жаңа заң, ережелер шығып, біраз аударыспақ дүниелер болып еді-ау. Әйтеуір арты қайырлы... әр ханның тұсында бір сұрқылтай — бұл мұрагердің жүрісінде де бір гәп бар шығар-ау. Бізден гөрі құлағың түріктеу ғой, не естіп, не білгенің бар? Мына Махметтер бұрынғыдай қазет, журналдар алдыруды да қойған.

— Алдырғанда оны сонау жайлауға кім жеткізіп береді, соны оқымаған қазақ та тірі жүр ғой, — деп, бағанадан Мәмбетәліні ұнатпай шытынған тәкәппар Жақып теріс қарап, сыздықтата түкіріп, мұртын сылады.

Байсалды Мәмбетәлі Жақыптың ұшқалақ сөзіне мән бермегенсіп, сырлы тостағандағы қымызын шайқай отырып, Шыңғысқа жауап берді:

— Мұрагердің бұл жүрісінде айрықша мақсат болмаса керек. Былтыр бүкіл нөкерлерімен шығыс елдерін аралауға шыққан. Грек, Мысыр, Үнді, Қытай тағы да көп елді мекенді саяхаттап, Жапон жерінен Россияға оралмақшы да. Бұл — сол келе жатқан беті болса керек. Енді жол бойы патша империясы қол астындағы жұрттың сау-саламаттылығын білу шығар ниеті.

— Бір жыл болған екен-ау, не деген ұзақ жүріс. Шаршаған да шығар-ау.

— Не қылған шаршаған. Қызық емес пе. Жаяу жүрді деймісіз. Оған біреу жүк артып па, — деп Жақып тағы да қыстырылып еді.

— Тек! Аузыңда қайдағы бір «құнды» сөз қайдан түседі, — деп қызыл көзін қадай қараған Шыңғыс Жақыпқа зекіп тастады. — Ата сақалың аузыңда біткенше қыңыр сөйлеуді қоймадың-ау. Одан да ана шаруашылық жағын бір қарап келші. Ояздар да келіп қалар.

Жақып үнсіз тұрып, ағаш үйге беттеді.

— Патша мұрагерін қарсы алуға бүкіл қазақ атаулыдан депутация бармақ. Мұрагер әдейі жүздесуді ниет етсе керек. Соған басшылық етуге Омбы генерал-губернаторствосы мені қалапты.

— О, Шың-еке, қайырлы болсын! Бұл бір үлкен міндет қой.

— Сені де соған ала барғым келіп отыр.

— Мені ме? — деп Мәмбетәлі басын көтеріп алды. — Рақмет, Шың-аға, бірақ... әлгі болыстар, оязыңыз рұқсат етсе? Ондай жерге шақырусыз адам бара алмаса керек.

— Шақыру бас-басына болмайды. Кімді апарам десем, билік қолымда... Жарайды, оны ақылдаса көрерміз. Ал сен осы мұрагердің жағдайын айтшы. Өзі нешедегі адам, әкесі Александр ақсақал нешеде еді? Бәрін біліп алғаным жөн ғой. Ұмытыңдырап қалыппын. Бұрын Петербордың бар санаттары мен белгілі чиновниктермен араласқан кездерде бәрін білетін ек... А-ай, талай заман өтіп кеткен екен-ау... Уақыт не деген жүрдек десеңші, — деп, Шыңғыс қолдың саласындай ақ қайыңдардың саңылауынан көрінген Қылды көлінің айдынына мұзая қарап еді, көзі аяқты адалбақанға іліп қойған мундиріне түсті. Көптен абдырада жатқан көнетоз әскери киім уқаланып, полковник эполетінің оқалары ыдырап, сарғыш тартыпты. Ат үстінде жүрген аға сұлтан кезіндегі, бір қауым елді ашса — алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған билікті, қуатты кезіндегі ескі көз ғой. Ұзақ жолға қамданған Шыңғыс бұрынғы «бес қаруы» — қылыш, черкес белбеуін талаға шығартып, полковник бөркі мен кеңдеу тігілген панталонына дейін тазалатып, абдыра түбінде дымданған дүниелерін жел қақтырып қойыпты.

Мәмбетәлі сұлтанның сұрағына жауап бергелі оқтала беріп, орнынан атып тұрды. Үй сыртынан қол арба көрінді. Ел арасындағы шеберлер жасаған алдыңғы қалдайшасы жоқ темір доңғалақты кең арбаның шабақтарын шертіп жіберердей зорға сыйып, денесі ірк-ірк еткен мес кемпір отыр. Бұл — Шыңғыстың бәйбішесі Зейнеп. Арбаның артынан итерген жас әйелді де таныды. Ол — атақты Тезек төренің қызы, Шоқанның әйелі Айсары, әменгері Жақып Жетісудан әкелген. Мәмбетәлі ізет етіп, Зейнептің баржия ісінген қолын алды.

— Бұл қай бала? — деді екі жағынан таянған жігіттерге мешел балаша қолын жайып. Мәмбетәлі мен Махмет қолтығынан демеп, арбадан зорға түсірген зілдей Зейнеп күйеуінің қасына барып отырарда иліге алмай, майдан мамырлаған семіз қаздай әрең жайғасты.

— Сердәлінің Мәмбетәлісі, — деді Шыңғыс бәйбішесіне шытына қарап. Қасындағы барқытпен тысталған жұмсақ көпшіктерді әйелінің алды-артына сырғыта тастады.

— Е-е, пақый-ай, Шоқаным секілді оқымысты баласы бай деуші еді, сол шығайсың-ау. Уһ, Шоқаным-ай, Шоқаным, — деп кемпірдің түсі өзгеріп, кемсеңдегендей болды. Айсарының да көзіне жас оралып, шегіне бұрылып, арбаны жетектеп кетіп барады.

Еңтіге басып бір төлеңгіт шал келді. Қол қусырып Шыңғысқа күбір етті:

— Төрем, Сырымбеттің баурынан көп арбалы, салт аттылар көрінді, қонақтар болар...

Қарасы жүз шақты адам — бірнеше пәуеске, тарантасты ояз арбалары, жан-жағында, арқасында шошайған мылтық, күнге жарқылдаған қылыш асынған жандарал, казак әскерлері бар, түс ауа сау етіп Шыңғыс аулына келіп түсті. Тегі жолда тосып алса керек, би, болыстар да бірге жетті. Іштеріне, омырауларына саусылдаған медаль, знактарын таққан станица атамандары да бар.

Үсті-басының шаңдарын қағып, шара-шара балдай салқын қымызбен шөлдерін басқан жолаушылар Қылдының мөлдір айдынына шомылып, көл жағасында аунап-қунап демалғанша ыстық та қайтып, күн етекке жақындаған.

Депутация мәжілісі кешке Шыңғыстың он екі бөлмелі ағаш үйінің шамдары самаладай жанған қонақ күтетін кең, зәулім сарайында өтті.

Қашан мәжіліс басталғанша бұрын бұл мекенді көрмеген станица басшылары — өңкей ширатылған мұртты казактар сарай ішіндегі жиһаздарға таң қалып, бір-бірімен бастарын түйістіре сыбырласады. Аға сұлтан үйінің жиырма-отыз сажындай ұзын, енді еденіне жаппай төселген көздің жауын алғандай шығыс өрнектерімен әшекейленген, он-он бес малай зорға көтерерлік тұтас қалы кілем, хрусталь салпыншақтары бар шырақ ілген қанделябрлер мен бралар, әр қабырғаға жабыстыра орналастырған айналар, бетіне жолбарыс, аю, барыс терілерін жапқан өздері жайғасқан диван, жұмсақ орындықтар, есік, терезелерге ұстаған кестелі, шашақты жібек шымылдықтар, әсіресе орган, қытай вазаларын көргенде сырттағы мешіт, қора-қопсыларға қарап тамашалаған урядник, приставтардың енді естері шықты. Бар дүние тозығы жеткен көне көрінгенмен, Петроград, Москва қалаларындағы дворян не помещиктердің бай тіршілігін елестетеді. Баяғыда күні өткен дала сұлтанын аса менсінбей келген казак-орыстар да енді мына әсерден соң, іштей Шыңғыс дәулетіне, бұрынғы хан тұқымына аса бір ілтипат, сый-құрметпен қарайтын сезім пайда болғандай. Омбыдағы кадет корпусындағы, дала губернаторлығындағы кейбір офицерлер мен қала чиновниктері анда-санда ауызға алып, мақтап отыратын аса дарынды, шексіз білімді Шоқан Уәлихановтың да тегін адам еместігіне енді иланғандай.

Ортадағы емен столдың қақ басында отырған Коновалов қалың папканы ашып сөз бастады.

— Мырзалар, офицерлер, урядниктер, болыс басқармалары, его Императорское высочество государь наследник Цесаревичпен кездесер салтанатты, қуанышты, бақытты күн алыс емес. Сол кездесуге дайындық жөніндегі кеңесу мәжілісімізді бастауды құп алыңдар!

Жұрт ду қол соқты.

— Арамызда шақырылмаған бөтен адамдар жоқ деп сенемін! Бөтен адамның жоктығына кәміл сеніңіз, Ваше благородие! — деп Шыңғыс Нұртазаға айбарлы әрі мысқылды жүзін бұрды.

Болыс Нұртаза жөткірініп, Мәмбетәліге алақ етіп қарап еді.

— Олай болса әуелі сіздерді бұл сапардың мән-жайымен таныстыруға тура келеді. Бүкіл казак әскерінің Августейший атаманы, ұлы мәртебелі мұрагердің дала генерал-губернаторлығына келетін мерзімі бұрынғы күтуіміз бойынша кейінгі айлар болатын. Бірақ Япония жерінде зұлымдықпен жасалған қастандық... — Коновалов қайғыланғандай қабағын түйіп сәл кідірді. Мына сұмдықты естімеген мәжілістегілердің көздері шарасынан шығып, демдерін іштерінен алды. — Егер Императорское высочест-

во Цесаревичтің сапарын мерзімінен бұрын жеделдетуге себепкер болды. Біздің қуатты Россия империясының бақытына қарай бүкіл казак әскерінің Августейший атаманы сүркия самурайдың қылышынан аман қалды.

Отырғандар ду қол соқты. Мәмбетәлі жұрт қатарлы алақанын соға беріп, жүрегі мұздап отырып қалды. Бірақ ояздың аузына қарап мына сұмдық хабарды алғаш естігендердің ешқайсысы оның өңіндегі қобалжуды аңғарған жоқ. Орысша түсінбейтін бірлі-жарым болыстың көздері жыпылықтап, тілмаштарына құлақ тосады.

— Сол себепті, мырзалар, сыбырды қойыңдар, түсінбегендерің кейін тілмаштарың арқылы ұғасыңдар, қазір тынышталыңыздар! Иә, сол себепті ұлы мәртебелі Цесаревичті салтанатпен қарсы алу жабдығына жедел түрде дала генерал-губернаторлығында төтенше комиссия құрылған. — Коновалов қағаздағы тізімді оқи бастады. — Дала генерал-губернаторлығы атынан канцелярия бастығы Лосевский, сібірлік казак әскері тарапынан губернаторство басқармасының шаруашылық бастығы полковник Катанаев, Омск қаласынан бұрынғы қала басшысы Эзет, почта-телеграф ведомствосынан Омск округінің бастығы Павлов, қалалық діни орыннан протойрей Недосеков, полиция тарапынан Омск қаласының полицмейстері Шмонин, комиссияның ісін жүргізуші есауыл Путинцев, комиссия дайындық жұмысына жүргізуде ақылдасу үшін уездік начальниктерді алдын ала шақырады. — Коновалов басын көтерді. — Байқап отырған шығарсыздар, бұл жүздесу — біздер үшін әрі бақытты, салтанатты мереке, әрі өлшеусіз сын! Әсіресе барлық дала генерал-губернаторлығына қарасты уездердің ішінде Көкшетау уезіне ардақты комиссия баса назар аударып, ерекше үмітпен қарап отыр. Бұл бізге екі-үш есе салмақ артады, жауапкершілік жүктейді.

— Біз әзірміз!

— Бәріне де дайынбыз! — деген әпербақан урядниктер, атамандар орындарынан атып-атып тұрып, мұрттарын ширатып қайта отырды.

Ояз Коновалов тағы бір қағазды қолына алды.

— Міне, мынаған көңіл аударыңыздар: әскери парадқа Сібір казак әскерінің үш полкы, Омбының резервтегі батальоны, сібірлік кадет корпусының үш ротасы, жас казактар полкі қатысады. Сонымен қоса біздің Арықбалық, Ақан бұрлық, Қотыркөл, Шортанды, Лобанов станицаларынан казак әскерлер шақырылып отыр. Басқа Ақмола, Пресногорков, Атбасардан шақырылмаған. Ең қуаныштысы — государь Цесаревичтің арнайы конвойына Ақмола, Батинск, Өскемен, Көкпекті, Пресногорков, Алтай, Көкшетау станицаларынан тоғыз урядник іріктелген. Соның үшеуі бізден — Арықбалық станицасының станица атаманы, старший урядник Федор Тютин, Ақан бұрлық станицасының станица атаманы, старший урядник Ефим Колесниченко, Лобанов станицасының станица атаманы, вахмистр Василий Воронкин. Бұл — Көкшетау уезінің дала генерал-губернаторлығы алдындағы үлкен беделі барлығын, сонымен бірге біздің

әскери кадрларымыздың басқа жерлерден гөрі мықтырақ екенін дәлелдейді. Біздің атаман, урядниктер, конвой начальнигі есауыл Новоселовпен бір жұма бұрын Томскіге барып, государь Цесаревичті сол арада қарсы алмақ. Бұл — үлкен құрмет, бақыт емес пе, мырзалар. Бұл қызметте біздің станицалық атамандарымыз — Тютин, Колесниченко, Воронкиндер Его Императорское Высочество Цесаревичке жан аямай ықыласты көңілмен еңбек етіп, бүкіл Россия империясындағы қажырлы казак әскерінің атағына кір келтірмейді деп сенеміз!

Атамандар орындарынан ұшып-ұшып тұрды:

— Рады стараться служить Его Императорскому Высочеству!

Жұрт дуылдасып қол соқты.

— Мырзалар, — деді қолын көтеріп жұртты тоқтатқан Коновалов, — тағы бір үлкен абырой — бүкіл қырғыз даласынан баратын депутацияны, алдын ала дайындық жұмыстарын бұрын да ұлы князь Владимир Алексеевич Омбыға келгенде мүрсіндей атқарған, ұлы патшалық империяға ұзақ жылдар бойы жан-тәнімен қызмет еткен аға сұлтан Чингис Валиевич Валиханов басқарады.

Көкшетаулықтар ду етіп қол соқты, Күшенұлы, Ердендер бастарын изесіп, жымыған болды.

— Және де Его Императорского Высочество Цесаревичке қырғыздар атынан құттықтау сөз сөйлеп, нан-тұз ұсынатын да сұлтан Валиханов. Комиссияның ұйғарымы осылай! Сіздер қырғыз жерінен апаратын экспонаттарыңызды ертеңнен қалдырмай тізімге тізулеріңіз керек. Государь Цесаревичтің қырғыз жылқыларын, түйелерін, шаруашылық саймандарын, соғыс құралдарын, аңшы, өнер адамдарын, яғни әнші-күйшілерін, яғни қырғыз халқының ұлттық дәстүрлерін көруі белгіленген. Бұл жөнінен полковник Валиханов өткерілген адам деп білемін.

Шыңғыс, «түсінемін, қолдағы шаруа ғой» дегендей, жай ғана бас шұлғыды. Алжудың аз-ақ алдында отырған Шыңғыстың мынадай дәрежеге аяқ астынан ие болғанына іші күйіп, тіпті балаша жыларманға келген Ерден қасындағы Нұртазаларға естірте Тұрлыбекке сыбырлады: «Мына төрелер тағы құтырайын деді. Құдай тағала тағы осыларға күнімізді салатын болды-ау». Іштей ызалы отырған Күшенұлы ештеңе демеді. Мұрнын бір шүйірді де қойды.

— Мырзалар, сіздерге соңғы бір айтарым, өздеріңізге белгілі биылғы жыл — ауыр жыл. Станица егінінің беталысы жаман, биыл астықтан тарығу қаупі бар, жауын жаумай, дала шөбіне дейін күйіп бара жатқандай, көріп жүрсіздер. Бүкіл Россия империясының кең-байтақ даласының сыңайы осындай. Қырғыз болыстарының шаруашылығының да күйзелуі ықтимал. Жыл ауыр. Бірақ жыл ауыртпалығы государь Цесаревичтің келуіне, салтанатпен қарсы алып жүздесуімізге ешбір әсерін тигізуі мүмкін емес. Тіпті депутаттарының жүзінен ондай нышан, көңілсіздік байқалмауы тиіс. Сал-

танатты жиын кезінде, ойын көрсету, шығарып салу кездерінде бірде-бір артық, бос сөз, тәртіпсіздік деген болмауы керек. Бұл жағы қатал ескерілсін. Мал, экспонаттар апаратын, тағы басқа сол сияқты адамдардың жиынан аулағырақ жүргені жөн. Бұл тарапынан белгілі ережелер кейін де, сөз жоқ, айтылады. Әйтсе де алдын ала естеріңізге салғанның артықтығы жоқ. Его Императорское Высочество Цесаревичтің келуіне аз-ақ күн қалды. Он төртінші июльде купец Гадаловтың «Николай» пароходымен Ом бойымен келмекші. Уақыт тығыз. Бірақ, соған қарамастан, бұл ұлы тойды ұлы салтанатты триумфпен өткізуге бар күшімізді, жігерімізді аямаймыз деп сенемін!

Отырғандар қол соқты.

— Түсінбей қалған сұрақтарыңыз бар ма? Сұраңыздар.

Жұрт жамырасып кетті. Нұртаза сияқты орысшаға әлі шала сауатты болыстар тілмаштарына қарап, Азынабай сияқты кезінде сауда үстінде орыстармен көп араласқан жүйрік болыстардан ояз сөзінің ұға алмаған көп түстарын сұрап, тәптіштеп жатыр еді, Күшенұлы сауал қойды:

— Сіз бәрімізді Валиханов ақсақалға бағындырып қойдыңыз, сонда Ақмола, Атбасар уездерінің өз депутациясы болмай ма, бәрі де мына полковник мырзаның шешімімен бола ма. Біздің өз алдымызға жекелей уездік хұқымыз жойылғаны ма, бұл қалай? — деп әдейі қыңыр сұрақ берді.

— Олай деген ешкім жоқ, советник мырза. Сіздер өз депутацияларыңызды сайлауға қақыларыңыз бар. Бірақ дайындық ісі, Омбыға барғандағы басқару ісі Валихановтың қолында. Әрине, бәрі ақылдасу арқылы шешілетін іс. Сіздерді генерал-губернатордың, арнаулы комиссияның бұйрығымен осы араға кеңесу үшін Ақмола, Атбасар уездерінен өкіл ретінде шақырғанымыздың жөні осы. Әйтпесе, — деп Коновалов иығын көтеріп күлді, — бәріміз де Ақмола болыстық генерал-губернаторына бағынышты уездерміз.

— Тағы бір сұрақ. Его Императорское Величество Цесаревичті қарсы алудағы қырғыз-қайсақ болыстарынан шығатын шығын, әрине, жол шығыны, сойылатын мал тағы басқа толып жатқан шығындар болуы сөзсіз, соның өтемін кім өтейді? Бұл шығындардың заңдылық жағы, иә, кейбір тәртіп мәселесі дедіңіз, оған жауап беру, міндетіне алу сияқты юриспруденциялық жолы қалай болмақшы? — Күшенұлы мұны да әрі есеппен, әрі қыңырлықпен қойды.

Қырғыздар мұндай есепті айта қоймас деген Коновалов бұл сұраққа аса дайын емес еді және Омбы комиссиясы да бұл тарапынан ештеме айтпапты. Сәл ойланып қалған ояз тосыннан кезіккен қысылшандан құтылар саңылау тапқан сияқты.

— Үкімет тарапынан бұл церемониалға төлейтін шығын есебі көрсетілмеген. Станица казактары өз күштерімен барады. Мінетін ат, киетін киім, ішетін ас әркімнің өз жанынан шығады. Казак әскерлері мұндай төтенше істерге, тіпті Империяға қауіп-қатер төне қалған күнде де, соғыс аттарын, ер-тұрмандарын ешкімге міндет етпейді. Оны сіз тарихтан жақсы білесіз.

Ал киргиздарға айтарымыз, егер бүкіл казак әскерлерінің Августейший атаманын қарсы алуға шығындалмаймыз деген адам болса, ондайға зорлық жоқ. Меніңше, сіздер тарапынан ондай сөлекеттік болар деп ойламаймын! Ал тәртіп мәселесі!.. Тәртіп үшін заң біреу-ақ!

— Әй, Тұрлыбек, сен де бір бүйректен сирақ шығармай отыра алмайсың-ау! — деп бағанадан түстері келмей, іштеріне пышақ айналмай отырған қыз-ғаншақтарды Шыңғыс қазақшалап бір түйреп алды да, енді Коноваловқа да түсінікті етіп, сөзін орысша жалғады. — Қай атаң, қай қазағың ойын-тойға, мерекеге барғанда үкіметтен ақша, салық сұрап еді. Күні кеше Сағынай аталарыңа ас бергенде үш жүзге сауын айтып, бар шығынын бар әлеумет көп боп көтеріп алмап па еді. Соның басында керейдің туын көтеріп өзің жүрмеп пе едің? Его Императорское Высочество мұрагер Николай Алексеевич сенің сол сасық шалың құрлы болмағаны ма. Сөз емес сөзді көңдірсітесің. Көп болып көтерген жүк жеңіл. Ақ патшаның баласынан мал түгілі, жан садаға, барымызды аямаймыз оның жолында. Мың келген қонақтан тартынбайтын қазақ бір келген мұрагерге тарылды деген не сұмдық. Аузың қалай жаман еді. Мейлің, сен бармай-ақ қой, шығын малын ауырсынсаң!

— Оу, ақсақал, тым алысқа кеттіңіз ғой. Сөзді олай бұрмаламаңыз. Ақ патшаны сізден артық көрмесем, кем көрмеймін. Олай құлаққағыс қылмай-ақ қойыңыз. Сіз патшаның оставной полковнигі болсаңыз, мен әлі де еңбек сіңіріп жүрген советнигімен. Қалай-қалай аршындайсыз!

— Жетті, мырзалар! Бұл арада кімнің еңбегі қанша екенін салыстыруға келгеміз жоқ. Еңбектеріңіздің зор екенін ешкім жоққа шығарып отырған жоқ. Әлі де еңбектенуге міндеттісіздер. Ендігіні ертеңгі күн көрсетер! Егер Омбыға барғанда да бұлай шайқассаңыздар, залалдан басқа, титімдей де пайда жоқ. Бос сөздің не керегі бар. Шет жерден қажып келе жатқан государь Цесаревичтің көңіліне дық келтірсеңіздер, оның арты неге соғатынын өздеріңіз білесіздер. Және де киргиз даласына бірінші келіп, бірінші жүзде-суі екенін ұмытпаңыздар. Алғашқы көрудегі әсер қашанда кейінгіден күштірек болатынын ескеріңіздер. Тағы қандай нәрселерді анықтағыларыңыз келеді? — деп Коновалов екі шонжардың шарпысуын ушықтырмай баса салды.

— Ендігі әңгімені тамақ үстінде жалғастыруға болады, негізгісі айтылған жоқ па, қарындарыңыз да ашқан шығар, — деп Шыңғыс дін өкілі указ молла Науан хазіретке қарады. — Ақшам намазы да өтіп кетті-ау деймін, қаза болмаса игі еді.

— Қайдағы ақшам, бисмилла иррахман иррахим! — деп жұртпен бірге Науан да орнынан тұра берді...

Таң бозара бере Сырымбет бауырындағы Шыңғыс мешітінде қазақтар жайнамазға жығылып, «құлқуалаға» басып күңірене сарнағанда, ет пен араққа тойып алған казак-орыстар ағаш үйді селкілдеткендей «Послужите, братцы казачонки, честью славой своею» өлеңін қосыла айтып, айғайға басып жатты.

Биылғы жыл тақыр қоян десе¹, дегендей. Көкжиектен көтеріле жер-дүниені қыздыра бастайтын күн түске тармаса мұнартып, ұста көрігінен шашыраған темір ұшқындарындай көзге көрінгісіз ыстық ұнтақтарды бүркіп тұрғандай. Сәскеге дейін алыста бұлдырап, толқындай ойнайтын сағым да талмау түсте жерге сіңгендей жоғалып, бар алқап шаңғытып кетеді. Бұл кезде түстіктен соққан ыстық жел біресе шығысқа, біресе құбылаға бұрылып, жүз құбылып, пеш аузынан үрлеген жалындай аңызасты аптапқа айналады.

Жауыны мол, салқын самалды Көкшетау, Қызылжар өңірінің көкорай шаағынды даласы жаз ортасы болмай жатып сары белді қуаңға айналған. Жапырақтары жаңа көгере бере бүріскен сидам тоғайлар мен жылда маңындағы белден келер шөбі биыл сүттенбей жатып семген жалаңаш көлдерде көрік жоқ. Жайылмалар мен томарлар ерте тартылып, қар суына қанбаған тайыз көлдер мезгілсіз қорыстанып, шалшықтар ерте суалыпты.

Таң салқынымен қозғалып, күн қыза өзен, көлге, сайлы, тоғайлы көлеңкеге тоқтап, аттарын шалдырып, кешке, күн қайта қара жолдың табанына шығатын қырық шақты арбалы жолаушылар үшінші тәулікте Қызылжар мен Омбы арасындағы «Горькая линияға» іліккен. Әркім байлығына, барлығына қарай фаэтон, пәуеске, тарантас, трашпенкеге пар-парлап ат жеккен шұбатылған мол керуен — мұрагерді қарсы алуға бара жатқан қырғыз-қайсақ өкілдері. Жаз шыққалы жауын тамбаған кең жолдың борпылдақ шаңынан қашып, бір-бірінен алшақ отырған арбалар шамасы үш-төрт шақырымға созылып, ыстыққа барлыққан көліктерін аса қыспай, мимырт бүкілмен келеді. Бір-бірінен үзіліп қалуға да, мына ащылы жерден бұрылып, басқа жақпен жеке-жеке өз беттерімен баруға да қақылары жоқ, земство жолында жіпсіз тізбектелген жолаушылардың ең алдында Шыңғыс мінген пәуеске.

Көптен ұзақ жолға шықпаған сұлтан ұлы тойға аттанғанына қанша қуанышты болса да, үш күндік жолда арба соғып, көзі кіртііп, мүлдем титықтап қалды. Қызылжарға дейін кез келген шыңырау құдықтан мұздай су тартқызып, аузын жиі шайып алушы еді, ащы жолға шыққалы кенезесі кеуіп, ерні кезеріп, таңдайы кеберси береді. Арба артына таңулы сабада ақырған түнемел ашқылтым қымыз да жол бойы шайқалып, қанша қымтағанмен күн тиіп, шулығып жылымшы татып кеткен.

Сегіз болысқа қарасты елдің ұлықтарының басын қосып, той әзірлігін қамдау жасы жеткен қартқа қиямет-қайыммен тең болды. Әсіресе Омбыға баратын адамдардың саны мен атына келгенде нағыз теке тірес басталып, бір жұма бойы миы суға айналғандай есеңгіреп, қалжырап қалған.

Шыңғыс күркелі пәуеске ішінде ыстықтан маужырап қалғып отырып, Нұртаза болыстың қажытқан қылығын еске алды.

¹ Бұл — 1891 жыл.

Сегіз болыстың басын қосып келіскен іске көбінесе Нұртаза қитығып ісы тұра келеді. Көп айтыс, ұзақ тартыстың соңы Ақан сері мен Мәмбетәлінің төңірегінде өткен еді.

— Шыңкеке, сіздің өзіңіз қосқан адамдарыңызға, туыс-жұрағаттарыңыз-қарсылық жоқ, барсын, ұлы тойды көрсін, олар да пенде ғой. Ал Ақан мен Мәмбетәліні аузыңызға алмаңыз. Олардың баруына лұқсат жоқ, — ті Нұртаза ежіреңдеп, басқа болыстарға мақұлдатқандай болды. — ітыңдаршы, әр болыс өз иелігіндегі елдің адамына қожа емес пе?

— Солай ғой?.. Мен де түсінбеймін Шыңкекеңнің оларға осынша құты жекіне, — деп Шоғырмақ құптап еді, Азынабай, Жанбота болыстар йтараптық көрсетіп:

— Өздеріңіз біліңіздер.

— Өздеріңіз шешіңіздер, — десті.

Бұдан бұрын да Омбыда сойылар мал, сауын жайы, тігілер киіз үй, апар жиһаз, сый-құрмет сияқты көп жабдық төңірегінде ылғи шарпысумен алған Шыңғыс бұл жолы да Нұртазаға тізгінді бергісі келмеді.

— Білем, Нұртаза, Ақан серіге әу бастан сенің жұлдызың қарсы. Бір-ріңмен алысып-жұлысып, араздықпен күн кешіп келесіңдер — деген Ыңғыс. — Мейілдерің, айтыса бер, тартыса бер. Бірақ сен қырқысады сен деп, ел ардағы Ақанды неге бұл жолдан қағамыз. Ол ұлық боп бар-айды, ақын, әнші болып бармай ма. Кеше ояз ел әншілерін, жыршыларын әрсетіңіз деді. Ақаннан асқан қай өнерпазың бар?

— Өнерпаздығынан оңбағандығы басым болса қайтесіз. Бұзақы емес пе ол?!

— Бұзақы болып кімнің төбесін ояр дейсің.

— Ол барған жерінде понт шығармай жүрмейді. Егер ертең тойдың ырықын бұзса қайтеміз.

— Шырқын бұзатын бұл қазағымның тойы ма екен. Оған қиналмай-ақ ой.

— Сонда болысымдағы адамға олай-бұлай боп кетсе, жауап берер мен е, әлде...

— Сен жауап бермей-ақ қой, жауапты мен беремін. Отқа түсер көбелек мес, несіне шыжалақтайсың, сенен ақылсыз болып па, жетер, жарқыным, арады...

— Жар-р-айды! Мәмбетәліні де сіз апарасыз, оған да жауап беретін сіз оларсыз.

— Нұртаза шырағым, ол сенсіз де талай елді, тамам жерді шарлап, өз яғымен жүрген, жеті жұрттың тілін білер оқыған азамат. Қайсың бар-ың — онымен барабар түсер. Ертең орыс елі туралы, патша жөнінде білімді өз керек болса, шешіліп сөйлеп, жауап берерің де сол. Ол білер орышаны, л білер жөн-жобаны қайсың білесің?!

— Ал ол патша үкіметіне қарсы, қауіпті адам болса қайтесіз?

— Қарсысы қалай? Қауіптісі қалай?

— Оқудан қуылып, аңдуда жүрген адам екенін білмесеңіз, несіне арасасыз?! —

— Ол рас, елден жырақ адам көп нәрседен мақрұм болатыны рас, — деп Шоғырмақ та шалды. — Биліктен кеткен адам тосаңсыған жылқы сияқты-ау!

Шыңғыс осы арада сәл тосылып, ұзақ түнеріп отырып, қысқа қайырған:

— Ештемені обып кетпес. Бұл жолда оған да жауапкер мен. Барады!..

Бұл айтыстан Ақан да, Мәмбетәлі де бейхабар еді. Шыңғыс та ештеңе демеген.

Өткенді ойлап, арбамен бірге ырғалған Шыңғыс қасындағы надзиратель Ковзоловқа сезіктене қарады. Қызылжарда алдарынан шығып қосылған патша үкіметінің адамы шыққалы үнсіз. Қазір де пәуеске жақтауына иығын тіреп, басы бұлғаң-бұлғаң етіп, ұйқтап келеді. Басқаларға, тіпті бір-екі фаэтонды орыс көпестеріне де жанаспай, Шыңғысқа жабысуында не гәп бар екен?

Өңкей болыстар, байлар, атқамінер билер әдеттегідей алдыңғы лекке ұмтылып, алғашқы қарқынды жолға таласардай мінез көрсеткенмен, кейін күн ыстығында езіліп, бірінің соңынан бірі тізіліп, бастыққан асаудай жуасыған. Ақандар шыққаннан кейінгі жақта. Соңдарында әнші-күйшілер мінген қорапты қос жадағай арба ғана. Тарантаста үшеу — Ақан, Мәмбетәлі, көздеде делбе ұстаған жас әнші, ақын Ыбырай.

Көкше жерінен Қызылжарға жеткенше алдын ала құлақтанған ел Ақ патшаның мұрагерімен жүздесуге бара жатқан жолаушыларды малын сойып, сабасын пісіп қарсы алып, аттанар сәтте жолдарына шашу шашып, той-думанмен шығарып салатын. Ондайда арқалы әнші Ыбырайдың делебесі қозып, ыстық болса да сәнге киген үкілі бөркін бұлғап, артта қалып бара жатқан қыз-қырқынға шырқата өлең айтып, даусы жетер жерге дейін ән тиегін ағытатын.

Қызылжар қаласынан шығып, Омбыға беттегелі бүкіл көш сән-салтанатынан айырылып, бүрқыраған шаң астында үнсіз келеді. Бұл жақтағы ауылдар мен станицалардың ұсқыны бөлек. Алдарынан қарсы алып, шашу шашпақ түгілі, суы кермек, көбінесе ащы келетін құдығына жолатпайтын, адам шошырлық кісікік жандар.

Ыбырай әннен, Ақан мен Мәмбетәлі әңгімеден қалып, тарантаспен бірге ырғалып үнсіз отырған.

— Апыр-ай, мына жақтың ұсқыны бөлек екен. Бұл жолмен тұңғыш жүруім еді, жеріне қарай елі де бір жосын. Мына арада қалай тіршілік етеді, ана қараңдаршы, мынау көл емес, сор ғой.

Ақ шаңның ішінде доңғалақ шабақтары мен күпшегіне дейін көрінбей, ауыр жылжыған арбалардың алды бұл кезде Лебяженский көліне жетіп, соңы Қамысты көлге іліккен.

Көл жиегінде қылтанақтай шөп жоқ, тұзды ақ балшығы шыққан сор шыжыған күн астында қарт адамның тілім-тілім әжімді, ақжем алақанындай жарылып-жарылып жатыр. Жолға таяу жерде ғана қауқиған-қауқиған са-

сырлар көрінеді. Көл бетінде тірі құс жоқ. Құбыр етпей мүлгіген өлі судың үстін қабыршық-қабыршық тұз басқан.

— Ақан аға, бұл жолды «Горькая линия», яғни «Сор торап» деп тегін атамаған ғой, бұл арадан тұщы суы бар құдық та таба алмайсыз. Ащы шекше шұбатылған осы жолдағы Глоцкий, Токуши, Питном көлінің жағасындағы Полуденный, Кожехов, Лебяжья поселкелерінде, әсіресе жаңа өткен Гань-кинде тұратын казак-орыстардың тұрмысы мен біздің Көкше жеріндегі Айыртау, Арықбалық, Сандықтау, Қотыркөл, Қолтықкөл, Шортанды сияқты жер жаннатын мекендеген казак-орыстардың тұрмысының ширегіне келмейді, бәрі жерге байланысты ғой. «Жері байдың елі бай» деп тегін айтқан ба? Мына Камышловка деген көлдің арғы қабағында тұратын Степной, Мельничий деген поселкелердің күнін итке берсін, — деп Мәмбетәлі көл бетіне қарады. — Тым құрмаса мына көлдің тұзы асқа салуға келсе бір сәрі. Не ішуге, не тұзы астыққа жарамайтын сорлы көлдер, сор татыған жерлер. Осы жолмен кісендеулі талай сорлы бейбақтар Сібірге айдалды-ау!

— Біздегі казак-орыстар ғой қазақтардың ең шұрайлы әрі әдемі, сұлу жерлерін алып, мұрттарын ширатып, ширатылып отыр. Ал мына араның казак-орыстарын кім қыстаған, осынша ащы жерге тығылатындай? — деп көзледе отырған Ыбырай да делбені тізесіне бос тастап, артқа бұрылып отырды.

— Е, Ыбырай, оларда қайбір билік бар. Қайбір жетіскенінен отыр дейсің. Патша үкіметі қайда қақса, сонда тұратын қазық емес пе казак-орыстар.

— Мәмбетәлі, казак-орыстарыңды патша қазығы деп дәл айттың-ау. Осылар шынында да әр жерге бекініс етіп, қағып қойған мықты қазық екен-ау.

— Әрине, Ақан аға!

— Е, жол қысқарсын, Мәмбетәлі, сонда осы казак-орыстарың шынын-да да кім өзі! Қазақ па, орыс па? Әлде екеуінің қосынды шата баласы ма? — деп Ыбырай гүжілдеді.

— Ой-бо-ой, Ыбырай, бұлардың түп-тамырын қозғап айтып беру үшін бір күн, бір түн керек. Қазақтардың түрі көп. Біздің үш жүзге бөлінген қазақтарымызды дұрыс тарата алмай жүргенде, шым-шытырық казактарды тарату оңай шаруа емес. Терек казактары, Еділ, Дон, Сібір казактары дегендері, тіпті қалмақ-казактар, мордва-казактар, татар, башқұрт-казактар — толып жатыр. Қайсы малый русь, қайсы велико русьпен аралас — айыру қиын. Мәселен, чуваш, пермяк, черемис, вотяк, зырян-дар келе-келе ұлы орыстармен қаны араласып, мүлде айырғысыз болып кеткен.

— Әйтсе де, жалпы жобасын айтшы, шынында бұларға мен де шорқақтауым, ана, орыс шаруаларындай емес, бұлардың көбі кекжиіп, менсінбейді, бізді кісі гүрлы көрмейді, — деп Ақан да казактар жайын білгісі келді. — Сүйте тұра қазақтың кейбір салтын, рәсімін тез қағып алатындарына не берерсің.

— Біздің орыс деп жүргеніміз ұлы орыс, кіші орыс болып бөлінеді, — деп, арба үстінде қайта-қайта ырғалып, құрысқан денесін жазып алған тоқпақтай Мәмбетәлі енді ұзақ сонарға түсті. Ресей жерін мекендеген халықты ұлттық жағынан біраз таратып, олардың да байлары мен кедейлерге бөлінетінін түсіндіріп, алым-салық, қуғындау, түрме ауыртпалықтарынан бой тасалап, Еділ, Жайық, Дон бойларына кеткен голытбалардың, қазақтың кең жайылым далаларына, Есіл, Ертіс, Қара Ертіс бойларына, Алтай орман-тауларына босқан «беловодцылар» мен Бұқтырма жақта талай жылдар бойы қашып-пысып, қарақшылықпен күн көрген селазневтықтардың, жыңғыл-жыңғылдың, шатқал-шатқалдың арасына, адам аяғы баспайтын тау-тасты мекендеген «каменщиктер» мен өздерінің дініне, салтына түскен қысымнан қашқан «двоедандықтар» өмірін, тұрмысын ұзақ әңгімелеп берді. — Бірақ қанаудан, қысымнан қашқанмен, «қайда барса Қорқыттың көрі» дегендей, ең даланы, өзінің екі басты самұрық құсындай, қалтарыс-бұлтарысына дейін көрер патшаның қырағы көзінен, болат тегеурінді тұяқтай тырнағынан қайда құтылсын. Көпшілігі әр кезде, Мәскеу, Литва Рүсі тұсында еркін өмірден айырылып, бірақ көп алым-салықтан құтылып, Ресей патшалығынан қорыққанынан казактар қатарына жазылып, соған көшкен. Патша құрығы ұзын емес пе?! — Оқымысты Мәмбетәлі енді Иван Грозныйдың голытбаларға, Екатерина екіншінің «каменщиктерге» біраз жеңілдік жасап, өз қажетіне пайдаланғанын, сонау Еділ бойында қарақшылықпен жүрген Ермакты жасауылдарымен қаруландырып, Строгановты Сібірге, Ертіс бойына жөнелтіп, аң терілері, бағалы бұйымдармен баю, жер иемдену саясаттарын мақсат тұтқанын ұзақ жыр етіп баяндады. — Міне, бұлардың бәрінің аты казактар болған. Тек мекеніне, ұлтына, кәсібіне қарай ғана оларды ерекше атаған. Мәселен, Жайық өзенінің өткен ғасырдың жетпіс бесінші жылы Орал аталуына байланысты бұрынғы Жайық казактарын Орал казактары деп өзгерткен. Пошта тартатын Земский жолдардағы казактарды «Ямские», яғни Ямщик казактар дейді. Ал ертедегі көне Танайыс, қазіргі Дон өзені бойындағыларды бір кезде татар казактары деп атайтын еді. Өйткені оларда да, Сарайшық қаласын жаулап алатын Жайық казактарындағыдай, мұсылмандар көп болатын. Тіпті алғашқы атаманы Сары Азбан деген татар еді. Пугачев деген атақты көтеріліс басшысын Жайыққа дейін атпен қуып барып, қолға түсіргені үшін наказной атаман атағын, полковник шенін алған Алексей Илебайскийдің өзі не казак, не татар, башқұрмен қандас шата, шала орыс па деймін. Міне, Ақан аға, казактардың белгілі ұлт емес, жалпы ат, есім екенін байқаған шығарсыз...

Мәмбетәлінің мына әңгімесін ертегідей тыңдаған Ақан мен Ыбырай қазақ жерін мекен еткен басқа жұрттың тарихынан көп мағлұмат алып, терең ойға қалды. Делбесін бос тастап, оқыған жігіттің аузына қарап, ұйыған Ыбырай аттардың аяңға түскенін де аңғармапты.

— Сонда, әлгі суына дейін аппақ бал екен деп, алыстан арып-шаршап келіп жатқан беливотшыларың құдды біздің Жерұйықты іздеген Асан қайғылар ғой, — деп еді Ыбырай.

— Шынында, өзіміз аса бағаламаймыз, әйтпесе, нағыз Жерұйық деген осы біздің қазақ жері шығар, — деп Ақан да қостады.

— Бұл әлі жердің үсті — шөбі, топырағы, суының құнарлығы ғана. Ал жер астының байлығы, қазір орыс оқымыстылары, ағылшын сұғанақтары тексеріп жатыр, керемет қой. Тұнып тұрған кен. Ұшан-теңіз байлық!..

— Сонда казактарыңның өзі бір ұлттан емес, әр ұлттан жиналған қоспа екен-ау? — деп алғашқы әңгімеге қайта оралған Ақан көңілінде жүрген күдікті ойды шешкендей қуанды. — Бізді қырғыз деп, қайсақ деп неше құбылтып жүргендері мына казактарға ұқсамасын дегендері ме екен, әлде екеуінің атын шатыстырып аламыз дегендері ме екен? Бұл өзі қайдан шыққан ат. Өз ұлтыңның атын шатыстырғаннан өткен қорлық бар ма!

— Рас, — деді Мәмбетәлі. — Ақан аға, адамның тегін бас бітім, дене пішіміне қарай айыратын қайсыбір антрополог дейтін оқымыстылардың бізді әр рудан жиналған, әр ұлттың қосындысынан құралған конгломерат халық дейтіндері де бар. Әлгі казактардың негізі Великорусьтан болғанмен, жаңа айттым ғой, онда көп қосынды бар. Міне, конгломерат деген ат осыларға дәйт.

«Конгломераттың» әртүрлі тастардан біріккен тұтас қосынды жабайы тас екенін ұғынған Ақан:

— «Құм жиылып тас болмас» дейді. Әйтеуір қазақ халқын құмға баламай, тасқа балағандарына да шүкіршілік, — деп енді, ойында жүрген тағы да бір түйткілінің үстінен түскендей, Мәмбетәліге сауал қойды. — Сонда осы казак деген сөздің төркінін білемісің? Біздің «қазақ» деген сөзімізден алған жоқ па екен?

— Иә, мүмкін, казактар біздің не арғы, не бергі жамағайындарымыз шығар. Осы, әлі, туысқандарымызды тауып алып, ертең казак-орыстармен қосылып той жасап жүрмелік, — деп, Ыбырай да қауқылдап күліп, мәз болды.

— Бір-бірімізбен алыс-жақындығымызды қайдам?.. Ал енді казак деген сөздің анық-қанығына орыс оқымысты шежірешілерінің өзі жете алмай жүр. Әйтсе де әрқайсысының түспалдауында жан бар: Грабинка деген шежіреші казакты бұрынғы скиф халықтарының аты Хазардан шығарады. Голубовский деген адам бұл — түріктің сөзі, «қолдың томында тұратын күндізгі, түнгі күзеттегі қарауылдар» дегенге тірейді. Енді біреулер монғолша «қо — сауыт, қорғаныш қалқан, темір жейде», «зах — шек, шегара, яғни «шегараны қорғайтындар» деген сөз, тағы біреулер, «қарақшы, кезбе, қаңғыбас» деген сөз деп дәлелдейді. Әйтеуір, бәрінің де түспалы бір-бірінен онша алшақ емес, бәрі де бір арнаға саятын сықылады...

— Ау, мына сөздердің расында да жаны бар, біздің қазақ атымыз ақ қаздан шығыпты деп жүрген ертегімізден гөрі, мына орыс оқығандарының шежіресі шындыққа жақын, үйлесімді екен, — деп Ақан кәдімгідей таңырқады...

Бұлар әңгіме қызығымен отырып, алдыңғы арбалардан көп кейіндеп қалған екен. Ащы тораптан бұрылып, кең өзекті бойлап, қиыс тартқан Шыңғыстар қара үзіп кетіпті. Бұрын табанында күзге дейін жылап ағатын мөлдір суы тартылмайтын қалың шалғынды өзектің түбі құрғап, әлі жабағысы түспеген арық қойдың жүніндей жидіген шөбі сарыбалақтанып, қуаң тарта бастапты. Осы бір тұста қазақ ауылдары болатын. Тегі, жолаушылардың алды солай қарай бұрылған-ау.

Әлден уақытта, қуаң даладағы тіршілік белгісіндей, шоқ-шоқ қызылдар көрінді. Жер түгі де өзгере қалды. Қалың қау басқан күйқалы жер де, андасанда енжар шырылдаған бозторғайлар да бөлек.

Сонадайдан ұзын тұрқы ат шаптырым атжал қайыңның бауыры құжынаған адам. Оқасы тозған сары тақиядай төңкерілген жатаған төбенің басынан төмен қарай шашылған адам қыбыр етпейді. Ағаш бауырында бір-бірін тақаса, қатарласа ұйлыққан атты арбалар. Жалағаш түгелдей бықсып жанып жатыр ма, қалай? Ара-арасынан булығып, сыздықтап шыққан көк ала түтін.

Ақандар арба үстінде мойындарын соза алға қарайды. Ыбырай да аттарды қамшылап қойды. Бір жақ жетектегі серінің көкбестісі де шылбырын үзіп жіберердей тартып, ойқтастап желеді.

Қара жолдан шығып, сары қауданның үстімен арбалары селкілдеп, аттарын аяңға түсірген жолаушылар ағашқа бұрылғанда барып бір-ақ көрді. Кішкене дөң үстінде төбесіне дейін жерге бір жығылып, бір тұрып намазға ұйығандар — құбылаға қарап, батып бара жатқан күнге жалбарынған жандар. Көкшетау, Қызылжар жолаушылары да соңдарынан келіп намазға тұрыпты.

Бұлар — осы маңдағы бір-біріне көршілес, аралас-құралас казак-орыс станицалары мен орыс селоларының, қазақ ауылының адамдары екен. Бәрі құдайға жалбарынып, тасаттық беруге келгендер. Икондарын көтерген қауға сақалды шалдар мен салбыратып тасбиғын тартқан молдалар, қарындары жалтыраған балаларын жетектеген, алдына өңгерген әйелдер, кемпірлер. Бәрі де ыстық леп үрлеген аптапта түтігіп, барлығып кеткен.

Ағаштың көлеңке жақ ығында түтіндеген жиырма шақты жерошақ екен. Тасаттыққа шалған құрбан малдардың еті де қазанда бүлкілдеп қайнап жатыр.

Мына жолаушылардың патша мұрагерін қарсы алуға шыққан арнаулы адамдар екенін білген тасатшылар, етектеріне жабысқандай боп, арбаларынан түсіріп алған. «Тілеуіміз бір екен, жасағанның жаны ашып, көз жасымызға иер, осы арада тынығып, бірге болыңыздар» деп қолқалаған соң, өзі таңертеңнен әрі шөлден кеуіп, әрі нәр татпай ашыққандар, кеш түсе осы араға арнайы жеткендей, әр тұсқа арбаларынан алып алаша жайғызып, қотандана отыра-отыра қалысқан.

Шыжыған күн астында борша-боршасы шыға терлеген ақ сәлделі қара молла мен үстіне етегі жер сызған ақ мантия киген күйек сақал поп қана

үнсіз томсырайған. Тегі құдайларына жалбарынып, таңертеңнен кешке дейін жағы сембей, көз жастарын төге зарлаған дінбасыларының тілдері таңдайларына жабысып қалған-ау. Басқа жұрт әр жерде құрбан етін жеп, у-шу.

Іңірде Ақандардың да алдына үйеме табақ ет келген. Бұлармен табактас орыс, қазағы бар он шақты адамның ортасындағы бет-аузын сақал шаш жауып, екі көзі ғана жылтыраған казак-орыстың аузында дамыл жоқ. Ет жеп те, сөйлеп те үлгеріп отыр. Ара-арасында қазақша да араластырып қояды:

— Биыл аштық болады. Егін қылтиып шығып еді, бойы бір қарыс болмай жатып бастанып, семіп қалды. Енді жауын жаумаса, бір үрлеген қара дауылдан қалмайды. Қалғанын жылдағы қонағымыз — шегірткелер-ақ тып-типыл етер. Мына қазақтардың малы да күзгі маса, соналар шыққанша қондану орнына, мына аңызакта не оттасын, көлеңке-көлеңкеге тығылып әлек. Бұл құдайда да көз жоқ-ау деймін, біздей пақырларын аяса болмай ма!

Осыған дейін үнсіз тыңдаған Ыбырай күжілдеді:

— Сендердің мына түрлеріңді көрген құдайдың рахымы қайдан түседі. Мыналарың не? Не мұсылман емес, не қрыстиан емес! Осылай да тасаттық бере ме екен?!

— Оу, тума, биыл жазда әрқайсымыз өзімізше жеке-жеке беріп те көргенбіз. Көз жасымызға иімей түр ғой, енді қайтейік... Ана Семей жағына тасаттық берісімен жаңбыр нөсерлеп тұрып құя салады деседі, — деп, аузына ет толтырған жалтыр бас шал аспанға бір қарап қойды.

— Сен христианыңды айтасың. Мұнда хуторлардан келген неміс баптис-тері де бар, — деп бір мұжық күлді.

— Мәс-саған! Баптас дегендері де бар ма еді, тағы?! — деп оған Ыбырай қосыла күлді.

— Несі бар? Дін бөлек болғанмен, құдай бір емес пе? Патшамыз да бір. Тілек те бір. Әншейінде араласпайтын казактар да жүр, міне, — деп тағы да әлгі мұжық жымыып, казак шалын көзімен нұсқады.

— Сонда өзі сендер қайсыған сиынасыңдар: құдайға ма, патшаға ма? — Мәмбетәлі казак-орыс шалына қарап күлді.

— Екеуіне де, әрине. Ай, бірақ екеуінің де рахымы түспей тұр. Тап мына мұрагердің жерімізге келуіне қарай көрмейсің бе?.. Биылғы жылдың әлпеті жаман. Оның үстіне, жаңа жол бойы көрген шығарсыңдар, ен дала жетпейтіндей, неше жыл өтті, Горькая линиядан бір адым қия бастырмайды. Әбден өлер болдық, — деп, казак шалы Шыңғыстармен отырған Ковзолов жаққа жасқана қарады. — Ендігі бар ұрпағымыз ацды қорыстан шықпайтын шығар. Маңдайымызға мықтап жазған ғой.

«Бағана Мәмбетәлінің айтқан қазықтары осы шалдың ұрпақтары-ау? Бұларда да тұрмысын айтып шағыну, жетімсіздігін айтып жетімсіреу болады екен-ау?»

Казак шалы — атасының, әкесінің, өзінің, баласының — не керек бар ұрпағының осы Сібір жолының бойында пошта тарататын, Сібірге жер ауган саяси тұтқындарды әрлі-берлі тасымалдайтын «Ямские казаки» дейтін казактар екенін айтып, енді осы жолмен мұрагер бір өтіп, халімізді көрсе екен деп, жалғыз бұлар ғана емес, осы төңіректі мекендеген бар орыс, қазақ шын тілеп, армандап отырғандарын сөз етіп еді, оның бағанадан бергі ұзақ сонар әңгімесіне Мәмбетәлі бір-ақ ауыз сөзбен жауап берді:

— Е, мұрагер келсе, көрсе, не жарылқар дейсіз? Рақмет айтар! Сіздерде қалай еді, әлгі... патша алғысы туралы бір өлең бар еді ғой?

— Иә, иә! — Казак шалы енді қарқынынан жаңылғандай тосаңсып, күмілжіп қалды да, естілер-естілмес ыңылдап; патша баласын қарсы алуға бара жатқандардың ішінде жүздері де, сөздері де жылы көрінген, чиновникше киінген Мәмбетәлі сұраған өлеңнің басын бастап, өз-өзінен күлді: — «Что не делает казак за царское спасибо»...

Казак шалының орысша айтқан сөздерінің nobайын ұққан қазақтар да осы араға шынтақтаса, жүгіне отырып «ұлық» Мәмбетәлінің аужайын аңдиды.

Әлден уақытта сөз кезегі тиді-ау деген сәтте, ымырт қараңғылығында қасындағылардан иығы биіктеу бір қазақ қариясы тілге келді:

— Қарақтарым-ай, сапарларың оң болсын! Патшаның өзімен тілдесуге барады екенсіңдер. Ел атынан, қазақ атынан бара жатқан айдарлы азамат болармысыңдар?! Ақ патшаның құлағына салар біздің де көп өтінер тілегіміз бар. Сөз арасында, онымызды да айтып қалсаңдар екен. — Қарт шешен екен, ойлы екен. Көп мұң, көп тауқымет айтқанда аса желпінбей, шығынамай, зарламай, ақылшы кемеңгер адамның сабырлы мақамымен, әр сөзінен «осы да әділдік пе, бұл қиянат емес пе, пендеге бұдан асқан қорлық бар ма?» деген ащы сөздерінің ұшығын ғана сездіре айтты. Бәрі де Ақан көкейіндегі ой. Бәрі де осынау кең даланың еншісіне тиген ауыртпалық. Бәрі де қаналған, тоналған дәрменсіз жандардың басындағы бір-біріне егіздей ұқсас бүгінгі қасірет. Жалшы-жақыбай сөзі.

Бұл жолы Ақан берді жауапты:

— Ақсақал, ақ батаңызға рақмет! Өзіміз де ел тілегін, жұрт сөзін арқалап бара жатқан жандармыз. Сәті түсіп тілдесе қалсақ, бәрін айтамыз, бәрін жеткіземіз патша ағзамына! Одан қам жеменіз.

Отырғандар тегіс селк еткендей, бастарын көтерісіп, Мәмбетәлінің ту сыртынан қараңғыда ербие қалған адамның үніне құлақ түрді:

— Господин Сердалин!.. У Вас, наверное, есть поручение по сбору обед? Жаль, что не брали с собой мешочек!

Бұл — бағанадан бері сырттан құлақ түріп, Шыңғыстармен отырған жерінен әдейі келген Ковзолов еді. Мәмбетәлі желкесінен төнген адамға мойын бұрмастан, жай ғана қалжыңдасқандай күліп, мысқыл сөзге мысқылмен жауап берді:

— Менің қабым толды, енді артылғанын сіз қойны-қонышыңызға толтырып алсаңыз екен, Ваше благородие, поручик Ковзолов!.. Апаратын жеріміз бір ғой...

Таңғы салқынмен орындарынан қозғалмаққа уағдаласқан жолаушылар доғарған көліктерін шалдырып, өздері аздап мызғып алмақшы болған. Қалың шұбардың арасына тоқтап, әркім әр жерге төсеніштерін жайып жатқан кезде Мәмбетәлілердің қасына тағы да сумаң етіп Ковзолов келді.

— Сердалин мырза, сізді арақ ішеді деуші еді жұрт. Ғапу етіңіз, мына күннің ыстығында, әлгіндей далада шыбын-шіркейдің ортасында жеген қолайсыздау дәмнен кейін ол таптырмайтын дизенфекциялық дәрі ғой. Сізде қалған-құтқан бірдеме жоқ па екен? — деп, бағанағы сөзді мүлдем ұмытқандай, сыбырлай сөйледі.

— А, бар еді, бірақ, өкінішке қарай, әлгінде тамақ алдында ішіп қойып едім, ертерек келмегеніңізді қарашы, тіпті серіктікке жақсы болатын едіңіз. Жалпы, арақты ас соңынан ішкеннің еш пайдасы жоқ деседі.

— Иә, иә, солай болар, тегінде. Жарайды онда, жоққа сот жоқ, — деп өз фаэтонына қарай жүре берген Ковзолов, есіне әлдене түскендей, қайта бұрылды. — Да, айтқандай, Сердалин мырза, сіз осы депутацияда барсыз ба, әлде өз бетіңізбен еріп келемісіз?

Мәмбетәлі оның қыңыр сұрағына басқаша қыңырлықпен жауап берді:

— Сіз не, Ваше благородие, маған алғыс айтпақшымысыз? Иә, айтуыңызға болады: егер мен келмесем, сіз де бұл жаққа келе алмаған болар едіңіз.

— Иә, тап солай, поручик Ковзолов-Судейкин!

— А, солай деңіз.

Шілденің сүт пісірім ақтаңдақ түнінде екі иығы құнысып, әлде ызадан, әлде әжуалы сөзден жеңіліп булығып бара жатқан Ковзоловтың ту сыртынан қараған Ақан сері:

— Осы бір адамды қайдан көрдім. Бір көрген адамым. Кешеден бері таба алмай қойдым, — деп тағы да ойлағанша болмады. Мәмбетәлінің сөзінен соң бірден есіне сап ете қалды.

— Бұл Ковзолов дейтін надзиратель-тыңшы!

— Е-е, бәсе, бәсе! Мұны Ақмоладан көрген екем ғой. Новиков деген бір жігіт айтып еді-ау... Батыр-ау, бұл қайдан жүр мұнда?!

— Қайдан жүр деріңіз бар ма, Ақан аға... Мені ана жылы оқудан шығартқан осы болатын. Әлі де соңымнан қалмай қойды, — деп, Мәмбетәлі жатқаннан кейін де, Ковзолов жазған рапорттан соң Омбының техникалық училищесінің педсоветі өзін оқудан шығарып, дала губернаторы тарапынан іс қозғалып, соңынан жасырын тыңшы салып қойғанын ұзақ ойлаумен болды.

Көпке дейін ұйқтай алмаған Ақан да Ковзолов жайын ойлап жатса керек:

— Мәмбетәлі, ұйқтаған жоқпысың, — деп аспандағы жұлдыздарға қарап жатып тіл қатты. — Әлгі Ковзоловтың екі аты бар ма, немене? Судейкин деп қосарлап айтқаның қалай!

— Ол, әншейін, өзімнің қосқан жамау атым ғой, Ақан аға, — деп күлді Мәмбетәлі. — Орыс қауымында Нардовольцы деген одақтасқан, ұйымдасқан адамдар болған. Солардың соңына түскен Судейкин деген сұмырай тыңшы болыпты. Ковзолов сол сияқты...

Мәмбетәлі енді өзінің Петербургте университетте оқыған кездерін есіне алды. Александр Екіншіні өлтірген, Александр Үшіншіні өлтірмекке бомба лақтырған бірінші мартшылардың уақиғасын, патшаға жасалған соңғы «қастандықтан» соң өзінің тазарту тізіміне ілігіп қуылғанын, мына Жапониядағы мұрагерге жасалған қастандықтың тегін емес екенін Ақанға әңгімелеп бергісі келіп оқталды да, бірақ райынан тез қайтты. Патшаға үміткер серінің көңілін бұзғысы келмеді.

— Ақыры Судейкин Дегаева деген адамның қолынан қаза тапты, — деді әлден уақытта Мәмбетәлі. — Ковзоловқа да бір Дегаева керек...

Біраз үнсіз жатып айтқан Ақан серінің сөзіне Мәмбетәлі қайран қалды. Соңғы кездерде саяси тұтқындар арасында айтыла бастаған сөздерге ұқсайтынына таң қалды:

— Е, оны өлтіргенмен, тағы бір Ковзолов, тағы бір зұлым бас көтермей ме?.. Біреуінің басын құртқанмен, жылан ордасы бұзылмайды ғой!..

4

Омбы қаласынан он екі шақырым жерде, Ертіс бойындағы кең жазыққа тігілген киіз үйлердің көптігінде қисап жоқ. Жетісудан, Семей, Ақмола облыстарының әр уездерінен келген қазақтар бір-біріне жақын тіркесе ауыл-ауыл болып, шоғырлана қонған. Сойылар мал, сауылар жылқы кәдімгі жайлауға шыққандай мыңғырып жатыр. Есеп жоқ.

Осы ауылдардан жеке-дара, өзеннің тура қабағына жақын тігілген он шақты киіз үй — ең құрметті ауыл — «жаңа ауыл» — Ақ патшаның мұрагерін қарсы алатын, жүздесетін жер. Бұл араға игі жақсылар — болыс, билер, атақты байлар мен ежелден ел билеп, қазір бағы тайса да, көне атағымен шонжарлық қалпын сақтаған төре, сұлтан тұқымдарының жұрнақтары, қажы, моллалар жиналып, ұлы қонақтарын қалай қарсы алу тәртібіне, рәсіміне дайындалып, бес уақыт намаздарын қаза қылмайтын дінге берік мұсылмандар салтымен күнде салпақтайды. Бұларды сапқа тұрғызған әскерлердей қаз-қатар қойып, мұрагер алдында қалай қошемет көрсету керек екенін үйретіп, жөнге салып, айтылар сөз, көрсетер құрметтің жөн-жобасын ұғындырушылар — арнаулы комиссия адамдары, «шені үлкен, дәрежесі биік қала чиновниктері»...

Ақан мен Мәмбетәлі дәл мұрагер Омбыға келер күні қыбын тауып қалаға жеткен. Басқа қазақтар бұл қызықтан бейхабар.

Июльдің он төрті күні екінді кезінде қала шетіндегі биік, ескі қорғаннан атылған зеңбірек үні біразға дейін құлақ тұндырды. Бұл — мұрагердің Ертіс бойымен жеткеніне қошеметпен атылған зеңбірек.

Қала халқы құжынаған құмырсқаның илеуіндей. Полк-полкімен, жүз-жүзбен иін тірескен аттылы казактардың, тарантас, пәуеске, рессорлардың ара-арасымен сыналай өту қиямет-қайым. Бұрын Петербург сияқты ірі қаланы, мұндай салтанатты жиындарды көп көрген Мәмбетәліге бұл аса таңсық болмаса да, Ақан үшін бұл — ғажайып көрініс.

Кемеден түсіп, қара арғымаққа мінген мұрагерді бір қиырдан көзі шалған сері ол арада не болып жатқанын анық көре алмай әлек. Мұрагерді жақын тұрып көрмекке құмартқан жүрек дүрсіліндей жер-дүниені дүрсілдеткен музыка. Ақан бұрын естімеген қуатты үн, әсерлі ән. Марш! Марш! Гүрс-гүрс ойналған оркестр, Цесаревич алдынан өткен мыңдықтар мен жүздіктердің «уралаған» үндері, қошемет дауыстар Омбы аспанын дірілдетіп, қалықтап тұр.

Бұл думан күн батқанша аяқталмады. Шыжғырған күн астында, Омбының сәл жауын жауса миы шығып жататын қара балшықты жерінен көтерілген борпылдақ қою шаңның ішінде жеңкілген жұрт көше-көшені, алаң-алаңды бойлай шеру тартқан салтанатты топтың екі қапталында шұбырып, қолы жеткендері мұрагердің табанының астына гүл шоқтарын лақтырып, арнасынан шыққан тасқын судай ағыла берді, ағыла берді. Никольск шіркеуінде тұратын Ермактың туын көтерген казак атты әскерлері жан-жағынан қоршаған мұрагер бар нөкерлерімен қозғалып, Ильинский шіркеуінде қасиетті крестке ернін тигізіп, шоқынып шыққан соң, генерал-губернатор үйіне дейін талай жерлерге тоқтап, қала меңдандары мен дворян, чиновниктерінің қошеметіне бөленді.

Қаладағы ең таңдаулы орындар Дворцовая көшесіндегі Зайцевтің «Столичные», «Коммерческие номера» аталатын, қыр еліне әйгілі Шепановскийдің қонақүйіндей, шетелдіктер, оның ішінде қазақ сұлтандары мен басқа шонжарлары жататын қонақүйлерінің алдымен, су сепкен таптаза мұнтаздай, неше түрлі гүл егілген жұпар атқан бақты басып, Омбының үстіндегі аспалы темір көпірден асып, ең тәуір көшелердің бірі Любинский проспектісіндегі Терехов, Волков, Шанин деген ірі купецтердің тас магазиндерін көктей өтіп, генерал-губернатордың сарайына қайта бұрылғанша, күн де батқан...

Омбының түнгі көрінісі қандай әсем. Жыпырлаған сансыз жұлдызды айсыз аспан қазір кері төңкеріліп, жерге аунап түскендей. Қала шетіндегі жермай шамдарын былай қойғанда, орталық көшелердегі, Никольск шіркеуінің алдындағы Сібір казактарының мұрагерге арнайы көтерген аркасында, бақтарда түрлі түсті шамдардан көз тұнады. Семей, Түмен жағынан арнайы келген «Верный», «Фортуна», «Сарапулец», «Александр Невский» кемелерінде тізіле жайнаған неше түрлі қызылды-жасылды жарықтар Ертіс суына түсіп, дірілдеп, бүкіл өзеннің ұзына бойы сәуле шашып, жымың қағады. Оттар! Оттар!

Көз алдында самаладай жайнаған жер бетіндегі мұндай жарықты, сезімді оятар мұндай әсерлі сәуле шашқан оттарды тұмысында бірінші көрген Ақан сері таң қалып, іштегі бір арманын қасындағы Мәмбетәліге ақындық шабытпен айтты:

— Апырм-ай, Мәмбетәлі, біз осы күнге дейін Жасағанның жалғыз күнінің астында күнелтіп, ғұмыры, түн баласы, көрдей қараңғы қапаста ұйқымен тіршілік етіп келеміз-ау! Мына орыс жерінің жарығы, сәулесі біздің түнектегі елге де жетер күн болар ма екен!..

Көп шуыл, көп дабырдың ішімен ұзақ жүріп, әбден титықтап шаршаса да, Ақан сергек. Тек бағанағы әзірде, қайдан сап ете қалғаны белгісіз, бұлардың желке тұсынан қадалған Ковзоловтың өткір көзінен тітіркеніп кеткен. Ол болса, бұлардың соңынан қалмай, анадайдан бақылап, жындарына тиген. Ақыры екеуі оны жиі адастырып отырып, Мәмбетәлі оқыған техникалық училищенің сыртындағы ағаш үйге келіп кірген. Бұл — қалада бұрын «подлые люди» деп аталатын топқа жататын переселен шаруаның үйі екен.

Төргі бөлмеде бір бүйірінде көп патшалардың суреті ойылған сары самырдан шай ішіп, гүлдесіп отырғандар бұлар кіргенде тына қалды. Босаға жақтан ұшып тұрған қауға сақал еңгезердей қарт тығыршықтай төртбақ Мәмбетәліні бас салып құшақтап аймаласа да, қала тәртібімен сәнді киінген, сұлу қазақты жақтырмағандай, Ақанның сәлемін салғырт алып еді, столды айнала отырған сақалды екі орыс жігіті мен жас келіншек те бөтен адамға әрі тосырқай, әрі күдіктене қарады. Мұны бірден сезген Мәмбетәлі:

— Бұл адам — бүкіл қазақ жеріне аты шулы Ахан-сәрә деген әнші, композитор ағамыз. Өзіміздің адам, — дегенде барып, жігіттер орнынан тұрып, орыс рәсімімен қол алысып танысты:

— Горбунов.

— Иваницкий.

— Чернышева...

Техникалық училищеден қуылғалы Омбыға келмек тұрсын, өзінің достарымен жазысқан хаттары үшін Ковзоловтардың аңдуына ұшырап, ояз алдында жазықты болып қуғындалып, қағажу көрген Мәмбетәлі, алыс түкпірдегі меңіреу ауылда жатып, Ресейдегі көп жағдайлардан, жаңалықтардан хабарсыз, мақрұм қалған еді. Енді мына жолдастарын әдейі іздеп келген жігіт шай үстінде Ақан біле бермейтін, ұғымсыздау көп жайларды құмарта сұрап, көп кеңесті. Сөздерінің жалпы нобайын, бағытын ұғынғанмен, жетесіне жете түсінбеген зерек ақынның жадында жаңа бір сөздер қалып қойған еді. Бірақ тосыннан естіген «монархия», «репрессия», «каракозовцы», «террор», «социал-демократы» деген сөздердің түпкі астарын, негізін түсінбеді. Әшейінде білмекке, үйренбекке құмар Ақан бұл сөздердің төркінінде құпия сыр жатқанын отырғандардың аңысынан байқап, қазбалап сұрап, діңкелеуді ұят санады.

Әйтсе де әңгіме, кеңестен сырт қалған сері енді, ұзақ ішкен шай жиналар кезде, жұрттың назарын өзіне аударып алған еді.

Бүгінгі көп қызық, салтанатты тойдың әсерімен әлі де көңілді отырған Ақан, Көкшеден шыққалы ойына оралған арманын кеше Мәмбетәліге айтқанындай, бүгінгі ағалық арызын тағы да қайталаған:

— Мәмбетәлі, мына жолдастарыңмен сөйлесіп, мауқыңды бассан, бағанағы айтқанымды бүгін ұйқтамасақ та түні бойы қағаз бетіне түсірейікші.

— Жарайды, Ақан аға, сіздің айтқаныңыздан қалай бас тартпақпын, — деген Мәмбетәлі, қазақшаны түсінбеген жолдастарына күле отырып жеткізген: — Біз Августейший атаманға — болашақ Императорға петиция жазбақпыз.

— Петиция?

— Петиция! — деп бірі таңырқап, бірі қулана күлген қонақтар Ақанның патша мұрагерінің алдында сөйлемекші екенін, айта алмай қалар арызшағымдарын «петиция» арқылы жолдамақ екенін естігенде дала ақынына әрі қызықтап, әрі оның бала мінезіне зілсіз жымыңдасты.

— Мәмбетәлі Сердалиныч, бұл кісіден не арыз еткісі келетінін білуге бола ма? — Келгелі сөзге араласпай, бой сақтаған Ақанның жүзіне сабырмен, ыждаһатпен ұзақ қарай қалған Горбунов түз адамдарының ойпікірін, оқымаған адамның қоғамға деген көзқарасын шын білгісі келіп еді, басқалары да қосылды.

— Өздеріңіз неге сұрамайсыздар, егер Ақан аға күп алса, — деп, олардың бұлай қазымырлана қалғанын ұнатпай сұрланған серіге қарады Мәмбетәлі.

— Гапу етіңіз, сіз орысша біледі екенсіз ғой, біз... — деп қызарақтап әрі бағанадан бергі күпия сөздерін ақынның түсініп отырғанына ыңғайсызданған Иваницкий Ақанға бұрылып ақтала сөйледі. — Сіз бізді шын ұғыныңыз. Біздің ойымызда титтей де сынау не күдік жоқ. Шын иланыңыз, қырғыз-қайсақ жеріндегі хал-ахуалды тереңірек білгіміз келеді. Мүмкін, біздің де қосар ойымыз болар. Цесаревичке не айтпақсыз? Гапу өтінемін!

Ақан сері сәл ойланып отырып, өзінің көкейінде сайрап, ұзақ уақыттан бері жатталып қалған сөздерін орысша тізбектей жөнелді. Алғашқыда даусы зілдей шықты.

— Мен патша мұрагеріне, болашақ патшамызға, қазақ елінің мұңын, мұқтажын, көрген тауқыметін, шеккен зәбірін, тартқан азабын жазбақпын.

Отырғандар қозғалақтап, түстері өзгеріп, жүздерінен күлкі табы тарап, байсалдана қалды.

— Сіз қазақ елінің дейсіз, бұл айтып отырғаныңыз барлық елге, Россия халқына да ортақ тағдыр емес пе, — деді Горбунов. — Мұны қай ұлттың болмасын тағдырынан бөліп қарау — жарамайды. Бұл — жалпы қасірет... Гапу етіңіз, сөзіңізді бөлдім бе?

— Жоқ, сіз түсінбедіңіз, жалпы қасірет өз алдына, менің айтпағым сол — орыс халқының тағдырынан бөлектеу қазақ тағдыры!

— Қызық екен, иә, айтыңыз.

— Да, интерес-сно! — деп, басқалары да орысша жатық сөйлеген ақынға енді үлкен үмітпен қарап, түз тағдырының сырын ұқпаққа құштарлана құлақ түрді.

Ақан бұлардың құштарлығын басқаша ұқты. Сынаудан, мінеуден аулақпыз деп қанша ақталғанмен, түз елінің қараңғы надандары не білуші еді, нендей терең ой болушы еді дегендей көрініп, сері әрі зығыры қайнап, әрі назаланып, бұлармен ашық айтысқа түсуді ойлады.

— Жәрәйді, ендеше, — деп Ақан иығын қомдай түсті де, отырғандарды өткір көзімен айнала бір шолып өтті. — Мәмбетәлі, сен айтылар сөзді зердеңе тоқи отыр. Жазылмақ сөз де осы төңіректе болар... — Бұл арасын қазақша айтқан Ақан, қайтадан орысшаға ауысты. — Бүгін Омбы қаласын еркін аралап, түсінбегенімді, білмегенімді мына Мәмбетәліден сұрай жүріп, көп нәрсеге қандым, көп нәрсеге қызықтым. Шіркін-ай, қазақ елінде осындайлар неге жоқ, қазақтың маңдайына неге мұндайларды жазбаған деп, жасыратыны жоқ, қызғана қарадым... Өздеріңіз ойлаңыздаршы, мына түнгі Омбының келбеті қандай, қазақ ауылының, бүкіл сахараның түнгі келбеті қандай? Мұндағы самаладай жайнаған жарықтың, сәуленің бір ұшығы ол араға түсті ме? Ғасырлар бойы қараңғы түнекті бүркеніп, тым-тырыс жатқан қайран қазақ елі. Әйтеуір күн ортақ, ай ортақ.

Иваницкий мырс етіп:

— Сіз Омбы қаласы мәңгі осы жарықтың, вензельдер мен фейерверктердің, иллюминация оттарының астында тұрады деп ойлаймысыз. Бұл әншейін Цесаревичке жасалып жатқан уақытша құрмет қой. Әйтпесе кейін келіңіз, орталық көшелердегі бес-алты галка фонарынан түскен жарықтан батпаққа батқан калошыңызды таба алмай қаласыз, — деп қалжыңдап күлгенде, басқалары оның орынсыз қалжыңын жақтырмай қабақ шытысты.

— Николай Александрович, сондай сөздің қажеті қанша, несіне бұрмалайсыз! — Бәденді келген орыс келіншегі дала ақынының, ойлы ақынның астарлы сөзін көпе-көрінеу қақпақылдағанына қызарақтап қалды.

— Жоқ, әншейін, сөз ретімен... Әйтпесе түсініп отырмын, гапу етіңіз, өте образно, образно!..

— Ондай аяғын ала алмай жүрген адамдар батпақта галошы түгілі, құрғақта басының қайда қалғанын білмес, — деп Ақан да жұтқыншағы сорайған Иваницкийге ұнатпай қарады да, енді шын айтысқа түскендей ашынып сөйледі. — Жарайды, онда панарларыңды, лампыларыңды базар шығып келген қазақтар ақшасына алып келіп жатыр. Ауылда да шам көбейді. Ал білім шырағын, білім жарығын, жүрек отын ақшаға ала аласың ба? Бүгін мұрагерді қарсы алған қыздар гимназиясының, Тобыл көшесіндегі жетім-жесір, кедей балаларының убежищесінен бір кісідей ән салып шыққан кілең сүйріктей-сүйріктей шәкірттерді көргенде сонау алыстағы ауылда кір-қоңның, күл-қоқырдың арасында жүрген бейбақтар есіңе түсіп, жаның ашып, көзіңе жас келеді. Неге олар оқымайды, неге оларға мектеп ашпайды? Олардың жазығы не?! — Ақан қайсыбір орыстың қиын сөздерін, ұмытып қалған кісі есімдерін, ғимарат, оқу орындарының атауларын Мәмбетәліден сұрап алып, аудартып алып отыр. — Және де соның бастығы генерал-губернатордың әйелі барон Таубе екен.

— Баронесса деді. Омбының Благотворитель қоғамының алдамшы қуыршағы ғой.

— Император Алексейдің әйелі, бүгінгі мұрагердің шешесі императрица Мария Федоровна да Ведомстводағы әйелдер оқу орнын басқарады. Баронесса Таубе мен Дмитриева-Мамоновалардікі де әншейін еліктегенге — солықтаған ғой, — деді Мәмбетәлі де.

— Ал мұрагер кемеден түскенде ана қосылып әнге салған казактар, ана таяқшамен бәрін басқарып тұрған есаул, қалай деп едің?!

— Ә, Сібір казак әскерінің капельмейстр Гровесь басқарған хоры мен есаул Новоселов басқарған оркестрі, — деді Мәмбетәлі.

— Иә, иә... Кейін біз сол оркестр дегенін таяу барып қарадық. Не деген ғажап, ғажайып нәрсе, — деп Ақан басын шайқады. — Ғұмырымда бірінші көруім еді, мұндай таң қалмаспын. Жаңағы оркестрдегілердің бәрінде бір-бір қағаз. Тура хадымша жазылған құран бетіндегі әліптің таяқшаларындай сызулар. Бәрі соған қарап тартып тұр. Не деген ғаламат! Мен көңілдегі ойды қағазға сөз етіп түсіруді білсем де, көкірегіндегі әнді қағазға түсіру дегенді көрмеп едім. Ертеде Фараби шаһарының бір үлкен ғұламасы әнді қағазға түсіріпті дегенді естігенде сенерімді не сенбесімді білмей, қайран қалғам. Шіркін-ай, қазақ даласында тұнып тұрған әрісі, берісі бар неше бір тамылжыған ән мен құйқылжыған күйдің талайы ұмытылады-ау, мынадай боп сақталып қалар ма? Неге ғана осыны қазақ балаларына үйретпеске, неге ғана оқытпасқа?! Шіркін-ай!..

— Сонда киргиз... то есть казак балаларын алалап ұстайды демексіз бе? — деп Горбунов бұл жолы шын білмеске, шын сынап сұрады.

— Сіздіңше қалай? Мен сіздерге бір мысал айтайын: Ішкі Ресей жерінен ғой, жылда қанша переселендер келіп жатыр. Жер алып жатыр, олардың үй-жай салып алуына, сиыр сатып алуына, менің бір Новиков деген досымның айтуынша, ақшалай қарыз — ссуда береді екен. Кейде ұсақ-түйекке қайтармайтын тегін ақша да береді. Ал сонда жері де, сиыры да жоқ қазақ кедей-кепшігіне, мүсәпір жетімдеріне, қайыршыларына, жалшы-малайларына неге қарайласпайды?

— Олар өз жерінде ғой, — деді де, Иваницкий өзінің ағат сөйлегенін аңғарып, басқаша, бұлдыр ғана айта салды. — Переселение мәселесі, жер мәселесі — өте қиын шаруа. Патша өкіметінің құпия саясаты, бұл — үлкен мәселе!

— Жоқ, бұл алалау, сенбеу деген сөз. — Жұрт алдында насыбай атпайтын Ақан осы тұста қалтасынан қалай шақшасын алғанын білмей қалды. Ерніне бір шөкім насыбай салып, қайта сөйледі. — Тағы да бүгін мынадай жағдай маған көп ой салды. Әрине, бұрын да аз-маз ойланатынымыз. Казак-орыс әскерлері, полк деді ме, не деген қаһарлы күш? Әсіресе казактардың қылқандай жастарының, қаршадай балаларының полкі қандай сәнді, қандай керемет. Бәрі де өз қару-жарақтарымен, өз аттарымен келген. Ал осындай қазақ әскері, қазақ полкі неге жоқ? Қазақ жастарына да мылтық атуды, зеңбірек атуды неге үйретпейді?!

— Шынында да казактар әскерге өз аттарымен келеді. Сіздерде ондай әскер болған ба, казактарда, ну, казак-кайсақтарда? Монғолдар белгілі ғой, — деп қазақ пен казакты қалай шатастырып алмаудың шарасымен Чернышева сәл қызарақтап, тұтығып қалды.

— Неге болмасын. Егер болмаса, осынша ұшан-теңіз жерді қалай ғасырлар бойы иемденіп отыр дейсіз! Әрине, ойсырай жеңіліп, жаппай қырғыншылыққа ұшыраған күндері де көп болған... Иә-иә, әлгі казактар өз атымен шығады дедіңіз, — деп, Ақан енді келіншекке күлімсірей, қуақылана қарады. — Сізден ұятырақ болса да айтайын, өзіңіз сұрадыңыз ғой. Қазақта, қалай деуге келеді, сүндетке отырғызу бар. Мұсылман парызы. Сүндетке отырғызар баладан, бір жағы көңілін аулап, алдау үшін: «Атың кім? Атың қандай?» — деп сұрайды. Бұл — ерте кезде, өз есімін сұраумен бірге мінетін атын сұраудың жөні. Бала сонда өз атымен бірге, мінетін құлын не тайының атын атайтын. — Бұл — енді, бәйгеге мінер, көкпарға түсер, сауықта жүрер атың бар жігітсің, еліңді жаудан қорғайтын атың бар азаматсың деп, елін, жерін қорғауға кішкентайынан баулудың, санасына жүгіртудің бір түрі, тәрбиенің бір қыры еді. Яғни жаугершілік уақытта әр жігіттің аты, тіпті кермеде, түн баласына байлаулы тұратын кездері болған... Ал Ресей қарамағына кіргелі жайбарақат жатқан бос белбеу жұрт. Бұл, бір жағы, жау күтпеген жағасы жайлау тіршілік — рақат та шығар. Бірақ елін қорғауды ойламаған, күтінбеген азаматтың жүрегі отынан айрылған шала, қоламта! Жүрек отын қалай сатып алады дегенім осы еді... Меніңше, қазақ жері нысанаға іліккен де, қазақ халқы елеусіз қалып барады. Жерің нысанаға ілігіп, елің елеусіз қалғаннан асқан қорлық жоқ!..

— Сонда осынша тағдыр тауқыметіне кім кінәлі деп ойлайсыз?

— Ең алдымен Ресей патшалығының қазақ елін басқарып отырған үлкен орыс ұлықтары: генерал-губернатор, ояздар, чиновниктер. Қала берді бүгінгі қазақ ұлықтары: болыстар, билер, байлар, атқамінер озбырлар.

— Ал сонда киргиз-кайсақ ішінен шыққан өз оқыған азаматтары қайда? — деп Горбунов Мәмбетәліге қарап екі ұшты жымиып қойды. — Олардың неге өз халқына жаны ашымайды?

— Ол оқығандарының бірі — өзіңіз мезгеп отырған Мәмбетәлі. Көрінген оқудан шығып, қуғында жүрген Мәмбетәлі. Шідерлі аттай, ауыл маңынан ұзай алмай жүрген мұның қолынан қазір не келеді? Қазақтың көп үміт артқан оқыған азаматы Шоқан еді, білетін шығарсыздар?

— Білгенде қандай!

— Білеміз, әрине!

— Сол Атбасар дуанына аға сұлтан боламын, қараңғы қазақтың көзін ашамын деп осыншама талпынып еді. Не керек, ақшасы көп надан Ерден Сандыбайұлы жеңіп алды. Орыс ұлығына, әрине, Шоқаннан Ерден пайдалы. Қазір ел басқарған болыс, ауылнайлардан не үміт, не қайыр? Өңшең қара танымайтын, жері бар, байлығы бар топастар. Олар ел үстінен салық жинауға, бермесе тартып алуға шебер. Сол аты-жөні көп салықтардың қайда кетіп, неге жұмсалатынын ел түгілі, сол болыстарының

өзі білсе бір сәрі. Қараңғы ел Сібірге жер аударылса да, себебін білмей кете барады. Оған жөн-жоба түсіндірер кім бар? Орыс империясына бағынып, қарамағына кіргелі жүз жылдан асқан екен, содан бері қазақ елінде не өзгеріс бар? Алғашында елді хан биледі, келе-келе екі жағында екі орыс заседателі бар сұлтан биледі, енді бүгінде оның орнына орыс оязы шықты, қазақ ел басқарудан, өз еркі, билігі бар ел болудан сырылып келеді, қағылып келеді. Ертең болысың да, ауылнайың да стражниктер болса, тіл түсінбейтін қараңғы халықтың қой болмағанда несі қалды?! Ең арты өзіміздің қазақ деген ұлттық атымыздан айырылып барамыз... Ештеңе түсінбесең де, қазақ бол, мейлі шүршіт бол, әйтеуір пара берсең, ұлықтардың қалтасын толтырсаң, қалқақтап аман жүресің. Сол да күнкөріс пе, сол да тіршілік пе?! Бирондар қаптап келеді, Бирондар!

Отырғандар бір-біріне таңырқаса қарасты.

— Пара — бүкіл Россия жеріне жайылған індет! — деп, Горбунов енді орыс еліндегі параның неше атасын ұзақ жыр ғып, қызына-қызына айтты да, қайтадан Ақанға бұрылды.

— Сонда сіз осы арыз, шағымды Цесаревичке айтпақшымысыз, то есть, жолдамақпысыз.

— Әрине! Аузым жетсе, түгелдей айтамыз. Жетпесе, арыз-шағым жазылған қағазымды беремін.

— Патша бұл сұмдықтарды білмейді деп ойлайсыз ба?

— Шет жағасын білетін шығар. Бірақ түгелдей білсе, өз иелігіндегі елді осынша қан қақсатудан оған түсер пайда қанша?

— Сіздің айтып отырған сөздеріңіздің бәрі орынды, екі-ақ қатеніз бар, ғапу етесіз!

— Айтыңыз, айтыңыз, мен сіздермен білімді азаматтар деп ақылдасып, кеңесіп отырмын.

— Ендеше, бірінші қателігіңіз — орыс халқының тағдырын түгелдей білмейсіз, жаңағы айтқан қасіреттің көбі — орыстың қарапайым адамының басындағы қасірет.

— Алексей патша өте орысшыл... қалай еді... шовенис деуші ме еді, ол қалайша орыс жұртына қатыгез болмақ... Иә, Мәмбетәлі, олардың орысшылдығының жалғандығын айтып едің-ау!

— Иә, — деді Горбунов. — Алексей Үшінші патша басқа орысты емес, өзінің орыстығын жақсы көреді, орыстың дәрежесінен гөрі орыстың дінін, православияны бәрінен жоғары бағалайды!

— Екінші қателігімді айтыңыз.

— Екінші қателігіңіз — патшаға сенесіз. Сіз үлкен адамсыз, бір елдің үлкен ақынысыз, композиторсыз, ақылды адамсыз, бірақ балаша сенгішсіз. Сіз бұл тарапынан... он жеті жасар Любовь Коведяеваның ісін қайталағыңыз келеді. Не деген сенгішсіз, — деп Горбунов басын шайқап-шайқап назаланды. — Ғапу етіңіз, сізді жас қызбен салыстырғаным. Мен бұл арада сәбилік мінездеріңіздің ұқсастығын айтып отырмын. Әрине, сіз ол қыздың жайын білмейтін боларсыз.

— Ол қыз кім еді?!

— Чернышевский деген орыстың ұлы жазушысын Алексеев равелинасына қамағанда, түрме десек те болады, әйелдер гимназиясының шәкірті Коведяева Екінші Александр патшаға «Чернышевскийді босатып, оның орнына мені қамаңыз» деп хат жолдаған, — деп қысқаша түсіндірді Мәмбетәлі.

— Бірақ оған таң қалатын ештемесі жоқ. — Сөзге тағы да Чернышева араласты. — Сол Екінші патшаның тұсында «Жас жеткіншектерге» атты прокламация өлеңінің авторы ақын Михайлов бастаған бір топ жазушының министрге жазған хатын қайда қоясыздар?..

— Иә, патшаға әлі де сенетіндер аз емес...

— Сонда, сіздіңше, не істеу керек, қол қусырып отыру керек пе?

Горбунов Ақанға ашумен жалт қарады да, өз қатарындағы құпия адамдардың бірі емес екенін жаңа сезгендей, сәл тосылып қалды. Аздан соң барып алғашқы ойын жұмсарта, қалжыңға аударып, сауал ретінде айтты:

— Мүмкін, патшаға сену емес, орнынан сыру керек шығар?..

Ақан да сәл ойланып, үнсіз отырды да, Сандық тау станицасы казак-орыстарының кебеже қарын, төртбақ, былшиған сап-сары жүзбасындай, өңірінде медаль сыңсыған бүйірлі жез самауырға қарап мұртын сипап, әлдеқалай миығынан күлді:

— Ана самауырдың сыртындағының бәрі патшалардың басы-ау деймін. Егер сонау соңғы патшаны орнынан жұлып тастасақ, жаңа самауыр тағы бір энаққа жаритын болды ғой!

Отырғандар ду күліп, бір-біріне қарасты. Олардың көздерінде «Осы біз тым алысқа кетпедік пе?» деген қауіп те бар еді. Енді бұлар әңгіме бетін қалжыңға, әзілге бұрды.

— Ендеше шай құюшыны ауыстыру керек.

— Мүмкін, осы самауырдың оттығын, шүмегін өзгерту керек болар.

Ақан да қалжыңға қалжыңмен жауап беріп, қатты күлді:

— Олай болса, Сіздер қашан төрт аяғымен тең басып, төрт аяқты столға өзі келетін, төрт жағында төрт шүмегі, төрт құлағы бар самауыр жасап шығарғанша, шайқор қазақтар ішімізді кептірер өлі суды іше тұратын шығармыз!..

Түн ортасына дейін көңіл көтеріп, ән айтып, басқа көр-жер кеңеспен уақыт өткізген Мәмбетәлінің омбылық достары, тағы да жолығармыз десіп, қош айтысып тарасқан. Тысқа шығып, үйден ұзай бергендегі әңгімелері мынау болды:

— Жаңағы қырғыз-қайсақ ақынының алдында тым ашық сөйлеп кетпедік пе?

— Мәмбетәлі өзіміздің адам демеді ме? Және бұл халық — сырға берік халық.

— Дегенмен өзі үлкен философ.

— Наивная философия.

— Наивно? Потому и реально...

Мәмбетәлі болса, сері ағасының сөзіне қарсы дау айта алмай, ол айтқан сөздердің бәрін, көтерем ел тағдырының бәрін тізіп хатқа түсіре берді. Ғаделетсіз сотталып, Сібір айдалған Шәкей, Ожымбай, Байбатырдың тағдырына ара түсіп, оларға кешірім жасауды өтінумен, мұрагерге жолдар шағым хат соңы таң алдында тамамдалған.

5

Шілде. Жұма күні Ертіс жағасындағы қазақ ауылдары таң сәріден ояныды. Бүгін патша мұрагері келетін күн.

Түні бойы қазан-ошақ маңында ет пісірумен көз шырымдарын алмаған малайлар да сергек. Орындарынан тұра, жау қуып келе жатқандай, тамақтарын апыл-ғұпыл ішіп алған қазақтар, қашан хабар келер екен деп мазасызданып, Жаңа ауыл тұсындағы Ертіс суына қарайды.

Мұрагер хабарсыз келіп, иесіз үйлерді жалғыз аралап кетіп қалатындай тықыршып, көрші ауылдар бір-біріне шапқыншылап, «сендерге хабар тиген жоқ па?» «ойпырмай, зарықтырды-ау, қашан келер екен», «көре алмай қалмасақ жарар еді» деп, сабырсызданып, сабылып жүр.

Күн көтеріліп қыза түсті. Алыста қазақ даласының қыраттарында сағым ойнады. Патша келер жақтағы Ертіс суы баяу ағып жатыр, кей иірім тұстары ғана шымырлап, қыз бетіндегі сұлу шұқыршақтай сақиналана дөңгелеп, бір иірім бір иірімді қуып ойнайды. Кемерге әлсіз соққан толқын да, су бетіне шолп етіп шығып, қайта сүңги жөнелетін шабақтардың да өз тіршілігі өзінде, бүгінгі қызықтан бейхабар. Жазық дала бетіндегі теңіздей мұнартып, дірілдеген шексіз сағым да, қуаң шөп арасында ыршыған шегірткелер, ентіге дем алып, жапырағы қуарып түскен гүл, сыбызғы сабақтарына дамылсыз ұшып-қонып жүрген көбелектер, іннен-інге кіріп сыпың еткен тышқан, кесірткелер де ештемеден бейхабар.

Күн шыға өзен бойлап кеткен екі адам ғана осы айдалада мазасыз күйге түскен. Бірі — Шыңғыс, екіншісі — Ақан. Екеуі де бірін-бірі көрген жоқ. Екеуі Ертістің екі тұсында. Ел дабырынан жырақ кеткен Шыңғыс қолындағы етектей қағазынан көз алмай, кәрі көзі сығырайып, қайта-қайта күбірлеп, дауыстап оқиды. Қағазда мұрагер алдында оқылатын құттықтау сөз жазылған. Келгелі орысшаға жетік қазақ оқығандары жиналып алып ұдықтаса жазған сөз он өшіріліп, он көшірілген. Ақыры бір тоқтамға келіп, сөз жүйесін аяқтаған соң полковник Катанаев, ояз Коновалов, комиссия мүшелері оқып, жарамды деп тапқан. Талай жылдардан бері орыс қауымынан қол үзіп, орысша сөйлеуге де әжептәуір тосаңсып қалған Шыңғыс әрі жазуды көзі көріңкіремей, әрі қиын сөздерге тұтыға берген соң, мұрагер алдында мүдірмей шығуға жаттығып, жападан-жалғыз пысықтап жүр.

Ақан да толқу үстінде. Ертіске келгелі ауыл-ауылдағы жиналған жұрт кешқұрым ет жеп, қымыз ішіп дуылдасып, мәре-сәре болып жатқанда сері

кейде Мәмбетәлімен, кейде жалғыз өзен бойын бойлап, жаяу серуендеп кетеді. Өткен өміріндегі талай белестер, думанды қызықтар есіне түсіп өзінен шырқата әнге басып, кейде үрім-бұтағын аз жыл ішінде отап кеткен зауалды күндері, алыста темір құрсауда жүрген достары есіне түсіп, қайғыдан айдалада езіліп, мұңмен оралады. Осындай күндердің бірінде жарқабақтың тұсынан асып, бір дөңестеу жердің ылдиына келгенде алыстан құлпытасқа ұқсаған қазық тас көрген. Қасына келіп қараса, бұл арада мола да, зират та жоқ, жел өтінен, жауын тамшыларынан талай заманнан бері мүжіліп тозған сарғыш тас қара жерге тереңдей қағылған. Тас адам мүсініне келеді, екі иығы, ебедейсіз қашалған басы, айшықты қасы, мұрны, көзі, аузы бар. Екі қолының да орны қашалған. Бұлуарынан жерге кірген жауынгер қияпаты. Арқа тұсында қадымша, жәдітшеге де, орыс қарпіне де келмейтін бөтен, жат жазу. Кім білсін, атам замандағы қарақорымдық монғол, не жоңғарлармен болған қырғын соғыстағы жаугершілік кездегі әлдекімдердің қалдырған белгісі ме?

Ақан қазір сол тас мүсіннің алдында сөйлеп отыр. Қолында Шыңғысқа жазып бергендей қағаз жоқ. Өз ойынан патша мұрагеріне айтар шағымын пысықтап отыр. Тас мүсін сөйлемесе де, домбыраның бұрауын келтіргендей ой салып, сөйлер сөздің тиегін тапқан. Ақанның көз алдында сонау бағы заманда қазақ жерін ойрандап, баласын құл, әйелін күң еткен заман — монғолдар басқыншылығы, одан Қытай иелігіндегі жоңғарлар жорығы тізбектеліп өте берді.

Ақан мәнерлі сөздерді ойлана тербеп, асықпай сөйлеп отыр, сөйлеп отыр. Мұрагердің алдында отырғандай сөз тиегін ағытып, ел тарихын әріден қозғап, беріге қарай ширатып келеді.

Тас мүсін үндемейді, көзі бақырайып, бедірейген қалпы түк сезбейді.

Әлден уақытта алыстағы ауыл үдере көшкендей шу ете қалды. Ақан да елең етіп, басын көтерді. Ел дүрлігіп жатыр. Тегі жаңа ауылға шақырған-ау. Мұрагердің келетін мерзімі таяған ғой.

Ақан ентелей басып, киіз үйлерге қарай ұшты.

Бұл кезде Ертістің жағасы қарақұртша қаптаған халық. Бірді бір ажыратып болмайды. Жұрттың бәрі өзеннің арғы қабағына өтуге паром күткендей иін тіресіп, өңмендеп, суға қойып кеткелі тұрған ессіз бір күйде. Неше күннен бері қаншама әуре болып дайындалса да, әркім өзіне тиесілі орынға тұру орнына бірін-бірі жаншып, таптап кететін мүйізсіз қойлар сияқты. Көп аттылы казактар есірік жұртты омыраулай қағып, тәртіпке келтіре алмай, дауыстары қарлыққанша айғайлайды. Атын шырқөбелек айналдырып, аппақ биялайлы қолын қайта-қайта көтерген Катанаевтың да бетінен тері сорғалай бастапты.

Ақан мына ойран-топалаңға кірмей, сырттай барлап, Мәмбетәліні таба алмаған соң, жыршыларға бөлген киіз үйге беттеді...

Мұрагер Николай Алексеевичтің белгілеген уақытында келмей, бөгелуінде себеп бар. Кеше күні бойы дала генерал-губернаторының алдынан әскери лагерьге дейін сап түзеп созылған Сібір және Жетісу әскерлерін

аралап шыққанша, тап төбеден қадалған күн ыстық табадағы балықтай шығжырды. Мұндай желсіз аптапты бүкіл Шығыс елдерін аралағанда көрмеп еді. Әйтсе де бүкіл казак әскерлерінің ішінде бейбіт шақта да, соғыс кезінде де ең көп атты әскер полктарын дайындайтын сібірлік наказной атаманның көз қызығарлық сайлы жауынгерлерін тек сүзіп өтуді мұрагер ыңғайсыз көрді. Әсіресе Россия империясының болашақ қорғаны жас казактар полкінде сап құрған бүлдіршіндер мен Түрік, Балқан соғыстарында, кавказдықтарды, Хиваны жаулауда, Қоқан жорықтарында негізгі тірек болған қарт казактар полкына шын пейілмен ерекше мән берген еді. Омырауларына әр дәрежедегі ордендер мен медальдар, ең арты атқыштық өнеріне алған ерекше белгілерге дейін саусылдата таққан казактардың ат үстінде отырыстары нағыз жауынгер халықтың келбетін танытады. Сақал-мұрттарын ширата төгілткен қарт казактар қандай тегеурінді жау болса да қайтпайтын қажырлы жігерлерін сұстарымен-ақ аңғартқандай. Кеуделерінде күнге шағылысқан үштен, төрттен Георгий, румын крестері бар, өңкей ақалтеке аттарын мінген депутат-казактардың бас-басына жеке тоқтап, қай соғыстарға қатысқанын, бала-шаға жайын, тұрмыс халдерін, Россия империясын сыртқы, ішкі жаулардан қорғауға дайындықтарын сұраған мұрагер түс ауғанша күн астында жүрген. Түскі астан соң мұрагер көрме залын аралап, Сібір казак әскерлерінің төрт түрге бөлінген жер иелігімен, карталар бойынша Ертіс бойындағы Долон жынысы, Қытаймен шекаралас Іле жазығы, Бийс тораптарының жай-күйімен мүкият танысты. Күн түспейтін салқын залдың ішінде бүкіл нөкерлерімен соңынан шұбыра ерген қала чиновниктерімен бірге өткізген үш-төрт сағат уақытта сырттағы тыныс тарылтар қапырақ пен оған кереғар мұндағы дымқыл ауа, сыз иісі қосылып Цесаревичтің басы ауырды.

Кеше Сібір атты әскерінің қолбасшыларымен ұзақ отырып, бірінші тосты көтергенде-ақ екі шекесі солқылдап, жүрегі лоблыған. Бірақ оны үлкен қошемет, салтанатты кеште сездірмеуге тырысты. «Даңқты Сібір казак әскері мен оған туыстас жетісулық өкілдер үшін көтеремін. Ура!» деп зорлана тұрып ішкенде, күркіреген күндей уралап айғайлаған жұрттың үні қайта-қайта жаңғырығып, мұрагердің миын шаққандай болды.

Түнде демалыс бөлмесіне келгенде де өзінің жайсыз күйін сездірмеуге тырысқан. Қала халқы бұл түні таң атқанша Цесаревичтің денсаулығына тост көтеріп, жаппай ішуде еді. «Его Императорское Высочество Государь Цесаревич «Жалует казаков по-чарки водки каждому» дегенін естіп алған казак әскерлері мен офицерлер естері шыға ішіп, Омбы бұл түні уралаған үндер мен «славься, славься, нашъ Рускій Царь», «Как со вчера нашъ атаманушка» әндеріне, «Боже, тебя храни» намазына, есірік айғай-шуға көміліп тұрды.

Мұрагер төсекте де тыныс ала алмады. Басына күн өткендікі ме, әлде анық айығып кетпеген Тсудо Санцо жауыздың қылыш жарасы ма, басы зенгіп, тынысы тарыла береді. Түнгі ваннадан соң, теңіз әскери дәрігері

фон-Ромбах пен лейб-егерь кіріп, денсаулығын біліп, шаш арасындағы беті қотырланып түсе бастаған сызат жараға дәрі жағып кеткен. Олар ауыз бөлмеде түні бойы көз шырымын алмай, Цесаревичтің шақыруын күтіп, басына барып отыруға бата алмай, әлсін-әлсін есіктен сығалап, дәрі-дәрмек әзірлеп, шприцтерді қайнатумен болды.

Цесаревич таң атқанша ұйқылы-ояу дөңбекшіп, ара-тұра сандырақтап жатты. Көз алдында Үнді даласындағы неше түрлі адам сенгісіз ғаламат зират, діни ғимараттар, Акрополь үйінділері, Ніл бойындағы храмдар, Филе аралындағы қазандай қайнап, буырқана тасып жатқан терең толқындарда балықша шоршып сүңгіген жалаңаш жабайы адамдар. Осылардың ортасында қолына қылыш ұстаған Тсудо Санцо. Көзі жаңа ілініп бара жатыр еді, Япониядағы осы бір естен кетпес уақиға тағы да көз алдына келді. Түсі емес, өңіндегідей елестеді: Николай Алексеевич ғажайып бақ, мәуелі ағаш, гүлге оранған, жібектей самал желі жанға жайлы Япония жерінде рикшада отыр, артында принц Георгий Греческий, одан соң принц Арисугава, лейб-егерь, ең соңындағы рикшада князь Барятинский. Японияда тура осылай болған. Бұлар салтанатпен жылжып келеді. Ат орнына адам жеккен қандай қызық, бірінші рет отырған адамға әрі ерсі, әрі таңсық. Екі жағында қылыштарын маңдайына көтеріп кірпік қақпай қатып қалған жандарм самурайлар сапы. Бір кезде оң жақ саптан жүгіре ұмтылған самурай Тсудо қылышын көтере берді. Жан дәрменде екінші жаққа рикшадан секірген мұрагер басына тиген соққыдан құлады. Бұл екі арада алда келе жатқан рикшаны сүйреткен адам әлгі жандармның аяғына етпелей құлап, ұшырып түсірді де, Георгийдің рикшашысы оны қолынан түскен қылышымен ұрып, есінен тандырды.

Мұрагер көзін ашып алды. Енді ояу Цесаревичтің көз алдына жандармды көріп келген Шевичь, Тсудо Санцоның ұстамалы аурумен науқас екендігін, Япония халқының Цесаревичке ешқандай қысастығы жоқтығын, Тсудоның бұрын да осындай өрескелдік жасағанын баяндап тұр. Бұдан соң Японияның жер-жерінен Цесаревичтің денсаулығын сұраған, оның жауыз Тсудоның қолынан аман қалғанына қуанышты екендіктерін, тез айығып кетуіне тілектес екендіктерін білдірген жиырма төрт мың телеграмма қарша борады.

Өлімнен қалған Япониядағы кездейсоқ оқиғаны есінен шығарып, ертең қырғыз-қайсақтарға баратынын, олардың да жапондықтарға ұқсайтындықтарын ойлап, тағы да көзі ілініп бара жатыр еді, Цесаревичке енді Мемфистегі ұлы фараон Рамзес жерленген храм елестеді. Эллораның бірде ыстық леп, бірде салқын жел ескен жер астындағы қуыс-қуыс үңгірлерімен жүріп, ондағы ғасырлар бойы ен жайлаған жыландар ордасына кезікті. Құж-құж қайнаған әулие жыландар бір-бірімен айқасып, байланысып, жауыннан кейінгі жер құрттары шуалшындардай дымқыл жабысқақ денелерімен ирелеңдеп, айыр тілдерін сумаңдатып өрттей ысылдайды. Бұлардан жиіркеніп әрі үрейленіп, алыстан айнала өтіп бара жатыр еді, әлдебірі сұп-

суық денесімен шап беріп, білегіне орала түсті. Цесаревичтің даусы шығып, оянып кетті. Қасында фон-Ромбах. Төсекте аласұрған мұрагердің жерге салбыраған білегінен жайлап көтерген дәрігердің салқын қолы екен...

Цесаревич Николай Алексеевичтің бұлай болмашы сырқаттанғанынан Ертіс даласындағы қазақтар да, олардың патша мұрагерін қарсы алудағы тәртіп, шаруашылық жағын басқарып жүрген комиссия адамдары да бей-хабар...

Талмау түсте күн мейлінше күйіп, қырбық қаудың арасындағы топырақ қоламташа қызды. Түс ауа күн батыстан бір ыстық жел тұрып, енді бара-бара тыныс тарылатқан қапырық дала аңызаққа айналды. Таң сәріден сайрайтын бозторғай атаулы қанаттары отқа күйгендей жерге сорғалап құлап, қайда қалың көде, шоқ-шоқ тобылғы болса, содан пана іздеп, екі бүйірі солқылдап, ауыздарын ашып жатып алған. Бейсауыт қыбырлаған тірі жәндік көзге ұшырамайды. Патша гербіндегі екі басты самұрықша буалдыр аспанда жалғыз қыран ғана қалықтап жүр. Көптен көрмеген мына құжынаған адамдарға таңырқап, біресе аспан төріне-салқынға сіңіп, біресе қайтадан төмендеп шыр айналып кетпейді.

Таңертеңгі астан соң нәр татпаған қалың жұрттың қазіргі халі де қос бүйірін соғып, алқынған торғайлардың мүшкіл халіндей. Торсықпен қымыз алдырып ішкен некен-саяқтары болмаса, көпшілігі тас төбеден ми қайнатқан күн астында қайда тығыларын білмей, бір-бірінен көлеңке іздейді. Ертеңгіліктей емес, бәрі де енді жөнге келіп, өз реттерімен сап түзіп, жағадан бастап киіз үйлерге қарай шұбатыла дамылдап, тықыр шөптесінге молдасоқына отырыпты. Патша мұрагері алдында барын көрсетіп қалғысы келген шонжарлар знак, медальдарын таққан кең қолтық, ұзын шапандарын таң атпай үстеріне іліп, мұздай киініп алған еді. Енді қойны-қоныштарына тер саулап, пысынап, мойындары салбырап амалсыз отыр. Алғашқы салтанат қарқыны, алғашқы мерекелік екпін жоқ. Бәрінің үнжырғасы түскен, біреу ұрып-ұрып тастағандай, тұла бойлары ез-ез.

Түс ауа жыршылар отырған киіз үйден шығып, қалың жұрттың шет жағына тізе бүккен Ақан мен Мәмбетәлі, әншейінде көлеңкелі сай қуалап, қамысты көлдердің терең суында белуардан шыбындап тұратын жылқы баласындай, салқын киіз үйлерінің туырлық етектерін көтеріп, керегеден соғар самалда шыңырау құдықтан алдырған балдай қымызды сапырта ішіп, қарындарын сипап бейғам жататын мына бай, болыстардың шыжыған күн астында езіліп, тырп етпей отырған мүләйім күйлерін көргенде миықтарынан күлді.

— Осылар ғой, патшаны көрдік деген бір ауыз мақтан сөз үшін келді-ау, көрерсіз ертең осылардың көбі қаратышқақпен ауырады, — деп Мәмбетәлі Ақанға сыбыр еткенде:

— Не деген мақтан сүйгіш, бос кеуде едік. Рас, рас, не ел жайын айтар сөзі, не еліне апарар жаңалығы жоқ. Жат жұртта қойша шұбырған момын, өз жұртында қасқырша ырылдаған келеңсіз жандар! — деп, Ақан сері де самайларынан тер сорғалап үнсіз мүлгіген жұртына қарады.

— Патша келеді!

— Патша келеді!

— Цесаревич!

— Ұлы мәртебелі мұрагер! — деген дауыстар өзен жақтан басталып, орындарынан өре түрегелген жұрттың ортасынан құйындай жүріп өтті. Өзен бойында аттарын суарып, екі-үшеуден әңгіме-дүкен құрған күзетші казактар, городовоылар тырақайлап шауып келеді.

Халықтың көзі Омбы жақта. Екі иіні түскен қазақтар, дүңған тараншылар қайтадан серпіліп, қол орамалдарымен бет, көздері шырадай жайнап, сағына күткен асыл туысы алыстан оралғандай немесе Хақ тағаланың қасынан ұлы пайғамбар, сахабалардың бірі келе жатқандай қуанысты.

Алыста Ертіс бойында қылт етіп пароход көрінді.

— Көрінді, көрінді!

— Пой, пой, көз ұшынан шалынатын алып кеме ғой.

— Өзі үй сияқты ғой көшіп келе жатқан.

— Үйің не, кішігірім таудай, шіркін-ай, Еслампордан шыға қызығын көріп едік-ау! — десіп, қайсыбір қажылар бір көтеріліп қалды.

— Ана қара, боздап келеді.

— Өзі шынында түйедей боздайды екен.

— Әлі қасыңа таяп келгенде көресің, үні құлағыңды жарады.

— Не дейді?

Трубасынан түтіні будақтаған қара кеме Ертіс суын таспаша тіліп жақындай түсті.

— Оу, өзінің түтіні не деген ғаламат!

— Е, отпен жүреді дейтін.

— Пармен жүреді дейтіндері қайда?

— Тас көмір жағатын көрінеді.

Бұрын кеме көрмегендер алақандарымен маңдайын көлегейлеп, өзен бетінен көз алмай тамсанады.

— Ана қара, алыстан тағы біреуі көрінді.

— Өзі екеу болды ғой!

— Қайсысында екен Мекелай?

Полковник Катанаев тағы да өзенге қарай лап қойғалы тұрған мына есірік жұрттың қимылынан үрейленіп, аузына апарған қаңылтыр рупормен сөйлеп тұр:

— Мырзалар, депутаттар, тынышталыңыздар! Тәртіп, рет сақтаңыздар! Его Императорское Высочество келесі пароходта. Тәртіп сақтаңыздар. Орындарыңыздан жылжымаңыздар! Тапжылмаңыздар орындарыңыздан!

Жағаға таяй бергенде екі-үш рет ішін тарта өкіріп-өкіріп қалған қара кеме, тұмсығымен терең суды қақ жарып, өзен бетін толқындандырып келіп тоқтады. Қара кеме үстінде жыпырлаған ақ шағалалардай, өңкей ақ көйлек, ақ шляпалы әйелдер. Алдымен генерал-губернатордың жұбайы, баронесса Таубе бастаған бір топ әйел жағаға төселген арнайы баспалдақпен түсіп, қақ жарылған депутаттардың ортасымен кең, ұзын көйлектері су-

дырлап, қаз мойындарын тәкаппар иіп, веерлерімен беттерін желпіп өте берді. Көбінің қолында ақ шатыр.

— Оу, мыналардың бәрі қатындар ғой?

— Иә десейші, біз де қатындарымызды ала келмеген екенбіз, олар да қызық көретін еді-ау.

— Мына аққулардың қасына қараша қаздар сияқты мамырлап келіп отырар еді.

— Мұның қатынжандысына не берерсің. Қатыныңды салпақтатып ертіп жүретін кәпірістанбысың, — деп қазақтар бірін-бірі қақпақылдап жатыр.

Бұл уақытта аппақ «Николай» кемесі де жақындап қалды. Оның үстінде де, жартаста қонақтаған құстардай, палубада тік тұрған өңшең ақ киімділер.

Екі езуінен ақ көбік толқын атқан ақ кеме Ертіс суын жағаға лық еткізе шығарып, шайқала тоқтағанда, жер қайысқан адамның ыстыққа барлығып, қарлыға шыққан үні де даланы шайқалтып жіберді:

— Ур-ра! Ур-р-а-а-а!

— Мах-раба! Мах-ра-ба-а-а!

— Ур-ра-а!

— Мах-ра-ба-а!

Кемедегілер тобымен түсіп келе жатқанда:

— Патша қайсысы?

— Мұрагер қайсы? — деп, жұрт бір-бірден күңкілдесіп, сыбырласып қалды.

— Сонау ортада келе жатқан мұрагер, — деп шет жағынан ала тұрған Мәмбетәлі иегімен нұсқады.

Цесаревич әскери киімін тастап, бүгін ақ костюм, ақ қалпақ киіпті. Қолында балдағы алтын трост. Маңындағылар да мұрагер сияқты киінген, Омбының генерал-офицерлері ғана жалтыраған оқалы әскери мундирлерімен жүр. Қару асынғандар — казак әскери атамандары, мұрагердің конвойы ғана.

Бұл кезде оң қанаттағы Нұрмағанбет үйінің табалдырығынан Ертіс жағасына дейін су жаңа кілемдер төселіп қалған. Орта бойлы, сұлу мұртты, қою дөңгелек сақалы самай шашымен тұтасқан бәденді Цесаревич нөкерлерімен кілем шетіне келіп тоқтаған. Оң жағында сақалы кеудесін жапқан князь Бярунскый, сол жағында дала генерал-губернаторы Таубе, соңында флигель-адъютант князь Обелинскый, князь Кочубей, «Махраба, махраба!» деп бір мақаммен қосыла құрмет еткен делегация су сепкендей басылып, бәрі жапырыла бастарын иіп, көш жерден мұрагерге тәжім етті. Қазақтың «қоғаша жапырылды» дегені осындайдан шыққан-ау.

Екі жағында Семей, Жетісу делегаттарын ерткен полковник Шыңғыс қарттығын сездірмеуге барынша тырысып, сымдай тартылған әскерлерше денесін тік ұстап Цесаревичтің алдына тоқтады. Уысына қысқан шиыр-шықталған қағазды жазып, даусы дірілдеп, сәл барлыққан үнмен оқи бастады. Белін жазған жұрт сілтідей тынған.

«Ваше императорское высочество, Мы осчастливлены посещеньемъ Вашего императорского высочество, первородного сына нашего Великаго и возлюбленнаго Государя. Темъ болѣе мы счастливы, что имѣемъ возможность лично выразить несказанную радость, по поводу избавленія Васъ, чуднымъ Промысломъ Божиимъ, отъ опасности, угрожавшей Вамъ, въ далекой Японіи. Вѣрьте, Ваше императорское высочество, что настоящий день никогда не изгладится изъ памяти киргизовъ, и что посещеніе Вами нашей степи послужить звеномъ, еще крепче связывающимъ насъ съ нашимъ старшимъ братомъ, въ духовномъ единеніи съ которымъ мы желаемъ жить, умереть, одушевляемые общими намъ чувствами безпредѣльной любви и неизмѣнной вѣрноподданической преданности къ нашему Монарху и Отцу — Александру III и къ нашему общему отечеству.

Въ ознаменованіе такихъ, не откажите, Ваше Императорское Величество, нашъ дорогой и желанный гость, милостиво принять нашу хлѣб-соль — степной кумыс».

— Әй, қасқырың-ай, сол, орысшанның түбін түсіреді-ау!

— Е, ақсүйектің аты ақсүйек емес пе, ол сенің жай қара қазағың ба, — деп төрелер жағы сөз нобайына түсінбесе де, алдын ала әзірленген құттықтау сөзді мүдірмей оқып шыққан Шыңғысты мадақтаса.

— Какой-такой ақсүйек, қарасүйек! Ол құсап Омбыда орысша оқысақ, біз де көрер ек, — деп болыстар жағынан біреу сұлтанды мадақтаған сөзді ұнатпай қалды.

— Дабырламай тұра тұрыңдаршы, «қымыз ішер ме екен», ана қара.

Шыңғыс семейлік өкіл ұстаған күміс кесені алып, мұрагерге ұсынды. Сұлтандардың соңында Жетісу өлкесінен келген депутаттар, тараншылар мен дүнгендер тұр. Қолдарындағы бетін үнді парчасымен жапқан қытай фарфорында жүзім.

Цесаревич күміс кесені алды да, ернін тигізіп қайтып берді.

— Ішті, ішті.

— Ішкен жоқ.

— О несі-й-ей ішпегені.

— Қап, мына ыстықта сіміріп салса ғой, арақтан жаман деп тұр ма екен.

— Оның арақ ішетінін қайдан білдің?

— Әй, орыс баласы арақ ішпеуші ме еді.

— Тек, қайдағыны айтпай.

— Кім біледі, у қосып берді деп тұрған шығар, запыс болып қалған, қайтсін.

— Патша баласы сенің қымызыңа зар деп пе ең, рәсімін жасады, сол да жетеді, — деп мұрагердің әр қимылына зер салған жұрт күбір-күбір ете қалды.

Тағы да жұрт шу етті:

— Махраба.

— Мах-ра-ба!

Мұрагер қақ жарылып, тағы да тағзым етіп иілген қошеметшіл қалың жұрттың ұзын көшесімен күн сәулесімен неше құбылған су жаңа шығыс кілемдерінің үстімен жүріп, паң Нұрмағанбеттің үйіне беттеді.

Тап қасына таяй бергенде, басы жерге жеткенше иілген ұлықтардың тілерсектері дірілдеп, күбір-күбір етеді. Тілдері сәл икемге келетіндері «Вәш імпрәтрски! Вәш бишәтштүә!» деп міңгірлесе, тілдері бұрауға көнбейтіндері қазақшалап «Құзырыңызға құлдық, Алдияр Ақ патша!» десіп, жығыла тағзым етіседі...

Көшпелі елдің киіз үйін алғаш көрген Цесаревич уық, керегелеріне дейін алтын түсті сары, ақ бронзалар жалатқан кең отауды көзімен бір барлап өтті де, астарын сыртына келтіре ілген қасқыр, түлкі, күзен, бұлғын, жанат, сусар ішіктер мен қой, құлын терілерінен тіккен тон, тұлып, күпілерді аса зер сала қарады. Шығыс елін бір жылдай асықпай аралап, ғажайып өнер өрнегімен шебер салынған мавзолей, храм, ғимараттарды көрген мұрагерге киіз үйдің құрылысы аса таңғалдырмаса да, қазақ даласының ешбір қоспасы жоқ бағалы аң терілерінен киетін киімдері әжептәуір ой салды. Жылына бір ғана Ақмола облысы миллион сом бағасына аң терілерін, үш миллион сом бағасына мал терілерін, қыл, мүйіз өткізеді деп еді дала генерал-губернаторы қазақ жері туралы айтқанда. Әлі цивилизация жартылай да енбеген ең дала байлығының бұл әшейін бір болар-болмас қиындысы екенін болжау қиын емес еді. Мұны Цесаревич дала байлығының көрсеткіші етіп экспонаттар қойған үшінші киіз үйге кіргенде анық байқады. Мұнда құндыз, ақ тышқанның терілерінен бастап, суыр, саршұнақ, зорман, аламан сияқты ұсақ жыртқыштар мен үй хайуандары — жылқы, қара мал, қой, ешкі терілері, жүн-жұрқа, қыл-қыбырға дейін көрсетілген. Қазақ даласындағы қасқыр, сілеусін, түлкі, қарсақ, қоян, жайран, арқар, марал, киік, еліктің ішіне шөп тыққан тұлыптарымен қатар, томағалы тірі бүркіт, қаршыға, лашын, қызыл қаз, аққу, тырна, қоңыр қаз, итала, үйректерді көріп, әрқайсысының жанында қазақ даласында қаншама мол екенін жазған цифрларды оқып тамашалады. Бұлардың әрқайсысынан әлі мылтық дәрісі сіңбеген дала жұпары мен тегін жатқан байлық, мол қордың иісі сезілгендей еді.

Мұрагер қасындағы губернаторға бұрылмастан, аң тұлыптарына қараған күйі:

— Осыншама көп аң мен құс киргиз даласында бұрын болған ба, әлде қазір де бар ма? — деді.

Барон Таубе Цесаревич сөзінің аяғына дейін мұқият тыңдап алып, бар білгенінше толық жауап берді.

— Бұл далада аңның бар түрі кездеседі дейді. Кейінгі кезде жолбарыс, аю, қаблан сияқты аңдар сирей бастаса керек. Әйтсе де Балхаш көлі маңында жолбарыстар, Бурабай тауында аю, сілеусіндер әлі де бар. Құлан дейтін жабайы жылқыны уақыт тығыздығынан ұстай алмадық, қызық жануар, ол туралы киргиз елінде көп аңыздар айтылады. Ал мына киік деген дала ешкісі Ақмола облысының оңтүстік бетінде мың-мыңдап, өсіріп айтушылар миллиондап көшіп жүреді деседі.

— Киргиздарда аңшылар көп пе?

— Өте көп.

— Оларға ешқандай шек қойылмаған ба? — деді князь Барятинский.

— Өкінішке қарай, ондай аң жоқ. Аңшыларға деген салық мәселесі де әлі іске асырылмаған... Ваше Императорское Высочество, киргиздар, сібірліктер сияқты, аң терілерін сатумен шұғылданбаған. Аңды кәсіпшілік үшін емес, көбінесе спорттық әуесқойшылықпен қызық көріп аулайды. Әрі кеткенде аң терілерінен, әлгі өзіңіз көргендей, киім-кешек тігуден аспайды. Киргиздардың аңшылық өнерін өзіңізге көрсетеміз, өте қызық көрініс.

— Сонда қалай, тым құрмаса әр аңшының жылына орта есеппен қанша аң аулайтынын да білмейсіздер ме? — деп, князь Обелинский мұрагер білгісі келген сұрақты қайтадан тірілтті.

— Әрқалай, — дей салды губернатор бұл сұрақты аяқсыз қалдырғысы келіп.

— Мәселен?

— Мәселен, былтыр бір адам, Атбасар уезінен Танабаев дейтін фельдшер екі айда елу екі қасқыр аулапты.

— Елу екі?! — Мұрагер губернаторға бұрылды. — Мылтықпен бе, әлде итпен аулаған ба?

— Мылтықпен де, итпен де емес, азотқышқылды... стрихнинмен.

Ұлықтар Таубенің жүзіне таңырқай қарасты.

Атбасардың атақты байы Жанайдардың үйінен Цесаревич қазақ халқының соғыс, аңшылық құралдары — көне сауыт-сайман — найза, қалқан, қылыш, жебелі садақ, шиті мылтық, шоқпар, сойыл, қанжар, селебе, қақпан, тұзақ, дабыл, зырылдауық, тағы толып жатқан дүниелермен танысты. Солардың ішінде қазақ шонжарлары аса бағалы, құнды белгі ретінде қойған, неше түрлі бағалы тастармен зерлеген қылышты ұлы мәртебелі мұрагер қолына алып, сабына жазылған алтын жазуды оқыды: «Пожалована 24 мая 1782 году Императрицей Екатериной Великому киргизскому султану Валию по случаю утверждения его в этот день ханом Средней Орды». Осы бір ұрымтал жерді аңдып, босаға жақта тұрған Шыңғыс ұмтыла түсіп Цесаревичтің қасына таянды:

— Ваше Императорское Высочество! Вали хан біздің әкеміз болады.

Қылышты аударып-төңкеріп қарап тұрған мұрагер Николай Алексеевич күлімдеген үлкен шегірлеу көзін Шыңғысқа бұрды:

— Онда Ғабайдулла сіздің туысқаныңыз болды ғой! Ол хан ғана емес, қытай грамотасын алып Ван сайланған жоқ па?

— Дұрыс айтасыз, Ваше Императорское Высочество! Оның хандығын да, Вандығын да ешкім, ұлы Россия империясы да қолдаған жоқ. Ол Березовкаға айдалып, тиісті жазасын тартып, қазасы сонда жеткен.

— Сізге мятежник Кенесары да туысқан ба?

— Бір ұрпақ қой, Ваше Императорское Высочество! Қазақта «бір биеден ала да, құла да туады» деген мақал бар. Кенесары көтерілісін басудағы

еңбегіміз үшін Его Императорское Величество атынан грамота, кейін полковник чинін алғанмын. Тек князь титулы ғана...

— Чоқан Валиханов сіздің балаңыз ба?

— Тура айтасыз, Ваше Императорское Высочество! Ұлы Россия империясына адал қызмет еткені үшін Его Императорское Величество государь Александр Екінші патшаның хұзырына ілігіп, арнайы қабылдауында да болған.

— Да, естуім бар. Ұлы Россия Империясына адал қызмет ете беруіңізге тілектеспін.

— Рад стараться, Ваше Императорское Высочество! Бүкіл хан ұрпағы талмай қызмет етуді өздеріне бақыт деп санайды.

Шыңғыс тағы да бірдеме деуге оқтала түсіп еді, Цесаревич есікке қарай бұрыла берді.

Үйге кіре алмай, сыртта ошарылған қазақ шонжарлары мұрагер мен Шыңғыс арасындағы сөзді толық естімесе де, екеуінің біраз сөйлесіп қалғанын құлақтары шалып, кейінгі топқа жеткізген.

— Патша мұрагері мен Шыңғыс ұзақ сөйлесіпті.

— Уәлидің қылышын көрген мұрагердің хан тұқымына құты түсіпті.

— Хан дәуірі болмаса да, сұлтандық дәуір қайта орнайтын шығар.

— Апырай, мына Шыңғыс тұқымының, төрелердің тасы тағы да өрге домаламаса игі еді, — дескен әңгімелер гу ете қалды.

Цесаревич бұдан соң төртінші киіз үйдегі Семей облыстық статистикалық комитеті жинаған этнографиялық коллекциялармен, тас, қола ғасырларындағы көне заттармен, сырт, аяқ киім тігетін қол өнерімен, патша сарайының советнигі фон Герннің, статский советник Пантусовтың қырғыз өмірі жайлы шығармаларының түпнұсқасымен, сол кездегі тау-кен өндіріс кәсібі иелері Деров пен Поповтың мыс, қорғасын, жез, күмісті қалай өндіретінімен танысты. Павлодар, Зайсан, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Қапал Прежевальск ауыл шаруашылық техникумдарының жай-күйімен арнаулы макеттер, чертеждер арқылы танысты.

Ендігі бір киіз үйдің іші сықалған дүние. Өткен киіз үйлерде көрген ішік, тон, тұлыптардың неше түрі, иленген ақ терілері, қазақ шеберлері соққан жүзік, сырға, алқа, қапсырмалар, қымбат асыл тастармен безендірілген қамыт-сайман, ер-тұрман, қамшы, ойып жасаған қасық, ожауға дейін бар.

Мұның бәрі Цесаревичке әр уезден жиналған тарту еді. Шыңғыс осы кезде тағы да мұрагерге жақындай келіп:

— Ваше Императорское Высочество, бұл заттар дала байлары мен болыстарының сізге арнайы әкелген тартуы, — деді.

— Рақмет!

— Ваше Императорское Высочество, киргиздар сыйлы қонағына қашан да шапан жауып, ат мінгізеді, бұл — сол дәстүрі, — деп, барон Таубе қосылып еді, Шыңғыс енді еркіндеу сөйлеп, жақындай түсті:

— Ваше Высокопревосходительство, ат-шапан — өз алдына бөлек тарту. Бұл тартулардың оған қатысы жоқ.

— Солай ма? Бәсе ат мінгізу дәстүрі жеке болушы еді, оны ойлағандарыңызға күмәнім жоқ, — деп Таубе мұрагерге қарап күлді. — Ваше Императорское Высочество, киргиз-кайсақ жерінде жақсы аттар көп. Атбасар уезінде жаңағы Джилкайдаровтың жылқы заводы да бар. Кешке ипподромда сол заводтың аттары да бәйгеге қосылады.

— Ваше Императорское Высочество, кешкі бәйгеде озып келген ең тандаулы атты өзіңізге тарту етпекпіз, — деп, бұрын келісілмесе де, Шыңғыс осы арада сөз ретіне қарай тауып кетті.

— Вот что. Бәсе, бәсе, — деп губернатор да мәз болып қалды.

Шыңғыс патша мұрагерінің жас та болса, қазақ жерінің өткені мен кеткенін жақсы білетін сұңғылалығына таң қалды. Ғұбайдолла мен Кенесарының, «бір қарын майды шірітер құмалақтай», хан тұқымына өшпес таңба боп қалған өткен істеріне күйінді. Ә дегенде аузына ыңғайлы сөз түспей, абдырап, өзі білетін Романовтар тұқымында да неше түрлі жақ-жақ оқиғалардың болғанын айтып, өз білгірлігін де ретті жерінде таныта алмағанына өкінді. Бірақ олай сөз таластырудың керегі бар ма?! Шыңғыс енді, тағы бір сөйлесіп қалар тұс болса, не айтып, не қояудың қамымен жүз түрлі ойға шомды.

Еш жерде қысылыс тауып, сөзге, әнге мүдіріп көрмеген, топ жарған Ақан сері де патша мұрагері жыршылар үйіне таянған сайын тынышсызда-нып, біртүрлі жүрегі өрекіп, буын-буыны дірілдейтін сияқты.

Ақан кеште Мәмбетәліге Шыңғыс қойған сауалды қойған:

— Мәмбетәлі, қалай ойлайсың, осы мұрагердің қазақ даласын әдейі аралауында мән бар-ау. Ертеңдер Торғай жері арқылы жүрмекші. Осы көргенінің бәрін ақ патшаға айтып барады-ау. Көп нәрсеге септігі тиері хақ қой.

— Әрине, — деген Мәмбетәлі. — Бұл, көрерсіз, көп ұзамай таққа отырады. Әкесі Алексей кейінгі жылдары жиі науқастанады. Тегінде, мұны Шығыс елдерін аралатып, жер көрсетуінде үлкен гәп бар. Өз иелегіндегі қазақ тіршілігімен танысуы да тегіннен-тегін емес. Осы жолы ақ патша Сібір темір жолының алғашқы топырағын салуды да баласына жүктеді. Білесіз бе, темір жол салу деген мемлекеттік іс, ол арба доңғалағымен жол салу емес. Ал Орта Азияны билеу бүкіл Шығыс еліне ашылар қақпа, жердің үсті мен астында жатқан байлық қолында болу деген сөз. Россияның бұл иелігі басқа ұлы мемлекеттерге де, әсіресе ағылшынға, әрине, ұнамайды. Бұл үлкен саясаттың басы, Ақан аға!

— Бұл жапа шеккен кәріп жандарға, есесі кетіп езілген адамдарға жақсылық етер ме. Мұның айтқаны Алланың сөзімен бірдей ғой онда. Өзі жүрген жолында бір жаңалық белгісін қалдырып кету ежелгі хандардан келе жатқан ишарат емес пе.

— Қайдам, Ақан аға. Мұрагер жүрген жолында, Енесей, Тобыл газеттерінің жазуы бойынша, кейбір жетім-жесірге, айдаудағы бақытсыз

мүсәпірлерге біраз жақсылық жасаса керек. Ол жақсылық кімге тығын болмақ. Сібірде жүрген бақытсыздарды аралап, орыстар итжеккенге айдалған түрмедегілерді «несчастные», яғни «бейбақтар» дейді. Ақан аға, біраз сорлылардың қамалу уақытын азайтыпты, аяқтарындағы бұғауларын алдырыпты, бір крестьяндарға қытайдан әкеле жатқан «жемчужный чай» дейтін шайдың үш фунтын сыйлапты. Орыс халқының «Конек Горбунук» деген ертегі-дастанын жазған ақынының жесір әйелін шақыртып алып, марқұмның балаларына екі жүз сом ақша беріпті. Мұның бәрі, орыстар айтатындай, «теңізге тамған бір тамшы ғой». Ол да бір ел айта жүрсін деп жасалған, таққа отырар кездегі алдамшы дүниелер. Онымен кімді қарық қылады...

Соңғы алтыншы сегіз қанат киіз үйге мұрагерлер келіп кірді. Мұнда да алақандай жер ашық қалдырылмай, кілем, алаша төселген. Жыршы-күйшілер оң жақта қатар-қатар жүгініп отыр. Төрге Омбыдан арнайы әкелген бірнеше жұмсақ орындықтар қойылыпты. Бағанадан бері аяғымен тік жүрген мұрагер орындықтардың біріне келіп жайғасты. Патша баласының нөкерлері мен генерал Таубе де отырды. Босаға жақта Шыңғыс, полицмейстер Шмонин, Ақмола, Көкшетау ояздары, Семей, Жетісу депутаттары, Күшенұлы мен Омбы генерал-губернаторлығында істейтін бір-екі оқыған қазақ тілмашы, конвой сыртта торуылап жүр.

Былтыр дүние салған атақты Орынбай ақыннан көп тәлім алған ел арасындағы қарт жыршы Сапақ патша атына ұзақ мадақтау жыр толғап, мұрагерге қошеметтеу сөздермен мақтау өлеңін айтты. Цесаревичтің ірге жағына қыстырылып алған екі тілмаш қолма-қол аударып, бірінен соң бірі кезекпен сөз жүйесін орысша тәржімелеп тұр. Ел ақындары бірі өлеңін біте бергенде, екіншісі қағып алып, шырқата жөнеледі. Ара-арасында қобызшыға, скрипкашы, домбырашы-күйшіге де жол тиіп, бірі ыңырсыта сыңсытып, бірі боз інгендей боздата, енді бірі Сарыарқаға кең жайылған Байжігіт, Тәттімбет, Тоқа күйлерін безілдетіп, жүрек қылын тербегендей жорғалатып, домбыра ішегін бір күлдіріп, бір жылатады.

Көп әншілердің ішінен мұрагерге ұнағаны Сандыбайдың Ыбырайы болды. Гүрілдеген жуан дауысты, кең үнділігі жағынан атбасарлық Қапашқа, шырқата салатын ашық шырқау даусы Біржанға ұқсас Ыбырайдың бойында әншіге тән, әншіге құт қасиеттердің бәрі бар. Біржан салдың бір жиында жас Ыбырайдың әнін тыңдап отырып: «Әлі көрерсің, түбінде бәрімізден асатын осы жас пері Ыбырай болады» дегені үлкен өнер иесі берген шын баға еді. Келгелі бабында жүрген Ыбырай мұрагер алдында аянған жоқ. Қазақ даласының әні осындай болады деп біреумен егескендей, құлшына түсіп, қарышты дауысқа басты. Цесаревич «Толқын» әніне риза болғаны ма, бір емес, екі айтқызды.

«Әуелі, бұл толқынды бастау қиын,
Екінші, патша сөзін тастау қиын», —

деп екінші айтқанда, «көптің сөзін» дегенді «патша сөзімен» қолма-қол

алмастырып, қызып, желігіп алған ақын ақпандағы бураша буырқанды. «Толқын» — толқын десе, толқындай. Ән ырғағы нажағайлы, дауылды күнгі шалқар көлдің ортасынан бірін-бірі қуа жүгірген жал-жалдың толқындарындай жарысып, әнші көмейінің тереңінен күмбірлеп келе жатады да, гүмп етіп жағадағы меңіреу тасқа соғылғандай ақ көбіктерін аспанға атады. Шашудай шашылған толқын суынан үркіп, шаңқ етіп көкке көтерілген шағаладай қанатты үн енді тіке шырқап, ең шырқау биігіне жеткенде біраз уақыт, жемін аңдыған әлгі шағаладай, ауада ілініп тұрады да, енді бірде күрт құлап, шабақ ілгендей қайта қалықтай жөнеледі. Ән соңында күмбірлеген үн ел аңызында айтылатын бұлтты күнгі шайтан қуған періште арбасының доңғалағындай күркіреп, енді бір кеште періште қамшысындай сарт етіп бітеді. Әнші жүзі де «Толқын» үстінде неше өзгеріп, біресе түйілген, біресе жадыраған қабақ, шоқтай жайнаған көз, аруақтана қозған қимыл, бар дене, бар бітімімен неше құбылады. Әсіресе аты шулы ұста әкесі Сандыбайдың бір басылып, бір көтерілген мес көрігіндей, әнші Ыбырайдың алқымы бірде ісіп, бірде басылғаны-ақ көрер көзге ғаламат. «Толқын» әнін толқытқанда патша мұрагерінің көзіне қазір не көрінгенін, сезіміне не оралғанын кім білсін, әйтеуір, осы әнді Ыбырай айтқан сайын, Ақан сері көзіне Бурабай, Шалқардағы дауылды күн, толқынды көл, ақ шағалалар елестейді.

Әншілер әнін айтып, күйшілер күйін тартып болған соң, кезек өнерпаздар ұстазы Ақан серіге тиді.

— Ваше Императорское Высочество! Мырзалар, қадірлі қонақтар, бұл қазақ елінің, қалың жұрттың мақтанышы, атақты ақын, әнші, әрі... — Шыңғыс тілмашқа қарады.

— Композитор, — деді тілмаш.

— Иә, композитор әрі аңшы, саятшы, ел ішіне сері, яғни рыцарь деген лақап аты жайылған ардагер азаматымыз Ақан. Ақан сері, — деп аға сұлтан нәшіне келтіре таныстырды.

Маңындағы әнші-күйшілерден бар тұлға бітімі ерекше, көркі де өзгеше, қалаша сәнді киінген, сұңғақ бой, отты көз, сұлу мұртты Ақан орнынан тұрып, қонақтар алдында тәртіпті, инабаттылықпен кеудесіне алақанын басып тәжім етті де:

— Ұлы мәртебелі тақсыр, мырзалар, сіздер лұқсат етсеңіздер, қазақ халқының өткен, кеткен шежіресінен бірер сөз қозғасам, — деп, жыршылардың орта тұсында отырған беті қатпар-қатпар терең әжімді, кеміек шалға иек қақты.

Шыңғыс та, босаға жақта тұрған орыс ұлықтары да, «бұл не айтпақшы» дегендей, түк түсінбей, бір-біріне үнсіз қарасты. Ақанның ел тарихы жөнінен сөз сөйлеуі туралы комиссия мүшелерімен ақылдасқан келісім жоқ еді.

Цесаревич Николай Алексеевич құптағандай, маңғаздана бас изеген соң, олар да демдерін іштерінен алып тына қалды.

Кемиек шал серіден белгі болған соң, қурай сыбызғысын аузына апарды. Қияқ мұрт басқан кәрі езуін бір жағына ерсілеу қисайтып, сылқылдаған азу тістерінің біріне сыбызғыны зорға қондырды. Азу тістерінің бірекеуі-ақ қалған қызыл иек қарт — ертеректе Көкше өңіріне белгілі айтулы сыбызғышы Қабдеш. Бұрын отыз екі тісі сау, қуатты жастық шағында ел аралап, сыбызғы өнерімен күн көрген Қабдеш, бертін қартая келе, ол кәсіптен мүлдем қол үзіп, азын-аулақ малымен шаруабасты болып, үйден шықпай отырып қалған. Балалары әкеден жұққан өнерді аздап ермек етіп жүрген де, аса дарынды сыбызғышы болмаған соң, тастап кеткен. Осы жолы Қабдешті Шыңғысқа айтып таптырып алған Ақан еді.

Ертіс бойына келгелі ескі, ұмыт өнерін қайта бастаған Қабдеш күнде тартып дағдыланып, әжептәуір төселіпті. Кетік тіске дөп түсе қоймаған сыбызғы ә дегенде ысылдап, гуілдеп тұрды да, бір кезде үні түзеліп, сайрай жөнелді. Қабдештің де кәрі саусақтары қу қурайдың оймыштарын бойлап, баяу жорғалай берді. Әуелі бір-екі желпіндіріп, ысқыртып алған сыбызғыны енді асықпай бозторғайдың үніндей шырылдата бастап, жан-сезімді қытықтағандай әдемі бұлбұл үніне ауысты. Қалың көделі шексіз, шетсіз көсіле жатқан иен дала, жұпар иісті масатыдай жайнаған гүлді түздің еркіндік, шаттығын жырлағандай көгілдір аспан төрінде нәзік қанаттары жыбырлап ән салған бозторғай мәуелі ағаштың саялы бұтағында отырып, мың құбылта сайраған жез таңдай әнші құсқа кезек бергендей. Тәтті жырда тәтті сыр бар.

Осы тұста күмбірлеген қоңыр үнмен Ақан сөйлеп қоя берді:

— Қазақ қазақ болғалы жасыл бақты, таулы-тасты, өзенді-көлді, құмдауыт шөлді жалпақ түзді мекендеген, еркін өскен ерке халық еді. Аузынан шырқалған ән, тілінен мәнерлі сөз, астынан сәйгүлік ат түспеген сері, жаны жайлау, көңілі ояу сергек халық еді. Құс әншісі бұлбұл мен сандуғаштан ән үйреніп, көл еркесі аққу, қазға даусын қосқан, жазира жасыл дала, көк аспандай кең, қара жердей жомарт, бұлақтай таза, таудай асқар, күміс көлдей тұнық халық еді. Сырттан бейсауыт адам келсе, қол қусырып қарсы алар, досының басына күн туса, қайғысын бөлісіп, барын беріп, байлығын жұмсар кең пейілді, жүрегі таза халық еді, — деп, Ақан қазақ елінің шежіресін әріден тарата бастады. Қанатын кең жайған қазақ үш жүзге бөлініп, қырық ру, мың-мың үйлі, ұлы қауымға айналған елге көз аларта бастаған сыртқы жауына қарсы аттанған аяулы ұлдары, көк сауыт асыңған батырлары ұзақ-ұзақ сөз болып, ерліктің жырын паш етті. Ел бірлігін, жер бірлігін ұстап, тұтастықты сақтаған ерлерді, жұртына кеңес, дуалы сөз, қонымды ақыл үйреткен жолбасшы шешендерді мадақтап өтті.

Мұрагер ұтқыр тілмен сөйлеген дәмді сөзді тілмаштары арқылы ұғып, ара-тұра бас шұлғиды. Бұрын шет жағасын естісе де, ақын аузынан шыққан халық тарихын тереңдеп біліп, ұңғи түскісі келетін сияқты. Бұрын-соңды қазақ жерінде дәріптелмеген, мынадай жаңа өнермен сыбызғы сарынында сөйлеген қарышты сөзге, Ақан серінің ойда жоқта тауып кеткен тапқыр-

лық шеберлігіне риза болып, патша баласының жайдары жүзіне қараған Шыңғыстар да мәз.

Ақан қазақ даласындағы хандық дәуірді, аласапыран кездерді, әр ханның тұсындағы неше бір сұрқылтайды айтып, ел бірлігін тоздырған хандарды даттап, үш жүздің басын қосып, жұмған жұдырықтай бір қауым, тұтас ел етпекші болған Тәуке, Абылай жайында ұзақ-ұзақ сөйледі де, тыныш жатқан бейбіт елге ертеден тырнағын батырған жауларды, өртенген дала, жайраған қала, үй орнына күл қалған ауылды айтып, ең соңында жоңғарлықтармен болған аяусыз қырғынға жетті...

Осы тұста сыңсыған сыбызғы сарынына ботасынан айрылған інгендей боздаған қобыз зары қосылды. Бабына келген ақын үні де саңқылдап, дауылдатып кетті:

— Сонау ертеде ата-бабамыз ұрпақтан-ұрпаққа, баланың баласына зар илеп айтып кеткен, құлағына құйып, ұғындырып кеткен өсиеті бар еді: «Батысында орыс тұр, шығысында қытай тұр, мына сөзге көңіл бұр; қалың орыс қаптаса, қонысқа кеп қонғаны, қара қытай қаптаса, ақыр заман болғаны» деп кетіп еді. Қазақ қашанда үшке жарылып, шашылған тарыдай басы бірікпей, айтыса қалса, жақ-жақ руға, рудан атаға бөлініп, ұсақтап кететін кесапаты мол, жау тисе, қашан ырғалып-жырғалып қосылғанша күнін өткізер керенау емес пе, сол жаратылысын жанының жарасындай түсінген жоңғарлар атой салып, қарақұртша қаптап, қыздай толықсыған қазақ жерін қара күлге айналдырып өртеп келеді. Артында істігін тақаған қытай жұрты, тапап тастауға ол дайын тұр. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп тізе шудасы желкілдеген түйе үстінде жұлым-жұлым теңмен бірге теңселіп, көзінен сорасы аға зарлаған қазақ елі, өртеніп, өшіп жатқан қазақ жұрты. Оңынан жар, солынан күз кездесіп, қайда барарын білмей, пана іздеп басы айналған, жерінің кеңдігінен, елінің кеңпейілінен зардап шегіп, үргін-сүргінді көп көрген бақытсыз халық. Соңынан кезқұйрық, құладындар қуып, жан-жағынан қамалаған өңшең жыртқыштардан сасқанда, самұрықтың бауырына паналаған бұлбұлдай, Ресей елінің қолтығына кірген қазақ миләті, қазақ ұлысы еді.

Даусы ашылып, өзі ашынып қызып алған арқалы ақын бұдан әрі Ресейге бағынған алғашқы кездегі жаудан да, даудан да құтылған мейірлі, жайбарақат бейбіт күндерді ұзақ айтып, енді тыныштығы бұзылған күндерге келгенде қайта дауылдатты:

— Арқаны қысқандай аязды күндер келді. Момын қойдай жуас елге, жылқы мінездес тыныш елге есірген көп ит, бөріккен көп қасқыр тиді...

Осы тұста бағанадан тыныш отырған ұлықтар ыңғайсыз қимылдап, қозғалақтап қалды. Ақан сөзінің жалпы нобайын жеткізіп, тез аударып тұрған қазақ тілмашы енді сасқалақтап, мұрагерге орысшалауға бата алмай, қибыжықтай бастады. Ақан бөгелмеді. Қазақтың надан болыстары іштен шалса, орыстың әкіреңдеген ұлықтары сырттан шалып, берекесі кеткен, түсініксіз көп заң, көп тәртіп, көп салық, парамен, жаламен есі шыққан

есіл елдің бүгінгі аянышты тұрмысын, хал-ахуалын баяндап, самғай берді...

Сөз сыңайын ұғып, ақын түтінінің қалай бұрылғанын сезген мұрагер бұдан әрі тыңдағысы келмей, салқын киіз үй іші енді қапырық тартқандай беймаза күймен маңындағыларға қарады. Тілмашқа «түсінікті, аудармай-ақ қой» дегендей қолын сілтеп белгі жасап, орнынан жайбарақат тұрды да, полковник Катанаевқа иек қақты. Ұлықтардың бәрі орнынан өре тұрды. Ақан үні кілт үзілді.

Осы бір сәтті күткен Катанаев та ширақ басып, Ақан серінің мойнына Станислав ленталы медаль тағып:

— Қырғыз даласының ақын-әншілеріне Его Императорское Высочество Цесаревич атынан награда! — деп, есікке бұрылған мұрагер соңынан ере бергенде, Ақан даусы саңқ етті:

— Ұлы Мәртебелі ұлығымыз, сөзімді түгел тыңдасаңыз екен, мен өз мұңымды айтып тұрғам жоқ, өзіңізге бағынышты қара халықтың мұңын шағып тұрмын!

Сәл жымыып қайта бұрылған патша баласы, Ақанның сөзін тілмаштан естіп алды да, оның тап алдына келіп тоқтап, ақын жүзіне мысқылмен қарады. Жап-жас жігіттің көзін сығырайта тесіліп, кекесінмен миығынан күлгенін ұнатпаған намысты сері де кірпік қақпай қасқая қарады.

— Сіз киргиз халқының жақсы ақыны...

Ақан орысшалап қоя берді...

— Ваше Императорское Высочество, сіз қатты жаңылып тұрсыз, мен қазақ халқының ақынымын. Қырғыздар басқа халық.

Мұрагер сәл ыңғайсызданғанын сездіргісі келмей, жымыып қана күлді:

— Иә, жақсы ақын, жақсы оратор. Бірақ, есіңізде болсын, ақынға өлең керек, саясат керек емес. Халық қамын ойлау — ақын үшін артық. Уақытыңыз текке зая кетеді. Сіздің бір басыңызға өлең шығару да жетеді. — Мұрагер «енді түсінген шығарсың» дегендей көзі күлімдеп, нөкерлеріне қарап: — Хороший панегирист и хороший паникер! — деп бұрыла беріп еді, Ақан да орысшалап кекесінмен мырс етті:

— Ваше Императорское Высочество! Ақын қарғыбау тағатын ит емес, тілі, ойы бар азамат!

— Охо! — Мұрагер желкесімен естіген ақынның орысша айтқан сөзіне таңырқағандай, көзі бақырая бүкіл денесімен тұтас бұрылды да, енді қалжыңдағандай күліп тұрып, қатты айтты. Ұлы Россия Империясының алтын медаліне місе тұтпай, оны қарғыбауға теңеп ділмарсыған тоң мойын, қараңғы түземдікке ызамен айтты: — Орысша жақсы сөйлейсіз. Жақсы түсінетін де шығарсыз: ақынға қарғыбау ғана емес, кейде тұзақ та жарасады.

Ұлықтар күліп жіберді.

Патша баласымен ыңғайсыз сөзге келіп шарпысқан Ақанды Шыңғыс жеп жіберердей қараса да, араласуға бата алмай, дымы құрып, сұрланып

түр. Қазақ шонжарларының бірі «жетті ғой енді» деп міңгір ете қалып еді, Ақан оған тосылып, жасымады:

— Ваше Императорское Высочество! Өзіңізге бағынышты жандарды дарсыз-ақ, өз қолыңызбен буындырып өлтірсеңіз де, асып жесеңіз де еріктісіз. Бірақ көрінген жандарал, ояздарыңыз, болыстарыңыз сізден бұрын жеп қоя ма деп қорқам. Егер қазір тыңдауға уақытыңыз болмаса, — деп, бешпентінің ішкі қалтасына қол сала берді.

Цесаревичтің өңі құп-қу болып, сілейіп тұрып қалды. Бір сәтте қарсы алдында тұрған дала ақыны емес, Жапония самурайы Тсудо Сандо сияқты елестеп кетті. Қойнынан селебесін жарқ еткізіп, тура жүрек тұсына қадай-тындай, мұрагердің маңдайынан суық тер шықты. Қас қағым уақытта Николайдың басында шым-шытырық ойлар жүгіріп өтті: бірінші марттағы екі оқиға — император екінші Алексейдің өлімі, әкесі — үшінші Алексейге жасалған қастандық есіне түсіп, алдында тұрған адам да қойнына бомба не қанжар тыққан жауыздай көрінді. Буын-буынын зорға ұстап, теңселіп кеткен мұрагер Ақан сері ішкі қалтасынан қатталған қалың қағазды алып ұсынғанда барып есін жиды. Артындағы свиталарына, офицерлерге сыр білдірмей, мұрт астынан күлген болып:

— Жалпы, поэт атаулы... көргенсіз!.. Тәрбиесіз! — деп зорға бұрылып, киіз үй ішінде көзі бұлдырап, есіктен түскен күн сәулесіне қарай тәлтіректей басып жүріп кетті.

Ақан сері көп күндер-түндер бойы іштей толғап, Мәмбетәлімен қосылып ой қорытқан ел мұңы, жұрт тілегі жазылған қалың қағазын ұсынған қолын түсіре алмай, осы қалпында тамыры тартылған адамдай сілейіп тұр. Мұрагер бар нөкерлерімен есіктен шығып кетісімен, соңында қалған Шмонин жолбарысша ырылдап келіп, Ақанның мойнындағы медальды жұлып алмаққа қолы бүркіт тұяғынша бүрісіп, жақындай берді де, бата алмай, ақын қолындағы қағазды бас салды. Полицмейстер мұрты, жағы дірілдеп, аузына сөз түспей, тісін шықырлатып, шағым қағазды үп-ұсақ қылып жыртып, ұнтақтап турай берді, турай берді. Тек қос уысы толғанда барып намыстан не үрейден өңі қуарып, есеңгіреген Ақан серінің бетіне әуелі сол қолымен ұнтақ қағазды ұрып, мұрагер сөзін қайталады:

— Көргенсіз!

Оң қолымен қалған қағазды ұрды:

— Тәрбиесіз!

Қарша бораған қағаз астында бетіне қамшы тигендей, намыстан өлердей булыққан Ақан сері есіктен қарап, көздерімен атқан Нұртаза, Тұрлыбектерді көрмеді. Кеуде тұсында жалтыраған медальды бау-мауымен жұлып алғысы келіп, тарбиған ірі, түкті саусақтарын тамағына қарай жақындатып, қолы қалтырап, бата алмай, өзін зорға тежеген Шмониннің тысқа шығып бара жатып «туземцы, бараны, басурманы» дегенін де естімеді, құлағы шулап, басы айналғандай мәңгіріп, киіз үй ортасында қимылсыз тұра берді.

Жерді ойып жібере жаздағандай, нығарлай басып Ертіске ентелеген полицмейстердің екі жағына алма-кезек шығып домалаңдай жорғалаған Нұртаза шала орысшасымен тынымсыз сөйлеп келеді:

— Ваша блaгoрoдa! Жaмaн бoлды, жaмaн! Мұрaгep aлдындa ұяттымыз. Бүкіл қaзaқ ұятты... Ол ақынды әкелген мен емес, қарсы болғанмын оған. Оны әкелген Шыңғыс... Жaқындa ол oяз Кoнoвaлoвтың дa басын жaрғызғaн. Сол, сол... жaмaн өлeңдep aйтaды... Нaғыз понт шығаратын понтар. Оны eндi қaмaп тaстaу керек... Aбaқты, aбaқты... — деп Нұртаза саусақтарын керегелей көрсетті.

Шмонин Ертіс маңындағы қайнаған жұртқа жете бере тоқтады да, Нұртазаға ежірейе қарап, дол орамалымен сорғалаған терін сүртті.

— Сен, волостной управитель, ондай сөз айтпа. Қашан Цесаревич бұл арадан кеткенше мұнда ешкімді қамауға алуға болмайды: указания бар, указания, — деп сұқ саусағын шошайтты. — Түсіндің бе? Содан соң, бүгін ипподромда болатын ат жарысқа, ертеңгі салтанатты церемонияларға әлгі ақымақ ақын бармайтын болсын. Түсіндің бе? Вот солай!..

Әнші-күйшілер Ақанды қалай жұбатырын білмей, даулы соғып аударып әкеткен қараша үйлердің жұртында шошайған мүсәпірлердей, мойындарына су кетіп, үнсіз отыр. Бәрі де қайғы жұтқан кінәлі жандардай орындарынан тырп етер емес. Әлден уақытта «Николай» кемесі Ертіс жиегінен жылжи бере өкіріп қалғанда барып селк етісіп, бастарын көтерді.

Ақан сері Станислав ленталы медалін мойнынан сыпырып алып, жерге ұрды.

Бағанағы бүркіт жападан-жалғыз әлі қалықтап жүр. Көне грек елінен ауысып, Ресей империясының гербінен орын алған самұрық аспанға көтеріліп, қазақтың кең даласының асты-үстін тінте қарап, болат тегеурінді темір тұяқтарын қай бүйірден қадауды бағдарлап жүрген сияқты.

6

Ақан жырышларға тіккен киіз үйде жападан-жалғыз. Қиялданып жатыр. Түндігі ашық шаңырақ күлдіреуіші арасынан көрінген зеңгір аспанда кешегі жалғыз бүркіттен бөтен көзге ілінер қара-құра жоқ. Құлазыған кең аспанда шырқ айналып қалықтаған құс қана жалғыз жатқан серіге таңырқап, мүсіркегендей сонау түпсіз аспан төрінен көзін алмай қарап, біресе төмен, біресе жоғары айнала берді, айнала берді.

Бағана әр киіз үй алдында шоғырланып, мәре-сәре, у-ду болып, қаладағы ат жарысқа жұрт аяқтарынан тік көтеріле дайындалып жатқанда, Ақан да Көкбестісін ерттеп, өз тобымен жүру қамында еді.

Бүгін, ыстық қайта, Омбыдағы жарыс қоғамының вице-президенті Дмитриев-Мамоновтың ипподромында ат жарыс өтпек. Бұл бір қызық бәйге болмақ: жарысқа қазақтың тойға баптап жаратқан сәйгүліктері ғана емес, казак-орыстардың да әдейі дайындап әкелген арғымақтары араласа түседі екен. Және жарыс межесін тағайындайтын мұрагердің өзі, бәйгені

де өзі береді деседі. Патша әулетіне көңілі суыған Ақан ендігі болар бар қызықтан безсе де, ат жарыс, бәйге дегенде тықыршып, шыдап жата алмаған. Бірақ не керек...

Дәл жүрер алдында қасында қару-жарақ асынған, ордандаған мәстек мінген стражнигі бар поштабай Жәнібек Көкшетау әкімдеріне тігілген үйлер жақтан сыпырта желіп келді де (әйтеуір, қайда жүрсе де осы бір сырықтай неме солаң етіп ізінен қалсашы), тас төбеден қойып қалғандай:

— Әй, Ақан, сен неменеге ат ерттеп, әуре болып жатырсың? Ешқайда бармайсың! Саған лұқсат жоқ. Енді бұл арадан тырп етпе! Кешке Нүрекеннің алдында боласың! — деді де, қайта бұрылып, шоқырақтата жөнелді.

Мұны естіген Ыбырай да, ырдуан арбада құнысып отырған бірекі ақсақал да қасында қалмақшы болып еді. Ақан олардың бұл ниетін қостамаған.

Бірінің соңынан бірі қаздай тізілген пәуеске, трашпандар дәл қасынан салтанатпен өтіп жатыр, өтіп жатыр. Атының жалынан сипап қала берген Ақанға жабық күймеде тымырайған Шыңғыс та, әлденеге мәз болып қарқылдай күлген Нұртаза да мойын бұрмастан желке тұсынан өте шыққан.

Күн етекке жақындаған мезгілде сері көшкен жұрттай тым-тырыс ауылдан жырақ Ертіс жағасына келді. Сонау алыстағы шоқ-шоқ қайыңдардың бауырында мал сойып, ас пісірген жалшылардың будақтаған түтін бауырында дабырласқан кешкі дауыстарынан бөтен дыбыс жоқ. Төңкерілген бұлтсыз аспан астындағы ыстық аптап қуырған жер, салқын түсе тыныс алып, бұйыққан алып сияқты. Ағынды Ертіс беті ғана шымырлап, иірімденген тұстары болар-болмас сылдыр қағып, бүлкілдеп ағып жатыр.

Өзен жағасындағы құмдауытта отырып су иіріміне мағынасыз қараған ақын ойы шартарапта. Сонау Омбы жақтағы айғай-шу, мереке-думаннан қағылып, жайлауға шыға алмай, жұртта қалған кемтар адамдай құлазыған Ақанның көз алдына алыстағы елі, ата-анасыз жүрген Ыбаны түсіп, ойына жетімдік тауқыметі орала берді. Жетімдік! Жетімдік!..

Бұл дүниеде кім жетім? Неге адам жетімсірейді? Жетімдік жоқтықтың, қолы қысқа кедейліктің ғана белгісі ме? Жоқ, бай бола тұрып, тоқ бола жүріп те жетімдікке душар адамдар аз ба? Баласынан айырылған ана да жетім, құрдасынан айырылған қарт та жетім, өз ойын, өз білгенін айта алмаған адам да жетім! Жан-жағынан қыспаққа түсіп, кең жері ұлтарақтай болған, айналасына қарағыштап, мүсәпір, мүшкіл халге түскен ел де жетім? Бүгінгі қазақ ауылы?.. Иә, қазақ жұрты да жетім?

Айдалада адасқан қанатсыз жаралы қаздай, жұдырықтай жүрегі ішке сыймай тулаған ақын көңіліне әлдебір суық ойлар оралып, құм далада ысылдаған аңызақ желдей ән ырғағы түсіп, өзі-өзінен күбірлей берді:

«Сахара, жайлау жетім, көлдер жетім,
Қасына мұнарланып ел қонбаса».

Әп-сәтте бас-аяғы жұмырланған өлең туып келеді. Өлең, мұңды өлең!

«Тағы да бұл дүниеде нашар жетім,
Жеріне барам деген бара алмаса...»

Жападан жалғыз отырып, көңілінен күмбірлеп шыққан өзінің мәңгі серігі өлеңін әлдилеген ақын енді, бүкіл ел көшіп келгендей, жаңа туған жолдарға қуанып, әрі қарай жалғай түскенше болмады, селк етіп, оң жақ бүйірдегі жарлауыттан бергі өзен ылдиына қарады. О, ғажап! Бұл не деген ғаламат? Қанша жыл аңшылық, саятшылық құрып жүріп мынадай сұмдықты Ақанның бірінші көруі. Өз көзіне өзі сенбеген адамдай тесірейе қарап, үнсіз отыр: жалпақ түзден жосылып, шұбыра көшкен жүздеген, тіпті асырып айтқанда мыңдаған сұр тышқандар, сұр тышқандар! Әрқайсысының аузында бір-бір домалақ кесек. Ақан жақындамай, алыстан қарап жобалады: жылқының кепкен қиы. Иә, солай екен. Келе өзенге шолп-шолп түскен тышқандар сынық сүйем құйрықтарын қайқайта шаншып, жеңіл қиды тістелеген күйі, ағын судың бойымен қиыстай ағып, арғы жаққа қылт-қылт етіп жалдап барады, жалдап барады. Өзен бетін бір қауым уақытқа дейін тышқандар, сұр көшкін басып кетті. Ақан мекенінен безген ордалы жылан көшін, илеуін тастап жосыла жер ауған құмырсқа көшін, тіпті қар қалың жылдары жылы жаққа табын-табын босқан киіктерді көріп еді, мынадай ғаламатты тұңғыш көруі. Бірақ қоян, сарышұнақтардың ауатынын қарттардан талай естіген Ақан, жерінде, інінде қалуға дәрменсіз титімдей тышқандардың көбіне қарап тұрып, әлдекімге айтқандай:

— Биыл шынымен жүт болады екен! — деді. — Байғұстар-ау, сонда қайда барып паналамақ. Қалың қарлы Сібір ормандарының арасынан жазда, алдын ала мекенжай сайлап алмақ-ау. О, ғажап! Жаратылыс, не деген құпиялы ғаламатсың! Тіршілік ағынынан аузына тезек тістеп те амалдап, жалдап өтетін мақұлықтар бар-ау. Қайтсін, үлкен апаттан ұрпағын аман алып қалуға тырбанған титімдей жаратылыс!..

Қас қарая Омбыдан жарыса шыққан ұлықтар, соңынан қазақы арбаларын салдыратып, шиқылдатып басқа тойшылар ауылға оралған. Көше бойы уда-шу. «Жанайдардың Мейрамының көк мойындары бәйгенің алдын бермепті, бірінші, үшінші бәйгені де алған соның аттары. Жәнібектің Мұстафасы да жүз теңгелік күміс шелекті бәйгеге алыпты. Қазақтың аттары айнала шабар күрігінді де шыдатпайды екен, жануарлар-ай, мешан-пешандарыңның, көпес-мөпестеріңнің ордандаған мәстектерін далада қалдырмай ма, тәйірі, олар ұзаққа шаба алушы ма еді, әншейін тыз етпе, үш шақырымға тыртаңдағаны болмаса» десіп, осы әңгімені өсіріп, бөстіріп, гу-гу.

Мейрамның атқа шапқан ұлы мұрагердің өз қолынан алған алтын империялды біресе көкке атып қақпақылдап, біресе алақанына қысып, бауырына басып, ауыл-ауылды, киіз үй біткенді аралап, шапқылап жүр. Бір қолындағы күміс сауытын көрсетіп, көрінген адамнан байғазы алып, кездесе қалғанды үйіне тойға шақырып жүр. Бала емес пе, қуаныштан ес жоқ.

Шынында да, қуанса, қуанғандай екен.

— Ақан аға-ай, әттең, бара алмай қалдыңыз. Барсаңыз да болатын еді... бұлары сұмдық екен. Сізді сол арадан қуып шықпайтын еді ғой...

— Туһ, адам дегеннен жер қайысады, бірінің үстіне бірі мініп кете жаздап шулаған жұрт... орыстарың да мұндай атқұмар болар ма?! Әлгі круг дегеніңіздің өзі қызық екен.

— Тап алдында үзеңгі қағыстыра зулаған топ-топ ат қасыңнан өткен сайын жаның шығып кете жаздайды. Не керек, Мейрамның байлығы бір көрінді-ау. Көк мойындардың зауытын текке ұстап отырған жоқ екен, — деп, Ақанға бар қызықты тәптіштеп айтып берген Ыбырай. Басқа әнші-күйшілер бір-бірімен жағаласып, көргендерін жырдай қылып, төтеден қосылып, киіп-киіп кетеді. Аттардың қанша жерге шабатын межесін мұрагердің өзі көрсетіп, «шыдамдылығын байқау, ұшқырлығын сынау» деген екі топқа бөліпті. Ұзақ шабуда Мейрамның екі аты бірінші және үшінші орындарды алыпты. Үш шақырымдық тыз етпе ұшқырлықта Әли Кеншібаевтың атынан басқа қазақ аты жоқ. Бәйге алғандар казак-орыс Рытов, көпес Соколов, сотник Берниковтар. Мұрагер бірінші келген ат иелеріне өз қолынан алтын баулы алтын сағат, атқа шапқан балалардың бәріне де бір-бір алтын империядан беріпті.

Жұрт енді әр үйге жағалай кірген Мейрамның баласының қолындағы елу теңгелік күміс сауытына жазылған жазуды түсінбесе де айналдыра қарап, іштерінде сауатты ешкім болмаған соң, ат үстінде жүрген бірен-саран казак-орыстарды шақырып оқытады. «Призь Омскаго общества охотников конскаго объега, въ честь Его Императорскаго Высочества Государя наследника Цесаревича» деп өзі де зорға айырып, ежелеп, ыңқылдап-сыңқылдап зорға оқыған стражник, «ал не түсіндіңдер» дегендей маңындағы қазақтарға ежірейе қарап, мазақтап, қарқылдап тұрып күледі. Қазақтар да таңдайларын қағысып: «Ойпырмай, мына Мейрекеңнің тасы өрге домалады-ау! Патша Мұрагері қалай-қалай әс көтеріп жазған». «Е-е, патшаның аузына іліккен жаман болушы ма еді». — «Мейрекеңнің өзі түгілі, атын да қосып жазыпты» десіп, «конь» дегенді құлағы шалып қалғандары нобайлап, жобалап соғады.

Бүгінгі той шынында Мейрам үйінде. Ана-мына шілдехана, сүндет, кішігірім ас кезіндегі ат жарыс емес, бүгінгі ат жарыстың жөні мүлдем бөлек. Тіпті қазақ даласында болған талай-талай ұлы бәйгелеріңнің өзінен мұның орны басқа. Алдымен, болашақ патшаның өз қолынан ең алғаш сыйлық алған бүкіл қазақ жұртында осы Мейрам. Содан соң, ат жарыс алдында «Жарыс» қоғамының қамқоршысы, атты әскер генералы Таубенің сөйлеген сөзінде көп мән бар. Бұл жарыс та — бүкіл Империяны қорғайтын әскерлердің негізгі көлігі әрі қаруы — дала аттарын сынау. Және ол сын мұрагер алдында өтпек. Осы сында Мейрамның көк мойындары өнерлерін көрсетпеді ме? Енді оның ат заводындағы сәйгүліктердің бағасы артып, жер-жерден келер адамдардың алдында қаны жерге тимесе керек. Атағы да, байлық даңқы да енді бүкіл қазақ жерінің төрт құбыласына тарап, кең жайылмақ.

Ақмола, Семей болысының белгілі ұлықтары ғана іріктеліп келсе де, алты қанатты екі киіз үйді тіркестіре тіккен кең сарайдай ақ үй аузы-мұрнынан шығып, қонақтар зорға сыйған. Бұлар көп уақытқа дейін қалжың, кеңеспен отырып, енді бір кезде әңгіме тосыннан Ақан басына ауғанда, бәрі де қан жұтқандай томсырая-томсырая қалып еді. Дала жандаралының бұған қатты ашуланып: «Ондай бейбастақты әкеліп, сөйлетіп жүргендердің өзін жазалау керек», — деп зіркілдегенін комиссия бастығы осы ұлықтарға төнген зауалдай, қазақ даласына соғар үскіріктей етіп, қара аспанды жаудыра айтқан.

«Дүйім елдің, қалың жұрттың қуанышын су сепкендей басып, салтанаттың сәнін кетіріп, ала тайдай бүлдірген жалғыз Ақан. Ол Көкшетау уезіне ғана қара таңба салған жоқ, иісі қазақ қауымына өшпес дақ қалдырды. Оны немен өшірерсің, немен жуарсың. Ел ішіндегі жәй әкім, мықты ұлықтың алдында жасалған кінәрат болса бір сәрі, ендігі тіршілігінің иесі, жалғыз тірегің де, бағынышты құдайың да — ақ патшаның ақ ұлының қара тұяғының алдында кешпес күнә арқаладық. Тұңғыш көрген қалың қазақтың түрі мынау болса, өзі жат жерден ренішпен оралған кейісті патша баласы еліме-жұртыма келіп, қабағым ашылып, жадыраймын ба дегенде қарсы алдынан қол қусырып қарсы алар жұртының сиқы мынадай болса, жапон елі басын жаралағанда, қазақ елі жүрегін жараласа, — бұл халық хақында не оймен, қай көңілмен кетпек?!»

Осы ойдың тұманына қамалған Сарыарқаның белді-белді шынжыр балақ, шұбар төстері қатты күйзеліп, кеселді Ақанға не жаза тартқызып, не айып саларын білмей, өзді-өзі біраз шарпысты. Нұртазаның іш пікірі ішінде. Бүгін патша төңірегінде жүрген мәртебелі ұлықтарға аузы жетпесе де, олардың жолын аршып, сырттан қорыштап жүрген кіші әкімдердің бірі, өзінің дос-жары — қала прокуратурасының чиновнигі Дьяконов дегенмен сөйлескен. Ол: «Әзір шыда, ұлы мәртебелі Цесаревич салтанатты сапарда жүргенде ешбір адам жазаға тартылып, қылмысты боп жатпауы керек. Және бұл онша қауіпті элемент емес, ел арасындағы бұзақы. Әйтсе де қайсыбір бунттардың шығуына осы секілді бузотерлердің себебі де тимей қоймайды. Ол өзі сіздің қарамағыңыздағы болыстың адамы көрінеді ғой, айтуыңызға қарағанда, мүлдем ұят болды, масқара болды, осындай сұмырайлардың қырсығы сізге де тимей қоймайды, әрине. Бекер әкелгенсіз ондай сенімсіз субъектілерді. Ай, қырсығы тиеді, әрине, тиеді. Білем сіздің жағдайыңызды. Ел басқару, әсіресе қараңғы елді басқару оңай емес. Оның үстіне, алды-артын көп ойламайтын ақ көңіл, адал жансыз... Жарайды, біз де қарап отырмаспыз, арамыздағы достық қарым-қатынас үшін арашаға түсерміз. Әдетте, өзің үшін емес, біреу үшін күйеу деген тосыннан келген апатпен тең. Ол апаттан аман алып қалу оңайға түспейді, ойламаған жерден киіккен ол да бір шығын... Шығын... Иә, онсыз да болмайды. Шығысына қарай кірісі. Жарайды, ол туралы кейін! — деп, Ақанның өрескел ісінен соң қыл шылбырды жұтқандай қиналған Нұртазаны одан сайын қайғының иіріміне тұншықтыра, бір-екі

батырып-батырып алды да: — Әзірше шу шығармаңыз. Ұлы мәртебелі Цесаревич аттанған соң, ондай бұзақыларды аздап үйретіп алармыз. Енді оны қадірлі қонақтардың маңынан аулақ ұстағайсыз. Алда уақыт бар, ақыл-дасармыз», — деп құбыламалы үрейлі сөзінің соңын жұмсартқан болды.

Осы сөзден соң өзіне қарап лаулаған өртке қарғаша салып, оттың бетін басқаға бұру аясына көшкен Нұртаза ел билігіндегі адамдардың алдында арылып қалудың қамына көшкен.

— Ақанда менің алты аласы, бес бересім де жоқ, ұзында өшім, қысқада кегім де жоқ. Сонда да оның ел серісі емес, татулығыңды, дәм-тұзыңды бүлдірер ел перісі болатынын ежелден-ақ қақсап келем, ауыл арасындағы лаңы аздай, енді бүткіл жерімізді жалғыз өзі лайлаған жоқ па? — деп көмейіндегі сөзді суыртпақтап келе жатқанда, жиналған топ ішінен:

— Ау, өзі ел арасындағы той-думан бір басқа, мына ұлы салтанатқа қалай рұқсатсыз келіп жүр, осы бір қаңғыбастан тартар болдық қой сазайымызды, — деп бір шонжар қабақ шытқан болып еді.

— Рұқсатсыз жүретін бұл, немене, қазағыңның тойы ма еді. Бұл шақырумен, қағазбен жиналған ұлы патшаның тойы емес пе! Бұған тізімсіз келген бірде-бір жан жоқ, әр болыстың адамына жауап беретін сол болыстың иесі болады да. Жетістірдің, Нұртаза! Қазақты да ел, жұрт деп, әдейі атап шақырғанда, ана әумесер есірігіңді салпақтатып әкеп, тағы да көрсеттің өнеріңді. Енді Ақанды ғайбаттап, бар кінәні соған аудармақсың. Мың тасқынға — бір тосқын. Өзім білем, өзім шешем дейтін өркөкірексің, Нұртаза. Бір құмалақтың бір қарын майды шірітерін ойламадың. Сенің тайыздығың үшін енді қазақтың тереңі, тұңғыы лайланды. Енді сен лұғатсыз, тәрбиесіз емес, бәріміз көргенсіз боп отырмыз ақ патшаның алдында. Әлі де көсемсіп, шешенсігің келеді. Бір мысқал ар, бір шөкім ұят болсашы бір мезгіл! — деп, баяғы бойына тараған кек уыты қайтпай жүрген паң Нұрмағанбет аяғы шалыса бастаған Нұртазаны оңтайлы кезде жамбасқа ала бергенде, қақ төрде құныстау отырған Шыңғыс тамыры білеуленген сіңірлі қолын көтеріп, «жә!» деген белгі жасап, ырғаса бастаған екі шонжарды тыйып тастады. Көтерілген қолдың сексеуілдің бұтағындай тарбиған көкшіл саусақтары ауада сәл ілініп тұрды да, көрі бүркіттің тұяғындай жұмыла беріп, арқасына жапқан оқалы шапанының шалғайын қымтады. Қанталаған шүңірек сулы көзін айнала қадай қарап алды да, елге билік айтып дәуірлеп тұрған кезіндегі тәкаппар қалыппен иегін сәл көтеріп:

— Жә, болар енді. Екеуіңнің аңдысуыңа, алысуыңа кең сахара жетпегенде, даладағы дауыңды қалаға әкелейін деп еңдер. Ұлы мәртебелі ақ патшаның алды сендердің қажасар орындарың емес. Ақанды мұнда әкелген мен. Жұлқыссаңдар, менімен жұлқысарсыңдар, ал мына ұлы той үстінде қабақ шытысып, сөзге, дауға барысып, шырық бұзар болсаңдар, аулаққа кетіп, жеке қырқысыңдар, — деп зілді үнмен беттерін тойтарды. Бұғақ орнында тарамыстанып білеуленген, арық етінің терісі салбыраған тамағын қайта бүркеді де, өз кінәсін да мойындаған адамдай, соңғы сөзінің жібін босатып алды. — ...Тап осы жиында бұлай болар деп ойлаппын ба?!

Нұртазаның күткені де осы еді. Ұлы тойды дау-дамайсыз, салтанатпен өткізу керектігін айтқанда, жүні жығылып, жуасып қалғанмен, бұзақы Ақанның келуіне себепкер Шыңғыс екенін біржола анықтап, жұрт алдында аппақ сүттей тазарып алмақшы болды. Серінің бетіне көпшілік қолымен топырақ шашып алса, кейін оның тағдырын шешу өз иелігіне жалғыз тиерін ойлап, қам жасап қалды:

— Шыңаға, мен дау іздеп жүр деймісіз. Қалтарыстан шыға келіп соқтыққан мына паңдар ертең тұтанар отқа май құя салуға әзір тұрған жоқ па? Ақ патшаның тойы жаман Сағынай шалдың асы емес Ақан ойнақ сала тын...

— Әй, Нұртаза, аруаққа тиіспе, тіліңді тарта сөйле!

— Иә, Ақан ойнақтайтын қызойнақ емес деп құдайдың зарын қылып ем, болмадыңыз. Жоқ жерде бедел салып, оны алып келген сіз. Ендеше, мұны аяқсыз қалдыра алмаймын. Той шырқы бұзылмасын десеңіз, өзіңіз әкелген Ақанды өзіңіз қуыңыз бұл маңнан. Біздің маңымызға жуымасын, енді ол біздің ел адамы емес, елден шыққан алапес, қайдасың-ай әлгі, қайдасың, ақи, әй, Жәнібек, Ақанды алып кел осында, аға сұлтан шақырады де, тез әкел, жеткіз мұнда.

Есік жақта сөз тыңдап, ұлығы ұлыса бірге ұлуға бөрідей дағдыланып қалған әккі поштабай жыршылар түскен үйге қарай сораңдап, табанымен жер ойып жіберердей адымдай жөнелді.

Жер апшысын қуырғандай жанталасқан Нұртазаның мына қылығы Шыңғысқа да, басқа әкімдерге де аян. Бұл да нағыз ұрымтал жерде шау-жайдан алып, тасадан атылған сасық күзендей, сұлтанның тамағына жабыса кетті. Оның сасық пигылы — өзі де қурап тұрған қу шалдың күре тамырын қиып, жанын зәннәмға жіберу емес, алқымнан қысып буындырып, бар кінәсін мойындату. «Әттең, оралмай кеткен қайран күн, — егер бұрынғы заман болса, арыстандай ақырған аға сұлтан ешкінің құйрығындай шолтаңдаған жаман болысты мынадай басындырып қояр ма еді. Бір шерткеннен қалмайтын ызыңшыл сонаның иыққа, төбеге шығып ойнақтап, ол аздай, дәл тамақ астындағы жұқа теріге жабысып, қадала шағуын қарашы. О, заман-ай! Осы жолы патша ұлының ниеті жақсы сияқты еді. Әйтпесе, сұлтан атаулыны бар беделден айырып, оқалы шапандарынан басқа ештеме қалдырмай, билік атаулыдан жүрдай еткенде, күлге шөккен кәрі бурадай артын көтере алмай, шоңқиып отырып қалған тобан аяқ Шыңғыс бүкіл Көкше өңірінің зиялыларын бастап, той ақсақалы болып келер ме еді?! Мүмкін, мына патша баласы ертең әкесінің орнына таққа отырғанда бұрынғы сұлтандық дәуірді қайта орнатар. Төре әулетінің күні қайта туар. Әкесі жүргізген саясатқа қарсы жүрер патша мұрагерлері аз ба? Мүмкін, осы жолы-ақ көп нәрсені ішіне түйіп кетер. Мүмкін... мүмкін... Ендеше, бір Ақанның басын қорғаймын деп, ата-бабаның қолына қайта қонар бақыт құсынан айрылып қалар. Бұл тойдағы бар әрекет, сөйленер сөз — бәрі ертең мұрагердің құлағына шалынбасына кім кепіл. Айнала торуылдаған патша

тыңшыларынан көп неме жоқ. Бұл, шынында, үлкен сын. Биылғы, күзге қалған сайлауға шықпа жаным шықпа деп зорға тұрған күні қараң мына Нұртаза тегін шыжалақтап отырған жоқ. Қайтсем сүріндірем, қайтсем айып салмағын өз иығынан аударып, басқаның мойнына артып жіберем деп отыр. Жоқ, бұл арада сүрінбеудің шарасын ойлау керек. Қалжыраған жылқыға тұяқ сияр шұқанақ та жетіп жатыр омақаса құлауға. Мұрагердің алдында намазға ұйығандай басы жерге жеткенше тағзым етіп, пір тұтқан елдің сол қасиетті намазын бұзғандай шырық кетірген Ақанның есерлігін елеусіз қалдырса, ертең айып салмағы өзіне түсері хақ. Ендеше, даяшының аңысын аңдып, сыңайын сынаған мына қасқыр, тұлкілердің алдында қабырғасы қайыса отырып келешекте тартар айыптан айығу қажет...»

Қабағы түксиіп, жаураған адамдай қымтана түсіп, түнере қалған Шыңғыстың қазіргі түрі шын аянышты еді. Бүкіл Сарыарқаны жайлаған қазақ атаулының тойдағы билігін — салтанатты жиынның тізгінін қолына алған кәрі тарланды, ақсүйек төрені ел билеген басқа шонжарлар күні бүгінге дейін күндеп келсе, енді жоқ жерде белінен шойырылып, бүк түсіп қалғанын көргенде, іштерінен «сол керек, шоқ-шоқ!» деп, еңселері бір көтеріліп, жайдары жайраңдағандай болды.

Өзді-өзімен дуылдасып, қайдағы жоқ сөздерді қақпақылдасып, той даяшысын бір қалтарыста елеусіз қалдырғандай қарғаша шуласа бастаған. Талай жиын, неше сұрқылтайды көрген жырынды Шыңғыс мұны да аңғармай қалмады. «Тұра тұрыңдар, әлі де басындырмасын, мені қауқары жоқ кәрі жыландай көріп отырған шығарсыңдар, кәрі болсам, болармын, бірақ жыланды неше кессең де, бір кесірткедей қауқары бар, кесірткелер, қашан бұл арадан кеткенше алдымда қайқаңдап, жорғаларсыңдар» деп, бағанадан бері іште сақтап отырған сұмдық хабарды осы тұста айтып қалды:

— Ал, жарандар, — деді даусын зілдендіріп, шапан ішіндегі оң қолын тағы көтерді. — Ертең көтенге өкпелеген қара құлдай болмаңдар. Сендерге айтар тағы жайсыз хабар бар.

Жұрт жым-жырт тына қалды.

— Өздеріңе белгілі, ертең ұлы мәртебелі мұрагерге Ертістің батыс жақ кең жазығында қазақтың ұлттық ойындарын көрсетеміз. Оған аңшы құстарың, қасқыр-иттерің, көкпаршы, сойылшыларың сақадай сай шығар.

— Әрине.

— Әрине.

— Е, оған сөз бар ма, — десіп қалды отырғандар.

— Менің айтпағым ол да емес, — деді Шыңғыс түксе түсіп. — Сол ойындардан соң, кешке қарай ұлы мәртебелі мұрагер мен оның нөкерлеріне, құрметті қонақтарға зияфат жасалып, сый-сыяпат көрсетілмек.

— Банкет берілмек, патша ағзамының мәртебесіне қазақ миллеті атынан жасалар құрмет зияфатты орысша банкет дейді, — деп Күшенұлы «банкет» деген сөзді, өзі ойлап тапқандай, осы арада осымен оныншы рет айтты.

— Сол зияфатқа келетін адам саны, әр киіз үйге бөлінетін, ұлы мәртебелі мұрагер түсер үйге бөлінетін адам саны өздеріңе мәлім — жүз елу еді. Бүгін

жоғары мәртебелі дала генерал-губернаторы өз қолымен елуге түсірді. Ұлы мәртебелі мұрагермен дастарқандас болатын адам саны жиырма еді, оны онға түсірді. Сол елу адам санатына кімдерді құрбандыққа шаламыз, қадірлі он адам кім болуы керек, — осыны құзырларыңа салып, ақылдасып алсақ деп едім, — дегенде, жаңа ғана жайрандап отырған би-болыстардың өңдері қашып, көздері жасаурап қалды. Ертең еліне барғанда «ақ патшаның қасында отырып, бір табақтан дәм таттым» деп жыр қылар мақтанышын алдын ала ойлап, пішіп қойған шонжарлар, енді көзіне қамшы тигендей жасқанып, Шыңғыстың алдында мүсәпір күйге түсті. — Әр үйездің әр болысынан екі-үш адамнан болса да жарар еді. Енді қысқа жіп күрмеуге келмей отыр. «Ақылдасып пішкен тон келте болмас», бәрің де ұлы отырысқа жарайтын азаматсыңдар, бірақ көбіңнің жолың болмайын деді. Бұйрық солай!

Молдасақынған Шыңғыс қос тізесіне қарап, бүк түсіп, үнсіз отырып қалды. «Қалай? Бір мытысам, шонданайларына әлі де бататын шығар» деп, кәрі тізесіне риза болғандай, іштей күліп отыр. Мүжіліп-мүжіліп, судыраған сүйегі ғана қалған қара кемік өлмеші шалдың бұлай тәкаппарсуына ыза болғанмен, ешкім оған батып ештеме айта алмады. Қайта ұлы дастарқаннан дәмелілер аяқ астында патша салтанатынан, үлкен мәжілістен қағылудан қорқып, Шыңғысқа жағынып қалудың жолын іздестірді.

Бұрын да Шыңғыспен талай қажасып үйренген әрі бүгін көңілі тасып, шалқып отырған Мейрам ғана толық денесімен қалың бөстектің үстінде бір ырғалып, қою сары сақалын сипап, кекесінмен күлді:

— Адам қартайған сайын ындыны тарыла беретіні несі екен? Шыңкең бұрын да келімді-кетімді кісіге онша қолы ашық болмаушы еді...а-ай, ол дүниеге аттанарда сараң адамдардың жұдырығы түйілген күйі ашылмай қалады деуші еді.

Оу бастан қалжың, әзіл сөздерді қылжақпас, әумесерлердің өнімсіз қылығы деп, бостан-бос ырғаса беруді жаратылысында ұнатпайтын Шыңғыс Мейрамның ілмешегін аяғына дейін тыңдады да, естімеген бо-лып:

— Айтқандай, саған ескертем деп ұмытып кеткен екем-ау. Мұрагерді шығарып салар кезге бүгінгі бәйгеден келген Көктұйғынды дайында, жуып-тарап дегендей, айыл-тұрман әбзелдеріңнен ұятқа қалып жүрме, — деді. — Өмілдірік, қайысқаныңа дейін күміс жапқан сәнді болсын. Жібек жабуын да қалдырма.

— Е, оны мұрагер міне ме?

— Мініп қана қоймайды, алып кетеді.

— Алып кеткені қалай?

— Қазақ қонағына қалай ат мінгізуші еді?

— Е-е, ат мінгізем десем, өзім-ақ мінгізбеймін бе, менің малымды қашаннан бері сырттан билейтін болған ең?

— Ол арасын білмедім. Кеше генерал-губернатордың өзі: «Бәйгеден келген атты ел салтымен қазақтар Сізге мінгізбек» деген. Сенің билігіңді

генерал қайтсін... Егер мұрагерге бермеймін десең, оныңды айт, ертең-ақ генералдың құлағына салуға болады.

— Ойпырм-ау, енді... енді... Мұрагер сұраса, одан... Көктұйғыннан басқа аттар да... — деп Мейрам шоқ басып алғандай тызалақтап, бір қызарып, бір сұрланды.

— Солай, Мейрам, — деді Шыңғыс айызы қанып. — Көктұйғыннан басқа атты беріп, бізді жын ұрып кетті ме?! Көзі бар емес пе? Мазақ еткің келген екен!.. Жарайды, енді әлгі зияфат мәселесіне оралайық.

Мейрам да, жұрт та мысы құрып, үндей алмай қалды. Әлден уақытта:

— Сонда қалай, тізімге іліккен жүз жетпіс адамның елуі бармай қалатын болды ма, бұл не жарлық?! Жаман үйді қонағы билейді деп, қазақ елінің қанша адам шақырып, қаншасын қоятынына генерал-губернатордың араласқаны қалай? Қырық рудан жиналған қазақ азаматтарына сенбегені ме? — деп Әлібектің інісі, адуынды жас болыс Ақбұзау сөз бастап еді.

— Бәсе-ау десейші, қырық рулы елді бір арнамен ағызып, бір жолмен жүргізіп, ашса — алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келген аға сұлтанымыз той жабдығын, қонақ дәстүрін білмейді дегені ме, қой, ол әншейін «байдың малын байғұс қызғанадының» кері шығар, — деп екінші болыс Шыңғысқа көпшік тастай салды.

— Иә, ол айтқанының реті жоқ.

— Келіскен екенсіз, бәріміз де ұлы мәртебелі мұрагердің мәжілісінде боламыз, болашақ патшамыздың алдын енді көреміз бе, көрмейміз бе?!

— «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас» деп, қазақ ұлықтарының бір-бірінен не алалығы бар. Бәріміз де мұрагердің әкесі — ақ патшаның аяғына алдиярлап бас ұрып, қасиетті жарықтықтың амандығын тілеп намаз оқып, қол қусырып қызмет жасағаннан басқа не жазығымыз бар, — деп, тағы бірі мұрагердің табағынан қалмаудың қамымен ұзын арқанға салып, көсіле сөйлеп, шұбыртып келе жатыр еді, сыртта жүрген біреу киіз үйдің есігінен ішке сығалап:

— Ақан сері келе жатыр! — деді.

Күні бүгінге дейін қастарында жүрген серінің атын естігенде, ертегідегі албастының атын естігендей, бәрі тым-тырыс тына қалды. Бұл үйге Ақан емес, жазықсыз біреудің қанын жүктеп, енді осындағылардың бірінің басын ала келе жатқан қанды қол жендетті күткендей.

Қашан ұлықтар отырған үйге жеткенше кежегесі кейін тартып, келгісі келмей, жан-жағынан кекете, қорқыта, табалай қарайтын сұрықсыз көздерді көргісі келмей, дел-сал күйде жақындаған Ақан, енді шиыршық атып, оюлы жарма есікті жұлқа ашып, ішке сүп-сүр болып енді.

Жұрт бері өтпей, босағада тұрып қалған Ақанға бір, тұнжырап, түнере түсіп, басын көтермеген Шыңғысқа бір қарайды. Екеуінің не деп қақтығысатынын аңдып, қызықтап отыр.

Шыңғыс Ақанның кіргенін төбесімен көргендей, басын төмен тұқырған қалпы, естілер-естілмес мідір етті:

— Мен сенен басқа өнерді күтсем де, тап осы «өнерінді» күтпеп едім. Жердің үстімен келіп, астымен қайтатын болдық...

Ақанға Шыңғыс та, ешкім де отыр деген жоқ. Он екі қанат үйдің дәл төрінде құнысқан сұлтанның үні зорға естіледі.

— Шыңаға! — деді еңсесін көтеріп, аттың шоқтығын ұстап аттанғалы тұрған адамдай, босағаға қолын артқан Ақан. — Даусыңызды қаттырақ шығарсаңызшы, мына ұлықтарға келін емессіз ғой, шымылдық артынан сыңсып сөйлейтін!


Бұрын өзін қатты сыйлайтын, өзі де хас өнерін қастерлейтін ашулы ақынның соқтығуға тұрғанын жазбай таныған Шыңғыс, жұрт алдында абұйырын төгіп алмаудың, қартайған шағында адуын, азулы Ақаннан сөз естімеудің шарасын көздеп, жұмсақ сөйлесіп, жұқарта бітіруді ойлады. Көлденең жұрттың екі арланды — қарт, әккі арлан мен кемелінде тұрған жырынды арланды алыстырып қойып, айыздары қанғанша қарайтын сыңайларын екеуі де ұқты. Әйтсе де аса тістерін батырмаса да, бір-бірінен тайқақсып, тайынатын жер қалмады.

Шыңғыс баяу ғана басын көтерді. Өзіне тура қадалған Ақанның отты көзіне сулы көзі түсе беріп, тайып кетті. Қайтадан басын ие беріп, шапанын тағы да қымтана түсіп, жөткірінді де, даусын көтере сөйледі:

— Ақан шырақ, жасыратын не бар, кейбіреулердің айтқанына құлақ аспай, кәрі қыңырлыққа салып, өзіңді осында, ұлы мәртебелі мұрагердің алдын көруге әкелген өзім едім. Енді, бүгінде, бетімнен басып, елге қарар жүз қалмай, қартайғанда жүзқара болып отырмын. Қазақ милләті — өзінің қонақжайлы сыпайыгершілігімен, лұғатты тәртіп, тәрбиелілігімен аты шыққан ұлыс. Бұл мінезі — келешек нәсілге, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалар қасиеті. Ал сен болсаң, елдегі тентектігіңді ұлы адамның, ұлы патша мұрагерінің алдында жасап, айықпас ұят арқалаттың халқыңа. Сені «көргенсіз», «тәртіпсіз» деген мұрагер сөзі қазақ қауымына, бар қазақ еліне таққан мін. Өзіңді аямасаң да, жұртыңды аясаң етті. Халқыңның абұйырын сақтасаң етті.

— Ә, Шыңаға, — Ақан сұлтан сөзін киіп кетті. — Сіз халқыңның абұйырын дейсіз. Алдымен, халқымыздың демейсіз бе... Ол халық сізге де, маған да, бәрімізге де ортақ емес пе? Содан соң, абұйырын дейсіз. Ол аз. Мен абұйырын ғана емес, халқымыздың келешегін де сақтағым келмеді ме:

«Омбыда патша келіп, болды жиын,
Қалдырмай бәрін тегіс болыс, биін.
Министр, губернатор, советниктер
Бас қосып, мәжіліс құрған ұлы дүйім.
Николай император хузіретіне
Сөйледім бұл қазақтың жайы-күйін.
Ұнатып ол шаһзада біздің сөзді,
Хош көріп, алтын медаль қылған сыйын».

Осы ма сізге ұнамағаны?!


— Қазақтың жай-күйін сөйлейтін сен соншама кім едің? — деп Нұртаза бас салып еді, Ақан кекесінмен күлді:

— Халқымыздың тағдырын, күйін айтуға да шен мен шекпен керек пе? Халқың деп соғар жүрегің болмаса, саусылдаған темір шеннен не қайыр. Ал елімізді, жұртымызды ойласақ, ол хақында патшаға бәріміз жамырамай, біреуіміз ғана айтқанда тұрған не ағаттық бар?!

— Жоқ, Ақан, сен түсініп тұрсың, олай бұрма сөзді. Менің айтарым, мына еліңнің көзінше айтарым сол — енді мұрагердің алды түгілі, артынан көре алмайсың. Енді күнәнді мойныңа алып, мына ел азаматтарының алдында ана оязға, сонда отырған Омбы ұлықтарына жүгініп, басыңды иіп кешірім сұра. Мұрагерге оның жетсе, жетер. Жетпесе, күнәден арыласың, тазарарсың. Патша баласы не деген кең, кешірімді еді. Әйтпесе, сен айтқан сөзді бұрынғы хандарға айтсаң, күнің не болар еді. Кешірім өтін, аяғына жығыл! Бұл — бір. Содан соң, Ақан шырақ, ештеме сезбегендей, сезінбегендей, өз қателік, ұятыңнан жаның ауырмағандай еркін жүргеніңді қой. Елге қайтқанша ешкімнің көзіне түспей-ақ, жатар тұрағыңда бол. Ендігі салтанат, сауық маңында жүруіңді ешкім қаламайды әм лұқсат жоқ!

Осыны айтты да, Шыңғыс тағы да құнысып, екі қолының саусақтарын бір-біріне айқастырып, тұнжырап отырып қалды.

— Бары осы ма, Шыңаға, айтпағыңыз? — деп Ақан әлі де тым-тырыс отырған жұрттың үстінен сұлтанға тұнжырай қарады. Шыңғыс көзін көтерген жоқ. «Осы, осы» дегені ме, «түсінбедің-ау», «қоймайсың-ау» деп қынжылғаны ма, басын қайта-қайта шұлғыды.

— Жарайды, ендеше, Шыңаға, айтқандарыңыздың бәрін түсіндім. Осында әкелген де өзіңіз, қуған да өзіңіз, рақмет! Бірақ менің бір түсіне алмай қалған жерім болып тұр, — деді Ақан Шыңғыстан әлі де көзін алмай.

— Еһ, түсіндім дегенің не?.. Түсінбегеніңе жол болсын?

— Бәрі де түсінікті, енді сөздің не қажеті бар, — деп, отырғандардың кейбіреуі серінің сөйлеуіне қарсылық білдіріп еді, сөзқұмар, дауқұмар басқалары дүрсе қоя берді:

— Сөйлесін.

— Енді мұндай жиынды көре ме, көрмей ме?!

— Иә, енді көрмегенім осындай жиын болсын, — деп сөз үлесі тиген Ақан шүйіле түсті. — Менің түсінбегенім — осынша байбалам салатын, осынша қара аспанды жаудырып, қазақтың басына қара күн орнататындай не боп қалды? Патша баласы «көргенсіз», «тәрбиесіз» десе, қате ме? Өзіңіз айтқан жоқпысыз, ол саған ғана айтылған сөз емес, бәрімізге, тіпті бүкіл қазаққа айтылған сөз дедіңіз. Оған несіне шамданасыз? Өтірік пе?

Жұрт қозғалақтап, бір-біріне қарасып, «бұ не сөз» дегендей, бір-біріне иек қағысты. Ақан енді босаға жақтан ортаға қарай өтіп, Нұртазаның алдына тоқтады:

— Сен айтшы, Нұртаза. Патша баласы Николай дұрыс айтқан ба, әлде мыжыған ба?

— М... мыжығаны несі! Әрине... Миколай дұрыс айтады, — деген Мейрам байға сұқ саусағын шошайтты Ақан.

— Әрине, дұрыс айтады Миколай.

— Сен... сіз... сіз... сен! — Ақан жағалай отырғандарды саусағымен нұсқады.

— Дұрыс, дұрыс!

— Әрине, дұрыс!

— Дұрыс болмағанда ше?

— Миколай патша дұрыс айтады. Ә, мұрагер дегенім!

— Міне, бәрің де дұрыс деп отырсыңдар. Ендеше, мені неге жазғырасыз, Шыңаға? Қазақ елі, қазақ жұрты, шынында, не көрді? Жан-жағынан андыздаған моңғолдың, жоңғардың қан сасытқан шапқыншылығын, кешегі хандардың, төре-сұлтандардың, бүгінгі ояз, болыстардың қиянат-қыспағын, озбыр, зомбылығын көрді. Одан басқа не жақсылық көріпті?! Мен осыны айттым. Патша баласының «көргенсіз» дегені де осы емес пе?! Ал «тәрбиесіз» десе, ол да рас! Қазақ халқы не тәрбие, нендей жылы алақан көріп отыр? Алым-салық, айып-айбана төлеп, шұрайлы көлін, шүйгінді шөбін, құнарлы жерін бергеннен басқа, не қарымта қайтарып, алмақтан не салмақ көріп отыр? Сендер алған сылдырмақ шен, жылтыраған шекпен бе? Ертең шынжырын тағып жетелер, алысқанға айтақтап, бас-көзге төпелер қарғыбау ма? Одан басқа не тәлім, орыс жұртының не тәрбиесін алып отырсыңдар? Тым құрмаса, ел билеген болыстар, көбіңнің қара танитын білімдерің, қол қоятын сауатың, орыс ұлығымен тілмашсыз сөйлесетін тілің бар ма? Сендер басқарған ел не тәрбие көріп қарық болмақ?! Мен осыны айттым. Патша баласының «тәрбиесіз» дегені де осы. Мен өзім білетін, көзі ашық қазақ білетін бар қасиетті, бар тауқыметті жаздым. Қазақ та орыс елімен қоян-қолтық қосылып, ел болсын, тәрбие, шарапат көрсін деп, ел арызын патша сарайына ала барсын деп жаздым. Бірақ оны мұрагер құп алмады. Неге құп алсын — қазақтың зердесіне білім құйып, тіліне нәр беріп, терезесі тең сөйлегеннен гөрі, отарлы қойдай айдап, оны ойсыз мақұлдаған, тілсіз бақылдаған мигұла текелерге басқартып қойса, жеуіне де оңай емес пе?!

Ұлықтар жаппай қозғалақтап, бірі жарқылдап күлсе, бірі ашу шақырып, күңкілдесіп кетті. Шыңғыс маңдайын алақанымен көлегейлеп, екі иығы селк-селк етеді. Бүгінде ел басқарған болыстардың көпшілігінің қара танымайтын білімсіздігін, бейшаралығын бетіне айтып, шабынан түртіп, шамына тиген Ақан сөзіне айызы қанып күліп отырғаны ма немесе бүгінде уысынан кетіп, мынадай надандарға тиіп қор болған билік, төрелігіне қамығып, егіліп отырғаны ма?

— Ендеше, Шыңаға, бірінші әміріңізді орындай алмаймын. Егер қате десейіз, халықтың көргенсіздігі мен тәрбиесіздігін бетіне басқан мұрагердің өзі кешірім өтінсін жұрт алдында.

— Пау деген!

— Тапқан ақыл! — десті жұрт кекетіп.

Ақан оларға мойын да бұрмады.

— Екінші әміріңізге құлдық, Шыңаға! Былай да ертең мұрагермен табақтас болуға бар ұлық итше таласып, өз-өздерің жақ-жақ боп жаға жыртғысып жатқанда, менің қыстырылып бірге жүргенім тіпті ерсі. Жарайды, ешқайда бармаймын. Әттең, патша баласын бір көріп, табағынан бір асаған ет қанша азық болады сендерге? Енді көрмегенім Алексейдің баласы Николай болсын. Тілсіз маңырап, мұрнынан суы ағып, бырс-бырс түшкіргеннен басқаны білмейтін, сақалдары шошандаған сасық текелермен отыратын патша баласы да табақтасқа жарыған екен!

Есікке қарай шыға берген Ақанның соңынан Нұртаза айғай салды:

— Әй, Ақан!

Ақан жалт қарап, болыс сөзіне құлақ түрді.

— Бұл сөзіңді қалай түсінеміз? Бізді ғана емес, болашақ патшамыз Ми-колайды да даттап бара жатырсың ба?!

Серінің Нұртаза десе, жыны құрыстай қалатын әдеті.

— Оны неге сұрадың? — деді тістеніп... — Ә, ертең ана мұрагеріңе, болашақ патшаңа айтып барайын деп пе едің? Е-е, өсек айтпасаң, саған басқа оңтайлы сөз қайдан келсін. Аузың жетсе, тілің жетсе, айт, айта бер — ертең ол патша болса, сендер де, бақылдаған сасық текелер, маңыраған надан қойлар, жариды екенсіңдер жақсы қойшыға!

Нұртазаға керегі де осы еді. Ашуына арамзалығы қосылып, қарқылдап кеп күлді.

* * *

Осы түн әр шаңырақтың астында өздерінше сайран салып, думандатқан ел ұлықтары мен көшпелі елдің дәстүрін, аста-төк асын қызықтап келген Омбы қаласының шені биік чиновник қонақтарына, олардың сыртынан күзеткен полиция адамдарына көңілді, жылы түн болғанмен, Ақан, Мәмбетәлі үшін үрейлі, суық түн болды.

Шулы түннің бір уағында түсі келмей, сұрланған Мәмбетәлі ызадан, қорлықтан бүк түсіп, үстіне жеңіл шапан бүркеніп, ауыл шетіндегі жыршылар үйінде керегеге жабыса жатқан Ақанды, сезіксіз болу үшін Ыбырайды қоса, тысқа алып шыққан.

Қотаннан аулақ жайылып жүрген шідерлі, тұсаулы көп аттарға қарай томпалаң қағып алдына түскен Мәмбетәлінің қайда бастап келе жатқанын алғашқыда түсінбей, үрейлі жүзінен, «жүріңіз тезірек!» деп асықтырған сөзінен секем алған Сері оның соңынан үнсіз ере берді.

Әлден уақытта алдарынан ағараңдаған екі адамның бейнесі көрінді де, біреуі оқшаулау шығып, бұларға қарай жүгіре басқандай болды. Шілденің қысқа таңды бозамық даласына көзі жаңа үйренген Ақан өзіне қарай қанатын қағып ұшқан аппақ көбелектей ақ көйлекті әйел бейнесін көргенде ауыл сыртында ұшыраған белгісіз періштеге таң қалды. Енді жақындап

келе әйел бейнесі айдын көлде әлденеден үркіп, қанатын қаға ұшқан аққуға да ұқсайды. Өзіне қарай созылған жібектей жұмсақ, көл сүйрігіндей нәзік қолды Ақан қалай екі алақанына қысып, кеудесіне басқанын аңғармай қалды. Тұла бойынан жұпар иісі аңқыған орыс әйелі өзінің әдеттегі ер адамға ұсынар қолын үйреншікті дәстүрмен созған еді. Мұндайда тәрбиелі еркек ақ саусақтардың сыртынан ерін тигізер еді. Мына дала серісінің бас салған мінезінен, өзінің ағаттау қылығынан қысылған әйел қолын жеңіл ғана тартып алып, даусы дірілдеп, тіл қатты:

— Здравствуйте, степной рыцарь... Ахан!.. Таныдыңыз ба?

Ақанның аузына жөппелдемеде сөз түспей, үнінен, мүсін, келбетінің нобайынан жазбай танып, әйел атын қайталай берді.

— Анна Ивановна... Анна.... Анна!.. Мен сізді көп, көп дамалар ортасынан көргенмін, алыстан. Сізді көрмей қалуым мүмкін емес...

Жазғы ақтаңдақ түнде ақ маралдай керілген Аннаның үнінде де үрей бар, асыға сөйлейді, сыбырлап сөйлейді.

— Керіспегелі көп болды. Енді көрісеміз бе, жоқ па. Біз Петербургке кетпекпіз. Ахан, мен далаға салқындауға шыққалы недәуір уақыт өтті. Іздеушілер шығып қалса... бәрінен де сізге қиын болар. Ахан, ренжімеңіз, осы қазір бұл арадан тезірек аттаныңыз. Түсіндіріп жатуға уақыт тығыз. Оны Сердалин мырзадан сұрарсыз. Тілімді ала көріңіз, өте сұраймын. Кете көріңіз, бірақ бой тасалай тұрыңыз. Бәрі ұмыт болады, желігіп тұрған мезгілге ұрынбаңыз. Ал хош, Ахан! Бар қолымнан келгені осы, хош, аяулы рыцарь!..

Ақан әлдене деп оқтала бергенше болмады, Анна Ивановна анадай жерде Мәмбетәлі, Ыбырайлардың қасында үнсіз тұрған, тап өзіндей ақ көйлекті белгісіз келіншекпен киіз үйлерге қарай кете барды.

Тал бойынан мейірімді адамның мінезі, дала гүлінің иісі аңқыған Аннаны көріп қуанған сері үрейлі, суық сөзін естігенде жүрегі мұздап қоя берген. Ендігі хабардың жалпы нұсқасын түсінсе де, Мәмбетәлінің аузынан қашан естігенше тағаты таусылды. Мәмбетәлі де жан-жағына қарағыштап, «біреу тыңдап тұр ма» дегендей, сыбырмен асыға-аптыға сөйледі:

— Ақан аға, жаңа Нұртаза, қасында Ковзолов пен Шмонин бар, Ковзаловтар жатқан үйге барыпты. Тегі, біздің Омбыдағы жүрісімізді бақылаған Ковзолов, кешегі мұрагер алдындағы сөзге екеуімізді қоса кінәлайтын көрінеді. Екеуімізді жасырын қамауға алуға лұқсат сұрапты.

— Оған да лұқсат сұраушы ма еді? — деді Ақан даусы дірілдеп. Күйзелген ел жайын айтқан да айып болғаны ма? — Нені айыптау, нені айыптамау солардың қолында. Қазаншының еркі... Ал өз қаласында емес, тыста жүрген айыптыларды, әсіресе саяси айыптыларды, жандармерия болмаса, қала полициясының ұстауға заң жүзінде қақысы жоқ.

— Ол жағын қайтесіз, Ақан аға, шынтуайтқа келгенде олар заңға да қарамайды. Сіз, әйтеуір де әкімдер қуды ғой, қазір, ел абыр-сабыр боп жатқан тұста, атыңызды алдырып, алысқа, Семей, Кереку жағына ма, Жетісуға ма

кетіп, бір жылдай бой тасалаңыз. Түрлері жаман, араққа масыққан Коновалов та «ел ұйқтаған кезде, жұртты бөріктермей, алып кетіңдер, ар жағын көре жатармыз» депті. Жаңағы Аннаның мені таптырып алғаны мұндай оңды болар ма?

— Ал сен ше?

— Ақан аға, мен былай да қуғында, есепте жүрген адаммын ғой. Менің кетуім өте сезікті. Сізді ел ұлықтарына өкпелеп, жалғыз кеткен екен дей салады. Қашан іздегенше... кейін ұмыт болар. Ал мен кетсем, ертең-ақ аттан салуы айдан анық, ши шығарып алмайық.

— Сонда сені ұстамақ па? Мен бой тасалауым керек?..

— Мен үшін қам жеменіз. Үйреншікті жағдай ғой. Қанша ұстар дейсіз. Дәлелдері болмаған соң, босатып жіберер. Екеуміз бірдей ақ түрмеге түссек, одан қашан құтылғанша... Іс ұзаққа созылып кетеді... Түсініңіз, Ақан аға!

Бұрын түрме жүзін, жандарм алдын көрмеген аңқау ақын аузынан Омбыда қайда болғаны, не сөздер айтылғаны шығып кетсе, жолдастарына да қиыншылық түсерінен қауіптенгенін Мәмбетәлі, сері намысына тимейін деп, бүгіп қалды. Түрме, итжеккен десе жаны түршігетін Ақан не істерін, не айтарын білмей қибыжықтай берді. Көз алдына Мәмбетәлі көрсеткен орыстың Достоевский, Дуров сынды ұлдары отырған крепость, Сібірден шыққан оқымысты адамдар Ядринцев, Потанин қамалған қала сыртындағы төрт қабат тор көз ақ түрме түсті. Тұла бойы тітіркенеді. Қиырда жұптарын жазбай, басқа түскен хикметті бірге тартып күн кешкен жолдастары түсті есіне. Бойын қайта жинап алды.

— Жоқ, Мәмбетәлі, не тартсақ та бірге тартамыз. Бар салмақты саған тастап, бас сауғалау деген не сұмдық. Өзім бастаған екем, өзім мойныммен көтеремін. Сенің қағаз жазғаннан басқа кінәң қандай? Ол қағазы да жоқ.

— Иә, Ақан аға, дұрыс ұғынып тұрсыз. Ол — Шмониннің әпербақандығынан жасаған қатесі. Егер ондағы сөздер қолдарында болса, онда тіл тартпай, Сібір айдалып кетіп жатырмыз. Ал дәлелі жоқ, мені де онша жазғыра алмайды. Сіз өзіңізді ғана емес, мені де аясаңыз, қазір көзге түспей, аттаныңыз, жөнеліңіз, Ақан аға!.. Өтінемін!.. Бұл арада арыстанға қарусыз қарсы барар дәрменсіз адамдардаймыз. Орыстың белгілі азаматтарына да жібімейтін патшаның қатал заңы «бұратана түземдіктерді» мүлдем көзіне де ілмейтінін сезген шығарсыз. Босқа мерт боламыз. Ал, Ақан аға! Және де ел жаққа бара көрмеңіз. Қар жауып, із басылсын.

Іс сыңайын, сөз нобайын ұққан ақылды Ақан, бұдан соң көп қолқалатпай, Ыбырайға сыртта жусаған Көкбестісін аулақта ерттетіп, қамыға тұрып атқа қонды.

— Ақан аға, бір керегіңізге жарар, анау-мынау тексере қалғандар болса, кім біледі, қысылған жерде мұның да пайдасы тиер. Елге атыңызды жария етпеңіз, бүркене көріңіз... Жолыңыз болсын!

Көзіне жас оралған Ақан көңілі босап, үнжырғасы түскен Мәмбетәлі, Ыбыраймен қушақтаса қоштасып, Кереку жақты бетке алып, беймезгіл шақта жападан-жалғыз үзай берді.

Таң аппақ атып, шығыс жақ қызыл арайға малынған кезде ауылдағы абыр-дабыр да басылған. Күндізгі қала қамына асыққан Шмониндер арбаларын жегіп, мылтықтары шошайған салт атты городовойлармен Ертіс үстіндегі жайма көпірге қарай ұшырта жөнелді. Рессорлы күйме ішінде тұтқындалған Мәмбетәлі.

Қотандана тігілген үйлерді поштабай, шабармандарымен айнала тімісікілеп, үнсіз тінтіп шыққан Нұртаза Ақанды таба алмай, бармағын тістеп қала берді.

Ертеңінде-ақ, кім таратқаны белгісіз, Ақан серінің Ертіс жағасында отырып шығарған «Он үш жетімі» ауыздан-ауызға тарап, қашан мұрагер кеткенше Омбы төңірегінде айтылып, кейін Ақмола, Қызылжар, Көкшетау өңіріне жетіп, Семей, Кереку, әрісі Жетісу асты.

7

Қараша шым үйдің сыртқы есігі ашылған сайын тыстағы көктем лебі білінеді. Әлі дала тұтас қарая қоймағанмен, төбе, қыраттардың күнгеі беттері жалаңаштанып, дымқыл жер иісі шуақты күндері бүкіл атырапқа тарай бастаған. Күннің түске дейін мүйіз, түскен кейін киіз дейтін шағы. Бұл кезде қыстай қалың қар астында бүк түсіп, мықшиып жататын бөкене үйлердің алдындағы күресін беті еріп, сығырайған терезелердің қырауы жылап тұрады. Іргеден, бұрыш-бұрыштан білінген сыз, дала жылып, үй суынған сайын дымданып, сәл от жақса бөлме ішін бұға толтырып жібереді. Сырттан таза ауа кірсе, іштен күн түспейтін қалың тоғайдағы, шірік қазоты мен жапырақтардың борсыған иісіндей, тымауратқан қолайсыз иісі білінеді. Қыстан қысылып шыққан адам да, мал да бұл кезде шуақты даланы аңсап тұратын кез. Қашан күн батып, әлі ызғары тарқай қоймаған қыс салқыны бойын тоңазыта бастағанда барып үйлеріне кіретін жұрттың сыртта ұзақ жүретіні содан.

Қалың көрпені бүркеніп, бұрыштағы ескі ағаш төсекте үнсіз жатқан адам ғана дала рақатынан қалыс. Тысқа шығуға мұршасы келмей, төсек тартқан дімкөс жандай тапжылмай, ел жүзін көрмей жатқанына бір жұмадай болды.

Бұл — елін, жерін сағынып, жақын-жұрағат, туыстарын бір көруді армандап, құсаланған Ақан сері еді.

Биыл Омбыдан патша мұрагері алдында, ел шонжарларының алдында кінәлі болып, қуылып кеткелі Кереку асып, одан Қара Ертіс бойында қыстай жасырынып жүрді. Сол жақта аты жаңа шыға бастаған асқан әнші Естайды ертіп, жұрт көзінше ақынға ілескен атқосшыдай, өзінің кім екенін сездірмей, ашық қапаста күн кешті. Естайды жаңа үнді, мәнерлі өнге баулып, ұстаздық етіп, өзі бүркеніп жүрді. Құрығы ұзын ақ патшаның

болыс, старшындарының көзіне түспей, қашқын күйде күнелтті. Ақыры елін сағынған ақын Естаймен қоштасып, Ереймен бауырына құлаған еді. Бұл маңда да бөтен атпен ауыл-ауылды сағалап, Көкшені төңіректеген сері Жайық қарттың үйіне жетіп, бір айдай аялдаған. Осы жатқаны — Жайықтың үйі.

Қысқы аязды күндердің бірінде жасырын келген Ақанды Жайық қарт жылы құшағына алып, еліне жібермеді.

«Ақанжан, жағдайыңды өзіңнен бұрын естіп ем, сенің Омбыда ақ патшаның баласы алдында тайсалмай тұрып ел жайын, елдің ауыр күйін айтқан сөздеріңді бүкіл Сарыарқа әңгіме етіп жүр. Нұртаза сияқты болыстардың саған деген тісі қайраулы көрінеді. Қайтесің, елге барам деп, апандай аузын ашқан қасқырларға жем болып кетерсің. Әліптің артын бағайық, мүмкін, өткен істі ұмытар, сенің әділдік құған сөздерің ескіrer, сол кезде барсаң, тозған сөзді ешкім қайтадан қоздатпас. Осы үйде жата бер, ешкімнің көзіне түспеші, заман бүлініп тұр. Қит етсе түрмеге қамайтын, Сібір айналыдырып жіберетін заң шықты ғой. Бетін аулақ қылсын. Жер аяғы кеңі келе, жұмыс арасында өзім Көкше жағына жансыз барып, ұлықтардың сыңайын байқармын» деп, жалынып-жалпайып Ақанды тоқтатқан.

Енді Ақанның шыдамы мүлдем таусылды. Бұрынғыдай әнмен, сәнмен жүрген емес, бөденеше бұғып, түнде ұшатын қорқақ оқпақтай жасырын тіршілік еткенге бетінен басып, өзі-өзінен ұялып, қорланатын болды. Оның үстіне, осы соңғы айда жер-жерде жұт нышаны біліне бастады. Ақпанның соңғы күндері бұрын болмаған жылымық күндер тұрып, ара-арасында жауын жауып, арты түтеген май боранға, қызыл шұнақ аязға айналып, тебіндегі малдың шашасы қиылып, биелер іш тастап, тақыр қоянда жүдеп, шалдыққан жылқы баласы көк тайғақты көтере алмай ұшып өле бастады. Көкше жағының халі де осындай дейді. Тегі биыл ел қатты тарығып, тіпті аштыққа ұшырауы ғажап емес. Наурызда малдың аузы көкке, елдің аузы аққа тиіп, ілініп кететін қазақ жұртының мал сүмесі болмаса, ертең жұтқа ұшырамағанда несі қалсын.

Осындай тар кезеңді де ойлап, ел басына күн туа бастағанда өз қара басын қорғап, біреудің шымшып жеген асына ортақтасып жатқанына қатты налыған Ақан, енді далада су жүріп кетпей тұрып, еліне жетуге бекінді.

Жайық қартта да бұрынғыдай күй жоқ. Паң Нұрмағанбеттен іргесін аулақ салғалы осы ауылдың байы Тасболатқа жылқышылыққа жалданған екен. Қазір мына қара өзек кезінде күні-түні көтерем мал соңында.

Ақан жападан-жалғыз төсекте аунақшып, құсаланып жатқанда сырттан сәнді киінген бір келіншек кірді ішке. Қара көлеңке бөлмеде сырттағы жарықтан көзі үйренбеген ол, аяғын кібіртіктей басып, тап ортадағы қақ ашаға келіп тоқтады. Бұрын үйге бейтаныс біреу кірсе, теріс қарап, іргеге аунап түсетін сері бұл жолы өйтпеді. Ашаны құшақтап тұрып қалған келіншектен көз алмай жата берді. Келіншек те танадай екі көзі жаудырап, үнсіз тұр.

Әлден уақытта барып келіншек үн қатты:

— Ақан аға!.. Сіз... Ақан аға емессіз бе?

Ақан үстіне мұздай су құйып жібергендей болды да, әлден уақытта бойына бір жаңа жылы қан тарағандай, келіншекке таңдана қарады.

— Айтыңызшы... мен ешкімге айтпаймын... аузымнан шықпайды, айтыңызшы, Ақан аға, сіз... — деп келіншек өз үніне өзі тығылып, көзіне жас оралды.

— Өзің кімсің, қалқам, — деп Ақан басын көтеріп алғанда, жылап қоя берген келіншек, серіні бас салып құшақтап, үнсіз көрісті.

Әлден уақытта құшағып жазып, төсағашқа серімен қатарласа отырған келіншек біресе жылап, біресе күліп:

— Шынымен танымадыңыз ба, мен сізді сыртыңыздан бір көргенде ұқсатып ем, бірақ мына үстіңіздегі киімдеріңізді мүлдем сізге лайық көрмедім. Кейін ел жақтан келген адамдардан «Ақан сері ұлықтардан бой тасалап, бөтен елде бұғып жүр екен» дегенді естігенде барып жүрегім сезе қойды.

Сом тұлғалы, кезінде бәденді болған, танауы сәл делдигендеу, қызыл шырайлы келіншекке Ақан ұзақ қадалды. «Бұғып жүр» деген сөзге тітіреніп, іштей намыстанып та отыр.

— Таныдыңыз ба? Кіммін, анықтап қараңызшы. — Келіншек балаша еркелеп әрі назданып отыр. — Киіміңіз ғана болмаса, үніңіз де, сөзіңіз де өзгермепті. «Қалқам, қалқа бала» дегеніңіз қандай ыстық еді. Кеше ғана естіген сияқтымын, Ақан аға!

Келіншекті жаңа таныған Ақан да қуанғанынан бас салып, қаны тамған екі бетінен алма-кезек сүйе берді:

— Сен... сен... Ақшабақ емеспісің... Ақшабақ... Қалқам-ай, көрмегелі талай жылдар өтті. Ақшабақ, Ақшабақ!

Ақшабақты ұзатылғалы көріп отырғаны осы Ақанның. Әйел бала жат жұрттың табалдырығын аттап, бала-шағалы болған соң тез өзгереді-ау. Әлібек батырдың ақ жарқын мінезіне ұқсаған бұрынғы қалпынан айнымағанмен, дене бітімі мүлдем өзгеріпті. Тұла бойы толысып, өңі мосқалданып, кәдімгідей шау тартқан.

— Ақан аға, жақында, сіздің аран түбінде шуақтап отырғаныңызды көрші ауылдан лаумен өтіп бара жатып алыстан көрген бір орыс үздіге сұрап қоймайды. «Бір көрген адамым секілді, Ақан деген ақын емес пе?» — дегенде, жүрегім су ете қалды. Пиғылы жаман адам ба, кім білсін! Мен: «Ақан бұл жаққа қайдан келсін, ол — осы ауылдың жылқышысы. Көптен дімкөс», — деп жалтарып ем, «Өзім де солай ойладым, өңі келгенмен, киім киісі мүлдем ұқсамайды, немен ауырған адам», — деп сұраған соң, — осы емдеуге барам деп, танып қояр. Одан да мұны мүлдем жаңылдырайын деп, «Ол емдеуден кеткен адам, және де орыс емін алмайды, дем салатын қазақтар болмаса, көпір қауымын жек көреді», — дедім. Содан тағатым таусылып, бүгін ешкімнің көзіне түспей жеткенім ғой, Ақан аға.

— Орыс дедің бе, ол не қылған орыс?

— Былай, жаман адам емес, әйтсе де кім біледі. Өзі көптен бері қазақ

ауылдарында балалардың көз ауруын, денесіне түскен жарақаттарын емдеп жүрген жетім адам. Дәрі-дәрмекпен емдейді. Қолы сондай жеңіл, емсекті көрінеді. Бірақ көп қазақтар «кәпір» деп қорқады.

— Ал мені ол қайдан біледі? — дей беріп, Ақан селк ете қалды. — Ақшабақ, атын білесің бе?

— Аты Мәтібей.

— Оу, Новиков қой. Новиков, жаным-ау қайда ол. Қайда, Ақшабақ, — деп Ақан орнынан ұшып кете жаздады. — Айналайын-ай, қазір жіберші осында!

— Ол көрші ауылдарда жүрген болуы керек, егер сізге қажет болса, кісі жібертіп алдырайын. — Ақшабақ есі шыға қуанған серіге таңырқай қарады.

— Сүйтші, сүйтші, қалқам. Апыр-ай, табылса жақсы болар еді, бір жаққа кетіп қалмаса игі етті!.. Ереймен жағында тұрамын деп еді-ау...

— Ақан аға... — Ақшабақ әлдене көмейіне тірілгендей күмілжи берді, — Ақан аға, кешке... біздің үйден дәм татсаңыз екен. Әдейі... шақыра келдім... Сізді көргенде бүкіл ел көшіп келгендей... сағындым елді... тым құрымаса сізбен отырып, шерімді тарқатып, мауқымды басайыншы?!.

— Қалқам-ай, үй аралап қыдырардай менде не хал бар. Тағы да жұртты дүрліктіріп...

— Ешкім білмейді, Ақан аға! Өзіңізден басқа ешкім болмайды.

— Жолдасың қайда еді?

— Ол малда. Жылқыда жүр. Түнделетіп келіп қалса, ел адамы, Көкше жағынан жүрген ағайыным дермін. Оның шаруасы қанша?

— Ол жоқта қонақ күтуің қалай болар екен?

— Одан қам жемеңіз, Ақан аға. Малға сатылып келсек те, Зілғара әулетінің билігін ешкімге сатқан жоқпыз. Өз билігім өзімде.

Ақшабақ осы сөзді айтқанда кәдімгідей намыстанғандай, әлденеге зығырланғандай қызарақтап, аялы көзі алақтап кетті. Құдды Әлібектің мінезі: айыбы әйел, әйтпесе тірісінде тізгінді ешкімге бермейтін, қиянат атаулыға қарсы тұрып, айылын жимай тіресер әкенің адуынды айбыны бар жүзінде.

— Жарайды, Ақшабақ! Ақшам кезінде Жәкең екеуміз барамыз. Қолқам сол болсын — Мәтібейді таптыршы...

Ақанның бұл түнгі қуанышында шек жоқ. Ғұмыры ел ішінде жабығып көрсе де, жұрт көзінен жасырынып көрмеген сері қыстай бөтен жерде не атын айтып ағынан жарылмай, не көңіліндегі көрікті әнін сыртқа шығара алмай бұйығып, іш құса боп басылып, жарылардай халге жеткен еді. Енді кең отауда еркін көсіліп, еркін сөйлеген ақын да Ақшабақтан бетер ішкі шерін бір тарқатқандай. Мол дастарқанда Жайық пен Ақан ғана. Ерке әрі бір бет айпара келін есіктен сығалаған ауыл адамдарын, көрші-қолаң, қайындарына дейін қора астындағы үлкен үйге қуып салып, өзі сыйлы қонақтарымен жеке сұхбаттасқан. Түн ортасы ауа Ақшабақ әмірмен жұмсаған тыңғылықты жалшы бала Новиковты қоярда-қоймай алып жетіпті.

Ақан мен Мәтібейдің ойын баласынша бірін-бірі жұлқылай құшақтасып, көпке дейін ажыраса алмай, қуаныштан жыларманға келген күйін көрген Жайық қарт пен Ақшабақ аң-таң.

Фельдшер мен сері таң атқанша біресе орысша, біресе қазақша сөйлесіп, әбден мауықтарын басты. Ақанның Омбыдағы әңгімесін, қашқын күйін зер қоя тыңдаған Новиков кейде қабақ шыта тыңдаса, бірде қарқылдай күліп, патша мұрагеріне айтқан сөздеріне мәз бола отырып, тосын бір хабармен серіні қатты қуантты:

— Ахан, мен жақында сіздің елге — Көкшетауға барамын. Сізбен сол арада кездесермін деп ойлап ем, мына қарашы, ойламаған жерде... Енді бірге жүретін шығармыз.

— Ай, қайдам... Менің елге баруым — әзір асығыстық болар. Әйтсе де...

— Ол жақта аңдушылардың қолына түсіп қалар, әлі де баспаналай тұрғаны жөн, — деп Жайық қарт та Ақанды қостады. — Бұл ара да өз елі, қайда асығады. Әлгі Қанабал деген оязыңнан бастап, бәрі аңдып отырған жоқ па?

— Да, Коновалов қазір Омбыда жатыр. Петербургке ұзаққа кетуі мүмкін. Науқас көрінеді.

— Апырай, ә! — Ақанның жүзіне қан ойнағандай, қызарақтап, даусы дірілдеп шықты.

— Қазір оның орнында Делезари деген көмекшісі отырса керек. Сізді ендігі олар ұмытқан да болар. Және де өздерінің де қазір басы қатып жатыр, жұмыстары көп.

— Ол не жұмыс? Мұның бәрін сен қайдан естіп жүрсің? — Ақан Новиковтың жүзіне қадала қарады.

Бұл екі арада Ақшабақ аққұманға жаңадан шай салып, демдеп әкелген. Новиков алдындағы кесесін ұсынды:

— Шайыңыз не деген дәмді. Бұрынырақ дұрыстап танысқанда ғой, өткен-кеткенде сіздің қолдан шай ішіп тұратын едім.

— Е, бұдан былай да күн бар. Енді көрдіңіз үйді...

— Ай, кім білсін, енді бұл жаққа келе аламын ба, жоқ па, біз жел айдаған, қалай еді, әлгі?..

— Қаңбақ па?

— Иә, қаңбақ сияқтымыз, — деп, Матвейдің жүзі өзгеріп, байсалдана қалды. — Мен, Ахан, дала генерал-губернаторлығының бұйрық қағазымен Көкшетауға бармақпын. Енді оның себебін айтайын...

Новиков ыстық шайды сыздықтата ұрттап ішіп, дастарқаннан алып сықпа құрт салды аузына.

— Биыл, ақсақал, өзіңізге мәлім, Ахан, сіз де көп елді аралапсыз, көрген шығарсыз, былтырғы жылдың қуаншылығынан ел жұтқа ұшырау қаупінде отыр. Жылқылардың алды өле бастады. Солай емес пе, ақсақал?

— Иә, иә, беті жаман. Енді қыс аяғы созылмай, көктем ерте көрінсе, оған да тәубе! Ай, әйтпесе, түрі жаман, жаман! Бетін аулақ қылсын, жұтың қызыл тілін жылтыңдатып жұтамын деп, жұтынып-ақ тұр. Былтырғы тақыр қоян қылды ғой қыласыны!

— Ал Россияның халі бұдан да жаман. Жаман емес, жаппай аштық. Былтыр егіні шықпай, шөптері, ормандары күйген Пенза, Саратов, Пермь губернияларының крестьяндары бет-бетіне босып, басы ауған жаққа тенгіреп жатыр. Петропавл, Челябинск қалаларында темір жолмен жеткен босқындардан аяқ алып жүргісіз дейді. Күрганға, Тобольск, Омск, Томск, Көкшетауға шұбырған панасыздардың көбі айдалада аштан қырылып, өліп жатса керек. Аштық қана болса бір сәрі, аштықтың серігіндей бірге жүретін жаппай обаны ала келіпті.

Сібірде айдауда жүргенде мұндай аурулардан жан тапсырған бейбақтардың талайын өз көзімен көрген Жайық қарт:

— Апырм-ай, тағы да не сұмдық. Жерімізді тағы да індет жайлайды дейсің. Оба бір келмесін, келсе тиген жерін обып кететін обыр емес пе. Е-е, ендігі жетпегені осы еді, — деп күйзеліп, ауыр күрсінді. Ақан да қабақ шытып, төмен қарап ойға кетті. Қызылжардан бастап Көкшенің үстін көктей өтіп, қара бұлтша қаптаған обаға тұншыққан елі түсті есіне. «Жалғыз әкем қайда жүр, көрінбей кеткені несі» деп, тілімен айта алмаса да, ыммен ұғындырып, өткен-кеткенге көзі жаудырап, жыламсыраған Ыбан ұлы түсті есіне. Ауыр жылдың ауыртпалығына кезігіп жатқанда елі, өзінің із-түзсіз бас сауғалап, жалғыз қарақан қара басының қамымен бой тасалаған, көденің бауырында бұққан сыбай бөденедей халін ойлағанда іштей езілді.

— Қазір дала генерал-губернаторлығындағы басты мәселе де осы көрінеді. Жер-жерден дәрігер, фельдшерлер жинап, әлгі аурулардың ұйысқан жеріне алдын ала жіберіп жатқан көрінеді. Омск қаласындағы фельдшерлік школдағы оқуды уақытша жауып, шәкірттерін әр қалаға таратыпты... — деп, көп жайды ұғындырған Новиков өз ахуалына жетіп бір-ақ тоқтады. — Мені Көкшетауға бөліпті. Енді екі күннен соң жүремін...

— Мен де бірге жүремін ендеше, — деді Ақан жұлып алғандай. — Жақсы болды серіктікке...

— Жүргенде... қалай енді... Ел көзіне түспей, алыстан тамырын басып көру керек пе?.. — деп Жайық қарт күмілжіп еді. Ақан ызалы күлді:

— Қаны қарайған адамдардың тамырын бастың не, баспадың не, арам тамырда таза қан болушы ма еді... Мына Ақмола, Торғай жағының егіншілік кәсібімен айналысқан қазақтарында жаңа бір мақал бар екен: «Шегірткеден қорыққан егін екпес!» дейді... Ең тәуірі — әлгі үлкен шегіртке — мұрты тікелейген, ақсақ, ат бас шегірткенің жоғы жақсы болды.

«Ат бас шегірткенің» Коновалов екенін ояздың түс-келбетіне сырттай қанық Жайық қарт та, Мәтібей де бірден түсініп, мырс-мырс күлісті.

8

Кешке қарай ызғырық жел тұрып, күн суытып кетті. Аттарын тынықтырып алған жолаушылар лекітіп келеді.

Қараталға жақындаған сайын Ақанның жүрегі алып-ұшып, қашан туған жерге, бір жылдай көрмей сағынған ауылына жеткенше асығады. Алдынан шығар туған-туысқан, жақын-жұрағатпен табысқанша тағаты тау-сылып, ат үстінде шыдамсызданады: «Ыбан да сағынған шығар? Танырма екен мына түрімді көргенде?.. Ауыл маңының қары еріп, Сарыкөлдің мұзы тесіле бастаған шығар-ау?.. Қаратал малын әлі далаға шығарған жоқ шығар? Жұттан аман ба екен?.. Көк зираттың маңына түскен қарды аршыды ма екен, терістік жақ тұғырында бір кінәрат бар еді, ішіне су құйылмаса жарар еді. Кәпірлер көтерген бейіт маңына әлі де жуымай жүр ме екен? Ұмытатындай да уақыт болды ғой. А-ай, қазақшылық-ай!.. Ыбырай домбырамды үйге әкеліп берген шығар?»

Ақан атының басын тежеді. Іштей толқып, қуанған ақынның нұрлы жүзін ұясына таянған күннің ал қызыл шапағы одан сайын нұрландыра түседі. Қасына қатарласа тоқтаған Матвейге тісі ақсия күліп:

— Міне, жеттік! Шаршадың ба, ничево, бәрі де ұмыт болады, — деп, аттан түсіп, қалтасынан шақшасын алды. — Сен де бір рақаттанып темекі тартып ал. Аттың белінен түсе тұр.

Новиков дым түсінбей, көзі жыпылық атты:

— Жеткені қалай? Мен, өзіңіз айтқандай, қарағайдан қиып салған үйлер тұрмақ, пеш мойнынан шыққан түгін көріп тұрғам жоқ.

— Пештің түтіні түгілі, кешке моншаның буын да көресің. Тасқа бор еткізіп суды құйып жіберіп, ай келіп, бала қайыңның жапырағымен соғынасың келіп, соғынасың. Тұла бойың бусанып, ат соққан денең түгілі, қажалған жеріңе дейін түгел жазылады, — деп, қуаныштан мәз болып, қояғыңдап та қояды.

Монша дегенде, үш жылдан бері жазда көл, өзендерде, қыста шошаларда жез легенге түскені болмаса, моншаның жүзін көрмеген Новиковтың арқасы, мойны, бас терісіне дейін жыбырлап кетті:

— Әх, рақат-ай!

— Тұра тұр, бұл әлі бер жағы. Содан соң, аппақ шыт жаңа киімдерді киіп, бусанған бойда ағаш төсекте, бір кесе қысырдың қымызын тастап алып, шалқаннан түсіп, борша-борша терлеп жатып, маужырап ұйқтайсың. Түрегелсең, буы бүрқыраған, өзіңе арнайы сойылған қойдың басы үстіне салынған үйеме табақ ет келеді алдыңа.

— Денең жеп-жеңіл, да? Бүгінгі бозторғайлардай қалықтап ұшқың келеді, да?

Көптен кір-қоңын ауыстырмай, жоқшылық тауқыметін тартқан әрі күн-үзын аш екеуі де ағаш бауырында, айдалада тұрып, балаша қуанғандарын өздері ерсі көріп, қарқылдап тұрып күледі.

— Ал, қане, кеттік. Осы шоқтың тасасынан шыға Қаратал тиіп тұр, — деп Ақан алға түсті.

Шоқ ағаштың аумағы үлкен емес. Әйтсе де маңайдағы басқа қызылдардай майысқан жас қайыңдары жоқ, өңкей тамырын кең жайған қалың бұтақты, жуан, кәрі ағаштардың бойы да биік, ауылға кіреберіс жолдағы

перде сияқты. Бауырынан шыға келгенде, жолаушылардың тап алдынан түіндері будақтаған көп үйлі ауыл да көрінді.

Ағаш-ағаштың саңылауларынан от шашқан күн қызарып батып барады.

Ауыл қарасын көргенде еліне тез жеткенше асыққан Ақан болдырыңқыраған Көкбестісін тебіне түсіп, біраз жерге дейін Новиковтан оқ бойы озып отырды да, әлден уақытта барып ат басын тартып, серігін тосып алды. Өңі әп-сәтте бұзылып, Қараталдың тасасына түсіп жоғалған күндей тұнжырап, кейпі өзгере қалыпты. Мұндайды тез аңғарғыш Новиков:

— Не, адасқаннан саумыз ба? — деп, сері жүзіне сәл үрейлене қарады.

— Жай адасқан ештеме емес-ау, өз ауылымды өзім танымай келемін, — деді атын аяңға түсірген Ақан елден көз алмай. — Ауылдың оң жағында осынау қарауытқан Қаратал. Жұрттың «Ақан туған» деп қойған жері. Бауырындағы «Сарыкөл». Ал ана бір Қараталдың тасасында шеті қылтиған біздің ағаш үй. Одан берідек — інілерімнің, басқа ағайындардың үйі... Ал солардың ортасында сыналай кірген, мына сол қапталға түскен үйлер кімдікі? Ана бір іргесі көтерілген, шатырсыз бөрене үйлер кімдікі? Қайдан келген? Бір жылдың ішінде мұншама үй салатындай... Түсінсем бұйырмасын! Бәрінен де... Зират қайда, зират!?

Новиков Қараталды бұрын көрмесе де, Ақанның айтуымен қолмен қойғандай білетін. Көп еңбек пен мол ақша, мол тамақтың күшімен салынған Қорамса мен Жаңылдың зиратына, тіпті Құлагердің қорасы мен құдығына дейін көз алдына елестететін. Көкшетау жақ беттен келе жатқанда бес-алты шақырымнан көрінеді дейтін он жеті кез зират бұлар түстік жақтан — ауыл іргесінен қарағанда көрінбегені қалай?

Зират тап қасына жеткенше көрінбеді. Дәл үстінен түскенде жолаушылар бір-ақ түсінді. Күмбезді зираттың үсті жым-жылас. Сырлы тақтайлардан, бөренелі қабырғалардан қалған қылтанақ жоқ. Тұғырына салған ірге тастар ғана қар астында жатыр. Күнгей беті еріп, мола топырағы ашылыпты. Тас қабырғаға түскен қара жолақ жалын белгісі — ыс бар. Қар астынан үйінді күлдің шеті көрінеді.

— Кім екен мұны өртеген? — деді Ақан қамығып. — Енді өлген адамның басындағы белгімен алысатын болғаны ма? Кім екен, қай залым екен?!.

Ымырт түсіп, Қаратал бойы үңірейіп қараңғыланған кезде терезелерден от жылтырай бастады. Ауыл жақтан бұлардың алдынан шыққан, не үй жанында қарсы алған ешкім жоқ. Жолаушыларды алыстан көріп, үйді-үйіне кірген ренішті ауыл жорта шықпай қойғаннан сау ма?

Қабағы түсіп, қамығып, үйіне аяңмен таянған Ақан әуелі Құлагердің қорасына келді. Алдындағы ат байлайтын — Құлагерді жеке таң асыратын мама ағаш жоқ. Есік алдында мажар ма, ырдуан ба, әйтеуір бір жақ доңғалақсыз шоңқиған арба, тақталап үйген мол отын қараяды. Бұрын болмаған дүниелер.

Атынан түскен Ақан шылбырын серігіне ұстата салып, қораның есігіне келіп еді, есік те бөтен және жұдырықтай қара құлып салулы. Ашулы сері

Шабак жейтін шортан емес шығар. Қонысты тастап, үдере көшкендері несі екен? Не деген мазақ тіршілік... Жо-оқ, елді мекеніне қайтаратын шығармыз. Ешқайда жылжымай отырған — сіз ақылды болдыңыз бәрінен, — деп, Ақан сәл ойланып, Есіркептен ел жайын тағы да тәптіштеп сұрай берді, сұрай берді...

Бұлар сөйлесіп отырғанда Новиков қазандық астына от қалап жүрген. Түннің бір уағында дастарқан жайып, жолаушылар ірімшікпен шай ішті.

Сыртта таң асырып, қаңтарып қойған аттар тықырши оқыранады.

— Жануарлар-ай, үстері қырауытып, тоңа бастаған екен. Енді суарып... — деп, Есіркеп қарт әлдебір ұнамсыз сөз айтып қойғандай тұтығып, өз-өзінен қысылып, ыңғайсызданып қалды. — Жалғыз сиырдың шөбі де тақырланып... апырмай, аттарыңа от та қиын болды-ау. Кімнен сұрарсың!..

9

Қараталдың бауырын жайлаған ауыл, көп ұлық үркітіп, қонысынан қуған соң, жан-жаққа бытырап, жамағайын, жақын-жұрағаттарын сағалап, Сарыкөлден ауған. Қорамсаның тірісінде басы қосылып, Қорамса ауылы, Ақан ауылы, Малтабар ауылы болып жұрт қатарлы жарасып отырған ел бір күнде жел айдаған қаңбақтай, бір-бірінен тірідей айырылып, көрінгеннің босағасын паналап, тоз-тоз күйге түскен.

Мұхаммет пен Рамазан Ахмет сайына жайылған малын алдына салып, Қарсақ ауылындағы Қайныкештің төркінін сағалап еді.

Ащы қайғымен оралған Ақан қайда барарын білмей, сапаның сары даласында жалғыз тентіреген мүсәпір жандай есеңгіреп, туыстарының жүзін көруге де бетінен басып, ақыры... осы елге амалсыз жеткен.

Үстіндегі ұсқынсыз киімінен ажырата алмай, астындағы атынан шырамытқан келіні Қайныкеш қана қарсы алып, Ақанға ел мұңын шаққандай ұзақ, үнсіз жылап, көз жасын төгіп-төгіп алды.

Шошала іргесінде аударылған қаңсыған ақ жем лақса шананың үстінде шуақтап ойнап отырған үш-төрт бала алыстан тосырқай қарап, үрпиіп-үрпиіп тұр.

Көз жасын сұрткен Қайныкеш:

— Сері ағаларың емес пе, танымай қалдыңдар ма, өй, тартпай кеткірлер, сәлем қайда?! — деп сәл зекінкіреп еді, Ыбанмен жасты Мұхамметтің ұлы бұртиыңқырап шегіншектеп тұрып қолын берді. Баланың маңдайынан иіскеп, арқасынан қаққан Ақан сылауы түскен ескі үйдің су тамшылаған қараңғы есігіне бір, маңына жоламай алыстан үдірейген өңдері жүдеу, арық балаларға бір қарағыштай беріп еді, Қайныкеш күрсініп:

— Сері аға, Мұхамметтер жылқы басында, үйге жүріңіз, кешке... — деп, әлденені айта алмағандай күмілжіп, төмен қарады... Ыбан да сонда...

— Аман ба өздері?

— Аман, Сері аға, бәрі де аман, жүріңіз үйге, мынау біздің ағайдың

қонысы ғой, білетін шығарсыз. Тар да болса сыйысып отырмыз, жер аяғы кеңігесін бір ыңғайы болар... Бұл үйдегілер де мал басында...

Қызыл қарын жас балалы екі үй аядай бөлмеге зорға сыйысып отырғаны рас. Қазандық аузынан төрге дейін аяқ-табақ шашылып, ағаш жоңқасына шейін қоқырсып, ыбырсыған қара көлеңке ұсқынсыз үйде қабағы түсіп түнерген салпы етек келіншектің қолынан Ақан тізе бүгіп шай да ішпеді, Қайныкешті алып, мал басындағы інілеріне тартты. Бұрын да, әкесі өлгелі аралары суый бастаған туыстарымен жүздесіп, қашан біржола бет ашып, не бәтуаласқанша асықты. Бәрінен де әке-шешесіз жүрген сормандай ұлын көргенше тағаты таусылды.

Қайныкештің астында қабырғалары арса-арса, ыңыршағы айналған көтерем жирен бие. Ауылдан іліп шыға бере шырқ айналып, тұрып алды. Қайныкеш екі өкпеге тепкілеп, қол қамшысымен шықпыртса да сезер емес. Биыл қорадағы аш қойлар жұлып жеп, бір-ақ тұтамы қалған тұқыл құйрығын шыбжың еткізіп, ауылдан ұзап, аяғын қия басқысы келмейді. Қарашыл көтеремнің басы да мұндай қатты болар ма, тізгінді шірене тартып зорға бұрып, екі-үш адым жүрген соң қайта бір жамбастай қиыстаған биені көндірем деп, келіннің әбден зыңысы шықты. Қамшымен қанша төпелеп, тепкілесе де көткеншектеп тұрып алған биенің шылбырын Ақан қолына алды.

— Сері аға, елдің халін көрдіңіз. Ел тарықты ғой, қатты тарықты. Көк мұзда көтерем болған малдардың алды қырыла бастады. Мынау, биыл, көктем шықпай құлын тастаған бие еді, содан қорада ұстап бағып отырмыз. Алғашқыда құйрығынан көтеріп, зорға тұрғызатынбыз. Қолдан су беріп, шөпке аузы тиген соң аяғын басты, әйтеуір. Енді шөп те жоқ. Ағайдың да малдары қорада шулап тұр. Бірер жұмаға шыдаса, даланың өлі шөбіне ілігіп, ар жағында көкке де жетер еді. «Жығылғанға жұдырық» деп, биыл қыс та ауыр болды ғой... Көп шығынға ұшырадық, Сері аға, мал күнде өліп жатыр... Қараталда отырсақ, бірдеме етіп, амалдар ма едік. Сері аға, шылбырды өзіме беріңіз, енді ауылға бұрылмайды, ұзадық қой. Анау шоқ ағашқа қарай жүріңіз. Соның ар жағында төрт-бес шақырымдай жерде жылқышылар қосы бар. Мал да сол арада болар.

— Сен онда ауылға қайта бер, енді өзім жобалап тауып алармын.

— Жоқ, Сері аға, адасып кетерсіз, бұл арада шоқ қызылдар көп, бір-бірінен айнымайды. Менің өзім кейде дұрыс тауып бара алмаймын. Мына көтеремнің жүрісі өнбей келе жатқанын көрмеймісіз. Әйтпесе лезде-ақ жететін жер.

Қайныкеш бұрынғыдай емес; көн етіктей тарылған тұрмыс тауқыметінің салдары ма, әлде жасы келіп мосқал тарта бастағандікі ме, бұрынғыдай именіп, үкен алдында тартынып әйеншектенбейді, кідіріссіз самбырлап, ашық сөйлейді. Жол бойы көп нәрсенің басын шалып, көп құпияның сырын ашқандай. Бұрын бұлай кеңесіп көрмеген келінінен Ақан да біраздан соң әр нәрсені суыртпақтап сұрастыра бастады.

— Қайныкеш, қалай болды өзі, қоныстарыңнан қуған кім? Қашан? Анығырақ айтшы. Әлі де анық-қанығын жете түсінбедім, — деп әуелі ел қақтығысына араласы жоқ, ошақ басындағы әйелдің тамырын басып көргісі келді.

— Кім деріңіз бар ма, Сері аға! — Ернін бір сылп еткізіп, «өуһ» деп іштегі шерді сыртқа шығарғандай терең күрсініп алған Қайныкеш алыстан көрінген Жыландының үнсіз мелшиген қарсыз жалаңаш төбесіне қарап, тағы да ұзақ сөйлей берді, сөйлей берді. — Өзі, әйтеуір, бір күнде топалаң тигендей болды ғой! Ұрғашы жұрты біз қайдан білейік. Сырттан тон пішіп, іштей егілгеніміз болмаса, нені аңғарамыз. Кім ұғындырып, кім түсіндіреді? Әйтеуір ызың-шу, көп сүргіннің ортасында жылап-сықтағаннан басқа біздің қолымыздан не келеді. Ашу-ызамен бір күнде тік көтеріліп, «көшеміз, кетеміз» деп қиялданған ерлерімізден таяқ жегеннен басқа, дұрыс сөз ести алғамыз жоқ... Нұртаза болыс бастаған ауылнай, поштабайы бар, әлгі, басы, жамбасы қызыл ала орыстар бар, бүкіл шіренген шонжарлар әуелі «қайда барасыңдар, астарыңнан су шықты ма?» деп аярысып, соңынан көшерімізде ақырып-зекіріп, қашан артынып-тартынып көшкенше екі аяғымызды бір етікке тықпады ма. Біз босағамызды аттамай жатып, іргемізге тағы да бір топ күркелі арбалы переселендер келіп, көліктерін доғарып жатты... Сері аға-ай, несін айтасыз... Неше жыл отырған қонысыңды біреулерге тастап, дәрменсіз кеткеннен асқан қорлық бар ма?! Қайтейік, өлмегенге өлі балық, әуелі қайда барарын білмей, басына соққы тиген бұзаудай мәңгірген ел ес жия келе, әркім туыс-жұрағатын сағалап кетпеді ме?..

Қайныкеш көптен ұмыт болған уақиға қайтадан көзіне елестегендей, ықылық ата кемсеңдеп, арық саусақтарымен көз жасын сүртті. Әлден уақытта қайтадан белін бекем бұғандай, Жыландының басына шүңірейген көзін қадап, ел ішінде талай айтылып, құлақ сарсыған сөздерді суыртпақтап қоздата берді.

— Қайдам... әйтеуір осы бір зауалды жұрт әлгі бір кәпірлер салған ағакем пен апамның зиратынан да көреді. Бір жыл болмай жатып... шынында да жамандыққа бастады ғой. Әйтеуір құтсыз... қайырсыз болды... Орыстардың мұсылман зиратын салуы переселендердің сол араға келуіне көрінген екен. Енді келер-келместен өздері өртеп жіберіпті деседі ғой. Әйтеуір моласын қазып, аруақтарды мазаламаса жарар. Біреулер сіздің ақ патшаның алдында сөйлеген сөзіңізден көреді. Ерегестіріп алды, бір сөзбен бір көшелі ауылды қаңғыртып жіберді, мұнымен тынса жарар, әлі басқа ауылдар да бұдан көресіні көрер деп күстәналаушылар көп... Қайдан білейін... Әлгі біздің үйдегі де әбден қияли боп бітті... Сізге... тілі тимесе жарар еді... сыңайы жаман. — Қайныкеш ұзақ сөзден шаршағандай, көпке дейін үнсіз отырды. Анда-санда күрсініп қояды. Ақан келініне не ұғындырарын, не ақталарын білмейді. Ел өсегіне малтыққан Қайныкеш қана емес, берісі бар туысы, жақын-жұрағаты, әрісі бар ел-жұрты екенін іштей сезер ақын жүрегі сыздағандай болса да, сыртқа шығарып көсіліп сөйлер дәрмені жоқ

кінәлі жандай, үнсіз мойындайтын да сияқты. Мойындамасқа не шара: оңға басқан аяғы үнемі шалысып жатса, жығылып қалып «ит жығыс түстім» деп қайта жармаса түсер даукес балаларша қашанғы жағаласып, алыса береді.

— Ә, әне, Сері аға, ана бір түгін шыққан жерде қос бар, — деп Қайныкеш жирен биені өкшелеп-өкшелеп қойып еді, қарашыл мал алыстағы жылқылардың иісін сезді ме, қос көргенде ауыл көргендей болды ма, кәдімгідей елпілдеп, алға ұмтыла түсті. Өзі аяңшыл неме екен, басы қалтаңдай жөнелгенде суық кекілі желп-желп етеді.

Шоқ қайыңның бауырынан әрірек қары кетіп дегдіген қырқасындау жерге тіккен қара қос маңында бір-ақ адам. Жерошақта қазан астына бүкшең-бүкшең етіп от жағып отырған бақыршы бала жігіт. Ыңыршағы айналған екі-үш жылқы қар суына соқталанған өлі шөптен бас алмайды. Пышаққа іліккен қабырғасы арса-арса ақ бақай қара ат бауыздалған күйі төрт аяғы көктен келіп қос түбінде жатыр. Терісін іреп түсіріп, бұтарлап тастауға да ешкімнің қолы тимеген-ау, сірә.

Желге тотыққан қара күрең бет терісі сүйегіне жабысқан бақыршы келгендердің сәлемін салғырт алып, басы салбырап, ошақ алдында талтая түсіп отырған қалпынан танған жоқ. Аттарды әрірек байлап келген соң барып, Қайныкеш қазандықты көтеріп самбырлай жөнелді:

— Е-е, өздерің етті мол асады екенсіңдер, көбігін де алмапсың ғой, кәкпір қайда? — деп, қостан тесік ожау алып шықты. — Етің қайнап қалыпты. Көбігін бірге жейсіңдер ме?!

— Оның көбігі қайсы, сорпасы қайсы ажырату қиын. Кешке дейін алсаң да тауыса алмайсың, — деп көзі алақ еткен бала қолын бір-ақ сермеді.

— Шынында да көкбақа ғой мыналарың, өзі жеуге жарай ма?! — деп кәкпірмен сүзіп алған сіңірлі көк етті Қайныкеш сорпаға шолп еткізіп қайта сүңгітті.

— Жеуге жарасын, жарамасын сол енді. Жемегенде, далаға тастаймыз ба?! Әлде біріміздің етімізді біріміз жейміз бе? Әне, қайыңның бауыры қайысқан ет. Бәрі көк жасық, көкбақа. Ет алуға келген шығарсың. Бәрін алып кет. Күнде он шақты мал өледі, жетеді біздің жеуімізге... — Сөзі түйеден түскендей.

— Әй кім... кім еді атың, Жарылғап па еді, Жарылғасын ба еді?..

— Бәрібір, жарылқады не, жарылқамады не?

— Әй, көкшешек, дұрысын айтсаң хандығыңнан түсемісің... Әй, қағынды келгір, әлгі малшылар алыста жүр ме, жақын арада ма, тез бар да Мұхаммет пен Ыбантайды алып кел.

— Мылқау баланы айтамысың, ол қашаннан бері Ыбантай бола қалып еді?!

— Жетті енді, қалжыңың ба, шының ба, — деп Ақаннан ыңғайсызданған келіні қайнағасына көзінің астымен ұрлана қарап қойды. — Сөз таластырмай, түр орныңнан, тіліңе шоқ түскір, құлғана! Қазанға мен ие боламын, ешкім көтеріп кетпейді. Бар тез. Сері ағам келді, сері аға!

— Сері ағасы кім? Келсе не? — деп қыңыр бала аттарға қарай аяңдаған серінің соңынан қарады.

— Сері ағам деген — Ақан сері. — Қайныкеш сыбырлап еді, бала даланы басына көтерді:

— Ақан сері, әлгі, өзіміздің атақты, әнші... Патшамен ұрсысатын Ақан сері ме? Е, ол қашан келді? Ойбай-ай, бағанадан бері неге айтпадың? Мүмкін, әлгі тартып алған жерін қайтарып алған шығар... Ай, бірақ одан бұлт жуық... Әлде өзі беріпті дегені рас па? Өзінен сұрайтын екен.

— Жарайды жетті дедім ғой. Бар, тез бар, алып кел.

— Е, өздері де кешке келеді.

Қайныкешпен біраз тәжікелесіп, аяғын қия басуға ерініп отырған қыңыр бақыршы, ақыры, қайың бауырындағы тісіне ілігер шөп тіміскілеп жүрген ер-тоқымды арық шабдарға мініп, аяңмен кете барды.

Ақан Көкбестінің ауыздығын алып, тереңдеу шұқанаққа жиналған тұнық қар суын іздеп, атының шылбырынан жетелеп келеді. Көптен бері күннің көзі шығып, аспан сұр бұлттан, дала өкпек желден айыққаны бүгін. Ағашсыз алаңқай жерлер бусанып, кей тұсы кәдімгідей дегдіп кеуіп қалыпты. Арагідік кесенің сақалындай қылтиған көк те білінеді.

«Жаңа шыққан көкті жұласаң, көктей соларсың» дейтін үлкендердің сөзінен бала кезінен қорқатын Ақан жаялықтай жерге ала-құла шыққан шөпті жүрелей қарап отыр. Көк шөптің өзі әртүрлі. Алғаш шыққан көк, қайта жауып мұзға айналып сіресіп жатып алған қар астында үсіп, ортан беліне дейін бозарып кеткен. Бойлап өсе алмай, шіріген шөптей жансызданып қарая бастапты. Одан кейін шыққан шөпте де мән жоқ. Тек ара-арасынан жаңа қылтиған жас көк қана құпырып, күн көзінен нәр алып бүрк етіп көтерілгелі тұр. Бірақ аязға ұрынған жасық шөптен жасыл шөп аз. «Ай, биыл да, көктемде мол жауын болмаса, малға қалың от болмас. Қыстан аман шыққан көтерем мал, жас төл аяқтанып кете алса жарар еді» деп, бұрын мал қамын көп ойламайтын Ақан дала келбетіне дүдәмалдана қарады.

Ақан енді өзін мазалаған ойға қайта түсті: «Не істеу керек, не істеу керек? Жан-жаққа бытыраған ауыл адамдарының басын бір араға қосып, қайтадан біріктіру керек. Айыртау болысынан болмаса, Шалқар болысынан қоныс тебер бір жерді берер. Енді жаңа тұрмысқа, жаңа тіршілік амалына бастау керек. Ол қандай тұрмыс? Ол жағы шешілер. Әттең, Ақаннан күдер үзген ел енді илігер ме, етегінен ұстатар ма? Күні кеше арасы ашылған, енді біржола ашынған інілердің өзі түсінер ме? Мына елді жұтатқан жұттың да ата-мекеннен айырылып, қаңғырып қалған кезді аңдығандай бас салуын қарашы. «Жұт — жеті ағайынды» деген ып-рас!»

Аяғын басып ілбуге жарамай, омақаса жығылған орнында үйелеп, тұра алмай, күнде өліп, шетінеп жатқан жылқы ішінде қабақтарынан қан жауып, тиісерге қара таба алмаған сотқарлардай өз-өзінен тұтанып, шатынап жүрген Мұхамметтер Ақан серінің келгенін естісе де, күн еңкейгенше қосқа жоламады. Шоқ-шоқ қызылдың ішінде қарсоқта былтырғы өлі

шөп, шырмауықты қауғаңдап, қайың қабығын кемірген ешкі, қойы аралас шағын отардың соңынан су кешіп, малмандай болған Ыбан бұл хабардан қалыс. Жылға жуық уақыт әкеден айырылып, үйреншікті Қараталдан кетіп, бұрын-соңды көрмеген мынадай азапты күннің басына түскеніне біржола көндіккендей. Қазір «Ақан келді, аяулы әкең келді» деп біреу ымдаса да, іштей күдер үзген бала мұндай жақсылыққа сенбес те еді, тумысында ешкімнен зәбір көрмей, тек кейінгі айлар ашулы Мұхамметтің жұдырығы мен қамшысына үйренген жетім, енді желкеннен нұқыған түйміштен, тәніңнен өткен таяқтан құтылдың десе де мәңгіріп, ештеме ұқпайтын сияқты. Басына түскен ауыр тауқыметті осы жасқа жеткен әр адамның үлесі болуға керек, бұдан құтылу деген бекершілік деп түсінетін сияқты. Өзімен жасты Мұхамметтің баласын да салыстыруға мұршасы жоқ. Әлде мылқау балаға ондай ойды жазбаған ба? Оны ойлайтын қабілет те жоқ шығар?

Ақан кешке дейін нәр татқан жоқ. Келіні қазаннан ет түсіріп, қара қосқа шақырса да, асқа зауқы соқпай, інілері мен Ыбанның келуін тағатсыз күтті.

Жылқы басына Рамазан мен екі-үш адамды қалдырып, кешкі тамаққа оралған Мұхаммет алыстан түксініп, отынға кескен жуан дөңбектердің үстінде отырған Ақан мен Қайныкешке жақындамай, қос маңында күйбі жіктеп жүріп алды. Екінші жақтан тоғыз-ондар шамасындағы қойшы бала да келген. Ол да ақ теке бастаған шағын отарын аулағырақ иіріп тастап, жасқаншақ басып жерошақ түбіне таяп, ас дәмектен жетім қарғадай, қазандық қақпағына телміреді.

— Аналар келді ғой, қосқа жүріңіз, — деп қаймыға қараған Қайныкешке қолымен белгі берді.

— Отыра бер. Өздері келер... Сәлемдесер... Ана бала кім баласы?..

— Ол... ол, Сері аға, Ыбантай ғой!

Ақанның жүрегі үзіліп түскендей болды.

Үстіне қолтығы сөгілген жамаулы күпі киген қойшы баланы Ақан анадайдан танымады. Қорамса әкесі мен Жаңыл шешесінің ерке ұлы мынадай күйге түсер деп әсте ойлаған ба.

Ақыры шыдамы таусылды ма, әлде ағасынан әлі де қаймыға ма, анадайдан тамақты сылтауратып Мұхаммет сөйлеп келеді.

— Ау, Қайныкеш, не ғып мелшиіп отырсың, қатын емеспісің, ас бермейсің бе? Ана жақтағылар да мен бармай келе алмайды. Сендердей ерігіп жүр дедіңдер ме?

Күнұзын ат үстінен түспеген Мұхаммет тақымы қажалғандай сәл талтандап басып келді де, терең орға тірелгендей алшағырақ тұрып қалды:

— Аман ба, Ақан... Дер кезінде жеттің бе әйтеуір, — деп, ағасын кетіп, әйеліне тағы да бірдеме деуге оқтала беріп еді, Ақан:

— Өздерің де амансыңдар ма? — деді.

— Амандығымызды көріп тұрсың ғой, Қараталдың да амандық-саулығын көріп келген шығарсың. Әке-шешенің басына құран оқыған шығарсың. Ай, қатын, ана өле алмай тұрған өлімтікті несіне міндің, өшің бар ма? Сені кім шақырды мұнда?

Қайың үстінде қаздырып отырған Қайныкеш айылын жиған жоқ. Қайың ағасын арқа тұтқандай саңқ етті.

— Жирен биенді мінбегенде, құла биенді мінем бе? Әлде жаяу келуім керек пе еді.

— Саған қойғанымыз суып отыр еді, же, же, ана Малтабардың қалған малын.

— Әй, өзің тұлданбай, әуелі Сері ағаммен дұрыстап неге амандаспайсың. Кеше көргендей боп тұрғаның не?

— Оны сенен сұрай алмадым, бар кет бұл арадан, одан да қазандағы етті түсір, бол!

«Бұл не ғылар екен?» деп сыңайын аңдыған Ақан, күнде көріп жүрген ел адамындай көзіне ілмеген Мұхамметтің қиқарлығына енді шыдамай:

— Әй, Мұхаммет, аптықтай, отырсаңшы мына араға. Тамақ ішілер. Әуелі жөндеп амандық-саулық білісіп, әңгімелесейік, — деп қасынан орын ұсынды.

— Менде басы артық әңгіме жоқ. Және мен басқаның әңгімесіне ділгір емеспін. Жұмыс бастан асып жатыр. Ана Ыбанды алуға келген шығарсың, ал. Ешкім жүк артқан жоқ оған. Елде біраз дүниелерің бар, Қайныкеш берер... Басқа не шаруа?!

— Ой, есалаң сол, Сері ағаммен қалай-қалай сөйлесесің.

— Ә-әй! Не оттап отырсың-ай! — Ызалаы Мұхаммет әйеліне қарай төне түсті!

— Мен адамша сөйлеп отырмын, сен ғой малша оттап, күйсеп тұрған!

Ақан Қайныкештен мынадай батыл, ащы сөз шығады деп ойламап еді, Ыбан жаққа қарап үнсіз отыра берген. Келінінің баж еткен даусы шыққанда жалт қарап еді, Мұхаммет жығып салып, тепкілеп жатыр екен:

— Сенің де тілің шығайын деген екен, төркініде келген соң. О, ит тіршілік, сенің босағаңа телмірткен, о, ит тіршілік! Oh, oh.

— Жасық неме! Сені де еркек дейді-ау! Басыңа қиыншылық түскенде қатыннан жаман... — деп басын қорғаштаған келін де тілін тартпай, байын мұқатып, жарыса сөйлеп жатыр.

Бағанадан бері іште қайнаған ашуға зорға шыдаған Ақан ұшып тұрып, Мұхамметтің жағасынан алып бір-ақ атты.

Жұтқа ілінген арық-тұрақ соңында күні-түні салпақтап, өзі де сіңіріне зорға ілінген Мұхаммет асықша үйіріліп барып, қалпақтай түсті. Бұрын мойны күдірейген тайынша бұқаша гүжілдеп, еркіндеу жүретін інісінің қиралаң еткен мына түрін кергенде Ақан іштей аяп, өз қылығына қынжылса да, сыр білдірмеді:

— Ой, лұғатсыз сол! Қайныкештің не жазығы бар. Жазғырғың келгені мен ғой. Ашуыңды менен алсаң болмай ма! Әйел ұрған деген не сұмдық. Таусылған екенсің!

Мұхаммет жарылардай болып үнсіз тұрды да, оқты көзін Ақанға да, әйеліне де қадап қосқа қарай кете барды.

Бағанадан бері мына қимылды алыстан бақылаған Ыбан ешкім жағадан алып лақтырмақ тұрғай, бетіне қарсы келе алмас дейтін Мұхамметтің күйін көргенде, аспаннан түскендей аяқ астынан пайда болған мына әлеуетті бейтаныс адамға таңырқап, таяна түскен.

Ақан, «кел, қалдам, кел, жаным» дегендей, әлгі қимылдан соң зорға жылы ұшырап, баласын ыммен шақырды. Батып бара жатқан күн сәулесі түскен әкесінің жүзіне Ыбан ұзақ қадалып, сәл шырамытса да, үстіндегі ұсқынсыз олпы-солпы көне киімінен тосырқай берді. Тәніне таяқ өтсе де, көзіне жас алу орнына ештеңе болмағандай орнынан ширақ тұрған Қайныкеш баланың жеңінен ұстап, Ақанға қарай тартты. Мылқау бала одан сайын жатырқап, шегіншектей береді.

Ақан бұдан әрі шыдай алмады. Милығына дейін бастыра киген сеңсең тымақты жұлып алып: «Ұлым-ау, танымай қалдың ба, мен әкеңмін ғой», — деп ымдағанда, қызыл күннің шапағына кең маңдайы жарқ ете қалған әкесінің, жастайынан өзімен ыммен шебер сөйлесетін аяулы әкесінің қимылын жазбай таныған Ыбанның бақ еткен үні мен көзінен бір түйір жасы бірге шығып, Қайныкештің қолынан енді жұлқына ұмтылды. Ақан да құлашын жая ұмтылған. Аспаннан шүйліккен қарақұстан қорқып, бір жығылып, бір тұрып анасының қауырсын қанатының астына қойып кетер қаз балапанынша, Ыбан әкесінің құшағына бір-ақ сүңгіді. Өз үнін өзі естімейтін мылқау баланың даусы да бір жосын: көзінен, маңдайынан құшырлана сүйген әкеге қуанғаннан әлденелерді өзіне айтқаны ма, жалғыз тастап қайда кеттің көрінбей деп жазғырғаны ма, — мағынасыз былдырлап, бажылдап жылайды. Әке-шешесіз, үй-күйсіз, айдалада қалған екі жетім — әке мен баланың мына тұрысына іштей егіліп, көзіне жас алған Қайныкеш, «өздері емін-еркін мауқын бассын» дегендей, қара қосқа қарай үнсіз аяңдады.

Ақан қолқылдаған кең күпілі тоқпақтай жеп-жеңіл ұлын алдына алып, дөңбек үстіне қайта отырған. Өңінде қан-сөл жоқ арық бала әкесінің жылы қолтығына басын тығып ұзақ жылады. Өксіп-өксіп жылады. Енді айырылмаймын дегендей, әке белінен құшақтап алған ұлы түсінбесе де: «Ыбанжан, қой енді, болды енді, жылама, келдім ғой, жігіт сүйте ме екен, енді сені қасымнан бір елі қалдырмаймын, жылама, — деп, Ыбанның жүзін өзіне бұрды. Қызарып батқан күн сәулесінен бе, қуаныштан ба, бағанағыдай емес, реңі кіріп, бетіне қан жүгіре бастаған баланың Ақанның өзіне ұқсаған қалың кірпікті отты көзінің қарашығы үрейленгендей, жасқанғандай жүгіре берді. «Осы, шынымен әкемсің бе, мүлдем келдің бе, енді тастап кетпейсің бе, әлде тағы бір көрініп, ертең жоғаласың ба» деген сыңай бар. Жел қағып жарылып, мезгілімен жуылмай күстенген саусақтарымен әкесінің көптен бастырмаған сақал-мұртын, бетін сипалай береді. Еркелегені, жақсы көргені. Қойны-қонышынан көктемнің ызғырық өкпек желі үрлеп, бұрын-соңды бағып көрмеген қой соңында ертеден қара кешке дейін салпақтап, ара-тұра таяқ жеген күтімсіз бейбақ әлдекімдердің қорлығын ыммен жет-

кізіп, әкеге шағынған жоқ. Әкеге түрі ғана емес, мінезі де тартқан қайсар ұл бар тауқыметті ішке түйсе керек. Бар шағым, бар қуаныш екі көздің ашық жанарынан ғана аңғарылғандай еді.

Қас қарая, тамақты да ұмытып, көптен көрмеген мейірімді, ыстық құшақта енді біреу өзін жетімсіретіп ұрсып-зекісе, жұлқылай, түйміштей жұмсаса, ара түсер тегеурінді қамқор адамның алдында тамаққа да зауқы соқпай бұйыққан аш бала шаршап, талықсығандай маужырап жатып ұйқтап кетті.

Өлердей сағынған жалғыз ұлын алдына алып тербеген Ақан сері өз-өзінен ыңылдап терең ой қамауында отырғанда, жерошақтағы от сәулесімен ғана тамақтанған қара көлеңке қос ішінен анда-санда даурыға түсіп, таласа ұрсысқан дауыстар еміс-еміс естіліп тұрған. Тегі Мұхаммет пен Қайныкеш әлі де келісе алмай, бірін-бірі беттен алып, шарпысып жатса керек.

Әлден уақытта қостан Мұхаммет те, Қайныкеш те жұлына шыққандай болды. Ақан алдындағы ұлының ұйқысын бүзбайын, Рамазан келген соң бәрінің басын қосып сөйлесермін деп орнынан тұрмады.

— Сері аға-ау, жүріңіз, тамақ ішіңіз, дала салқын ғой, тоңған жоқсыз ба... Ыбантай ұйқтап қалған ба, — деп келін бәйек болып қасына келгенде де, Ақан салқын ғана:

— Рақмет, айналайын. Тамақ ішілер, Ыбанның ұйқысын бүзбайын деп отырмын, — деді де қойды.

Бұл кезде атқа қонған Мұхаммет кешкілік түскен суықтан қайтадан ката бастаған тоң жерді ат тұяғымен дүңкілдете келді де:

— Әй, қатын, жетті енді мұнда отыруың. Анда балалар не боп жатыр, бір шайнам ақыл болсашы басыңда! Неменеңе жетісесің. Ана ағаш бауырында қақтаған еттер ілулі, содан ала кет. Бол, тез! — Әйеліне әкіреңдеді де, сол ет қызуымен қараңғыда Ақанға тарпа бас салды. — Ал, Ақан, айтып-айтпай не керек! Арманыңа жеттің. Әке-шешеміздің зиратын да көпірлерге көтертіп, жаман ырымға бастап едің. Арты не болды? Бір ауыл жұртты тентіретіп жібердің. Енді басын қосам деп әуре болмай-ақ қой. Саған ешкім ермейді енді. Бәрінің де қарғыстан басқа айтары жоқ. Ақ патшамен айтысып, ел ұлықтарымен тартыстың. Көресіні біздер көрдік. Қасыңа ерген жолдастарыңның бірі жоқ. Бәрін бездірдің, соттаттың, әйтеуір түбіне жеттің. Енді бізге маза бер. Еншіміз бөлек басқа адамдармыз. Бала-шағамыз бар. Тыныштық бер бізге. Қазір бір жігіттен қара тайды жіберем Ыбанға. Ана қойдан алам десең, ал, егер айдауыңа жараса. Енді сенің малыңды бақпақ түгілі, өз малым қырылып жатыр. Осы күнге дейінгі еңбегіме де риза шығарсың. Үйде ол-пұл дүниелерің бар. Ана, еншіге берген әкемнің қара пәуескесіне артарсың. Әкейден қалған азын-аулақ ақшаны ұстап қойдым, мына жатқан жеріміздің жапа-жармысы орыс-казактардың жері, соған үш жылға әріндаға төледім. Ана Қараталдағы үйлерімізге қазына тарапынан ақша береміз деген, соны алғанда қайтарармын. Енді сөйлесетін не сөз бар, сол — айтарым!

Мұхаммет бағанадан бері қос ішінде жаттап алғандай, үсті-үстіне төпелей сөйлеп, атының басын бұрып, әлгіндегідей, тоң жерді дүңкілдете жортып Жыландыға қарай ұзай берді.

Ақан да, келін де үнсіз. Қараңғы түнде қара жамылған адамдардай, немесе күнұзын жем іздеп шаршап дөңбекке қонақтаған қырғауылдай, төмен қараған күйі отыр.

Ақан осылай боларын біліп еді. Бірақ бұлай болған күнде қайда барып, кімге паналарын ойламап еді. Інісі айтар ащы сөзді жобалап еді, бірақ жоғалтқан жолдастарын, безген елді бетіне салық етер деп ойламап еді. Мұхамметтің түсі де, сөз саптасы да құдды Біржанның інілерінен айнымайды. Ақанның тұла бойы тітіркеніп кетті.

Тұңғыш рет шын кіріптар болып, құла түзде екеуден-екеу состиып: мылқау далада мылқау баласымен жеке күн кешер, кешегі атағы жер жарған серінің жалғыз қалар мұңды келешегін ойлап налыған Қайныкеш, қайын ағасын уатар сөз таба алмай, жұбайының ноқайлығын жуып-шайғысы келді.

— Сері аға, Мұхамметке өкпелемеңіз. Қайтсін. Атамекен, туған жерінен қуылып, көрінгеннің қолына қарап, оның үстіне малы шетінен топалаңдай қырылып жатқан адамда не ақыл болсын. Бәріміздің де есіміз ауып, мәңгіріп қалған жоқпыз ба. Әлі-ақ ес жиярмыз. Қанша айтқанмен туыс емес пе, қайда кетер дейсіз. Күйініштің салдары ғой. Жақын адам әлі-ақ табысып кетер... Өкпелемеңіз, Сері аға!.. Қайтейін, менде де дәрмен жоқ. Бәрінен... Ыбантайдың күні не болар екен?.. — деп сөзінің аяғын жыламсырап бітірді.

Түнгі суықтан бойы тоңазыған Ақан алдындағы ұлын қымтай түсіп, басы салбырап ыңылдап отырған. Әлден уақытта барып келін сөзін жаңа естігендей, селк етіп басын көтеріп алды. Үңірейген қараңғы тоғай жаққа, Мұхаммет кеткен бетке қарап дағдарған Сері әлденеге мырс етіп күлді. Күлкісінде зіл жоқ, кекесін бар. Өзінің осы отырысын өзі мазақтағандай тағы да мырс етті де, келініне бұрылмастан:

— Қайныкеш, мың да бір рақмет саған! Осы маңдағы көп жұрттан, ағайын-туғаннан қалған жібі тұзу адам сен екенсің. Кісілігіңе рақмет! — деп, тағы да Ыбанын әдилеп, тербеткендей ыңылдап отырды да, баяу ғана бір ауыз өлең айтты. Табан аузында шығарған арнайы әні болмағандықтан ба, әлде өнерлі досын ойлады ма, немесе осы отырысын сол досының халіне ұқсатқаны ма, — Біржанның «Ал дүние» әнімен айтты:

Бұл күнде көк дөненмін,
арқам жауыр,

Өкпе жоқ,
мендегінің бәрі бауыр.

Дұшпанның дәлдеп салған найзасынан
Жақынның инеменен түрткені ауыр!..

Ақынға кейде қуанған да, қайғырған да бір: екеуінде де көкірегіне толып, көмейіне тіреліп, тіліне оралатын алдымен өлең. Ақан да бұл жолы күйі тасып ішке сыймаған соң айтқан жоқ, тегі ащы запырандай ішкі шерін тарқатқаны болар, немесе әлгінде «Мұхамметке өкпелемеңіз» деген Қайныкешке, бүгінде «есер ақыннан» сырт айналған жақын-жұрағатына берген жауабы болар.

Байлаулы Көкбесті пысқырды. Тағы да алыс жолға, белгісіз сапарға жүретінін сезгендей, жарықтық жылқы баласы ауыр күрсініп, қайта-қайта жер тарпып пысқырады.

Жыланды тауының құбыла бетіндегі қалың қарағай жақтан ішін тарта ұлыған қасқыр үні талып естілді. Ұзақ ұлыды... Алыстан тағы бірі қосылды... Әлден уақытта жақын тоғайлардан шулаған қасқырлардың үні көбейе түсті, ұлғая түсті. Тап ірге тұстан сарнап қоя берген бөрі үні сай-сүйекті сырдыратқандай. Тегі дала жыртқыштары осынау кең өлкеде шетінен қирай құлап, иістене бастаған өлекселерді сезеді-ау. Бірін-бірі шақырып, түнгі жортуылға топтана шығар үйір-үйір бөрілер жайраған иесіз өлімтікті ғана емес, некен-саяқ кездескен жүргіншіні де ордасымен қамап, жайрататын тілсіз жау-ау.

Жұт жайлаған құтсыз жерге тесіле қарап, Зеренді тауының ығынан туған, бетінде самұрық құс бедері бар патшаның алтын империалындай, қызыл шұбар суық ай қазақ аспанына көтеріліп келеді.

Кең дала, тар дүние

«Намаз бен мешіт жетім — оқылмаса,
Дәріске білсін қайдан отырмаса.
Екінші — бұл дүниеде әйел жетім —
Кезінде теңін тауып қосылмаса.
Ер жетім — ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса.
Ат жетім — ерен жүйрік шабылмаса,
Бойынан ащы тері алынбаса.
Құс жетім — ерте түлек салынбаса,
Салатын саятшысы табылмаса.
Сахара, жайлау жетім, көлдер жетім —
Қасына мұнарланып ел қонбаса.
Таусылған кірер үй жоқ — кәрі жетім
Жарасар тең құрбысы табылмаса.
Оныншы, бұл дүниеде ғалым жетім —
Құр босқа алтын сөзі алынбаса.
Тағы да, он бірінші, қалам жетім —
Жазатын ерлері оның табылмаса.
Тағы да, он екінші, қағаз жетім —
Айшықты, алтын сөздер жазылмаса,
Бәрінен, он үшінші, қазақ жетім —
Қорқақтап жан-жағына алаңдаса».

Ақан сері

1

Қонысынан айырылған Ақан сері Қорамсаның ескі қыстауы Қисық ағашта Ыбанмен тіршілік етті.

Болыс Нұртазаның қиянатына қанша қаны қайнаса да, еш жерге қайтып бармады, ешкімге шағынбады. Беті қайтып, тауы шағылған сері кімге барсын: «Қарға қарғаның көзін шұқымайды». Тек соңғы күндері ғана тағы

бір үміт оты жылтырағандай болды. Бұл екі арада Нұртаза шар таласында өтпей, Шалқарға Ақанның құдалары Баялының Жанболаты болыс сайланған. Апасын ұзатқан жерге өзімініп те, әрі үлкендік мінезбен де ә дегенде дігірді сала келгенде, құдасының ширатыла отырып ақыл айтқансығаны-ақ батып кетті.

— Ау, Ақан, осы туысқа да, жатқа да айғайыңды сала, тіліңді жұмсай келесің. Не өткізіп қойғаның бар. Шешен тіл, сұлу әніннен де не пайда таптың. Ылғи достан да, басқадан да өзіңе дұшпан, жау көбейткеннен басқа, мысқалдай септігін көрдің бе? Жеріңді берген мен емес, ана Нұртаза. Ол да қайтсін. Ақ патшадан мықты боп па. Казак-орыстарға, переселендерге жер керек деді. Ертең алам десе, өз қонысымызды да беріп жүре береміз, ақ патшаның құрығы ұзын, оған кім қарсы келеді. Өле алмай жүргеміз жоқ. Енді ол қонысыңнан саған бұлт жуық. Одан да ақылға көш. Тұрам десең, біздің ауылда тұр. Ешкім қумайды. Қазақ жерінің бәрі бір емес пе.

— Е, бораннан қорғалаған суық торғайдай бүрісіп, енді күлімсі қолтығымның астына кір, сасық қорамның астына тығыл демекпісің. Қолыңа билік тимей булығып-ақ жүр екенсің. Жарайды, сенен қайыр тілегенше, Алладан қайыр тілегенім артық шығар. Өңкей қарғыбау таққан болыстар, біріңнің аузыңды бірің жалаған ұялас иттер сияқтысыңдар-ау. Құдайдың кең жері жетпегендей, алақандай менің атамекеніме құрық салған Нұртазаны сен де жақтайын деген екенсің. Менің қонысымды алыңдар деген патша болса, оның да тұқымын... — деп, дәрменсіз Ақан кіжініп тұра бергенде Жанболат құдасының сөзіне ашуланған жоқ.

— Сері аға, сәл бөгелші, — деп байсалды отырып, соңғы ақылын айтты. — Мейлі, мені не деп күстәнәласаң да, не деп балағаттасаң да көтерем. Бірақ, байқа, қорқытқаным емес, дос боп, туыс боп ескерткенім — бүгінде жұрт сөз көтеруден қалған. Қазір заң билеген патша заманы кірді ауылымызға. Егер жерімді даулаймын деп, көрінгенге барып аптығар болсаң, біреу болмаса біреу: «Ақ патсаның сиясатына қарсы, патса ағзамына қарсы понт шығарып жүр» деп түртіп жіберуден тайынбайды. Қазір жұрт қанына қарайған. Әгәр ондай сөз туа қалса, мен де қарап отыра алмаймын. Ақ патсаға айтқан әлгі сөзіңді мен ғана естіін, артық, артық сөз, қайтып ал қалған ғұмырың абақтыда шірімесін десең, ғадеттенбе ол сөзге, Алла сақтасын! Және бұрын да сөзге іліккен адамсыз...

— Ә, енді мені де итжеккенге айдатамын десейші. Қолың жеткен екен айға!

— Не десең де, сері аға, мейлің. Мен жасырмаймын, патса адамымын, соған берілген екенмін, оның дегені деген. Адалы сол, — бір Шөбектен тараған бауырым Мәмбетәліні де ертең арашалай алмаймын. Ол да арыстан айға шауып мерт болыптының кебін киіп жүр, — деп аузын жиғанша болмады, болыс үйіне ұры итше жылмаң етіп пәсір Қараганов кірді.

Бұл — Ақанның қонысы Қараталға түскен Комаровкада тұратын казак. Жанболаттың письмоводителі. Түз елі пәсір дейді. Келгелі қазақ

сөзін шала араластырып сөйлеп үйренген бұл секілді песірлер басқа лыстарда да бар. Бастарына бір-бірден «құт» қонған. Орысша сауатсыз болыстардың іс-қағазын жүргізетін осылар. Мөр болыста да, қалам песір-де. Көзіне жылтыраған пенсне таққан қара бешпентті Караганов:

— Аман, господин волостной управитель, — деп сәлемдесіп, Ақанға ұрлана қарап еді, Жанболат осы арада өз билігін бір көрсетіп қалғысы келді ме;

— А, айта отыр, айта бер, бұл адам өзіміздің ағайын, тамыр, — деп шала орысшалап песірдің қолындағы жуан сөмкесіне қарады.

— Дела көп, господин управитель, уездной начальник көп делалар сұрайды. Әсіресе әлгі Сердалин Мамбетали... — деп сөзінің аяғын жұтып қойды.

— Бұл да бір лаң болды ғой, қане, әкел диалаларды, — деп, болыс қолын соза бергенде, паңсыған құдасына оқты көзін қадай қараған Ақан:

— Қалай, песір Караганов, менің жерім жақсы ма, астарыңнан су шыққан жоқ па? — деді де, әрі қарай не айтарын білмей тығылып, үнсіз шығып кетті.

Сол жолы Бегалының үлкен ұлы Ерғалиға ұзатқан апасы Айша Ақанның шылбырына оралып, баяғы қыз күніндегісіндей інісін еркелетіп:

— Ақанжан, басқаға билігім жүрмесе де, күйеуіме билігім жүреді. Ана иесіз қорада екеуден-екеу қалайша күн кешіп, өмір сүресіңдер. Одан да менің қолымда бол, Шөбек әулетінің байлығы Ыбанжан екеуіңнен кемімейді. Ризық жетеді. Бастарыңа жеке үй салдырып берем, — деп жалынса да, Ақан илікпеді. «Сендердің босағаларыңда отырып, байдың итаяғынан сарқыт ішерім жоқ» деп айтқысы келсе де, күні біреуге қараған, жолы жіңішке апасының көңілін жасытқысы келмеді.

— Жо-оқ, мен үшін қам жемей-ақ. Ел бар емес пе, күн көру деген де сөз болып па, — деп өтірік күлген болды.

Шынында осы екі жыл Ақан үшін тамұқтай көрінді. Алғашқы жылы айдаладағы иесіз қораға кейбір көңілі жақын адамдар анда-санда әдейілеп жолаушылап келуші еді, кейін азая келе мүлдем тиылды. Мұхаммет пен Рамазанның бала-шағасы да қатынауды қойды. Бар қайғыдан құсаланған Ақан ұлы Ыбанмен ғана қалың қарағай бауырындағы ескі қыстауды мекендеп, жұрт көзінен таса жеке өмір кешті. Жаз жайлауда да бұрынғы салтанатпен қалған сері тірі пендеге көрінбей, сол қораның астында жабайы адамдарша жалғыздық тауқыметін үнсіз тартты.

Сол жалғыздық әсері ме, әлде серінің дінге сенбесе де, пірге сенетіндігінен бе, кейінгі кезде кеш түссе-ақ өз-өзінен елегізіп, қайсыбір түндерді ұйқысыз өткізетін болды. Ежелден Қисық ағаш маңы жын-шайтан ұялаған орын деп, ел ішінде талай үрейлі әңгімелер айтылатын еді. Бала кезінде естіген сол әңгімелер енді осынау жалғыз құлазып қалған шақта қайта есіне түсіп, мазасы кете бастаған сияқты. Ондай түндерде қалың ағаш бауырындағы шөккен нардай жапырылған жалғыз жер үйдің пеш мойындары гуіл-

деп, тыста тоғай іші ызыңдап, ауыл шуынан жырақ, ел тіршілігінен керең жерде құлағы бітіп шыңылдап шығады. Мүлдем зерігіп, іші пысқан Ақан амалсыздан екі-үш рет Ыбанмен көрші ауылдарға қоналқылап, түнделете қайтқанда өз үйінің терезесінен от көрген. Алыстан жылтыраған жарық қасына таяй бергенде өлеусіреп барып сөніп қалады. Есік-терезесі үңірсейген иесіз қора төңірегінде тырс еткен дыбыс естілмейді. Бәрі жым-жылас жоқ боп кетеді. Ақан алыстан көрінген шырақ па дейін десе, оның қисынын таба алмай басы дал болады. Шырақ әулие атанған адамдардың зиратында жағылады деуші еді. Қараша үйде не әулиелік бар. Сері «мүмкін, менің көзіме солай көрінген шығар» деп, соңғы жолы Ыбанмен ымдасып еді, ол да өз үйінде жанған отты көріп келеді екен. Бірақ мақау бала дүниеде жын-шайтан болады дегеннен бейхабар еді, ештеме түсінбей әкесіне қарағыштай берген. Өзі де жарымжан баланың ойына қорқыныш салмайын деп, Ақан енді отты елемеген болып, Ыбанын үрейлендірмей, сонымен аяқсыз қалдырған.

Соңғы кезде ел арасында «Ақан сері Қисық ағашта жын-шайтандармен бірге тұрады екен, баласы екеуі де қағындыға шалдығыпты» деген өсек дүр ете қалды. Бірде Баратай ауылының бір ақсақалы серінің отты көзінен көзін алмай, үрейлене тұрып ақыл айтқан:

— Қарағым Ақан, ренжи көрме, халық айтса, қалып айтпайды, анау Қисық ағашта жападан-жалғыз қалай тұрасың. Жын иектеп алған дейді ғой өзіңді. Ай, атам заманнан бері сол ара сайтан-сапалақтың мекені еді. Талай жолаушыны сол арада жын соққанын құлағымызбен естіп ек. Оның үстіне ол жеркепені әкең тастап кеткелі не заман. Иесіз үйді содан бері жындар ордасымен басып, иемденіп алған шығар-ау. Қарағым-ау, сол арадан неге қоныс аудармайсың, басыңды шыр айналдырып алғаннан сау ма?! Қарағым, жаным ашығасын айтам, битке өкпелеп тоныңды отқа салма, қайтейін, жалғыз-жарым жүріп қор болмасын деп, бір-екі көйлек бұрын тоздырған үлкендігім бар, ақыл ғып айтамын. Апырай, шырағым-ай, көзіңнің жанары өзгеріп кеткен екен!

Шалдың сөзін үнсіз тыңдаған Ақан:

— Е, қария, осы күнгі ағайынның достығынан жын-шайтанның достығы артығырақ көрінеді, оларды ренжітіп қайда барам, — деп қалжыңға аударған. — Көзім жын қаққан есалаң адамның көзі сияқты шығар, ә?

Қаншама қалжыңға басса да, осы сөзден соң серінің де бойы түршігіп, іштегі үрей үдей түскендей еді.

2

Соңғы екі жұмада тынымсыз соққан дауыл жазғы даланың да, адамның да мазасын алып тұр. Таң ата теріскейден шығып соқса, түсте құбылып шығыстан соғады. Көшпелі бұлт бірде оңға, бірде солға жөңкіліп, қуалаған жел бағытымен ығып, дөңбекшіп, аунап жүр.

Жаз мерзімінде Көкше даласында күзгі қара дауылдай ұлитын мұндай желді күндер жиі ұшырайды. Кей жылдары сұрқай дала күзге дейін желден айықпай, ақыры сүмбіленің қалың жауынына барып ұласады.

Қатты жел тұрғалы көл бетінен жыртыла айырылатын құстар да сап болған. Анда-санда қалбаң ойнап қоға арасынан көтерілген некен-саяқ қарақұс, ителгілер немесе маңайдағы басқа көлдерден тобымен, сыпылдай ұшып Қоскөлге соғар шүрегейлер болмаса, аққу, қаздар қалың қамыс арасындағы ықтасын айдындардан шықпай, балапандарымен күнұзын балдыр сүзеді. Көп ұшып мекен ауыстырмайтын сүңгуір қасқалдақтар кемер соғып толқынданып жатқан жағаға таяу саяз жерлерге дейін келіп, көл түбінің саз балшығын сылпылдатып, құрт-құмырсқа, су қоңыздарын тереді.

Мұндай күндері Ақан мен Ыбан құс салмайтын. Қанша дабыл қағып үркіткенмен, желден қорқар жеңіл құстар қамыс басынан жоғары биіктемей, көл бетін жанай ұшып, бір арадан екінші араға орын ауыстыра береді, не көлдің қалың ортасына тереңдей кіріп, мүлдем көрінбей қояды. Желді күндері тұзаққа түскен құстарды ғана алмаса, қаршығаны мұндай қара дауылдарда аспанға ұшыру қауіп.

Ақан ұлын ертіп, күн ұзақ көл жағалап келген. Екі барылдауық қоңыр үйрек пен бір сұқсыр түсіпті тұзақтарына. Жел тұрғалы Көкжендетін құсқа сала алмай, көптен бері сорпа-судан тарыққан әке мен бала қуанысып, қос ішінде екі жақта құстардың жүнін жұлып отыр еді, Ақанның көзі көлдің арғы қабағынан осылай қарай лекіткен үш салт аттыға түсті. Екеуінің иығында мылтықтары шошаяды. «Бұлар түнеукүнгі казак-орыстар-ау. Тағы да не боп қалды? Жүрістері тым суыт екен», — деп үрейленген Ақан тысқа шықпай, қостың есігінен қарап отыр.

Үш аттылы жақындағанда, ортадағы жорғасын тайпалтқан қазақты жазбай таныды. Ат үстінде сырықтай боп серейген бұрынғы болыс Нұртазаның ақи поштабайы Жәнібек. Екі жағынан қапталдай шоқытып, су жорғаға зорға ілесіп, өздері де шоқырақтай түскен түнеугілерден басқа мұртты казактар екен.

— Кім бар қоста. Шық бері! — деп айғай салды. Іштен дыбыс білінбеген соң, атын тебіне түсіп қостың есігінен кәрі терекше иіле беріп қарады да тағы елеуреді. — Қаңырап бос қалған ба, ішінді ұрайын, мұның адамы қайда? Ау, кім бар іште?!

Ақан тысқа шықты:

— Иә, не боп қалды соншама бөрігетіндей? Амандық-саулық жоқ...

— Е, амансың ба? Амандасуға уақыт болып тұр ма? Қане, жүр, сені ұлықтар күтіп отыр.

— Қайдағы ұлық?

— Сұрама, барған соң көресің. Ана қырдың астында жандарал ояз, майырлар жатыр. Болыстар бар. Сенің қаршығаң бар дейді, соны көрмекші, тез алып шық та, жүр. Бол, күтетін уақыт жоқ.

— Оязың не? Қаршығаң не? Аптықпай, жөніңді айтшы, жарқыным.

— Жөн дейтін не жөн керек. Айтпадым ба, қаршығаң керек, қаршығаң. Көреміз дейді. Құсқа саламыз дейді. Ғұмырында қаршыға көрмепті.

— Әй, Жәнібек, құсқа саламызың не? Осындай күні қаршығаға қай атаң құс ілдіріпті. Не айтып тұрсың?

— Ата-матаны қайтесің, оны ана дөкейлерге айт, маған сені алып кел деді, шаруа сол, қане, құсыңды ал да тез жүр, — деп поштабай қасындағыларға қарап еді, олар да: «Не, көнбей тұр ма? Не істейік», — дегендей көздері шатынап, аттарын тебіне, жақындай түсті. — Айтқандай, дабылыңды ұмытпа. Қане тез, көп күтетін уақыт жоқ. «Апырай, мұның айтып тұрғаны Көкжендет-ау? Мыналардың келісіне қарағанда, алмай кетпейтін сыңайлары бар. Бармаса, күш көрсетері көрініп тұр. Поштабай ымдап қалса-ақ болды, әмір күтіп тұрған ана екі әскер қазір бас салып, жұлмалап, ұлықтардың алдына жаяу апарудан тайынбайды. Көкжендетке қызығып, алып кетпекші ме! Онда тұрымтайды апарсам қайтеді? Ана ел ұлықтары «қаршыға орнына тұрымтай әкелдің кімді мазақ еткің келді?» — деп, ояз алдында тағы масқаралап, дүрелеп кетсе, не істемекпін. Қой, не де болса күтіп алдым» деп іштей толқыған Ақан Көкбестісін ерттеп, Ыбанға әлденелерді ымдап түсіндіріп, Көкжендетті қолына қондырып жүріп кетті.

Қостан төрт-бес шақырым жерде генерал Лосевскийді төңіректеген көп ұлық, станица атамандары, ояз Коновалов бастаған қазақ болыстары. Қоскөлдiң ығындағы шоқ ағаштардың бауырына аттарын доғарған.

Көп ішіс, көп әңгіме арасында аңшылық саятшылық сөз болып, аңға, құсқа салатын бүркіт, қаршыға, тұрымтай, қырғи жайында көп әңгіме тыңдаған генерал осы маңда жалғыз қоста қаршығасы бар біреудің тұратынын естіп, оны тез осында алып келуді бұйырған. Ақанның атын айтпаса да, оның «Көкжендет» дейтін қаршығасының барын айтқан Нұртаза.

Қазір Нұртazаның екі езуі екі құлағында.

Биыл болыстыққа сайланбай, әкесі өлгендей қан жұтып жатып алғаны қайда? Бір жылдың ішінде кәдімгідей таралып, жүдеп, көңілі ойсырап, жасып қалып еді. Оның үстіне мына елге жеткен жұт бұған да жетіп, малынан шашау шыға бастаған. Ол аз дегендей, аш ауылдар бұрынғы барымта емес, енді өзді-өзіне ауыз салып, бардың малын жоқ жалмаған кесепат кер заман туған. Малы бар басқалардан гөрі ұры зауалын көп тартқан — осы Нұртаза. Болыстықтан қағылған жанды басынғандай, жығылғанға жұдырық — Нұртazаның малын ұрылар көп талады. Алғашқыда есігінде жүрген жарлы-жақыбайлар оларға қарсы тұрып бағып еді, ақыры олар да беттемейтін болған. Биыл бір жылқышысы мен жамағайыны Ыдырысты қазір елге аты шулы қарақшы жалғыз көз атып, жаралап кеткелі ұрылардың соңынан қууға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Арасына бір апта, әрі кетсе екі апта салып соғар жалғыз көз жылқыға келсе-ақ болды, аз жылқышы қостарына кіріп, қашан ол кеткенше ін түбіне кірген суырлар-

ша, бас сауғалап жатып алады. Жалғыз көз үнемі қасында жүретін аузы-мұрнын таңып алар қапсағай серігі екеуі жылқыларды өз малындай аралап, союға жарайды-ау дегендерін алдарына салып, айдап кете барады. Бұдан артық қорлық бар ма?!

Сүлейменнің естімейтіні жер астында. Күз айында мұрагер Николай Алексеевичтің тәж кию салтанатына байланысты ел аралап шыққан генерал Лосевский Көкше жерінде жүргенін естісімен інісіне ақыл айтқан. «Қырғыз-қайсақ елін басқару тәртібінде жаңа заң шығыпты. Ол заңда болыс сайлаумен ғана емес, енді генерал-губернатордың өз ықыласымен-ақ сайлаусыз тағайындалатын болыпты». Бұған сенерін де, сенбесін де білмей әрі дағдарып, әрі үзілген жіпті қайта жалғауға болатынына үміттеніп, көзі алақтаған інісіне Сүлеймен «Дала уалаяты» газетін ұсынған. Нұртаза араб әрпімен қазақша аударылған беттерінен таба алмай, орысша бетін інісі қайта-қайта ежелегенде, жүрегі жарылардай қуанған.

— Енді,— деді Сүлеймен, — болыстықтан әлі де үмітің болса, Лосевскийдің ел аралауы тегін емес, осының аузын алып қал. Ол генерал-губернатордың өзіне мақтап барса, тағы да таққа қондым дей бер.

— Шіркін-ай, ондай күн енді қайта туа ма, шіркін-ай... а құдай, бере гөр тілеуімді, — деп, сол күні ақ сарбас шалған.

Лосевский аштыққа ұшыраған қазақ ауылдарына көзінің қырын да салған жоқ, казак-орыс станицаларын аралады. Кейінгі жылдары егіндері шықпай, шықса, қара бұлттай қаптап, мың, миллиондап тобымен ұшар атбас шегірткелер жым-жылас жайпап кетіп, әсіресе 91 жылы тақыр қоянның жұтына ұшыраған хуторларда болып, казактарға коронация алдында тағы да көп жерлерді кескізіп берді. Жандаралдың жүрген жолын аңдыған Нұртаза ақыры қыбын тапты. Ескі досы, Арықбалық станицасының атаманы, урядник Федор Тютин бір күні Лосевскийді маңындағы көп адамдарымен Нұртаза үйіне қонаққа әкелді. «Берген перде бұзады» демекші, бергенді кім жек көрсін, аста-төк тағам, мол арақтың қызуымен шалқып отырған байсалды жандарал да жеңілтек мінезбен Нұртазаның жауырынан қағып:

— Тегінде, сіз болыстыққа жаралған адамсыз, өңіңізден ел басқаратын адамның нышаны ғана көрініп тұрады, мәселеңізді қайта қарау керек екен, — деп қалған.

Әбден зығыры қайнап, істер амалы болмай, төбесіне ойнақтатып қойған жалғыз көз ұры жайын айтып, оған ерген басқа ұрылардың ел ішіндегі бұзақылықтарын баяндағанда, Лосевский:

— Ондайлардың көзін құрту керек. Оларға мылтықты кім беріп жүр, осы күнге дейін бұларыңыз қалай? — деп Коноваловқа зілсіз қарағанда, бұрын Нұртаза қанша шағынып, көмек сұраса да, көңіл бұрмай жүрген Тютин мен вахмистр Воронкин екеуі оязды арашалағандай, оның алдын орап жарыса сөйлеген:

— Ваше высокопревосходительство, біз қырғыздардың ісіне көп араласпаған соң, мұндай ұрылардың қылығын естімеп ек, ертеңнен бастап олардың көзін күртқызайын!

— Біздің екі-үш казак жетеді. Мылтық атудың қалай екенін үйретейік ондай найсаптарға, — деп Тютиннің сөзін Воронкин қостаған.

Қазақ болыстары жоғарғы жақтан орыс ұлықтары келсе, елдің жай-күйін баяндап, халқына мысқалдай пайда тиер сөз айтуға, көмек сұрауға олақ болса да, қонағасы беріп, қарсы алып, шығарып салуға шебер-ақ. Қазір де, Лосевский Омбыға кетер күні, Көкшенің бар болыстары жиналып, қол қусырып шығарып салу қамында. Киіз үй мен ағаш үйден жалыққан генералды соңғы рет Қоскөлдiң бауырында, далада отырып, дастарқан жайып қоштасып қалмақ. Бұл отырыстары — сол жолаяқ. Түнеугіден бері Нұртаза болыс болмаса да, жанамалап қалмай жүр. Үйіндегі мол қонақасыдан соң, қазақ дәстүрі деп ат мінгізіп, орамал тонға жарамаса да жолға жарайды дейтін салтпен Омбыдағы замандастың сыбағасы деп, шайы орамалға түйген бір десте ақшаны қалтасына салған Кемелұлына генерал да жылы қарап, көбінесе сонымен шүйіркелеседі...

Ақан жолда келе жатып есерсоқ Жәнібектің әлі де тауы шағылмаған әпербақан қылығына қайран қалды.

— Апырмай, заман аумалы-төкпелі деген ып-рас, кеше ғана Ақан сері атанған ел түздығы едің, бүгінде Қоскөлдiң жағасында шошайып қалған күйген томардайсың. Байғұстар-ау, айдалада аштан өлмей, қайтып тірлік жасап жатырсың. Мына қаршығаның қанатына қарап отырсыңдар-ау. Ертең қыс түскенде немді қорек қыласыңдар, сорлылар-ау, — деп, жайдан-жай тиіскен Жәнібекке Сері жауап беру орнына, оған қарсы сұрақ қойды.

— Осы сен Нұртаза болыстықтан алынғанда поштабайлықтан қағылмап па едің?!

Кеңірдегін көрікше созып, маңғаздана қалған Жәнібек бұл сөздің мысқылды астарын онша ұқпай, ат үстінде бір жамбастап, Ақанға үзеңгі қағыстыра жақындады:

— Әлгі, атаңа нәлет, сенің құдаң Жанболат па, болыс болысымен менің орныма аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен өз жұрағатын қойған жоқ па? Жәкеңді әлі-ақ өзі шақыртып алады. Мендей поштабайды табу оңай боп па... Бірақ оның шақырғанына Жәкең енді барса игі етті, — деп, ат үстінен иіліп, қатарласа сары желіп келе жатқан казак-орыстар естіп қоймасын дегендей, серінің құлақ тұсынан сыбырлады. Аузынан самогон иісі мұңкиді. — Нүрекең ана Айыртаудың көксауының орнына болыс болмақ. Мына жандарал сол үшін келіпті.

— Сайлау өткізбек пе?

— Қайдағы сайлау?.. Осы қараңғы қазаққа сайлау не керек, өңкей кісі қадырын білмейтін жә-ә-әмен надандарды адам санағына қосу... — Жәнібек өзі-өзінен тарқылдап күлді де, тез доғарып, әлдекімге кіжінгендей қамшысын білемдеді. — Тұра тұр, ертең-ақ сыбағаларыңды берермін!..

Ақан «есер поштабаймен сөз таластырып, есіл сөзді қор ғып қайтем» деп, енді сөйлеспеске бекіп еді, бірақ мынаның үрлеген қуықша жарылардай кеуіп, осынша мақтануы айтқызбасқа қоймады:

— Осы сенің атыңды әке-шешең неге Жәнібек деп қойды екен?

— Қайдан білейін.

— Қазақта он жеті Жәнібек өткен. Соның ханы ма, батыры ма екен тілегендері.

— Батыры шығар.

— Е, онда сен поштабайлықтан басқаны ойламайтының қалай?

— Қазір батырыңнан поштабайың артық емес пе?

— Дұрыс-дұрыс, ендеше мен айтайын — ата-анаңның тілеуі дұрыс, Құдай тағала көз жасын иген екен. Ертеде бүкіл үш жүзге мағлұм Жәнібек деген шабарман болған, — деді Ақан өтірік.

— Ә-ә?! — Жәнібек шын иланды.

— Ақ сүтін көкке сауып тілеген анаңның, сақалынан сорасы ағып еңіреп, намазға жығылып, құлшылық еткен әкеңнің тілеуін Хақ тағала шын берген екен. Тура сол Жәнібек шабарманнан айнымайсың. Бар мінез, бар қылығың сойып қаптағандай!

Мына сөзге масаттанған шала мас Жәнібек ат үстінен Ақанға иіліп:

— Қандай болыпты, айтыңызшы?! Ел естісін, осындайды ақын деген өлеңге қосып айта жүрмей ме? — деп қолқа салды.

— Ол — Жәнібек, — деді Ақан атының басын тежеп, — тыңда. Сосын өзің жаярсың елге. Ол Жәнібек — халық үстінен күн көрген, ұлықтар ұлыса бірге ұлып, бөрі болған, айтақтаса, далақтап шабар алаңғасар ит болған, жазықсыз жандарды дүрелеп, қанын сүлікше сорған нағыз сұр жылан, әпербақан, кеппе, қуыс кеуде, есалаң, зердесіз, миғұла болыпты!

Ақан атын тебініп жүріп кетті. Жәнібек жерге кірген қазықтай ат үстінде сорайып, мәңгіріп тұрып қалды...

Ақандар Қоскөлден әрірек шоқ ағаштың бауырына жеткенде бала қайыңдардың ығындағы көгалда отырған ұлықтар арасындағы казактар дауылды күндей гүлдеп, әнге басып жатқан. Бірнеше дауыспен қосыла салған әдемі әнді бұзып, барылдаған, гүжілдеген жосықсыз дауыстар да естіледі. Араққа, қымызға тойған Лосевский де, оның аузына қарап, түсінбесе де, қазақ болыстары да ән ырғағына төтеден қосылып, дар-дар етеді. Ағаш бауырына төсеген төрт-бес кілем үстінде шашылған — сүйретпе шынылар, шала мүжілген жамбас, тоқпақ жілік, қабырғалар, көзі үңірейген қой бастары. Түймелері ағытылған алмақ-салмақ, қайсыбірі көйлекшең, жалаң аяқ етпелеген урядниктер, бір жамбастап қисайып, енді бірі бір тізерлеп жүгініп қызмет еткен болыстар да — қалай болса солай шашылған сүйек-саяқ, ішілген шөлмектер сияқты.

Поштабай Ақанды қызылдың екінші жақ бауырындағы көп таран-тастардың қасына әкелді де:

— Осы арада күте тұр, — деп, бұлардың келісіне мән бермеген қонақтарға қарай жаяу тартты.

Бұл жерде де ән. Ағаш тасасында жеке сауық құрған қызыл лампасты казактар өздерінше ішіп, ұлықтардан бөлек думандатып жатыр. Өгіз су ішсе, бұзау мұз жалайдының кері.

Анадайда алаңқайда тұсаулы көп ат. Бытырай жайылып жүр.

Ақан тарантастардың бірінің доңғалағына атын байлап, арба жақтауына сүйеніп тұрып қалды.

Жәнібек сол кеткеннен мол кетті. Мастарға Ақанның керегі болмады ма, әлде ақи көз самогонға сүңгіп тұншығып жатыр ма, жуық арада келе қоймады. Көкжендетін бауырына қысып, қанатынан, мойнынан сипалаған серінің зығыры қайнады. Еліріп, есіргендердің өзін шақыртып алып, енді керексіз еткендеріне назаланып, еріккеннің ермегіне айналған дәрменсіз халіне налып, жымын білдірмей кетіп қалғысы да келді. «Қой, не де болса шыдайын, соңымнан қуып жетіп мерт қылса, кім мені жоқтайды, Ыбанымның күні не болмақ» деген сері селк еткендей басын көтеріп, казактарға мойнын бүрды. Олар дүр етіп тобымен ұшқан қырғауылдардай, бәрі қосыла әнге басты. Ана ұлықтар жақтағыдай емес, мына жас казактардың әндері бір бөлек. Ақан құмарта тыңдады. Бірнеше дауыспен көтере салған ән дала төсін тербеген самалдай, ағаш басын теңсеген желдей. Кейде көк жүзінде қалықтаған айдай жеке дауысты біреу жалғыз шырқаса, жан-жағынан жөңкілген аласапыран бұлттай басқалары іле-шала қосыла жөнелгенде, қара жер солқылдап, бірге дірілдегендей болады. Бар табиғат, бар тіршілік мағынасын, көп дауыспен көп мағына білдірген үнділігіне қайран ақынның тұла бойы шымырлап, әнші жүрегі әнмен бірге соққандай ұйып отыр.

«Соберемтесь мы, казаченьки,
Во единый во кружок,
Запоемте мы, казаченьки,
Песню нову про себя.
Хорошо житье казаченькам,
Только служба тяжела,
Ходя наедемся, стоя выпимся...» —

деп, бір-біріне сүйене қисайып, қылыш қынаптарын құшақтай жатқан казактар әнінде жастық серпін де, сырлы мұң да бар. Сері ән сөзіне де құлақ түріп отыр. Енді бірде қайғылы, зарлы ән айтылғанда, ақын жүрегі де елжіреп, шымырлағандай болды:

«Погасло солнце за горой,
Сидит казачка у дверей.
Она и дети горько плачут,
И льются слезы из очей»...

«Апырай, — деді Ақан іштей, — мына казак-орыстарың тек жамбасына салақтатып қылыш таққан әумесер, ұрда-жық әпербақандар ма десем, тұла бойы тұнып тұрған өнерлі жұрт екен-ау... Қару-жарақ асынып, қалағанын істеп, еркін жүрген ессіз есіріктер ме десем, бұларда да мүң мен зар, қайғы мен қасірет бар екен-ау. Қайран ән, не деген құдіреттісің, алысты жақындатып, жатты бауыр ететін, тілі мен дініне түсінбейтін елдің бар жаратылыс бітімін, қуанышы мен шерін айтып, зердеге құйып берер не деген бар ғаламға ортақ шежіре ең». Бұрын Омбыда жәрмеңкелерде жиналған казактардың аузынан:

«Мы давно сжились с степями
И давно привыкли к ним,
Перед дикими ордами,
Мы не в первый раз стоим», —

сияқты өркөкіректеу әндерін ғана құлағы шалып, жүре тыңдайтын Ақанға казактардың мына әндері көп ой салды...

Анда-санда өзара қалжыңдасып қойып, казактар тағы да бір көп дауысты әнге қосыла бергенде, дауыстары кілт үзілді. Үстіндегі мундірін жүре түймелеген вахмистр Воронкин ырғала басып келе жатыр еді, көзі шалып қалған әншілер орындарынан атып-атып тұрды. Атаман әлденені айтып, бұйырғандай болды — казактар сырттағы аттарға қарай жүгірісті.

— Әй, Ақан, — деді ақынның ту сыртынан поштабай. Бағанағыдай емес, екі көзі екі жаққа атысып, мүлдем шапыраштанып кетіпті. Аяғын шалыс басып, теңселіп тұр. — Жүр, ша-шақырып жатыр... Тез, тез... бассаңшы аяғыңды, с-сені... ш-шақырад деймін!

Ықылық ата тойынған ақи көздің содынан аяғына тас байлағандай, Ақан зорға ілбіді.

Қолына қондырған қаршығасы бар сері келгенде, болыстар бойла-рын түзей отырып, урядниктердің бірі киімдерін киіп, енді бірі етіктерін шұлаулаанып жатқан. Ақанмен ешкім сәлемдескен жоқ. Нұртазаның тізесіне басын салып, шалқасынан түскен Лосевский ғана төбесінен қарады:

— Ә-ә, охотник, отыр, отыр! Тамақ беріңдер, самогон, кумыс...

Тізе бүкпей өңкей мастарға тесіле қадалған Ақан:

— Рақмет, тамақ ішкенмін, — деді салғырт қана.

Құдасының жүзіне қарауға именгендей, орнында бүгежектеп, басын көтермеген Кенжеболат поштабайға:

— Әй, Жәнібек, қымыз құйсаңшы Ақанға. Ана бір бұзылмаған жамбасты тартсаңшы алдына, — деп еді, ақи көз, ықылық атқаны күлгенге ұқсап, тілі күрмеле ақшаң етті:

— Немене, о-ол бала ма, қо-қолы бар, құйып ішсін. Ана ту-туралған ет те бір жеуге же-жетеді.

— Әй, сараң неме, байдың асын байғұс қызғанады, — деп тізесіндегі Лосевскийдің шашын сипап, әлдилеген баладай генералды аялаған Нұртаза

Ақанға жаны ашығандай жұмсақ сөйлеп, шымшып алды. — Кедейдің бір тойғаны шала байығаны. Құйсайшы қымызды, жұтқан жұтамас деп, жұтаған еліңнің бір жұтқанына ыңдының тарыла қалады-ау, көзіңнің ішін... ақи неме!

— Ә-ә, Нұртаза, ықыласыңа рақмет. Жұтқан жұтамаса, мен де жұтап жүргем жоқ, жұтып жүрмін. Қоскөл аман болсын, жерімнің суы да маған бал. Ал елім жұтады деп қайғырмай-ақ қой, өзің жұтамасаң болғаны да, шаруашылығың жаман көрінбейді...

— Ойпырмой, екеуің бір-біріңді көрмегелі көп болған-ау, сағынысып қалыпсыңдар-ау, — деп Азынабай шарпысқан сөзді қалжыңға айналдырды.

— Қонақтар аттанған соң-ақ құшақтасып сүйсетін уақыт табылар. Әй, бауырлар-ай, шыдамай-жатырсыңдар, шыдамсыздарым-ай.

— Тоқта, тоқтай қал! — деп Коновалов Ақанға талаураған көзін сығырайта қадады. — Осы мен сені бір жерде көрген сияқтымын.

— Е, бұл өзіңізге өлең шығаратын, Ұлы мәртебелі мұрагер алдында полтайт ететін понтар емес пе!

Нұртаза сөзіне құлақ қойған Лосевский атып түруды ыңғайсыз көріп, басын созалаң көтерді. Қалың бұрыл сақалды өңі қуаң тартқан, көзі өткір адамға генерал қабағының астынан сынай қарап, мелшиіп отырып қалды.

— М-да... Мен ол жолы көре алмай қалып едім, сол ақын, дала ж-жауынгері осы ма еді, — деп Лосевский сөзінің соңғы жағын тістене сөйлеп, бұрын-соңды көрмеген тұз тағысына қарағандай сүзілді. Арақтан зеңгіген басын сілкіп-сілкіп, көзін бір жұмып, бір ашады.

Мәртебелі генералдың әр қимылын бағып, ол не істесе соны істеп, ол не ішсе соны ішіп, енді сыпыра масайған казак, қазақ ұлықтары Ақанды жаңа көргендей бәрі де қызыл көздерін Лосевскийше серіге қадады. Өңкей есіріп алған қорқау қасқырлар жан-жағынан анталап қамағандай, есірік мастардың мына қылығынан Ақан қорланып, намыстан жарылардай болса да, көпке топырақ шашуға батылы бармады. Артына дейін қызып алған күштілерге ұрынбай, өздері соқтығар болса, барынша кішірейіп, уытты сөзді қалжыңға алмастыруды ойлады.

Лосевский мундирін түймеленіп отырып:

— Өзің орысша да білетін көрінесің, сонда Ұлы мәртебелі Цесаревичке не деп жүрсің, өз аузыңмен айтшы, — деп, енді жүзі сәл жібігендей жымып, сөйте тұра ақынды қақпақылға алып келемеждегендей, жұртты бір күлдіріп алайын деген сыңаймен ащы мысқылдады. — Мұрагерге біраз ақыл айтыпты деседі. Кәне, өз аузыңмен айтшы, бізге де біраз ақыл керек боп жүр.

Отырғандар ду күлді.

— Қазір сені Петербургтегілер іздеу салып жатқан көрінеді. Сізді патша ағзамына ақылгөйші кеңесшілікке алып кетсе, біздің күніміз не болады, сорлап қаламыз-ау! — деп, ащы мысқылмен кекетіп, арақ қызуымен жоқ

сөзді көйіткен генералды қолпаштап, қарқылдай күлген казак-орыс аталандары да шаужайдан алып жатыр:

— Әйтсе де күзде болар коронацияға ала барыңыз!

— Иә, Ұлы мәртебелі патшамызға біраз ақыл-кеңес беріп қайтсын!

— Қой, онда мұны мемлекеттік кеңесші етіп алып қалар да, қайтып көре алмаспыз, ух-хо-хо!

— Ваше высокопревосходительство, бұл қырғызды онда Петербургке жібермеудің қамын жасау керек, хо-хо-хо!

— Бізге де ақылшы адам керек емес пе, айырылып қалмайық, ах-ха-ха!

— Бәсе, бұл қырғыздан ақыл шығады, шығады...

Санасыз болыстар да қосыла күліп, кеңкілдесіп қалды. Әсіресе Нұртаза мәз. Сөз астарын жетік ұғынатын, кейінгі кезде ұлық, чиновник атаулының қазақ шонжарларын кекете, мұқата сөйлейтін мазағына іштей күйініп жүретін, бір басына зымияндығы да жетерлік Азынабай ғана сараң жымыпп:

— Тақсырлар, бүгінгі айтқан Көкжендет дейтін құс — анау. Енді күн кешкірмей қызығын көрмейміз бе, — деп, әңгіме бетін басқаға аударып еді. Ақанды танығаннан бері тістеніп, жеп жіберердей оқты көзін қадап, тынысы тарылып ытырынып отырған Коновалов ағаш бұтағына ілген сыңар шұлғауының қағын ызалана үгіп:

— Қане, айтпайсың ба, бәлденбей. Аузыңа су ұрттап алғаннан саумысың? Сенен не айтқаныңды сұрап отырған жоқ па его высокопревосходительство! — деп Ақанға зіркілдеді. — Маған айтпай-ақ қой. Қажет болса, өзіме алдырып айтқызармын. Асықпа, сөйлерсің менің алдымда да, сөйлетермін!

Зығыры қайнаған Ақан іштегі ашуын сездірмей, ұлықтардың мысқылына әжуамен жауап бергісі келді. Мәмбетәлінің орыс достарының ішінде Горбуновтың сөзі қатты ұнап, жадына тоқып алған еді. Патша мұрагеріне айта алмай қалған бұл сөзді кейін ел арасына да жая алмай, құнды жеріне жұмсай алмай жүретін. Тап осы тұста Горбуновтың сөзімен қылжақбас генералды мұзға отырғызбақты ойлады.

— Мұрагерге не айтқаным бәріңізге де аян емес пе, қайбір жібі түзу сөз сөйледі дейсіздер, менікі әшейін сандырақ қой! Нұртazаның тілімен айтқанда, әшейін, құр полтайт!

Жұрт тағы да ду күлді. Нұртazаның екі шекесіне қан теуіп, қызарақтады.

— Да, сонда не полтайт еттің, біз де есттік, — деп урядник Тютин гүрілдеп, күлгіден сөзін зорға құрады.

— Не полтайт болсын, орыс, қазақ ұлықтарының жұрттан ақша-пара алатынын, елді қанайтынын айтып полтайт еттім, — деп, езулері жиылмай отырған мырзалар күлгіден лезде тиылып, сұрлана бастағанда, Ақан сөз сыңайын бүгінгі халге тіреп, одан сайын үдете түсті. — Ел ашығып, жұтқа ұшырап, орыс мұжықтарының егіні шықпай, қазақ сорлылардың малы жұтап, аштан қырылып жатқанда, ел әкімдері — қаптесерлер, егеуқұйрық кірістер шошала, клетте қалған соңғы қаптарының түбін тесіп, ісі түсіп

алдына келген жанның алдымен қалтасын тіптіп, дорбасын айналдырып, тазалап жібереді дедім. Сөйтсем, пара, ұрлық, қанау, тонаусыз күнелту мүмкін емес, менікі бос сөз полтайт екен!

— Неге полтайт! — деп бұл сұрақты қалай қойғанын да аңғармай Коновалов тағы да зірк етті.

«Пара» дегенде Нұртаза Лосевскийге қарағыштап, өзінің пара бергеніне мәз болғандай, күлімдеп отырған. Енді соны тағы да есіне салайын дегендей, мастықпен жосықсыз былжырады:

— Сен немене, пара бергендерді көріп тұрмысың, қазақ пара бермейді, сыйлайды, қонағасы береді, ат мінгізіп, шапан жабады.

Ақан Нұртазаға көз қиығын да салмай, Лосевский мен Коновалов жаққа күлімсірей қарап, Горбуновтың сөзін айнытпай айтып берді:

— Сіздер бұрын да естіген боларсыздар: Бірінші Николай патшаға бір жандарм былай деген екен:

— Николай бірінші патшаға?

— Жандарм?

— Ну, ну?

— «Ұлы мәртебелі император, бүкіл Ресей империясында екі-ақ губернатор пара алмайды: біреуі — вилендік Радищев, өйткені ол әкесінің абұйырын сақтайды, екіншісі — киевтік Фрундуклей, өйткені ол шылқыған бай», — депті.

Лосевский төбесіне мұздай су құйып жібергендей тітіркеніп кетті. Орысша сөйлеген ақыннан бұрын қазақ даласында айтылмаған мынадай сорақы сөзді естіп, ол сөздің шыққан жерін, үйретуші тәркінін ойлағанда мастығынан айыққандай болды. Не дерін білмей, Ақанның жүзіне көзін сығырайта, сүзіле қарағанда, сері анада Новиковтан естіген бір сөзін тағы да көлденең тартып, одан сайын есінен тандыра түсті:

— Орыста Карамзин деген ақын болыпты. Біреу содан «Россияда ең жиі болатын хал-ахуалды бір сөзбен айтып бере алар ма едіңіз?» — дегенде, ол былай депті: «Крадут!» ...Ұлы орыс жерін осындай ұрлық, парақорлық жайлағанда, қазақ даласындағы жымқырманы айтуым әшейін полтайт екен! — деп Ақан өзінің «балалығын» ажуалағандай мысқылмен күлгенде, орыс ұлықтары қостамады, ұқпаса да, орыс ұлықтарының жүзінен секем алған кейбір болыстар үнсіз тымырайып сұрлана түсті.

— Аттар дайын! — деп, осы сәтті күткендей, сыртта бата алмай тұрған жас казак шпоры сылдырлап өкшесін тық еткізді.

Лосевскийдің аузына қараған ұлықтар үнсіз. Аспаннан жай түсіп, біреуі қаза болғандай түнереді. Әлден уақытта барып генерал:

— Полтайт, полтайт! — деп, зығырлана қайталап отырып, өз-өзінен қарқылдап кеп күлгенде, бәрі де тарқ етіп қосыла жарылды. Даланы басына көтере күлген топ орындарынан қопарыла тұрып, бір-бірімен сыңғыр-сыңғыр еткізіп кесе, шыны аяқ соғыстырып, көмейлеріне сылқылда-тып арақ, самогон құйды. Асыққандықтан ба, масыққандықтан ба, әлде

тойынғандықтан ба, езулерінен аққан ішімдік семіз бұғақтарымен сорғалап, тамақтарымен жорғалап, ашық омырауларынан іштеріне құйылып жатыр. Аяқ, табақта тураусыз үйілген жамбас, жілік, омыртқалардың кез келгенін түрегеп тұрған қалыптарында алып, ауыздарын толтыра бір асап, дастарқанға қайта лақтырады. Ұртындағы жемін жей алмай толғап, қайсыбірі түйіліп ықылық атса, енді бірі шала шайнаған сілекейлі етті ағаш бауырына қарай түкіріп, кекіреді. Мол жемтік, көп өлексенің үстінен түсіп мелдегінен келген құзғындар сияқты, немесе тамақтап әкелген көп қойды апанда талапайлап жеп, ойнақ салған үйірлі қасқырлар секілді. «Не деген лас, не деген жеркенішті еді!» — Жүрегі лоблығын Ақанның қабақ шытқаннан басқаға дәрмені жоқ...

* * *

Бұлар ұзыны алты, көлденеңі екі шақырымдай Қоскөлдің ық жақ жиегін жағалап ұзақ жүрді.

Кешке қарай күн бұрынғыдан да желдетіп, қара дауыл шақырып тұр. Жиектегі қамыс-құрақтар, белуарынан су кешкен қара қоғалар желден жапырылып, сыбызғының неше түрлі әніне басып, суылдайды, ысылдайды, ысқырады. Қаршыға салар бірде-бір бейсауыт құс жоқ. Адал құстың бәрі көл ортасындағы айдындарға кеткен.

Сән-салтанатпен ырғала басқан салт аттылардың беттерін жел қағып, кәдімгідей мастықтарынан айыға бастаған сияқты. Енді бәрі де Ақан мен Коноваловтың ортасында ортекеше орғи басқан қара көк арғымақтағы Лосевскийге қашан қаршыға қызығын көрсеткенше асық.

Әлден уақытта теріскей беттен екі-үш шүрегей суылдай ұшып, тура бұлардың үстіне төніп келіп, қаршығалы күсбегіні жаңа көргендей шошып, жалт беріп, көлге қарай құйылғанда:

— Жібер, жібер! — деп, генаралдың да, Коноваловтың да жан дауыстары шыққан. Арттағылар да лекітіп, қатарласа беріп:

— Неге жібермейсің?!

— Неге салмадың?! — деп әкімдердің алдында жәмпеңдесіп, Ақанның жан-жағынан шығып, жан алқымға алды.

— Оу, сендер бала боп кеттіңдер ме? Желді күні қаңғырған шүрегейге қай атаң қаршыға салыпты? — деп, қазақ ұлықтарына Ақан зекіп тастады.

Нұртаза бір топ казактарды, арасына Жәнібекті қосып, Ақанның қолындағы дабылымен көлдің жел жақ өтіне жіберген. Ат үстінде олай-бұлай тырағайлап шауып, қолдарын көкке жая айғайлап, сірімен қаптаған дабылды торсылдата қағып, даланы бастарына көтеріп, құр далақтап жүр. Жиекке жақын қоғалардың бауырында, толқынды жағаларда балдыр сүзген қасқалдақтар бұларды анадайдан көріп, қамыс арасына қарай сүңгісе, дабылдан үріккен басқа құстар көлдің терең тұсынан ұшып, аса биіктемей, қайта төмендеп, орын ауыстыра береді.

Осындай дабылдың, айғай-шудың кезінде көлдің тап ортасынан бері қарай бір топ қоңыр үйрек ұшып еді:

— Ал жібер, жібер!

— Не де болса жібер!

— Сал құсыңды, ұшыр! Қашанғы салпақтаймыз, — деп салт аттылар тегіс айғайлап еді, Ақан Көкжендеттің басынан, бетегесінен алақанымен сипап:

— Болмайды, болмайды! Көл ортасында жүрген құсқа салатын мені жын ұрып па! — деп, аналарды мазақтағандай, өз-өзінен қарқылдап тұрып күлді.

Лосевский де, Коновалов та бағанадан бері Ақан сері қаршығасын жібермей, әдейі қыңырлыққа басып келе жатқандай көріп, мына қылығын ұнатпай тізгіндерін оқыс тартып тұра қалып еді, мұны аңғарған Нұртаза мен урядник Тютин аттарын омыраулата Ақанның екі жағынан кимелей келіп, қаршығаға салды қолды. Қанатынан, құйрығынан жұлған адамдардың шеңгелінде талапайға түскен Көкжендет жүні бүрқырап, шыр-шыр етеді. Кеудесіне қысып, бой бермеген Ақан, қанаты далақтаған құсының басы жұлынар болған соң барып қоя берді.

— Немене, соншама, жә-ә-ман бір құсты әлдеқандай қылатының, сенен басқа адам құс сала алмайды деп пе едің, көрейін қазір, — деп, Нұртаза үлкен бір алыс-жұлыстан шыққандай еңтігіп, қаршығаның қанатын далақтата көтеріп, аспанға қарап алақ-жұлақ етеді. Көкжендет, байгүс, ересек адамдардың мұндай жат мінезін қайдан ұқсын, ол да Нұртаза құсап, мойнын жан-жағына қылқита созып, биіктен көрінер жем іздеп, өткір имек тұмсығын тақылдатып, көзі ақшаң-ақшаң етеді.

— Екеуің жаңа жарастыңдар. Көк жендет пен қара жендет! — деп дәрменсіз Ақан зығыры қайнап, мырс-мырс еткенде, қосыла күлген Азынабай мен Жанбота ояздың көзінен жасқанғандай ықтасындап, қалталарынан шақшаларын алды.

Мастығынан шала айығып, ат үстінде қаздиган Лосевский өзін құрмет еткісі келіп жанталасып, ақын қолындағы тоқпақтай құсқа балаша жармасып жұлқыласқан Тютин мен Кемелевтің озбырлығын жуып-шайып:

— Сіз тым құсжанды екенсіз. Әлде біздің құсқұмарлығымызды ұнатпай келемісіз? — деп Ақанға қарады. Әне, ана бір құс көл бетінде бағанадан бері ұшып жүр, желді күні ұшпаса, құс қалай қорек етпек. Жаратылыс, ол жаратылыс!

Көл бетінде нажағайдай жарқылдап, әрлі-берлі оқтай зулап жүрген лашын еді.

— Сіз дұрыс аңғарыпсыз, ол құс бағанадан бері жүр, — деп, Ақан енді ғұмырында бірінші рет жат қолда талпынған Көкжендетіне қарамай, көңілі бұзылып, өзімен сыпайы сөйлесе бастаған генералға ілтипатпен жауап берді. — Ол құстың аты — қазақша Лашын. Ол жемін осындай аласапыран желді күні аңдитын — жел құсы. Қаршыға сияқты аспандағы құсқа атыл-

майды, желді күні көл бетінде қалбаң ойнап көтерілер некен-саяқ жемін көз ілестірмей қағып, сол екпінімен жағаға, құрғаққа жетіп құлап жәукемдейтін алғыр құс. — Ақан көп сөзін тілі жетпей қалған тұста қол қимылымен, жетік ыммен ұғындырады. — Халық құстың осындай қасиетіне, ұшатын мерзіміне, жүретін мекеніне қарай жел құсы, дауыл құсы, жауын құсы, көктем, күз, қыс құсы, таң құсы, түн құсы, тау құсы, көл құсы, боз, құрақ, тал құстары деп бөледі. Мәселен, жұмыртқасын інге салатын, жерде жаратылар итала қазды — жер құсына, ауыл, елді мекенге ұя салар айыр күйрық үй қарлығашын ел құсына жатқызады. Егер осындай қасиеттерін елемей жұмсаған құс та, аты жыртқыш демесеңіз, жеміне түсе алмайтын сорлы бейбақ болмақ.

Лосевский көл бетіне, Ақан жүзіне таңырқай қарап, атақты құсбегі, саятшыдан көп нәрсе сұрап, ұзақ тұрып қалған. Ақан тілі орысша айтуға жетік келмесе де, құс аттарын баяндап, қаршыға, қырғи, күшігендердің, аңға салар ірі бүркіт қасиеттерін қадари-халінше түсіндірді.

Лосевскийді аузына қаратып ұйытқан Ақан енді Қоскөлге бетін бұрды:

— Мархаббатты тақсыр, егер осы көлге күн мен түнде, жылдың әр мерзімінде келсеңіз, неше бір қызықты көрер едіңіз. Бұл да бір — қайнаған өмір. Бір қызығы суға қона алмай, үстінде айналған жыртқыш құстардың еті жеуге жарамайтын сасық, арам болады да, көл бетіне қонақтар момын құстар адал болады. Әйтеуір, арамдар адалдарының етін қыбын тауып, амалдап жеп жатады, — деп сөзінің аяғын екі ұшты етіп күлген Ақан маңындағы ұлықтарға қарады. — Мархаббатты тақсыр, гапу етіңіз, жыртқыштары — осы тіршіліктегі әкімдерге ұқсайды да, жуас, момындары, хақысы, есесі кеткендері — қарашаға ұқсайды. Қараңызшы, мына төңірегіңіздегі урядник, болыс, стражниктеріңізге, билерге...

Генерал Ақанға көңіл бұрған соң, амалсыз жел өтінде тұрып қалған ұлықтар, айтылар сөздің сыңайын болжап, ыңғайсыздана жөткірінді.

— Мына болыстарыңыз көл үстінен күн көрген түйғындардай, ел үстінен күн көрген адамдар емес пе?

Лосевскийдің де іші мұздап кетті. Әйтсе де, көзі қызара қанталаған Коноваловқа онысын сездірмей күліп, Ақан сөзін қалжыңға айналдырған болды. Генерал бүйтіп тұрғанда, басқаларға не жорық, олар да енді ештеңе сезбегендей, елемегендей ыржалақтап күле береді.

— Та-ак, сонда мына урядниктер кімге ұқсайды?

— Егер дала аңына баласақ, ұсақ аңдарды қуып салып, біреудің жылы, дайын ініне зорлықпен кіретін қарсақтар сияқты ғой...

— Жо-о-оқ! Құсқа балап айтыңыз.

— Онда қарақұстардың ұясын тартып алатын ителгілер, — деп Ақан сәл ойланып, күлімсіреді де:

— Бұлар қазақ жеріне алыс жерден келген құстар ғой. Шыққан тегіне қарағанда, қаршыға мен түйғынның арасынан жаратылған тұнжыр сияқты. Ал жүрген жүріс, қылған әрекетіне қарағанда... бір орыс жолдасым айтып

еді, шеруші альбатрос деген құс бар екен. Сол сияқты қайда дауыл, сойқан болса, сонда жүреді. Өзі жүз жыл жасайтын қарақұс, алпыс-жетпіс жыл жасайтын қарғалардай емес, бар-жоғы қырық жас әлхалдап өмір сүреді. Ал қазіргі күйлеріне қарасаң, ауылдың тауығын ұрлайтын қарақұстар сияқты.

Лосевский мына дала ақынының, дала ойшылының сөзіне екінші рет қайран қалды. Іштей ойланып, тас жұтқандай үнсіз қылғынып тұрып қалды. «Странствующий альбатрос?» — казактар — патша үкіметінің жасақшылары, қайда жіберсе сонда көшіп жүретін авангарды, аванпосты. Ермактар! Ал дауыл, сойқан болса, — Степан Разиндер, Пугачевтар шықпақ па бұлардан? Көп жасамайтыны қалай? Қазір патша үкіметінің отарлау кезі Жетісу жаққа түскелі осы Көкшетау, Қызылжар өңіріндегі казактардың көбі крестьян-шаруаға айналып, көпшілігі үкіметтен алатын бұрынғы қаражаттарынан айырылып, ұсақтап, ауыл, село маңын қарауылдайтын қарақұстардың күніне көшпеді ме? Мына ақын дәл айтты-ау! Шығыс халқының астарлы сөзінде қашанда терең мән жатады. Салыстыруға, теңеуге шебер халық!»

Урядниктер «біз — альбатростармыз» деп мәз.

— Ей, ақын, сонда мына киргиздің жуан билері, мына месқарындары кім? — деп, Тютин қасындағы Бекболат бидің қампиган қарнынан ұзын қолқамшымен түртіп, қарқылдады. Ақын қабағын шыта қарады да, өз айтар сөзіне өзі күліп жіберді:

— Бұларды — жалпы билерді, қазақ бұрын ел ішіндегі әділ қазыға, ел арасына кесімді сөз айтатын елшіге бағалап, тілінен май тамған құс патшасы аққуға, үні бір көлден екінші көлге жетер қазға теңейтін. Қазір бұлардың да қолынан билік, тілінен береке кетіп, жүнжімеді ме? Бұлар да бүгінде ұрлыққа-қарлыққа басыпты. Түк алмадым, түк көрмедім деп, күндіз көздерін жыпылықтатып, қарны қампиып бұтаққа қалғып, түнде ұрлық жасайтын жапалақтар ғой. Ал ана ағаш арасында қалған, болыстардың атын ерттеп, арбасын жегіп беріп жүрген ауылнайлар мен поштабай, шабармандар да өздерінше жегіштер, олар — тышқан аулаған, ауыл арасында тышқаншылаған кезқұйрық, күйкентайлар!

Азынабайлар мен Жанботалар «оларды да құр қалдырмадың әйтеуір» десіп, ішек-сілелері қата күліп, әлгі құстардың атын зорға аударып, жасқаншақтай тұрып, көзін ала беріп Коноваловты иектерімен нұсқап ымдайды.

Маңындағыларға сездірмей сараң күлген Лосевский де олардың меңзегенін байқап қалып, қызып алған ақынды қыздыра түсті:

— Жарайды, әйтеуір айтқан соң, бәрін айт, мына уездной начальник, статский советник Коновалов кім? — деп еді, атының басын бұрып, кете беруге генералдан қаймыққан ояз жымыып күлген болды. Күлкі емес, жай әшейін күлкінің ырымы. Сойған қарсақтай ерні ыржиганда, мұрты тікірейеді, түлкі бетінің ұшы күлгенде, азу тістері ұртында айқасып, жағы бүлкілдейді. Тістеніп тұр.

Ақан енді қалған мықтыларын бір-ақ қосайын дегендей, генералдың өзін де іле кетті:

— А-а, сіздер ірі құссыздар ғой. Ел үстінен биіктен қарайтын бүркітсіздер. Жемнің үлкеніне, семізіне таңдап түсетін «қырансыздар». Его благородие ояздың кейбір мінезі күнде жемін шашып жейтін былапыт құладыңға да ұқсайды. Құрт-құмырсқамен қоса, кейде ұсақ құстарды да жүндеп жеп қоятын мешкей тағанаққа да ұқсайды.

Лосевский:

— Қалай, қалай? — деп, сырт жағынан келіп, бағанадан бері Ақанның бөгеліп барып, қазақшалап кетер тұстарын орысшалап тұрған тілмаш Карагановқа бұрылды.

Караганов та тағанақ пен құладыңның атын таба алмай қиналып:

— Ваше высокопревосходительство, куладун.. — род хищней птицы, вроде кречет, или орел-стервятник, — дей салды.

— Ал енді, аяулы Ақ патшамыз — көзіміз көрмеген ертегіде естіген Самұрық құс! — дегенде, бәрі күлкісін тиып тына қалды. — Оның екі басы болады. Отырғанда дүниенің төртбұрышын тінте сүзіп, ұшқанда екі басын екі жағына қайырып ұшады. Суылдай ұшқанда, жарты әлемге жетер қанатынан теңіз, өзен, көл атаулыға қар аралас қан жауады. Таңдаған жемін, жерік жемін айшылық жерден алып, ешкімнің көзіне көрінбей, қия-қия жартастардың, адам аяғы баспайтын мәңгі мұз, құзарлы шатқалдардың ішін қанды кез балапандарымен қанаттарын желпіп, ойнақ салып жүріп қан сасытты. Оның тамақтанғаны — ойын, ойыны — нөсер! Бүкіл құстың, аң атаулының көз жасынан жиналған нөсер!

Желді-желкемді далада бір арада көп аялдап тоңғандікі ме, ақын сөзінің салқын лебі ме, Лосевский іші қалтырап, тұла бойы тоңазып, дірілдеп кетті.

— Қайттық енді, болмас, қаршығаның қызығын көре алмадық, — деп, Ақан сөзінің соңын аяқсыз, ескерусіз қалдырып, қара көгін ойнақтатқан генерал алға түсе берді.

Кейде шоқытып, кейде атын аяңдатқан Лосевскийдің ыңғайымен алдына бір елі түспей, соңынан ерген көп ұлық енді үнсіз. Бәрі де қан жұтқандай, терең ойда. Генерал да ойда: «Егер киргиз-қайсақ орыс оқуын оқып, орыс білгенін білсе, араларынан шыққан мынадай ақындары бар елден өз сойқандары, өз декабристері, өз халықшылдары шықпасына кім кепі! Жо-оқ бұларды орысша басқарып, киргизше сөйлетіп қою керек. Тіл үйренді дегенше-ақ беттен алып тұра келетін не деген ауа жайылған ел... Өз алдына державасы жоқ, мемлекеттік аппараты жоқ ел бағынудың, бойсұнудың да не екенін дұрыс түсіне алмайды екен-ау!.. Мейлі, ін түбінде жатып қыңсылаған дала аңдарында не қуат бар, адамға түсініксіз тілмен қыңсылайды да қояды».

Лосевскийдің жабырқаңқы көңілін қалай көтермекті ойлап, құс салдыра алмағанына, қызық көрсете алмағанына қынжылған Нұртаза:

— Әй, мырзалар, мына қаршығаны қақпа салып, жандаралдың күймесі-

не тастайық. Омбыға жеткенше, әйтеуір бір құс көрінер аспанда, салсын, қызығын көрсін, — деп маңындағыларға ат үстінен айғайлап еді, Азынабай:

— Қой, өліп қалмай ма... бабы болмаған соң... — деп қабақ шытты.

— Әй, Нұртаза, әкел Көкжендетті, ойыншық еткің келген екен. — Ақан Нұртазаға қатарласа қолын созып еді, анау қаршығаны екінші қолына ауыстырып, атын тебініп, Коноваловтың қатарына жетті:

— Немене, мәртебелі жандаралдан жаман құсыңды аяйын деген екенсің. Өзіңе ақша керек пе, ақша. Қаншаға сатасың? Төлеймін ақшасын. Жандаралдың бір көрген қызығы неге тұрады.

Нұртазаның сөзін басқалары да қолдап кетті.

— Е-е, бұл базар емес қой, құс сататын...

— Алсын-алсын жандарал...

— Жолда қызығын көрсін, — деп соңындағылар да алда үнсіз жортқан генералға естірте, әулекілене айғайлады. Жамбасында сарала қылышы салаңдаған урядник Тютин серіге жанаса келіп, көзін ақшандата қарады. «Бермесен, зорлықпен аламыз, немді қыласың?!» деген сес бар жүзінде. Ұлықтардың мына қиянатына қорланған Ақанның көз алдына қанаты далбаңдап, қап ішінде аласұрып жатқан құсы, айдалада аспанға ұшырып, қаңғып, адасып қалған мүсәпір Көкжендеті түсті. Түнеукүні қара тайды атып өлтірген жолы, казак-орыстар Ақанның екі мылтығының бірін жасаулы, жасаусыз, оқ-дәрілермен қоса алып кеткен еді. Енді Көкжендетінен айырылса... Ыбанына не деп бармақ? Жоқ, намысшыл Ақан бұл жағын ұлықтарға айтып, кішірейгісі келмеді. «Апырым-ай, иесіз түзде, көл жағасында күнелткен пенденің де мазасын алып тыныш отырғызбағандары-ау бұлардың. Қайда барып, қайда сіңіп, бұлардың көз алдынан кетіп тіршілік етерсің?!»

— Қаз, қаз!

— Әне, қаздар-қаздар! — деп шу еткен жұрт аттарының басын тежеп, аспанға қарасып тұра қалды. Жабырқаған Ақан көңілін сергітейін дегендей, ойда жоқ жерде, сонау аспан төрінде бір топ қаз тізіліп ұшып келеді. Көкжиектегі таңдай-таңдай бұлт арасымен қатқан күннің ал қызыл шапағына малынған қаздардың бауыры жосамен бояғандай қып-қызыл. Аспанға шалқалай қараған салт аттылардың көзі қаздарда. Анда-санда қиқулап, әлдебір алыс сапардан шеру тартқан қаздар өткір желді қақ айырып, бұлардың үстіне де таяп қалды. Тап астынан ажал оғындай атылар қаршығаны қайдан білсін. Нұртаза қолындағы көптен құсқа салмай зеріккен Көкжендет те енді дүр сілкініп, қиқулаған қаз дауысына елеңдеп, басын көтеріп, көзі шегірейіп алақ-жұлақ етеді.

— Жібер, жібер?

— Бол енді, жібер!

Тықыршыған ат үстіндегі адамдар да бір шоғыр қарғаларша шулайды.

Құстың бабын да, мінезін де білмейтін жат адамдардың қолында ертең мазақ өліммен өлер Көкжендеттің ендігі азаттығына Ақан да қуанғандай:

— Жібер, жібер, тәуекел! — деп, қосыла айғайлай беріп, аһ ұрды. — Балақбау, шыжым! Қап әттеген-ай!

Ақанның соңғы сөзін ешкім аңғарған жоқ. Нұртаза бұл кезде шиқылдап, жүні дүрдиіп, ызалы талпынған қаршығаны толғай беріп, аспанға атқан. Сонда барып Ақанның да, басқаларының да көзі шалып қалды: Көкжендеттің қысқа балақ бауы шалқып, шыжым бірге кетті.

Тоқсан толғап, шірене тартқан жебелі садақ оғындай, құнжия атылған Көкжендет сонау көз көрім биіктен алыстағы көлге қарай төмендей берген қаздардың тап астына зымыраған бойы жетіп-ақ барды. Қас қағымда тура алдынан қадалар ажал оғын көріп қалған қаздар қаңқ-қаңқ етіп, қайта көтерілгенше болған жоқ, булығып ұшқан құстың бірнешеуін қатарымен көз ілестірмей түйіп түсірер әккі қаршыға орта тұсындағы біреуінің дәл топшысынан ұрып өтті. Қаңқ еткен бейшара аспанға далбалақтап қайтып көтеріле алмай, төмен қарай сорғалап келеді. Қызыл ала қаздар аласапыран, далақтап, жұптары ажырап быт-шыт болды. Нағыз қан майдан. Жалт бұрылып, найзағайдың оғындай жарқылдап кеп, Көкжендет тағы бірінің қапысын тауып ұрып өтті. Тағы бірі төмен сорғалап, далбалақтап келеді. Аспанда шашылған қаздар да жан-жаққа безіп, бет-бетімен ыдырап, қиқулай жөнелген. Әбден қызып алған қаршыға енді аспанға қайқаң етіп тік көтерілген қаздың соңынан бұрыла салғанша болмады, әлсіреген қанаты жазыла беріп, аспан төрінде өз-өзінен қалбаң ойнады. Қайта түзеліп, егескендей болған жеңіл Көкжендетті қатты жел ыққа қарай қақпақылдап, алып кетті. Енді түзелмесіне көзі жеткен қаршыға жел бағытымен ығып, төмен қарай, алыстағы тоғайларға қарай сорғалай жөнелді.

Қанаттары қайырыла, бөтегесімен дүрс-дүрс құлап, жан дәрменде қайта тұрып, далбалақтап жатқан қаздарға қарай ұлықтар екіге бөлініп, тасырлата шауып барады.

Аттардың тұяғынан дүңкілдеген жердей, алып-ұшып дүрсілдеген жүрегі кеудесіне сыймай, Көкбестісін тебінген Ақан Көкжендетінің соңынан айғайлап, тоғай жаққа қарай құйындай ұшты.

«Шыжымына оралып, итжемеде өлетін болды-ау», — деп, Көкжендетін аяған Сері: «Бопым, Бопымдап» шақырып, көрінген тоғай құсының шаңқылдаған даусына елегізіп жүре-жүре, тас қараңғы орманға қалай бойлай кіргенін де аңғармады.

Жел тынып, маужыраған жылы түнде алыстан алаулай жанған биік оттар көрінген. Көкше жерінде көшіп жүрген қалың сығандар көші екен...

3

Күн әлгінде ғана батып, қызыл шапағы әлі тарқамаған кешкі бейуақ, ала көледке шақ.

Ақан үш тағанға ілген бақыр астына кебу қайың тұтатып, үйрек етін асып отырған. Ыбан әкесінің иығын жұлмалап, тоғай жақты нұсқады.

Көзінде үрей. Ақан баласы нұсқаған жаққа қарап еді, қалың ағаш бауырынан жалғыз қарайған көрінеді. Малға да, аттылы адамға да ұқсамайды. Ақан ұзақ қарап отырып жобалады — жаяу жүргінші екен. Ілбіп келеді. Ара-тұра бойы кішірейіп, бір түп шоқшадай болып, шоқшиып отырады. Әлден уақытта қайта тұрып, қайта жылжиды. Дауыс жетер шақырым жердегі тоғайдан шыққалы қаншама уақыт өтті. Қыбыр-қыбыр етіп жете алар емес. Далаға ымырт түсіп, қою қараңғылық бүркеген сайын бұлдырап барып, мүлдем жоғалды. Тастай қараңғы түн біржола жұтып қойғандай, көзден таса болды.

Ыбан әкесінің иығынан тартып, тағы да ыммен сұрады: «Кім ол? Қайда кетті? Осында келе ме?»

Ақан иығын қозғап, «кім екенін қайдан білейін, қайыршы шығар» деп, иініне дорба салған адамның кейпін көрсетіп, тіленшілерше алақанын жайды. «Қазір осында келеді, отты көрді ғой» деп, иегімен лаулаған отты меңзеп, сүк саусағымен жерді түрткіледі.

«Апыр-ай, бұл кім болды екен? Аштық зардабынан әлі құтылмаған бұл қай бейбақ? Жұрт жаз шыға томарлар мен бықыған көл атаулыны аралап, жұмыртқа алып, құс аулап сәл көтерілмеп пе еді? Қыс қаһарынан қысылып, әлі айықпаған бұл қай байғұс?» деп отқа қайың бұтақтарын тастап отырып ойға қалды.

Қара бақыр сақырлап қайнап жатыр. Ақан қолына майлық алып, ағаш қақпағын көтере бергенде Ыбан әкесін бас салып, үрейленіп, артына тығылды. Қолынан қақпақты түсіріп ала жаздаған Ақан бақырды жартылай жауып, қараңғылыққа үңілгенде отқа қарап үңірейген біреуді көрді. Жақындауға қорыққандай, не айдалада тамақ пісірген екі еркекке таңырқағандай мелшиіп тұр. Көзі үйрене келе анық байқады, сақал-шашы аққудай, үсті жалба-жұлба, мойнында дорбасы бар, жалаң аяқ қайыршы.

— Бүгім әй, кімсің өзің? — деп Ақан да үрейлене сұрады.

— Қы-қы-қыдыр-мын, — деді бейсауыт дауысы қарлыға.

— Қайдағы Қыдыр? Маған баяғыда Қыдыр бір рет қонып, аян берген, соның салауатынан жалғыз қалдым, енді жанымды ала келген әзірейіл шығарсың? — дегенде, үні біткен қайыршы кемсеңдеп:

— Ақ-Ақан, Ақ-а-ан-жан! — деп ұмтыла бергенде мосы астындағы қайың шытыр етіп, шоқ ұшып еді, анау «Алла!» деп отыра кетті.

«Ау, мынау мені білетін біреу болды ғой, таныды». Ақан ұшып тұрып қайыршыны демеп, тұрғызайын деп еді, ол сіңірі тартылған адамдай, аяғы серейіп жатып алды. Өрім-өрім шапанынан тартып отқа қарай сүйрелеп еді, іріп тұрған киім қолға ілікпей, дар-дар айырыла берді. Қолтығының астынан алып сүйреген Ақан, өлген текедей дырылдатып әкеп шай қайнатқан жерошақтың қасына жеткізді де, қос түбінде жатқан ер-тоқымға Ыбанды жұмсап, басына жастандырды.

Ақан от сәулесінде өңі қуарып, талмаусырап жатқан арық адамның жүзіне ұзақ қарап отырып, зорға шырамытты. Кезбе Құсайын — атақты

Су Құсайын. Екі бетінің ұшы қызарып, көкшіл көзі ойнақшып отырып әңгімені судай сапырып, ертегілерге өз жанынан қосып қойып, мәнерлеп көсілетін жылмақай жанның жүзі адам танығысыз өзгеріпті. Бітіп кеткен көздің алды қалталанған ісік. Беті де күлтілдеп тұр. Аштықтан басы ісе бастаған екен. Енді бірер күннен соң ісік тұла бойына жайылғалы тұр. Ісік май табанға жетіп, адам жүруге жарамағанда, сарғайып өледі деуші еді.

Сері жалма-жан үйрек сорпасын тостағанға құйып, суытып, ағаш қасықпен Құсайынның аузына тамызды.

Әуелі езуінен аққан жылы сорпа там-тұмдап көмейіне де кетсе керек, Су Құсайын кезерген ернін қимылдатып тамсанды. Ақан екі-үш қасық майсыз жеңіл сорпаны жөрмелете құйғанда, енді бір тамшысын ағызбайын дегендей, аш байғұс, торғайдың қызыл шақа балапандарынша, аузын арандай ашып, өзеурей түсті. Бұдан соң кеңірдегі тарсылдап жұта берді, жұта берді.

— Болады енді, ішінді айдап кетер, — деп Ақан қасықты тартып алғанда; — Ө-өліп, өліп барам, жү-жұтқыз-шы, алда риза, алда, алда, — деп көзін ашқан Су Құсайынның денесіне қайтадан жан бітіп, тірілейін деді. Енді сөзге айналдырмақшы болған Ақан:

— Оу, Су Құсайынбысың, қайдан жүрсің? — дегенде, қолындағы қасыққа ұмтылған ол, бәрін кейін айтам дегендей, басын изей берді.

— Ай, өле алмай жүріп, суайттығыңды қоймайсың-ау. «Қыдырмын» дейді. Сүйекпен бірге біткен әдет көрге бірге кетеді-ау, — деп Ақан күлгенде, Су Құсайын да езу тартып жымыған болды:

— Ақанжан, с-сені танымай қ-қалды-ым.

— Е, бөтен біреу болса, Қыдырмын деп алдап, қонағасысын жеп кетпекшісің ғой. Бірақ сенің бармағыңнан танымай ма, Қыдырдың бас бармағы буынсыз, сүйек болмайды, деуші еді, қане, көрейікші, — деп күлген сері үйректің бір бұтын қолына ұстата салды. — Мә, мынаны, шамаң келсе, же. Бүгінше осы жетеді.

Бабымен піскен семіз үйрек етін аузына салып, тісін батыра жеуге жағының шамасы келмеген Су Құсайын қомағайлана сорып, анда-санда мылжаңдап жатып ұйқтап кетті...

Ертеңінде күн арқан бойы көтерілген екен. Ақан орнынан тұрып, көлге жуынып, шай қойды, ішінде еті бар сорпаны жылытты. Су Құсайын кешегі жатқан жерден тапжылмапты. Күн қыздырғандікі ме, аш өзекке түсті ме, маңдайынан шып-шып тер шығып, езуінен сілекей ағып жатыр. Анда-санда киімінің кез келген жыртығына қолын сұғып жіберіп, дыр-дыр қасынады. Сояудай боп өскен тырнақ осқылаған тамағының асты қып-қызыл, кей тұсын жаралап, сойып кетіпті.

Буы шыға бастаған үйрек етінің иісі барды ма мұрнына, Су Құсайын бір-екі рет мұрнын тартқылап, мазасыздана қышынды да, ерден басын көтерді. Кешегідей емес, әжептәуір әлденіп қалыпты. Ширақ тұрып, үш аяқ ошаққа жақындады.

— Ақанжан, мен бір сұрапыл түс көрдім.

Қолын денесінен айырмай, тұла бойында өші бардай тыр-тыр қасын-ғанын жақтырмаған Ақан қабағын шытынып:

— Өзі сүйегіңе ілініп әрең тұрған терің жыртылды ғой, байғұс-ау, қойсаңшы бір мезгіл, — деп еді, анау:

— Е, Ақанжан, әлгі ақ жорғалар ғой, аштық бір жағынан сорса, бұлар бір жағынан сорып, қанымды ішіп болды. Ана бақырыңды ошақтан алып, мосыңа іле тұршы, көйлек-көншегімді мына отыңа бір қарсалап алайын. Сосын шайың бар ма, таңдайым кеберсіп, өліп барам.

Ақан қолын сілтеді.

— Әрі отыр онда, әрі отыр.

— Осы маңда, Ақанжан, құмырсқаның илеуі бар ма? Ау, мынау Ыбанжан ба, өзі дардай азамат боп қалыпты-ау, тіпә-тіпә, — деп қостан мау-жырап шыққан ұйқылы-ояу Ыбанға қарады. — Бұл маңды түгел шарлаған шығар-ау, балалар бәрін біледі, осы маңда құмырсқаның илеуі бар ма? — деп енді Ыбанға қарап, қолымен төмпешік жасап, саусақтарын үстімен жорғалатты.

— Оны қайтейін деп едің?

— Оу, Ақанжан, сен білмеген жер астында ғой, әйтсе де құмырсқаның бір кереметін айтайын, әуелі бір кесе шәй берші, қайнап қалыпты ғой, — деп тағы да қышынып, — шаршап-шалдығып келе жатып, ай далада ұйқтап қалыппын. Үстім жыбыр-жыбыр еткенге ояна келсем, қойны-қонышым құжынаған құмырсқа. Жанталасып атып тұрып, қағындым-соғындым. Не керек, биенің бір сауымын безектеп, әрең тауыстым-ау. Содан жолға түсіп тағы жүріп кеттім, айтқандай, неге жаяу қалғанымды айтпаған да екем ғой. Ақанжан-ау, құдай ұрып, жалғыз атымнан айырылдым ғой. Бұл қу кедейлік...

— Жәрәйді, кейін айтарсың, әлгі құмырсқалар не болды?

— Не болсын, бәрі түсіп-түсіп, бет-бетімен зым-зия кетті. Адамды шақпайтын қара құмырсқа ғой.

— Бары сол ма?

— Жо-жо, қызығы бар, тұра тұр. Содан, саған өтірік, маған шын, батыр-ау, бұл не болды, не болды деймін: денем бір түрлі жеңілейіп, өзіме қанат біткендей көңілденіп, қара жолға табаным бір тиіп, бір тимей ұшып келем. Құр атқа мінсем, мұндай масайрамаспын.

— Иә, не бопты?

— Ақанжан-ау, әлі түсінбедің бе? Бұрын қолтығымнан, ышқырымнан кетпейтін қолым босап, қышыну дегенді білмеймін, сөйтсем, рас айтам, өзіме-өзім сенбей, кейін ешкім жоқ қой деп, айдалада киімдерді шешіп те қарадым. Аллаң кімге тисін, қарағым-ау, киімімде, тіпті қырық жамау, шоқпыт-шоқпыт тігісінде ырымға бір ақ жорға жоқ.

— Иә, олар қайда кетіпті?

— Әлгі құмырсқалар бір-бірден үлестіріп алып кетіпті.

Ақан жаңа түсініп, қарқылдап тұрып күлді. Көптен күлгені осы шығар, ішегі түйілгенше күлді. Ыбан ғана түкке түсінбей, жаутаңдай береді.

— Ақанжан, күлме, күлме, бір өтірігі жоқ. Оған көзім жетті ғой. Кейін тағы бір көбейгенде, әдейі іздеп құмырсқаның илеуін тауып алып, «ап бәлем» деп әуелі көйлегімді, сосын дамбалымды тастай бердім. Айналайындар, құжынып кеп бас салды. Құдай-ау, мерзімін біліп алайын деп, айналасы екі ауыз өлең айттым ыңдылдап. Ұмытпасам, «Екі жиренді» айттым-ау деймін. Баппен айтылатын айшықты ән болғанмен, екі ауыздың аты екі ауыз ғой. Өлеңді аяқтасымен енді бір көрейін деп, көйлегімді таяқшамен суырып алып, қағып-қағып жіберіп қарасам, ой, шіркін деген, бір жерінде жорғабайлардың аласы да, құласы да жоқ.

Жоқ деймін-ау, әлгі мөлдіреген жабысқақ сіркеге дейін жоқ — құлан таза.

— Олар бір кетсе, қайдан шыға береді, ар жағында өзің салақсың ғой, құдайдың суы, сақардың сабыны бар емес пе, қартайған сайын не боп кеткенсің, бір басыңа құнтың жоқ, — деп Ақан енді кейі сөйледі. — Баяғыда бірге жүргенде мұнтаздай едің, сабының да қалтаңнан түспейтін...

— Ойбой, Ақанжан, қазір сабын түгілі, бас қайғы боп кеткен жоқ па. Бұл жарықтықтар адам арыған сайын шыға беретін көрінеді. Бұлар да басынады-ау.

— Қой енді, қайдағы сылтауды айтпай?

— Тұра тұр, сенбесең тағы бір қызық айтайын. Биыл аштықта жұтап, сонау Теке жағының бір ауылы түгел қырылып қалыпты.

— Не дейді?

— Е-е, әлі естімеген екенсің ғой. Әңгіме көп әлі. Тамақ ішіп әлденіп алайын, сосын бәрін айтам. Ана кептірген үйректерің бар көрінеді, көбірек салмадың ба, басын да тастамай сал, құстың басын жеген адам қалтақ бас боп кетеді деуші еді. Өшейін, тоқтықта мыжыған былшыл екен. Иә, не айтып отыр ем...

— Жарайды, жетті енді, — деп Ақан тыжырынып, Ыбанмен ымдасты: қолымен сандықтың нұсқасын, киіп отырған көйлегін, басқа киімдерін көрсетіп, қосқа жұмсап жіберді. — Ал, Қыдыр ақсақал, қане шешін, түгел шешін, тыр жалаңаш.

— Ұқтым түтініннен, — деп жымыңдады Су Құсайын. — Киім бермексің ғой, мыналарымды онда орап алайын ба?

— Ол шоқпыттарыңды қайтпексің, енді иығыңа қайта ілуге жарар деймісің, оның үстіне... отқа таста, содан соң көлге барып жуын...

— Қой, Ақанжан, обал да. Одан да көлдің жағасына тастайын да.

— Немене, көлді ластайын деп пе едің. Таста қане, шеш тез.

Ыбан көнелеу болса да, тап-таза ақ көйлек-дамбал, ескілеу шапан, балағының оқасы жырымдалып тоза бастаған шалбар алып шыққанда, Су Құсайын қуана шешініп, өз жыртығын отқа тастарда қимай тұрып қалды.

— Таста, таста. Ана бұғыңдағыны да таста.

Қабырғасы арса-арса, омыртқалары шодырайып қу сүйегі қалған Су Құсайын дамбалын шешпей, Ыбанға жалтақтап қарай берді:

— Ұят болады-ау баладан, көрініп қалады-ау!

— Немене, балада жоқ дедің бе. Шеш, шеш, тез отқа таста.

— Бары бар-ау, бірақ менікі елде-күнде жоқ неме... — деп қыбыжықтай берген Су Құсайын шынын айтты. — Ақанжан, айта алмай тұр едім — жарық едім.

— Қайдағы жарық, қой сылтауды, көлге бәрібір жібермеймін сорғалатып... Қашаннан бері жарық болып жүрсің.

— Сенбейсің, Ақанжан? Кеше өзің көрмедің бе, ошақтағы қайың шатыр еткенде жарығым түспеді ме... Қазір елдің бәрі біліп алған. Қайсыбір еріккен байлардың қатындары, үйлеріне барсам, әңгіме сұраған боп, қазандық аузына шақырып, көзімді ала бере отқа тұз тастай береді. Аллаң көзге тимесін, тұз шытыр-шытыр ете қалғанда... Ұйбай-ай, тіпті есіме алсам жаным шығып кете жаздайды. Ұйбай-ай, не болды, тағы түспесе игі еді... түйіліп қалғаны несі... Ойбо-ой, Ақанжан, әңгіме көп, бұл мұндардың менен аяғаны бар ма. Тұра тұр, қалай сорлап қалғанымды айтайын, мұны тірі пенде білмейді, мені аясаң аузыңнан шығара көрме. Баяғы барымтадан соң әлгі Нұртаза болыс...

— Жарайды-жарайды, оны кейін айтарсың. Әуелі көлге барып жуын, тазалан, сосын шашыңды алып берем, тырнағыңды ал сояудай қылмай, мына күйіңмен тамаққа отыру обал. Қане, тез, дамбалыңды таста! — деп Ақан сөзді көбейтіп кеткен Су Құсайынға сәл қатқыл үнмен әмір ете сөйледі де, «Ыбанжан, әрі қарап тұршы» деп ымдады.

Теріс қарап тұра беруге шыдамаған Ыбан көз қиығы Су Құсайынға түскенде, сақылдап кеп күлді. Бетпердесі бұзылып, өлгенше күлді. Саңырау адам өз даусын өзі естімейді. Ыржалаңдап ішегін тарта, қиқылдап, бақылдап күлген ұлын аяған Ақан «бар, көлге бар, сабын ала бар» деп ымдады.

— Жарайды, созбалай бермей, бар енді көлге.

Аппақ сақалын самал үрлеп Қоскөлге беттеген тыр жалаңаш Су Құсайынның ту сыртынан қарап қалған Сері өз-өзінен мұңайып, шерлі ойға кетті: «Терісі етіне жабысып, омыртқалары шодырайған қарт буын-буыны сыртылдап, зорға жылжыған көтерем текедей. Қатты жел тұрса, қираң етіп құлағалы барады. Қушыып, әжімденген кәрі құйрығы да бүрісіп, бір тал етсіз қабырғасы ыржың-ыржың етеді. Алдында кесе-көлденең шыбық жатса сүрініп, омақаса түсетін сияқты. Қайран, қазағым-ай, қолың кең, ырысың мол, жерің жаннат-ау. Әттең бір жұт дауылы соғып кетсе, қиралаңдап қалатын Су Құсайын секілдісің-ау. Өлгенің өліп, қалғаның қалып, аузың аққа тисе, кешегінді бүгін ұмытып кетер не деген жайбарақат халықсың. Жатып ішіп, жалқау жылжуға үйренген, төтеден келер қиямет-қайым, қысастық пен қиянат болса, құдайдың жазуы деп, көнбістікке төселген не деген терісі кең салғырт жұртпыз...»

Он шақты күннің ішінде күс етіне аузы жарыған Су Құсайын кәдімгідей тыңайып, қоңайып қалды. Қоскөлді жағалап, тұзақ құрып, тұрымтайға күс ілдіріп, Ыбанмен ілесіп жүруге жарады. Ақ жарқын қарттың қосылғанына Ыбан да мәз. Отыра қалған жерде балаға неше түрлі ертегілерді судай сапырып айтқан болады. Ыммен сөйлеуге шорқақ шалдың бұрынғы ертегілерді бұзып айтып, жанынан қосып мәнерлегеніне Ақан да ішек-сілесі қата күледі. Жалғыз көзді диюды көрсеткенде, бір көзін басып, маңдайын шұқып, түздай көзін бақырайта қадағанда, Ыбан шынында да қорқынышты дәу алдында отырғандай үрейленеді. Енді дию мен батырдың алысқан жерін көрсеткенде, өзін-өзі жұмалап кеп, бір аяғымен екінші аяғынан шалып жығып, көгалда бір бие сауым домалайды. Біресе дәу үстіне шығады, не керек, қара терге түсіп, өз жанын өзі жұлып жеп, әбден зорыққанда барып, молдасоқына ентігіп-ентігіп отырды да, аспандағы күнді нұсқап, он саусағын көрсетеді. Онысы — он күн, он түн алысты дегені. Ыбан мұндайда сұрақ қойғыш-ақ. Алақанын жағына төсеп, көзін жұмады, аузын ашып, қарнын көрсетеді. Онысы — «сонда олар ұйқтамай ма, тамақ ішпей ме?» дегені. Тамақсау Су Құсайын ас туралы сөз қозғала қалса, қосқа қарай жөнеледі.

«Ой-бой, әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді, ертегімен отырып, тамақты ұмытып кетіппіз-ау», — деп, шөген астына от жаға бастайды.

Екі жылдай ұлымен ыммен ұғынысып, анда-санда кездескен адамдармен болмаса, тілмен сөйлесуді ұмыта бастаған Ақан Су Құсайын келгелі шешіле сөйлеп, бой жасаған адамдардай бір серпіліп қалып еді, не керек, бір күннің ішінде қарт сабындай бұзылды. Түн баласына кірпік ілмей, ұйқысыз мазаланып шыққан Су Құсайын таң алдында ғана қор ете қалып, сандырақтап сөйлей бастады. Әлдекіммен ұрысқандай, өзі айтатын дәумен алысқандай аунақшып, дөңбекшіп, анда-санда қиқылдап, демі біткендей қырылдап жатты да, бір мезетте баж етіп оянып, орнынан атып тұрды. Жан-жағын сипалақтап, бірдеме іздегендей біраз әуре болды да, көрпесін қымтана түсіп қос бұрышындағы кебежеге арқа сүйей отырды. Бозарған таңның сәулесі түскеннен бе, немесе әлденеден зәресі ұшып қорқып отыр ма, өңі де боп-боз болып, құты қашып, аятты шұбырта береді. Көзін саңылаулай ашып, енді, қайтер екен деп ұзақ бақылап жатқан Ақан күн шыға басын көтерді.

— Ақанжан-ай, жаман түс көріп, жаным қиналғаны. Апырым-ай тамағым кебірсіп барады, шай қайнатып ішпесем, — деп көзі удай ашып, жағы суалған Су Құсайын орнынан тұрды.

Кептірген жидек жапырағынан қайнатқан ыстық шайды маңдайы жіпсіп, сораптап отырып:

— Түсімде марқұм әкемді, әжемді көрдім. Жарықтық әкем жерден алып, жерге салды. Неше жыл ел ақтап, тентіреп жүріп, маған бір келіп

кетсең нең кететін еді. Мұсылманшылықты ұмытқаның ғой деп, төне түсті де, жалғыз көзді дәу боп кетті. Әжем сақылдап күліп тамағымнан ала түсті. Тырнақтары саусылдаған жезтырнақ боп, бүрді-ай келіп... Аруақтар жебеп жүр ғой, солардың басына барып құран оқымасам, енді менде маза болмас, — деп, Су Құсайын көрмеген түсін көргендей етіп соққанда, оның өтірік айтқандағы жаси қалатын көзінен, әр қимылынан аңдап қалатын Ақан тапжылтпады:

— Қашаннан бері дұғашыл, құраншыл болғансың. Әжең түгілі, шешемді де, әкемді де көре алмай, кішкентайымнан жетім қалыппын дейтінің қайда? Көрмеген әжеңді қалай тани қойдың?

— Апырым-ай, Ақанжан-ай, біреудің өтірігін де жазбай танитын сиқырың бар ма, немене, — деп Су Құсайын серіге көзінің астымен ұрлана қарады. Мына түрінде Ақаннан да жасқанып, үркіп отырған адамның сыңайы байқалады. — Ақанжан-ау, сенімен ендігі қалған жасымда бірге тұра беруге бармын. Аздап сергіп келейін деп ем. Жүріп қалған табан жыбырлап, аяғым үйі берді. Және де құс етінен шығайын дедім бе. Ел аралап, құрт-мұрт, ірімшік деген сияқты бірдемелер алып келуіме де...

— Әй, Қүсеке, есінде болсын, бұл арадан кетсең, қайтып келме демеймін. Бірақ Ақан мен Ыбан үшін ешкімнен қайыр сұрамай-ақ қой. Барам десең жолың ашық, бірақ бізді мүсіркеме.

Су Құсайын Ақанның зілмен айтқан сөзінен жасқанып қалды.

— Жо-оқ, Ақанжан кеше өлейін деп келгенде тіріліп алған сенен кетіп, кімнің босағасына телмірер дейсің. Әшейін... — деп күмілжігеннен басқа қайырып сөз айта алмады.

Шынында да кеше ел ақтап, жұтқа ұшыраған ауыл-ауылды аралап, өзі жұтап отырған жұрттан аузы жарып ештеме іше алмай, баспана көрмей, айдалада жалғыз кезіп, беті көнектей ісіп өлім қалына келгенде осы Ақан емес пе еді тірі алып қалған. Енді тойғасын жонын бір-ақ беріп кетпекші ме. Өзі де жарым көңіл Серіні тастап, көңілі марқайған адал жанның ренішін қалай арқалап кетпек. Қол ұшын берген адамға алғысы ма ол. Су Құсайын осыны ойлаған еді. Енді не болса да Ақанға серік, ешқайда кетпеске бекінген.

Бірақ... Су Құсайында маза жоқ, ұйқы қашты. Бұрын көл жағалап ұзақ жүргенде бір шаршамайтын жел аяқ, енді аяқ астында көрілігін сылтау ғып Қоскөл жаққа баспайды. Бара қалса, әлденеден үрейленіп, алақтап, мазасы кетеді, күн еңкеймей қосқа қарай безеді.

Бір түннің ішінде өзгерген Су Құсайынның мына қылығын Ақан алғашқыда сезбеген, кейін ұқты.

Сол түні күні бойы отын әкеп, құс аулап, бес-алты үйрек етін қақтап, Қараторғайды тояттандырып, жаңа жерошақ қазып, көп шаруа тындырып, кешкі астан соң ертерек жатып қалған бұлар көп уақытқа дейін қос ішінде әңгіме құрды. Су Құсайын биылғы аштыққа ұшыраған елдің мүшкіл жайын, көрген-білгендерін айтып, ақыры бүгін, көп жүргендікі ме,

жарығы түсе жаздап үрейленгенін сөз етіп, неден мүгедек болғанын ұзақ әңгімелеген. Ақан үнсіз тыңдап жатыр.

— Содан, — деді, баяғы Нұртаза барымталаған жылқыларды қалай көріп, ақи поштабайдың қалай алып келгенін түгел бақайшақтап айтқан Су Құсайын, — «болыстың тамақ бер» дегені «таяқ бер» дегені екен. Жәнібек Нұртазалар отырған үйден шығысымен, қашып кетпесін дегендей, оң қолымнан қарыстыра ұстап алды да, ат шаптырым қараңғы қораның ішімен дедектете жөнелді. Бықырлаған көп ашаның арасымен имийіп алып тартқанда бір соқтықпайтынын қайтерсің. Қатар келе жатқан мен қақ ашаға басымды талай соғып, көзім алды жарқ етіп қан қақсادم. Маңдайым ағашқа соғылғанда-ақ шодырайып ісіп шыға келді. Сол қолыммен сипап, жан даусым шықса да, ақи поштабай қарар емес, дырылдата сүйреп, қораның бір қалтарысына әкелді. Төбеде тесік бар-ау дедім. Даладан ала сәуле түскендей бозамық тартады. Әлде көзім үйренгендікі ме, жүрегім су ете қалды: екі адам алдымыздан қараң етіп шыға келгендей болды. «Әу, қайда әкелдің, не істейін деп тұрсыңдар» деп дауысым дірілдеп, жалбарынғанымша болған жоқ, әлгілер, базардағы қасапшыларша, бас салып үстіме міне түсті де, киім-кешегімді сыпырып алып, тыр жалаңаш қалдырды. «Әу, бұларың не, қарғаларым-ау» деуге ғана тілім келді, қалай жалп етіп құлағанымды білмеймін, тепкінің астында қалдым. Ыңқ-ыңқ етіп, басымды қорғаштай бердім. Бір кезде тап шаптың тұсынан біреуінің аяғы сарт ете қалғанда, есім ауып кетті... Содан қай мезгіл екенін білмеймін, екі қарым талып, тынысым тарылып барады. Көзімді ашсам, құдай-ау, мұндай да қиянат болады екен-ау, алдында қайда тұрғанымды түсіне алмадым. Сөйтсем, әлгі жауыздар тепкінің астына алғаны аздай, екі білезігімнен қыл арқанмен байлап, тыр жалаңаш қалпымда қораның мәткесіне асып қойыпты. Кәдуілгі, терісін іреп түсіріп, екі қолдан ілген бауыздалған өлі қой сияқтымын. Әйтеуір бір жақсысы, басым орнында, тұла бойымда жан жоқ. Тілім түкке келмей қырылдасам керек, сол-ақ екен, тура жауырын ортамау деймін, қамшы ма, шыбық па, осып-осып жібереді. Бірдеме деп ұрсатын сияқты, бірдеме сұрайтын сияқты. Оны түсінер ес қайда?! Тағы да талып, ұйқтап кеткендей болдым.

Су Құсайын көрген тауқыметі қайта есіне түсіп, күрсініп, ұзақ үнсіз жатты да, қайта жалғады.

— Содан, не керек, бір малайының үйінде жатқанымды бір-ақ білдім. Тұла бойым көтертпейді. Қай жерім ауырып, қай жерімнің сырқырағанын да айыра алмадым. Әйтеуір он екі мүшемде сау қалған жер жоқ-ау деп жорамалдаймын. Нұртазаның бір-екі күндері кезекпен келіп, аузыма су тамызып, нәр татырады. Сөз түсінеді-ау деген шаққа жетсем керек, бір күні солаң етіп ақи поштабай келді. Қолында бүктеп ұстаған қамшы, алдымда жүрелей отырып, қамшысын селтендетіп зекіп, ұрсып отыр. Қорқытып отыр. «Әй, суайт, кеше өлтіре салайын деп едім, аядым. Ал есінде болсын. Сен Қызылжар жағында ешқандай ала жылқы да, құла жылқы да көрген

жоқсың. Егер бұдан былай тірі жанға ондай өтірігіңді айтар болсаң, шыбын жаныңмен қоштаса бер. Түсіндің бе, ай, сілімтік неме!» — деп, төніп-төніп қояды. «Түсіндім, енді аузымнан шықса кәпір өтейін!» — деп жалынып, жылап та жібердім-ау деймін. Әйтеуір ол жолы қамшы жұмсамай кетті-ау. Содан, екі айдай малай үйінде ешкімге көрінбей, далаға дәретке кіріп-шығып қана жатып, ақыры кеттім-ау. Кетерде тағы ескертті. «Егер осы үйде көргеніңді тісіңнен шығарар болсаң, мүрдем кетесің», — деп нығарлап жіберді. Ноғала көз шабдарым, екі айдың ішінде ыңдыршағы айналып, әбден арып, зорығыпты. Не істегендерін кім білсін. Көп ұзамай серігім өлді... Тепкінің астына алғанда, көк етім жыртылып, бір тамыры үзіліп кетсе керек. Ақанжан-ай, аузымнан шығып отырғаны осы, қайтейін жарық боп қалдым... Өлімге бойсұну оңай емес екен, содан бері талтаңдап, шатқаяқтап жаяу ел кезіп жүнелтіп жүрмін. Қайтейін, кімге шағынайын, кімге әлім келеді. Бар болғаны содан бері аңдап сөйлейтін жасқаншақ, қор адам менмін!

Су Құсайын қараңғыда көзінен аққан жасын жұтып, үнсіз жатты.

Ақан да үнсіз.

— Не деген айуандар еді, — дегеннен басқа ештеме айтпады. Іштей тынып жатыр-ау.

Осылайша екеуі де «демалайық енді» дегендей, сөзді доғарып ұйқыға ене берген еді, көл жақтан сыңсыған ән естілді. Су Құсайын алдында ұйқысыраған аққу үні ме деп еді...

Айдаладағы көл тіршілігі де қызық қой. Кейде түн ортасында қамыс ішінен неше сырлы үн естіледі. Көл күрсінеді, көл жылайды, көл сыбырлайды, көл күледі. Күн бата ұйқыға енетін құстар кей түндері тым-тырыс бұйықса, қайсыбір түндері мазасызданып шығады. Алдымен ащы шаңқ ететін — қызғыш. Оған қосыла терең көлдің орта тұсынан қаңқылдайтын қаз даусы естіледі де, әлденеге таласқандай үйірлі қаздар бақ-шақ болады. Содан кейінгі көл ішінің шуы қызық. Бар-бар еткен қоңыр үйрек, қырқылдаған қасқалдақ, тобымен ұшып қашан қайта қонғанша шиқ-шиқ етер өгіз шағала, қара бас шағалалар қосылып, Қоскөлді бастарына көтереді. Тегі, әлденеден үркетін болар-ау. Бұларға қосылмай өз бетінше әндететіндер көлдің қоғасы мол, саяздау, қорыстау жағалауларындағы мың-мың көлбақа. Кеш түсісімен тамақтары бүлкілдеп, құрылдап жатқандары. Кейде тап қостың үстінен бақылдаған ешкі құсап, жерге қарай құлдилаған тауқұдірет қанатының дыбысы естілсе, түн баласына өзінше жылқы айдап мәз болатын жылқышы ысқырығы, тұмсығын тақылдатып жарбаңдайтын жапалақ, қалың көде арасынан «бытпылдықы-бытпылдықы, қайда барсам, бытпылдықы» деп, таң атқанша жағы тынбай сайрайтын бөдене, қалың тоғай жаққа қырқ-қырқ етіп ұшып бара жатқан тарғақ үндері қою түнді жаз әніне бөлейді. Күндіз ұйқтап, түнде жортатын қосаяқ, қарсақтар да қос түбіне, жерошақта сөне бастаған қоламтаға таяп, шиқ етіп, ішін тартып тұра қашады. Анда-санда тоғай жақтан қосыла ұлыған қасқырлардың да ішегіңді суыардай созған зары естіледі.

Бұл жолы ән салған адам даусы. Адам даусы болғанда сызылып шыққан қыз дауысын Су Құсайын жазбай таныды. Батыр-ау қандай ән? Айдалада, көл жағасында жападан-жалғыз жүрген не қылған қыз? Жалма-жан орнынан тұрып, қараңғыда Ақан алас-күлес киініп жатыр. Су Құсайын демін ішінен алып, қыбыр етпеді. «Қайда барасың?» — деп сұрауға оқтала берген шалдың өз-өзінен үні біткендей, даусы шықпады.

Ақан қос ішінен аяғының ұшымен басып тысқа шығысымен, Су Құсайын да буын-буыны сыртылдап, қисалаңдай орнынан тұрды. Сері көлге жүгіре басып, жарық ай астында бұлдырап кетіп барады. Су Құсайын жерошақ отынан аулағырақ тұрып тың тыңдады. Әлден уақытта сыңғырлап күлген қыз күлкісі мен қоңыр дауысты Ақан үні қосыла естілгенде, Су Құсайынның жүрегі мұздап қоя берді. Зәресі ұшып, буын-буыны ұйып тәлтіректеп, қалай қосқа кіргенін білмеді. Жүрегі кеудесіне сыймай атша тулап, дүрсілеп, қалың көрпемен басын түмшалап бүркеп алды, көрпеден шыққан аяғын да бауырына тығып, бүк түсіп жатып қалды.

«Шынымен рас болғаны ма, рас болғаны ма?» деп таң атқанша ұйқтай алмай, ойлаумен басы қатты.

Былтыр «Ақан сері әкесі Қорамсаның ескі жұртында жын-шайтан-дармен қосылып өлең айтып, солармен жын-ойнақ салады екен» деп жұрт жағасын ұтаса, биыл, атығай, қарауыл ауылдары «Ақан сері Қоскөлдін жағасында су перісінің қыздарымен түні бойы сауық құрады екен, адам сиқы жоқ дейді өзінде, әбден азынып, перілердің арбауына түсіп кетіпті» деп дүңк-дүңк өсек қылып еді. Апыр-ау, өсек емес, шын болғаны ма? Әлгі сыңсып ән салған, сылқылдап күлген пері қызы емей, немене? Бәсе, әні де адам үніне келмейтін, су түбінен шыққандай шымырлаған бірдеме еді?

Таң ата келген Ақан үнсіз жатып қалған. Ертеңінде көзі қызарып тұрған серінің шүңірейіп кеткен суық көзіне қарай алмай, көңіліне келер деп ештеме сұрай алмай, Су Құсайынның мазасызданғаны сол еді. Содан бері ұйқысы қашып, қараңғы қоста көзін жұмса-ақ айналасында жез тырнақтары салдырлаған, қолтығынан қып-қызыл өкпелері көрінген, құйрық жағы балық тақылеттес, қап-қара төгілген шаштарының әр талы таспадай ирелеңдеген су жыландар, тұла бойынан шырыш иісі аңқыған өңкей пері қыздары қаптап, көзі іліне берсе-ақ үстіне қонжиып басып алады да, демін шығармай қылағындырады. Шалдың аппақ шашын өріп, кейде жабылып кеп қытықтайды. Мұны да арбап, қосып алмақшы-ау араларына.

Пері қызына Ақанның арбалғанына екі-үш күннен соң Су Құсайынның көзі әбден жетті. Күндіз шаршап-шалдыққанын сылтауратып қоста жалғыз қалатын Су Құсайын аздап мызғып алатын, сонда да күндізгі ұйқы түндегідей болмай, кеш түссе-ақ от басында отырып мүлгі береді. Осылайша қалғып-шұлғып, кашан тамақ піскенше көр-жерді әңгімелеп отырған.

Көл ұйқыда. Қамыс басын тербер самал да жоқ. Дүние тым-тырыс. Алысырақта қаудан арасынан бөдене бытпылдықтайды. Алысырақта оттаған тұсаулы Көкбесті ара-тұра пысқырады. Қып-қызыл ай туды. Ол

да дүниеге жарығын төгіп, көк күмбезге үнсіз жылжып, көтеріліп келеді. Тоғай тасасында қызыл ай алаулағанда қалың ағаш өртеніп жанып жатқандай болып еді. Енді көтерілген сайын қайыңдардың ақ балтырларына шейін көрініп, биік ағаштар жер бауырлап төмендей берді. Қамысты көлдің ашық айдындары да ай сәулесіне шағылып, жалтылдай бастады.

Бұлар алдарына жаңа ғана ас қойып, шөгендегі шәй суылдап қайнай бастағанда, көлдің тоғай жақ қырқасынан ат дүбірі естілгендей болып еді, Ақан да, Су Құсайын да елеу етті. Артынша-ақ әнеуіңгі таныс ән естілді. Шалға естіртпейін дегендей Ақан дабырлай сөйлеп, әлдене қисынсыз сөздерді айтып, ән аяқталғанда Су Құсайынға қарап:

— Сендер тамақ ішіп, жата беріңдер. Көкбесті ұзап кетті білем. Кейінгі кезде қасқырлардың ұлығаны жақыннан естіліп жүр, жарып тастап масқара болармын. Сосын көл жағалап, біраз серуендемесем, жүрегім де біртүрлі өрекіп тұр, — деп орнынан тұрып, ширақ адымдап кете барды.

Су Құсайында зәре жоқ. Мақау Ыбан ғана ештеме түсінбеді ме, әкесінен қайда барасың деп сұраған да жоқ. Шөгенді оттан алып, құманға шай салып жатыр. Су Құсайын біраздан соң жүрегін басып, үйрек етін жеген болды, сораптап шай ішті. Содан соң сыр тартайын дегендей, Ыбанға қарап, ыммен сөйлесті:

— Ақан қайда кетті? Көлде не бар? — дегенді зорға түсіндірді.

Ыбан әуелі жымыңдады да, бір кезде ыржалақтап, даусы шығып оқыс күлді. Тегі бұл да бұрын көрген-ау! Басын сипап, төгілген шашты көрсетіп, төсіне қос жұдырығын түйіп ұзақ күлді, тағы бірдемелерді ымдап, аузын томпайтып, көзін бақырайтып отырды да, қолын сермеп, томсырая қалды. Су Құсайын соңғы ымын ұқпаса да, жөй нобайына түсініп, Ыбанның қорықпай, жайбарақат айтқанына бойы үйреніп, үрейін басайын деді. «Оу, осы мен несіне сонша қорқам, құдай алатын жанын өзі алады» деп батылданған Су Құсайын тамақ ішіп болған соң, Ыбанмен тағы ымдасты. «Жүр, соңынан барайық», — деп еді, анау ыммен: «Жоқ, әкем ұрсады. Мен айтты деменіз, ренжиді. Мейлі, жүре берсін», — деп, қосқа кіріп, жатып қалды.

Су Құсайын көп ойланды, көп толғанды. Ақыры, «қой, сақалды басыммен неден қорқамын, бер жағынан барып қарайын, мүмкін, пері қызы деп жүргенім көрші ауылдардағы бір келіншек шығар серіге өзі іздеп келіп жүрген» деп, жүрегін тоқтатып, түнеуіңгі дорба ілген қисық таяғын алып, Ақан кеткен жаққа тартты.

Үстіне Ақан берген жеңіл шапанын жамылған Су Құсайын кәрі буындары сыртылдап ұзақ жүрді. Көл жиегіне жақындауға қорқып, алыстан орағытқан ол, әлден уақытта Қоскөлдің бешпенттің қолтығындай иіліп келген тұсына жеткенде демалып, отырды. Бұл ара қамыссыз жалтыр. Түнеуіңгі құс аулап келе жатып, Ақанмен бірге осы арада суға шомылған. Мөп-мөлдір судың астында бір түйір балшық жоқ, таңдайланған құм қайрақ. Кісі бойламайтын тереңге сүңгіп, үйрекше малтыған сері әріректегі қалың қоғажайға дейін барып, су бетінде ойнақ салған еді.

Бұл уақытта ай биіктеп, дала сүттей жарықтанған. Су Құсайын орнынан тұра берем дегенде, қалың қоғажайдан сыңғырлап күлген қыз даусы, оған қосылған Ақан даусы шықты. Төбесіне мұздай су құйып жібергендей шошып, Су Құсайын қалай қиралаң етіп, қисая кеткенін білмеді. Тұла бойы дірілдеп барады. Етпеттей жатқан бойы су бетінен көзін алмады.

Бір кезде қоға жақтан айдыңға қарай дабырласа малтып, бірін-бірі қуған екі бас қылтыңдап шыға берді. Жиекке қарай жылжып келеді. Су Құсайынның тырп етерге мұршасы жоқ, зәре-құты қалмай, жүрегі алқымына тығылды. Көрер көз ғана сау сияқты, басқа мүшесінде жан жоқ. Көлдегі екеу жағаға жақындады. Құрғаққа шықпады. Екеуі де әу дескендей қатар сүңгіді де, белуардан келетін тұсқа жеткенде су астынан қатар шыға келді.

Су Құсайынның маңдайынан суық тер шықты. Алдымен сопаң етіп су астынан қылт еткен пері қызын анық көрді. Дірілдеген қос анарына дейін көрінген пері қызының иығын жапқан қалың шашы жартылай бетін бүркеп, ай сәулесіне шағылысқан аппақ жоны ақ сазандай жалтырайды. Тап қасынан шыға келген Ақан да әлденелерді жарыса айтып, еркін күліп, бас салды. Екеуі де бір-біріне жыланша оратылып, айналасқанда Су Құсайынның көзі бұлдырап, жасаурап кетті. Су бетінде енді екеу емес, бір-неше пері қыздары қаптап, бәрі қосыла шулағандай, құлағы шыңылдаған қарт, жан жәрменде қалай бұрылып, қосқа қарай жөнелгенін білмеді. Буын-буыны талып тәлтіректеп, аяғын басып тік тұра алмады, маңдайымен жер сүзе бірде құлап, бірде басын зорға көтеріп, «аллалап», еңбектеп келеді.

Жүрегі жарылғандай қорыққан Су Құсайын тағы да жарығы түсіп, қанша жер еңбектегенін де білмеді. Әлден уақытта тап төбесінен ат пысқырып қалғанда барып, басын көтерген. Екі-үш адым жерде айыл-тұрманы ай сәулесіне жарқылдаған, сүліктей, биік қара арғымақ тұр. Еңбектеген адамнан үркіп, осқырынып, танауы пыр-пыр етеді. «Ат боп келіп, алдымнан ойқастаған пері ғой» деп, аят оқуға мұршасы келмеген Су Құсайын талықсып құлай берді...

Бұл күні Ақанның түсі келмеді. Ұйқтамағандікі ме, пері қызымен түні бойы иесіз көлде ойнақ салғандікі ме, екі көзі қанталап, өңі қуарып, қос ішінде шалқасынан түсіп ұзақ жатып алды. Көзі ілініп ұйқтамайды да, тек дөңбекшіп, анда-санда уһілеп, күрсінетін сияқты. Бір түнде ап соққандай жүдеген серіге Су Құсайын да батып ештеме айта алмай, перілердің арбауына түсіп қор болған асыл азаматты аяп, іштей қынжылады.

Күн сәскеден ауа Ыбан қос ішінде шай жасаған, Ақан басын көтеріп дастарқанға жайғасты. Күн желкемдеу еді, сыпың етіп тобымен тар-тар тұрымтайды бүгін құсқа салған жоқ. Саятшылықтан баяғыда қалған Қараторғай анда-санда есіне өзінің бүркіт екендігі түскендей, қалғып отырып тұмсығын тақылдатады.

— Ал, Ақанжан, — деді шайға қанған Су Құсайын ақын өңіне тура қарай алмай, — қонданып алған соң жонын сыртқа берді деп сөкпессің.

Рас, түнеугүні өлуге бет бұрып ем, енді, құдайға шүкір, сендерді кездестіріп жаман атқа жал бітті... Жал біткен емей немене, енді бүгінде бұл арадан кетейін деп отырмын. Ақанжан, қимаймын, қайтейін, лұқсат болса... жүрейін...

Ақан бүгін кәдімгідей шөгіп қалғандай құныса түсіп, бір-ақ шыны аяқ шай ішіп, жағы суалып, үнсіз отырған. Көпке дейін Су Құсайынға жауап қатпады. Әлден уақытта барып, дүр сілкінген қырандай еңсесін көтеріп, өткір көзін мейманына тура қадады. Су Құсайын суық көзден именгендей күйбендеп:

— Ақанжан, рақмет саған, не айтайын, енді-енді, — деп, күлімжи берді.

— Құсеке, — деді Ақан. Дауысында қажыған белгі бар. — Жолың болсын, лұқсат. Жол түсе қалса, анда-санда бір соғып кетерсің. Ал не бұйымтайың бар?

— Жаным-ау, менде не бұйымтай болсын. Ештеме... Мен мұнда бұйымтай сұрай келіппін бе...

— Құсеке, жасың болса біраз жерге келді. Оның үстіне атыңнан айырылып қалған екенсің. Сен ана Көкбестіні мініп кет.

— Көкбестіні? — Су Құсайын шошып оянғандай, басын көтеріп алды.

— Иә, одан басқа қолдан келер жоқ. Жаяу-жалпылап қалай күн кешпексің. Ал Көкбестіні.

— Жаным-ау, өзің, өзің жаяу қалмақпысың. Ақанжан, рақмет, алда риза болсын мендей бейбақты мүсіркегеніңе, алда риза болсын, атама, атама. Сен жаяу қалып, мен атқа мінгенде кімге тығын болам...

— Менің жаяу қалғанымды қайтейін деп едің. Енді Ыбан екеуміз Көкбестіге мінгестік не, жаяу жүрдік не.

— Ойпырым-ай, Ақанжан-ай!

— Ал, жүрер болсаң, айтқаным сол. Көкбесті сенікі, онсыз лұқсат жоқ.

Су Құсайын қуанғаннан әрі серінің айдалада жаяу қалар ертеңгі күнін ойлағаннан балаша кемсеңдеп, жыларманға келді.

— О не дегенің, Ақанжан! Сенің жоқ-жітікті аяйтын жаныңды, ашық қол серілігіңді айдай әлем біледі. Бірақ, айналайын, қазір, бәрін түсінем, түсінем, — деп көзіне жас алды.

Ақан енді Ыбанға ымдады. Көкбестіні әкеп, ертте деген белгі берді.

— Кеше Қаратайыңды да көз алдыңда өлтіріп кетті! Қайтейін, қарағым, саған деген құдай тағаланың зауалы даяр тұрады! Енді Көкбестіңді мен әкетпекпін бе!? Ойпырмай, қалай болды, қалай болды, қалай ғана жаяу қалмақсың? — деп Су Құсайын көзіне жас алып, шын егілді.

Түнеугүні Ақан Қаратайдың қалай өлгенін айтып, қоңыр үнмен Қаратайына шығарған мұңды әнін салғанда Су Құсайынның жүрегі езілгендей болып еді.

— Ақанжан, «Қаратайды» бір айтып берші. Саған салар қолқам да, бұйымтайым да сол болсын, ел арасына әніңді ала кетейін, сені көрдім дегенде жаңа әніңді алдарына тартайын. Бір рет тым құрымаса.

Су Құсайын орнынан ширақ тұрып, жүк аяқ үстінде сүйеулі қоңыр домбыраны алып, Ақанның қолына ұсынды.

Күндіз ыстық, кешке қапырық тар қостың астында бабы болмай, шанағы қаңсып, шегі кеуіп тоза бастаған құнтсыз домбыраны алдына өңгерген Ақан қолына оқтау ұстағандай. Әнге зауқы келмей, ықылассыз отырып қалды. Топ алдында, қыз ойнақ, ойын-сауықта делебесі қозып алған ақын жұрттың көтермелей салған айғайына арқалы жүйрікше көсіліп, таң атқанша ән салудан жалықпаушы еді-ау. Айтқан сайын даусы ашылып, қоңыр қаздың үніндей жұмсақ, қою үн барқыттай жұмсарып, майда самалдай есер-ау. Небір айшықты, құбылмалы әнді айтқанда да бір мүдірмей, әннің әр қалтарысы, бұлтарысында үні бір сынбай, жас тобылғыдай майысып, неше бұратылар еді-ау.

Соңғы екі-үш жылдан бері сері әннен қалып бара ма, қалай. Айдалада жалғыз зарлап, бақсыдай сарнап отыруды лайық көрмей ме, тым құрымаса әке өнерін тыңдап селт етер, үйреніп алып әке мұрасын әрі жалғар Ыбан-нында да естір құлақ, айтар тіл жоқ, домбыраны қолға алмай, тыңдаушысы жоқ қажетсіз тұл әннен безетін сияқты. Ұзақ жылдар көмейде бітеліп, көкіректе ұйыған ән түнеугүні ғана ашылған бұлақтай лақ ете қалып еді. Онда да бұрынғыдай сұлу қыз, көркем жігіт, жастық базарына арналған наэды ән емес, жүрек түкпірінен шымырлап шығып, көзден жылап аққан ащы жастай қайғылы, кей тұсы булыққан ызамен төгілген кекшіл әрі зарлы ән еді. Ол ән ойламаған жерден тез шықты. Ақын көкірегінде тез жатталып та қалды. Оған себеп болған — соңғы жүйрігі Қаратай еді. От басындағы бір түнде Су Құсайынға Қаратай жайын күрсіне баяндап, әнді домбыраға қоспай, отты көсей отырып, ыңылдап айтқан. Су Құсайынның қолқалап отырғаны сол ән.

Ыбан кісенмен ұзай алмай, жақында оттаған Көкбестіні әкеп, пәуескенің артқы доңғалағына байлап, ерттеп жатыр. Әке әмірін екі қайыртпай орындайтын тіл алғыш, тәрбиелі бала қайда барасың деп сұраған да жоқ, арба шатырының астындағы Ақанның сері кезінің белгісіндей күміс ер-тоқымды ат үстіне салып, биік Көкбестінің астынан еңкейіп өтіп, айылын да шірене тартып, жуас малдың мойнын, әкесі құсап, алақанымен анда-санда қағып қояды. Оқпанына дейін күміс шегелер қағылған, тоқымы қызыл атанымен тысталған жеңіл ер-тоқым Қаратайдың ер-тоқымы еді. Ол өлгелі Ыбан Көкбестіге салатын болған. Ақан үнсіз қарап отырып, ыңылдап ән айтты:

«Қаратай, қолға түсіп арандадың,
Сүйылып жал-құйрығың тарамданды.
Халқыңды қабырғалап қашсаң дағы,
Айырып бір мұсылман ала алмады», —

дегенде, ақын көзіне мөлтілдеп жас кеп қалды.

Бұдан әрі көз жасына ие бола алмаймын ба деп қорыққандай, әннің келесі қайырымында қомданып аруақтана түсіп, ызамен ашына айтты.

«Бұл күнде қайран ием қайда екен деп,
Жаудырап бота көзің алаңдады...»
Орыс пенен қазақтың алдым несін?!
Тәңір берген әркімнің несібесін...»

Ақан ән айтып отыр, көз алдында Қаратай. Үйреншікті мекеніне қайта-қайта оралып жүріп, биыл шілдеде Ахмет сайының қырқасындағы казактардың егістігі үстінен өткенде ұсталған Қаратай. Қамшының астында ауыр жұмыста арыған Қаратай... Қапысын тауып ауыл-ауылды сағалай қашқанда, соңынан үш казак-орыс кешке дейін қуып, әбден ұстай алмаған соң, атып өлтірген Қаратай... Маңдайынан қан, жас сорғалаған қайран Қаратай...

5

Ақан шырылдаған дауыстан көзін ашып алды. Шырылдап жүрген кәрі бүркіт Қараторғай екен. Қалың ой тұманына қамалған Ақан үнсіз. Қараторғай қос үстінен тағы да шырылдап өтті. Тағы...

Бұл жолы қанатымен қосты жанап өтті. Қайтып жоламады. «Қона алмай жүр-ау. Қайран Қараторғайдың қазір не қуаты бар. Шүйкедей боп шүмиген кәрі қыранда күйкентайдың әліндей әл жоқ шығар-ау. Құс та адам сияқты.

Қартайғанда алдымен көз жанары тайып, ытқым толар темірдей бұлшықтары босап, сіңірлі еттері болжырай берді. Бойдан қуат кеткен соң жып-жылтыр жүні де сәулеленіп, үрпиіп бояуы қашады екен. Биыл бұрынғыдай жып-жылмағай түлеген де жоқ. Күзге дейін өлі жүндерінің өзі түсіп болмады. Өлі жүн түсудің орнына қанаты тарамданып, құйрық қауырсыны сұйылып, сыптырықтай шөміп қалды».

Домаланған томағасыз бүркіт күн ұзын есік алдындағы жерошақтың төңірегінде сүйек-саяқты шұқылап, сауысқанша секектеп жүреді де, кейде жарықтан қорғалағандай, қостың қараңғы бұрышындағы қол сандықтың артына тығылып жатып алады. Қос қанатын керіп жібергенде құлаш жетпейтін Қараторғайдың сандық пен қостың жапсарына қысқа қанаты қайырыла түсіп қыстырылып жатқанын көргенде, Ақан ескі досын аяп әрі назаланып, жарыққа алып шығады.

Бүгін де сырттағы қара пәуескенің ернеуіне қондырып қойған. Бүркіт тас түлек кезіндегідей зерігіп, қайрақ тұмсығын тақылдатып, талпынбайды. Бұрын шырқау биікте — көк зеңгерде қалықтап жүріп жер бетіндегі түймедейді жазбай танитын қыран көзді Қараторғай енді, тап алдындағыны шырамыта алмайтын айран көз қариядай, жерге қайта-қайта үңіліп, мойнын созады да, пәуескеден секіріп түсуге жақындағандай саусақ араларын бұжырмақ күс басқан әлсіз тұяқтарымен арба жақтауын барынша сығымдай түсіп, мүлгіп отырып қалады. Оты сөнген жасық көзі бір ашылып, бір жұмылып

қалғып кетеді де, әлден уақытта құлап бара жатқандай, өз-өзінен шошып оянады. Басын самарқау көтеріп, бір араға қарап, мәңгіріп отырады да қайта қалғиды.

Өз денесін өзі көтеріп ұша алмай, мүсәпір болған құсты, қанатын жазып бір сергісін деп, Ақан бүгін де күндегісінше арба жақтауынан алып, толғап-толғап тұрып аспанға атқан. Еріксіз талпынып, қанатын далақтай қағып, ауаны қарманып қалған бүркіт заматта көкке көтерілді. Аса шырқамаса да, бір қауым аспанға биіктеген Қараторғай қанатын жазып жіберіп, қара құсша қалықтап айнала берді. Бұл да күндегі әдеті. Кеш түсе төмендеп, қосқа қайта оралады.

«Қазір қанаты талып қонғысы келіп жүр-ау. Бірақ қонуға қорқып, жүрегі шайлыққан құс шыр-шыр етіп бір-екі төніп келді де, қайта көтеріліп кетті-ау, тегі».

Арада сүт пісірім уақыт өтті. Ақан үнсіз жатыр. Сонау бір жастық шағында Әлібек берген қыранымен өткізген серілік жылдар алыстағы сағымдай, тағы да көңілі құлазып, жабырқағандай болды. Көңілінде көптен бері ұмытылған ән ырғағы жүруші еді. Бүркіттің шырылын естігенде тағы да есіне түсті. Бірақ бас-аяғы жоқ, әшейін бір есірік болмашы әуресі ғана:

«...Бейшара, шырылдайсың жерге қонбай...» — дейді де, ән ырғағы үзіле береді. Бұл жолы да қанатты құстай қалықтаған баяу мұңды әуен шым-шымдап әншінің көкірегіне ұялай бергендей болып еді, тағы да басы бірікпей алыстап кетті. Құлағына ызыңдап келген ән сарыны әлдебіреулерден тыңдаған, бұрын айтылған бөтен адамның еншісіндей естіледі де, өз жүрегі селт етпейді. Бірақ ән мүлдем із-түзсіз жоғалып та кетпейді, түнгі жарғанаттың желпігеніндей, анда-санда көкірек тұсынан бір жалт етіп жанай өтіп, қылақтағандай әуреге салады.

«...Бейшара, шырылдайсың жерге қонбай...»

Ақан ыза болды. Мағынасыз, қажетсіз күйікті әннің басынан шықпай қойғанына, өзінің құтыла алмағанына күйінеді. Жоқ жерде жапан түзде, не келмей, не қоймай мазасын алған кәрі досына ызаланады.

Аядай қоста ішіне шоқ түскендей ән күйігінен дөңбекшіп, әуре болған ақын құлағына бір кезде шаңқ еткен қыран үні келді. Тура Қараторғайы ұшып жүрген аспан тұсынан естілді. Тура Қараторғайының бабында жүрген жас шағындағы сұңқар үні. Күзгі мөлдір аспанды тіліп түскендей ашық, өктем үн. Ақан орнынан қалай атып тұрып, сыртқа ұмтылғанын білмеді. Көңілінде бір қуаныш, бір қорқыныш. Қуанышы кәрі досының соңғы рет қыранша көк аспанда жар салғаны болса, қорқынышы — шын қыран дүниемен қоштасарда, иесімен бақылдасарда бір шаңқ етер еді де, қайтып көзге түспес еді.

Жоқ, бұл жолғы шаңқылдаған басқа құс болды. Ақан ашық аспанға шалқая қарап еді, өз Қараторғайының қасына зуылдап келіп, қанатымен

сипап өтіп, қайқая көтерілген бөтен үшқыр құсты көрді: «Тірнек қыран-ау, тегі. Ерігіп келген тағы қыран-ау, тегі». Қараторғайдың жас күніндегісіндей қос қанатын сарт еткізіп, жебелі оқтай суылдап төмен құлдилаиды да, заматта қайқаң етіп қайта көтеріледі. Мөлдір аспан бетіндегі қара меңдей көз ұшында ұзап кеткен тірнек соңынан, өзінің әлсіздігіне назаланғандай, Қараторғай да бар күшін салып самғай берді...

Күн талмау түс. Күзгі дала желсіз. Қоскөлдің беті тымық. «Жайылымнан қайтқан құстар Қоғалы көлдің орта тұсындағы айдындарда балдыр сүзіп жүр-ау, дыбыстары естілмейді». Қауырсынданған саяқ балапандарды аңдыған екі-үш кезқұйрық, құладындар ғана көл бетінде қалықтап, әріректе болымсыз айналады.

Көлдің бергі жиегінде Ыбан отыр. Жалаңаш арқасы жалтырап, изең-изең етеді. «Кір жуып отыр-ау байғұс бала». Ақан аяңдап ұлының ту сыртынан келіп тоқтады. Мақау Ыбан әкесінің келгенін сезбеді. Көл жиегінде сабағы сола бастаған өлеңнің үстінде кірлер жатыр: Ақанның, Ыбанның біріер көйлегі, ескі шайы көрпе.

Ыбан кең астаудағы таза судан шедренмен тыстаған қалың көрпені шығарып отыр. Жүзі жадау, көңілі солғын баланың қимылы да енжар. Шидей арық қолының қалың көрпені бұрауға әлі жетпейді. Ақан үнсіз келіп көрпенің бір жақ шетін ұстады. Екеулеп ауыр көрпені бұрай бастады.

Ақан қостан шыққанда көлдің арғы басын айналған бір топ жолаушыларды көзі шалған. Екі-үш жадағай трашпенке мен күймелі арба. Маңында он шақты салт атты. Қалың көдемен жортқан жүргіншілерді жолдан адасқан біреулер ғой деп, мән бермеген. Енді олар көлді жағалай келіп, жақын қабақта көліктерін доғарып жатыр.

Күймеден түскен үшеу осылай қарай беттеді. Бірі — әйел, бірі — еркек. Қастарында төрт-бес жасар бала. «Апыр-ай, бұлар Ақанды танымайтын немесе жын-пері жайлаған жерді білмейтін жат жердің адамдары болды ғой. Әйтпесе есі ауысқан серінің маңына аттарын доғарып, қасына жуымақ түгілі, «бастан құлақ садаға» деп, кесірлі жердің кесапатынан қашар еді-ау...»

Ақан кейінгі кезде көп нәрсеге өзін жазықты санап, жұрт көзінен тасаланып, жасырынып жүрген айыпты жандай, жолаушы атаулымен кездесуден қорғалайтын. Мылқау бала, тілсіз даламен ғана ыммен сөйлесуге әбден төселген, соған еті де үйренген. «Ассалаумағалейкум!» — деп жолаушы сәлем бергенде де көрпені бұраған күйі басын көтерген жоқ. Көптен естімеген адам даусынан шіміркенгендей болды.

— Лұқсат болса, қостарыңыздан ауыз су алып, түстеніп кетсек деп ек? — деген әйел даусы шыққанда тұла бойы мұздап қоя берді.

«Таныс дауыс. Апыр-ай кімнің үні. Осы жақында, тіпті кеше ғана, күнде-күнде естіп жүрген дауыс сияқты. Не деген жақын, таныс дауыс. Кім, кім болды?»

Ақан басын көтеріп алғанда, қолындағы суы тамшылаған көне көрпедей, өңі қуқыл тартып бозара берді. Жеңіл шапан сыртынан ақ торғын

шәлінің шашағын төгілте тастаған сымбатты келіншек те қарсы алдынан меңіреу аруақ шыққандай сілейіп тұрып қалды. Екінші жолаушы да тілі күрмелгендей келіншекке бір, бет-аузын сақал-мұрт басқан боп-боз Ақанға бір үнсіз қарай береді.

— Ақан аға... сіз... сіз бе едіңіз? — дегенде дірілдеп, тығылып шыққан үнмен бірге, екі түйір жас та келіншектің көзінен ытып кетті.

Бұл Ақтоқты еді. Бір кезде қауызы жаңа ашылған гүл кезінде алғашқы махаббатының бесігіндей тербеген серісі, қасына ерткен сал-серілерімен ел ішінің көркі, бар қазақтың атақты ұлы болған, кейде асқақ, кейде тәкаппар, тамақты талғап ішіп, киімді таңдап киетін, үстіне қылшық жұқтырмайтын мұнтаздай кінәз Ақанды, жігіттің жігіті, ардагер Ақанды айдалада көрпе жуып, жүдеп отырғанында кездестіремін деп ойлап па? Сақал-мұрты өскен, екі иіні төмен түскен серіні, анадан жетім, құлақтан, тілден ада бейшара Ыбанды көргенде Ақтоқтының көңілі босап кетті. Көз жасын көрсетпей, өзіне үрейлене қараған үш-төрт жасар баласының екі иығынан ұстап:

— Жайлаутай, құлыным, сәлем бер ағаңа. Бұл Ақан ағаң, — деп серіге қарай демеп жіберді де, өзі Ыбанның келіп маңдайынан сүйді. Жолаушы да іліп, Ақанға қол берген. Бұл Жалмұқан еді.

«Неге бұл үшеуі үнсіз қалды? Неге Ақтоқты жылады? Бұлар туысқан адамдар ма? Әлде Жалмұқан мен Ақтоқты жапан түзде кір жуған екі жетімді аяды ма? Әлде бұлар бір-біріне кінәлі адамдар ма? Неге?..» Ол арасы көп нәрседен мақрұм мылқау Ыбан мен адам басына түсер сан ал-уан тағдыр дегеннен әлі бейхабар сәби Жайлауға ғана жұмбақ. Бөтен әйел маңдайынан мейірлене сүйгенде, туған әже мейірін көрсе де, ана құшағын көрмеген Ыбанның тамыр-тамырына жаңа бір ыстық қан жүгіріп, тұла бойын әлдебір жат әрі жақын жылы леп шарпып өткендей болды. Тілі шыққалы үлкенге сәлем бергізіп үйреткен Жайлау бұрын көрмеген жат адамға «Ассалаумағалейкум, ата» деп қолын беріп, «Өркенің өссін, үлкен азамат бол!» деп сақалды ата шашынан иіскеп, алдына алғанда, жүзі жылы адамды жатырқамай, бұрыннан білетін жақынындай мойнынан құшақтады.

Үнсіздікті бұзған Жалмұқан:

— Ал мен жігіттерге барып, қазан көтертейін. Жүр, Жайлаужан, — деп өзінен айнымаған қызыл шырайлы қыз тақылеттес ұлын ертіп, жолау-шыларға беттеді. Сүйкімді бала әкесінің соңынан томпаңдап барады.

Ақан да үнсіз қалмады:

— Біз де қарайған қос емеспіз бе, Ыбанжан, — деп енді баласына ымдап еді, ол да әкесіне саусақтарын, ернін қимылдатып, тілін шығарып, бірдеме деді. Ақан да басын шұлғып, әлденелерді нұсқап, Ыбанша тез «сөйледі». Онысы «кептірген құс еттерін бақырға тегіс сал, аз болса тұрымтайыңмен көл жағалап кел, мүмкін, тұзағыңа да бірдеме түскен шығар» деген сөздер еді.

Ақтоқты екі білегін түрініп жіберіп, жез шылапшынды алдына алған.

— Тағы да киімдеріңіз бар ма, — деп жуылмаған кірлерді таза суга салып,

бұзаушықтай ғана домаланған қара сабынның жұдырықтай таусыншағымен жуа бастады...

Сонау бір жылдары қашан бір-бірімен кездескенше асығып, амалын тауып жеке жерде ұшыраса қалса, сағынышпен құшақтасып, ұзақ тұрып қалатын ғашық жандар қазір үнсіз. Қанша жақын отырса да, аралары қандай алшақ. Арада неше бір жылдар, неше бір ойлы, мұңды жылдар өтпеді? Әттең, бір көрісіп, іштегі шерді тағы бір ақтарар ма еді деп, екеуі де нелер ұйқысыз, мазасыз түндерді өткізбеді?

Енді, міне, екеуі жеке қалып, оңаша отырғанда ауызға оңтайлы сөздің түспейтіні қалай? Ғашықтықтың аяғы жасықтыққа соққаны ма? Әлде жастары жетіп, болары болып, бояуы сіңген, тоқтаған шақтың нышаны ма бұл? Ендігі ақтарар сырда, шығарар шерде не мән бар? Одан не келіп, не кетпек? — Әлде осыны ойлап отыр, ма?..

Ат шалдырып қана кетеміз деген жолаушылар кешке қалды. Ақан серіні көрген Жалмұқан, от ала келген көрші-қоландай болмайын деп, жолға алып шыққан ту қойды сойдырып, арба артына таңулы сабалардың бірін қос басына жеткізген.

Көптен адам көрмей зеріккен Ыбан да мына жолаушылардың ат басын тірегеніне мәз болып, әкесі айтқан соң, қара күйменің ішіндегі тұрымтайын алып, екі-үш жігітпен көл жағалап кеткен. Қоскөлдің қалың қамысына кіріп дабыл қаққанда, жайбарақат жүзген бір топ үйрек дүрліге үркіп, аспанға көтерілген. Жіңішке шыжымынан босатып қоя берген тұрымтай құнжиып алып атылған да, шыбжықай ұшқыр шүрегейлердің бауырына шалқалай зуылдап кіріп, екі-үшеуін көз ілестірмей тобығынан түйіп түсірген. Бір бие сауымда бес-алты үйректі олжалап келген Ыбан мен қасына ерген жігіттер құстарды лезде жүндеп, жеке шөгенге тоғытып та жіберген еді.

Жалмұқанның атқосшылары бұрынғы танымал Құлмақтар емес, кейін ер жеткен қылқандай жастар. Бұлар — Ақан мен Ақтоқты жайын еміс-еміс құлақтары шалғаны болмаса, әңгімелеп айта алмайтын, ақынның өзін көрмеген, естігені болмаса, сері әнін ауылында шырқап сала алмайтын кейінгі лек. Олардың көбірек білетіні — жапан дүзде жынданған Ақан, пері қыздарымен көл жиегінде түнде қыдырып, сауық құратын Ақан.

Қос басында тамақ үстінде Ақанға ұрлана қарап, үнсіз үрейленіп отырғандары да содан. «Ақанның жыны қай жерінде, басын айналдырған пері қайда ұялаған?» — деп, оның бойынан өрескел ештеме сезбеген жастар «Шіркін-ай, бір әнін өз аузынан тыңдар ма еді» деп, қолқа салғысы кеп тықыршыса да, бата алмайды. Төмен қарап, терең ойда түнеріп отырған Ақанға Жалмұқан да бата алмай, бір-екі оқталып қойып еді, көп қалауын түсінген Ақтоқты ғана сорпа сапырып отырып:

— Ақан аға, мына жігіттерді білмейтін боларсыз. Кейінгі өскен ауыл жастары. Сізді бұрын көрмеген балалар. Қайсыбірі естігеніне еріп, даурықпа лақапты ғана теріп жүрген далақпайлар. Бұларға да не жорық, — деп

түптен тартып, елдегі алыпқашпа өсекшілерге тигізе, серіні арашалай сөйледі де, ақынға қолқа салды: — Жақсы ән, жылы лебіз естімегелі не заман. Мына балалар да көзімен көріп, құлағымен естіген соң айта жүрер бір лебізіңізді тыңдағымыз келеді.

Ақан басын көтеріп алып, Ақтоқтыға бұрылды. Сөзіне, өңіне қарағанда, бұрынғы аққудың көгілдіріндей Ақтоқты емес, соңынан балапандарын ерткен мамыр қаздай толықсыған кексе Ақтоқты. Кейінгілерге билік, өнеге айтуға жеткен сабырлы ана. Ал үніне қарағанда, тура қыз күніндегі қалпындай, серісіне қиылып: «Мен үшін, маған арнап бір ән айтыңызшы», — деп отырған баяғы назды Ақтоқты. Ұзатылар жолғыдай: «Бір әнін айтса екен, жат жерге жылы қымтап ала кетер едім, тым құрмаса, сол да дәтке қуат, дертке дауа», — деп отырған Ақтоқты.

Ақан толқып кетті. Ақтоқты үнімен бірге өзін мазалап жүрген ән ырғағы қайта құйылды көкірегіне: «Қараторғай... Қараторғай, ұштың зорға-ай...»

Ақын көңілін түсінгендей, бүгін ұзақ қалықтаған қыраны да осы кезде тура қосқа қарай бұрыла салған еді.

— Мына қарақұсты қара, тура осында келе жатыр.

— Әй, мынаның есі дұрыс па?! — деп жігіттер бүркітке қарағанша болған жоқ, Қараторғай жер бауырлай келіп, шыр-шыр етті де, қайта көтеріліп кетті. Тағы да бұрылды. Тағы да бауыры бетегеге тиер-тимес боп жерді сипап өте берді де, алғашқыдан ашырақ шырылдап, тағы көтеріліп кетті. Бұл жолы тым биікке шығып, қалықтап жүр.

— Ана қара, ана қара, — деді тағы да бір жігіт, — бауыры жылт-жылт етеді.

— Ой, Алла-ай! — десті бәрі де.

Бұл кезде күн қызара батып бара жатқан. Қараторғайдың көк ала қанатының астына түскен күн шапағы жылт-жылт етеді, қызыл-жасыл меруерттей құлпырады.

— Ол маржан ғой, маржан! — деді Ақан.

— Мар-жа-ан? — десті жігіттер таңырқап.

— Иә, маржан, Қараторғайымның әр қауырсынында бір-бір маржан, — деді Ақан күрсініп. Бүгін құсының ұзақ ұшқанынан өзі де қорқып еді. Соңғы ұшуың болар деп секем алып, үрейленген. Жорамалы дұрыс келді. Бір күнде бірнеше рет аңға салып, ұзақ ұшырғанда бір бусанбайтын Қараторғай ғұмырында бірінші рет қара терге түскен екен. Топшысының астында маржандай құлпырып күнге шағылысқан тер тамшылары екенін құсбегі иесі жазбай таныды. Бірақ ақын көзі тер демеді, маржан деді. Жас қыранмен бәсекеге түсіп, бүгін барын салған қарт қыранның соңғы терін Ақан маржанға балады.

— Қараторғай деймісіз?! — деп ақынға бұрылған Жалмұқан тағы да аспанға қарады. — Бұл баяғы Әлібектен алатын қыраныңыз емес пе? Мен де қызыл көріп айналып жүрген қарақұс па деп ем. Қалай кішірейіп кеткен?!

— «Ат арыса — тулақ, жігіт арыса — аруақ» демеуші ме еді? Ал құс арыса — жарғақ екен. Қараторғайдың қартайған, тозған шағы ғой, — деді Ақан. — Жаңа қона алмай шырылдап жүрген жоқ па.

— Қона алмай деймісіз?

— Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады дегенді естімеп пе ең. Қараторғайдың құйрығында қазір бір тұтам қауырсын жоқ. Құйрығы жоқ құстың тиянағы жоқ. Құйрықсыз Қараторғай жерге кеп екпінімен ұрғанда, кеудесімен соғылып, тоңқалаң асып, неше домалап түседі. Содан зәрезап болып қалған. Жерден тиянақ таба алмаған адам да қонақтай алмаған құс сияқты ғой, — деп Ақан тағы күрсінді.

Ақтоқты да көзі жаудырап Ақанға бір, Қараторғайға бір қарай берді.

Күн батып кетті. Осы кезде қалықтап жүрген қыран да қатты бір шаңқ етті. Бұл жолғы шаңқылдаған Қараторғай екенін таныған Ақан орнынан айғайлай ұшып тұрды.

— Кетті, кетті! Қайран Қараторғай! Қош, қалқам Қаратор-ғай-ай-ай! — деп Ақан екі қолын аспанға көтергенде, жолаушылар да үрейленіп, өре түрегелді. Ымыртта айқайлаған Ақанды олар жыны ұстай бастаған шығар деп, жамандыққа жорыған еді.

Қараторғай тағы бір шаңқ етті де, алыстаған Көкшені бетке алып, түңғиық аспанға сүңгі жөнелді.

— Домбыра, домбырамды әкеліңдерші, жұкаяқтың үстінде, — деп домбырасына жұмсаған Ақанның көңілі бұзыла берді. — Кетті, кетті! Қараторғай енді жоқ. Қайран, кішкентайыңнан қолымда өскен қыраным! Қай қияға барып соғылар екенсің. Бақыл бол, бақыл, бақыл! Жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді. Сен шын қырансың, Қараторғайым! Жарайды, бақыл!

Қас қарайып барады. Желсіз мақпал түн Көкше жерін баяу бүркеп келеді. Қос ішекті баяу шертіп үілдеген сері әлден уақытта барып мақпал түндей жұмсақ, қоңыр үнмен құстай қалқыған жаңа, жібек әнді толқыта салды:

«Ба-а-ра-ады Қараторғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып...» —

деп екі жолды ұзақ, қалқыта созды да, ендігі екі жолды бөгеліп барып қайта жалғады:

«Бірге өскен кішкентайдан қарағым-ай,
Айрылдым қапияда сенен нағып?!
Қараторғай,

ұштың зорға-ай,
Бейшара-ай, шырылдайсың
жерге қонбай!»

Кешқұрым майда самал тербеген Қоскөлдiң толқынындай жұмсақ әрі

тұңғық «Қараторғай» әні қырандай қалықтап, Көкше даласынан бүкіл қазақ жеріне қанат қағып бара жатқандай. Әр буынын соза тебірене салғанда қанаты талмайтын жеңіл, сырлы ән тұла бойды шым-шымдап шымырлатып, қорғасындай балқытады. Тобылғыдай майысқан ән ырғағында бауыр басқан досынан, ғашық болған сүйгенінен қапияда айырылған, ұсынған қол, ұмсынған жүрек жетпей, амалсыз артында қалған тірі пенденің арманы, бүгінде алқыны басылып, жастық қызығымен қоштасқан мұңы бар. Сол мұң, сол шердің уһілеген қалтарысында қолынан ұшып кеткен арманының азаттығына, еркіндігіне деген тілек, достық ниет те бар. Түн қата жол шеккен жолаушылар сазды әннің әр нақышынан, Ақан үнінен осыны сезді. Күйме ішінде көкірегін кере аһ ұрып, ана жылғы ұзатылған сапардағысындай, іштей үнсіз егілген Ақтоқты көл басында, тым-тырыс мүлгіген мылқау далада мылқау баласымен жападан-жалғыз торығып қалған серіні серпілтер ештеңе айта алмады. Іштей тебіреніп барады: «Ел еркесінің, ел сұлуының әрқайсысын әнге қосып, ұмытылмас дұғадай тамам жұртқа жаттатып, әрқайсысының өлмес атын қалдырған ақынға бұлар не сый тартты?! Қайғысына — қайғы, мұңына мұң жамағаннан басқа, тым құрмаса, бір сәт қуанта алар, жұбата алар дәрмендері де жоқ екен-ау. Дос-жараны, сүйгені мен сүйінгені сиреген сайын сері әні де сұйылып, суалмаса нетті. Өне, ақын жанына медеу тұтқан, жастықтың, серіліктің бір белгісі — Қараторғай да Ақанынан біржола кетті. Ән туғызар серіде енді не қалды? Қайран Ақан аға! Асыл аға! Оқшау жаратылған, дара біткен дарынды аға! Енді көрем бе, көрмеймін бе? Көргенде менен не дәрмен? Бар қолымнан келері — «Қараторғайыңды» ертең-ақ елге таратармын. Жақсы әніңді жақсы әншіге ғана еншілікке беруші ең ғой. Ол достарың да жоқ қасыңда. Мына әніңді енді мен еншілейін. Бір түйірін бұзбай жеткізейін жұртыңа. Бұзбаймын. Мен айтпаймын, жүрегім айтады әніңді. «Жүрек алдамайды, жүрек жаңылмайды» деуші едің ғой, Ақан аға. Баламның баласына үйретермін әніңді. Ендігі қолдан келері осы ғана, Ақан аға!» — Ақтоқты жүрегімен ән салып келеді. Ән салған сайын көзінен жас парлап келеді.

Жалмұқан тобы өз салтанатымен ұзап барады: сері арманы Ақтоқтымен қоса, ақын жүрегін жарып шыққан «Қараторғайын» да бірге ала кетті...

Қарт қыран тас түнекте қалай жылдам ұшқанын білмеді. Әлденеге асыққандай кәрі жүрек алып-ұшып самғап келеді. Қанша жер ұшты? Білген жоқ. Сап-салқын аспан төрінде жалғыз өзі. Бүгін көкірегі ашылып, баяғы тас түлек шағындағы қуаты бойына қайта оралғандай. Қыран көзіне де баяғы қырағылық біткендей. Күлге аунаған түйелердей өркеш-өркеш сұлаған қара қыраттардың талайынан көктей өтіп, ай туа Көкшеге жетті. Тап астында қалың қарағайға көмілген тау жоталары, кемерін баяу соққан терең айдын көлдер жатыр. Найза басы состиган Оқжетпес көрінді. Сары ауыз балапан күнінде тұмсығын дамылсыз тақылдатып, осындай шыңның жақпарында талай рет анасы берер жемді қомағайлана күтіп жататын еді-

ау. Беліне арқан байлаған адам баласы өрмелеп жетіп, осындай қия тас-тан өзін қапқа салып әкетпеді ме? Мүмкін, мұның туған мекені де осы Оқжетпес шығар.

Қараторғай енді осы Оқжетпесті айналып ұша берді. Айналған сайын биіктеп барады. Биіктеген сайын күзгі аспан ысқаяқ тартып, бойын сергіте түседі. Әлден уақытта сонау төменде тізіліп ұшқан бір топ тырнаны көзі шалды. Анда-санда көш басындағы ата тырна бір қиқу салып, соңындағылар қосыла әндетіп, алысқа — жылы мекенге бастап барады. «Қайран тіршілік, ән екенсің ғой!»

Қараторғай тағы да жалғыз. Қайрақ маңдайы айға шығылысып жалтыраған Оқжетпес те жалғыз. Басқа шыңдардан оқшау.

Қыран шаршағанын жаңа ұқты. Шын қартайғанына енді көзі жетті. Бұдан әрі биіктеуге топшысы талып, басы айналатынын сезді.

Енді бір кезде жүрегі өрекіпген бүркіт шаңқ етіп, ақтық күшін жиып алды. Қос қанаты шатыр-шұтыр етіп, ауаны дар айырып, төмен қарай тас қияға тура құлдилады. Кәрі көзден жас парлап, маңдайымен суылдаған желді қақ жарып, салмақты сүйрік тастай сорғалаған қыран соңғы рет тіршілік әнін салғандай зымырап, тас қияға кеп қалай соғылғанын да білмеді...

6

Бейуақта Қоскөлді жағалап, қас қарайғанша жүрген Ақан өз-өзінен құлазып, қара қосқа жақындай бергенде басын көтерген. Денесі мұздап, шошып кетті. Жерошақтың алдында қалың сақал басқан, беті шоқ сәулесіне қызарған еңгезердей біреу от көсеп отыр. Аузында түтіні будақтаған трубка. Ақан жақындап келе таныды. Салуаның әкесі, тобыр көсемі қарт сыған.

Жүзі жабырқаңқы қарт амандықтан соң:

— Балаңыз үйқтап жатыр-ау, тегі, менің келгенімді сезбеді, — деп жұмсақ сөйлеп, әлденеден сезіктенгендей не көмейіне айтар сөзі тірелгендей Ақан жүзіне қарай алмай, жерошаққа қайың сындырып салды.

— Ол бала ояу болса да естімейді... Түнделетіп жай жүрсіз бе?

Қарт сыған басын көтеріп, Ақанға сынағандай қарады. Жылы қой көзінің жанарында жылтылдаған жас бар сияқты. Әлде көріліктікі ме?

— Жай жүруші ме едім. Салуа саған кетсе, менде ұйқы да, маза да жоқ. Ол шыққанда соңынан бірге шығамын, алыстан бақылап, алыстан күзетемін. Ол қайтқанда соңынан бірге қайтамын. Содан болар, бізді бір жаққа бірге кетті деп ешкім сезіктенбеуші еді. Енді кейінгі кезде... — Шал трубкасын сорып, отқа қарады. — Қызымның саған деген пиғылын алғашқы кездескен түнде-ақ сезіп ем. Қайтейін, бетінен қалай қағамын... Ол да кінәлі емес... Сонау бір жылғы қыста, Сүлейменнің ауылында қыстаған жылы, бұрын да қазақшаны жатық сөйлейтін қызым қазақ әндерін де тамаша айтатын болды... Сенің өлеңдерінді түгел біледі. Саған бір көргеннен құлай берілгені де содан шығар. Құсыңнан айырылып келіп, менің қызымды таптың.

Қарт әлденеге мұңайып, үнсіз отырып қалды. Ақан жерошақ үстіне

үш таған мосы құрып, шәйнек іліп еді, ол «әуре болма» дегендей басын шайқады. Ақан ештеме демеді, әңгіме соңын күтті.

— Қызыма ағымнан жарылып бәрін айтар едім... Жоқ, ол болмайды. Бізде де өз заңымыз, салтымыз бар. Оны бұзуға... жоқ, болмайды. Және де антым бар...

Шал әлденені айтуға оқталып, Ақаннан қаймыққандай тағы да біраз үнсіз отырды да, отқа тесіле қараған күйі:

— Ендігі айтпағым... Ақан, сен қызымды мазалама. Бәрібір екеуің бір-біріңе қосыла алмайсыңдар. Тағдыр солай... Соңғы кезде біздің адамдар Салуаның түнгі жүрісінен секем алған сияқты. Біле тұра ескертпей, екеуің де мерт болсаң, обалдарыңа қалар жайым жоқ. Онымды ата аруағы кешпейді. Енді келсе, осыны айтарсың. Менің аузым бармайды... Жақында кетеміз... Алысқа кетеміз... Мүлдем...

— Қайдағы ол алыс жер? — деді Ақан басын көтеріп, әлденеге елегізгендей. — Салуа алыс жолға шығатындарын айтса да, қайда барарын айтпап еді. Тегі, білмейтін де шығар.

— О-о, ол өте алыс. Бұл арадан тым қашық. Неше жылда жетеріміз белгісіз... Әйтеуір, жетеміз. — Шал енді әлденеге қуанғандай көзі күлімдеп, отты көсеп, трубкасын тұтатты. — Англия деген жерді естуің бар ма? Ол да Ресей сияқты, үлкен ел болса керек. Сонда Эплби деген шаһар бар. Сол шаһарда жылда, сендерше айтқанда, отамалы айының соңғы сенбісінде, керемет жәрмеңке өтеді, кереметі сол, тек қана шеруші сығандар жәрмеңкесі. Осындағы Қоянды, Атбасар жәрмеңкелеріндей... Жо-оқ, одан, қайда-а, үлкен болса керек. Бүкіл жер-жерден, әр елден ағылған сығандар. Оны көрген аталарымыз бұл дүниеде арманымыз жоқ деуші еді. Бір жұма бойы ашық аспан астында, жасыл көгал ақ мәрмәр тастардың үстінде ойынсауық құрып, түнеген адамдардың неше түрлі әнге салып, би билеп, бөшке-бөшке шарап ішіп, айтыс, керіс, әңгіме, кеңес құрып, бір-біріне таңсық заттарын айырбастап алмастырып, болмаса сатып, саф алтын ағылшын теңгесі — северендар күн астында жарқылдап, қолдан-қолға көшіп, ойнақшыған арғымақтарын бәске тігіп өткізген күндеріне не жетсін!

«Солардың ішінде өзін бөтен санар Салуаның есінен туған жері кетер ме? Есіне Қоскөл түскенде құлазып, екі көзі жаудырайды-ау!» — Ақан үнсіз күрсінді.

— Біздер еркін ұшқан азат құстар сияқтымыз. Түсінбегендер бізді қаңғыбастар, кезбелер дейді. Түсінгендер табиғат адамдары, табиғат пендесі, азат жандар дейді.

— Егер бүкіл адамзат дүние жүзін шарлап сіздерше... босып жүре берсе, не болар еді?

— А, онда жақсы болар еді. — Сыған шалының көзі жайнап кетті. — Ахо, сен ойлашы: аспандағы күн де, ай да біреу. Адамзаттың бәріне ортақ. Ал жер де біреу. Бірақ неге ортақ емес. Ана байлар малы көбейген сайын ындыны тарылып, жұмыр жерді құшағы жеткенше бауырына басып, ала бергісі келеді, ала бергісі келеді. Егер қолы жетсе, айды да, күнді де қара

жердей бөлшектеп, иемденіп алар еді! Ал біз жер де, ағаш та, су да, тау мен тас та — бәрі-бәрі ортақ болса екен, адам баласы бар қызығын, игілігін бірдей көрсе дейміз. Сол себепті бізге шегара, тосқауыл, бөгет керек емес. Жердің о шеті мен бұл шетіне шеру тартып, кезе бермекпіз. Бізде басы артық дүние-мүлік, мал да болмайды. Басы артық дүние нәпсіге жеңдіреді, қомағайлыққа, мешкейлікке жетелейді.

— Онда сол азаматтықтарыңыздың қасында алдау, арбау, айла мен ұрлықтың қатар жүретіні қалай? — Ақанның да көзі шоқтана қалды.

Жүзіндегі күлкі табы бірден сейіліп, томсырайған қарт, әлдекімнен өшін алғандай, трубкасын саусақтарының арасында мытып-мытып үнсіз отырды да, шоғы сөнер-сөнбесте күректей алақанының аясына салып, торс-торс ұрғылап күлін түсірді.

— Қазақтар өз ішінен шыққан алаяқ қуларын, алдауыш өтірікшілерін сыған дейді. — Қазақ арасында көп жүрген шал мүлт жібермеді. — Бірақ олардың бір білмейтіні — сыған сығанды алдамайды, басқаны алдайды. Өйткені сыған оларды алдамаса да, бәрібір олар бірін-бірі алдайды. Сол себепті әлгі күнді, жерді қызғанған арамзаларды біз де алдаймыз. Бұл — тіршілік амалы. Би мен ән — жаратылыс сыйлаған біздің қуанышымыз және күнкөрісіміз. Егер бүгін қамшының астына алып үйретпесе, ертең тұрмыс қамшысының астына өздері түсіп, өле-өлгенше құтыла алмайды. Өйткені айналамыз толған ай мен күнді бөлісуге қуштар әлгіндей ынсапсыз жандар... Бұл дүниеде бос жер, иесіз көл, азат табиғат барда — сыған да бар. Дүние жер бөліске түсіп, өзен мен таудың, тоғай мен сайдың иесі шығып, қожасы табылып, дүние тарылған күні сыған да өледі, азат көш, табиғат балалары да өшеді...

— Ал азаттықтың қасында тағы да қиянаттың қоңсы қонуы қалай?

— Ол қандай қиянат? Біз адамды алдасақ та, қиянат етпейміз. Ал біздің алдау, шындап келгенде, қасіретке ұшыратпайтын, баланы, тіпті өз балаңды алдағанмен ғана барабар.

Қарт тұнжырап отырып қалды. От алауында жүзі балбұл жанса да, қабағы түсіп кеткен көңілсіз шалдың қолына Ақан шай құйған шыны аяқ ұстатты. Шайды қыл жұтқандай сораптап зорға ішкен қарт енді қинала отырып, байсалды, салқын сөзге көшті:

— Сен шын жігітсің ғой, Ахон!

— Солай сияқты!

— Ендеше, сөзіңде тұрады деп сенемін. Екеуіміздің арамызда қалсын. Кейін айтсаң да, қазір айтпа Салуағал..

— Енді көріспейміз біз Салуа екеуіміз.

— Жарайды онда... — деді де, қарт сыған ұзақ толғап, бұдан жиырма жыл бұрын өткен оқиғаны кеше көргендей етіп айта бастады.

Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың қасіреттеріндей, Жетісу жағындағы бір елде үлкен дау болды. Екі елдің атысып-шабысатын, бүліншілікке ұшырап, қантөгіске барысатын дауы. Осы дау аяғы кінәлі жақтың көп малмен қоса, жесір орнына кішкентай сәби қызды төлеуімен

бітімге келеді. Сыған шалдың жігіт ағасы кезі. Әлгі сәбиді даулап алған бір елдің байы бұлармен жылқы, ол-пұл айырбастасып тұрады екен.

Тек сыған жігіттің астындағы сүлік қара арғымаққа қызығып, қолына түсіре алмай жүреді екен. Ақыры жаңағы титімдей бейбақты арғымаққа айырбастайды. — Ол жауласқан елдің сағын сындырайын, сығандарға беріп жібердім деп елге таратып, мазақ отына күйдірейін деген кекпен билігіндегі қызды маған берді. Мен, шынымды айтайын, біріншіден, әйелімнен бала көрген жоқ едім, балалы болайын, екіншіден, даумен, ашумен алған байдың босағасында қашан келін боп бой жеткенше қорлық көрер сәбиді қасіреттен босатып, азат етейін дедім... Сәби қыздың тілі жаңа шыққан кез еді. Атына зорға тілі келеді. Сәлуа дейді атын. Біз Салуа деп кеттік. Бақсам, аты Сәруар болса керек. Сүйтіп, Салуаны тобыр көсемінің алдында өз дінімізге, салтымызға түсіріп, енді оның қазақ қызы екенін тісімізден шығармасқа ант алдық. Содан бері жиырма жыл өтті. Жиырма жыл бойы қазақ, өзбек жерінде көшіп жүрміз... Салуаның өңі болмаса, жүріс-тұрысы, ән салып, мың бұратылып билеуі, тіпті бар мінезі сыған қызынан бір айнымайды. Жас жігіттер қызығады. Олардың көбі Салуаның біздің көшке қалай келгенінен бейхабар. Ал білетін ата-аналары оған қосқысы келмейді. Бірақ себебін де айта алмайды.

Шал мұңайып, құнысып отырып қалды. Ақан да үнсіз. Бұл әңгімені Салуаның өз аузынан алғаш танысқан түні, қыз мұны Қоскөлге дейін шығарып салған күні естіген. Ол да бір өлмеші кемпірдің аузынан естіген екен. Өзінің қазақ қызы екенін білгелі құсаға түсіп жүргенін айтып егіліп еді.

— Сонда, азаттық беремін деп, өзіңізді де, Салуаны да азапқа салуыңыз қалай?

— ...Иә, бұл азапты қашанғы арқалап жүрер екем?! Салуа болса биыл жиырма екіде. Қиын, қиын!.. Бірақ... антымды аттай алмаймын, ешкім де ол құпияны аша алмайды. Ашса — мерт болады... Біздің бар бірлік, берекеміздің өзі құпия сақтай алатын, айтқан сөзде, алған антта тұра алатын беріктігімізде... Дұрыс айтасың, біздің азаттығымыз қаталдықтан жаралған. Жаратылысы солай! Бар табиғат атаулы солай!

Сыған шал бұл арадан кетерде Сері қара пәуеске мен шілиясына дейін күмістеткен қамыт-сайманды сыйға тартып еді, анау тегіннен-тегін берген мұнша қымбат дүниені алуға тартыншақтап:

— Қойыңыз, Ахон, мен бұл араға сый ала келгем жоқ, мұндаса келгемін, — деп жүруге ыңғайланған.

— Қария, бұл сізге емес, Салуаға тартуым, шет жерде жүргенде туған жерін, даласын әманда есіне түсірер! Егер сіз алмасаңыз, өзім жеткізіп беремін! — деген соң, атының ерін алып, мойнына қамыт кигізді шал. Көкбестінің қамыт-сайманы құйып қойғандай шақ екен...

Ақыраптың суығы түскен кезі еді бұл. Кеш болса-ақ қамыс бастары қырауытып, Қоскөл беттен ызғар еседі. Құс атаулыда жаздағыдай маза

жоқ. Түн баласына қаңқылдап, шаңқылдап, барылдап, күркілдеп, неше түрлі үнмен көлді басына көтеріп шығады. Күзге қарай қауырсындары қатайып, мамық жүндері жабағыдай ұйысып, мамырлаған семіз құстар құстың тақап қалғанын сезіп, сәл майдан арылайын дегендей, қанаттарын қайта-қайта көл үстінде шапақтай қағып, топшыларын жиі жазып, алыс жолға қам жасайды. Алды кетіп жатыр. Қайсыбірі жылы жаққа күндіз ұша, қайсыбірі түнде ұшады. Құстар әні — ұя салып, балапандарын шығарып, өргізген, жетілдірген, өздері де бұрыннан қарақанаттанып өскен жерлерімен қоштасу әні. Құстар да балдырын сүзген қоғалы көлдерін, айдынында жүзген кәусар суларын қимай, түні бойы күрсініп шығады, туған мекенімен қоштасып, жылап шығады.

Ақан жерошақтағы шалқыған оттың жел жақ өтінде құстың қайғылы, мұңды әнін осылайша тыңдап, әр дыбысты, әр сыбдырды өзінше жорамалдап отырғанда, Қоскөл беттен өз аяулысының үнін естіп, шошып ояңғандай болды. Жылы жаққа ұшар көп құстың даусының ішінен осы бір үнді — домбырасының жалғыз ішегінің соңғы үзілер сәттегі үніндей қайғылы, мұңды үнін іздегелі қашан, күткелі қашан. Енді үзілер-ау, енді бітеді-ау деп, жүрегі бір ысып, бір суып, қорқынышпен үрейлене күтуші еді...

Иә, Ақанның да өз аяулысымен қоштасар сәті келген шығар.

Қоскөл жақтан әнмен асығыс белгі берген — айдалада табысқан соңғы ақ құсы, түнде шығар «көл перісі» Салуа еді. Көкжендетінен айрылған жолы алаулаған от төңірегіндегі түнгі азаттық әнін салып, табиғат жырын жырлаған, көгалда ойнақ салған еркін көкқұтандардай майыса, жарыса дөңгелеп, шаттық биін билеген сығандар көшінде кездестірген, көктемнің хош иісті бір шоқ қоңырау гүлдеріндей ырғала жайқалған, дала қыздарының ішінде жауқазындай желбіреп, қызғалдақтай үлбіреген Салуа еді. Содан бері ашық аспандай мінезі жарқын, құшырлана құшқаны, аймалап сүйгені, самалдай түнгі айдында қос мықыны ырғалып, қос анары дірілдеп, жас талдай бұралған сұлу мүсінді, аппақ тәнінен қымсынбай, қара шашын иығына сілкіп тастап, су шашып ойнағаны күміс жауын астындағы ақ қайыңдай, бар жаратылыс, бар бітімі табиғаттың өзіндей Салуаның бір келгені мың келгенге, бір табысқаны мың табысқанға бергісіз еді-ау. Енді бақса, бұл да жыл құсындай, жыл маусымындай болғаны-ау!

Міне, күз келді. Жайнаған жаздың соңғы күнімен, жадыраған жастықтың соңғы белгісімен қоштасар сәт жеткен шығар.

Бұрын көл жиегіне жан ұшыратын Ақанға бұл екі ара қазір ортасынан омырылып түсер өткелдей көрінді.

Бұрын мақпал түндей үйреншікті қара арғымағын қырқаға бос жіберетін Салуа атының жалынан сипап, мұңайып тұрған. Анадайдан Ақанның қарасы көрінгенде қара бұлттан шыққан толық айдай, қара бұйра шашының арасынан ақша маңдайы жарқ етіп, ұшып келеді. Келе серісін құшақтап, тұрып қалды. Серігімен, жерімен қоштасқан сыбырлауық аққудай, аппақ мойнын иіп, үнсіз күрсінеді. Ақан да мұнмен аймалап, қыз бетін бетіне ба-

сып еді, қорғасындай ыстық көз жасы тиді. Сері Салуаның көзінен сүйіп, қыз қайғысын жұтқандай, ыстық жасты жұта берді...

— Ал, Ақан аға, кетейін, қоштасуға... қош айтысуға келдім... Ертең жүреміз... Ауамыз басқа жаққа. Енді көрісеміз бе, көріспейміз бе, — деп Салуа даусын қыстыға шығарып, екі иіні селкідеп жылады. Бұрын мұнайып, жабығып көрмеген, далада еркін өскен ерке қыздың бұлай егілуін Ақанның тұңғыш көруі. Қалай жұбатарын білмеді. «Бірге болайық, кетейік, не көрсек те бірге көрейік», — деп жастық шағындағы жігіттік әуенмен бұрын бір айтқаны бар-ды. Онда Салуа: «Жоқ, Ақан аға, әкемдей болған адамның намысына қалай қанжар саламын. Антымды аттай алмаймын. Осы жүрісім де бір басыма жетеді. Енді мені де, өзіңізді де жасытпаңыз. Татулықпен айырылысармыз», — деп, қайтып ол туралы айтқызбаған.

Салуа басын оқыс көтеріп алды. Ұмытып қалмайын дегендей, Ақанның жүзіне қараңғыда тесіле ұзақ қарап тұрды да, қайта бас салып құшақтады:

— Ал қош, Ақан аға. Енді кетпесем, бір пәлеге ұшырап қалармыз. Андағылар секем алып жүр соңғы кезде. Қош, аға. Арманымнан арыл-дым. Қайда жүрсем де туған жерім де, сол жердің серісі де мәңгі жадымда жүрер. Бұдан басқа қолымнан келмеді... Кеше гөр, Ақан аға, қош!

Салуа Ақан құшағынан босап, қараңғыға сүңги жөнелді. Бос жүрген атын шақырған ысқырығы алыстан естілді де, іле дүңкілдеген ат тұяғы ұзай берді.

Ақан ештеме дей алмай, үнсіз тұрып қалды. Жабырқап, жалғызсырап тұр. Әп-сәтте айнала-төңірек құлазығандай құр сүлдері тұр. Айлы түндерде балаша ойнап шомылатын асты құм қайрақ мына айдын түбі жоқ тұңғыықтай үңірейіп жатыр. Талай сыр шертісіп, әңгіме-дүкен құрып, қосылып ән салып, аунап-қунаған, масаты дала шаңы бұрқыраған тақыр жердей. Еріндерден бал жұтқан ләззәтті шақтарды жұрт көзінен бүркеген көгілдір аспан салқын, суық.

Кішкентайынан сыған шалы бауырына басқан Сәруарды да қараңғы түн біржола жұтып қойған сияқты.

7

Тас түнек. Дала тым-тырыс.

Қос босағасындағы оюлы сүйек асадалдың үстінде жылтыраған май шамның өлеусіреген әлсіз жарығы маңынан аспайды. Қостың бұрыш-бұрышы үңірейген қараңғы. Суық қостың бұрышындай үңірейіп киімшең Ақан отыр. Майы таусылған сығырайманың жылан тіліндей болмашы қимылдаған қара түтін отына қарап мүлгиді. Анда-санда шытыр-шытыр еткен шам сөніп барады. Ақан ара-тұра орнынан тұрып, басы күйе-күйе боп өше бастаған шуда жіптің бауырына қаздың жұқа тоң майын жылжытады. Жалғыз шырақ шығырлап барып қайта маздайды.

Ақанның құлағы сыртта. Бағана ұялы қараша қаздар бір-бірімен сөйлескендей ұзақ қаңқылдасқан. Содан соң жым болды. Тегі, ұзақ жолдың алдында ұйқтап отыр-ау.

Ақан бір кезде басын көтеріп алды. Қос көрпенің астында жатқан Ыбан әлсіз қыңсыды. Не жылаған емес, не жалбарынып жалынған емес, адам түсініксіз бір дыбыспен қиналған мылқау бала, аязда табаны тоңып қыңсылаған жетім күшіктей, ұзақ ыңдырып жатты да, әлден уақытта біреумен таласқандай өршелене-өршелене, былдырлап, мағынасыз бірдемелерді өрекіп айтып кетті. «Биссмилла, биссмилла!» деп аузынан әлдекімге сиынған сөздің қалай шыққанын білмей, ұлына ұмтылған Ақан, өз-өзінен аузы жыбырлап, аят оқыды. Әкесінің күбірін естімесе де, бұған ерегіскендей, назаланғандай болған Ыбан көрпесін серпіп тастап, шошып оянды. Ақан ұлының қос иінінен басып жатқызам десе де, ауру бала тырмысып көнбейді, екі қолымен ауаны қарманып, көзі алақтап, сандырақтай береді.

— Құлыным, жатшы, жатшы, қазір, қазір, — дегеннен басқа Ақанда дәрмен жоқ. Денесі оттай күйген мылқау бала сөз ұқсын ба. Ыммен түсіндірерлік те жер емес. Қараңғы қос ішінде үстіндегі киімін жұмалап жанталасқан Ыбанда оны байқар ес те, ақыл да жоқ. Не істерін білмей сасқан сырқат баланы біресе кеудесіне басып, біресе көрпемен қымтап, «қазір, қазір» дей береді.

Май шам соңғы рет шытыр-шытыр етіп тұрды да, ұйқыға маужырап жұмыла бастаған үкінің көзінше кілбиіп барып біржола сөнді.

Ұзақ сандырақтап қиналған Ыбан әкесінің бауырында отырып, түннің бір уағында маңдайы жіпсіп, мәңгіріп ұйқтап кетті. Ыстыққа шыдамай, үсті-басын жұмалап шешіп, жалаңаштанған ұлын қайтадан көрпе астына тыққан Ақан енді өзі де шешініп, қатар жатты. Көрдей қараңғы қос ішінде шошымалы болар деп Ыбанын бауырына қыса түседі.

Ыбан төсек тартып жатқалы бір жұма. Күздің қара суығында көл маңында ертелі-кеш жүгіріп, құс аулаған бала бір күнде ұшып жығылды. Табанынан сыз өтіп, өкпесіне суық тиді ме, алғашқыда тық-тық жөтеліп, екінші күні қалшылдап тоңып, дір-дір етіп көрпе астынан шықпады. Бірауық бойын үскірік алғандай қалтыраса, бірауық тұла бойы күйіп-жанып, үстіне жапқан көрпе, киімді лақтырып, аласұрады. Тегі, безгек болса керек.

Бұл екі арада Құдай тағаланың күні де күрт өзгерді. Аспан астын қалың бұлт бүркеп, күннің көзі бір шықпады. Қоскөлдің жиегіндегі бопанын ұшырған сидам қамыс, өңі қашып, өле бастаған бала құрақ, кей тұсы қопаға айналған қалың қара қоға, тіпті саяз жердегі қырма таздың шашындай селдір қияққа дейін қара желмен ысылдап, әр түбі бір-бір жыланша қайқаңдап айбат шегетін сияқты. Жел күшейген сайын, көлдің әуені де күшейіп, саз сарынға, сарын сары уайымға ауысқандай, түн баласына тынбай суылдаған Қоскөл таң атқанша талмай мың-мың қобызын сарнатып, сыбызғысын ойнап шығады.

Келе-келе күз даласына қыс ызғары да иектеп кірді. Бірде қарашаның қара дауылы соқса, бірде жел басылып, қыламықтап қар жауады. Әу дескендей, бір түннің ішінде үйрек атаулы зым-зия жоқ болды. Қиқулап өтер қаз, тырнаның үні де естілмейді. Түнделетіп ұшар қорқақ оқпақ қана андасанда қос маңынан бір шыр етіп дыбыс шығарар еді, енді олар да жылы мекенге кетіп болса керек. Көл беті бір күннің ішінде жылан жалағандай тазаланды да, күзгі дала үңірейіп, қаңырап қалды. Бір кезде Қоянды, Атбасар жәрменкелеріндей қайнаған тіршілік мекені Қоскөл қазір базары тарқап, орны ғана қалған тақыр жұрттай.

Ақан ауру баласын қос ішінде жалғыз тастай алмай, түнеугүні жел қақтырып кептіріп алған екі-үш үйректің етін бақырға қайнатып, өзінше сорпа-суан жасап, үнемдеп, күнде ұлына ыстық ұрттататын. Ол да бітті. Амалы құрыған әке, сырқат ұлын қымтап, «көрпенді ашпа, құлыным, шыда» деп ыммен ақыл айтып, ұзақ айтып, ұзақ күнге көл жағалады. Қанатты құстан кездескен қызғыш пен бір-екі шәукілдек. Бір жері қатып, бір жері қатпай ақсақ ойылған суды тізесінен кешіп, Ақан жиілете тұзақ құрған қара қоғаны күн кешкіргенше аралады. Бірде-бір іліккен құс жоқ. Тұзақтар бос жатыр.

Батпақты шұқылап, басы қалтақ-қалтақ етіп алдынан кес-кестей берген екі шәукілдек әбден әуреге салды. Бұрын қасына кеп қонса, елемейтін еді, енді осы екеуінің бірін қолға түсірудің шарасын қалай ойласа да таппады. Тымақпен ұрып алар жерде шәукілдеп отырады да, ұзын бишікті сілтей бергенде жып етіп ұшып кетеді. Алысқа ұзамайды, таңдайланып жарылған көл жиегінің батпағына тағы қонады. Шидей аяғы тыпың-тыпың етіп адамға қарсы жорғалайды. Басын қисайтып, тарыдай көзін төңкеріп, атақты аңшының мына қылығына таңырқағандай ұзақ қарайды. Қарайды да, «туһ шайтан!» дегендей шиқ етіп, жеңіл көтеріледі.

Жұдырықтай шәукілдектің осынша мазағына, өзінің дәрменсіздігіне күйінген Ақан қосқа кіріп, қосауызын алып шықты. Мылтық үңгісінде бір-ақ оқ. Дәрісі, қорғасыны таусылған аңшы, соңғы оғын әлденеге қажет боп қалар дегендей, жұмсауға қимай, сақтап жүретін. Анда-санда сүртіп, майлап қоятын баяғы Ұрқиясының күміс беренін оқтанған Ақан шәукілдекке тағы келді. Бұрын мылтық дегенді көрмеген шәукілдек сескенген жоқ, таяқ деп ойлады.

Үңірейген мылтық аузы өзіне төнгенде де үріккен жоқ. Басын қисайтып отыра берді. Ақан ұзақ көздеп, титімдей құсты өлтіруге қимай тұрды да, сорпасыз жатқан Ыбаны есіне түскенде: «Қанды басың бері тарт, сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», — деп, дәу дуадақты не түйеқұсты атқандай басып салды. Басып салды да, Ақан қатты өкінді. Көптен мылтық үнін естімеген көлдің беті жаңғырығып, қоғалардың бауырында мүлгіген некен-саяқ қарақұстар мен кезқұйрық, құладыңдар қалбаң ойнап аспанға шықты. Әр тұстан «ойбай» деп көтерілген жесір қызғыштар шаңқ етіп, даланы басына көтерді. Жаңа ғана басы қалтақтап отырған шәукілдек атам заман-

да өлгендей қанаты қайырылып, батпаққа басы кіріп жатыр. Қасқырға арнап жасалған оқ қойсын ба, титімдей құстың мылжа-мылжасын шығарыпты.

Ақанның өкінгені бұл да емес.

Жаңа мылтық даусы шыққанда алыстан — көлдің орта тұсынан шошылған қаздардың қаңқылы естілген. «Қап, әттеген-ай, жалғыз оқты солардың біріне жұмсасам етті», — деп өкініп еді.

Сол күні түн қатты суыпты. Беті қаймақшып кілегейлене бастаған көлдің едәуір жері түні бойы қатып шықты. Ертеңінде адам көтерер мұзбен қамыс-қамысты тасалап жүрген Ақан Қоскөлдің орта тұсына дейін барды. Кісі бойламайтын терең айдын толқынданып жатыр. Қатпапты. Бетінде бір ұя қараша қаз отыр. Ық жағынан келіп, алыстан қамыс ішінде аңдыған адамды олар сезген жоқ. Толқынмен жылжып, мұз жиегіне қарай топтана жақындайды да, қайтадан айдынга қарай жүзеді.

Мұндай ғажапты Ақанның тұңғыш көруі. Бүкіл құс атаулы жылы жаққа ұшып кеткенде мына бір ұя қарашаның әлі жүргенін алғаш түсінбеп еді, кейін мұның тамаша сырына көзі жетіп, қайран қалды. Қаздар жазғы күнгідей балдыр сүзіп жүрген жоқ. Ұябасармен бірге жүзген балапандар ірі ата қазды шыр айналып, мойындарын айқастыра алмағандай не көріскендей болады. Ата қаз құйрық мойнын иіп, мұңайғандай үнсіз отырады да, балапандарының арқасына басын салып, баяу ғана қиқаң етіп, мұңын шаққандай болады.

Құсбегі Ақан жазбай таныды. Ата қаздың бір қанаты қайырылып қалыпты. Бұл — жаз басында түйғынмен айқасып, топшысы сынатын баяғы қараша қаз. Балапандары үшін жан беріп, жан алысқан бейбақ. Сыңар қанатпен ұша алмай, өз ұясымен жылы мекенге бара алмай, міне, енді мұзға айналған суық көлде жалғыз қалып бара жатқан дәрменсіз, мүгедек құс. Айдыны тарылып, жан-жағынан мұз құрсау қысып, құрсаулаған сайын, өз балапандарынан тірідей айрылып, түздегі көлде жападан-жалғыз өлетінін сезген құс екеш, құстың да қайғысы адам қайғысындай.

Көз байлана тасадан шыға берген Ақан қамыс ішіне қайта жасырынды: оқыстан дауыл соққандай не лашын тигендей бақшақ болған қаздар жаппай қаңқылдап, бәрі ата қазды ортаға алып, қанаттарын қағып шапақтап, иесіз көлді бастарына көтерісті. Қоста қалған ауру баласына асығып, тықыршыған Ақан не де болса мына ғаламаттың соңын күтейін, не болар екен деп, айдыннан көз алмай, бұға түседі.

Әлден уақытта сол қаңқыл, сол дабырмен дүрліге ұшқан қаздар аспанға бір-ақ көтерілді. Іркіс-тіркіс бірінің соңынан бірі ұшқан ұяластарының соңында қалып бара жатқан ата қаз алғашқыда мәңгіріп отыр еді, биіктей беріп, қатар түзей тізілген қаздарды көргенде, бір қаңқ етіп, жан ұшыра су бетімен жүгіріп, өз екпінімен аспанға сәл көтеріле берді де, бір жағына ауып, суға жалп етті. Ұялы қаздар болса, мұны көріп, ұзай алмай, аталарын қимай, көл бетін шыр айналып жүр. Жанталасқан ата қаз жалғыз қанатымен

су сабалап, айдынның оң жағына бір, сол жағына бір ұмтылып, кеудесімен омақаса құлайды. «Ала кетіңдер, қалдырмаңдар, балапандарым», — деп, сыңар қолын көтеріп жалбарынған мүгедек жандай қаңқылдаған мүсәпір ата қаздың халін көргенде Ақанның да іш-бауыры елжірегендей болды. Бағана осы қазды қолға түсіріп, балама бір сорпа етермін деген ойдан да безгендей...

Енді тас қараңғы қос ішінде баласын құшақтап жатқан Ақан сол ата қазды тағы ойлады: «Бәрібір мұз астында қалып өледі, одан да су қатқанда ұстап алып, Ыбанға нәр етейін. Қаз майынан қараңғыда жатқан ауру баланың басына шырақ жағайын. Мүмкін, қаз сорпасының шипасы тиер. Аяғын басып, әлденіп, жүрте жарар».

Ыбан мен Ақан нәр татпағалы екінші күн. «Ұялы қаздар әлі кеткен жоқ. Ата қазды қимай, айдынга қайта қонған. Бірақ бәрібір кетеді. Сағат сайын жан-жағынан көк мұз қысып, су отауы тарылып келеді».

Бүгін намаздыгер кезінде Ыбан әжептәуір сергіп, ыстығы басылған секілді еді. Қалтыратқан безгек зардабынан айыққан сияқтанған. Ақан бұған іштей қуанып, жол қамына кірісіп еді, ауру бала қайғысына қайғы жамағандай болды. Әкесіне мұңая қарап жатып, көрпеден қолын шығарып: «Ағатай, тамақ ішкім келеді, қарным ашты, тамақ, бірдеме берші», — деп ыммен айтып, өз туған әкесіне жалынып қыңқылдайды. Ақанның екі беті оттай күйді. Жалғыз ұлының әл үстінде жатып сұраған тілегін орындай алмай телмірткенін ойлағанда тірлігінде көрген бір құсадан мына құсаның запыраны ащы секілді. Жер басып келген өз гұмырына, пенде боп көрген тіршілігіне налыды.

Өз баласына тура қарауға жүзі шыдамай, теріс айналған әке қасіретін сырқат үстінде жатып мылқау Ыбан ұқты. Қайтып дәрменсіз әкені мазаламады. Қолынан түк келмейтін сорлы әкенің жарасын тырнап, қайта қажамды. Үнсіз, қимылсыз бүк түсіп жата берді. Безгек арасындағы толастай аз уақыт ес кірген шағында бейбақ әкені аяған кезіндегі мұңын да көрсетпей, іргеге қарап бүркеніп алыпты.

Енді, міне, ұзақ сандырақтап, денесі оттай қызып, әлсіреген баланың ас сұрауға да мұршасы жоқ. Майы таусылған жалғыз шырақтай, оты сықсыып барып, мүлдем өшпесе не қылсын.

Ақан ұлын бауырына қыса түсті. Арық Ыбанның ыстық тәні әке құшағын күйдіріп барады. Айдалада жалғыз ұлынан, ендігі тірлігінің белгісі — Ыбанынан айырылып қалам ба деп зәресі ұшқан Ақан енді өзі бір ессіз сандыраққа түскендей, іштей күбірлеп әлдекіммен сөйлескендей, әлдекімнен кешу сұрағандай, әлдекіммен салғыласып, алысқандай ара-тұра даусы да шығып жатты: «О, Жасаған, ендігі көрсетпегенің осы ма еді. Бұл ақыры ма, әлде тағы да бар ма маған арнаған азабың? Тым құрмаса, мазақтамай азаптасаң етті. Неден жаздым? Алдыма әкеп қолақпандай қорлығыңды кесе-көлденең тастардай не жазыппын? Біреуге қиянат етіп, жамандық еккен күнім болып па еді? Басқа білмесе де, өзіңе аян еді ғой. Ат

жалын тартып мінгелі қыр соңымнан қалмадың. Бір Бәтиманы азсынған-дай, жаңа көрген аяулы Ұрқиямды — оны әкеттің суық көріңе сүйреп. Артыма ерген көзімнің қарашығындай алтын Әйбергенімді тағы жұттың, ажал оғыңмен бір-ақ түйреп. Неден ғана маған дегенде қомағай боп кеттің?! Сүйгенімді бір әкетесің қолымнан, жүйрігімді бір әкетесің жолымнан. Серік-достарымды да қағасың оңымнан, солымнан. Ағайынды араз ғып, аталасты жау, қоңсыласты дұшпан етіп салып қойдың соңымнан. Неден ғана менің алдымнан өңкей бір ішуге жарамас лай су, өткел бермес терең, сүрлеу түспес жыңғыл шыға береді?! Таңдайыма ән ғана емес, зар қосып берген екенсің, көкірегіме күй ғана емес, у да араластырып берген екенсің. Одан да керең, сақау етіп неге жаратпадың?! Сұлудың түсін, жақсының атын атамай, қанатты, азатты тірлікті жырламай жүре беретін ем ғой! Неге ғана дүмбілез, топас, қатыгез етіп жаратпадың?! Нәзікті үзіп, түзуді сындырып, жұрттың көз жасынан сусын ішіп, қайғы-қасіретінен шекпен пішіп, шен тағып жүре беретін!.. Неге ғана кеше, миғұла етпедің?! Ақты — қара, қараны ақ деп, құйрықты — жал, адамды мал деп, бүгінім мен ертеңімді, күнім мен түнімді айырмай күн кешетін; неге ғана жынды, нақұрыс етпедің жақсы мен жаманды, жұмсақ пен қаттыны сезбей жүре беретін?! Неге ғана сері етіп жараттың, сері етерің бар, құнымды түсіріп, пері етер сергелдең заманыңды неге алдымнан кесе-келденең тарттың?! Неге, неге жараттың?! Хақ Тағала, сенің бар ұсқының, жаратылысың осы ма? Көрер көз беріп — тіршілігіңді бұлдыратып, көз майын тауысар болсаң, безенген тіл беріп — безбүйрек беттер мен күрмеуі көп шылбырың мен шынжырыңды қосарлап тосар болсаң алдыма! Несіне әуре болдың? Пәндеңнің кеудесіне жан, зердесіне ақыл бергенде, ғұмыр бойы шегер қасірет пен шерді, маңдайынан арылмас сорды, көкірегіне айықпас зарды шегелеп-ақ берген екенсің. Жо-оқ, сен шебер екенсің, шебер Құдай. Шебер екенсің!..

Қаңқылдаған қаздар дауысынан Ақан көзін ашып алды. Шедрен көрпе ұстаған есік тұсынан бозамық сәуле көрінеді. Таң ағара бастаған екен. Тегі, қар қалың жауып тұрса керек, таңның атысы бөлек... Ұйқысы шайдай ашылған Сері қаздар даусына құлақ түріп ұзақ жатты.

Қарашалар бұл жолы бірінен бірі даусын асырардай қатты қаңқылдап, жақтары сембеді. Әлден уақытта барып ұялы қаз қосыла қаңқылдап, аспанға көтерілді. Ақан бәрін көзбен көргендей анық аңғарып жатыр. Қиқуды сала қоштасып, көл бетін екі-үш рет айналған қарашалар бір мезетте қатар түзеп тізіліп, жылы жаққа қарай бір-ақ тартты... Дауыстары біразға дейін естіліп тұрды да, әлсіреп барып түпсіз аспанға сіңіп, біржола үзілді. Кешегідей қанатымен көл сабалап қала берген жалғыз қаздың тынымсыз даусы тұла бойды түршіктіреді: «Қаз да жылайды, қаз да жалбарынады екен. Қайран тіршілік-ай, үлпілдеген сары балапандарын қорғаймын деп арашаға түсіп, қанаты қайырылған ата қазды қауырсынданып, қанаттанып ер жеткен үйірі, кішкентайынан бауыр басып жұптасқан ұябасары енді тастап кетті. Жапалақтап қар саулаған құла түздегі суық көлде тағдырға тапсырып,

жалғыз қалдырды. Не істесін? Бұл да бір дәрменсіздік, бұл да бір өзінше тіршілік желісі. Біреу өледі, біреу келеді өмірге.

Бірақ қалай өледі? Өлудің де өлуі бар-ау! Ана жыл құсының өлімі не деген қорлық өлімі. Жан сарайы сау, жемсауы бүтін қарашаны қазір көзін бақырайтып қойып көк мұз қысып келеді. Асықпайды. Шағатын жыланша айналасынан қоршап, баяу жылжып жақындай береді. Бауырымен басқан құс мекені — су көлемі бірте-бірте тарылып, алдымен мамық төсін, кұйрық қауырсындарын мұз сірестіріп, қатырады да, жұмсақ қызыл табанына жетіп, содан қос аяқтан ұстап, тапжылтпастай етіп тұсайды. Мейірімсіз, дүлей көк мұз осылайша жүрегіне дейін жетіп, болат тұяқтарымен үнсіз сығымдай береді, сығымдай береді, қашан тірі қаз бауырлап қатқанша тоқтамайды...»

Ақанның тұла бойы түршігіп, енді қаз емес, айдыны тарылған суат орнындай ғана суда, көк мұз ортасында өзі отырғандай қалтырады. «Апырай, мына дүлей тіршілік те көк мұздай тас бауыр екен-ау. Мейірімі түспесе, сенің көктем әкелген жыл құсындай жаңа тіршілігіңе, қанатыңды жазып, көк жүзінде еркін қалықтап ұшар азаттық тілегіңе құлақ асып, аямайтын, қапылыста сүрінер болсаң, омақаса құлағанша қара жерге нұқи беретін қара жүрек қатыгез екен-ау».

Жапан түзде ақ қар астында шошайған жалғыз қос та қазір қараша қаз сияқты. Жапалақтап жауған ұлпа қар да асықпайды, бүркей береді, баса береді. Ақ боранымен орап алып, ақыры бүтіндей сылай салады.

«Жоқ, кету керек. Тез кету керек бұл арадан. Тіршілікке қарсы шабар адам баласында дәрмен жоқ. Тек оның ыңғайына қисаю керек. Құс екеш, құс та жылы мекендеріне кетті. Туған жерін, өскен елін тастап кетті. Сонда ауру баламен Ақан қайда бармақ? Кімге сыймақ? Ағайындарға барып суық босағасынан орын сұрамақ па? Ағайын дейтін қай ағайын қалды? Бүгін бір жақсылық етсе, ертең құлағыңнан өле-өлгенше міндетсіп кергір қиқу қалмайды. «Өлейін деп жатқан өлексені тірілтіп алдым, жынданған есалаңды сауықтырып, қатарға қостым» дейтін намысқа тиер қаңқу қалмайды соңынан. Сонымен, біреудің қолына қарап кіріптар боп, қасқабағына қарап, мүсәпір халмен өлмешінің күнін көріп, ит қорлықпен тіршілік ету ғана қалғаны ма? Апырай, намыс, намыс қайда?! Әттең, намысқа шабар қазір не қалды? Қара қоста, айдалада өлейін деп жатқан жанның намыс несін алған! Бәрінен де Ыбанжаннан обал-ау. Тіршілікке бүйтіп келмесе етті. Дүниеге келтірген әке баласынан ала алмаған өші бардай қор, мазақ өлімге тіреп, көз алдында аяусыз көмбек пе?! Жоқ, соңғы рет азаматша серпіліп, сақтау керек баланы. Қаз да балапанын қорғап, қанатынан қайырылды-ау. Адамның құс құрлы болмағаны ма?»

Жалғыз қараша қаз түні бойы қаңқылдай-қаңқылдай шаршады ма екен, әлде тіршіліктен енді күдер үзді ме екен, тағдырына мойынсұнып, төніп қалған өлімді мойындағандай, анда-санда бір қиқ етіп, әлсіз үн

қатады. «Сау қанатының астына басын тығып бұйғып, жыландай жыл-
жып жақындаған өлімді сабырмен күтіп жатыр-ау».

Ыбан тағы да ыңырсыды. Әкесінің төсін аймалап, бір-екі иіскелегендей
болды да, қолтығына мұрнын тығып, бұйыға түсті. Анда-санда тамсанады.
Іштегі қызулы аптап таңдайын кептіріп, шөлдеп жатыр-ау. Әттең, тіл жоқ
сұрарға. Екінші күн аш жатқан бала енді әкеден ештеме сұрамасқа бекінген
де сияқты.

Ақан бауырындағы ұлын мазаламай, ақырын тұрып, бақырашпен
су алмаққа көрпесін кеудесінен жылжыта беріп еді, қолына дым білінді.
Алақанымен ақырын ғана сұртті. Шалқалай жатқанда сақалын бойлай
ағып, Ыбанын қысқан ыстық кеудесіне құйылған өзінің көз жасы екен...

Таң ата жауған саулама қар түске дейін Көкше даласын ақ ұлпаға
бөктіріп, көміп тастапты. Әлі жапалақтап қар жауып тұр. Желсіз, тымық
далада тырс еткен дыбыс естілмейді. Дала меңіреу. Қоскөлдің қырқасында
шошайған жалғыз қостан шыққан жалғыз адам ізі тізеден келер омбы
қарды опылап, шығыс жақ беткейдегі тоғайға қарай шұбатылып барады.

Бұл — үнсіз мүлгіген реңсіз мылқау далада мылқау баласын арқалап,
отыз жыл жолдас болған ән серігі — домбырасын, саятшы, серілік белгісі —
мылтығын жапан түзде жалғыз шошайған қара қоста қалдырып, адуын-
ды жастық шағымен, орны толмас арманымен, туып-өскен мекенімен үнсіз
қоштасып, алыстағы сағымдай елестеген бұлдыр тіршілікті бетке алған
Ақан...

*Бурабай. Медеу. Переделкино.
1975—1976 жылдар.*

Е к і н ш і к і т а п т ы ң с о ң ы .

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

Барымта лаңы. Айып-айбана 5

Екінші бөлім

Тақыр қоян. Патша тұяғы183

Үшінші бөлім

Кең дала, тар дүние 279

Әдеби басылым

ЖҮНІСОВ Сәкен

ШЫҒАРМАЛАРЫ

3-том

Редакторы **Зәуреш Башбаева**
Техникалық редакторы **Гүлмаржан Сәбитова**
Компьютерде беттеген **Мәншүк Шелекбаева**

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 13

Басуға 09.09.13 ж. қол қойылды. Пішімі 60х90¹/₁₆. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі “AkademyDT”. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 21,0. Есептік баспа табағы 24.21.

Таралымы 2000 дана мемлекеттік тапсырыс + 200 дана баспа есебі бойынша
Тапсырыс № 1406.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.

Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-264-118-9



9 786012 641189